

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ



АРЫС

АЛМАТЫ

2014

Жамбыл облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша жарық көрді.

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-дің Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған (хаттама №9, 24.03.14).

Кеңесшілер:

К.Н. Көкірекбаев, Ү. Сапақова, Т.Ж. Жаңақұлов,
М.Н. Сарыбеков, М. Рысдәулет, Е. Әлімжан, Т. Молдақынов,
Ә. Әзбергенова, Ж. Кәрібаев, А. Майлыбаев, Б. Масат.

Пікір жазғандар:

Жанұзақ Т. – ф. ғ. д., профессор,
Әбдуалиев А. – т. ғ. д., профессор,
Тілеубердиев Б. – ф. ғ. д., профессор.

Қ 74

Құламанова З.А.

Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы / З. Құламанова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 808 бет.

ISBN 978-601-291-242-5

Ономастикалық материалдар – еліміздің мол қазына мұрасы, мәдени-рухани байлығы. Облыс топонимдерін жинап, есепке алып хаттау ана тіліміз бен ұлттық тарихымыздың сыр-сипатын, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасын тереңдей зерттеу үшін құнды құжат болып табылады.

Осы мақсатта дайындалған облыстың топонимикалық анықтамалығында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Үкімет қаулылары бойынша қалпына келтірілген тарихи және жаңадан қойылған, өзгертілген елді мекен атаулары, сондай-ақ облыс ойконимдері, гидронимдері және оронимдері туралы толық мәлімет берілген.

Анықтамалық мемлекеттік тілді стандартты түрде пайдаланатын ХҚКО, АХАЖ және басқа ресми орындар үшін, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

«З.А. Құламанова. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы» атты ғылыми туындыға ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің 29.08.2014 жылғы №1701 авторлық құқықты мемлекеттік тіркеу куәлігі берілген.

ОӘЖ 81. 373
ББК 81. 2-3

ISBN 978-601-291-242-5

© Құламанова З., 2014
© «Арыс» баспасы, 2014



КӘРІМ КӨКІРЕКБАЕВ,
Жамбыл облысының әкімі

ЖЕРДІҢ АТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАДЫ

Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1998 жылдың 17 наурызындағы республикамыздың шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде жер-су атауларын жинап-зерттеудің мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін аса маңызды екендігін атап көрсеткен еді. Мемлекет басшысы: «Ономастикалық саясатты» босандатуға болмайды. Жалтақтай беретін ештеңе жоқ. Отаршыл заманды еске алып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің өзіндік заңдылығын, табиғи үндестігін бұзып тұратын атауларды да ауыстырмаса болмайды... Ендеше ештеңеден қысылмастан халықтың ұлттық рухын көтеретін, Қазақстан мемлекетінің мемлекеттілігін танытатын ұлттық атауларды беріп, елді мекен атауларын өзгертуден еш қымсынудың қажеті жоқ деп есептеймін. Ата-бабаларымыздың жүріп өткен әрбір жолы, әрбір қазған құдығының атауы бар, ал атау – тұнып тұрған тарих, соны зерттейік, жинастырайық... тарихты қайта қараңдар...», – деп, зиялы қауымға тиісті тапсырма берді. Елбасының осы пікірі қоғамымызда соңғы кезеңдерде ерекше жандана бастады, әсіресе, ономастика саласындағы үлкен жұмыстарға да қозғаушы күш болды.

Осы себепті де және еліміздің басынан өткен сан қилы заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты да жер-су атауларын зерттеу, жүйелеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Еліміздің қалалары мен қалашық, ауыл, кент, т.б. елді мекендерінің ат-

тарын зерттеу қоғамның даму, өсу тарихын, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын анықтау, жер-су атауларының мемлекеттік тілде қолданылуы мен қызмет аясының орнын жүйелеу үшін де аса қажет.

Жасыратыны жоқ, еліміздегі жер-су атауларын жинау, зерттеу, сөздіктер шығару ісіне кеңестік кезеңде көп көңіл бөліне қойған жоқ. Егеменді ел атанып, тәуелсіз мемлекет мәртебесіне жеткеннен кейін, Елбасымыз атап көрсеткендей, мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін аса маңызды бұл шаруа біртіндеп қолға алынып, қарыштап, қанатын кеңінен жая бастады.

Бұл тұрғыдан алғанда, биыл 75 жылдығын тойлап отырған Жамбыл облысы ынта қойған зерттеушілерге игерілмеген тың сияқты десе де болады. Өйткені, республика топонимикасына арналған еңбектер мен сөздіктерде Жамбыл облысының кейбір жер-су аттары ғана қамтылған. Аса бай саналатын облысымыздағы жер-су атаулары күні бүгінге дейін тұтас жиналмаған. Сондықтан, өз ғалымдарымыз қолға алған осы еңбектің жарыққа шығуын қош көрдік.

Облысымыздың тарихына көз жүгіртсек, оның аумағында көне замандарда арғы бабаларымыз – сақтар мен сарматтардың, қаңлылардың, үйсіндердің болғаны, Батыс Түркі қағанатының өмір сүргені, одан кейін Қарлұқ, Оғыз, Қарахан хандықтарының билік орнатқаны белгілі. Одан бергі замандарда моңғолдар үстемдік етті, Жоңғар қалмақтары үздіксіз шабуылдады, ең ақыры, жерімізді патшалық Ресей отарлады. Бұл тарихи оқиғалардың бәрі байырғы жер-су аттарының үсті-үстіне өзгертіліп қойылуына ықпал еткені сөзсіз.

Облыс орталығы боп отырған Тараз қаласының өзі екі мыңдық жылдық тарихында небір қилы замандарға куә болып, атауын сан мәрте өзгертті.

1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен көне Тараздың ежелгі тарихи аты қайта қалпына келтірілді. Мұндай ойлы шешімді облыс жұртшылығы ғана емес, егемендік игілігін көріп отырған бүкіл еліміз қуана қабылдады.

Облыс аумағында жалғыз Тараз қаласы ғана емес, басқа да елді мекендердің тарихи атаулары (Құлан, Айша бибі, Сарыкемер, Бурыл, Түймекент, Шақпақ ата, т.б.) қалпына келтірілді. Мемлекет басшысы тапсырғандай, «отаршыл заманды еске алып, халықтың намысына тиетін атаулар» да біртіндеп ауыстырылды. Бұл үрдістің алдағы уақытта да жүре беретініне сенімдіміз. Оған бүгінгі таңда ес жиып, еңсесі көтеріліп отырған облыс жұртшылығының атсалысатынына да еш күмәніміз жоқ.

Тарихы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр келеді. Сондықтан келер ұрпақ тарихтан тағылым алу үшін елдігімізді әйгілейтін, ұлттығымызды ұлықтайтын тарихи атауларымыздың тарихи шежіре екендігін санаға құю – біздің басты міндетіміз деп санаймыз. Өлкеміздегі әр жердің, судың, елді мекендер мен мәдени орындардың аттарының қатпарлы сыры – кейінгі ұрпаққа өнеге. Біздің биік те абыройлы мақсат-мүддеміз – бабалар мұрасына байыппен бажайлап қарау болуы тиіс.



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІ





КІРІСПЕ

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырынан көрінген тұста халқымыздың асыл қазыналарына жаңа жол ашылып, ұлттық танымда қайта өрлеу кезеңі (ренессанс) басталды. Осы бағытта бұрын белгісіз, зерттелмей келген, халық жадынан арнайы шеттетілген мұраларымыз қайта жарық көріп, халықтың рухани игілігі ретінде, зерттеу нысанына айнала бастады. Саясат салдарынан тыйым салынып келген елді мекен атауларының өзі қайта жаңғырып, отаршылдық мазмұндағы топонимдер жойылып, оның орнына жаңа және халықтық топонимдер қалпына келтірілді. Топонимика – гр. *topos+nomas* «жер аты», яғни жер-су аттары деген мағынаны береді.

Осымен байланысты Жамбыл облысының әкімшілік-аумақтық бөлініс атауларын, яғни елді мекен атауларын – ойконимдердің шығу тәркінін көрсету және этномәдени сипатын анықтаудың, осыған орай ойконимдерді тарихи-лингвистикалық, этномәдени тұрғыдан сипаттаудың мәні ерекше.

Қазақ ономастикасының күрделі саласы топонимия бойынша айтарлықтай зерттеу жұмыстары жүргізілгенмен оның кейбір жеке бөліктері, атап айтқанда, ойконимия күні бүгінге дейін зерттеу нысанынан сырт қалғаны айқындалып отыр.

Шынтуайтқа келгенде, Қазақстан топонимдерін (елді мекен) тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кең көлемде зерделеу тек топонимика үшін ғана маңызды емес, тарихи лексикология, грамматика, география, тарих, этнология, мәдениеттану, т.б. ғылымдар бойынша да аса құнды.

Еліміздің қалалары мен қалашық, ауыл, село, т.б. елді мекендерінің аттарын зерттеу қоғамның өсіп, даму тарихын, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын анықтау, халық тілін, ойконимдердің мемлекеттік тілде қолдануы мен қызмет аясының орнын жүйелеу үшін де аса қажет.

Ұлы Жібек жолының жағасындағы Жамбыл облысы қалаларының тарихы, екі мың жылдан асатын ойконимдері өз бойларында жүздеген жылдардың тылсым тарихын, мәдени байлықтар мен тарихи тұлғалардың, халық батырларының есімдерін сақтап келеді. Сол елді мекен – қала, ауыл, село аттары арқылы халықтың көрші елдермен жасаған мәдени-саяси қарым-қатынасын, тығыз байланысын, олардың бір-біріне тигізген игі ықпалының негізінде халық тілінің баюын, мәдениетінің өсіп, дамығанын анық байқаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда еңбек Елбасы қолдап, Үкімет тарапынан қолға алынып отырған «Мәдени мұра» бағдарламасына толық сай келеді.

Бұл еңбек Қазақстан топонимиясының бір бөлігі – Жамбыл облысының аймақтық ойконимдеріне арналып отыр.

Ономастикалық терминологияда ойконимия – елді мекен аттарының жалпы жиынтығы. Ал ойконимика – елді мекендердің пайда болып қалыптасуы мен жұмсалып қолданылуын, оның қызмет аясын ғылыми тұрғыдан зерттейтін

топонимиканың бір бөлігі. Ойконимия өзара іштей бірнеше терминдік атаулардан тұрады.

Ойконим – топонимнің бір бөлігі. Кез келген мекен, тұрақты жалқы атауы, оның ішінде қала типтесі – астионим, ал ауыл типтес атаулары – комоним деп аталады. Мысалы: Астана, Алматы, Тараз, Қарағанды, Атырау, Ақтау, Көкшетау, Шымкент, т.б.

Годоним – урбанонимнің бір түрі, яғни қала ішіндегі нысандардың атаулары (даңғыл, көше, алаң, т. т.). Урбаноним – қала ішіндегі топографиялық нысандардың аттары. Бұл термин кейде ойконим, немесе астионим деп те қолданыла береді. Астионим термині мен полисоним термині синонимдес термин ретінде қатар қолданылып та жүр. Ал гидроним – су аттарының жиынтық атауы. Олар: өзен, көл, арық, құдық, қран, қақ, мұхит, бастау, бұлақ, теңіз, т.б. Ороним – тау, асу, төбешік, қырат, жота, т.б. атаулары (№1 кесте).

Бұл кітапта тек ғана Жамбыл облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне ғана тән елді мекен атаулары емес, аймақтық бейресми ойконимдер де қамтылды. Сонымен қатар анықтамалықта Жамбыл облысының гидронимдері мен оронимдері туралы да мәліметтер берілді.


Кітапты дайындау барысында 1993 ж. 8 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы Заң» мен ҚР Президентінің 1995 ж. 5 наурыздағы Жарлығы және ҚР Үкіметінің 1996 ж. 5 наурыздағы Қаулы және 2013 жылғы 21 қаңтардағы қолданысқа енгізілген заңнамалық өзгерістерді тұтастай басшылыққа алдық.

Топонимдердің бір түрі болып саналатын ойконимдер адамдардың, қоғамдардың тарихы іспеттес. Олар түрлі себептермен дүниеге келіп, ғұмыр кешеді де, өмірде кенінен қолданыс табады, былайша айтқанда, олардың өздеріне тән тарихы болады. Кейбір атаулар мыңдаған жылдар, кейбіреулері тек жүздеген, баз біреулері санаулы жылдар ғана өмір сүреді. Олардың бұлай ғұмыр кешуі тарихи-қоғамдық, саяси-экономикалық факторларға байланысты болады.

Әрбір ойконим өз дәуірінің жемісі, олар тарихи жағдайларға байланысты дүниеге келген. Ойконимнің пайда болуының уақыты көрсетілмегенмен, олардың мазмұнында сол кезеңдердің нышандары байқалып тұрады. Оны атаудың мазмұны мен құрылымынан байқау қиын емес.

Тарих тағылымына сүйене отырып, ойконимдердің пайда болуы тарихи кезеңдерге тікелей байланысты екендігін байқауға болады. Бірақ атаулардың нақты хронологиясы көбіне жазба деректерде көрсетіліп, тіркелгендігіне, құжатталғандығына байланысты маңызы зор ғылыми факт болып саналады. Алайда түркі әлемінде ойконимдерді зерттеп білудің ең басты қиындығы жазба ескерткіштердің тапшылығы болса, бұл аз мұралардың өзі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғылыми айналымға түсуге мүмкіндік алды. Ойконимді зерттеудің, зерделеудің ерекше маңызы бар. Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, арғын, алшын, т.б. тайпалардың ұлан-ғайыр далаларының ойконимдік жүйелерін мүмкіндігінше зерттеп, келер ұрпаққа табыс ету – аталмыш ғылымның мақсат-міндеті. Өйткені тарихта өктемдік империялық саясат салқынының нәтижесінде ойконимдер көптеген өзгеріске ұшырады. Ал олар – халқымыздың байырғы сан ғасырлық тарихын бейнелеп, келер ұрпақтардың мақтанышына айналар бірден-бір баға

КЕСТЕ №1



жетпес құндылықтар. Тарихта Тұран даласына көз тіккен көптеген жаулап алушылардың агрессорлық әрекеттерін тойтару мақсатында қиян-кескі соғыстардың болуы, көптеген өркениеттердің орнығуы бай дала ескерткіштері мен жазба ескерткіштерін дүниеге келтірді. Бұл біздің халқымыздың тарихы мен мәдениетінің өзіндік келбетін анықтайтын фактілер.

Ойконимдерді жүйелеу арқылы халықтың қоршаған ортаға көзқарасын, дүниетанымын, әдет-ғұрпын, наным-сенімін, ырымдарын, этнологиялық пішім-бейнесін толық аңғаруға болады. Олар тіліміздің ішкі заңына сай қалыптасады, сөйтіп лексика-семантикалық, морфологиялық бай мазмұнға ие.

Белгілі бір халықтың тілі мен дінін, қоғам өмірінің тарихи-мәдени және этнологиялық сипатын анықтауда да қала, кент, ауыл, село, қыстақ атаулары мәнінің ерекше екендігі белгілі.

Қалалар мен кент, ауыл, қыстақ атауларында әр дәуірдің тарихи сырлары мен мәдени құндылықтары және тарихи тұлғалардың, халық батырларының есімдері айтарлықтай мағлұматтар қалдырып отырса, солардың негізінде ел-жұрттың көшіп-қону, араласу, бір-бірімен қалай тығыз байланыс жасағанын, халықтар тілінің байып, толысып отыруын байқаймыз.

1917 ж. дейін Жамбыл облысының батыс бөлігінің көп жері, бұрынғы Сырдария облысына, ал кішігірім шығыс бөлігі бұрынғы Жетісу облысына қарады. Қазан төңкерісінен кейінгі жылдары ол Түркістан Совет Республикасының құрамында болды. 1924 ж. Орта Азия ұлт республикаларының құрылуына байланысты әуелі Сырдария, кейінірек Алматы округінің құрамына кірді. 1939 ж. 14 қазанда өз алдына облыс атанды. Орталығы – Тараз қаласы (бұрынғы Жамбыл).

Еліміздің егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекет болуымен байланысты республикамыздың әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі ойконимдер мен ірі физикалық-географиялық атаулар әлем тілдерінің көбінде қарым-қатынасқа түсіп, халықаралық дәрежеде қызмет атқаруда.

Жамбыл облысы топонимдерінің (елді мекен атауларының) тілдік, құрылымдық ерекшеліктері, лексика-семантикалық классификациясы (жіктемесі), тарихи-лингвистикалық, этномәдени сипаттары мен қолдану аясы мейлінше ауқымды. Ойконимдер аудан, облыс, республикалардың әкімшілік-аумақтық карталарында ғана емес, дүниежүзілік географиялық карталар мен атластарда беріліп, ірі саяси-қоғамдық мәнге ие болуда. Сондықтан да қазақ тіліндегі елді мекен атаулары, нақтырақ айтқанда, Жамбыл облысы территориясындағы топонимдер жинақталып, анықтамалық ретінде басылып отыр.

Осымен байланысты күні бүгінге дейін тұтас жиналып, бір жүйеге келтірілмеген топонимдерді ғылыми тұрғыдан талдау, еңбектің өзектілігі мен сонылығын, қажеттілігін дәйектейді.

Ғасырлар тарихындағы халқымыздың еншісіне берілген төл атаулардың заманауи өзгерістеріне байланысты бұрмалануын қалпына келтіру, елдік рухты жандандырып, отансүйгіштік сезімін келер ұрпаққа аманат етіп тапсыру секілді қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің шешілуіне, іс жүзіне асырылуына Жамбыл облысының топонимдері туралы еңбекті дүниеге келтіруде өз дәрежесінде үлес қоспақ.

Сонымен бірге әлемде қалыптасып отырған геосаяси жағдайдағы, халықаралық қауымдастық тарапынан елімізге, оның өткен тарихы мен этномәдениетіне деген қызығушылықтың артуына байланысты оның болмысын, табиғатын, ұлттың өзін тануға ойконимдерде көрініс тапқан халықтың рухани құндылықтарын ашу арқылы жол ашылатыны хақ. Осымен байланысты облыстың ойконимдік ұйымдасу ерекшелігі мен жалпы қазақ халқының этникалық құрылымының таксономиялық деңгейлерін белгілейтін этномәдениеттік дәстүрлі терминдер мен атаулар баршылық. Мысалы: Айша бибі, Бәйдібек, Мыңбұлақ, Садырқорған, Дулат, Қазақ, Ботамойнақ, Аса, Сұлутөр, Көкдөнен және т.б.

Мұнда келтірілген материалдар ел ішінен жинаған және республикалық, облыстық, аудандық карталар мен мұрағат (архив) материалдарынан жинаған жалпы саны бір мыңға жуық картотекалық қорға енгізілген қалалар мен қала үлгісіндегі елді мекен аттары, сондай-ақ әр дәуірге тән географиялық, тарихи әдебиеттер мен ғылыми еңбектерден түзілген.

Бұл бөлімдегі негізгі мақсат – Жамбыл облысындағы елді мекен, жер аттарының қойылуының заңдылығын, лексикалық мағынасын және грамматикалық жүйесін, тілдік құрылымын жете түсінуге жол ашу. Облыс топонимдерінің көне формасы мен шығу тегін, олардың этномәдени сипатын анықтап, аймақтың мәдени тұрмыс-тіршілігінен қосымша тың деректер мен ақпараттар жинау, тілдік тұрғыдан талдап, дәлелдеу.

Осы мақсатты орындау барысында төмендегідей міндеттер іске асырылды:

- аймақтық көне ойконимдер корпусын тарихи құжаттар, мұрағаттық материалдар негізінде жинақталған деректермен толықтыру;
 - көне ойконимдердің қазіргі заманға жеткен ойконимдермен тарихи сабақтасығын орналасуына (локализация) қарай сәйкестендіру, идентификациялау;
 - облыс ойконимдерінің шығу, даму, қалыптасуына әсер еткен этномәдени, тарихи және географиялық факторларды айқындау;
 - облыс ойконимдерінің лексикалық қабаттарына, олардың жасалу заңдылықтары мен морфологиялық құрылымына, лексика-семантикалық жіктемесі мен тарихи-лингвистикалық түсініктемесіне тілдік талдау жасау;
 - облыс ойконимдерінің этномәдени сипатын жаңа әлеуметтік-тілдік жағдаятпен сәйкес түсіндіру;
 - еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі қалпына келтірілген тарихи атаулар мен жарған, өзгерген ойконимдерді тілдің коммуникативтік қызметіне сәйкес бағалау.
- Алғаш рет Жамбыл облысының ресми және бейресми ойконимдері, археойконимдері (ежелгі қала, елді мекен атаулары) жүйелі түрде жинақталып, түзілді. Соның негізінде облыс ойконимдерінің тілдік, тарихи-лингвистикалық, этномәдени сипаты кешенді түрде зерттеліп, талданды;
- облыс жеріндегі біздің дәуірімізге дейінгі, орта ғасырдағы және жаңа дәуірдегі қалалық мәдени ошақтарына байланысты ойконимдер археологиялық, архивтік, қытай, парсы, араб, түркі т.б. дереккөздеріне сүйене отырып анықталып, бір жүйеге келтірілді;



- ғасырлар қойнауында түрлі тарихи-әлеуметтік себептермен өзгертіліп немесе қоғам жадынан іркіліп, ығыстырылып қалған елді мекен аттарын қалпына келтіру мәселелері қарастырылды;

- Жамбыл облысы ойконимдерінің тарихи-лексикалық қабаттары мен лексика-семантикалық, фоно-морфологиялық құрылымы айқындалып, жасалу заңдылықтарына орай, нақтылы атауларға сөзжасамдық, морфологиялық талдау жасалынды;

- сөз етіліп отырған аймақ ойконимдерінің сол географиялық ортада тілдік құрал арқылы қалыптасатындығы және тарихилығы өңір ойконимдері арқылы нақты дәйектелді.

Еңбекте келтірілген қорытындылар мен нәтижелер ойконимдердің тілдік сипаттарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, қазақ топонимиясы мен қазақ ономастикасының қалыптасу үрдістерін анықтап, теориясы мен практикасын толықтыруға белгілі дәрежеде өз үлесін қосады деп ойлаймыз.

Жамбыл облысы топонимдерінің зерттелуі қазақ жерінің тарихы мен болмысын, мәдениетін топонимдер арқылы анықтаудың ғылыми-теориялық негізін дамытып, жетілдіруге септігін тигізеді.

Ойконимдер сырын зерттеп, анықтап, танып білу – жас буынның ұлттық сана-санының дамуына игі ықпал етеді.

Ономастикадағы қазақ жалқы есімдерінің атқаратын қызметін этномәдени тұрғыдан анықтау қазақ халқының мәдени-тілдік дүниетанымын арттырады.


Қарастырылған облыс топонимдерінің барлығы республикалық, облыстық, аудандық топографиялық карталарда берілуімен қатар, әкімшілік-аумақтық бөліністерде, тарихи-географиялық анықтамаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында, мемлекеттік құрылымдардың іс-қағаздарында, байланыс бөлімдері мен көлік жүйелерінде, түрлі дипломатиялық құжаттарда, халықаралық қатынас жүйелерінде, Ішкі істер мен Әділет министрліктерінде, баспасөз бен бұқаралық ақпараттарда, туристік сапарларда кеңінен қолданылып, күнделікті өмірімізде ерекше қызмет атқаруға пайдасын тигізеді.

Облыс ойконимдерінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп, олардың ақиқаттарын жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан зерделенген қорытындыларын ономастикалық комиссияға, қайталанып басылатын энциклопедияларға, оқулықтарға, анықтамаларға пайдалануға және республика, облыс, аудан оқырмандарының назарына ұсынуға, аймақтағы экскурсия мен туризм бюросының қызметінде толығынан пайдалануына болады.

Бұл анықтамалық Қазақстанның толықтырылған географиялық картасын жасауға, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың (ЮНЕСКО-ның т.б.) да қажет тұстарда талаптарын қанағаттандырады.

Еңбекте келтірілген топонимдерді талдау нәтижелері мен материалдарын, оларға берілген сипаттамалар мен түсініктемелерді көпшілік қауым еркін пайдалана алады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Жамбыл облысында 10 аудан, 153 округ бар, оның ішінде:

- 120 ауылдық округ
- 19 селолық округ
- 5 кенттік округ
- 9 ауылдық аймақ
- 3 аудан бағынысындағы қала
- 1 облыстық маңызы бар қала.

ҚАЛАЛАР

<i>p/c</i>	<i>Қала атауы</i>	<i>Қаланың бұрынғы атауы, құрылған жылы</i>	<i>Орыс тіліндегі жазылуы</i>
1	Тараз	I-II ғ.	Тараз
2	Жанатас	Жанатас, 1969	Жанатас
3	Қаратау	Шолақтау, 1963	Каратау
4	Шу	Чу, 1960	Шу

Тараз қаласы – Әулиеата (1864 ж.), Жамбыл (1938 ж.), Тараз (1997 ж.) деп аталды. Тараз қаласының құрылуының 2000 жылдығы елімізде кеңінен атап өтілді.

АУДАНДАР

<i>p/c</i>	<i>Аудан атауы</i>	<i>Орыс тіліндегі жазылуы</i>	<i>Аудан орталығының атауы</i>	<i>Орыс тіліндегі жазылуы</i>
1	2	3	4	5
1	Байзақ ауд.	Байзакский р-н	Сарыкемер	Сарыкемер
2	Жамбыл ауд.	Жамбылский р-н	Аса	Аса
3	Жуалы ауд.	Жуалынский р-н	Б. Момышұлы	Б. Момышулы
4	Қордай ауд.	Кордайский р-н	Қордай	Кордай
5	Меркі ауд.	Меркенский р-н	Меркі	Мерке
6	Мойынкүм ауд.	Мойынкумский р-н	Мойынкүм	Мойынкүм
7	Т. Рысқұлов ауд.	Т. Рыскуловский р-н	Құлан	Кулан
8	Сарысу ауд.	Сарысуский р-н	Жанатас	Жанатас
9	Талас ауд.	Таласский р-н	Қаратау	Каратау
10	Шу ауд.	Шуский р-н	Төле би	Толе би



ТАРАЗ ҚАЛАСЫ



Тараз қаласы – Жамбыл облысының әкімшілік орталығы.

Халық саны – 343 мың адам.

Қала аумағы 120 шаршы шақырым құрайды.

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Тараз қаласы түркі халқының тарихи және мәдени ескерткіштеріне бай. Тараз қалашығы, Қали Жүністің моншасы, Қарахан кесенесі, Тектұрмас, Әбдіқадыр мешіт-медресесі, Ж. Жабаяев ескерткіші және т.б.

Тараз қалашығы қазіргі қаланың орталық бөлігінде орналасқан. 2007 жылы «Ұлы Жібек Жолы ежелгі қалалары» атты мұражай ашылды. Қарахан кесенесі діни мемориал ғимараттар санына енеді және тарих бойынша ол әулие (Әулие ата) Қарахан мүрдесінің үстінен соғылған, сондықтан қаланы 1836-1936 жж. аралығында соның атымен атаған.

Қазіргі кезде 2012 жылдан Тараз қаласының Орталық базары орнынан археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде.

Ықшамаудандар тізімі

	Қазақ тіліндегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	«Ақбұлақ» ықшамауданы	Микрорайон «Акбулак»
2	«Қаратау» ықшамауданы	Микрорайон «Каратау»
3	«Жайлау» ықшамауданы	Микрорайон «Жайлау»
4	«Салтанат» ықшамауданы	Микрорайон «Салтанат»
5	«Қарасу» ықшамауданы	Микрорайон «Карасу»
6	«Талас» ықшамауданы	Микрорайон «Талас»
7	«Самал» ықшамауданы	Микрорайон «Самал»
8	«Алатау» ықшамауданы	Микрорайон «Алатау»
9	«Мыңбұлақ» ықшамауданы	Микрорайон «Мынбулак»
10	«Аса» ықшамауданы	Микрорайон «Аса»
11	«Жансая» ықшамауданы	Микрорайон «Жансая»
12	«Астана» ықшамауданы	Микрорайон «Астана»
13	«Бәйтерек» ықшамауданы	Микрорайон «Байтерек»

Шағын аудандар тізімі

№	Қазақ тіліндегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	Құмшағал шағын ауданы	Микрорайон Кумшагал
2	Қызыл-Абад шағын ауданы	Микрорайон Кызыл-Абад

3	Көлтоған шағын ауданы	Микрорайон Кольтоган
4	Шөлдала шағын ауданы	Микрорайон Шолдала
5	Жиделі шағын ауданы	Микрорайон Жидели

Алқаптар тізімі

№	Қазақ тіліндегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	Қарасай (Казпоселок) алқабы	Массив Карасай
2	Арай алқабы	Массив Арай
3	Барысхан алқабы	Массив Барысхан
4	Көктем алқабы	Массив Коктем
5	Бурыл алқабы	Массив Бурыл
6	Қамұқат алқабы	Массив Хамуқат
7	Төрткөл алқабы	Массив Тортколь
8	Шалғай Қарасу алқабы	Массив Дальний Карасу
9	Гидрокомплекс алқабы	Массив Гидрокомплекс
10	Аэропорт алқабы	Массив Аэропорт
11	Дорожник алқабы	Массив Дорожник
12	Ақжол алқабы	Массив Ақжол
13	Жігер алқабы	Массив Жигер
14	Орман алқабы	Массив Орман
15	Рассвет алқабы	Массив Рассвет

Скверлер тізімі

р/с	Қазақ тіліндегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	«Атшабар» сквері	Сквер «Атшабар»
2	«Желтоқсан» сквері	Сквер «Желтоқсан»
3	«Абай» сквері	Сквер Абая

Даңғылдар тізімі

р/с	Қазақ тіліндегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	Абай даңғылы	Проспект Абая
2	Төле би даңғылы	Проспект Толе би
3	Жамбыл даңғылы	Проспект Жамбыла



Саябақтар тізімі

p/c	Қазақ тіліндегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саябағы	Парк Первого Президента Республики Казахстан
2	Т. Рысқұлов атындағы мәдениет және демалыс саябағы	Парк имени Т. Рыскулова
3	«Даңқ» аллеясы	Аллея «Славы»
4	«Махаббат» аллеясы	Аллея «Любви»
5	К. Әзірбаев аллеясы	Аллея К. Азербоева
6	Қ. Рысқұлбеков атындағы саябақ	Парк имени К. Рыскулбекова
7	Кенес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы атындағы «Жеңіс» саябағы	Парк «Жеңіс» имени Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы
8	«Зербұлақ» демалыс аймағы	Зона отдыха «Зербулак»
9	«Мамыр» саябағы	Парк «Майская роща»



ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

ТАРАЗ – Қазақстанның оңтүстігінде ежелден келе жатқан қала, Жамбыл облысының әкімшілік орталығы. Тұрғыны 343, 3 мың адам (2013). Талас өзенінің сол жағалауында орналасқан. Тараз – Қазақстанның маңызды экономикалық мәдени орталықтарының бірі. Қалада 40-тан астам ірі кәсіпорындар («НОД-ФОС», «Суперфосфат», «Химпром», «Қаратау», «Фосфорит», «Тараз», т.б.) жұмыс істейді. Таразда 3 жоғары оқу орны, 4 колледж, жалпы білім беретін мектептер (66), 50-ден аса балабақша, 11 аурухана, емханалар, санаторийлер (7), стадиондар (3) және спорт залдары (81), мешіттер (7), кітапханалар (20-дан астам), мәдениет үйлері мен театрлар (2), саябақтар бар. Талас өзенінің батыс жағындағы Талас – Аса жазығында аса үлкен аумақты алып жатыр. Қаланың батыс және оңтүстік-батыс жағында 10 – 20 км жерде Кіші және Үлкен Қаратай тау сілемдері, ал оңтүстігі мен шығысында 15 км жерде Талас Алатауы орналасқан. Солтүстігі мен шығысында Мойынқұм құмы жатыр. Жалпы Тараз теңізден 490 – 700 м биіктікте тұр.

Климаты. Қаланың қысы жылы, жазы ыстық, құрғақ. Ең суық айы – қаңтардағы орташа температура – 5, 1°С. Ең төменгі температура – 36, 2°С-ке жетеді. Оңтүстіктен және оңтүстік-батыстан соғатын циклондарға байланысты кей жылдары желтоқсан-қаңтарда ауа райы +2°С-қа, тіпті онан да жоғары жылы болуы мүмкін. Қар көбінесе, қараша айының аяқ кезінен (кей жылдары қазан айының екінші жартысында) бастап жауады. Қардың қалыңдығы 10-15 см болады. 114 – 220 күн (орташа 161 күн) жатады. Жалпы қаладағы бұлтты күндер шамамен 50 күнге созылады, қалған уақытта күн ашық. Жазы ыстық, құрғақ, шілде айында 47°С-қа дейін жетеді. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 353 мм. Қаладағы негізгі су артериясы Талас өзені Қырғыз жеріндегі Қаракөл және Үшкөней тау өзендерінің бірігуі нәтижесінде пайда болады. Таразға жеткенше судың едәуір бөлігі ауыл шаруашылығы егістіктерді суару үшін пайдаланылады. ГРЭС-тің маңайында қолдан жасалынған көлшік бар. Қала үшін екінші бір маңызды өзен – Аса қар суымен тек көктемде толығады.

Тарихы. Тараз Қазақстан ғана емес, Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Белгілі тарихшы Л. Н. Гумилевтің айтуынша, Тараздың алғашқы аты *Талас* болған. Қытай деректерінде қаланың негізін б. з. д. I ғ-да Ғұн билеушісі Чжан-Чжин (Чжичжи) қалап, атын *То-ло-со* деп атаған. Қала 630 жылға дейін *То-ло-со*, онан соң *Талас*, ал 893 ж. *Тараз* деп аталған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше қаланы алғаш салушылар Парфия шеберлері, рим легионерлері және жергілікті халық болған. Қала екі жыл салынып, аса мықты қамалға айналған. Топырақ үйінділері мен ағаш қабырғалардан, қарауыл мұнараларынан және цитадельден тұрған. VI ғ.-да Еуразия даласында аса ірі Түрік қағанаты (552 – 745) пайда болды. Кейіннен ол 2 қағандыққа (Батыс және Шығыс) бөлінді. Тараз Батыс түрік қағанатына қарады. Батыс түрік қағанаты VI ғ-дың 2-жартысынан бастап қатты күшейіп Қытай, Иран, Византия, Үндістан елдерімен саяси-экономикалық қарым-қатынастар жасасты. Аталған мемлекеттер қағандық аумағы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолына өз үстемдіктерін жүргізу үшін бәсекелестікке түсті, әрі осы сауда жолының негізгі қожайыны түркілерді өз одақтастарына айналдыруға тырысты. Орта Азияны жаулап алған түркілер Қытайдан Жерорта теңізі елдеріне апаратын сауда жолдарының негізгі бөлігіне



бақылау орнатты. Негізгі сауда жасаушылар соғдылар, парсылар (Пайкендтен (Бұхараның жаны) Сирияға дейінгі аралықта) болды. Қазақ ғалымы, академик Ә. Марғұлан археологиялық қазба деректеріне сүйене отырып Тараз б.з.б. III-II ғасырларда іргесі қаланған деген қорытынды жасайды. Ал, академик В. В. Бартольд ұзақ зерттеулер нәтижесінде ескі қаланың орны қазіргі Орталық базар орналасқан алаң деп көрсетті. Археологтар ұзақ жылдар бойы зерттеулер жүргізіп, Тараз қаласы Іғ-дың бас кезінен бастап салына бастаған деген қорытынды жасады. Тараз қаласы I ғ-дан бастап аса мықты бекіністері бар, халқы көп қамалға айналды. Б.з.б. I ғ-дан бастап Талас өзені бойын қаңлы тайпалары мекендей бастады. VI ғ-дан бастап осы өңірде түркі тілдес ұлттар қалыптаса бастады. Түркі халықтарының бірнеше ғасырлар бойғы тарихы ортақ болды. Зерттеушілердің көрсетуінше, Тараз, сондай-ақ Орта Азияның басқа да қалаларындағы VI-X ғ-лардағы негізгі тұрғындар түркілер болды. Дегенмен ол қалаларда соғдылар, арабтар, парсылар, сириялықтар да көп болды. Әсіресе, Батыс Түрік қағанаты соғды мәдениетімен тығыз байланыста болды (соғдылардың орталығы Самарқанд қаласы болды). VIII ғ-дан бастап Батыс түрік қағанаты құрамындағы тайпалар арасында өзара соғыс басталды. Нәтижесінде, Іле өзенінен ығысқан түргештер Талас өңіріне келіп орналасты. VIII ғ-дың орта тұсынан бастап Тараз олардың астанасына айналды. 751 ж. осы маңда өткен Атлах шайқасында түргештер арабтармен одақтаса отырып, шабуылдап келе жатқан қытай әскерлеріне күйрете соққы берді. Шайқастан кейін арабтар кейін қайтып кетті де, түргештер өзара бір-бірімен соғысып жатқан тайпаларға бөлініп кетті. Осындай жағдайда түргештерді 766 ж. солтүстік-батыстан келген екінші бір түркі тайпасы – қарлұқтар ығыстырды. Қарлұқтар бірте-бірте Іле, Шу, Талас, Тянь-Шань өңірлеріндегі түркі тайпаларын өздеріне бағындырды. Қарлұқ мемлекетінің де (VIII-IX ғ.) астанасы Тараз қаласы болды. Бұл кезеңде Тараз өзі ғана өсіп қоймай, айналасында Жікіл, Барсхан қалалары пайда болды. Орта Азияда пайда болған Самани мемлекеті күшейе келе 893 ж. Талас өңірін өзіне бағындырды. Бұл кезде Тараз аса ірі әрі бай қала болатын. Осы кезден бастап тәжіктер Талас қаласын Тараз деп атай бастады. 955 ж. Талас өңіріне қарахандардың билігі орнады. Қараханидтер 960 ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

1456-64 ж. Шу бойында Қазақ хандығы құрылды да, қала XVI ғ-дың аяқ кезінен бастап қазақ ордасына қосылды. 1513 ж. Қасым ханның жорығы кезінде Тараз қаласының аты өтеді. 1723 ж. Талас өңірі жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырады. 1729 ж. Аңырақай шайқасынан кейін қазақ рулары атамекендеріне қайта бастады. 1771 ж. Абылай хан үш жүздің тағына отырды.

1914 ж. I дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін халыққа салынатын салық мөлшері 3-4 есе өсті. 1916 ж. 25 маусымда әйгілі патша жарлығы шықты. Әулиеата аймағында жаппай халық көтерілісі басталды. Меркідегі көтеріліске Ташкенттен келген Т. Рысқұлов қатынасты.

Әулиеата мен Меркіде «Қазақ жастарының революциялық одағы» құрылды. Әулиеатада Кеңес өкіметі орнады (1917 ж. 19 қарашада). 1918 ж. 11-16 маусымда қазақтардың уездік съезі өтіп, оны Т. Рысқұлов басқарды. 1918 ж. жазда елде азамат соғысы басталды. Жер-жерде Кеңес үкіметіне қарсы бас көтерулер болып жатты. 1920 ж. көктемнен бастап уезде Кеңес өкіметі түпкілікті орнады.

1936 ж. Әулиеатаның аты Мирзоян болып, 1937 ж. Жамбыл қаласы болып өзгертілді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін халықтың талап-тілегін ескере отырып, Президент Н. Назарбаев 1997 ж. 8 қаңтардағы Жарлығымен Жамбыл қаласына тарихи аты Тараз атауын қайтарды.

Сондай-ақ Тараз қаласы туралы мәліметтерді, нақтылап айтсақ, Қытайдың 6000 жылды қамтып жазылған «Цянь-хань-шу» («Кейінгі Хань әулетінің тарихы») деген жылнамасында жазылған. Оны алғаш орысшаға қысқаша аударған орыстың қытайтанушысы Н. Бичурин болатын, ал Л.Н. Гумилев соған сүйеніп жазған «Таласская битва 36-го года н. э.» деген мақаласында Талас өзенінің жағасында жеткен ғұндардың билеушісі Шөже қаған (қағанның қытайша атауы Чжи Чжи) б.з.б. 42-41 жылдары Талас кентін салғызғанын жазған. Ғұндардың империясы ол кезде Моңғолия далаларында көшпенді сәнбилерден қирай жеңіліп, Тарбағатайға, одан Жетісуға және Таласқа келіп паналаған. Кейін осы Талас қаласының түбінде алтын айдаһарлы байрағын көтеріп келіп, Шашты (Ташкентті) жаулап алған қытайлардың Тан империясының сансыз әскерін Исламның жасыл туын желбіретіп жеткен Араб халифатының жаһангерлері қарсы алып, екі жақ үш күн, үш түн соғысады.

Төртінші күні Көкбөрінің басы салынған ақ туын көтеріп, Түргеш қағанатының садақшылары арабтарға көмекке асығып жетеді. Өліспей беріспеген шайқас жалғаса береді. Бесінші күні тағы бір бөрілі байрағы бар көшпелі мемлекеттің, бұл жолы Қарлұқ қағандығының әскерлері келіп, енді қытайлардың ту сыртынан тиіседі. Қытайлар бас сауғалай қашып, сол зытқаннан өлі-тірісіне қарамай Ұлы Қытай қорғанына жеткенге дейін қашады. Содан кейін қытайлар ешқашан Таласқа дейін жетіп соғысқан емес. Ол кезде көшпенді түргештер, қарлұқтар, оғыздар ата жаулары қытайға қарсы тұрып, арабтардың жағында соғысқанымен, Ислам діні дегенді білген емес еді. Ислам дінінің Орта Азияға таралуы осылай басталған. Бұл көне тарихтың бәрінде де «Талас» атты қала атауы анық жазылған. Арабтар ол қаланы «Атлах» деп атаған.

«Талас» атты ғұндар салғызған қала қалайша «Тараз» болып аталып кетіп жүр. 892 жылы Бұхардан қалың әскермен келген Исмаил Самани қаланы жаулап алды. Көне қала сөйтіп күдіретті Самани әулеті билеген империяның иелігінде қалды. Саманидтер мемлекеті парсы (соның ішінде тәжік) тілінде сөйлейтін ел еді. Олардың билігінен кейін ортағасырлық тәжік тілінің «р» мен «л» дыбыстарын алмастыра айтатын әсерімен «Тараз» (Талас-Тараз) аталып кеткен. Кейін Тараз қаласында талай-талай Шығыстың ұлы ғұламалары тұрды. Шығыстың



жеті шайыры көне Тараздың көркі мен сән-салтанатын тамсана жырға қосты. Ол қаланы б.з.б. 41-42 жылдары ғұндардың ең ақырғы қағандарының бірі Шөже қағанның өзі салдырған. Бұл қаланың түбінде 751 жылы біздің көшпенді ата-бабаларымыздың ең алғаш рет исламның жасыл туының астында соғысқаны тарихтан белгілі.

Тараз қаласы – ежелгі заманнан белгілі қала. 630 ж. қытай саяхатшысы Сюань-Цзан өз жазбасында Таразды Ұлы Жібек жолының бойында тұрған маңызды сауда орны деп атайды. VIII ғ. Тараз қаласы Арғу-Талас, Алтын-Арғу, Талас ұлыс атауларымен мәлім болғаны анық.

Ежелгі Тараз тарихы оқиғаларға бай. Өзі өмір сүрген дәуірде VI-IX ғғ. қала қарлұқтарға қарады, ал Исмаил Ахмет жаулап алғаннан кейін, XI ғ. соңында Саманидтер әулеті иеліктерінің құрамына енді. X ғасырдың аяғы мен XI ғ. Тараз Қараханидтер мемлекетінің астанасы болды.

XI ғ. ғұлама ғалымы М. Қашқари Тараз тұрғындары түрік, соғды тілдерінде сөйлегенін тілге тиек етеді.

XI ғ. Таразда ақша сарайы жұмыс істеген. Көптеген Шығыс елдеріндегі археологиялық қазбалар кезінде Таразда жасалған күміс дирхемдер табылды. Тараз, Дех, Адахкес, Бехлу, Шелжі, Сус, Нужикес, Жекіл секілді шаһарлары бар үлкен аймақтың орталығы болды.

Тараз қаласы Ақсақ Темір заманында Жаңа Талас аталады да, XV-XVII ғғ. қалада аздаған үйлер сақталып, XIX ғ. оның орнына Әулиеата шаһары салынады.

Сонымен Тараз қаласы өзінің 2000 жылдық дәуірінде атауы тоғыз рет өзгерген:

1) Талас; 2) Тараз; 3) Янги Тараз; Ежелгі Тараз өзара қырқысу соғыстарын, қарақытай (XII ғ. аяғы) және моңғол шапқыншылықтарын (1220 ж.) басынан өткере отырып, тарих сахнасынан шет қалды. Бұл кезеңдерде Жаңа (Яны), Жаңа Талас деген аттармен белгілі еді. Бұл кезеңдегі Тараз тарихы италиялық Пляно Карпини мен Франция королі Людовик IX елшісі монах Вильгельм Рубрук жазбаларында кездеседі.

Моңғолдар дәуірінде Тараздың оңтүстігінде Янгинің болғанын білеміз. Аламри бірінші рет Янгинің Тараздан бөлектігін көрсеткен.

М.Х. Дулатидің баяндауынша Янги – Тараздың моңғолша аты, онда өзеннің арғы бетіндегі янгиліктер тұрған (Дулати М.Х. Тарихи-и-Рашиди. Алматы, 2003, 614, 166-66).

4) Долос; Қытай тарихшыларының қолжазбаларында қаланы Долос деп те атаған. 5) Наманган көше; 6) 1826 жылы Аулие-Ата; 7) 1936-1938 жылы Мирзоян; 8) 1938 жылы Джамбул; 9) Тараз 1997 жылы Президенттің Жарлығымен (08.01.1997 ж. №3315а) ежелгі тарихи аты қалпына келтірілді.

Атаудың мағынасы жайлы толық та, дара анық, дұрыс пікір айту өте қиын.

Атаудың шығу төркіні мен Тараз атауы *Талас* деген өзен атының дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі дегенді қолдаушыларға қарсы, Талас, Тараз екі бөлек,

дербес атау деушілер бар. Бұл екі атаудың да көне түркі тілдеріне тән сөздер екенін айтқан. Ал ғалым Ғ. Ақпанбектің пікірінше: «Тарихи аты қайтарылған Тараз қаласы да аспан әлемімен байланысты».

«Тараз» сөзінің мәні – «әдеміліктің үлгісі» дегенге келеді. «Тараз қыз» – «тал бойлы талдырмаш қыз» (Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 711-бб.). Сол сияқты «тараз» – «үлгі, жүйе» деген мағынада. Ғылым мен мәдениеті өркендеген көрікті қала. Қаланың үлгісі, әсемдік пен сұлулықтың эталоны, стандартындай деп танылған.

Сондай-ақ Тараз ойконимі туралы мәліметтер жинау барысында анықтағанымыз Мәскеудің В.И. Ленин атындағы кітапханасында «План города Аулие-Ата в 1864 году» деген карта-сызбасы бар көрінеді. Карта-сызбаның төменгі жағында: «Масштаб 200 сажень в дюйме» (сажень – 2, 13 см, дюйм – 2, 54 см) деп көрсетілген. Бұл құнды карта 1890 ж. Петербург қаласында типографиялық тәсілмен басылып шыққан. Бұл картаның құрастырылған мерзімі белгісіз, бірақ ол, байқауымызша, Әулиеата қаласын орыс әскерлерінің басып алған кезеңіне сай келеді.

Талас – басы Талас жотасынан басталып, Жамбыл облысында аяқталатын өзен аты. Талас жотасының, Талас (Тараз) қаласының аттары осы өзен атынан алынғаны бұдан әлдеқайда ерте, түркі-моңғол тіл бірлігі заманынан белгілі.

Қырғыз Республикасы жерінен өтіп, Қазақстан Республикасының Жамбыл облысы Талас ауданына келетін Талас өзенінің ұзындығы 661 шақырым, бас алабының айдыны 52, 7 мың шаршы шақырым.

Қырғыз Алатауынан бас алып, Талас даласы арқылы аққан бұл өзен Мойынқұм құмдарына сіңіп кетеді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде Талас өзені V ғ. мәлім. Өзен бойына VI ғ. қала салынып, тарихта Тараз деген атпен белгілі болады. Зерттеуші ғалымдардың бір тобы Тараз атауы Талас өзені атауының дыбыстық (фонетикалық) тұрғыдан өзгерген түрі деп қарайды. Яғни сонор (үнді) л дыбысы сонор (үнді) р дыбысына, қатаң дауыссыз с дыбысы дауыссыз з дыбысына алмасқан деген болжам айтады.

Тілдік табиғаты жағынан «Талас» атауы дербес мағыналы: *тал* және *ас* сөздерінің бірігуі арқылы жасалғаны анық байқалады. А. Әбдірахмановтың болжауынша: «Сөз түбірі түркі-моңғол тілдеріндегі *далай//талай* (теңіз, мұхит, көл, өзен) деген түбірге – з/с көптік жалғауы (кейде жаңа сөз тудыратын зат есім жұрнағы болуы да ықтимал) қосылып жасалған *талуї//талай* «теңіз» және «өзен» мағынасында Күлтегін және Тоныкөк ескерткіштерінде бар. Сондай-ақ «талай» сөзі XIII ғ. жазылған «Оғызнамада» «өзен» мағынасында анық жазылған», – дейді.

Біздің пайымдауымызша, Талас, Талғар топонимдерінің құрамындағы тал сөзі өзара мәндес әрі бір түбірден болуы керек. Э. Мурзаевтың көрсетуінше, тәжік тілінде *таль* – «тау, жота, жон, шоқы, биік, төбе» (Мурзаев Э.М. Словарь народных географических названий. Москва, 1984. 653-б.). Атаудың екінші сыңарындағы *ас* сөзі орал-алтай тілдерінде ерте замандарда қолданылса, қазірде кейбір тілдер қорында берік сақталған. Мысалы: ханты тілінде *ас* – «су, үлкен





Қазақстан Республикасы Президентінің
Ж А Р Л Ы Ғ Ы

У К А З
Президента Республики Казахстан

Жамбыл облысының орталығы - Жамбыл қаласының атын өзгерту туралы

Жамбыл облысының жергілікті атқарушы органдарының өтінішін және жұртшылығының тілегін ескере келіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

**Жамбыл облысының орталығы -
Жамбыл қаласының аты Тараз қаласы болып өзгертілсін.**

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1997 жылғы 8 қаңтар
№ 3315а

өзен», хакас тілінде Талакан (кан – «өзен» тава Азас) ас – «өзен, су», казас (ас – «өзен»). Егерде аталған сөздердің лексикалық мән-мағыналарына жүгінсек, Талас – «таудан құлай аққан өзен», «тау өзені» деген мағынаға ие сияқты.

Талас ауданы, Талас өзенінің атының шығуы туралы әр түрлі жорамал бар. Мысалы: М. Қашқари еңбегінде «талас» деп ат үстінде доп қуалап ойнауды айтады екен (Қашқари М. Түрік сөздігі. Алматы, I-III тт. 1996-1998). Бұған қарап кейбіреулер осы ойынға байланысты шықты дейді. Талас атауының тым ерте, ежелгі замандардан біздің дәуірімізге жеткені тарихи еңбектерден белгілі. Талас пен Тараз ескі заманнан бірге аталады. «Қаратаудың құшағында қырық бұлақ бар болса, Талас өзенінің қырық сағасы бар», – деп айтады халық. Атақты Майкөт ақын Құлмамбет ақынмен айтысқанда: «Аса, Талас екі өзен, Ат бауырынан саз алған, балдырғанын жегенде, баланың көңілі маз болған», – деп жер байлығын жырға қосады.

V-VIII ғғ. көне ескерткіштерде *talas*, *argu talas* – географиялық Талас қаласының бір аты екені аталады. Сол көне түркі жазбаларында Ертіс, Іле өзендерінің аттары да аталады. Бұлардың арасында Іле өзенінің, яғни Іле атауының мұнан екі мың жылдан бұрын қытай жазба ескерткіштерінде бары ғылымда белгілі. Демек, Талас өзен аты, қала аты ретінде де ежелгі заманнан, шамамен біздің дәуірімізден бұрынғы 2000-2500 жыл шамасы болса керек. Көне түркі, парсы тілдерінде тал – «шың, құз», ал екінші сыңардағы аса көне түркі тілдерінде «өзен», «су». Бұған қарағанда, Талас – «биік шың, құзды таудағы өзен» деген мәнді атауға жуықтау сияқты.

Тараз атауының мағынасын дәл, анықтап басып айтпағанымызбен, Тараз (Талас) атауы туралы талдауда өз ой-пікірлерімізді келтірдік.

Жамбыл атауына қатысты пікірді Т. Жанұзақ пен А. Әбдірахмановтың еңбектерінен оқуға болады.

Ежелгі Тараз қаласы XIX ғ. мен XX ғ. басы аралығында «Әулиеата» деп аталғандығы мәлім. Жамбылдың ақындық атағы жер жарып, бүкіл елдің «абыз атасына» айналады. Мәскеуге барып, үкіметтің құрметіне бөленеді. Үкімет «Әулиеата» ойкониміне Жамбылдың атын береді. Ақын үкіметтің мұнысын ішінен қабыл көрмей тұрса да, үндемейді. Мәскеуден қайтып келе жатқан жолда пойыздың жайлы төсегінде көз іле алмайды. Өзінің атын алған қала тұсынан өтіп бара жатқанда ақын жүгініп отырған қалпы, «Әулие Атаның» аруағына сиынып, құран оқып, толғау айтады. Ақынның қасындағы серіктері мынандай екі жол сөзді ғана естиді:

«Аруағыңнан айналайын, Әулиеата

Атымды ап қойдың деп болма қапа», – деген екен.

Жамбыл есіміне байланысты халық арасындағы әңгіме. Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ ауылы қақаған қыста қоныс аударып, тау-тауды сағалап көшіп келе жатыпты. Көшті қорғап келе жатқан сарбаздар қарсы кездескен жауды жолатпай, жанқияр ерлікпен шайқасады. Бір жағынан жау, бір жағынан



бет қаратпай бұрқаған қарлы боран көшіп келе жатқан жұртты қатты қысады. Көш қысқы боранға оранып, жаудың тосқауылшыларынан аман өтіп келе жатады. Бірнеше күн, бірнеше түн боран құшағында келе жатқан жұрт шаршап-шалдығады. Көшбасының бәйбішесінің аяғы ауыр, айы-күні жеткен екен. Түйе үстінде толғақ басталады. Көш иесі жүк артқан түйелерді айнала шөгеріп жіберіп, айналасын, үстін киізбен қымтап жауып тастайды.

Бұл кәдімгідей үй болып шығады. Толғақ қысқан ана осы үйдің ішінде таңға жуық босанады. Боран да басылып, жарқырап күн шығады. Елдің бойы жазылып, көш адамдарының қуанышында шек болмайды. Көшбасы айналасына көз салып тұрып, өздерінің бір таудың бауырында тұрғанын көреді. Ауыл ақсақалдары бұл таудың «Жамбыл тауы» екендігін айтысып әңгіме-дүкен құрысады. Көшбасы жаңадан туған баласының атын Жамбыл деп қояды.

Жамбыл атауы – 1. а) фитоним; ә) қорған; б) ороним; 2. антропоним; 3. ойконим ретінде қызмет етеді. Яғни ол қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі бірнеше секторларға тән [35].

Жалпы ойконимдік материалдарды жинап, оны тарихи-лингвистикалық жақтан түсінік беріп талдаудың тіл тарихы мен қоғам тарихы әрі этнография, география ғылымдары үшін мән-маңызы аса зор. Ойконимдер құрамында көне дәуірдің куәсі ретінде сақталған атам заманғы көне атаулармен қатар, жаңа дәуір атаулары да мыңдап кездеседі. Қысқасы ойконимдік материалдар – халқымыздың мол қазынасы, мәдени байлығы, тілі мен тарихының қайнар бұлағы, атадан қалған мұрамыз.

Қазақ даласын мекен еткен ежелгі ру мен тайпалардың сонау ықылым заманнан басталатын ұзақ тарихы болғанымен, сол халықтар туралы, олар қоныстанған жер, қала туралы жазба деректер тым аз. Сондықтан да біз, мүмкіндігімізше жұмысымыздың бұл бөлімінде ойконимдерге халықтық этимология және ғылыми негіздегі тарихи-лингвистикалық түсінік беріп, талдау жасадық.

Сонымен Тараз, Талас – бұрынғы Жамбыл қаласының орнында болған көне қала. Бұл жайындағы алғашқы тарихи жазба дерек грек елшісі Земархтың хабарнамасында айтылады. Тараз қаласының қалай орналасқандығын алғаш В.В. Бартольд дәлелдеген. Кейінгі археол. зерттеулер (М. Е. Массон, А.Н. Бернштам, Е. И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т. Н. Сенигова) қаланың көлемін, ішкі құрылыс орындарын және мәдени қабагтарының қалыңдығын анықтады. Соның нәтижесінде Тараздағы өмір б.з. I ғасырында басталғандығы анықталды. X-XII ғасырларда Таразда сәулет өнерінің бірнеше тамаша туындылары тұрғызылады. Бұлардың ішіндегі ең ірілері Қарахан мазары және қалаға жақын орналасқан Айша бибі күмбезі, Бабаджа – Хатун мавзолейі. Қала ішінде су құбырлары жүргізіліп, моншалар салынған. Тараз моншасы – Орта Азия мен Қазақстандағы ең алғашқы моншалардың бірі. XI-XII ғасырларда қалада теңгелер де шығарылды. Қазбалардан табылған дүниелер әр алуан. Олар қыш ыдыстар, күміс т.б. ме-

талл бұйымдар. Көптеген бұйымдардың беттері аса мәнерлі өрнектермен әшекейленген. Тараздан табылған бұйымдар Жамбыл облысының өлкетану музейі мен Алматыдағы археологиялық музейге қойылған. Қала туралы деректер А.Н. Бернштамның «Памятники старины Таласской долины», А.-А., 1941 ж. және Т.Н. Сенигова «Средневековый Тараз» (А.-А., 1972 ж.) атты еңбегінде жазылған.

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ГИДРОНИМДЕРІ

Зербұлақ көлі

(Зербулак) – бұрынғы Комсомол көлінің өзгерген атауы. Комсомол көлінің маңында көптеген бұлақтар болған. Сол бұлақтардың бірі Зербұлақ деп аталған екен. Бұл бұлақ қасиетті бұлақ, бұрындары Зербұлақтың тұщы суынан көптеген халық сусындаған, сол себепті 2006 жылы Тараз қаласының әкімдігі мен Тараз қалалық мәслихаты Комсомол көлінің атауын Зербұлақ көлі деп өзгерткен.

Түйте арығы

(Туйте арык) – ол жоғары Талас өзенінен бастау алып, Шомансұр мазарының сол жағынан өтіп, қаланың орталық бөлгін суландырады.

Талас

(Талас) – Қырғыз Республикасы жерінен өтіп, Қазақстан Республикасына келетін өзен. Ұзындығы 661 шақырым, Қырғыз тауларынан бастау алып, Талас даласы арқылы ағып, Мойынқұм құмына сіңіп кетеді. Жазба ескерткіштерде Талас өзені V ғасырдан белгілі. Өзен бойына қала салынып, VI ғасырдан бастап жазба ескерткіштерде Тараз деген атпен белгілі болады. Зерттеуші ғалымдар Тараз атауы Талас өзені атауының дыбыстық (фонетикалық) тұрғыдан өзгерген түрі екенін дәлелдеді. Яғни сонор үнді л дыбысы сонор үнді р дыбысына қатаң дауыссыз с дыбысы ұяң дауыссыз з дыбысына алмасқан.

Тілдік табиғаты тұрғысынан Талас атауы дербес мағыналы: тал және ас сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Оның тал сыңары түркі-моңғол тілдерінде дыбыстық жағынан мағыналас екен.

Талас бөгені

(Талас водохр.) – қаланың оңтүстік-шығыс жағында, Талас өзенінің темір жолмен түйіскен жерінде. 1942 жылы салынған, социалистік құрылыс дәуіріндегі өндірістің сәулетті ескерткіші. Темірбетонмен құрсауланған су көтеретін төрт көпірлі бөген 25 мың га. Байзақ ауданы мен Таразды техникалық сумен қамтамасыз етуге арналған. Есепті жіберу мүмкіндігі секундына 265 текше м. Бөген ұзындығы – 65 м, максимальді биіктігі – 5 м. Сол және оң жағалау каналдары суды бөгеннен алады. Бөген үстімен автомобиль жолы өтеді.



Тараз қаласындағы Тас көпір – 13 ғ. қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде, Самарқан және Жангелдин көшелеріне шығар жерде, Талас өзені бас арнасына қарай Тектұрмас кешеніне жақын орналасқан. Көпірдің жасалу құрылысы сақталмаған. Облыс аумағында көне көпірдің орналасқан сол жағалауына қорғау тақтасы орналасқан. Оң жағалауда қираған, ірі құмтас блоктерінен жасалған көпірдің қыры сақталған. Орта Азияда сақталған осы сияқты көпірлерді зерттеу Талас көпірін бір, екі, тіпті үш өткелді аркалы конструкция түрінде қайта жабдықтауға мүмкіндік береді.

Көпірлер сауда жолдарын дамытуда маңызды роль атқарады, әсіресе, жиі қатынайтын Жібек жолының Талас, Сырдария, Шу өзендерінен өтетін Қазақстан аумағының маңызы зор. Осы учаске аумағында 48 ағаш және тас көпір тіркеледі, олар жүргіншілерді екі бағытта өткізіп отырған. Тараз қаласындағы тас көпір жайлы хабарды Қытай саяхатшысы Чань-Чунь қалдырған. 1864 жылы қорғаныс кезінде бұзып тастаған бөрене көпірлер болған. Орта ғасырдағы авторлардың мәліметтерінде келтірілген қаланың өзенмен екі бөлікке бөлінгендігі жөніндегі ойлары ескі арнаның Қапал бұлағы ағатын, Мирзоян көшесі аумағында жатқанын дәлелдейді. Екінші Үшбұлақ бұлағы қаланың солтүстік бөлігінен ағады. Осыған қарап, Таразда аз дегенде қазір жоғалып кеткен тағы 2 көпір болған.

Тараз қаласында халық қажеттілігіне орай салынған гидроним түрі «Су айдау мұнарасы» бар. Ол вокзал ғимаратының солтүстік-шығысындағы бос жерде орналасқан. 1914 жылы күйдірген кірпіштен салынған. Шеңбер тәрізді ғимарат 20 ғ-дың бас кезінде кең қолданылған готикалық формада орындалған. Мұнараның биіктігі вокзал маңындағы ауданның сәулетіне елеулі мән береді. Биік іргетасты, тұғыры мықты цилиндрлі нысан 12 қырлы негізге қойылған, төмен жабылған шатыры бар, 6 қырлы жарық фонарь қойылған. Мұнараның биіктігі 20 м. Шатыры ағаш, іргетасы 4 м, арка тәрізді үлкен терезелері бар.

Ата-бабаларымыз жаз жайлауда өзен, су, бұлақтарды сағалай қоныстанып, мал шаруашылығы мен егінжайдың да сумен байланысты болғаны, қазіргі жағдайда да осылайша болып жатқаны таң емес. Қазақ жеріндегі барлық өзен, көл, бұлақ, т.б. судың тіршілік көзі болғандығы анық. Бұл су атауларының бәрінің қазақша атауға ие болғандығына қарағанда бұл өлкені ерте заманнан-ақ қазақ жұртының иемденіп, құтты қоныс, қасиетті мекен еткендігінің дәлелі.



БАЙЗАҚ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Сарыкемер ауылы

Халық саны – 93, 9 мың адам

Аудан аумағы 4500 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтер саны: 18

Құрылған жылы: 14 ақпан, 1938 жыл.

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Аудан аумағында Төменгі Барысхан қалашығы (Төрткөл), Түймен қалашығы, Оқым қалашығы орналасқан.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – Байзақ батыр жерленген жері, Ақтөбе және Ақмола мұражайы, А. Сухамбай ескерткіші, Зәуірбектөбе, Аймантөбе мұражайлары орналасқан. Жайлаутөбе қалашығы, темір дәуірінің қорымы бар.

Байзақ ауданы

Орталығы – Сарыкемер ауылы

Байзакский район

Центр – аул Сарыкемер

Әкімшілік-аумақтық бірліктер

Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Ботамойнақ ауылдық округі	Кеңес ауылдық кеңесі	Ботамойнақский аульный округ – аул Байзақ	Байзақ ауылы
2	Бурыл ауылдық округі	Ровный ауылдық кеңесі	Бурылский аульный округ – аул Бурыл	Бурыл ауылы
3	Дикан ауылдық округі	Ленин ауылдық кеңесі	Диканский аульный округ – аул Дикан	Дикан ауылы
4	Жалғызтөбе ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Жалгызтобинский аульный округ – аул Жетібай	Жетібай ауылы

5	Жанатұрмыс ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Жанатурмынский аульный округ – аул Тегистик	Тегістік ауылы
6	Көптерек ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Коптерекский аульный округ – аул Кеңес	Кеңес ауылы
7	Көктал ауылдық округі	Бурыл а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кокталский аульный округ – аул Коктал	Көктал ауылы
8	Қостөбе ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Костобинский аульный округ – аул Талас	Талас ауылы
9	Қызыл жұлдыз ауылдық округі	Қостөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кызылжұлдызский аульный округ – аул Кызыл жұлдыз	Қызыл жұлдыз ауылы
10	Мырзатай ауылдық округі	Жалғызтөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Мырзатайский аульный округ – аул Мырзатай	Мырзатай ауылы
11	Сазтерек ауылдық округі	Мырзатай а/о құрамынан бөлініп шыққан	Сазтерекский аульный округ – аул Абай	Абай ауылы
12	Сарыкемер ауылдық округі	Михайлов ауылдық кеңесі	Сарыкемерский аульный округ – аул Сарыкемер	Сарыкемер ауылы
13	Ақәділ Сухамбаев ауылдық округі	Түймекент а/о құрамынан бөлініп шыққан	Акадиль Сухамбаевский аульный округ – аул Жақаш	Жақаш ауылы
14	Темірбек ауылдық округі	Комсомол ауылдық кеңесі	Темирбекский аульный округ – аул Тегистик	Тегістік ауылы
15	Түймекент ауылдық округі	Буденнов ауылдық кеңесі	Туймекентский аульный округ – аул Түймекент	Түймекент ауылы
16	Үлгілі ауылдық округі	Киров ауылдық кеңесі	Ульгилинский аульный округ – аул Ульгили	Үлгілі ауылы
17	Ынтымақ ауылдық округі	Жалғызтөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ынтымакский аульный округ – аул Мадимар	Мәдімар ауылы
18	Бәйтерек	Жаңадан құрылған	Байтерекский аульный округ	Бәйтерек ауылы



Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидронимдер түрі (қаз)	Гидронимдер түрі (орысша)	Аудан
Сүленбай	Суленбай	өзен	р.	Байзақ ауд.
Қырсаз	Кырсаз	өзен	р.	Байзақ ауд.
Көшеней	Кошеней	өзен	р.	Байзақ ауд.
Сарыөзек	Сарыозек	өзен	р.	Байзақ ауд.
Карасу Ванцетти	Карасу Ванцетти	өзен	р.	Байзақ ауд.
Кусақ	Кусақ	өзен	р.	Байзақ ауд.
Көкөзек	Кокөзек	өзен	р.	Байзақ ауд.
Карасу	Карасу	өзен	р.	Байзақ ауд.
Қызылқайнар	Кызылқайнар	өзен	р.	Байзақ, Жамбыл ауд.
Дуанасай	Дуанасай	өзен	р.	Байзақ, Жамбыл ауд.
Дайырдың Сайы	Дайырдын Сайы	өзен	р.	Байзақ ауд.
Өтеміссай	Отемиссай	өзен	р.	Байзақ ауд.
Абыз	Абыз	өзен	р.	Байзақ ауд.
Соркөл	Сорколь	көл	оз.	Байзақ ауд.
Шатырлы	Шатырлы	көл	оз.	Байзақ ауд.
Қайла	Кайла	көл	оз.	Байзақ ауд.
Жыланды	Жыланды	көл	оз.	Байзақ ауд.
Сарпылдақ	Сарпылдақ	көл	оз.	Байзақ ауд.
Шеңгелді	Шенгельды	көл	оз.	Байзақ ауд.
Сарыайғыр	Сарыайғыр	көл	оз.	Байзақ ауд.
Жүзгенді	Жузгенды	көл	оз.	Байзақ ауд.
Селеулі	Селеули	көл	оз.	Байзақ ауд.
Төлеп	Толеп	көл	оз.	Байзақ ауд.
Тахир	Тахир	көл	оз.	Байзақ ауд.

Сандыбай	Сандыбай	көл	оз.	Байзақ ауд.
Белкұдық	Белькудык	көл	оз.	Байзақ ауд.
Үдербай	Удербай	көл	оз.	Байзақ ауд.
Қараматау	Караматау	көл	оз.	Байзақ ауд.
Сасықкөл	Сасыкколь	көл	оз.	Байзақ ауд.
Аяқкөл	Аякколь	көл	оз.	Байзақ ауд.
Қосқұдық	Коскудык	көл	оз.	Байзақ ауд.
Жыландыкөл	Жыландыколь	көл	оз.	Байзақ ауд.
Аламбайкөл	Аламбайколь	көл	оз.	Байзақ ауд.
Қарайқызыл	Карайқызыл	көл	оз.	Байзақ ауд.
Баскөл	Басколь	көл	оз.	Байзақ ауд.
Беке	Беке	көл	оз.	Байзақ ауд.
Ағанаскөл	Аганасколь	көл	оз.	Байзақ, Рысқұлов ауд. шек-да
Сарытөбе	Сарытобе	көл	оз.	Байзақ ауд.
Сайынкұдық	Сайынкудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Дөңгелек	Донгелек	құдық	к.	Байзақ ауд.
Шарбақ	Шарбак	құдық	к.	Байзақ ауд.
Мұрғамбай	Мургамбай	құдық	к.	Байзақ ауд.
Қылшалы	Кылшалы	құдық	к.	Байзақ ауд.
Толарай	Толарай	құдық	к.	Байзақ ауд.
Мұратқұдық	Мураткудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Әбді	Абди	құдық	к.	Байзақ ауд.
Асылбек	Асылбек	құдық	к.	Байзақ ауд.
Ішкері	Ишкери	құдық	к.	Байзақ ауд.
Ағашақ	Агашак	құдық	к.	Байзақ ауд.



Селеулі	Селеули	құдық	к.	Байзақ ауд.
Өтелтойлаған	Отельтойлаған	құдық	к.	Байзақ ауд.
2-ші Теріскенді	Терискенды 2-й	құдық	к.	Байзақ ауд.
Жетімола	Жетымола	құдық	к.	Байзақ ауд.
Сарысулы	Сарысулы	құдық	к.	Байзақ ауд.
Кәрімбай	Каримбай	құдық	к.	Байзақ ауд.
Сайбек	Сайбек	құдық	к.	Байзақ ауд.
Ортааяқ	Ортааяқ	құдық	к.	Байзақ ауд.
Жалпаққұрақ	Жалпақкурак	құдық	к.	Байзақ ауд.
Балқыбек	Балкыбек	құдық	к.	Байзақ ауд.
Ақбалшық	Ақбалшык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Ақпар	Ақпар	құдық	к.	Байзақ ауд.
Жаманшилі	Жаманшили	құдық	к.	Байзақ ауд.
Шымболат	Шымболат	құдық	к.	Байзақ ауд.
Қолтықтой	Колтыктой	құдық	к.	Байзақ ауд.
Салдықұдық	Салдыкудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Аққұдық	Аккудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Шикұдық	Шикудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Тасқұдық	Таскудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Майқұдық	Майкудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Қосқұдық	Коскудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Мырзақұл	Мырзакул	құдық	к.	Байзақ ауд.
Миялықұдық	Миялыкудык	құдық	к.	Байзақ ауд.
Бақи	Баки	құдық	к.	Байзақ ауд.
Солтүстік Шығыс Қосқұдық	Солтустик Шығыс Коскудык	құдық	к.	Байзақ ауд.

Тамабай	Тамабай	құдық	к.	Байзақ ауд.
Қарабатыр	Карабатыр	құрғақ арна	сух. р.	Байзақ, Талас ауд.
Ақарық	Ақарык	құрғақ арна	сух. р.	Байзақ ауд.
Көкөзек	Кокозек	құрғақ арна	сух. р.	Байзақ, Талас ауд.
Қарасу	Карасу	құрғақ арна	сух. р.	Байзақ ауд.
Белқожа	Белькожа	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Төреарық	Тореарык	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Қаражон	Каражон	арық	ар.	Байзақ ауд.
Кеңес	Кенес	арық	ар.	Байзақ ауд.
Жақсыбай	Жаксыбай	арық	ар.	Байзақ ауд.
Оспангүл	Оспанкул	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Сенкібай	Сенкибай	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Жаңасаз	Жанасаз	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Қарсыбай	Карсыбай	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Ақберді	Ақберды	арық	ар.	Байзақ ауд. Т.
Зылиха	Зылика	арық	ар.	Байзақ ауд.
Шолақ	Шолак	арық	ар.	Байзақ ауд.
Сырғабай	Сырғабай	арық	ар.	Байзақ ауд.
Донсор	Донсор	арық	ар.	Байзақ ауд.
Байөзек	Байозек	арық	ар.	Байзақ ауд.
Араша	Араша	арық	ар.	Байзақ ауд.
Қырғызбай	Кыргызбай	арық	ар.	Байзақ ауд.
Сатыбалды	Сатыбалды	арық	ар.	Байзақ ауд.
Байсақал құрама	Байсақал Курама	арық	ар.	Байзақ ауд.
Соқыр	Соқыр	арық	ар.	Байзақ ауд.



Теріс	Терис	арық	ар.	Байзақ ауд.
Самбет	Самбет	арық	ар.	Байзақ ауд.
Байбек	Байбек	арық	ар.	Байзақ ауд.
Көктеуарық	Коктеуарық	арық	ар.	Байзақ ауд.
Аққойлы	Акқойлы	арық	ар.	Байзақ ауд.
Қайырма	Кайырма	арық	ар.	Байзақ ауд.
Жүнісбек	Жунисбек	арық	ар.	Байзақ ауд.
Аққойлы	Акқойлы	арық	ар.	Байзақ ауд.
Бөріарық	Бориарық	арық	ар.	Байзақ ауд.
Молсақал	Молсақал	арық	ар.	Байзақ ауд.
Тегістік	Тегистик	арық	ар.	Байзақ ауд.
Левобережный	Левобережный	канал	кан.	Байзақ ауд.
Қарабөгет	Карабогет	бөген	вдхр.	Байзақ ауд.
Шалке	Шалке	бөген	вдхр.	Байзақ ауд.
Қарабатыр	Карабатыр	бөген	вдхр.	Байзақ ауд.
Ынтымақ	Ынтымақ	бөген	вдхр.	Байзақ ауд.
Темірбек	Темирбек	бөген	вдхр.	Байзақ ауд.

Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қаз.)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Ботамойнақ	Ботамойнак	тау	г.	Байзақ, Жамбыл ауд. шекарасында
Сыртбелдік	Сыртбельдик	таулар	горы	Байзақ ауд.
Маралбайтөбе	Маралбайтобе	төбешік	буг.	Байзақ ауд.
Жайлаутөбе	Жайлаутобе	төбешік	буг.	Байзақ ауд.
Түйетөбе	Туйетобе	төбешік	буг.	Байзақ ауд.
Жиік	Жиік	құм	пески	Байзақ ауд.
Кішіқұм	Кишикум	құм	пески	Байзақ ауд.
Бетпақдала	Бетпақдала	географиялық атырап	географическая область	Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары
Аймантөбе	Аймантобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Қозытөбе	Козытобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Қосқорған	Коскорган	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Аққойлы	Акқойлы	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Қоңыртөбе	Коньртобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Шөлтөбе	Шольтобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Құрманбайтөбе	Курманбайтобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Байқасқа	Байқаска	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Қоңыртөбе	Коньртобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Мәмбеттөбе	Мамбеттобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Зылика	Зылика	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Сүленбайтөбе	Суленбайтобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Қоңырбайтөбе	Коньрбайтобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Осалтөбе	Осалтобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Беген	Беген	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Бөбек	Бобек	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Мыңжар	Мынжар	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Күмістөбе	Кумистобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Дамолла	Дамолла	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Дүйсенбайтөбе	Дуйсенбайтобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.
Қаратөбе	Каратобе	қорған	кург.	Байзақ ауд.



Жаргүл	Жаргуль	қорғанның ескі орны	разв. крепости	Байзақ ауд.
Шәлке	Шалке	қорғанның ескі орны	разв. крепости	Байзақ ауд.
Қаратөрткөл	Каратортколь	ескі қала орны	старое городище	Байзақ ауд.
Қоңырбайтөбе	Конырбайтобе	ескі қала орны	старое городище	Байзақ ауд.
Төрткөл	Тортколь	қорғанның ескі орны	разв. крепости	Байзақ ауд.



БАЙЗАҚ АУДАНЫ

(Байзақ) – аудан аты.

(Байзақ) – а. Байзақ ауданы.

Аудан тұрғындарының ұсынысын ескере отырып, кезінде Жетісу өңіріне белгілі болған Байзақ датқаны мәңгі есте қалдыру мақсатында 04. 12. 95 жылы ҚР Президентінің №2696 Жарлығымен бұрынғы Свердлов ауданы Байзақ деп аталған. Аудан жерінің басым көпшілігі жазық, тек оңтүстігінде ғана Қырғыз Алатауының тауалды аласа қыраттары мен қырқалары орналасқан. Ең биік жері оңтүстігінде (1637м). Солтүстігінде Мойынқұмның қырқалы-ұялы және шағылды құмдыалқабы, орта бөлігінде Талас өзенінің аңғары жатыр. Климаты тым континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық, қуаң, солтүстігі аңызқты. Ауданда Талас, Көделі өзеніне қарай ағады. Жерінің топырағы негізінен сұр, солтүстігінде құмды, оңтүстігінде бозғылт қоңыр топырақты. Оларда жусан, көкпек, күйреуік, жыңғыл, сексеуіл өседі. Жануарлардан қасқыр, түлкі, қоян, ат-жалман, бөдене кездеседі.

Байзақ ауылы. Байзақ ауданы. Бұрынғы Кеңес және Красная Заря селоларының қосылуына байланысты ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 1993 ж. №2189 XII Қаулысы бойынша, Қоқан хандығына қарсы, халық үшін күресте шейіт болған Байзақ датқа есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Байзақ ауылы болып аталды.

Байзақ датқа Мәмбетұлы (1789 – 1864).

Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының Шымыр руынан шыққан беделді адамдардың бірі, шешен әрі батыр. Әулие ата төңірегіндегі қазақтарды билеу үшін Қоқан хандығы тағайындаған әкім, датқа. Ол алғаш Кеңесары Қасымұлының қозғалысына қатыспақ болды, кейін одан бас тартып, қырғыздарды қолдады. Өмірінің соңғы кезінде Байзақ датқа Қоқан хандығының зорлық-зомбылығына ауыр зейнет, алым-салығына қарсы шығып, Россияға қосылуды жақтады. Осы мақсатпен баласы Ақмолда батыр – басы босаған мың қаралы жігітті Әулиеата іргесіндегі тұрған (1864) орыс әскеріне жәрдемге жібереді. Мұны білген қоқандықтар Байзақ датқаны Қоқан хандығының аталығы Әдімқұлдың бұйрығымен Шымкент қаласында зеңбірек аузына қойылып, атылады. Оның быт-шыт шыққан денесінен қалған екі саусағы ғана Талас өзенінің жағасына Сарыкемер ауылының маңына жерленеді. Саусақтары жерленген мазар әлі күнге дейін «Байзақ сөресі» аталады, өйткені, 1865 жылы осында Байзақ датқаның асы да өткізілген болатын (Б. Әбділдаев. Байзақ датқа, Алм. 1995 ж., 6-бет).

Ботамойнақ

(Ботамойнақ) – а. о. Байзақ ауданы,

(Ботамойнақ) – а. Байзақ ауданы.

Бұрынғы Свердловка ауылы Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 93 ж. № 2189-ХІІ Қаулысы бойынша өзгертіліп, тарихи аты Ботамойнақ қалпына келтірілді.



Бұл жер бедерінің «ботаның мойны, мойнағына» ұқсас болғандықтан солай аталғаны байқалады.

Бурыл

(Бурыл) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Ровное ауылы Бурыл ауылы болып өзгертілді.

Сарыкемер

(Сарыкемер) – А.А. о. – ауыл әкімшілік округі орталығы (Байзақ ауданының орталығы (1938-1993 жж.). Облыс орталығы Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 10 км жерде, Талас өзенінің сол жағалауындағы сұр жусан, баялыш, күйреуік, көкпек басым өскен, тауалды жазығының сұр, шалғынды-сұр топырақты шөлейт белдемінде орналасқан. Тұрғыны 15,6 мың адамнан аса. Іргесі 1875 жылы қаланды. Халық ауылға қоныстанбаған кезде, ауыл маңындағы Талас өзенінің бойы сарыкемерленіп, күнге шағылысып тұратындықтан ежелден бұл жер Сарыкемер аталған. 1880 жылы орыс көпесі Михайловтың атымен Михайловка ауылы аталып келген.

Бұрынғы Михайловка ауылы ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 19.03.1992 ж. №1265 XII Қаулысымен өзінің бұрынғы тарихи атауы Сарыкемер қалпына келтірілген.

Сары (сын есім) + кемер (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бұл маңдағы кемердің, жардың сарғылт болып жататынын білдіреді». Ал кемер сөзі үнді-ир. -ар. тілдері негізіндегі қамар, қамыр, хамар немесе халхамонг. хам, кам, хем, кем+ар (-ар, -ер) – терең сай, саға, тар алқап, кейде қыр (одан аққан өзен) мәндерін береді. Кемер термині біріккен тұлғаларда көп жағдайда түр. бүктар, қобұ терминдерінің де өтеуін береді. Мәселен: ар. комор (аралдары) «ай», ир. Хами «ой»; алт. -хақ Кем (чик), Улуг Хем (Енисей); қаз. Ақкемер, Сарыкемер, Қаракемер, өзб. Сарыкам, Даровозкам; бур. Хамар-Добан (Шығыс Сібірдегі тау қыры); балк. Беккам (сөзбе-сөз) «терең шат» атауларынан осыны көреміз.

Сарыкемердегі бұрынғы кірпіш зауыты, нан, тамақ комбинаты, жол құрылысы, автокөлік мекемелері, ауыл шаруашылығы техникалық бірлестігі, т.б. кәсіпорындар мен мекемелер 1997 жылдан өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар мен серіктестіктерге, шаруа қожалықтарына біріктірілді. Олардың ішіндегі ірілері: «Сарыкемер» автокөлік кәсіпорны, «Әулиеата құсы» акционерлік қоғамдары, «Байзақ» Өндірістік кооператив. Одан басқа аудандық тұтынушылар кооперативі, телекоммуникациялық торап, мемлекеттік пошта торабы, электрлендіру жүйесінің мекемесі жұмыс істейді.

Сарыкемерде 3 орта, 2 бастауыш мектеп, музыкалық, спорт мектептері, мәдениет үйі, клубтар, 5 кітапхана, Ғ. Мұратбаев атындағы мұражай, 2 стадион, мешіт, аудандық аурухана мен емхана, дәріхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Абай

(Абай) – ауыл Байзақ ауданы,

(Абай) – ауыл Шу ауданы.

(Абай) – ауылдық округ Т. Рысқұлов ауданы

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қойылған елді мекен аты.

Аймантөбе

(Аймантөбе) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Ленин ауылы Аймантөбе ауылы болып аталды.

Жайтөбе

(Жайтөбе) – ерте орта ғасырлық қала орны. Байзақ ауданы, Төрткөл ауылының солтүстік шетінде, Қарасу өзенінің сол жағалауында орналасқан. Оны 1984, 1986 ж. Қазақ КСР ҒА Тарихи және мәдени ескерткіштері жинағының археологиялық экспедициясы (жетекші К.М. Байпақов) зерттеді. Қаланың сақталып қалған бөлігі таға тәріздес болып келеді. Ұзындығы 150 м. ені 30 м. Жайтөбенің жартысынан көбін өзен суы шайып кеткен. Кезінде 700 метрге жуық дуалдың қазір қалдықтары ғана сақталып қалған. Жайтөбенің орнынан құм тостаған, табақша, көзе, т.б. асханалық бұйымдар сынықтары жинастырылған. Табылған материалдарға қарағанда, жайтөбелік тұрғындар VII-XII ғасырларда мекен етіп, егін және мал шаруашылығымен айналысқан деуге болады.

Жақаш

(Жақаш) – а. Байзақ ауданындағы ауыл, Суханбаев атындағы ауылдық әкімшілік округтің орталығы. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан 25 км жерде, боз жусан, ши, жүзгін аралас сортаңды шөп өскен құмайты сұр, сортаңды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 1 мың адамнан аса. Іргесі 1929 ж. «Батырақ» а.ш. артелін ұйымдастырушылар қалаған. 1962-1997 ж. Фрунзе атындағы қызылша өсіретін ұжымшардың орталығы болды. Ауылға 1989 ж. Т. Рысқұловтың серігі, а.ш. өндірісін ұйымдастырушы Жақаш Мамыровтың есімі берілді. Жақашта өндірістік кооператив және бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, мешіт, мектепте Кеңестер Одағының Батыры А. Суханбаев мұражайы және ауыл ортасындағы алаңға батырдың ескерткіші орнатылды.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша, облыс әкімінің 06.07.92 ж. №60 шешімімен Фрунзе ауылы өзгертіліп, Жақаш ауылы аталды. Бұл кісі атына байланысты қойылған атау.



Диқан

(Дихан) – а. о. Байзақ ауданы,

(Дикан) – а. Байзақ ауданы.

Зат есімнен жасалған атау. Егіншілікпен шұғылданатын еңбекшілердің құрметіне қойылған атау.

Жетібай

(Жетибай) – Байзақ ауданындағы ауыл, Жалғызтөбе ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан солтүстік-батысқа қарай 15 км жерде ақ жусан, баялыш, күйреуік аралас өскен шалғынды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 0 мың адамнан аса. Іргесі 1962 ж. Фрунзе атындағы қызылша өсіретін ұжымшар ретінде қаланған. Оның негізінде Жетібайда 1997 жылдан 1 өндірістік кәсіпорын, 2 шаруашылық серіктестігі, 200-ден астам шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Орта және бастауыш мектеп, клуб, дәрігерлік амбулатория және фельдшер-акушерлік пункт бар.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының 04. 05. 1993 ж. №2189-ХІІ Қаулысы бойынша, Ново-Ивановка ауылы өзгертіліп, Жетібай ауылы аталды.

Зәуірбектөбе

(Зауирбектөбе) – ортағасырлық қоныс орны. Байзақ ауданы Абай ауылының шетінде, Кеңес су қоймасының оң жағалауында орналасқан. Зәуірбектөбені 1978 жылы Жамбыл облысы тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы ашып, зерттеді. Қазіргі орны үшбұрышты келген төбешік. Көлденең 110x120 метр, биіктігі 2, 5 метр шамасында. Ол табандағы ені 10-15 метр, биіктігі 2 метрдей, бұрыштарында мұнара қалдықтары байқалатын үйінді жалмен қоршалған. Қоныстан сыры жоқ табақша, құмыра, көзе және басқа да ыдыстардың сынықтары жинастырылған. Табылған заттарға қарағанда Зәуірбектөбені халық VII-IX ғасырларда мекен еткен. Олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

Кеңес

(Кенес) – Байзақ ауданындағы ауыл, Көптерек ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан солтүстікке қарай 28 км жерде, Талас өзені тармақтарының бірінің жағалауында, баялыш, күйреуік ақ жусан басым өскен бозғылт сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 2 мың адамнан аса. 1956 – 97 ж. аралығында «Кенес» қой өсіру ұжымшарының орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 ж. Кеңесте 24 шаруа қожалығы құрылды. Ауылда орта, бастауыш мектептер, клуб, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Кеңес өкіметіне байланысты қойылған атау.

Көктал

(Коктал) – Байзақ ауданындағы ауыл, аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 км жерде, Талас өзенінің тармақтарының жағалауында, бұта аралас жусан, баялыш, күйреуік басым өскен шалғынды боз топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 9 мың адамнан аса. Жамбыл жұмыртқа-құс фабрикасының орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Көкталда серіктестік және 14 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Көк және тал сөзінің бірігуінен жасалған атау.

Қостөбе

(Костобе) – VI – XII ғасырлардағы көне қала орны. Байзақ ауданы Сарыкемер ауылының шығыс жағында, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Алғаш А.Н. Бернштам 1938 ж. зерттеген. 1985 – 1987 ж. К.М. Байпақов бастаған Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Тараз археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді. Қостөбе VI ғасырда қоныс аударған соғдылықтар негізін қалаған Жамуқат қаласының орны болса керек деп болжанады. Қостөбе қаласының орта бөлігі дөңес болып келген. Көлемі 420x450 м. Кезінде Қостөбе биік қабырғамен айнала қоршалып тұрған. Сақталып қалған қабырғалардың биіктігі 3 метрге жетеді. Қабырғалардың бұрыштарындағы мұнаралар биіктігі 16 – 18 метр болған. Қаланың төрт қақпасы болған. Қазіргі кезде қақпалардың қабырғалардан ажырап қалған бөліктері ғана сақталып қалған. Қазба жұмыстарының жүргізілуі барысында Қостөбедегі сарайдың орны анықталды. Сарайдың қабырғалары шикі кірпіштен қаланған, тек бір қабырғасы ғана пахсадан тұрғызылған. Сарай 20-дан астам бөлмелерден тұрады. Оның орталық залының көлемі 9, 5x8, 2м, салтанатты бөлмесінің көлемі 8x14 м. бөлмелердің біразында ошақтардың орны сақталып қалған. Қазба жұмыстары кезінде керамикадан жасалған ыдыстар, сүйектен жасалған бұйымдар табылды. Сондай-ақ, табылған бұйымдардың ішінде сырғалар, белдіктің тоғалары да бар. Белдік тоғалары тауыс құсының және қораздың бедерлі суреттерімен ойылып безендірілген.

Қостөбе

(Костобе) – Байзақ ауданындағы ауыл, Қостөбе ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан оңтүстікке қарай 12 км жерде, жусан аралас сұлыбас, бидайық басым өскен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты, төбелі-жонды келген таудың құрғақ шөлейт белдемінде орналасқан. Тұрғыны 1, 5 мың адамнан аса. Ауыл 1993 ж. дейін Головачевка деп аталып келген. 1996 ж. дейін Жамбыл ауданы арнайы бірлестігінің бөлімшесі болып келді. 1997 жылдан Байзақ ауданына ауысты. Ауылда өндірістік кооператив және бірнеше шаруа қожалықтары ұйымдасты. Қостөбеде орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Құмжота

(Кумжота) – Байзақ ауданындағы ауыл, Бұрыл ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан батысқа қарай 17 км жерде,



боз жусан, баялыш, күйреуік басым өскен бозғылт қоңыр, сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 3, 0 мың адамнан аса. Ауыл 1961 – 97 ж. Ровное көкөніс-сүт кеңшарының бөлімшесі болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Құмжотада өндірістік кооператив, ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Қызыл жұлдыз

(Қызыл жұлдыз) – Байзақ ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 км, Тараз қаласынан 1 км жерде, Талас өзенінің жағалауында, боз жусан, баялыш, көкпек, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен сұр, бозғылт сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 4, 6 мың адамнан аса. Мұнда 1976 ж. Жамбыл ауданы мал бордақылау бірлестігі құрылған. Кейіннен бірлестік Байзақ ауданына беріліп, оның негізінде Қызылжұлдызда 1997 жылдан 2 өндірістік кооператив, 218 шаруа қожалығы және «Қызыл жұлдыз» атты ЖШС жұмыс істейді. Ауылда орта, орталау мектептер, 2 клуб, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мәдени және әлеуметтік мекемелер бар.

Құмбел

(Құмбел) – Байзақ ауданындағы ауыл, Бұрыл ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орт. – Сарыкемер ауылынан батысқа қарай 17 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік басып өскен бозғылт қоңыр, сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 3, 0 мың адамнан аса. Ауыл 1961-1997 ж. Ровное көкөніс-сүт кеңшарының бөлімшесі болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Қ-да өндірістік кооператив, ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Мәдімар

(Мәдимар) – Байзақ ауданындағы ауыл, Ынтымақ ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан солтүстікке қарай 25 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік көкпек басым өскен сұр, шалғынды сұр топырақты қуаң шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 1 мың адамнан аса. 1996 ж. дейін Ынтымақ ауылы аталып келді. 1950-1997 жылдары жүгері тұқымын өсіретін Октябрьдің 40 жылдығы атындағы ұжымшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Мәдімарда «Мәдімар» ЖШС және 40-тан астам шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Ауылда орта мектеп, клуб, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Кісі есімімен байланысты қойылған атау.

Мырзатай

(Мырзатай) – Байзақ ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан солтүстікке қарай 12 км жерде, боз жусан, баялыш, көкпек басым өскен сұр, шалғынды сұр топырақты

шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың адамнан аса. 1975-1997 жж. ет бағытындағы (құс еті) Жамбыл құс фабрикасының орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Мырзатайда өндірістік кооператив, ЖШС және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Нарымбай

(Нарымбай) – орта ғасырлық қалашық орны. Байзақ ауданы Байзақ ауылынан 7 км шығыста, Тараз – Тегістік автокөлік жолынан солға қарай 0, 5 км жерде. 1936 ж. КСРО ҒА Қазақстан филиалы мен КСР ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам) ашқан. 1986 ж. Тараз археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М. Байпақов), 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетек. К.М. Байпақов) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Нарымбай «төрткүл» түріндегі қалаларға жатады. Қазіргі орны бұрыштары төрт тарапқа қараған ромб тәрізді келген төбешік. Шетінен есептегенде көлемі 240 м. Ішкі бөлігі тегіс, құрылыс іздері байқалмайды. Қалашықты барлық жағынан ені 1, 5 м, үсті 3-5 м, табандығы кейде 20 метрдей болатын жал қоршап жатыр. Беткейлері еңістеу үйінді жалдың үстінде биіктігі 0, 4 – 0, 5 метр, орташа ұзындығы 15 метрдей, ені 10 м шамасында мұнара орнының қалдықтары бар. Жалдың сыртқары бөлігінде бұрыш мұнаралары орналасқан. Олар жал бойындағы мұнаралардан көлемділеу. Оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс үйінді жалдарда алтыдан, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс жалдарда төрттен мұнара орындары бар. Төрткүл ені 10 метр, кей жерлері 25 метрдей болатын, тереңдігі 0, 8 метр ормен қоршалған. Құрылыс қалдықтарына және табылған заттарға (құмыра т.б. сынықтары) қарағанда Нарымбайды халық VIII-XII ғасырларда мекендеген. Олар егін, мал шаруашылықтарымен, колөнермен шұғылданған.

Наурызбас

(Наурызбас) – ортағасырлық қала орны. Байзақ ауданы Байзақ ауылынан шығысқа қарай 6 км жерде. 1983 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов) ашып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазіргі орны әлемнің төрт тарапына бұрыштары қаратылған төбешік. Оның көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 30 м, батыстан шығысқа қарай 45 м, биіктігі 1 м. Қала ені 6 – 8 м, биіктігі 2 м үйінді жалмен қоршалған. Жалда 5 мұнара қалдығы сақталған. Археологиялық зерттеу барысында құмыра, тостаған, келі, т.б. шаруашылыққа қажетті бұйымдар жинастырылды. Алынған заттарға қарағанда Наурызбасты халық X-XII ғасырларда мекендеген. Олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан.

Оххум

(Оххум) – көне қала орны. Байзақ ауданы, Шахан ауылынан солтүстік – шығыс жағында 300 м қашықтықта орналасқан. Алғаш рет В. Бартольд 1894 ж. зерттеген. 1936 – 1938 ж. КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институты



мен КСРО ҒА Қазақстандық филиал археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам), 1983 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов), 1986жылы ескерткіштер жиынтығының археологиялық экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов), 1986 ж. ескерткіштер жиынтығының археологиялық экспедициясы (жетекшісі К. М. Байпақов), 2000 ж. ҚР ҒА Археология институтының Оңт. Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М. Байпақов) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Оххум кезінде екі қатар қабырғамен қоршалған. Қоршау төрт бұрышты. Қоршаудың биіктігі 4-4, 5 м болған. Сыртқы және ішкі қоршаудың ара қашықтығы 50-60 м. Қазба жұмыстары кезінде Оххум қаласында су құбырлары болғандығы айқындалды. Табылған керамикалық бұйымдар қаланың VI-XII-ғасырлар аралығында өмір сүргендігін көрсетеді.

Сарытөбе

(Сарытөбе) – орта ғасырлық қоныс орны. Байзақ ауданы Жаңатұрмыс ауылынан 2, 5 км солтүстік-батыста. 1978 ж. Жамбыл облысы тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы ашып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. «Алаңқайлы төбе» түріндегі бұл қоныс жобасы тікбұрышты. Бұрыштары әлемнің төрт бұрышына қараған. Төбе ұзындығы 120 м, ені 40 м. Оның қасында диаметрі 40 м шамасында, биікт. 3 м төбе және оған жанасып жатқан төбешік бар. Қонысты табандығы 9-10м, биіктігі 1, 5 м болатын жал қоршап жатыр. Зерттеу барысында құм, түрлі қыш ыдыстар сынықтары кездескен. Олардың көбісі сырсыз. Табылған бұйымдарға қарағанда Сарытөбені халқы VII-IX ғасырларда мекендеп, егін және мал шаруашылықтарымен шұғылданған.

Талас

(Талас) – Байзақ ауданындағы ауыл, Қостөбе ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Сарыкемер ауылынан оңтүстікке қарай 12 км жерде, Талас өзенінің оң жағасындағы сұр жусан, баялыш, көкпек, т.б. шөптесін өскен сұр, шалғынды, топырақты қуаң, шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 3 мың адам. Іргесі 1933 ж. қаланған. 1997 ж. дейін сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал өсіретін Жамбыл атындағы кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Таласта өндірістік кооператив және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, кітапхана, клуб, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Талас гидрониміне қатысты атау.

Түймекент

(Түймекент) – орта ғасырлық қала орны. Байзақ ауданы Түймекент ауылының оңтүстік-шығыс шетінде, Талас өзенінің оң жағалауында. Алғаш рет 1894 ж. В. В. Бартольд зерттеді. 1936 – 38 ж. КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институты мен Қазақстан филиалының Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам), 1986 ж. Қазақ КСР ҒА Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығының экспедициясы (жетекшісі К. Байпақов) зерттеген. Бірнеше жерден тік-қазба (шурф) түсірілген. Қала орнының аумағы 250x310 м. Жан-жағынан

топырақ үйінділерімен қоршалған. Биіктігі 4-6 м болатын қоршаудың бойында 7 мұнаның орны сақталған. Қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық ыдыстар VII-XII ғасырларға сай келеді. Ғалымдар Түймекент кезінде түркі билеушілерінің ордасы болуы мүмкін деген болжам да айтады.

Түймекент

(Түймекент) – Байзақ ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Сарыкемер ауылынан солтүстікке қарай 18 км жерде, Талас өзені жағалауындағы боз жусан, баялыш, күйреуік, ши, т.б. шөптесін өскен, шалғынды, сұр топырақты қуаң, шөлейт далада орналасқан. Тұрғыны 4, 5 мың адам. Ауыл 1993 ж. дейін Буденновка деп аталып келген. Іргесі 1924 ж. қызылша өсіретін «Трудовой пахарь» ұжымшарының орталығы ретінде қаланды. Оның негізінде «Түймекент» өндірістік кооперативі, ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта, орталау мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Үлгілі

(Үлгили) – Байзақ ауданындағы ауыл, Сарыкемер ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Сарыкемер ауылынан батысқа қарай 3 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік басым өскен сұр, шалғынды, сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 6 мың адам. 1983-1997 жылдары қызылша тұқымын өсіретін Киров атындағы кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Үлгіліде 1997 жылдан шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Шөлтөбе

(Шолтобе) – ерте орта ғасырлық қоныс орны. Байзақ ауданы Ақшолақ стан-сасының солтүстік-шығыс жағынан 12 км жерде, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. 1963-1967 ж. Жетісу археол. экспедициясының отряды (жетекшісі С. Мершиев) тауып, қазба жұмыстарын жүргізген. Қоныстың аумағы 80x100 м., биікт. 3 м. Қазба жұмыстары кезінде керамикадан жасалған бұйымдар көптеп табылған. Бұл жерден табылған дән үккіштер, тарының қалдықтары, шикі кірпіштер құрамындағы сабандар қонысты мекендегендердің шаруашылығында жер өңдеудің маңызды рөл атқарғандығын куәландырса, ал тастан және қыштан жасалған ұршық бастары тоқымашылық кәсібінің, қолдан жасалған қыш ыдыстарының көптігі – құмыра өндірісінің дамығанын көрсетеді. Олардың жасалған мерзімі V-XII ғасырларға сәйкес келеді.

Сәмбет

(Самбет) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, облыс әкімінің 06. 07. 1992 ж. №60 шешімі бойынша, Тегістік ауылы қазақтың белгілі батырының атымен Сәмбет ауылы аталды.



Сеңкібай

(Сенкибай) – а. Байзақ ауданы.

Ауылы тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07. 10. 1993 ж. №2410-ХІІ Қаулысы бойынша, Еңбек ауылы өзгертіліп, жоңғар қалмақтарымен шайқастарда аты шыққан, ұлы жүздің жаныс тайпасынан шыққан атақты Төле бидің інісі Сеңкібай батыр есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында – Сеңкібай ауылы аталды.

Сухамбаев

(Сухамбаев) – а. о. Байзақ ауданы.

Ағәділ Сухамбаев – Совет Одағының батыры.

2005 жылы мамыр айында Тараз қаласы, Қонаев және Абай көшесінің қиылысында, Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай (1914-1945), А. Сухамбаевқа орнатылған ескерткішті Елбасы Н. Назарбаев ашты.

Тегістік

(Тегистик) – а. Байзақ ауданы.

Тегіс (сын есім) + тік (сын есімді есімге айналдыратын жұрнақ) жолымен жасалған атау. Мағынасы: «теп-тегіс, жап-жазық жер» дегенді білдіреді.

Ақжар

(Ақжар) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 1993 ж. №2189-ХІІ Қаулысы бойынша Жамбыл ауылы бұрынғы тарихи атымен Ақжар ауылы деп аталды.

Ақжар – мекен, өзен, елді мекен аттары. Ақжар – «ақтаңдақ жар». Ақжар атаулары өзге де түркі тілдес халықтар топонимдерінен кең орын алған. Н.В.А. Никонов: Қырымның қазіргі Севастополь қаласы тұрған жерді құмандар бұрын «Ағджар» атаған дейді. (Қойш. Е., 1985, 31-б).

(Ақжар) – елді мекен, Шу, Байзақ ауданы. Ақ (сын есім) + жар (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы жардың топырағының ағарып жататынын білдіреді.

Аққия

(Аққия) – елді мекен Байзақ ауданы. Ақ (сын есім) + қия (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы осы маңдағы төбеге шығар тік беткейі (қиясы) ағарып жататынын білдіреді.

Ақтөбе

(Актобе) – а. о., Жуалы, Байзақ аудандары. Ақ (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы төбенің тасының немесе топырағының ағарып жататын көрінісін білдіреді.

(Актобе) – а. Байзақ ауданы,
(Актобе) – а. о. Жуалы ауданы,
(Актобе) – а. Жуалы ауданы,
(Актобе) – а. Талас ауданы,
(Актобе) – а. о. Шу ауданы,
(Актобе) – а. Шу аудандарында кездеседі.

Базарбай

(Базарбай) – а. Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округіне бағынысты. Кісі есімінен қойылған атау.

Құмжота

(Құмжота) – е. м., Байзақ ауданы. Құм (зат есім) + жота (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «құмдауыт келген жоталар».

Жанатұрмыс

(Жанатұрмыс) – а. о. Байзақ ауданы – а. о. е. м., Байзақ ауданы. Мағынасы: «революциядан кейін жаңа қоғам, жаңа тұрмыс құруға тілек білдіруге байланысты» қойылған атау. Бұл атау Қордай ауданы, Т. Рысқұлов ауданы, Талас аудандарында да кездеседі.

Жеңіс

(Женис) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика Комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Победа ауылы Жеңіс ауылы болып өзгертілді.

Көкөзек

(Кокозек) – а. Байзақ ауданы.

Атау мағынасы: «көк шөпті өзек» сөзімен теңдес.

Қарасу

(Карасу) – а. Байзақ ауданы,
(Карасу) – а. Меркі ауданында.

Қара (сын есім) + су (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «бұлақ, қайнар жер суы» дегенді білдіреді.

Қосақ

(Косак) – а. Байзақ ауданы.

Тіліміздегі қос «екі», «екеу», «қатар» мәніндегі сөз болса, -ақ қосымша. Демек, атау: «екі, екеу, қосы зат» мәнінде қойылғандай. Оған Қостөбе Қосшоқы, Қоссай сияқты атаулар сәйкес келеді.



Сарыбарак

(Сарбарак) – а. Байзақ ауданы.

Ру атынан қойылған болуы мүмкін.

Төркелді

(Торекельды) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындардың ұсынысына орай, облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың 27.01.1996 ж. бірлескен шешімі (IX сессия) бойынша, Лесоутопитомник ауылы Төркелді ауылы болып аталды.

Төрткүл

(Торткуль) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындардың ұсынысы бойынша, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика Комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Бағара атауы өзгертіліп, оның орнына бұрынғы Төрткүл деген тарихи аты қалпына келтірілді.

Төрткүл атауы туралы Н.А. Бернштам еңбектерінде былай делінген: «Төрткүл – елді мекен аттары, топырақ үйінділерінен тұрғызылған көне және ерте орта ғасырлардағы (VII – XIV ғғ.) бекініс орындары, төбесі тегіс, беткейлері тік келген төрткүлді дөңестер. Төрткүлдердің көбі бір жүйеде салынған: солтүстік және шығыс жағы құрылыс орындарының қалдықтары, ал оңтүстік-батыс және шығыс каналмен немесе өзенмен қорғанған. «Жетісу қалалары керуен жолдарының бойына салынған. Төрткүл қалдықтарын сол жолдардың сүрлеуі деп ұғыну керек».

Шахан

(Шахан) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Чапаев ауылы Шахан ауылы болып аталды.

Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

Жібек жолы

(Жибек жолы) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика Комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Жібек жолы ауылы болып аталды.

Жанасаз

(Жанасаз) – а. Байзақ ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша, облыс әкімінің 24.01.1995 ж. шешімі.

Дихан

(Дихан) – ауыл, ауылдық әкімшілік орталығы. Сарыкемер ауылынан солтүстікке қарай 12 шақырым жерде орналасқан. 1929 жылы «Дихан» колхозы ұйымдастырылған. Бұрын Ленин атындағы колхоз деп аталған. Еліміз егемендік алған соң 1996 жылы 27 қаңтарда ҚР Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымымен Дихан аулы аталады. «Дихан» сөзінің мағынасы сол жердегі жергілікті тұрғындардың егіншілік шаруашылығымен айналысатындығын білдіретін атау болып табылады.

Үшбұлақ

(Үшбулақ) – темір жол стансасы. Бұл станса Ботамойнақ ауылдық округ құрамында. Осы станса үстімен Түркісіб темір жолы 1930 жылдары өткен. Ол Жамбыл-Алматы бағыты бойындағы станса. Атаудың қойылу себебі бұрын сол темір жол стансасының маңайында бұлақтар болған, сондықтан Үшбұлақ деп аталған.

Түймекент ауылдық округіне қарасты ауыл маңында биіктігі 6 м болатын «Жайлау төбе» деп аталатын V ғасырға жататын көне қала орны бар. Сол кезде қалыңдығы 12 м, биіктігі 1, 5 м болатын дуалдармен қоршалған. Дуалдың бұрыштарында мұнаралар болған.

Талас

(Талас) – өзен.

Талас – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен ұзындығы 661 км, су жиналатын алабы 52700 шаршы км. Қазақстандағы бөлігі 453 км. Негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады. Аңғары жоғарғы бөлігінде тар шатқалды, ені 2 км, жазыққа шыққан төменгі бөлігінде кең, 25 – 30 км. Көпжылдық мұз, жауын-шашын суынан толысады. Маусым – тамыз айларында тасиды. Тараз қаласынан, төменгі ағысында Таластан бірнеше тармақ (Шалқы, Көделі, Тасарық, т.б.) таралады. Суы көктемде, күзде тұщы, жазда сәл кермек, ауыз суға жарамды. Жылдық орташа су ағысы Тараз қаласы тұсында секундына 27, 4 м³. Өзен бойында, Тараз қаласынан 10 км жерде Киров бөгені, сағасынан 197 км жерде Юбилейный, 275 км-де Жінәлі, 280 км-де Қазақбай бөгендері және Талас – Аса каналы салынған. Егін суаруға пайдаланылады.

Талас өзенінің атының шығуы туралы әр түрлі жорамал бар. Оны монғол тіліндегі далай «теңіз, мұхит, үлкен көл» екендігінде күмән жоқ, сөз аяғындағы с әрпі бұл арада көне түркі-монғол тілдеріндегі көптік жалғауы болуға тиіс дегенді А. Әбдірахмановтың «Топонимика және этимология» (1975) атты еңбегінен оқимыз. Талас атауының тым ерте, ежелгі замандардан біздің дәуірімізге жеткені тарихи еңбектерден белгілі. Талас пен Тараз ескі заманнан бірге аталады. «Қаратаудың құшағында қырық бұлақ бар болса, Талас өзенінің қырық



сағасы бар», – деп айтады халық. Атақты Майкөт ақын Құлмамбет ақынмен айтысқанда: «Аса, Талас екі өзен, Ат бауырынан саз алған, Балдырғанын жегенде Баланың көңілі маз болған» деп, жер байлығын жырға қосқан. V-VIII ғ. көне ескерткіштерде talas, argu talas – географиялық Талас қаласының бір аты екені аталады (Древнетюркский словарь. М.:1969, с. 51). Сол көне түркі жазбаларында Ертіс, Іле өзендерінің аттары да аталады. Бұлардың арасында Іле өзенінің, яғни Іле атауының мұнан екі мың жылдан бұрын Қытай жазба ескерткіштерінде бары ғылымда белгілі. Демек, Талас өзен аты, қала аты ретінде де ежелгі заманнан, шамамен біздің дәуірімізден бұрынғы 2000-2500 ж. болса керек. Көне түркі, иран тілдерінде тал «шың құз», ал екінші сыңардағы ас көне түркі тілдерінде «өзен», «су». Бұған қарағанда, Талас – «биік шың, құзды таудағы өзен» деген мәнді атауға жуықтау сияқты.

Әйтiмбет каналы

(Айтымбет) – Әйтiмбет – Байзақтың ең үлкен ағасы Жүндiбайдың ұлы. Ақшолоқ аймағында, ұзындығы 35 шақырым. Байзақ ауданының Байзақ атындағы ұжымшарының, (Үшбұлақ), Жамбыл ауданына қарасты (Ақбұлым) бұрынғы «Ильич» кеңшарының егiстiктерiне су апарды.

Базарбай каналы

(Базарбай) – Байзақ және Жамбыл ауданындағы егiстiкке жарамды алқапты игеру мақсатында 1985 ж. iске қосылды. Су (19 м/с) Талас өзеніндегi бөгеттен алынады. Темір-бетон жапқыштармен қапталған бас каналының ұз. 30, 2 км. Базарбай суару жүйесiне 2 ауданның 7 мың га егiстiк алқабы енедi.

Базарбай каналын Талас өзенiнен бастау алып Байзақ ауданындағы Түймекент, Сухамбаев, Амангелдi, Үшбұлақ елдi – мекендердiң егiстiктердi ылғалдандыру үшін пайдаланылады. Жергiлiктi халық Базарбай тоғаны деп атаған. Базарбай Байзақтың ағасы, Бәйтеректiң тұңғыш ұлы.

Ертеде Күнасұлы Мәмбет бабадан 6 ұл болған. Оның бiрi – Бәйтерек. Ол кiсiнiң бiр ұлынан бала болмаған екен. Ол – Базарбай едi. Базарбай ағайындарын жинап кеңес құрып: «Менде артта қалар ұрпақ болмады, мен өз атымды қалдыру үшін тоған қазамын», – деген. Ағайындары адам жинап, тоған қаздырған, ел аузында «Базарбай» деген ат қалған.

Егетай көлi

(Егетай) – Егетай көлi (тоқтау су қоймасы) адам атымен аталған.

Жерасты үнгiр iшiндегi бұлақ

(Жер асты үнгир ишиндеги бұлақ) – Жетi төбенiң тұсында 3 шақырымдай жерде Қаратаудың беткейiнде Жұмабай базы (кiсi атымен аталған қыстау) деген жерден бұлақ ағып шығады. Сол бұлақтың жоғарғы жағында тау жарылып, үнгiр болып қалған. Оған түсiп, тереңiрек барса, ағып жатқан өзен бар.

Төрегелдi тоғаны

(Торегелди тоғаны) – немесе Аққойлы тоғанын Құдайберген Бәйтiнұлының нұсқауымен ауыл азаматтарының күшiмен қазылған. Төрегелдi Байзақтың үлкен ұлы. Жамбыл ауданының Ақбұлым, Байзақ ауданының, кеңшарларының Байзақ атындағы ұжымшардың суармалы жерiне ылғал жеткiзедi.

Сасық бұлақ

(Сасық бұлақ) – бұл бұлақ немесе «Сасық бастау», Ботамойнақ тауының етегiнен ағып шығады. Суы қара қошқыл, қою, иiстi келедi.

Белқожа каналы

(Белқожа) – Белқожа каналы. Оны қазiргi Ынтымақ ауылдық округiнiң әкiмшiлiк орталығы Мәдiмар ауылында ғұмыр кешкен Белқожа болыс қаздырған.

Өтеміс арығы

Өтеміс арығы – Абай, Кеңес, Құмжота ауылдарына су жеткiзу үшін Даңғыл ата арық қаздырған. Бұл ауылды мекендеген қазақтардың руы Өтеміс болғандықтан солай аталған.

Қарлығаш бастауы

(Қарлығаш) – Жаңатұрмыс ауылдық округіндегi ауылдың маңында Қарлығаш атты бастау болған. Сол таза бұлақтан ауыл адамдары су алып тұрса, бастаудан аққан арықтан ауыл малдары iшкен. Ел кәдесiне жараған мөлдiр, таза бұлақтың атымен жергiлiктi халық ауылдарын «Көкбастау» деп атап кеткен.

Қарасу

(Қарасу) – көлдiң аты. 1930 жылдары колхоздастыру жұмысы жаппай жүрiп жатқан кезде осы жердiң халқы отырықшылыққа бейiмделiп, егiншiлiкпен айналыса бастаған тұста ауыл маңындағы табиғи қазаншұқыр болып келген жердiң ашық тұсына бөгет салып, өзектi байлап, жасанды көл жасаған. Жердiң түсiне қарай бұлақ, өзек, жылға суларының жинақталуынан пайда болған көлдiң түбi көрiнбей, қап-қара болғандықтан Қарасу деп атаған.

Қайып, Қаратал

(Қайып, Қаратал) – өзен.

Қайып, Қаратал – Шу – Талас алабындағы өзен. Байзақ, Талас аудандары жерiмен ағады. Ұз. 105 км, су жиналатын алқабы 2620 км².

Қусак

(Қусак) – Қазақстанның әр тұсындағы өзен, көл, тау аттары. Көне этно-топонимдердiң бiрi: қу және сак этнонимдерiнен қалыптасқан атау деп жазады Е. Қойшыбаев. Қазақстанның жер-су аттары, 1985 ж. 176-б.



Көкөзек

(Кокозек) – гидротопонимдер аты: 1) өзек, ауыл аты (Орталық Қазақстанда); 2) бұлақ аты (Оңтүстік Қазақстанда). «Көк» сөзі түспен байланысты анықтауыш компонент. Байзақ ауд.

Байзақ ауданында Қырсаз (Қырсаз), Қарасу (Карасу), Өтеміссай (Отемиссай), Сарыөзек (Сарыозек), Көкөзек (Кокозек), Сүленбай (Суленбай), Дуанасай (Дуанасай), Көлқайнар (Колқайнар) Байзақ және Жамбыл ауданында Көшеней (Кошеней), Кіші Алмалы (Киши Алмалы), Қарабатыр (Карабатыр) гидронимдері бар.

Қаратөбе

Қаратөбе – Қырғыз Алатауының қиыр батыс сілемдерінің бірінде, Қырғызстан мен Қазақстан Республикалары шекарасында орналасқан асу. Жамбыл облысының Жамыл және Байзақ аудандары шекарасында. Абс. биікт. 1948 м. Асудан сәуір – қыркүйек айлары аралығында өтуге болады. Қазақстанның солт. беткейінен Қайыңды өз. бастау алады.

Сыртбелдік

(Сыртбелдик) – тау. Сарыкемер ауылының солтүстік батысында, Түймекент ауылының оңтүстік батысында орналасқан.

Ботамойнақ

(Ботамойнақ) – тау. Қырғыз Алатауы арқылы Қырғызстанға өтетін асу жол бар. Бұлай аталу себебі, осы шыңға үңіліп қарасаң, ботаның иілген мойнына ұқсайды. Осы таудың етегіне орналасқан тауды халық осылай атап кеткен.

Түйетөбе

(Түйетөбе) – төбешік. Сарыкемер ауылының солтүстік батысында, Түймекент ауылының оңтүстігінде орналасқан.

Жайлаутөбе

(Жайлаутөбе) – төбешік. Ажар ауылының батысында, Кеңес ауылының оңтүстік шығысында орналасқан.

Маралбайтөбе

(Маралбайтөбе) – төбешік. Бостандық ауылының оңтүстік батысында, Кеңес ауылының солтүстік батысында орналасқан. Кісі атына байланысты қойылған.



ЖАМБЫЛ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Аса ауылы

Халық саны – 69966 адам

Аудан аумағы 4300 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтар саны: 17

Құрылған жылы: 31 қаңтар, 1966 жыл

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Аудан территориясында көптеген тарихи-мәдени мемлекеттік маңызы бар ескерткіштер бар. Онда Айша бибі мазары, Бабаджи – Хатун, Ақыртас археология сәулеті орталығы, Жалпақтас орталығы орналасқан.

Айша бибі – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан XII ғасырда соғылған мазар, Тараз қаласынан 18 шақырым жерде орналасқан. Тұңғыш рет мазарды 1893 жылы орыс ғалымы В. Бартольд зерттеген. 1960 жылы мазарға қорғаныш ретінде шыны қалқа жасалды және ол білім мен туристік мақсаттар үшін қолданды. Бабаджи-Хатун мазары Айша бибі мазарынан 20 м жерде орналасқан.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – Жамбыл Жабаевқа, жерлес сарбаздарға арналған ескерткіштер, темір дәуірінің қорымы мен Тастөбе қорымы бар.



Жамбыл ауданы

Жамбылский район

Орталығы – Аса ауылы

Центр – аул Аса

Әкімшілік-аумақтық бірліктер

Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Айша бибі ауылдық округі	Головочевка ауылдық кеңесі	Айшабибинский аульный округ – аул Айша бибі	Айша бибі ауылы
2	Ақбастау ауылдық округі	Аса а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ақбастауский аульный округ – аул Бирлесу-Еңбек	Бірлесу-Еңбек ауылы
3	Ақбұлым ауылы	Ильич ауылдық кеңесі	Ақбулымский аульный округ – аул Ақбулым	Ақбұлым ауылы
4	Аса ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ассинский аульный округ – аул Аса	Аса ауылы
5	Бесағаш ауылдық округі	жаңадан құрылған	Бесагашский аульный округ – аул Бесағаш	Бесағаш ауылы
6	Гродеково ауылдық округі	жаңадан құрылған	Гродековский аульный округ – аул Гродеково	Гродеково ауылы
7	Ерназар ауылдық округі	Өрнек а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ерназарский аульный округ – аул Ерназар	Ерназар ауылы
8	Жамбыл ауылдық округі	жаңадан құрылған	Жамбылский аульный округ – аул Шайкорык	Шайкорык ауылы
9	Көлқайнар ауылдық округі		Колькайнарский аульный округ – аул Тастөбе	Тастөбе ауылы



10	Қаракемер ауылдық округі	Аса а/о құрамынан бөлініп шыққан	Каракемерский аульный округ – аул Каракемер	Қаракемер ауылы
11	Қаратөбе ауылдық округі	Айша бибі а/о құрамынан бөлініп шыққан	Каратобинский аульный округ – аул Кызылшарык	Қызылшарык ауылы
12	Қарой ауылдық округі		Каройский аульный округ – аул Пригородное	Пригородное ауылы
13	Қызылқайнар ауылдық округі	Гродеково а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кызылқайнарский аульный округ – аул Кызылқайнар	Қызылқайнар ауылы
14	Өрнек ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Орнекский аульный округ – аул Орнек	Өрнек ауылы
15	Пионер ауылдық округі	Көлқайнар а/о құрамынан бөлініп шыққан	Пионерский аульный округ – аул Пионер	Пионер ауылы
16	Полатқосшы ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Полатқосшынский аульный округ – аул Жалпақтөбе	Жалпақтөбе ауылы
17	Тоғызтарау ауылдық округі	Жуалы ауданының құрамынан бөлініп шыққан	Тогызторауский аульный округ – аул Тоғызтарау	Тоғызтарау ауылы

Гидроним-дердің қазақша атауы	Гидроним-дердің орысша атауы	Гидроним-дер түрі (қазақша)	Гидронимдер түрі (орыс.)	Аудан
Аса	Асы	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Талас	Талас	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Ащыбұлақ	Ащыбулак	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Арғыбетсай	Арғыбетсай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қарабөгет	Карабогет	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Көлқайнар	Колькайнар	өзен	р.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Кіші Аса	Киши Асы	өзен	р.	Жамбыл, Жуалы ауд.
Үлкен Аса	Улькен Асы	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қарасу	Карасу	өзен	р.	Жамбыл, Жуалы ауд.
Үшбұлақ	Ушбулак	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Миялы	Миялы	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Жаманкөл	Жаманколь	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қарасу	Карасу	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Тайлақ	Тайлак	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Көделі	Кодели	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Тасарық	Тасарык	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулак	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Тотсай	Тотсай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қарасу	Карасу	өзен	р.	Жамбыл, Жуалы ауд.
Әлібайсай	Алибайсай	өзен	р.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Тастымбексай	Тастымбексай	өзен	р.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Жамбайдың Қарасуы	Жамбайдын Карасуы	өзен	р.	Жамбыл ауд.



Үлкен Алмалы	Улькен Алмалы	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Кіші Алмалы	Киши Алмалы	өзен	р.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Ұзынбұлақ	Узынбулак	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Қызылқайнарсай	Кызылқайнарсай	өзен	р.	Жамбыл, Рысқұлов ауд.
Жолбарыссай	Жолбарыссай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Омарсай	Омарсай	өзен	р.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Ботамойнақ	Ботамойнақ	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Салықсай	Салықсай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Алмалысай	Алмалысай	өзен	р.	Жамбыл ауд. (Жамб. обл.) Чу обл. (Қырғ. Респ.).
Ноғайсай	Ноғайсай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Сарқырамасай	Сарқырамасай	өзен	р.	Жамбыл ауд.
Иманқұл	Иманкул	өзен	р.	Жамбыл ауд. (Жамб. обл.) Чу обл. (Қырғ. Респ.).
Қарасу	Карасу	жылға	руч.	Жамбыл ауд.
Сұлукөл	Сулу	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көкіштің көлі	Кокиш	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көлқайнар бастауы	Исток Колқайнар	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көктем-1 көлі	Озеро Коктем-1	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көктем-2 көлі	Озеро Коктем-2	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көксу	Коксу	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Қарасу	Карасу	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Бүгілкөл	Бугильколь	көл	оз.	Жамбыл ауд.

Таскөл	Тасколь	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Есікбел	Есикбель	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Құмызақ	Кумызак	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Досыбайаққан	Досыбайаккан	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Аққойлы	Аккойлы	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Шенгелді	Шенгельды	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Мәнкеш	Манкеш	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Сасыққұдық	Сасыккудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Басқанқұдық	Басканкудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Ахметқұдық	Ахметкудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Сарай	Сарай	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Көлқұдық	Колькудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Тасқұдық	Таскудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Қарақұдық	Каракудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Қамысқұдық	Камыскудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
1- Аққұдық	Аккудук 1-й	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Аққұдық	Аккудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Токберген	Токберген	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Ақжолқұдық	Акжолкудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Мампай	Мампай	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Қызылқұдық	Кызылкудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Құмқұдық	Кумкудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Қосқұдық	Коскудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Желкеқұдық	Желькекудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Табакқұдық	Табаккудук	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Жүрбек	Журбек	құдық	к.	Жамбыл ауд.
Ақбастау	Акбастау	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Әулиебастау	Аулиебастау	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Сасықбастау	Сасыкбастау	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Шилібастау	Шилибастау	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Қырықбай	Кырықбай	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Құтырған	Кутырган	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Айбақырқұдық	Айбакыркудук	құрғақ құдық	сух. к.	Жамбыл ауд.



Ащықудық	Ащыкудык	құрғақ құдық	сух. к.	Жамбыл ауд.
Ойлабай	Ойлабай	құрғақ құдық	сух. к.	Жамбыл ауд.
Жаңаарық	Жанаарык	Құрғақ арық	сух. ар.	Жамбыл, Талас ауд.
Бүгіл	Бугиль	Құрғақ арық	сух. ар.	Жамбыл, Талас ауд.
Тасарық	Тасарык	құрғақ арна	сух. р.	Жамбыл, Талас ауд.
Қостораңғы	Косторангы	құрғақ арна	сух. р.	Жамбыл ауд.
Құмбел	Кумбель	арық	ар.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Өтеміс	Отемис	арық	ар.	Тараз қ. террит. Байзақ және Жамбыл ауд.
Қостораңғы	Косторангы	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Саз	Саз	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Ақшуақ	Акшуак	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Айтақ	Айтак	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Айнакөл	Айнаколь	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Сейдалы	Сейдали	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Қошақ	Кошак	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Миялы	Миялы	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Төрекелді	Торекельды	арық	ар.	Жамбыл, Байзақ ауд.
Базарбай	Базарбай	арық	ар.	Тараз қ. террит. Байзақ және Жамбыл ауд.
Кейкі	Кейки	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Түйте	Туйте	арық	ар.	Тараз қ. террит. және Жамбыл ауд.
Қапал	Капал	арық	ар.	Жамбыл ауд.

Қызыларық	Кызыларык	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Қапал	Капал	арық	ар.	Тараз қ. террит. және Жамбыл ауд.
Майда	Майда	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Бектөбе	Бектобе	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Башақай	Башакай	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Шақабай	Шакабай	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Малдыбай	Малдыбай	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Бесағаш	Бесагаш	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Жүнісбек	Жунисбек	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Шомай	Шомай	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Ақжар	Акжар	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Қайырма	Кайырма	арық	ар.	Жамбыл ауд.
Аса-Талас	Аса-Талас	канал	кан.	Жамбыл ауд.
Қарасу	Карасу	жылға	руч.	Жамбыл ауд.
Сұлукөл	Сулу	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көкіштің көлі	Кокиш	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көлқайнар бастауы	Исток Колқайнар	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көктем-1 көлі	Озеро Коктем-1	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көктем-2 көлі	Озеро Коктем-2	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көксу	Коксу	бұлақ	род.	Жамбыл ауд.
Қарасу	Карасу	көл	оз.	Жамбыл ауд.
Көкбастау	Кокбастау	бастау	исток	Жамбыл ауд.



Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қаз.)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Үлкен Бурылтау	Улькен Бурылтау	тау	г.	Жамбыл ауд.
Сынтас	Сынтас	тау	г.	Жамбыл ауд.
Кіші Бурыл	Киши Бурыл	тау	г.	Жамбыл ауд.
Тектұрмас	Тектурмас	төбе	буг. .	Жамбыл ауд. және Тараз қаласы терр.
Қаратау	Каратау	тау	г.	Жамбыл ауд., Жуалы, ауд. шекарасында
Қостөбе	Костобе	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Қандымтөбе	Кандымтобе	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Қызылқұр	Кызылкур	тау	г.	Жамбыл ауд.
Ботақаратөбе	Ботақаратобе	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Көктөбе	Коктобе	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Қатайтөбе	Катайтобе	төбешіктер	бугры	Жамбыл ауд.
Қызыл Ырысбек	Кызыл Ырысбек	төбешіктер	бугры	Жамбыл ауд.
Дарбаза	Дарбаза	шатқал	ущ.	Жамбыл ауд.
Ортаасу	Ортаасу	шатқал	ущ.	Жамбыл ауд.
Қосқарашағыл	Косқарашагыл	шатқал	ущ.	Жамбыл ауд.
Тасбастау	Тасбастау	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Қоңыртөбе	Коныртобе	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Қобырайтөбе	Кобырайтобе	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.

Балділдатаасқара	Балдильдатаасқара	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Ырысбек	Ырысбек	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Жартыбай	Жартыбай	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Ырысбек Жүгінісі	Ырысбек Жугиниси	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Тілесарал	Тилесарал	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Тасарал	Тасарал	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Отарбай	Отарбай	төбешік	буг.	Жамбыл ауд.
Алмалы	Алмалы	асу	пер.	Жамбыл ауд.
Қызылтау	Кызылтау	шоқы	соп.	Жамбыл ауд.
Аққұм	Аккум	құм	пески	Жамбыл ауд.
Қарасай	Карасай	жырасай	лог	Жамбыл ауд.
Қырқыз	Кыргызский	жота	хр.	Жамбыл, Меркі, Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.); Талас, Чу обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында



ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

(Жамбыл) – Жамбыл облысының оңтүстік-батысындағы әкімшілік бөлік. 1928 ж. құрылған. Жері 4, 3 мың км². Тұрғыны 69, 6 мың адам. Аудан аумағындағы 45 елді мекен, 16 ауылдық әкімшілік округтерге біріктірілген. Орталығы – Аса. Аудан жері таулы (Қаратау мен Қырғыз Алатауының түйіскен жері), қыратты (орталығы), солтүстікке қарай жазық келеді. Ауданның ең биік жері орта тұсында (Үлкен Бурылтау, 1138 м). Климаты континенттік, қысы жұмсақ, жазы ыстық. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтарда 6 – 7°С, шілдеде 22 – 26°С. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 250 – 400 мм. Аудан жерімен Талас, Көделі, Аса өзендері ағып өтеді; Бегеткөл, Сұлукөл, Сеңгірбай, Көкіш, Таскөл, Ақкөл тұзды көлдері бар. Жері тау-шалғынды, сұр, шалғынды сұр, шалғынды батпақ топырақты келеді, жусан, жантақ, сораң шөп, қамыс-құрақ, бұталы өсімдіктер, т.б. өседі. Ақбөкен, арқар, қоян, түлкі, қасқыр, шиебөрі, қырғауыл, т.б. мекендейді. Аудан аумағында 38 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Жамбыл ауданындағы халықтың басым көпшілігі қазақтар (95, 5%).

Аудандағы ірі елді мекендер: Аса (7, 9 мың адам), Жалпақтөбе (7, 6), Айша бибі (2, 8), Гродеково (4, 4), Шайқорық (3, 3), Бесағаш, Өрнек, Ақбұлым, Қызылқайнар, Пригородное ауылдары.

Тараз қаласынан 18 км жердегі Айша бибі ауылында X – XII ғасырларда салынған архитектуралық – мәдениет ескерткіштер *Айша бибі кесенесі* және *Бабаджа қатын кесенесі* сақталған. Аудан аумағында көне қала орындары көп. Олардың ішінде Жалпақтөбе ауданындағы әйгілі Жікіл, Атлах, Бектөбе Тастөбе, Живукет, Қаракемер ауылында көне деректерде жиі кездесетін Алдахкент, Нуджикес қалалары бар.

Құмтүйін ауылының жанындағы адам жерлеп жүрген «Қыз әулие» деген орын ежелгі заманғы қоныс болған. Жанында Төрткүл бекінісі бар. Қалада мұндай Төрткүл бекінісі Қаракемер ауылының оңтүстік-батысында да бар. Аудан өңірінде сақ, үйсін, қаңлы дәуірінің ондаған қорған обалары кездеседі. Жалпақтөбеден 60 км-дей жердей осы ауылдың шаруашылығына қарасты «Ақшолак» учаскесінде де Ақыртас қорғаны жатыр. Жаңа Жамбыл фосфор зауытынан солтүстікке қарай 250 м жерде Қыршынды шабындығында орта ғасырлық елді мекен болған. Мәдени қоғамдық ұйымдардан Жалпақтөбе ауданында дүнген мәдени орталығы, Гродеково ауданында облыстық филиал негізінде неміс ұлттық мәдени орталығы, күрд ұлттық мәдени орталығы және түріктердің аудандық ұлттық орталығы орналасқан.

Жамбыл ауданындағы жолдардың жалпы ұзындығы 200 км. Оның бәріне дерлік асфальт төселген. Аудан жерімен Шымкент-Алматы, Тараз-Қаратау-Жаңатас, Шымкент-Алматы-Тараз, Ақкөл-Саудакент автомобиль жолдары өтеді.

Айша бибі

(Айша бибі) – а. о. Жамбыл ауданы.

Айша бибі облыс орталығы – Тараз қаласының батысында 18 км. Аса өзенінің аңғарына орналасқан. Елді мекен ертеде «Айша бибі» деп аталған.

(Айша бибі) – а. Жамбыл ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы кеңесі Төралқасының 05. 08. 91 ж. №751-ХІІ Қаулысы бойынша Головачевка ауылы өзгертіліп, Айша Бибі ауылы болып аталды.

Ауыл аты, атақты, аты аңызға айналған Айша атты қыздың атына қойылған.

Айша бибі ескерткіші – ХІ-ХІІ ғасырларға тән қазақ халқының қол өнерінің ізі кеңінен сақталған архитектуралық ескерткіш. Бұл туралы халық арасында көптеген аңыздар тараған және жазушылар мен тарихшылардың еңбектерінде айтылған. Солардың бірі төмендегіше:

Шах Махмуд Қарахан батыр мен Хакім ата Айқожа мен Әнуар ананың қызы Айша бір-біріне ғашық екен. Алыстағы қыздың еліне жау шабады. Қыздың әкесі Қараханға хабар береді. Қарахан қыз елінен хабар алысымен, сарбаздарын бастап жолға шығады. Қарахан қыздың еліне келген жаумен соғысып, оны қуып тастайды. Соғыстан жеңіспен оралған батырды Айша өз сарайына түсіреді. Қарахан мен Айша некелеспей тұрып үш күн, үш түн бірге болады. Қыздың әкесі қызының бұл қылығына қатты қапаланады. Үш күннен кейін жау күш жиып, елге қайта шабады. Қарахан қолын бастап, соғысқа тағы шығады. Бірнеше күнге созылған қан майдан соғыстан жау жеңіледі. Қарахан да көп батырдан айырылады, өзі жараланады. Осы кезде Қараханға өз еліне жау келді деген хабар жетеді. Батыр қыздың сарайына соқпай, еліне жүріп кетеді. Батыр қызға құда түсуге өз кісілерін жібереді, оларға қызды біржола алып келуді тапсырады.

Қыз әкесі құдалықты дұрыс қабылдағанмен, қызының Қараханмен некелеспей тұрып бірге болғанын кешіре алмапты. Сондықтан қызын батасыз ұзатқан екен.

Күркіреу дариясына келіп жеткенде, Айша керуенді тоқтатып, демалып, бой сергітуді қалайды. Керуен тоқтайды. Қыз Қараханның ордасына жол шаңынан арылып, тазарып бармақшы болып, Күркіреу дариясына түсіп, жуынып-шайынады. Күркіреу дариясы жағасында қызды жылан шағады. Жұрт Қараханға хабар береді. Қарахан соғыс болып жатқан жерден Күркіреу дариясына жетеді. Өлер халге келген қыз әкесінің не себепті батасын бермей ұзатқанын айтады.

Қарахан сол жерде өзі мен Айшаның некесін қидырады. Некелесу салты аяқталған кезде, Айша үзіледі.

Қарахан өкінеді. Ол Айшаның аруағына арнап Айша бибі ескерткішін салдырады. Ол Тараз шаһарының ортасында өзіне орнатылған мавзолейінен көрінетін болған. (Талас аңыздары. ж. Дәдебаев. Алматы, 2002 ж. 16-бет).

Айша бибі туралы екінші аңыз. Шаш түбіндегі әскери әзірліктің бірінде ару Айша Тараздан келген жас батыр Қараханның өнеріне ғашық болған.



Жігіт те қызды ұнатқан. Батыр жорыққа аттанар алдында:

– Ажалдан алыс болсам, соғыстан соң мен мұнда соқпаймын, тіке Таласқа тартамын. Сүйгенің рас болса, мені іздеп Таразға кел, асылым күтіп аламын, – деген екен. Қыз келісіп, екеуі серт байласқан.

Жыл өткен соң, Айша әкесінен бата сұрайды, қызды алысқа қимаған әке:

–Тілімді алмасаң, ажалың тілсізден болсын, көлденең көк дарияның алтауынан өтсең де, соңғысынан өтпе, дегеніңе жетпе, – деп теріс батасын беріпті.

Бірақ Айша дегенін істеп, жанына Баба әжені ертіп, қосағына түйе алып, бейтаныс жерге бет түзепті. Талай қиындықтан өтіп, Тараздың төбесі көрінгенде, екі жолаушы көліктен түсіп, мамық төсін керген аққу-қаздай ару қыз мамырлап барып көз жасындай мөлдір суға аппақ тәнін жуыпты. Өзі кестелеген асыл киімдерді киініп, шарайнадан өзін-өзі қызықтап ұзақ отырған Айшаны кенеттен жылан шаққан...

Баба әже атқа қонып, Қараханға хабар салады.

Асығып жеткен сүйіктісіне жанары тайған нәркес көздерін соңғы рет қимастықпен қадап:

– Сертіме жеттім, – депті Айша. Ғашықтықтың азабын әбден тартқан ару қыздың ажары таң қараңғысында жанған шолпандай жарқырап барып бір-жолата сөніпті.

Тіршілікте тәңірі қоспаған Айшаның суып бара жатқан денесін құшақтап отырып, Қарахан өзі мен қыздың некесін қидырады. Сөйтіп:

– Айша, сен енді Бибі болдың! – деп, арудың құлағына үш рет айқайлапты.

Айша Бибіні өлген жеріне арулап қойып, Қарахан бүкіл Дешті қыпшақтан өнері асқан бәдізші-шеберлерді алдырып, Аса өзенінің жағасында топыраққа түйенің жүнін қостырып, оны аруананың сүтіне илетіп, бұрын бұл өңірде болмаған зәулім ескерткіш орнатқан.

Баба әже өле-өлгенше Айшаның басында шырақшы болып өтіпті. Кәрі әже дүние салғанда, Қарахан ол кісінің басына да мавзолей тұрғызған. (Талас аңыздары, ж. Дәдебаев, Алматы, 2002 ж. 15-б.)

Ақбұлым

(Ақбулым) – а. о. Жамбыл ауданы,

(Ақбулым) – а. Жамбыл ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Ильич ауылының аты өзгертіліп, тарихи аты қалпына келтіріліп, Ақбұлым ауылы болып аталады

Ақбұлым – біріккен тұлғалы атау. Атаудың бірінші сыңарындағы ақ – бір нәрсенің ақ түсін білдіретін сын есім. Атаудың екінші сыңарындағы бұлым сөзі бұлың нұсқасында айтылып – «өзеннің шығанағы» мәнін білдіреді. Яғни Ақбұлым (бұлың) «ақ шығанақ» деген мағынада қойылған болса керек.

Ақбұлым ауылдық округінің орталығы. Ақбұлым аталуының екінші бір болжам, Қырғыз Алатауының төменгі сілеміндегі Ақтаудың етегінен

шыққан бұлақтан көктемдегі, күздегі будан ауылды ақ бу басып, бұлыңғыр тартып тұрған, соған байланысты ауыл «Ақбұлым» атанған деген пікір бар.

Бәйтерек

(Байтерек) – а. Жамбыл ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 14. 07. 2000 ж. ұйғарымымен Октябрь ауылы Бәйтерек ауылы болып аталды.

Бектөбе

(Бектөбе) – а. Жамбыл ауданы.

Бек (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бек сөзі «мықты, берік», және «биік» мағыналарына ие болып, «мықты, берік немесе биік төбе» деген мағынаны білдіреді. (Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы. Алматы, 1990, 64 беттегі Бектау топонимінің түсінігін қараңыз. Авторы Т. Жанұзақов.)

Бұл атау жөніндегі екінші бір жорамал: осы өңірде бектер яғни сол кездегі ел билеуші адамдарды бек деп атаған. Сол елді мекендеген халықты басқарып отырған адамдарды бектер бір төбенің басына жинап, белгілі бір тартысты мәселеге байланысты мәжіліс өткізгендіктеріне орай бектер төбесі яғни «бектөбе» деп аталуы мүмкін.

Бесағаш

(Бесағаш) – Бесағаш ауылдық округінің орталығы. Атаудың Бесағаш аталуына қатысты тарихқа тоқтала кетсек, Ноғайлының батыры Бекмолда арабша білім алған бес баласымен және көп әскермен Талас өзенінің таудан шыға беріс тар арналы жеріне келіп орналасқан. Ол ел шетін жоңғар-қытай шапқыншылығынан қорғауды міндетіне алып, сансыз бұлағы, шөбі шүйгін жер, қазіргі Бесағаш ауылының үстіңгі жағын таңдап алады. Бекмолданың бес баласының келіп қоныстануынан бастап Бесағаш ноғайларының тарихы басталады.

Ауылдың Бесағаш атануының сыры мынада болса керек, Бекмолданың бес баласы еккен ағаштарының арасынан бес тал, алыстан мұндалап көзге ерекше көрінетін болғандықтан, ел арасында «Бесағаш» аталған. Тараз қаласын қорғау үшін салынған қорғаныс қамал қалдықтары, қарауыл төбелері бүгінге дейін сақталған.

Аса

(Аса) – ауылдық округі, Жамбыл ауданы. Орысша «Асса» деп қате жазылып жүр. Асы деген сөз қазіргі асу (бел, кезең) сөзінің көне варианттары. Сонда мағынасы: «асу» дегенді білдіреді. Бұл сияқты «Асы» өзен және жайлау аты, «Асы саға» деген ауыл аты ретінде Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданында да бар. Тарихшы Ә. Байбатша бұл «Аса» (Асы) атауларын біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген ең үлкен тайпаның бірі Сак тайпасына тән «Аса» (Асы) аты деп жазды.



Гродиково

(Гродиково) – а. о. Жамбыл ауданы.

Кісі фамилиясына байланысты қойылған атау.

(Гродиково) – а. Жамбыл ауданы.

Облыс орталығы, Тараз қаласының оңтүстік-шығысында 12 км. Талас өзені аңғарының сол жағасында орналасқан. XIX ғасырдың аяғында іргесі қаланды. Алғашқыда Әулиеата гарнизонындағы әскери қызметтен босаған солдаттар қоныстанған, село «Солдатское» аталған, онан соң оған Оңтүстік Қазақстандағы патша әскерінің қолбасшысы Гродиковтың аты берілген.

Казарма

(Казарма) – Құмшағал ауылдық округінде орналасқан. Казарма разъезінің алғашқы үйлері теміржолшылар үшін тұрғызылған. Оны жұмысшылар «Полуказарма» деп атаған. Кейінірек сол жерді Ақтам деп те атаған. Казарма разъезі Талас және Аса өзендерінің оазисінде орналасқан, суы мол, жері құнарлы, тұрғындары бау-бақша егумен айналысады.

Ерназар

(Ерназар) – а. о. Жамбыл ауданы,

(Ерназар) – а. Жамбыл ауданы.

Қара халықтан шығып, Қазақстан үкімет басшысының деңгейіне дейін көтерілген қоғамдық қайраткер Елтай Ерназаровтың құрметіне қойылған атау. (Жергілікті адамдар осылай деп түсіндірді). Қазақстанда ол кісінің атынан қойылған Елтай деген басқа атаулар да баршылық.

Қаракемер

(Қаракемер) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылынан солтүстік-батысқа қарай 8 км жерде, баялыш, көкпек, боз жусан аралас сұр, сортаңды сұр және шалғынды сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан.

Қаракемер ауылы – ауыл маңында биік құм кемері болғандықтан «Қаракемер» атаған. Қаракемер ауылының оңтүстік батысына қарай 2 шақырым қашықтықта орналасқан VII-XII ғасырдағы Адахкент қаласының орны бар. 1939 жылы қаланы ғалым А.Н. Бернштам зерттеген.

Қызылқайнар

(Қызылқайнар) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 41 км жерде, Талас өзенінің жағалауында, боз жусан, бетеге, сұлыбас басым өскен тау алдының қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты қуаң жазығында орналасқан. Іргесі XXII партсъезд атындағы көкөніс-сүт өндіретін ұжымшардың бөлімшесі ретінде қаланған.

Тау беткейіндегі қызыл тастар арасынан қайнап шығып жатқан бұлаққа байланысты ауыл атауы қойылған. Бұл бұлақтан осы күнге дейін ауыл тұрғындары су ішеді, суы тұщы, тұрмыс қажеттілігіне пайдаланады. Ауылдың

батыс жағында Талас өзені ағып жатыр. Ертеде Қоқан хандығының қолындағы бүркіт құсын сыйға беріп, Қырғыз Алатауының етегінен жер сұрап алған Ұлы жүздің Жаңабай руының атасы Ерденнің қонысы болған деседі ауыл ақсақалдары.

Құмтүйін

(Кумтуйин) – Қаракемер ауылдық округінің аумағында орналасқан. Бұрын ауылдан 2-3 шақырым жердегі Үлкен Құмтөбе және Бала құм төбенің түйіскен жерінде орналасқан. Ауылдың батыс жағынан керамика қалдықтары, тас мүсін табылған. Тас мүсінді жергілікті тұрғындар «Қыз әулие» деп атаған.

Жамбыл

(Жамбыл) – Көлқайнар ауылдық округінің аумағында орналасқан, ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың құрметіне аталған.

Пригородное

(Пригородное) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, Қараой ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Аса ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 32 км, Тараз қаласының оңтүстігінде 2 км жерде, бетеге, жусан, баялыш, т.б. шөптесін өскен сұр, қоңыр топырақты тау алды жазығында орналасқан. Іргесі 1929 ж. қаланған. Облыс орталығы Тараз қаласының көкөніс, жеміс-жидек және сүтпен қамтамасыз ететін өзімен аттас кеңшардың орталығы болып келді.

Данай

(Данай) – а. Жамбыл ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, облыс әкімінің 01.10.93 ж. №111 шешімі бойынша, Қаракемер ауылы Данай ауылы болып өзгертілді. Бұл ру атына байланысты қойылған.

Жалпақтөбе

(Жалпақтөбе) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, Полатқосшы ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Аса ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 28 км жерде, Тараз қаласымен іргелес, шектесіп жатқан ірі елді мекен. Талас өзенінің көрікті аңғарына жақын орналасқан. Қазан төңкерісіне дейін Жалпақтөбе еліміздің оңтүстігіндегі дүнгендердің алғашқы қоныстанған жерлерінің бірі саналады. 1950-97 ж. көкөніс-сүт өндіретін «Октябрь» ұжымшарының орталығы болып келді. Ауыл көршілес Қырғызстан мен Тараз қаласын байланыстыратын асфальт жолдың бойында.

Жасөркен

(Жасөркен) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, Қызылқайнар ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Аса ауылынан оңтүстік



шығысқа қарай 45 км жерде, боз жусан аралас, баялыш, нарқия, күйреуік, т.б. шөптесін өскен тау алдының қоңыр, сортаңды қоңыр топырақты жазығында орналасқан. Іргесі 1957 ж. жеміс-жүзім өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Жасөргенде шаруа қожалықтары мен серіктестіктер ұйымдастырылды. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Жуантөбе

(Жуантөбе) – а. орта ғасырлық қалашық Жамбыл ауданы. Шөлтөбенің солтүстік батысында, Аса өзен жалауында орналасқан. 1983 – 84 ж. Тараз археологиялық-экспедициясы (жетек. К. Байпақов) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қазіргі орны сопақтау болып келген, шығыстан батысқа созыла жатқан төбе. Оның ені 30 м, биікт. 3-5 м. Зерттеу барысында түрлі құмыра, қазан, тостаған, көзе, табақша сынықтары жинастырылған. Қазіргі құрылыс жұмыстарының салдарынан мәдени қабатының біраз бөлігі бұзылған. Табылған материалдарға қарағанда Жуантөбе қалашығын халық VII – XII ғ. мекендеген. Олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан.

Еңбек

(Еңбек) – а. Жамбыл ауданы,

(Еңбек) – а. Қордай ауданы,

(Еңбек) – а. Шу ауданы.

Халықты аянбай еңбек етуге шақыратын жаңа атау. Сондықтан «Еңбек – түбі жеңбек» деген мәтел де бар.

Күңгірбай төбе

(Кунгирбай тобе) – а. орта ғасырларға жататын көне қаланың орны. Ол Жамбыл ауданына қарасты Тастөбе ауылының маңында. Күңгірбай төбені 1936 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекші А.Н. Бернштам) зерттеген. Қаланың қазіргі көрінісі – 260x180 м жерге созылып жатқан сопақша төбешік. Күңгірбай төбенің төменгі бөлігінің биіктігі 2, 2 м, ал жоғарғы бөлігінің биіктігі 6, 5 м. Күңгірбай төбе төңірегінде басқа да көптеген ескі құрылыс орындары бар. Қазба кезінде табылған заттарға қарағанда, Күңгірбай төбе тұрғындары мал өсіріп, егін еккен.

Күңгіртөбе

(Кунгиртобе) I-II бекіністі қоныс орны. Жамбыл ауданы Тамды елді мекенінің батыс және солтүстік-батыс жағында 1-1, 5 км жерде. 1941 ж. Жамбыл археологиялық пункті (жетекші Г.И. Пацевич) зерттеген. Күңгіртөбе I-нің биіктігі 1 м, аум. 700 – 350 м сопақша төбешік, мұнаралардың қалдығы сақталған. X-XII ғасырларға жатады. Күңгіртөбе II-нің биіктігі 4 м, аум. батыстан-шығысқа қарай 82 м-ге, солтүстіктен-оңтүстікке қарай 65 м-ге созылған сопақша төбешік. Төбешіктің іргесінен үш жақтан орап Тамды өзенінің ескі арнасы өтеді. Мекен тұрғындары VII-XI ғасырларда өмір сүрген.

Құмшағал

(Кумшагал) – а. о. Жамбыл ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылынан оңтүстікке қарай 23 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік басым өскен бозғылт сұр, сортаңды сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Іргесі 1929 ж. Тараз қаласын көкөніс, сүтпен қамтамасыз ететін «Пригородное» кеңшарының бөлімшесі ретінде қаланған.

Өрнек

(Орнек) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, темір жол стансасы, өзімен аттас ауылдық әкімшілік округтің орталығы. Аудан орталығынан Құлан ауылынан батысқа қарай 47 км жерде, бұта шоғыры аралас нарғия, сұлыбас, т.б. астық тұқымдасты шөптесін өскен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты тау алдының қуаң шөлейтті белдемінде орналасқан. Ауыл 1962 – 1997 жылдары қой өсіретін «Алғабас» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Өрнекте 1997 жылдан «Өрнек» өндірістік кооперативі, ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Пионер

(Пионер) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылынан солтүстікке қарай 10 км жерде, Көделі өзенінің тармақтарының бірінің жағалауында, жусан, баялыш, күйреуік басым өскен шалғынды сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Ауыл 1964-1997 жылдары өзімен аттас қой өсіретін кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Пионерде 1997 жылдан «Пионер» ӨК және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орталау мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Тастөбе

(Тастөбе) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, Көлқайнар ауылдық әкімшілік округі құрамында. Аудан орталығы – Аса ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 9 км жерде, Тасарық өзенінің жағалауындағы сұр, қара жусан аралас баялыш, көкпек басым өскен сұр, шалғынды сұр топырақты қуаң шөлді далада орналасқан. Ауыл 1996 ж. дейін Куйбышев деп аталып келді. 1964 – 97 жылдары қызылша өсіретін Куйбышев атындағы кеңшардың орталығы болған. Оның негізінде Тастөбеде 1997 жылдан өндірістік кооператив және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Түркісіб

(Туркисиб) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, Бесағаш ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Аса ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 32 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік басым өскен сұр, шалғынды-



сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Іргесі 1931 ж. Түрксіб темір жолды салуға байланысты қаланған. Кейіннен Алматы темір жолының №6 жол жөндеу қызметі басқармасының бөлімшесі ретінде құрылған көкөніс-сүтті кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан тәжірибе стансасы және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Ең жақын Жамбыл темір жол стансасына дейін 5 км.

Үшқорған

(Үшқорған) көне қала орны. Жамбыл ауданындағы Үшқорған ауылының жерінде. Оны 1940 ж. Г.И. Пацевич басқарған Жамбыл археологиялық пункті зерттеген. Үшқорған шаршы сипатты алаң. Ол биіктігі 3м соқпалы дуалмен қоршалған. Соқпа қабырғаларының орталарында және бұрыш-бұрыштарында биіктігі 7 м мұнаралар бой түзеген. Қала XVIII-XIX ға-сырларда өмір сүрген.

Шайқорық

(Шайқорық) – а. Жамбыл ауданындағы ауыл, Жамбыл ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18 км жерде, баялыш, күйреуік, т.б. шөптесін өскен сұр, шалғынды, сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Іргесі XIX ғ-дың 2-жартысында қаланды. 1929 ж. Шайқорық ауылында Шайқорық ұжымшары ұйымдасты. Ол 1953 ж. «Бесжылдық» ұжымшарына қосылды. 1961 ж. «Шайқорық» аймағы негізінде Жамбыл атындағы жеміс-жүзім кеңшары құрылды. Оның негізінде Шайқорықта 1997 жылдан «Шербет» ЖШС-і «Шайқорық», т.б. шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта, бастауыш мектептер, клуб, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Үштөбе

(Үштөбе) – қорған. Жамбыл ауданындағы Тастөбе өзенінің оңтүстігінен 2, 5 км. жерде. Зерттеу жұмысын 1936 ж. Жетісу археологиялық экспедиция (жетек. А.Н. Бернштам) жүргізген. Қорған аумағы 42×50 м, биіктігі 2, 3 – 5 м, солтүстіктен оңтүстікке тізбектеле орналасқан бірнеше обадан тұрады. Зерттеушілердің пікірінше, байырғы үйсіндерден қалған (б.з.б. III ғасыр – б. з. II ғасырлар) мұра.

Жасоркен

(Жасоркен) – е. м., Жамбыл ауданы. Жас (зат есім) + өркен (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Атау ерінбей еңбек етіп, талаптанып оқу оқып жүрген жастарға (жас жеткіншектерге) арналған.

Шөлтөбе

(Шолтобе) – мекен орны Жамбыл ауданы Ақшолақ станциясының сол-түстігінде 4 км жерде. 1964-67 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы

зерттеген. Шөлтөбе екі сатылы жайдақтау келген төбелерден тұрады. Қаз-ба жұмыстарының нәтижесінде көптеген құрылыс орындарының іргесі ашылып, тас диірмен, дән үккіш, ұршық, қыш құмыра т.б. заттар табылды. Құрылыс орындарының ең сәндісі – табыну орны. Шөлтөбе тұрғындары егіншілік, мал шаруашылығы, тоқыма кәсібімен айналысқан. Шөлтөбе б. з. I-IV ғасырларда өмір сүрген.

Қызылдиқан

(Қызылдиқан) – е. м., Жамбыл, Жуалы, Сарысу аудандары. Қызыл (сын есім) + диқан (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «Қызыл әскер», «Қызыл шаруа» деген аттарымен үндес. Таптық күресте жеңген қызылдардың қызметіне қойылған атау. Жаңа социалистік дәуірдің саясиландырылған атауы.

Қызылтан

(Қызылтан) – е. м. Жамбыл ауданы Қызыл (сын есім) + таң (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «Қазан төңкерісі бізге қызыл таң, бақыт таңы болып атты» дегенді білдіреді.

Қызылжар

(Қызылжар) – е. м., қызыл (сын есім) + жар (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «осы маңдағы жар топырағының қыз-ғылт болып келуіне байланысты» қойылған атау.

Қаратау

(Қаратау) – Жамбыл ауданы, е. м., Қара (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бұл тауға қар түспей, қарайып жататынына байланысты» қойылған. Қала және е. м., аттары осы тау аты-нан.

Көлқайнар

(Колқайнар) – е. м., Жамбыл облысы. Көл (зат есім) + қайнар (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Бұл жердегі көл маңында қайнар (бұлақ) барлығына орай қойылған.

Көлтоған

(Колтоған) – е. м., Жамбыл ауданы. Көл (зат есім) + тоған (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: ағып жатқан су бөгеліп, одан тоған, көл жасалғанын білдіреді.

Қызылшарық

(Қызылшарық) – е. м., Жамбыл ауданы. Қызыл (сын есім) + шарық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «бұл маңда қайрақ болуға жарайтын қызыл шарық тас бар» дегенді білдіретін атау.



Қараой

(Қараой) – е. м., Жамбыл, Талас аудандары. Қара (сын есім) + ой (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «маңайындағы жерлерден төмен жатқан, алыстан қарайып көрінетін ойпаң жер».

Қызылабад

(Қызылабад) – е. м., Жамбыл ауданы. Қызыл (сын есім) + абад (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. «Қызыл» – қазақ сөзі, ал «абад»-қала деген иран, тәжік тілінен енген сөз. Мағынасы: «қызылқала» дегенді білдіреді.

Тастөбе

(Тастөбе) – е. м., Жамбыл ауданы. Тас (зат есім) + төбе (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «ірілі уақты тасы көп немесе тас үйілген төбе» дегенді білдіреді.

Бесағаш

(Бесағаш) – а. о. Жамбыл ауданы. Бес (сан есім) + ағаш (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау.

Тоғызтарау

(Тоғызтарау) – е. м., жер. Тоғыз (сан есім) + тарау (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «бұл маңда көп сала жол» болса керек. Мұндай жағдайда қазақта «Тоғыз жолдың торабында отыр» деген сөз бар. Бұл тіркестегі тоғыз сөзі «көп» дегенді білдіреді. Ендеше атаудың мағынасы «көп тараулы жол бар жер» дегенді білдірсе керек.

Аса өзені

(Аса) – Аса ауылының оңтүстік жағынан ағып өтеді. Аса ауылы Қырғыз Алатауынан бастау алып, тау асып келіп, кезінде асу бермей ағып жатқан кемері кең Аса өзенінің атымен аталады. Қаратөбе ауылдық округі маңында Үлкен Аса және Кіші Аса болып екіге бөлінеді.

Рахат көлі

(Рахат) – Рахат ауылының оңтүстік батысында ұзындығы 1 шақырым, ені 100 м, тереңдігі 50-60 см көл бар. Бұл көлдің орнында бұрындары өзен болған, жан-жақтағы бұлақтардың суы жиналып, жергілікті тұрғындардың қолымен бөгет жасалып, үлкейтілген. Бұл бөгет кейін Рахат көлі деп аталған. Рахат көлі Айша бибі селолық округінде орналасқан.

Әулиебастау

(Аулиебастау) – Айша бибі ауылынан солтүстік батысқа қарай 3 шақырым жерде орналасқан. Бұлақтан бастау алған көлшіктің ұзындығы шығыстан батысқа қарай 400 м, оңтүстіктен солтүстікке қарай 50-60 м, аумағы 2, 5 га, тереңдігі 3, 5 м. Бұл көлшіке құятын екі бұлақ бастауының суы қысы-

жазы буланып, жылы болып тұрады. Қыста суы қатпайды. 1875 жылдардан бастап белгілі болған бұл бастау суының емдік қасиеті бар, әсіресе түрлі жаралардың жазылуына септігін тигізеді.

Қолдан жасалған Ысмайыл, Райс каналдары бар.

Селолық округ аумағында бұрындары көл түбіндегі батпақпен емдейтін «Грязелечебница» деп аталатын емдеу орны болған. Қазіргі кездегі облыс орталығындағы Т. Рысқұлов атындағы шипажайда осы жерден әкелінген батпақпен тері, буын, әйелдер мен ерлердің суық тиген жыныс мүшелерін емдеуге пайдаланады.

Таскөл көлі

(Таскөл) – селолық округі аудан орталығынан 22 шақырым қашықтықта орналасқан тереңдігі 6 м, аумағы 110 га көл.

Ақбастау

(Ақбастау) – кезінде үлкен бастау болған. Ауыл тұрғындары оны егістікті суару үшін пайдаланған. Аса өзенін бойлап орналасқан ауыл Ақбастау жазығында жатыр. Осы округтегі екі ауыл Үлкен Аса мен Кіші Аса өзендерінің ортасына қоныстанған.

Ауылдық округта канал қаздыруға себеп болған адамдардың атымен аталатын Мейірман, Қошан каналдары бар.

Базарбай каналы

(Базарбай канал) – Ақбұлым ауылдық округіндегі Базарбай каналы ауылдың жоғарғы жағынан ағып өтетін су көзі.

Төрелді каналы

(Төрелді канал) – ауылдың төменгі жағымен ағып өтеді. Төрелді каналына қысы-жазы ауылдың басындағы үлкен бұлақтан су құйылып тұрады. Алатаудың сілемі Қарасай шатқалының етегінде, Базарбай мен Төрелді деген кісілер егін егіп, отырықшылыққа үйрету мақсатында Талас өзенінен бұрып, екі беларық қаздырған. Каналдың суымен қазіргі кезде Тараз қаласының қант, кірпіш зауыттары маңындағы және Жамбыл ауданының Ақбұлым ауылы, Байзақ ауданының егістіктері толығымен суарылды.

Қарасу өзені

(Қарасу) – Қырғыз Алатауынан басталатын бұлақтардан бастау алады, ұзындығы 7 шақырым, су жинайтын алабы 28000 шаршы метр. Ауыл тұрғындарының бау-бақша егістік дақылдарын егуге, мал өсіруге қолайлы жағдай жасалған Қарасу өзені Бесағаш селолық округінде.

Үлкен арық

(Үлкен арық) – ұзындығы 8 шақырым, су жинайтын алабы 48000 шаршы метр. Ауылдың шығысында орналасқан.



Бөгеткөл

(Боветкол) – ауылдың маңында қолдан жасалған көл. Ол қар, жаңбыр суларынан жиналып, көктемде аумағы ұлғайса, жаз айларында тартылып, тереңдігі 2-3 м-ге дейін таязданып кетеді. Айтақ каналы егістікті суландырады. Бөгеткөл Ерназар ауылдық округінде.

Сеңгірбай көлі

(Сенгирбай) – қар, жаңбыр суынан құралған көл, көлдің түбінде бұлақ көздері де бар, сондықтан қысы-жазы тартылмайды. Сол аумақты жайлаған Сеңгірбай деген кісінің есімімен аталады. Қаракемер ауылдық округінің территориясында орналасқан.

Сұлу көл

(Сулу кол) – су қоймасы, қолдан жасалған көл, сол кездегі ауыл басшылары айналасына сәнді талдар егіп, жұрт демалатын орынға айналдырмақшы болған, кейін қараусыз қалып, келіп құятын суы болмағандықтан көлдің суы тартылып қалған. Қаракемер ауылдық округінің территориясында орналасқан.

Аса өзені

(Аса) – Қаратөбе ауылдық округі аумағымен Аса өзені ағып өтеді. Өзеннің жағасы қалың тоғай және кемері ашық тастақты болып келеді.

Бескемпір каналы

(Бес кемпир канал) – бүкіл ауылды суландырады.

Ащыбұлақ

(Ащыбулак) – Пионер ауылдық округінде орналасқан. Яғни Пионер ауылының батыс жағындағы шағын мал жайлымы. Оның Ащыбұлақ ата-лу себебі-ерте кезде бұл жерде суын мал ішпейтін тұзды бұлақ болған. Ащыбұлақтың суын тұрғындар көктем, жаз, күз айларында іш ауруларын емдеуге пайдаланған, тұзын мал жалауға пайдаланған.

Тасқұдық

(Таскудык) – тастан өрілген терең құдық, қысы-жазы суы сарқылмайды.

Көкбастау

(Кокбастау) – айналасы көкорай шалғын бұлақ.

Тасарық

(Тасарык) – өзен, Талас алабында, Талас, Жамбыл аудандары жерімен аға-

ды. Ұз. 63 км, су жиналатын алабы 285 км². Бастауын Ақкөл қазаншұңқырынан алып, оңтүстікке қарай ағып, Көделі өзеніне оң жағынан құяды. Жағалауы жайпақ, аңғары 30-45 м. Қар және жер асты суымен толығады. Жаз айларында кеуіп, жыра-жырларға, қарасуларға бөлініп қалады. Жағалауы шабындыққа және жайылымға пайдаланады.

Аюбай

(Аюбай) – Жамбыл ауданындағы тоған. Қарасу өзені бойында орналасқан және осы өзеннің суымен толығады. Тоғанның су сыйымдылығы 0,95 млн. м³. Ол аудан шаруашылықтарының егістігін, шабындықтары мен жайылымдарын суғарады және суландырады.

Жуантөбе

(Жуантобе) – төбе, елді мекен аттары. Оғұз, йұван және төпе сөздерінен қалыптасқан атау. Оғұз топонимдерінің осы йұвмақ (жуу, «шаю» етістіктерімен келетін) топонимдерімен салыстырыңыз: йұван қала (су әкеткен қала), йұвандере (су орған сай). Келтірілген салыстырулар Жуантөбе атауының шыққан төркіні «жуылған» (су орған, су қаптаған) етістігіне «төбе» (зат) атау тұлғасын қосу негізінде қалыптасқан топоним екенін көреміз.

Айтау

(Айтау) – Қаратаудың сілемі, биіктігі 1500 метр.

Желтау

(Желтау) – Қаратаудың сілемі, 1503 м.

Шал

(Шал) – таулы қырқалардың аты (Жамбыл обл. Т. Рысқұлов ауд.). Қазақ топонимдеріндегі ч фонемасының градациялық дамуы жайлы (й-ч-ш) А.Н. Бернштам және өзгелердің жорамалдарынша чал атауын қазіргі қазақ тілінде жал деп түсіну дұрыс болады.

Қостөбе

(Костобе) – төбешік. Бурылтауының солтүстігінде Билікөлдің өзенінің батысында орналасқан.

Мүрделітөбе

(Мурделитобе) – тау. Теріс Ащыбұлақ су сақтайтын солтүстік батысында Үлкен Бурылтау тауының оңтүстігінде орналасқан.

Қандымтөбе

(Кандымтобе) – төбешік. Теріс Ащыбұлақ су қоймасының солтүстік батысында, Ақкөл өзенінің оңтүстік шығысында орналасқан.



Қызылқұр

(Қызылқур) – таушық. Тараз қаласының оңтүстік шығысында, Теріс Ащыбұлақ су қоймасының солтүстік батысында орналасқан.

Боғақаратөбе

(Богақаратөбе) – төбешік. Кеңес ауылының оңтүстік шығысында, Қаракемер ауылының солтүстік батысында орналасқан.

Көктөбе

(Коктобе) – төбешік. Кеңес ауылының оңтүстік шығысында, Қаракемер ауылының солтүстік батысында орналасқан.

Үлкен Бурылтау

(Үлкен Бурылтау) – тау. Тараз қаласының шығысында, Биликкөл өзенінің оңтүстік батысында орналасқан.

Дарбаза

(Дарбаза) – шатқал. Тараз қаласының шығысында, Үлкен Бурылтауының орталығында орналасқан.

Тасбастау

(Тасбастау) – төбешік. Бостандық ауылының оңтүстік шығысында, Ақкөл өзенінің батысында орналасқан.

Тасарал

(Тасарал) – төбешік. Ақкөл өзенінің оңтүстік батысында, Биликкөл өзенінің солтүстік батысында орналасқан.

Сынтас

(Сынтас) – тау. Биликкөл өзенінің солтүстік батысында Ақкөл өзенінің оңтүстік батысында орналасқан.

Кіші Бурыл

(Киши Бурыл) – тау. Тараз қаласының солтүстігінде Бесжылдық ауылының батысында орналасқан.

Қаратау

(Қаратау) – тау. Теріс Ащыбұлақ су қоймасының батысында Үлкен Бурылтаудың оңтүстігінде орналасқан.



ЖУАЛЫ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылы
Халық саны – 52 000 адам
Аудан аумағы 4200 шаршы шақырымды құрайды
Аудандағы ауылдық округтар саны: 14
Құрылған жылы: қаңтар, 1928 жыл

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Жуалы ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 1 аудандық, 1 ауылдық балалар кітапханасы, 24 ауылдық кітапхана және 1 аудандық халық шығармашығы және мәдени демалыс орталығы, 9 ауылдық мәдениет үйі, 11 ауылдық клуб, 1 жылжымалы клуб тұрғындарға қызмет көрсету еді. Сондай-ақ «Қызғалдақ» ән-би ансамблі, «Жуалы», «Мыңбұлақ» халық театрлары бар.

Аудан аумағында көптеген тарихи-мәдени мемлекеттік маңызы бар. Берікқара (б. з. д. II – IV б. з.) қорған бар.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – жерлес сарбаздарға арналған ескерткіштер, Б. Момышұлы ескерткіші, тасқа қашап салынған суреттер (б. з. д. II мыңжылдық) темір дәуірінің қорымы мен түрік заманындағы қорғандар, Бурно-Октябрьск қалашығы, белгісіз тас сақиналары бар.



Жуалы ауданы

Орталығы – Б.Момышұлы ауылы

Жуалынский район

Центр – аул Б. Момышұлы

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Ақтөбе ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Актюбинский аульный округ – аул Байтерек	Бәйтерек ауылы
2	Ақсай ауылдық округі	Евгеньевка ауылдық кеңесі	Аксайский аульный округ – аул Кайрат	Қайрат ауылы
3	Билікөл ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Биликольский аульный округ – аул Қарабастау	Қарабастау ауылы
4	Боралдай ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Бораолдайский аульный округ – аул Кольтоған	Көлтоған ауылы
5	Жетітөбе ауылдық округі	Казанск ауылдық кеңесі	Жетитобинский аульный округ – аул Карикорған	Кәріқорған ауылы
6	Көкбастау ауылдық округі	Большевик ауылдық кеңесі	Кокбастауский аульный округ – аул Теріс	Теріс ауылы
7	Күренбел ауылдық округі	жаңадан құрылған	Куренбельский аульный округ – аул Куренбель	Күренбел ауылы
8	Қарасаз ауылдық округі	Петровск ауылдық кеңесі	Карасазский аульный округ – аул Карасаз	Қарасаз ауылы
9	Қошқарата ауылдық округі	Боралдай а/о құрамынан бөлініп	Кошкаратинский аульный округ – аул Қошқарата	Қошқарата ауылы
10	Қызыларық ауылдық округі	Бурнооктябрь және Ақтөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кызыларыкский аульный округ – аул Қызыларық	Қызыларық ауылы
11	Бауыржан Момышұлы ауылдық округі	Бурный ауылдық округі	Бауыржан Момышұлынський аульный округ – аул Бауыржан Момышұлы	Бауыржан Момышұлы ауылы
12	Мыңбұлақ ауылдық округі	Ақсай а/о құрамынан бөлініп шыққан	Мынбулакский аульный округ – аул Көлбастау	Көлбастау ауылы
13	Нұрлыкент ауылдық округі	Бурнооктябрь ауылдық округі	Нурлыкентский аульный округ – аул Нұрлыкент	Нұрлыкент ауылы
14	Шақпақ ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Шакпакатинский аульный округ – аул Шақпақата	Шақпақата ауылы



Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидронимдер түрі (қазақша)	Гидроним түрі (орысша)	Аудан
Ұзынбұлақ	Узынбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бүгіл	Бугиль	өзен	р.	Жуалы, Сарысу ауд.
Шымырбайсай	Шымырбайсай	өзен	р.	Жуалы, Талас ауд.
Айырсай	Айырсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Шымырбайсай	Шымырбайсай	өзен	р.	Жуалы, Талас ауд.
Айырсай	Айырсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сайасу	Сайасу	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қызылсай	Кызылсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Алмалы	Алмалы	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ботақара	Ботақара	өзен	р.	Жуалы ауд.
Берікқара	Берикқара	өзен	р.	Жуалы ауд.
Жұрынсай	Журынсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Құрмансай	Курмансай	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулак	өзен	р.	Жуалы (Жамб. обл.), Бәйдібек (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Қызтоған	Кызтоган	өзен	р.	Жуалы ауд.
Нұрпейіс	Нурпейис	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бұрқановсай	Буркановсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Рахманқұмсай	Рахманқумсай	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Ергебексай	Ергебексай	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Бүргенсай	Бургенсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Тесіктас	Тесиктас	өзен	р.	Жуалы ауд.

Тасбастау	Тасбастау	өзен	р.	Жуалы ауд.
Шаңқалақ Мергенсай	Шанкалақ Мергенсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Каменная Балка	Каменная Балка	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ақтасты	Ақтасты	өзен	р.	Жуалы ауд.
Гришкина Балка	Гришкина Балка	өзен	р.	Жуалы ауд.
Евсеева Балка	Евсеева Балка	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сарыоба	Сарыоба	өзен	р.	Жуалы ауд.
Шұбарағаш	Шубарағаш	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сарыбайбұлақ	Сарыбайбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Асансай	Асансай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сарқырама	Сарқырама	өзен	р.	Жуалы ауд.
Тығынсай	Тығынсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қошқарата	Кошқарата	өзен	р.	Жуалы (Жамб. обл.), Бәйдібек (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Дегерестүбексай	Дегерестүбексай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сатықсай	Сатықсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ахметсай	Ахметсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Кемелбексай	Кемельбексай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сұлусай	Сулусай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Жаныбайсай	Жаныбайсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бөрісай	Борисай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Байқонды	Байконды	өзен	р.	Жуалы ауд.
Жолдысай	Жолдысай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қаракөз	Каракоз	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бұққансүңгі	Буккансунги	өзен	р.	Жуалы, Талас ауд.
Тұтсай	Тутсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Еліксай	Еликсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Боралдай	Боралдай	өзен	р.	Жуалы (Жамб. обл.), Бәйдібек, Ордабасы (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.



Опа	Опа	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қанайбұлақ	Канайбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Тастақбұлақ	Тастакбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Жансалының сайы	Жансалынын сайы	өзен	р.	Жуалы ауд.
Көксай	Коксай	өзен	р.	Жуалы ауд. (Жамб. обл.) Талас обл. (Қырғ. Респ.)
Жыланды	Жыланды	өзен	р.	Жуалы (Жамб. обл.), Түлкібас (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Майлы Қарасу	Майлы Карасу	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қызылбұлақ	Кызылбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ақжар	Акжар	өзен	р.	Жуалы ауд.
Мордулысай	Мордулысай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Теріс	Терис	өзен	р.	Жуалы ауд.
Тепенсай	Тепенсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ақбастау	Акбастау	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ұзынбұлақ	Узынбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Жидебайсай	Жидебайсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қарасу	Карасу	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ақсақалсай	Аксақалсай	өзен	р.	Жуалы, Талас ауд.
Сарымансай	Сарымансай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сұлусай	Сулусай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Үлкенсай	Улькенсай	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Жосалы	Жосалы	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қойбағар	Койбағар	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бақасорбұлақ	Бақасорбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Шымбұлақ	Шымбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Үлкен Бақалы	Улькен Бақалы	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ормансай	Ормансай	өзен	р.	Жуалы ауд.

Теспесай	Теспесай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Кішкене Бақалы	Кишкене Бақалы	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қоғасай	Когасай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Болдымсай	Болдымсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қосмұрат	Космурат	өзен	р.	Жуалы ауд.
Арғыбетсай	Арғыбетсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қашқансай	Кашқансай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Күйік	Куйык	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Әлімбаев Таршаты	Алимбаева Щель	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бақалы	Бақалы	өзен	р.	Жуалы ауд.
Дубинин Лог	Дубинин Лог	өзен	р.	Жуалы ауд.
Мамырбайбұлақ	Мамырбайбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Құймайымбетсай	Куймайымбетсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Қорғансай	Корғансай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сасықбұлақ	Сасыкбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Құлан	Кулан	өзен	р.	Жуалы ауд.
Шақпақ	Шакпак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Нұрбұлақ	Нурбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Борсықарық	Борсықарық	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бұрқановсай	Бурқановсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Амансай	Амансай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Бүргенсу	Бургенсу	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ақсай	Ақсай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Тасбастау	Тасбастау	өзен	р.	Жуалы ауд.
Күзеусай	Кузеусай	өзен	р.	Жуалы ауд.
Топшақ	Топшақ	өзен	р.	Жуалы (Жамб. обл.), Түлкібас (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Атабайбұлақ	Атабайбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Мырзабайбұлақ	Мырзабайбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.



Ақмола	Ақмола	өзен	р.	Жуалы ауд.
Ақбердібұлақ	Ақбердыбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Шалабайбұлақ	Шалабайбулак	өзен	р.	Жуалы ауд.
Құрмансай	Курмансай	өзен	р.	Жуалы, Жамбыл ауд.
Арыс	Арыс	өзен	р.	Жуалы (Жамб. обл.) Түлкібас, Сайрам, Ордабасы, Арыс, Отырар (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Лақбаққан	Лакбаккан	көл	оз.	Жуалы ауд.
Айту	Айту	көл	оз.	Жуалы ауд.
Құлақтабы	Кулактабы	көл	оз.	Жуалы ауд.
Бескепе	Бескепе	көл	оз.	Жуалы ауд.
Билікөл	Биликоль	көл	оз.	Жуалы ауд.
Көлбастау	Кольбастау	көл	оз.	Жуалы ауд.
Қақ	Как	көл	оз.	Жуалы ауд.
Қызырбай	Кызырбай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Байтақ	Байтақ	құдық	к.	Жуалы ауд.
1- Қосқұдық	Коскудык 1-й	құдық	к.	Жуалы ауд.
Тахир	Тахир	құдық	к.	Жуалы ауд.
Ауғанбай	Ауганбай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Бұршақты	Буршақты	құдық	к.	Жуалы ауд.
Сайран	Сайран	құдық	к.	Жуалы ауд.
Айрықты	Айрықты	құдық	к.	Жуалы ауд.
Жаманқұдық	Жаманкудык	құдық	к.	Жуалы ауд.
Ноғай	Нокай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Көделейма	Коделейма	құдық	к.	Жуалы ауд.
Айдарлы	Айдарлы	құдық	к.	Жуалы ауд.
Қаратұяқ	Каратуюк	құдық	к.	Жуалы ауд.
Манамбай	Манамбай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Қаракемер	Каракемер	құдық	к.	Жуалы ауд.
Егізбай	Егизбай	құдық	к.	Жуалы ауд.

Дүйсебай	Дуйсебай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Ақбай	Ақбай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Кентүбексу	Кентубексу	құдық	к.	Жуалы ауд.
Жамантүлей	Жамантулей	құдық	к.	Жуалы ауд.
2-Қосқұдық	Коскудык 2-й	құдық	к.	Жуалы ауд.
Ыстыққұдық	Ыстыккудык	құдық	к.	Жуалы ауд.
3- Қосқұдық	Коскудык 3-й	құдық	к.	Жуалы ауд.
Төлеулі	Толеули	құдық	к.	Жуалы ауд.
Тіренген	Тиренген	құдық	к.	Жуалы ауд.
Алмаағаш	Алмаағаш	құдық	к.	Жуалы ауд.
Телегей	Телегей	құдық	к.	Жуалы ауд.
Кенже	Кенже	құдық	к.	Жуалы ауд.
Керімбай	Керимбай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Қоржынды	Коржынды	құдық	к.	Жуалы ауд.
Ешкіөлген	Ешкиольген	құдық	к.	Жуалы ауд.
Сарысу	Сарысу	құдық	к.	Жуалы ауд.
Қарақұдық	Каракудык	құдық	к.	Жуалы ауд.
Маймылбай	Маймылбай	құдық	к.	Жуалы ауд.
Бескепежол	Бескепежол	құдық	к.	Жуалы ауд.
Сарыбастау	Сарыбастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Тасбастау	Тасбастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Көкбастау	Кокбастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Жылысаз	Жылысаз	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Құрыбастау	Курыбастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Жантас	Жантас	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Талдысай	Талдысай	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Әулиебастау	Аулиебастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Сәскебұлақ	Саскебулак	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Бастау	Бастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Сарыбайбұлақ	Сарыбайбулак	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Ақбастау	Ақбастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Көлтоған	Кольтоган	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Ерменсаз	Ерменсаз	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Сарқырама	Сарқырама	бұлақ	род.	Жуалы ауд.



Белбұлақ	Бельбулак	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Жылыбұлақ	Жылыбулак	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Сағызсай	Сағызсай	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Ұзынбұлақ	Узынбулак	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Батырбастау	Батырбастау	бұлақ	род.	Жуалы ауд.
Орта	Орта	арық	ар.	Жуалы ауд.
Қызылжар	Кызылжар	арық	ар.	Жуалы ауд.
Мисарбайбекбұлақ	Мисарбайбекбулак	арық	ар.	Жуалы ауд.
Тарақұл	Таракул	арық	ар.	Жуалы ауд.
Тихий	Тихий	арық	ар.	Жуалы ауд.
Райыс	Райыс	канал	кан.	Жуалы ауд.
Теріс Ащыбұлақ	Терис Ащыбулак	бөген	вдхр.	Жуалы ауд.

Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қаз.)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Үлкенсай	Улькенсай	асу	пер.	Жуалы ауд.
Күйік	Куйик	асу	пер.	Жуалы ауд.
Қоштөбе	Коштөбе	тау	г.	Жуалы ауд.
Ботақара	Ботакара	тау	г.	Жуалы ауд.
Кіші Шахан	Киши Шахан	тау	г.	Жуалы ауд.
Жынтөбе	Жынтөбе	тау	г.	Жуалы ауд.
Сарытау	Сарытау	тау	г.	Жуалы ауд. (Жамб. обл.) және Төле би ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шекарасында
Қалқа	Калка	төбешік	буг.	Жуалы ауд.
Ақмола	Акмола	төбешік	буг.	Жуалы ауд.
Ақтас	Актас	тау	г.	Жуалы ауд. (Жамб. обл.) және Түлкібас ауд. (Оңт. Қаз. обл.)
Бөкейтау	Бокейтау	тау	г.	Жуалы ауд. (Жамб. обл.) және Түлкібас ауд. (Оңт. Қаз. обл.)
Үлкен Шахан	Улькен Шахан	тау	г.	Жуалы ауд.
Қызылқақ	Кызылкак	сор	сол.	Жуалы ауд.
Қоңыртөбе	Коныртөбе	таулар	горы	Жуалы ауд.
Қосмұрат	Космураг	таулар	горы	Жуалы ауд.
Боралдай	Боралдай	таулар	горы	Жуалы, (Жамб. обл.) және Түлкібас ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шекарасында
Қаракүзеу	Каракузеу	таулар	горы	Жуалы ауд.
Қаржаубай	Каржаубай	құм	пески	Жуалы ауд.
Тоғанторы	Тоганторы	құм	пески	Жуалы ауд.
Қарақұм	Каракум	құм	пески	Жуалы ауд.
Арқарлытау	Арқарлытау	жота	хр.	Жуалы ауд.



ЖУАЛЫ АУДАНЫ

Жуалы – облыстың оңтүстік-батысында орналасқан әкімшілік бөлік. 1928 ж. құрылған. Алғашында Шымкент облысы (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) құрамында болған. 1951 ж. Жамбыл облысының құрамына кірді. Жерінің аум. 4, 2 мың км². Тұрғыны 48, 4 мың адамнан аса. Орталығы Бауыржан Момышұлы ауылы. Жуалы ауданы Теріс (Асы) өзенінің жоғары және орта ағысында, жерінің көпшілік бөлігін Жуалы таулы үстірті (биікт. орталығында 900 м, шет жақтарында 1200 м) алып жатыр. Солтүстігі мен солтүстік -шығысын Қаратау жотасы, батысы мен оңтүстік-батысынан Боралдай тауы, оңтүстігінен Талас Алатауы қоршайды. Ауданның солтүстігінде Биіккөл қазаншұңқыры (абсолюттік биіктігі 450 м) орналасқан. Кен байлықтарынан тас көмір, құрылыс материалдары кездеседі. Тас көмір 1960 жылға дейін өндіріліп келді. Таулы үстірттің климаты қоңыржай континенттік. Қаңтардың орташа температурасы -2°С-дан (оңт-ге) – 7°С-қа (солт-ге) дейін, шілдеде 24 – 26°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 400 мм шамасында, оның көпшілігі көктемде түседі. Қардың қалыңдығы 30 см-ге дейін барады, қарашаның ортасынан наурыздың аяғына дейін жатады. Климат жағдайлары дәнді дақылдар мен кейбір техникалық (күнбағыс) дақылдарды егуге қолайлы. Ауданның солтүстігінде климат тым континенттік және құрғақ қаңтарда – 8°С, шілдеде 24°С. Жылдық жауын-шашынның орташа мөлшері 200 – 500 мм.

Басты өзендері: Теріс (төм. жағы Аса деп аталады), оның ең ірі саласы – Шақпақ, Ақсай, Көксай, Бахаты, Боралдай өзендері, ауданның солтүстік – батысынан Қошқарата (Боралдайдың саласы) өзені ағып өтеді. Теріс өзенінде Теріс- Ащыбұлақ бөгені салынған (көлемі 158 млн м³). Биіккөл көлі ауданның солтүстігінде орналасқан. Ауданның таулы үстіртінің сұр топырағында жусан, астық тұқымдас өсімдіктер, боз, селеу, қызыл қоңыр топырағында түрлі шөптер, жуа кекіре, т.б. бидайық аралас өсімдіктер өседі. Өзендердің бойында бұталы тоғайлар-тобылғы, итмұрын, долана, сарыағаш кездеседі. Тау аңғарларында жабайы алма, алмұрт, үйеңкі, арша, шаған өседі. Ауданның оңтүстік бөлігіндегі Талас Алатауының беткейлері – альпілік және субальпілік шалғын. Бұл өңір Ақсу-Жабағылы қорығының солтүстік бөлігі саналады. Солтүстігіндегі Биіккөл қазаншұңқырының сұр топырағында жусан, сораң өсімдіктер. Аса өзенінің аңғарында ши өседі. Жабайы жануарлардан қарақұйрық, жабайы шошқа, шибөрі кездеседі. Құстардан қырғауыл, кекілік бар. Биіккөлде сазан, жайын ауланады. Ауданда халық біркелкі орналаспаған. Халқының орташа тығыздығы жалпы аудан бойынша 1 км²-ге 14, 9 адамнан келсе, орталық бөлігінде 30 адамнан, солтүстігінде 7 адамнан келеді.

Елді мекендері көбінесе темір жол бойында орналасқан. Ірі ауылдары Бауыржан Момышұлы, Көлбастау, Қайрат, Бурнооктябрьское, Күреңбел, Шақпақата, Қарасаз.

Ауданда мемлекеттік жалпы білім беретін 44 мектеп, 2 балабақша, 2 көпшілік кітапханасы, мұражай, 15 клуб және мәдениет үйі, Қызғалдақ ансамблі. 7 ұлттық мәдени орталық, мешіт, стадион, 23 спорт зал мен алаң бар. Денсаулық сақтау

мекемелерінен 2 аурухана 32 фельдшер-акушерлік пункт, 2 дәріхана, т.б. халыққа қызмет көрсетеді. 1924 жылдан ауданда «Жаңа өмір» газеті шығарылып келеді. Аудан жерімен Түркістан т. ж., Ташкент-Алматы, Б. Момышұлы-Қошқарата автомобиль жолдары өтеді.

Көлбастау

(Көлбастау) – Жуалы ауданындағы ауыл, Ақсай ауылдық әкімшілік округтің құрамында. Аудан орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылынан оңтүстікке қарай 2 км жерде, бұта аралас сұлыбас, бетеге, селеу өскен бозғылт қоңыр топырақты тау алды жазығында орналасқан. Тұрғыны 3, 0 мың адамнан аса. 1993 ж. дейін Евгеньевка деп аталып келген. 1930-1997 ж. картоп өсіретін Ленин атындағы ұжымшардың орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Көлбастауда және округ құрамындағы Қайрат, Дикан, Талапты ауылдарында «Мыңбұлақ-7», «Қайрат-7», «Шетбұлақ-7» ЖШС-тер және 82 шаруа қожалығы құрылды. Ауылдарда 2 орта, 2 орталау, 1 бастауыш мектеп, 4 кітапхана, 2 клуб, 2 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, 2 фельдш. пункт бар.

Көлтоған

(Көлтоған) – Жуалы ауданындағы ауыл, Боралдай ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылынан батысқа қарай 42 км жерде, бұта аралас бетеге, сұлыбас, селеу өскен қоңыр топырақты тау аралық қоңыржай агроклиматтық белдемде орналасқан. 1992 ж. дейін Алексеевка деп аталып келді. 1960 – 97 ж. сүт өндіретін «Коммунизм жолы» ұжымшарының орталығы болды. Оның негізінде 1997 жылдан Көлтоғанда және округке қарасты Кеңес, Рысбек батыр, Ақтасты, Қошқарата, Қызтоған ауылдарында осы елді мекендердің атымен аталатын кооперативтер және 2 шаруа қожалығы құрылды. Ауылдарда 3 орта, 2 орталау, 1 бастауыш мектеп, 4 кітапхана, 3 мәдениет үйі, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, фельдш. -акушерлік пункт, 4 фельдш. пункт бар.

Кременевка

(Кременовка) – VIII-X ғасырлардағы қалашық. Жуалы ауданы Кременевка ауылынан оңтүстікке қарай 1 км жерде орналасқан. Биіктігі теңіз деңгейінен 1123 м.

1903 ж. Каллаур ашып, зерттеген. 1940 ж. Жамбыл археологиялық пунктінің экспедициясы (жетекші Г.И. Пацевич), 1978 ж. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы, 2000 ж. Қазақстан ҒА-на қарасты Ә. Марғұлан атындағы 1 Археология институтының Оңт. Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекші К.М. Байпақов) зерттеген. Қала таудың шығыс еңісінде орын тепкен. Құрылысы тікбұрышты, шығысында биіктігі 8 м, батысында 4 м. топырақ дуалмен қоршалған. Ішкі алаңы 54x70 м. қабырғасының ортасындағы бұрыштарда орналасқан биіктігі 1-2 м мұнараның үйіндісі байқалады. Қақпасы болған солт. – шығыс бұрыштағы ең биік саналған үйінді қалдықты мұнараның



биікт. 3м-дей. Үйіндінің солтүстік жағынан аумағы 35x46 м. екінші төбешік келіп жалғасады. Оны қоршап тұрған дуалдың қазіргі кездегі биіктігі 0, 5-0, 6 м. Қалашық орнында керамиканың сынықтары кездеседі, бір бөлігінде бейіт орын алған. Шығыс жағында кірпіш зауыты бар.

Күреңбел

(Күреңбел) – Жуалы ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылынан солтүстік-батысқа қарай 30 км жерде, Теріс өзені жағалауының бетеге, нарғия, т.б. шөптесін өскен шалғынды қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты тауаралық құрғақ аңғарға орналасқан. Тұрғыны 1, 8 мың адамнан аса. Іргесі 1952 ж. Чапаев атындағы сүт өндіру ұжымшары ретінде құрылған. Ұжымшар негізінде Күреңбелде және округке қарасты Қаратас (Чапаев) ауылында 2 өндірістік, 16 шаруа қожалықтары құрылған. Орта, орталау мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, 2 фельдш. -акушерлік, 2 фельдш. пункт бар.

Қарасаз

(Қарасаз) – Жуалы ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Б. Момышұлы ауылынан солтүстік-батысқа қарай 8 км жерде, бұта аралас бетеге, қау, сұлыбас басым өскен қоңыр топырақты төбелі-жонды келген тау аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1, 9 мың адамнан аса. 1993 ж. дейін Петровка деп аталып келген. 1961 – 97 ж. картоп өсіретін К. Маркс атындағы кеңшардың орталығы болды. Оның негізінде Қарасазда 1997 жылдан өндірістік кооператив және 40-тан астам шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт орналасқан.

Қошқарата

(Қошқарата) – Жуалы ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Б. Момышұлы ауылынан солтүстік-батысқа қарай 54 км жерде, Қаратау мен Боралдай жоталары аралығында, боз жусан, баялыш, күйреуік басым өскен таудың қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты қуаң шөлейт белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 1 мың адамнан аса. Ауыл 1992 ж. дейін Кантемировка деп аталып келді. Іргесі 1939 ж. XXII партсъезд атындағы ұжымшар ретінде қаланды. Оның негізінде Қошқаратада 1997 жылдан «Қошқарата» ӨК және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, фельдш. -акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Қырықкүрзі

(Қырықкүрзі) – орта ғасырдағы шағын қаланың орны. Шақпақ-Ата кентінен солтүстік – батысқа қарай 5 км жерде. 1940 ж. Жамбыл археологиялық пунктті (жетекшісі Г.И. Пацевич) тексеріп шыққан. Бұл – тік бұрышты төбешік. Көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 114 м, батыстан шығысқа қарай 220 м. Айнала топырақ үйіндісімен қоршалған, үйіндінің батыс және шығыс бетінде 11, оңтүстік және солтүстік бетінде 17 мұнара бар. Мұнаралардың биіктігі 1 м-ден 1, 5 м-ге дейін, ал диам. 10 – 11 м. Қырықкүрзіде археологиялық зерттеу жұмысын жүргізудің тарихи маңызы бар.

Шақпақата

(Шақпақата) – Жуалы ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 13 км жерде, Боралдай тауының қиыр оңтүстік-шығысында, бұта аралас қылқанбоз, селеу, бетеге, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен тау алды жазығының қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты қуаң жазығында орналасқан. Ауыл 1992 ж. дейін Кременовка деп аталып келген. ҚР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 19.03.1992 ж. №1265 Қаулысының шешімімен ауысқан. Жақын темір-жол стансасы – Отар. Қазақ ССР Мемагроөндіріс Жамбыл облысы ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының орталығы болып келді. Оның негізінде Шақпақатада 1997 жылдан ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Ауылда орта мектеп, клуб, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Шақпақ

(Шақпақ) – Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы бес классты т. ж. ст. Жамбыл – Түлкібас тас жолының бойында. Аты осы маңдағы шақпақ тасты жынысты таудың атына байланысты шыққан. Арнаулы мектеп интернат бар.

Жылыбұлақ

(Жылыбұлақ) – е. м., Жуалы ауданы. Жылы (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «жер астынан шығып жатқан бұлақ суының жылы екенін» білдіреді.

Ақтөбе

(Ақтөбе) – а. Байзақ ауданы,
(Ақтөбе) – а. о. Жуалы ауданы,
(Ақтөбе) – а. Жуалы ауданы,
(Ақтөбе) – а. Талас ауданы,
(Ақтөбе) – а. о. Шу ауданы,
(Ақтөбе) – а. Шу ауданы.

Ақ (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «төбе тасының немесе топырағының ағарып жататын көрінісін» білдіреді.

Алатау

(Алатау) – а. Жуалы ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, облыстық мәслихат пен облыс әкімінің бірлескен шешімдері (12 -сессия), 21. 12. 1996 ж. Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымы бойынша Андреевка ауылы Алатау ауылы болып өзгертілді.

Ауыл қазақтың заңғар Алатауың бөктерінде орналасқан. Қырғыз республикасымен шекаралас Көксай өзені сағасында. Батысында Ақсай шатқалы жатыр.

Ауыл осы Алатау тауына байланысты қойылған.



Бақалы

(Бақалы) – а. Жуалы ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы орай ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымымен Қызыл дихан ауылы бұрынғы тарих аты бойынша Бақалы ауылы болып өзгертілді. Ру атынан қойылған атау.

Бурное

(Бурное) – а. о. Жуалы ауданы,

(Бурное) – а. Жуалы ауданы.

Қазіргі Б. Момышұлы ауылы. Бұл жерде қыс айларында қарлы боран көп болғандықтан орысша «буран» – «Бурное» деп аталып кеткен. Жамбыл облысындағы т. ж. стансасы Тараз қаласының оңтүстік батысында 69 км, Талас Ала-тауы жотасының солт-батыс етегінде 1961 ж. теміржол салынуына байланысты пайда болды.

Дарбаза

(Дарбаза) – а. Жуалы ауданы.

Иран тіліндегі дарбаза (қақпа) деген сөзден қойылған атау. Дәлірек айтқанда, бұл иран тобына жататын тәжік тілінен енген. Мағынасы: «қақпалы мекен» дегенді білдіреді.

Кәріқорған

(Карикорган) – а. Жуалы ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 19.03.1993 ж. №8 Қаулысы бойынша Казанка ауылы, бұрынғы тарихи аты қалпына келтіріліп, Кәріқорған ауылы болып аталды.

Күркіреусу

(Куркиреусу) – стансасы Жуалы ауданы.

Күркіреу (егістік) + су (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: бұл маңда күркіреп қатты ағатын өзен немесе бұлақ бар екенін білдіреді. Күркіреусу атты өзен бар.

Қоңыртөбе

(Коньиртөбе) – а. Жуалы ауданы.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07. 10. 1993 ж. №2410-ХІІ Қаулысы бойынша Успенровка ауылы өзгертіліп, ұлттық тарихи аты қалпына келтіріліп, Қоңыртөбе ауылы аталды.

Қосбөлтек

(Косболтек) – а. Жуалы ауданы.

ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 05.09.1997 ж. ұйғарымымен Кастельевка ауылы өзгертіліп ұлттық тарихи аты қалпына келтіріліп, Қосбөлтек ауылы аталды.

Құмсуат

(Құмсуат) – а. Жуалы ауданы.

Құм және суат сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «су жағалауының не болмаса астының майда құм, қайрақ болып келгенін» білдіреді.

Қызтоған

(Кызтоған) – а. Жуалы ауданы.

Қыз (зат есім) + тоған (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: біріншіден, қызға байланысты бір оқиға болуы мүмкін, екіншіден, «кішкене әдемі тоған» дегенді білдіруі де ықтимал. Бұл екеуінің қайсы атауға негіз болғанын жергілікті тұрғындар ғана біледі.

Қызыларық

(Кызыларық) – а. о., Жуалы ауданы.

(Кызыларық) – а. Жуалы ауданы.

Қызыл (сын есім) + арық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «арықтың жағалауы қоңыр топырақты немесе қызғылт түсті құмдақ болып келетінін» білдіреді.

Сұрым

(Сурум) – е. м. Жуалы ауданы.

Атау орысша жазылуынан алынды. Мағынасы түсініксіз.

Тасбастау

(Тасбастау) – а. Жуалы ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07. 10. 1993 ж. №8 Қаулысы бойынша Благовещенка ауылы өзгертіліп, ұлттық тарихи аты қалпына келтіріліп, Тасбастау ауылы болып аталды.

Тәттібай Дүйсенбайұлы

(Таттыбай Дусенбайұлы) – а. Жуалы ауданы.

Тұрғындардың ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 24.12.1999 ж. ұйғарымы бойынша Амангелді ауылы Тәттібай Дүйсенбайұлы ауылы болып аталды.

Тәттібай Дүйсебайұлы (1925-1996) милиция генерал-майоры, соғыс ардагері. 1971 – 1983 жылдары Қаз ССР Ішкі істер министрлігінің Жамбыл облысы басқармасы бастығының орынбасары, бастығы қызметін атқарған.

Теріс

(Терис) – а. жер. Жуалы ауданы.

Сын есімнен жасалатын атау. Белгілі бір географиялық нысанның теріс бағытта орналасқанын білдірсе керек.

Тоғызтарау

(Тогызтарау) – а., жер. Жуалы ауданы.



Тоғыз (сан есім) + тарау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бұл маңда көп сала жол» болса керек. Мұндай жағдайда қазақта «тоғыз жолдың торабында отыр» деген сөз бар. Бұл тіркестегі тоғыз сөзі «көп тараулы жолы бар жер» дегенді білдірсе керек. (Аса өзені Билікөлге тоғыз тарам болып құйылады.).

Түктібай

(Туктибай) – а. о. Жуалы ауданы.

(Туктибай) – а. Жуалы ауданы.

Тұрғындардың ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07.10.1993 ж. №2140 XII Қаулысы бойынша Гагарино ауылы өзгертіліп, Түктібай ауылы аталды.

Шымбұлақ

(Шымбулак) – а. Жуалы ауданы.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07.10.1993 ж. №2410-XII Қаулысы бойынша Братское ауылы өзгертіліп, ұлттық тарихи аты қалпына келтіріліп, Шымбұлақ ауылы аталды.

Аса өзені

(Аса) – Жуалы жерінен басталып, Талас және Жамбыл аудандары арқылы ағып өтіп, Билікөлге құятын, ұзындығы 105 шақырым болатын өзен. Оның кішігірім 30-ға жуық саласы бар. Жуалы ауданының жерінде ол Шақпақ, Теріс, Ақсай, Көксай өзендері қосылған соң барып Аса өзені аталады.

Өзеннің Аса деп аталуына байланысты ел аузында мынандай аңыз бар: Тараздың жас батыры Қараханға ғашық болған Айша сұлу сүйгеніне келе жатып, осы өзеннің жағасына жетіп жуынып, дем алмақшы болады. Осы кезде сәукеленің ішінен жасырынған ұлы жылан Айшаны шағып өлтіреді. Қос ғашық арманына жете алмай арманда кетеді, яғни қыз әлгі өзеннен аса алмай көз жұмады. Сондықтан жұрт өзенді «Аса алмаған» кейін «Аса» атап кеткен дейді.

Бұл, әрине, аңыз. Ал енді Геродоттың дерегі бойынша «қазақ» даласын мекендеген сақ тайпасының ең үлкені Асы Ассақтар атымен байланысты дейді.

Ассақтар, яғни асы тайпасы Б.д.д. V-VI ғасырда құрылған ұлы жүз отанының бірі болып, Үйсін мемлекетінің құрамына енген. Б.д.д. II ғасырда грек-бактриялықтарды тас-талқан етіп жеңген Үйсін мемлекетінің Асы, Арыс тайпаларынан жасақталған жауынгерлер еді, – дейді Ю. Зуев.

Күркіреусу

(Куркиресу) – өзен. Өзен тау шатқалында күркіреген дыбыс шығарып аққандықтан, ел оны «Күркіреусу» деп атап кеткен. III. Айтматовтың «Жәмила» атты повесінде Күркіресу өзені, Маймақ пен Шекер ауылдары тіл жеткісіз тамаша етіп суреттелген.

Ақсай өзені

(Ақсай) – Жуалы ауданының оңтүстік беті Қырғыз және Талас Алатауымен шектесіп жататыны белгілі. Тау алқабынан төмен қарай созылып жатқан кең алқап «Мыңбұлақ алқабы» деп аталады.

Арыс өзені

(Арыс) – Оңтүстік Қазақстанның басты өзендерінің бірі саналғанымен ол Жуалы жерінен бастау алады. Жуалы ауданы Оңтүстік Қазақстан облысынан Түлкібас ауданымен шектесер жерінде орта ғасырлық Абарадж қаласының түбінен батысқа қарай көптеген бастаулардың басын құрап, Шақпақ өзені бастау алады.

Ерте кездерде батысында Сырдарияның, шығысында Кіші Қаратау жотасын, оңтүстігінде Арыс өзенінің аңғарын, солтүстігінде Арысқұм, Арыс көлі, Ұлы тау, Көкшетау өңірлерінің аралығын ежелгі сақтың Арыс тайпасы мекендеген.

Арыс тайпасының негізгі бөлігі Б.д.д. II мың жылдықта Еуропаға қоныс аударған. Әйгілі ғұлама Анарыс б.д. д 8 ғасырда өзінің ата жұрты қазақ даласы туралы Аримаспалар эпосын жазып қалдырған.

Қорыта айтқанда, Арыс өзенінің атырабын мекендеген Арыс тайпасы өз атын қазіргі Арыс өзені, Арыс қаласы, Арыс көлінде қалдырған.

Теріс өзені

(Терис) – өзен, Аса өзені алабымен, Жуалы ауданы жерімен ағады. Жалпы ұзындығы 52 км, су жиналатын алабы 485 км². Бастауын Қаратау жотасының оңтүстік-шығыс баурайынан алып оңтүстікке, оңтүстік-шығысқа қарай бұрала ағып, Терісашыбұлақ бөгеніне құяды. Бөгеннен төмендегі өзен Аса деп аталады. Өзеннің 20 км-ден астам екі саласы және оншақты ұсақ салалары бар. Қар, жауын-шашын, жер асты суымен толығады. Аңғары жоғарғы ағысында 60 – 110 м, жазықта 300 – 450 м. Өзен ауданның егістігін суаруға пайдаланылады. Жағалауы шабындық.

Теріс өзені туралы алғашқы деректер араб жихангері Убейдаллах ибн Хордатбектің, 846 жылы Мыңбұлақ өлкесінде болған Қудама ибн Жафар жазған күнделіктерінде кездеседі. Мыңбұлақтан мыңдаған бұлақтар ағып шығады да, қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығысқа қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб; бұл сөздің аудармасы (кері бағытта ағатын өзен)

Теріс өзенінің оң жағасында «Баркуаб» Жібек жолының бойындағы қала жұрттары болған. Бұл жер Жамбыл облысының «Тараз» энциклопедиясында шартты түрде «Бурнооктябрь қала жұрттары» деп берілген.

Шолақбұлақ

(Шолақбулак) – Қызылжарық ауылының күнбатыс жағында терең сай бар. Сол сайдың басында 2-3 жерден ботаның көзіндей мөлдіреп, тұнық бастаулар жер астынан бұрқ-бұрқ қайнап шығып жатады. Осынау бастаулардың суы сай табанымен төмен қарай құлдилап ағып, бұлаққа айналады. Мұны таза бұлақ деп атаса да болар еді. Алайда жергілікті халық басы таудан, сонау алыстан емес, ауыл іргесінен басталатындықтан «Шолақ бұлақ» деп атапты.

Мыңбұлақ

(Мыңбулак) – Жуалы ауданындағы Теріс өзені ежелден осылай Мыңбұлақ аталған. Мыңбұлақ туралы алғашқы деректі біз қытай жиһангері – Сюань-Цзянанның 630 жылдар шамасында жазған сапарнамасынан кездестіреміз.



Ол қазіргі Жамбыл облысының батыс шетіндегі Мыңбұлақ өңірінің жанға жайлы екендігін тамсана жазып, оны жаздың ыстық айларында түркі хандары Түркібасыдан келіп, жазғы мекені ететінін баяндайды.

Мыңбұлақ туралы араб жиһангері Убейдаллаһ ибн Хордатбек қолжазбасында «... Бұл Мыңбұлақ үлкен төбе, оның айналасынан мыңдаған бұлақтар ағып шығады, Абарджадж қаласының бұрынғы аты Мыңбұлақ болған деректер бар. Осы жерде, яғни Мыңбұлақта, Құлан таудың етегінде көп бұлақты, қоңыр салқын жазықта 1223 жылы Орта Азияға жасаған жорықтардан қатты қалжыраған Шыңғысхан нөкерлерімен демалып, сауық құрған деген дерек бар.

Мыңбұлақ аталу себебі бұл жерден аныздап аққан сансыз бұлақтарға байланысты болса, Абарджадж деген атау арабшадан мағыналап аударғанда «Мұнарлы төбе» дегенді білдіреді.

Билікөл

(Биликол) – Жамбыл облысы Жуалы, Жамбыл аудандарының шекараларындағы тұщы көл. Аса өзенінің бойында, абс. биікт. 438 м, тектоникалық ойыста жатыр. Аум. 86,5 км², ұз. 30,5 км, ені жалпақ жерінде 7,3 км, ең терең жері 6 м-ден асады. Билікөл арқылы Аса өзені ағып өтеді. жайпақ құм жағалауында қоға аралас қамыс өседі. Көлде сазан, көксерке, алабұға бар. Билікөлді Жуалы, Жамбыл, Байзақ аудандарының шаруашылықтары қызылша, бидай, жүгері егісін суаруға пайдаланады.

Билікөл атауының халықтық этимологиясы туралы дерек жоқ. Түркі тілдес халықтар терминологиясында билли немесе белли тұлғаларының қазақ тіліндегі синонимдері: белді, белегір, көтерме, қайқы түрлерінде келеді; өзб. тілінде құтарма (арық және қыстақ аттары) Б. гидронимін қазіргі қазақ тілі нормасы бойынша «Белді көл» немесе «Асулықөл» деп тұлғалауға болар еді. Б. қазақтың Белбұлақ, Беларық гидронимдерімен туысады.

Терісашыбұлақ бөгені

(Терисашыбулак) – Жуалы аудандағы бөген, Теріс өзенінің арнасына 1963 жылы салынған. Жалпы ұз. 13 км, суының сыйымдылығы 158, 0 млн м³. Топырақтан салынған бөгеттің биіктігі – 32 м, ұз. 1800 м, ені 100 м. Бөгеннен канал және су құбырлары тартылған. Ең көп су ағымы 36, 2 м³/с, орташа ағымы 4, 23 м/с. Жуалы ауданының 20, 4 мың га-дан астам жері суарылады және 30 мың га шабындығы суландырылады.

Тасөткел бөгені

(Тасоткел) – Жамбыл облысындағы ең ірі бөген. Оның су сыйымдылығы 620, 0 млн. м. Бөген Шу өзені бойында орналасқан. Облыстың 42, 3 мың га жерін суарады және шабындықтарды суландырады. Екінші ірі бөген Теріс өзенінде (Жуалы ауданы) салынған. Оның су сыйымдылығы 158, 0 млн. м. суымен 20, 4 мың га жер суарылады және суландырылады. Облыста барлығы 36 бөген салынған. Су сыйымдылығы 5, 0 млн. м-ге дейінгі бөгендер саны 13. Об-

лыс аумағындағы тоғандардың жалпы саны 64. Су сыйымдылығы 1 млн. м-ден астам тоғандардың саны 28.

Ең ірі тоғандар: Қарабөгет, Сұлукөл, Айдын, Түзкөл, Ақжар, Қамқалыбай, т.б. Облыста ауданаралық және шаруашылықтар аралығындағы суару-суландыру жүйелері (каналдары) қалыптасқан. Облыс аумағындағы ауданаралық каналдардың жалпы ұзындығы 1220,8 км, ал шаруашылықтар ішіндегі каналдардың ұзындығы 2714,0 км.

Боралдай

(Боралдай) – Арыс өзенінің оң саласы.

Жуалы ауданынан басталып, Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек, Ордабасы аудандарымен ағып өтеді. Ұз. 130 км, су жинайтын алабының аумағы 1760 км², Қаратаудағы Ақшоқы, Арқарлы, Боралдай тауларынан басталып, Ордабасы ауданындағы Шұбар ауылының маңында Арыс өзеніне құяды. Жоғарғы ағысы тау шатқалымен өтеді, аңғарында жабайы жеміс ағаштары (алма, долана, жабайы жүзім, т.б.) басым. Арыс өзеніне құятын тұсында аңғары кеңейіп, ені 1-4 км-ге жетеді. Қар, жаңбыр және жер асты суларымен толығады. Боралдай кенті тұсындағы жылдық орташа су ағыны 10,5 м/с. Суы тұщы. Минералдылығы 0, 2-0,4 г/л. Жергілікті тұрғындар Боралдай суын егін, бау-бақша суаруға, ауыз суға пайдаланылады. Өзеннен тікелей 10-нан астам ирригациялық каналдар тартылған.

Боралдай

(Боралдай) – Қаратау жотасының оңтүстік-шығысындағы тау сілемі.

Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан. Абс. биіктігі 1318 м (Бекейтау). Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 70 км-ге созылған, ендірек жері батысында (25 – 30 км), оңтүстік-шығысында 5-7 км. Таудың бедері тегістеу келген. Талас пен Арыс өзендерінің су айрығындағы беткейлері тіктеу, жарқабақты. Боралдайдың баурайынан Боралдай, Қиыршықты өзендері бастау алады. Тау карбонның әктасты, гранитоидті және интрузивті жыныстарынан түзілген. Етегі сұр және қоңыр топырақты, эфемерлі-бұталы биік шөптер басым. Беткейлері мен шатқалдарында түркістан аршасы, соғды шетені, алша, күнбағыс, сонымен қатар, жеміс ағаштары шоғырлана өседі. Боралдайда Ақсу-Жабағылы қорығының Қарабастау помологиялық (жеміс-жидекті аудандастыру) телімі орналасқан.

Қиынасу, Күйікасу

(Киынасу, Куйкасу) – Қаратаудың шығыс сілеміндегі асу. Жуалы ауданы жерінде орналасқан. Абс. биіктігі 1200 метр. Қиынасу арқылы Тараз-Шымкент автомобиль жолы өтеді.

Қызтоған

(Кызтоған) – мекен аты (Жамбыл обл.). Халық аңызында «қыздар қазған тоған (арық)». Түркі тілдеріндегі ротацизм заңдылығы (р дыбысының алмасуы)



бойынша кыр//кыз тұлғалары ауыс-қағыс айтыла береді. Қ. – «кырға шығарылған тоған» мәніндегі атау.

Шал

(Шал) – Қырғыз Алатауының батысындағы тау. Тұрар Рысқұлов ауданы Қазақстан және Қырғызстан шекарасында орналасқан. Абс. биіктігі 3788 метр. Тау протерезой және полеозой шөгінділерінен (гранит, диорит, әктас, құмтас, тақтатас, т.б.) түзілген. 1100-1200 м биіктікке дейін сұр топырақты шөлейт, 2200-2500 м-де қоңырқызыл және қара топырақты таулық-дала белдемі, одан жоғарыда шалғындық, шабындық, орман қалыптасқан. 3700 м-ден жоғары көпжылдық қар және мұздықтар кездеседі. Шалдың солтүстік бөліктерінде суармалы және телімі егіншілік дамыған. Тау бөктерінен Шалсу өзені бастау алады.

Жетітөбе

(Жетитөбе) – төбе аты. Жетітөбенің бірі Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы көне қорған орындарының аты.

Үлкенсай

(Үлкенсай) – асу. Билікөл көл оңт. бөлігіндегі Ащыбұлақ су қоймасы.

Кіші Шахан

(Киши Шахан) – тау. Бөкейтау тауының солтүстік шығысында Күренбел ауылының оңтүстік шығысында орналасқан.

Сарытау

(Сарытау) – тау. Ақсуат тауының шығысында Октябрь ауылының оңтүстік батысында орналасқан.

Ақтас

(Ақтас) – тау. Бөкейтау тауының оңтүстік шығысында Ақсуат тауының солтүстік батысында орналасқан.

Кішісу

(Кишису) – тау. Ақсуат тауының солтүстігінде Октябрь ауылының оңтүстік батысында орналасқан.

Қоңыртөбе

(Қоңыртөбе) – тау. Билікөл өзенінің оңтүстігінде Терісащыбұлақ орналасқан.

Арқарлытау

(Арқарлытау) – жота. Билікөл көлінің оңтүстік батысында, Боралдай өзенінің жағалауында орналасқан.



ҚОРДАЙ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Қордай ауылы

Халық саны – 132 500 адам

Аудан аумағы 8973 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтар саны: 14

Құрылған жылы: 23 желтоқсан, 1933 жыл.

Ерекшеліктері мен көрнекті орындар

Ауданда аумағы 3070 га алқапты құрайтын мемлекеттік табиғи – өсімдік қорығы «Құндыз шатқалы» бар.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – халық ақыны Жамбыл Жабаевқа, жерлес-сарбаздарға арналған ескерткіштер (1980 ж.), Өтеген батырдың кесенесі, Фаизов, Грищенко, Айтеков ескерткіштер мен М. Масаншы мүсіні, Д. А. Фурмановқа арналған мемориалды тақта және зираттар бар.

Қордай ауданы

Орталығы – Қордай ауылы

Қордайский район

Центр – аул Қордай

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Алға ауылдық округі	Ноғайбай, Бетқайнар, Кенен а/о құрамынан бөлініп шыққан	Алгинский аульный округ – аул Алға	Алға ауылы
2	Ауқатты ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ауқаттинский аульный округ – аул Ауқатты	Ауқатты ауылы
3	Бетқайнар ауылдық округі	Успенровка ауылдық кеңесі	аульный округ – аул Бетқайнар	Бетқайнар ауылы

4	Жамбыл ауылдық округі	Степной, Қасық а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жамбыльский аульный округ – аул Жамбыл	Жамбыл ауылы
5	Кенен ауылдық округі	жаңадан құрылған	Кененский аульный округ – аул Кенен	Кенен ауылы
6	Қақпатас ауылдық округі	Сарыбұлақ, Бетқайнар а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кақпатацкий аульный округ – аул Қақпатас	Қақпатас ауылы
7	Қаракемер ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Каракемерский аульный округ – аул Қаракемер	Қаракемер ауылы
8	Қарасай ауылдық округі	Михайловск ауылдық кеңесі	Карасайский аульный округ – аул Қарасай батыр	Қарасай батыр ауылы
9	Қарасу ауылдық округі	Чернореченка ауылдық кеңесі	Карасуский аульный округ – аул Қарасу	Қарасу ауылы
10	Қасық ауылдық округі	жаңадан құрылған	Касыкский аульный округ – аул Қасық	Қасық ауылы
11	Қордай ауылдық округі	Георгиевка ауылдық кеңесі	Қордайский аульный округ – аул Қордай	Қордай ауылы
12	Масаншы ауылдық округі	жаңадан құрылған	Масаншинский аульный округ – аул Масаншы	Масаншы ауылы
13	Ноғайбай ауылдық округі	Ырғайты ауылдық кеңесі	Ногайбайский аульный округ – аул Ногайбай	Ноғайбай ауылы
14	Отар ауылдық округі	жаңадан құрылған	Отарский аульный округ – аул Отар	Отар ауылы
15	Сарыбұлақ ауылдық округі	Рисороб ауылдық кеңесі	Сарыбулацкий аульный округ – аул Сарыбулақ	Сарыбұлақ ауылы
16	Сортөбе ауылдық округі	Шортөбе ауылдық кеңесі	Сортобинский аульный округ – аул Сортөбе	Сортөбе ауылы
17	Степной ауылдық округі	жаңадан құрылған	Степной аульный округ – аул Степное	Степной ауылы
18	Үлкен Сұлтұр ауылдық округі	Красногор ауылдық кеңесі	Улькенсултурский аульный округ – аул Үлкен-Султур	Үлкен Сұлтұр ауылы
19	Сұлтұр ауылдық округі	Малоархангельск ауылдық кеңесі	Султурский аульный округ – аул Султур	Сұлтұр ауылы



Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидронимдер түрі (қаз)	Гидронимдер түрі (орыс.)	Аудан
Ақкөл	Акколь	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Алмалысай	Алмалысай	өзен	р.	Қордай ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Қордай ауд.
Иінқара	Иинкара	өзен	р.	Қордай ауд.
Тұлкілі	Тулкили	өзен	р.	Қордай ауд.
Кетпенқалды	Кетпенкалды	өзен	р.	Қордай ауд.
Қоңыр	Коныр	өзен	р.	Қордай ауд.
Қотыр	Котыр	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Бестерек	Бестерек	өзен	р.	Қордай ауд.
Боркылдақ	Боркылдак	өзен	р.	Қордай ауд.
Еспе	Еспе	өзен	р.	Қордай ауд.
Қақпатас	Какпатас	өзен	р.	Қордай ауд.
Мақы	Мақы	өзен	р.	Қордай ауд.
Орманбексай	Орманбексай	өзен	р.	Қордай ауд.
Қопалысай	Копалысай	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Қошқарсай	Кошкарсай	өзен	р.	Қордай ауд.
Жаман Ешкілі	Жаман Ешкили	өзен	р.	Қордай ауд.
Қарақайнар	Карақайнар	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Елібай	Елибай	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Тарылған	Тарылган	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Құлыншақ	Кулыншак	өзен	р.	Қордай ауд.
Жылысай	Жылысай	өзен	р.	Қордай ауд.
Сасықбұлақ	Сасыкбулак	өзен	р.	Қордай ауд.
Көкадыр	Кокадыр	өзен	р.	Қордай ауд.
Ырғайты	Ырғайты	өзен	р.	Қордай ауд.
Нарқызыл	Нарқызыл	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Шатыртөбе	Шатыртөбе	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.

Сығынды	Сыгынды	өзен	р.	Қордай ауд.
Мойынтас	Мойынтас	өзен	р.	Қордай, Шу ауд.
Ұзынсу	Узынсу	өзен	р.	Қордай ауд.
Ақбұлақ	Акбулак	өзен	р.	Қордай ауд.
Мәдиярсу	Мадиярсу	өзен	р.	Қордай ауд.
3-Қақпатас	Какпатас 3-я	өзен	р.	Қордай ауд.
Манкелсай	Манкельсай	өзен	р.	Қордай ауд.
Байқансай	Байкансай	өзен	р.	Қордай ауд.
Иірсу	Иирсу	өзен	р.	Қордай ауд.
2- Қақпатас	Какпатас 2-я	өзен	р.	Қордай ауд.
1- Қақпатас	Какпатас 1-я	өзен	р.	Қордай ауд.
Мойынузілген	Мойинузильген	өзен	р.	Қордай ауд.
Терліксай	Терликсай	өзен	р.	Қордай ауд.
Алтыайғыр	Алтыайғыр	өзен	р.	Қордай ауд.
Токтанай	Токтанай	өзен	р.	Қордай ауд.
Көкадыр	Кокадыр	өзен	р.	Қордай ауд.
Қалғұты	Калгуты	өзен	р.	Қордай ауд.
Жамантал	Жамантал	өзен	р.	Қордай ауд.
Шұбарбайтал	Шубарбайтал	өзен	р.	Қордай ауд.
Қордайсай	Кордайсай	өзен	р.	Қордай ауд.
Ешкілісай	Ешкилисай	өзен	р.	Қордай ауд.
Күркірексай	Куркирексай	өзен	р.	Қордай ауд.
Берікқара	Берикқара	өзен	р.	Қордай ауд.
Керегетас	Керегетас	өзен	р.	Қордай ауд.
Жаңылсай	Жанылсай	өзен	р.	Қордай ауд.
Исабексай	Исабексай	өзен	р.	Қордай ауд.
Шілік	Шилик	өзен	р.	Қордай ауд.
Сұлтанбек	Султанбек	өзен	р.	Қордай ауд.
Шөлдемек	Шольдемек	өзен	р.	Қордай ауд.
Шілөзек	Шильөзек	өзен	р.	Қордай ауд.
Оспансу	Оспансу	өзен	р.	Қордай ауд.
Байғазы	Байгазы	өзен	р.	Қордай ауд.
Қолқағар	Колкағар	өзен	р.	Қордай ауд.



Қызылқайнар	Қызылқайнар	өзен	р.	Қордай ауд.
Ақшешек	Ақшешек	өзен	р.	Қордай ауд.
Үлкен Жалаңаш	Үлкен Жаланаһ	өзен	р.	Қордай ауд.
Шүрегей	Шүрегей	өзен	р.	Қордай ауд.
Қызылқұр	Қызылқур	өзен	р.	Қордай ауд.
Жалаңаш	Жаланаһ	өзен	р.	Қордай ауд.
Ырғайты	Ырғайты	өзен	р.	Қордай ауд.
Жекенді	Жекенды	өзен	р.	Қордай ауд.
Ақалатас	Ақалатас	өзен	р.	Қордай ауд.
Үлкен Таспалы	Үлкен Таспалы	өзен	р.	Қордай ауд.
Қызылқұр	Қызылқур	өзен	р.	Қордай ауд.
Қарасулы	Қарасулы	өзен	р.	Қордай ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулақ	өзен	р.	Қордай ауд.
Беріктас	Бериктас	өзен	р.	Қордай ауд.
Тасқайнар	Тасқайнар	өзен	р.	Қордай ауд.
Сұлусай	Сулусай	өзен	р.	Қордай ауд.
Жаныссай	Жаныссай	өзен	р.	Қордай ауд.
Майбұлақ	Майбулақ	өзен	р.	Қордай ауд.
Батыс Жіңішке	Батыс Жинишке	өзен	р.	Қордай ауд.
Шығыс Жіңішке	Шығыс Жинишке	өзен	р.	Қордай ауд.
Суалма	Суалма	өзен	р.	Қордай ауд.
Төменгі Ешкілі	Томенги Ешкили	өзен	р.	Қордай ауд.
Батыс Бұғымүйіз	Батыс Бугымуйиз	өзен	р.	Қордай ауд.
Үлкен Қашқансу	Үлкен Қашқансу	өзен	р.	Қордай ауд.
Чёрная Речка	Чёрная Речка	өзен	р.	Қордай ауд.
Дунганка	Дунганка	өзен	р.	Қордай ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулақ	өзен	р.	Қордай ауд.
Өрікті	Ориқты	өзен	р.	Қордай ауд.

Қызылсай	Қызылсай	өзен	р.	Қордай ауд.
Көбікті	Кобикты	өзен	р.	Қордай ауд.
Кіші Кемін	Киши Кемин	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд. -ы.
Кіші Қарабұлақ	Киши Карабулақ	өзен	р.	Қордай ауд.
Қастек	Кастек	өзен	р.	Қордай ауд.
Жыңғылды	Жынғылды	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулақ	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Қопалы	Копалы	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Батыс Ырғайты	Батыс Ырғайты	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Ақжігітсай	Ақжигитсай	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Қараконыс	Караконыс	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулақ	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд. шекарасында



Бестана	Бестана	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Шу	Шу	өзен	р.	Қордай, Шу, Мойынкүм, Сарысу (Жамб. обл.) Нарын, Истықкөл Чу обл. (Қырғ. Респ.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Ерменді	Ерменды	өзен	р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Қопа	Қопа	тұзды өзен	сол. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Георгиевский	Георгиевский	канал	кан.	Қордай ауд.
Сортөбе	Сортобе	канал	кан.	Қордай ауд.
Қарасу	Карасу	канал	кан.	Қордай ауд.
Таскайнар	Таскайнар	жылға	руч.	Қордай ауд.
Майбұлақ	Майбулак	жылға	руч.	Қордай ауд.
Беткайнар	Беткайнар	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Үшқайнар	Ушкайнар	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Еспе	Еспе	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Қызылқайнар	Кызылкайнар	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Құндыз	Кундыз	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Тасбастау	Тасбастау	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Қарасай	Карасай	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Сарыбастау	Сарыбастау	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Қорқымбай	Коркымбай	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Ақмолда	Акмолда	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Жалғызағаш	Жалгызагаш	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Тоспа	Тоспа	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Ақдала	Акдала	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Алмалы	Алмалы	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Аққайнар	Аккайнар	бұлақ	род.	Қордай ауд.
Аққұдық	Аккудык	құдық	к.	Қордай ауд.
Нұсқақұдық	Нускакудык	құдық	к.	Қордай ауд.

Ақжал	Акжал	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Айтақсай	Айтаксай	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Көлденеңсу	Кольдененсу	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Алтынқазғансай	Алтынказган-сай	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Ұзынсу	Узынсу	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Мәдиярсу	Мадиярсу	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Берікқара	Бериккара	құрғақ арна	сух. р.	Қордай ауд.
Көлбексай	Кольбексай	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Үшқұдықтасай	Ушкудыктасай	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Қызылеспе	Кызылеспе	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Қопалысай	Копалысай	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Қаракемер	Каракемер	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд.
Кіші Шақшағалалы	Киши Шақшағалалы	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Шет (Қарағанды обл.) ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулак	құрғақ арна	сух. р.	Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд. шекарасында



Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қаз.)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Шу-Иле	Шу-Иле	тау	г.	Қордай ауд.
Дегерес-Қордай	Дегерес-Кордай	тау	г.	Қордай ауд.
Сорқұдық	Соркудук	тау	г.	Қордай ауд.
Сарыбастау	Сарыбастау	тау	г.	Қордай ауд.
Аңырақай	Аныракай	тау	г.	Қордай ауд.
Шөміш	Шомиш	тау	г.	Қордай ауд.
Аққайнар	Аккайнар	тау	г.	Қордай ауд.
Ақмұнар	Акмунар	тау	г.	Қордай ауд.
Керегетас	Керегетас	тау	г.	Қордай ауд.
Ақтам	Актам	тау	г.	Қордай ауд.
Бағыс Аралтөбе	Багыс Аралтобе	тау	г.	Қордай ауд.
Бозоба	Бозоба	тау	г.	Қордай, Шу ауд. шекарасында
Балашөміш	Балашомиш	тау	г.	Қордай ауд.
Қылша	Кылша	тау	г.	Қордай ауд.
Ұйтас	Уйтас	тау	г.	Қордай ауд.
Майтөгіл	Майтогиль	тау	г.	Қордай ауд.
Беріктас	Бериктас	тау	г.	Қордай ауд.
Алтыайғыр	Алтыайгыр	тау	г.	Қордай ауд.
Татыранды	Татыранды	тау	г.	Қордай ауд.
Текетуыс-Тұқыл	Текетуыс-Тукыл	тау	г.	Қордай ауд.
Ақтас	Актас	тау	г.	Қордай ауд.
Шөладыр	Шоладыр	тау	г.	Қордай, Шу ауд. шекарасында
Тарылған	Тарылган	тау	г.	Қордай, Шу ауд. шекарасында

Досыгүл	Досыгул	тау	г.	Қордай ауд.
Кетпенқалды	Кетпенкалды	тау	г.	Қордай ауд.
Сақсайрақ	Саксайрак	тау	г.	Қордай ауд.
Түлкілі	Тулкили	тау	г.	Қордай ауд.
Кіндіктас	Киндиктас	тау	г.	Қордай ауд.
Боктаған	Боктаган	тау	г.	Қордай ауд.
Желдібел	Жельдыбель	тау	г.	Қордай ауд.
Қызылқұр	Кызылкур	тау	г.	Қордай ауд.
Құлақшын	Кулакшын	тау	г.	Қордай ауд.
Кескентас	Кескентас	тау	г.	Қордай ауд.
Қолқағар	Колкагар	тау	г.	Қордай ауд.
Атжайлау	Атжайлау	тау	г.	Қордай ауд. (Жамб. обл.) және Жамбыл (Алм. обл.) шекарасында
Жоғарғы Көктөбе	Жогаргы Коктобе	төбешік	буг.	Қордай ауд.
Горноникольский	Горноникольский	төбешік	буг.	Қордай ауд. (Жамб. обл.) Жамбыл ауд. (Алм. обл.) шек-да
Бұғымүйіз	Бугымуйиз	шоқы	cop.	Қордай ауд. (Жамб. обл.) Жамбыл ауд. (Алм. обл.) шек-да
Тымлайшоқы	Тымлайшоқы	шоқы	г.	Қордай ауд.
Қордай	Кордай	асу	пер.	Қордай ауд.



Жетіжол	Жетыжол	асу	<i>пер.</i>	Қордай ауд. (Жамб. обл.) Жамбыл ауд. (Алм. обл.) шек- да
Қастек	Кастек	асу	<i>пер.</i>	Қордай ауд. (Жамб. обл.) Жамбыл ауд. (Алм. обл.) шек- да
Жаңа Қастек	Жана Кастек	асу	<i>пер.</i>	Қордай ауд. (Жамб. обл.) Жамбыл ауд. (Алм. обл.) шек- да
Жауыркезең	Жауыркезен	асу	<i>пер.</i>	Қордай ауд. (Жамб. обл.) Жамбыл ауд. (Алм. обл.) шек- да
Ұзынбұлақ	Узынбулак	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қарауңгір	Караунгир	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Ителгі	Ительги	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Беріктас	Бериктас	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Есенгүл	Есенгул	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Кіші Қаншиө	Киши Каншиө	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Үйтас	Уйтас	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қаптынсайы	Каптынсайы	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қарашаңлық	Карашанлык	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қырғауыл	Кыргауыл	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Үлкен Қотыр	Улькен Котыр	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Кіші Қотыр	Киши Котыр	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қырғауыл	Кыргауыл	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қызылсай	Кызылсай	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Өрікті	Ориқты	шатқал	<i>уыц.</i>	Қордай ауд.
Қараой	Караой	аңғар	<i>долина</i>	Қордай ауд. (Жамб. обл.) және Жамбыл (Алм. обл.) шек-нда
Қопа	Копа	аңғар	<i>долина</i>	Қордай ауд.

Қорғантөбе	Коргантобе	сай	<i>бал.</i>	Қордай ауд.
Ащылы	Ащылы	жырасай	<i>лог</i>	Қордай ауд.
Қарабауыр	Карабауыр	жырасай	<i>лог</i>	Қордай ауд.
Жаманкөз	Жаманкоз	жырасай	лог	Қордай ауд.
Жетіжол	Жетыжол	жота	<i>хр.</i>	Қордай ауд. (Жамб. обл.) және Жамбыл (Алм. обл.) шек-нда
Ақтас	Актас	жота	хр.	Қордай ауд.
Үлкен Токберген	Улькен Токберген	жон	увал	Қордай ауд.
Екінші Жылан	Екинши Жылан	жон	увал	Қордай ауд.



ҚОРДАЙ АУДАНЫ

Қордай – 1930 жылдан аудан орталығы. Облыс орталығы – Тараз қаласынан шығысқа қарай 300 км жерде, Шу өзінің оң жағалауында, боз жусан аралас боялыш, күйреуік, т.б. эфирлі шөптесін өскен қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты жонды-тобелі келген тау алды жазығында орналасқан. Тұрғыны 24, 9 мың адамнан аса. Іргесі ХІХ ғ-дың 90-жылдары қаланған. 1995 жылға дейін Георгиевка деп аталған.

Қордай ауданы тарихы туралы айтатын болсақ, солтүстігінде қазақтың жазира Бетпақдаласына, оңтүстігінде қазақ-қырғыз телемген Шу өзеніне тіреліп, 8, 9 мың шаршы шақырым алқапты алып жатыр.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының археологтар экспедициясының зерттеулері нәтижесінде Ауқатты ауылының тұсынан сақ жауынгерлерінің бас киімі 6 V ғасырларға тән ыдыс-аяқтар, тұрмыстық қолданыстағы басқа да толып жатқан заттар Бішкектегі тарихи мұражайларда сақтаулы. Мыңбұлақтан жарты шақырым қашықтықтағы Қызылсайға барар жолға дейінгі жер асты үңгірі, Масанчи ауылының әкімшілігі аумағында Өтеген шаруа қожалықтары одағына қарасты Жораз сайындағы тасқа салынған суреттер, «Алмалы» аумағындағы екі бекініс, Майбұлақ өзенінің Шуға құятын тұсында ертедегі адамдар жерленген көлемі 150-200 метрлік ірі қорған ертеде өткен адамдардың тұрмыс-тіршілігінен, эволюциялық өсу кезеңдерінен хабардар етеді.

Қордай ауданы жерінде Георгиевка Х-ХІ ғ. ғ. Кішімешін VII-IX ғ. ғ., Шортөбе қалалары және 4 ауылдық мекен бар. Тарихқа зер салсақ, құнарлы Шу өңіріне және тоғыз жолдың торабына салынған бұрынғы Георгиевка, қазіргі Қордай қаласы жылдам өркендеп, ірі мәдени және саяси орталыққа айналды. Ұлы Жібек жолымен қалаға көптеген керуендер келіп жатты. Солтүстік батысқа жүрген жол Қордай (Георгиевка) Х-ХІІ ғғ., Жаңатұрмыс Х-ХІІ ғғ., Қақпатас ХХІІ ғғ., Х-ХІІ ғғ., елді мекендеріне өтіп, Тасөткел өткелінен келгенде Шу жолының негізгі торабына қосылған. Қордай қаласынан оңтүстік-шығысқа шыққан керуендер Қордай асуы арқылы Керімбай Төбе (Ақтерек) қаласы арқылы Алмалық, Іле өңірі арқылы Қытайға өткен.

Батыс бағытында Қордайдан шыққан керуен сарайлар салынды. Қалаға түрлі тауарлар әкелінді, экономикасы дамып, Х-ХІІ ғасырда үлкен қалаға айналды.

Х-ХІІ ғғ. Қордай ауданының жері Қарахан мемлекетінің құрамында болды. Қарахан мемлекеті (915-955 ж. ж) болып есептелді. Саманилердің қолдауына сүйеніп, ол өз ағасы Оғылшаққа қарсы шығады да, Қашғар мен Таразды өзіне қаратады. 942 жылы Сатұқ Баласағұн қаласы билеушісін құлатып, өзін Жоғарғы қағанмын деп жариялайды. Қарахан құрылады. Оның иелігі Хотан, Бұқара, Балқаш көлі мен Алакөл, шығыста ұйғырлар Амудария мен Сырдария, Жетісу мен Қашқарияға дейін созылып жатты. ХІІ ғ. 30 жылдары Қарахан мемлекеті Батыс және Шығыс Қарахан болып бөлінеді. Шығысқа Тараз, Исфиджаб, Шаш, Ферғана, Жетісу, Қашғар жері кірді. Астанасы болады. ХІІ ғ. 2 ширегінде Қарахан мемлекетін қарақытайлар Жетісу мен Баласағұн қаласын басып алады,

Қордай осы Х ғасыр кезде өркендеген ірі қалаға айналды.

Қордай ауданы алғаш 17. 1. 1928 ж. Алматы округінің құрамында, кейіннен (14. 10. 1939 ж.) Жамбыл облысына берілді. Аумағы 8973 мың км². Тұрғын

саны 132 500 мың адамнан аса. Аудандағы 41 елді мекен 19 ауылдық әкімшілік округтерге біріктірілген. Орталығы – Қордай ауылы. Қордай ауданының жері, негізінен, таулы. Солтүстік және шығыс бөлігін Шу-Іле таулары (биіктіктері теңіз деңгейінен 1000 м-ден жоғары) алып жатыр. Кіндіктас, Жетімжол, т.б. тау жоталары ауданның оңтүстік және оңт. -шығыс бөлігін алып жатыр. Шу аңғары жазық келген.

Климаты континенттік, қысы-жазы жиі-жиі Қордай желі соғып тұрады.

Аудан жерімен Шу өзенінің оң саласы саналатын Ырғайты, Қалғұты, Қарақоңыз, Қалқатас (Қақпатас), Кіндіктас пен Жетімжолдан бастау алатын бірнеше кішігірім өзендер ағады. Ауданның оңтүстігі және оңт. -шығысынан Іле өзенінің алабына жататын, жазда құрғап қалатын Жаманты, Иірсу, Ұзынсу, т.б. өзендер ағады. Қақпатас, Қарақоңыз өзендері алабында осы өзендердің атымен аталатын бөгендер салынған. Олардың жалпы су сыйымдылығы 18, 7 млн м³. Олар аудан шаруашылықтарының 4, 5 мың га жерін суарады және суландырады. Одан басқа аудан аумағында Алтыайғыр, Майбұлақ және Қалғұты тоғандары бар. Шу өзенінен бірнеше каналдар тартылған. Олардың ең ірісі – Георгиевка магистралдық каналы. Аудан жерінде қоңыр, шалғынды қоңыр, шалғынды сары, қызыл қоңыр, солтүстігінде (Қопа және Қараой жазығында) сұр, сортаңды сұр топырақ қалыптасқан. Ірі елді мекендері: Қордай (24,9 мың адам), Сортөбе (10, 8), Масаншы (9, 0), Отар (4, 4), Ауқатты (4, 2), Бетқайнар (4, 4), Қаракемер (3, 2), Қарасу (3, 2), Қасық (3, 0), т.б.

Қордай ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономистика комиссиясының 22.07.1995 ж. ұйғарымы бойынша Георгиева ауылы Қордай ауылы болып аталды. Бұл тарихи атаудың мағынасы туралы әр түрлі пікір бар. ХІ ғ. ғалымы Махмуд Қашқари Қордай – «Құстың бір түрі» десе (М. Қашқари. III т. 1962, 258 б.), В. Радлов Қордай сөзі алтай, телеуіт тілдерінде «цапля» деп көрсетеді (Радлов В. Опыт словаря Тюркских наречий. Т. II. Часть 1 стр. 576). Қоңқашбаев бұл моңғолдың хуртай – «жаңбырлы» деген сөзінен қойылуы мүмкін дегенді айтады. Біздің пікірімізше, қор сөзі қар сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі, ал дай тіліміздегі ды, ты жұрнағының моңғол, көне түркі тіліндегі нұсқасы. Демек, Қордай – «қарлы, жаңбырлы» немесе Якут тіліндегі Хордогой «биік қырат, тау тізбегі» дегенде тура келетіндей.

Жамбыл

(Жамбыл) – Қордай аудандағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Ол аудан орталығы – Қордайдан солтүстік-батысқа қараған жерде, бұта аралас түкті бидайық т.б. астық тұқымдасты шөптесін өскен төбелі-жонды келген таудың қоңыр, қызыл қоңыр топырақты аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1, 8 мың адамнан асды. 1930 ж. құрылған элиталық тұқым алатын Георгиевка қызылша бөлімшесі ретінде қаланды. Оның негізінде ауылда шаруа қожалықтары мен ЖШК құрылды. Жамбылда орта мектеп, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.



Жанатұрмыс

(Жанатұрмыс) – Қордай аудандағы ауыл, Жамбыл ауылдық әкімшілік округі құрамында. Аудан орталығы Қордайдан солтүстік-батысқа қарай 23 км жерде, бұта аралас бидайық, айрауық, т.б. астық тұқымдасты шөптесін өскен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты төбелі-жонды келген тауаралық аңғарда орналасқан. Тұрғыны 1, 2 мың адамнан аса. Іргесі 1965 ж. қаланып өзімен аттас қой өсіретін кеңшардың орталығы болды. Оның негізінде 1997 жылдан Жанатұрмыс өндірістік кооператив пен бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Жанатұрмыста орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, мекемелер бар.

Кенен

(Кенен) – Қордай ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Қордай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 67 км жерде, Қопа жазығының шығысында, астық тұқымдас бетегелі өсімдіктер өскен кәдімгі сұр топырақты, шөл белдемінде орналасқан. Тұрғыны 2, 1 мың адамнан аса. Іргесі С. М. Киров атындағы қой шаруашылығымен айналысатын ұжымшар ретінде 1930 ж. қаланды. Оның негізінде Кененде және ауылдық округке қарасты Мұзбел ауылында 29 шаруа қожалығы, 1 ЖШС жұмыс істейді. 2 орта мектеп, клуб, отбасылық дәрігерлік амбулатория, фельдш. -акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Қайнар

(Қайнар) – Қордай ауданындағы ауыл, Сарыбұлақ ауылдық әкімшілік округі құрамында. Аудан орталығы Қордай ауылынан солтүстік-батысқа қарай 55 км жерде. Шу өзенінің оң жағалауында, бұта аралас сұр жусан, баялыш, күйреуік өскен сұр, сортанды сұр топырақты тау алды жазығында орналасқан. Тұрғыны 2, 7 мың адамнан аса. 1997 жылға дейін Благовещенка деп аталған. 1964 – 97 жылдар аралығында қызылша өсіретін «Көкқайнар» кеңшарының орталығы болды. Оның негізінде 1997 жылдан өндірістік кооператив және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана бар.

Қаракемер

(Қаракемер) – Қордай ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Қордай ауылынан шығысқа қарай 52 км жерде, Қарақоңыз өзенінің жағалауында, баялыш, жусан, күйреуік басым өскен, қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты тау етегінің төбелі-жонды келген жазығында орналасқан. Тұрғыны 3, 2 мың адамнан аса. Іргесі 1950 ж. Чапаев атындағы қой өсіретін ұжымшардың орталығы болды. Оның негізінде 1997 ж. 40-қа жуық шаруа қожалығы құрылды. Ауылда орта мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Қарасай батыр

(Қарасай батыр) – Қордай ауданындағы ауыл, Қарасай ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Қордай ауылынан шығысқа қарай 82 км жерде, Көбікті өзенінің жағалауында, бұта аралас бетеге, сұлыбас басым өскен

қоңыр, қызыл қоңыр топырақты қоңыржай агро – климатты тау аралық аңғарда орналасқан. Тұрғыны 2, 8 мың адамнан аса. 1993 ж. дейін Михайловка деп аталып келген. 1957-1997 жылдары жеміс-жүзім шаруашылығымен айналысатын «Алмалы» кеңшарының орталығы болды. Оның негізінде 1997 жылдан Қарасай батыр ауылында 80-ге жуық шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта, орталау мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Қарасу

(Қарасу) – Қордай ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Қордай ауылынан шығысқа қарай 15 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауында, бұта аралас бетеге, бөз, көде басым өскен қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты тау алдының қоңыржай агроклиматты белдемінде орналасқан. Тұрғыны 3, 2 мың адам. Ауыл 1997 ж. дейін Черная речка ауылы деп аталып келген. 1953 – 1997 жылдары қызылша өсіретін Ленин атындағы ұжымшардың орталығы болды. Оның негізінде Қарасуда 1997 жылдан өндірістік кооператив, ЖШС және 20-дан астам шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта, орталау мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Қысмышы

(Қысмышы) – орта ғасырдағы шағын қала. Қордай ауданы Ауқатты ауылынан солтүстік-батысқа қарай 3-5 км жерде, Шу өзенінің сол жақ жағалауында. 1937 ж. Ю. Г. Платонов, 1940 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекші А.Н. Бернштам) зерттеген. Қысмышы – тік төрт бұрышты (ауданы 300x400 м) жазық төбе. Оның орталық бөлімінде қамалдың (цитадель) бұзылған орны бар. Қала ортасы үш жағынан (оңтүстік жағын қоспағанда) ұзындығы 10 км дуалмен қоршалған. Қоршау ішінде жеке салған құрылыстардың құлаған қалдықтары сақталған. Зерттеу нәтижесінде Қысмышының жоғарғы қабатынан қыштан жасалған үй қабырғаларының ою-өрнекті тақташалары, ыдыстар, өлген адамдардың сүйегін күйдіріп салған құмыра (биіктігі 1 м, түбінің диаметрі 0, 4 м, бүйірінің диаметрі 0, 7 м) табылды. Қысмышы VII-XIV ғасырларға жатады. Қысмышыны А.Н. Бернштам Яқалықпен баламалайды.

Масанчи

(Масанчи) – Қордай ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Қордай ауылынан шығысқа қарай 52 км жерде, бөз жусан, баялыш, күйреуік, сұлыбас өскен төбелі-жонды келген тау алдының қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты қоңыржай ылғалды агроклиматтық белдеуінде орналасқан. Тұрғыны 8, 9 мың адам. 1928-1997 жылдар аралығында Коминтерн атындағы ұжымшардың орталығы болды. Оның негізінде Масанчи-де 2 өндірістік кооператив, 30-дан астам шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Ауылда 2 орта мектеп, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Ауыл азамат соғысының ардагері М. Масанчидің есімімен аталған.



Отар

(Отар) – Қордай ауданындағы ауыл, темір жол стансасы, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Қордай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 77 км жерде, Қопа жазығының бөз жусан аралас әр түрлі астық тұқымдасты шөптесін өсімдіктер кең шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 4, 4 мың адам. Іргесі 1928 ж. Түрксіб темір жол салуға байланысты қаланды. 1973 ж. Жамбыл облысының Красногор ауданының орталығы болып келді. Аудан таратылып, Қордай ауданына берілген соң, ауылдық округ орталық болып қалды. Отарда ауыл шаруашылығы техника, химия бірлестіктері, жұмыс қажетін өтеу комбинаты, мұнай базасы өндірістік кооперативтер мен ЖШС-терге, шаруа қожалықтарына біріктірілді. Ауылда орта мектеп, клуб, аурухана, емхана, т.б. мәдени-ағарту, денсаулық сақтау мекемелері бар. Отар арқылы Тараз – Алматы темір жолы, 10 км жерден автомобиль жолы өтеді.

Өтеген

(Өтеген) – Қордай ауданындағы ауыл, Қарасу ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Қордай ауылынан шығысқа қарай 22 км жерде, ақ жусан, баялыш, т.б. эфемероидті шөптесін өскен тау алдының сұр, бозғылт қоңыр топырақты аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1, 2 мың адам. Ауыл 1992 ж. дейін Кеңес деп аталып келді. 1953-1997 ж. қызылша өсіретін «Искра Ленина» ұжымшарының орталығы болды. Оның негізінде Өтеген ауылында 1997 жылдан ЖШС және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орталау мектеп, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Сарыбұлақ

(Сары бұлақ) – Қордай ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы – Қордай ауылынан солтүстік-батысқа қарай 40 км жерде, Қақпатас өзенінің жағалауындағы ақ жусан аралас эфемерлі шөптесін өскен қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты тау алдының қуаң агроклиматтық белдемінде орналасқан. Тұрғыны 2, 2 мың адамнан аса. Ауыл 1964-1997 ж. қызылша өсіретін «Сарыбұлақ» кеңшарының орталығы болды. Оның негізінде ауылда «Сарыбұлақ» АҚ және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта, бастауыш мектептер, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, клуб, кітапхана, т.б. мекемелер бар.

Сұлутөр

(Сулутөр) – Қордай ауданындағы ауыл, Үлкен Сұлутөр ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Қордай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 77 км жерде, Кіндіктас тауының қиыр шығыс бөлігінде, бұта аралас, сұлыбас, бетеге, т.б. әр түрлі шалғын шөптер өскен, қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты тау баурайының әсем аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1, 3 мың адам. Ауыл 1992 ж. дейін Малоархангельское деп аталып келген. 1954-1997 ж. қой өсіретін «Қызыл Октябрь» ұжымшарының орталығы болды. Оның негізінде Сұлутөрде 1997 жылдан «Сұлутөр» ЖШС-і және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Үлкен Сұлутөр

(Үлкен Сулутөр) – Қордай ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық әкімшілік округтің орталығы. Аудан орталығы – Қордай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 70 км жерде, Ырғайты өзенінің оң саласының жағалауында, Кіндіктас тауының оңтүстік-шығыс баурайындағы бетеге, сұлыбас, қылқан, боз, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен қызғылт қоңыр, қара топырақты тауаралық аңғарда орналасқан. Тұрғыны 1, 8 мың адам. Ауыл 1993 ж. дейін Красногорка деп аталып келген. Іргесі 1920 ж. қой өсіретін Калинин атындағы ұжымшарды ұйымдастыруға байланысты қаланған. Оның негізінде ауылда 1997 жылдан «Үлкен Сұлутөр» өндірістік кооперативі және бірнеше шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Үлкен Сұлутөрде орта мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Успеновка

(Успеновка) – Жамбыл облысы, Қордай ауданындағы село атауы. Қазіргі Бетқайнар ауылы. Бұл Жамбыл облысы әкімінің 01. 10. 1993 жыл №111 қаулысы бойынша өзгертілді. Аудан орталығының солтүстік батысында 29 км жерде. Іргесі 1909 ж. қаланған. 1929 ж. Р. Люксембург атындағы колхоз болып ұйымдастырылды, 1965 ж осы шаруашылық қызылша өсіретін совхозға айналды. Халқы 4, 6 мың. Диірмен, жылжымалы механикалық колонна, шеберханалар, орта мектептер, кәсіптік техникум, училище, төрт кітапхана, қонақ үй, аурухана бар.

Ырғайты

(Ырғайты) – Жамбыл облысы Қордай ауданындағы өзен Шу-Іле тауының Жетіжал жотасынан басталады. Ақтерек елді мекені тұсында өзен суын шаруашылықтар егін суаруға бөліп әкетеді.

Керу

(Керу) – ауыл, Қордай ауданы. Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының 05.07.1991 ж. №751-ХІІ Қаулысы бойынша Новоалександровка ауылының аты өзгертіліп, бұрынғы тарихи аты қалпына келтіріліп, Керу ауылы аталды.

Атаудың мағынасын қазіргі қазақ тіліндегі материалдардан түсіндіру тым қиын. Э.М. Мурзаевтың пайымдауынша, шуваш ғалымы Г.Е. Корнилов шуваш тілінде кар/кер Санқай (Сұңғайты, Қорағаты) Хор Шөңгер /Чанқыр, Суяб/ Шуяб Қорғат /Хуртай (109 б.) Қасық/ қали – (110б.) Соғанды (соғанды/суыққанды, 111б.) сөзі арқылы жасалған: Шувашкар яғни Чебоксары атауын, ондағы кар сөзін түрік тіліне тән, «қорған» мәніндегі сөз деп қарайды. Ал пермяк тілінде кар – «қалашық», «бекініс, қорған» деген мәнді білдіретін сөз екен [37. 254 б.]. Бұл дерекке қарағанда, Керу атауындағы кер сөзінің сол бастапқы кездегі қар сөзінің тілімізде өзгеріп, жінішке тұлғада айтылған түрі деп қараудың нобайы бардай, ал атау соңындағы – у қосымша екені сөзсіз деп пайымдаймыз.



Қасық

(Касық) – Қордай ауданындағы Талапты ауылы бұрын Қасық ауылы деп аталған. Бұл өңірді, негізінен, қазақтар мекен еткен. Қай жердің шөбі жақсы болса, сонда қоныстап жүре берген. Негізгі кәсібі мал өсіру болған. Бұл жерді негізінен, үйсіндердің қасқарау деген руы жайлаған. Мұнда Жұмағұл, Бесқалмақ, Бердігүл, Рысқұл деген ауылдар болған. Олар қыста Қасықта, жазда Қарұшық, Қызылқайнар, Теріскей мал жайлауына көшіп отырған.

Қасық ауылы орналасқан жерге ХХ ғ. басында патша үкіметінің бұйрығымен Ресейдің орталық аудандарынан орыстар, украиндер, молдавандар көшіп келіп орналасқан. Қасық ауылының шығыстан батысқа созылған бес тұзу, кең көшесі болған. 1924 ж. Қасық ауылы ну ағаштың тасасынан екінші көшедегі үйлер көрінбей тұрған. Патша өкіметі құлаған соң онда орналасқан орыстар бай-қулақ боп байып алып, Совет өкіметіне де бағынбай қойған. Қазақтарды Қасық ауылының маңына да жолатпай қойған.

Сондықтан 1924 ж. Қызыл әскердің күшімен Қасық ауылының тұрғындары басқа жерлерге күшпен көшірілді. Бос қалған үйлерге таулы жерде киіз үйде жүрген кедей қазақтарды көп үгіттеп, сол үйлерге көшіріп алып келді. Жақсы күтімі болмаған жеміс ағаштар, жүзімдер бірте-бірте құрып жоқ болады. Ол жылдары қазақтардың жекеменшік те байлықтары көп болмаған.

1930 ж. Қасық ауылының тұрғындары «Талапты» колхозына бірігеді. Қасық ауылының жері 1934 ж. дейін, Бірғайты өзенінің суымен суарылған.

Бұл жердің Қасық аталу себебі, ауылды сырттай қарағанда қасық пішінде болуына байланысты.

Жанатұрмыс

(Жанатурмыс) – Қордай ауд. ауыл. Мағынасы: «революциядан кейін жаңа қоғам, жаңа тұрмыс құруға тілек білдіруге байланысты» қойылған атау. Жылы (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «жер астынан шығып жатқан бұлақ суының жылы екенін» білдіреді.

Сарыбастау

(Сарыбастау) – е. м., Қордай ауданындағы елді мекен. Сары (сын есім) + бастау (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Бастау деп бұлақтың басталар басын айтады. Сонда атаудың мағынасы: Бастау, бұлақ басы маңайының топырағы сарғылт болып жататынын білдіреді.

Сарыбұлақ

(Сарыбулақ) – е. м., Қордай ауданы. Сары (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бұлақ маңының сары болып келіп, бұлақ суының да басы сарғыштанып ағатынын» білдіреді.

Қызылсай

(Қызылсай) – е. м., Қордай ауданы. Қызыл (сын есім) + сай (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы атаудың сайдың топырағының немесе тасының қызыл болуына байланысты қойылғанын білдіреді.

Құлжабасы

(Құлжабасы) – е. м. Қордай ауданы. Құлжа (зат есім) + басы (тәуелдік жалғауының III жағында тұрған зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Жергілікті адамдардың айтуына қарағанда, бұл атау былай қойылған: «бұрынғы кезде төбенің, таудың басына тастан оба жасап, оның үстіне құлжа басы орнататын болған». Көшіп жүрген қазақтар құлжа басының ана жағындағы жер немесе мына жағындағы жер деп бағдарлайтын және көшпенділерге бұл алыстан көрінетін болған.

Ауқатты

(Ауқатты) – а. о. Қордай ауданы,

(Ауқатты) – а. Қордай ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің Мемлекеттік ономастика комиссиясының 24.06.1998 ж. ұйғарымымен Кишмиши атауы өзертіліп, Ауқатты ауылы болып аталды. Мағынасы: «дәулетті, бай (ел)» дегенді білдіреді.

Беріктас

(Бериктас) – а. Қордай ауданы.

«Айналасы таспен қоршалған, мекем, мықты мекен» мәніндегі атау.

Бетқайнар

(Бетқайнар) – а. о. Қордай ауданына қарасты елді мекен.

Бұрынғы Успенка ауылы. «Беткей жердегі қайнар, бастау» мәніндегі атау.

Бел

(Бель) – а. Қордай ауданы.

Географиялық терминнен жасалған атау. Мағынасы: «асу, кезең» дегенді білдіреді. Елді мекен аты осы бел (кезең, асу) сөзінен қойылған.

Бұлар батыр

(Булар батыр) – а. Қордай ауданы.

Дүнген халқының атақты батыры. Батыр есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссияның 05. 09. 1997 ж. ұйғарымымен қойылған ауыл аты.



Еңбек

(Енбек) – а. Байзақ ауданы,

(Енбек) – а. Жамбыл ауданы,

(Енбек) – а. Жуалы ауданы,

(Енбек) – а. Қордай ауданы.

Халықты аянбай еңбек етуге шақыратын жаңа атау. Сондықтан «Еңбек түбі – жеңбек» деген мақал да бар.

Керу

(Керу) – а. Қордай ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі төрағасының 05.07.1991 ж. №751-ХІІ Қаулысы бойынша Новоалександровка ауылының аты өзгертіліп, бұрынғы тарихи аты қалпына келтіріліп, Керу ауылы аталды. Атаудың мағынасын қазіргі қазақ тіліндегі материалдардан түсіндіру тым қиын. Э.М. Мырзаевтың пайымдауынша, чубаш ғалымы Г.Е. Корнилов чубаш тілінде кар сөзі арқылы жасалған: Чубашкар яғни Чебоксары атауын, ондағы кар сөзін түрік тіліне тән деп қарайды. Демек кар «қорған» мәніндегі сөз деп қарайды. Ал пермь тілінде кар – «Қалашық», «бекінісі, қорған» деген мәнді білдіретін сөз екен. (Э.М. Мурзаев. М. 1984, 254). Бұл дерекке қарағанда Керу атауындағы кер сөзінің сол бастапқы кездегі кар сөзінің тілімізде өзгеріп, жіңішке тұлғада айтылған түрі деп қараудың нобайы бардай, ал атау сонындағы – у қосымша екені сөзсіз деп пайымдаймыз.

Көкадыр

(Кокадыр) – а. Қордай ауданы.

Бұл атау «Көктөбе», «Көкжота», «Көкқырат» деген атаулармен мәндес сияқты.

Көктөбе

(Коктобе) – а. Қордай ауданы,

(Коктобе) – а. Шу ауданы.

Көк (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «төбенің тасы, өсімдік көк немесе «биік төбе» екенінін білдіреді.»

(Коктобе) – а. Жуалы ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07. 10. 1993 ж. №2410-ХІІ Қаулысы бойынша Новозылсеновка ауылы өзгертіліп тарихи аты қалпына келтіріліп, Көктөбе ауылы аталды.

Күнбатыс I

(Кунбатыс) – а. Қордай ауданы.

Күн (зат есім) + батыс (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «бұл ауылда белгілі бір объектінің батыс жағында екенін» білдіреді.

Күнбатыс II

(Кунбатыс II) – а. Қордай ауданы.

Мағынасы жоғарыда айтылғандай.

Қақпатас

(Какпатас) – а. о. Қордай ауданы,

(Какпатас) – а. Қордай ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07. 10. 1993 ж. №2410-ХІІ Қаулысымен Рисороб ауылы өзгертіліп, бұрынғы тарихи аты қалпына келтіріліп Қақпатас ауылы болып аталды. Атаудың мағынасы: «Жер көрінісінің қақпа тасқа ұқсас болуына» байланысты аталған.

Қарақоңыз – бекіністі мекен. Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қарақоңыз ауылында. Көл 50x50м алаң. Қарақоңыздың биіктігі 3 м, бекініс дуалдармен қоршалған. 1937 ж. археолог Ю. Г. Платонов зерттеді. Қарақоңыз бекінісінің төңірегінде бірнеше тас мүсіндер табылды. Олар көне түрік дәуірінің VI-VIII ғасырына жатады. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1975. 6-том, 487 бет

Қалғұты

(Калгуты) – а. Қордай ауданы.

Бұл атау орысша Калгута болып қате жазылып жүр. Атау Қазақстанның басқа жерлерінде де кездеседі. Мәселен, Шығыс Қазақстандағы және Алматы облысындағы өзен аты, Семей облысы Аягөз ауданындағы жер аты Қалғұты деп аталады. Белгілі қазақ топонимисі Ғ. Қоңқашбаевтың пікірі бойынша, бұл монғолдың халға (қақпа) деген сөзінен алынған және тауды кесіп өтетін өзен аңғарының рельефін дәл береді. (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН КазССР. Серия филологии и искусство – ведения. ВИП. 1 (11), 1959, 91-бет).

Осы жерде экспедицияда болған ж. Болатовқа жергілікті қазақтар бұл монғолдың «қазды» деген сөзі деп түсіндірген. «Шынында да – деп жазады ж. Болатов, – қазды монғолдар галу, галлун деп атайды екен, осыған қарағанда, бұл жер аты да монғол сөзінен шыққан болып табылады». (Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен...» Жинақ. 4-шығы, 1962, 53-б.). Ал С. Хабшай, Ә. Міністің «Монғолша-қазақша сөздігінде «галууірек» дегенді білдіреді.

Мүзбел

(Музбел) – а. Қордай ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 05. 09. 1997 ж. ұйғарымымен Қордай ауы-



лы Мұзбел ауылы болып аталды. Атау: «мұзарт, яғни мұзды жердегі асу» деген мәнде қойылған.

Сарыарқа мен Қан тауындағы асудың және Үстірттегі Қарабауыр төбесінің (басының) аттары Мұзбел деп аталады.

Ноғайбай

(Ноғайбай) – а. о. Қордай ауданы,

(Ноғайбай) – а. Қордай ауданы.

Ноғайбай кісі аты. Белгілі шешен есімімен байланысты қойылған.

Шарбақты

(Шарбақты) – а. Қордай ауданы.

Шарбақ (зат есім) + сөзіне сын есім тудыратын-ты жұрнағы қосылу арқылы жасалған атау. Мағынасы: «бұл маңда бір жер (бау-бақша, шарбақпен қоршалғанын)» білдіреді.

Ешкілікордай

(Ешкиликордай) – мекен аты (Қордай тауының шығыс баурайы. Жамбыл обл.). Тау ешкінің көптігімен байланысты қалыптасқан атау. Топонимнің өзіндік мәні сол тау ешкілері тек биік құздарда ғана емес, ретіне қарай, еңісті де мекендейтінін көрсетеді.

Қалғұты өзені

(Калгуты) – ауыл ортасында Жетімжолдан бастау алатын Қалғұты өзені ағып жатыр, ауданының бірнеше елді жерлеріндегі суармалы жерлерді суландырады.

Алға ауылдық округінің территориясында жайласқан. «Қалғұтты» этнонимінің фонетикалық жағынан сөйлеу тіліне ықшамдалған түрі.

Соғанды өзені

(Соғанды) – Бетқайнар мен Соғанды ауылының бойында орналасқан. Соғанды атауының өзі осы өзеннің атауымен байланысты. Өзен жнрлікті Қаратаудан басталған. Көктемде қар-жаңбыр суы молайған кезде өзен өткел бермей қатты тасып адам, мал шығындары болып тұрған. Осыған байланысты «Суы қанды өзен» деген атау пайда болған. Кейін Соғанды өзені аталып кеткен.

Алтыайғыр өзені

(Алтыайғыр) – Соғандыға кетіп бара жатқан жолдың бойындағы өзенді атайды. Алғаштағы аз жылқы құт қоныс болған өзенге бастау болған бұлақтың басында өсіп өнеді. Сөйтіп, Қыбырай елінің 6 үйір жылқысы өзен бойын қысы жазы жайлаған екен. Содан соң өсе келе «Алтыайғыр» деп аталып кетіпті.

Қызылқайнар өзені

(Қызылқайнар) – Қарабауырдың етегінен өтеді, бұл бұлақтың қасиеті мөлдір тұнық суқызыл тастың арасынан шығады, сондықтан «Қызылқайнар» деп аталып кетіпті.

Левая, Правая екі каналы

(Левая, Правая) – Қордайдан келетін негізгі су торабы болған канал. Жамбыл ауылдық аймағында жоғарғы жағынан ағады. Ел аузынан естігеніміздей, баяғы ата-бабаларымыз көшпенді өмір сүрген кезде әр үлкен бұлақтың басында ағайын болып, қауымдаса орналасқан екен.

Қарақоныс өзені

(Қарақоныс) – Қарақоныс өзені ауылдың батыс жағымен ағып өтеді. Өзен бастауын Шу-Іле тауларының шығыс беткейіндегі бұлақтардан алады. Басталғанда тау өзені болып тар аңғармен, төменгі бөлігінде жазық өңірімен ағады. Су толысуы көктемде байқалады.

Қарақоныс су қоймасы

(Қарақоныс) – Оң қапталда Қарақоныс су қоймасы, күнгей жағына Шу өзені, екі ел шекарасы; солтүстігінде-Қарақоныз бөгені бар. Ол Қырғызстанның Тоқмақ қаласы.

1986 жылы өзен бойында Қарақоныс бөгені салынды. Бөген Шу-Іле Тауының Қастек және Жетіжол жоталарының аралығында Қаракемер ауылынан солтүстікте үш шақырым қашықтықта орналасқан. Су қоймасының салыну мақсаты – су ағынын реттеу, Масаншы, Қаракемер ауылдарының егін шаруашылығын сумен қамтамасыз ету.

Шөміш плотинасы

(Шомиш) – Қордай, Шу өңірінің құнарлы жерлерін суару мақсатында шөміш бөгетінің жобасы 1922 жылы бекітілген. Шөміш бөгетінің құрылысы 1930 жылы қайта жалғастырылды. Барлық жұмыс қолмен атқарылады. Қабырғасы қатпаған қаршадай баладан бастап еңкейген қарттарға дейін құрылыста істеді. 1961 жылы ол толық электрлендірілді. Шөміш су торабы Қордай ауданы мен Қырғызстан Республикасының 40000 гектар жерін суландыруға мүмкіндік берді. Шөміш плотинасы Қордай ауылының Шөміш мөлтек ауданында орналасқан.

Қайнар көзі

(Қайнар) – Сарыбұлақ ауылдық округі, Шу өзенінің жағасында, аудан орталығынан 52 шақырым қашықтықта жасыл даракқа, желекке оранған Қайнар ауылы орналасқан. Бұл ауылдың әр жерден қайнар көзі ашылып, су көзі молайып, құрақтар жиі өсетін, сол себептен Қайнар аталып кеткен.

Жыңғылды

(Жыңғылды) – Қордай ауданындағы өзен. Іле алабында. Ұзындығы. 82 км, су жиналатын алқабы 1180км². Шу – Іле су айырығындағы Айтаудың солтүстік – шығыс беткейіндегі бұлақтардан басталып, Жусандала жазығындағы



Қоңыр құрғақ арасына 9 км жетпей тартылып қалады. Өзен алабы – Қордай ауданы шаруашылықтарының қысқы мал жайылымы.

Сарыбұлақ

(Сарыбулак) – Сарыбұлақ бұрыннан келе жатқан тарихи атауы. Бұлақтан шыққан. Таудан келген сумен ілесе келген жыныстардың түсі сарғыш болған. Сол себептен Сарыбұлақ деп атаған.

Қаракемер

(Қаракемер) – а. о. Қордай ауданы,

(Қаракемер) – а. Қордай ауданы.

Бұл сияқты ауыл аттары Алматы, Ақтөбе облыстарында да бар. Атаудың бірінші құрамындағы қара сөзі бұл арада «үлкен», «зор» мәнінде қолданылып тұрса, екінші сыңарындағы кемер «бір жақ қабағы су ораған биік арна», «қарайып жатқан тік қабақ» дегенді білдіреді.

Қарақоңыз

(Қарақоңыз) – Қордай ауданындағы өзен. Ұз. 52 км, су жиналатын алабы 652 шаршы км. Қарақоңыз Жетімжол жотасының оңтүстік беткейінен басталып, Шортөбе а. тұсында Шу өзеніне құяды. Аңғары жоғарғы бөлігінде тар, төменде кеңейеді, беткейі тік келген. Қар және жер асты суымен толығады. Жылдық орташа су ағыны Қаракемер ауылы тұсында 2, 65 м/сек. Ауданның егістігін суарады. Кен алабында Қарақоңыз шатқалы атты мемлекеттік қорықша орналасқан.

Георгиевка каналдары

(Георгиевка) – Қырғызстан мен Қазақстан аралығындағы ірі суару-суландыру жүйелерінің бірі. Қордай ауданында орналасқан. Каналдың құрылысы 1931 ж. басталып, 1935 ж. пайдалануға берілген. Оның Шу өзеніндегі бөгеттен екі тармаққа бөлінгенге дейінгі аралығы 4, 2 км, табанының ені 12 м, тереңдігі 2, 5 м. Қордай а. тұсында канал оң және сол тармақтарға бөлінеді. Оң жақ каналының ұз. 40, 5 км, табан ені 1 – 3 м, тереңдігі 1 – 1, 77 м, су өткізгіштігі 7, 92 м/с. Сол жақ каналының ұз. 48, 7 км, табан ені 7 – 12 м, тереңдігі 0, 7 – 2, 5 м, су өткізгіштігі 11 – 31 м/с. Қордай ауданының бірнеше мыңдаған га егістігі суарылады.

Алтыайғыр

(Алтыайғыр) – Қордай ауданындағы тоған. Алтыайғыр өзені бойында салынған және осы өзен суымен толығады. Сыйымдылығы 1, 7 млн. м². Алтыайғыр тоғанының суымен аудан аумағындағы шаруашылықтардың егістігі мен шабындығы суғарылады.

Иірсу

(Иірсу) – тау суының аты. Көне түркілердің діни нанымдарымен байланысты атауы болатын да жобасы бар. Өйткені орхон жазуларында иір-суб атауы

«су атасы» делінген жерлер бар және алтай тіліндегі дьер су («әулие») да сол мағынада.

Көкқайнар

(Кокқайнар) – елді мекен аты. Әуелде қайнар аты. Түспен байланысты атау.

Қасық атауы туралы зерттеулерде Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары атты еңбегінде: «Қасық – Оңтүстік және Орталық Қазақстандағы мекен-жай, ауыл аттары. Түр. этникалық топ аттары. Фонетикалық жағынан түркілердің этнотермині ретінде: аз-аз-һаз-һазық-қазық-қасық түрлерінде эволюциялануы заңды құбылыс (19. 2-т., 1-б. 1963, 553-б.) - деген.

Қарақоныс

(Қарақоныс) – мекен аты. Ол жердегі елді мекен Масанчи аталады (Жамбыл обл.). Қаз. «байырғы қоныс, атамекен» мағынасындағы атау.

Қордай асуы

(Қордай) – Іле Алатауының батыс сілемі Жетіжал таулары мен Кіндіктас жотасының аралығында, Қордай ауданы аумағында орналасқан. Абс. биіктігі 1233 м. Қордай асуындағы Шу және Іле өзендерінің су айырығы жазығының (ені 11 км) бойымен Алматы-Тараз автомобиль жолы өтеді. Қыстың қалың қар түскен күндері асудан өту қиындайды.

Атжайлау

(Атжайлау) – Жетімжол жотасының солт. -батысындағы Кіндіктас сілемінде орналасқан таулы массив. Қордай ауд. жерінде орналасқан. Солт. Алматы облының Жамбыл ауд. жерінде жатыр. Абс. биікт. 2405 м. Тау солт. -батыстан оңт. -шығысқа және шығысқа қарай 35 км-ге созылып жатыр, ендірек жері 15-17 км. Негізінен, тас көмір кезеңінің кристалдық тақтатаасынан, гнейстен және гранитоидтерден түзілген. Жер бедері орта таулық, оңтүстік, оңт. – батыс беткейлері тіктеу жартасты келген. Таудың бұл тұсынан Ырғайты және батысы Ырғайты өзендері бастау алады. Солтүстік беткейлері көлбеуленіп, Қопа жазығына ұласып жетеді. Таудың шығыс баурайынан шығысы Ырғайты өзені басталады. Атжайлау тауының оңт. беткейлерінде бидайық, тарғақ шөп, бозшағыл, етегінде жусан, көкпек, баялыш, теріскен, күйреуік өскен. Жоғарғы белдемдерде бұта аралас орман шоқтары кездеседі. Атжайлаудың баурайы мал жайылымына пайдаланылады. Батыс бөлігінде Сұлутөр, Үлкен Сұлутөр елді мекендері орналасқан.

Аққайнар

(Аққайнар) – тау. Жанатұрмыс ауылының солтүстік-шығысында, Қордай ауылы оңтүстік-батысында орналасқан.



Ақмұнар

(Ақмунар) – тау. Жанатұрмыс ауылы солтүстік-шығысында, Қордай ауылы оңтүстік-батысында орналасқан.

Батыс Аралтөбе

(Батыс Аралтөбе) – тау. Үлкен Сұлутөр ауылы оңтүстік шығысында, Ұйтас тауы солтүстік батысында орналасқан.

Көкқайнар

(Кокқайнар) – тау. Қаскат оңтүстік шығысында, Қушоқы тауы солтүстік батысында орналасқан.

Беріктас

(Бериктас) – тау. Ұйтас оңтүстік батысында, Кастек жотасы орталығында орналасқан.

Алтыайғыр

(Алтыайғыр) – тау. Қайнар ауылы солтүстігінде, Кіндіктас тауы оңтүстік батысында орналасқан.

Шөладыр

(Шоладыр) – тау. Солтүстігінде Тасөткел су қоймасы, Сарыбұлақ көлдерінің арасында орналасқан.

Желдібел

(Желдибел) – тау. Дегерес тауы оңтүстік бөлігінде, Қараой жағалауы солтүстік бөлігінде орналасқан.

Шу-Іле

(Шу-Иле) – тау. Қордай ауылы солтүстік батыс бөлігінде, Кіндіктас тауы оңтүстік батыс бөлігінде орналасқан.

Сарыбастау

(Сарыбастау) – тау. Каскаат құдығының оңтүстік-шығысында, Қараой аңғарының солтүстік бөлігінде орналасқан.

Беріктас

(Бериктас) – Кастек жотасының орта шенінде, Ұйтас тауының оңтүстік-батысында орналасқан тау. Қордай ауданының территориясында. Мағынасы: «берік, мықты жартасты тау» ұғымын білдіреді.

**МЕРКІ АУДАНЫ**

ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Меркі ауылы

Халық саны – 81 700 адам

Аудан аумағы 4300 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтар саны: 14

Құрылған жылы: 27 желтоқсан, 1933 жыл.

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Аудан аумағында көптеген тарихи-мәдени мемлекеттік маңызы бар Меркі қалашығы (VII-XII ғғ.) орналасқан.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – Жамбыл Жабаевқа, жерлес-сарбаздарға арналған ескерткіштер, шіркеу, Сыпатай батыр атындағы мазар, Жамбыл Жабаев мүсіні, темір дәуірінің қорымы, түріктердің «Меркі» ғибадатханасы, Аралтөбе салттық жиынтығы, Маханды қалашығы бар.



Меркі ауданы

Меркенский район

Орталығы – Меркі ауылы

Центр – аул Мерке

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Ақарал ауылдық округі	Сарымолдаев а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ақаралский аульный округ – аул Ақарал	Ақарал ауылы
2	Акермен ауылдық округі	Кеңес а/о құрамынан бөлініп шыққан	Акерменский аульный округ – аул Акеремен	Акермен ауылы
3	Ақтоған ауылдық округі	Жамбыл а/о құрамынан бөлініп шыққан	Актоганский аульный округ – аул Актоган	Ақтоған ауылы
4	Андас батыр ауылдық округі	Новокресеновка ауылдық округі	Андасбатырский аульный округ – аул Андас батыр	Андас батыр ауылы
5	Аспара ауылдық округі	Акермен а/о құрамынан бөлініп шыққан	Аспаринский аульный округ – аул Аспара	Аспара ауылы
6	Жамбыл ауылдық округі	жаңадан құрылған	Жамбылский аульный округ – аул Жамбыл	Жамбыл ауылы
7	Жанатоған ауылдық округі	жаңадан құрылған	Жанатоганский аульный округ – аул Костоган	Қостоган ауылы
8	Кеңес ауылдық округі	жаңадан құрылған	Кенесский аульный округ – аул Кенес	Кеңес ауылы



9	Меркі ауылдық округі	жаңадан құрылған	Меркенский аульный округ – аул Мерке	Меркі ауылы
10	Ойтал ауылдық округі	Ойтал кенті	Ойталский аульный округ – аул Ойтал	Ойтал ауылы
11	Тұрар Рысқұлов ауылдық округі	Меркі және Ойтал а/о құрамынан бөлініп шыққан	Т. Рысқұловский аульный округ – аул Тұрар Рысқұлов	Тұрар Рысқұлов ауылы
12	Қабылбек Сарымолдаев ауылдық округі	Кузьминка ауылдық кеңесі	Сарымолдаевский аульный округ – аул Қабылбек Сарымолдаев	Қабылбек Сарымолдаев ауылы
13	Сұрат ауылдық округі	Жаңатоған а/о құрамынан бөлініп шыққан	Суратский аульный округ – аул Сурат	Сұрат ауылы
14	Тәтті ауылдық округі	жаңадан құрылған	Таттинский аульный округ – аул Татти	Тәтті ауылы

Гидроним-дердің қазақша атауы	Гидроним-дердің орысша атауы	Гидроним-дер түрі (каз)	Гидроним-дер түрі (орыс.)	Аудан
Аспара	Аспара	өзен	р.	Меркі ауд. (Жамб. обл.) Чу обл. (Қырғ. Респ.) шек-нда
Үлкен Қайнар	Улькен Кайнар	өзен	р.	Меркі, Рысқұлов ауд.
Игермен	Игермен	өзен	р.	Меркі ауд.
Мақан	Макан	өзен	р.	Меркі ауд.
Алтытоған	Алтытоган	өзен	р.	Меркі ауд.
Қызтоғансай	Кызтогансай	өзен	р.	Меркі ауд.
Шошқалы	Шошкалы	өзен	р.	Меркі ауд.
Көлтоған	Кольтоган	өзен	р.	Меркі ауд.
Қарақау	Каракау	өзен	р.	Меркі ауд.
Тасшалак	Тасшолок	өзен	р.	Меркі, Рысқұлов ауд.
Ащыбұлақ	Ащыбулак	өзен	р.	Меркі, Рысқұлов ауд.
Тоғайтал	Тогайтал	өзен	р.	Меркі ауд.
Бұзықтоған	Бузыктоган	өзен	р.	Меркі ауд.
Құланқұдықсай	Куланкудыксай	өзен	р.	Меркі, Рысқұлов ауд.
Құрөзек	Курозек	өзен	р.	Меркі ауд.
Қоралас	Коралас	өзен	р.	Меркі ауд.
Токташ	Токташ	өзен	р.	Меркі (Жамб. обл.) және Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Шет Қайындысай	Шет Кайындысай	өзен	р.	Меркі (Жамб. обл.) және Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Қайындысай	Кайындысай	өзен	р.	Меркі (Жамб. обл.) және Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Құрысарықау	Курысарыкау	өзен	р.	Меркі, Шу ауд.
Қаратұма	Каратума	өзен	р.	Меркі (Жамб. обл.) және Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Қырқақты	Кыркакты	өзен	р.	Меркі ауд.



Ойранды	Ойранды	өзен	р.	Меркі (Жамб. обл.) және Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Ащыбұлақсай	Ащыбулақсай	өзен	р.	Меркі (Жамб. обл.) және Чу обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Батыс Қызылауыз	Батыс Қызылауыз	өзен	р.	Меркі ауд.
Шығыс Қызылауыз	Шығыс Қызылауыз	өзен	р.	Меркі ауд.
Сұлусай	Сулусай	өзен	р.	Меркі ауд.
Үшбұлақ	Ушбулақ	өзен	р.	Меркі ауд.
Жүндібай	Жундыбай	өзен	р.	Меркі ауд.
Шетенді	Шетенды	өзен	р.	Меркі ауд.
Шөлсай	Шольсай	өзен	р.	Меркі ауд.
Қараңсай	Карансай	өзен	р.	Меркі ауд.
Ақтас	Актас	өзен	р.	Меркі ауд.
Тоқсанбай	Токсанбай	өзен	р.	Меркі ауд.
Тұйықтөр	Туйыктор	өзен	р.	Меркі ауд.
Абай	Абай	өзен	р.	Меркі ауд.
Жабай	Жабай	өзен	р.	Меркі ауд.
Шұқыршақ	Шуқыршақ	өзен	р.	Меркі ауд.
Қызыларық	Кызыларық	өзен	р.	Меркі, Рысқұлов ауд.
Ойтал	Ойтал	өзен	р.	Меркі ауд.
Жантайкөл	Жантайколь	өзен	р.	Меркі ауд.
Қызтоған	Кызтоған	өзен	р.	Меркі ауд.
Қарасу	Карасу	өзен	р.	Меркі ауд.
Молалы	Молалы	өзен	р.	Меркі ауд.
Боқтікен	Боктикен	өзен	р.	Меркі ауд.
Ақтікен	Актикен	өзен	р.	Меркі ауд.
Сасықбұлақ	Сасыкбулақ	өзен	р.	Меркі ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулақ	өзен	р.	Меркі ауд.
Қисықсұрат	Кисыксурат	өзен	р.	Меркі ауд.
Сұратсай	Суратсай	өзен	р.	Меркі ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Меркі ауд.
Ақшешек	Акшешек	өзен	р.	Меркі ауд.

Жалаңаш	Жаланааш	өзен	р.	Меркі ауд.
Катринка	Катринка	өзен	р.	Меркі ауд.
Түзусұрат	Тузусураг	өзен	р.	Меркі ауд.
Жолдысай	Жолдысай	өзен	р.	Меркі ауд.
Қаралас	Каралас	өзен	р.	Меркі ауд.
Ешкілі	Ешкили	өзен	р.	Меркі ауд.
Үңгірлі	Унгирили	өзен	р.	Меркі ауд.
Есенқұлсай	Есенкулсай	өзен	р.	Меркі ауд.
Шолтағұл	Шолтагул	өзен	р.	Меркі ауд.
Қарақайнар	Карақайнар	өзен	р.	Меркі ауд.
Меркі	Мерки	өзен	р.	Меркі ауд.
Қашқансу	Кашкансу	өзен	р.	Меркі ауд.
Сүйіндік	Суйиндик	өзен	р.	Меркі ауд.
Бұрхантұрған	Бурхантурган	өзен	р.	Меркі ауд.
Айрық	Айрық	өзен	р.	Меркі ауд.
Ұзынбұлақ	Узынбулақ	өзен	р.	Меркі ауд.
Ақтасты	Актасты	өзен	р.	Меркі ауд.
Сұлудөнгелек	Сулудонгелек	өзен	р.	Меркі ауд.
Тұрлыбайсай	Турлыбайсай	өзен	р.	Меркі ауд.
Атабайсай	Атабайсай	өзен	р.	Меркі ауд.
Бұзылғанкөл	Бузылганколь	өзен	р.	Меркі ауд.
Аршалы	Аршалы	өзен	р.	Меркі ауд.
Шоқан	Шокан	өзен	р.	Меркі ауд.
Дөңгелексаз	Донгелексаз	өзен	р.	Меркі ауд.
Таяқсалды	Таяқсалды	өзен	р.	Меркі ауд.
Ұлусай	Улусай	өзен	р.	Меркі ауд.
Атжайлау	Атжайлау	өзен	р.	Меркі ауд.
Қасқасу	Касқасу	өзен	р.	Меркі ауд.
Ақсай	Ақсай	өзен	р.	Меркі ауд.
Шығыс Құмбел	Шығыс Кумбель	өзен	р.	Меркі ауд.
Құмбел	Кумбель	өзен	р.	Меркі ауд.
Есенаман	Есенаман	өзен	р.	Меркі ауд.
Кіші Меркі	Киши Мерки	өзен	р.	Меркі ауд.



Үңгірлі	Унгирли	өзен	р.	Меркі ауд.
Шымбұлақ	Шымбулак	өзен	р.	Меркі ауд.
Белсаз	Бельсаз	өзен	р.	Меркі ауд.
Сұлусай	Сулусай	өзен	р.	Меркі ауд.
Қисық	Кисык	өзен	р.	Меркі ауд.
Қарадодасай	Карадодасай	өзен	р.	Меркі ауд.
Жаманқарасу	Жаманқарасу	өзен	р.	Меркі ауд.
Қайнар	Кайнар	өзен	р.	Меркі ауд.
Жарарық	Жарарык	өзен	р.	Меркі ауд.
Бектібай	Бектибай	көл	оз.	Меркі ауд.
Майқұдық	Майкудык	көл	оз.	Меркі ауд.
Теріскенді	Терискенды	көл	оз.	Меркі ауд.
Жұмағұл	Жумагул	көл	оз.	Меркі ауд.
Соркөл	Сорколь	көл	оз.	Меркі ауд.
Басшеңгел	Басшенгель	көл	оз.	Меркі ауд.
Шеңгелді	Шенгельды	көл	оз.	Меркі ауд.
Қылшалы	Кылшалы	көл	оз.	Меркі ауд.
Қоңырбай	Конырбай	көл	оз.	Меркі ауд.
Тоғыз	Тогыз	көл	оз.	Меркі ауд.
Түйеқарын	Туйеқарын	көл	оз.	Меркі ауд.
Ақкөл	Акколь	көл	оз.	Меркі ауд.
Дөңгелекой	Донгелекой	көл	оз.	Меркі ауд.
Жалпақ	Жалпак	көл	оз.	Меркі ауд.
Кішішұқыр	Кишишукыр	көл	оз.	Меркі ауд.
Шұқыр	Шукыр	көл	оз.	Меркі ауд.
Сасық	Сасык	көл	оз.	Меркі ауд.
Жолмәмбет	Жолмамбет	көл	оз.	Меркі ауд.
Қосқұдық	Коскудык	көл	оз.	Меркі ауд.
Шөбекқұдық	Шобеккудык	көл	оз.	Меркі ауд.

Қарашолақ	Карашолак	көл	оз.	Меркі ауд.
1-Қарашолақ	Карашолак 1-е	көл	оз.	Меркі ауд.
Бает	Бает	көл	оз.	Меркі ауд.
Әкімбай	Акимбай	көл	оз.	Меркі ауд.
Солтүстік Әулікөл	Солтустик Аулиеколь	көл	оз.	Меркі ауд.
Әулікөл	Аулиеколь	көл	оз.	Меркі ауд.
Қарасарт	Карасарт	құдық	к.	Меркі ауд.
Қылшалы	Кылшалы	құдық	к.	Меркі ауд.
Қосқұлақ	Коскулак	құдық	к.	Меркі ауд.
Қисық	Кисык	құдық	к.	Меркі ауд.
Мақпалбай	Макпалбай	құдық	к.	Меркі ауд.
Қоржын	Коржын	құдық	к.	Меркі ауд.
Жаңа Тоғыз	Жана Тогыз	құдық	к.	Меркі ауд.
Бөлектүлей	Болектулей	құдық	к.	Меркі ауд.
Егізбай	Егизбай	құдық	к.	Меркі ауд.
1-Теріскенді	Терискенды 1-й	құдық	к.	Меркі ауд.
Теріскенді	Терискенды	құдық	к.	Меркі ауд.
Қосқұдық	Коскудык	құдық	к.	Меркі ауд.
Байтоқ	Байтоқ	құдық	к.	Меркі ауд.
Балта	Балта	құдық	к.	Меркі ауд.
Жылғаұлкен	Жылгаулькен	құдық	к.	Меркі ауд.
Қырықбақыр	Кырыкбакыр	құдық	к.	Меркі ауд.
Аяқтақыр	Аяктақыр	құдық	к.	Меркі ауд.
Қима	Кима	құдық	к.	Меркі ауд.
Бостандық	Бостандык	құдық	к.	Меркі ауд.
Ақұлкен	Акулькен	құдық	к.	Меркі ауд.
Шоқалақ	Шокалак	құдық	к.	Меркі ауд.
Қонақ	Конак	құдық	к.	Меркі ауд.



Құланды	Куланды	құдық	к.	Меркі ауд.
Майқұдық	Майкудык	құдық	к.	Меркі ауд.
Жыңғылды	Жынғылды	құдық	к.	Меркі ауд.
Бает	Бает	құдық	к.	Меркі ауд.
Жаманбұлақ	Жаманбулак	бұлақ	род.	Меркі ауд.
Иттамбұлақ	Иттамбулак	бұлақ	род.	Меркі ауд.
Сұлтанбек	Султанбек	бұлақ	род.	Меркі ауд.
Шортанды	Шортанды	бұлақ	род.	Меркі ауд.
Әулиеағаш	Аулиеағаш	бұлақ	род.	Меркі ауд.
Даукүл	Даукул	арық	ар.	Меркі ауд.
Совхозный	Совхозный	арық	ар.	Меркі ауд.
Жаңаарық	Жанаарык	арық	ар.	Меркі ауд.
Дүйсек	Дуйсек	өзек	лощ.	Меркі ауд.
Үмбетсай	Умбетсай	өзек	лощ.	Меркі ауд.
Қадырбексай	Кадырбексай	өзек	лощ.	Меркі ауд.
Қайыңды	Кайыңды	өзек	лощ.	Меркі ауд.
Шолақсай	Шолақсай	өзек	лощ.	Меркі ауд.
Мұздықора	Муздыкора	өзек	лощ.	Меркі ауд.
Тәтті	Татты	бөген	вдхр.	Меркі ауд.
Бұзылғанкөл	Бузылганколь	жылға	руч.	Меркі ауд.
Көлтоған	Кольтоган	тоған	пр.	Меркі ауд.

Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (каз.)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Боктікен	Боктикен	тау	г.	Меркі ауд.
Жаланапаш	Жаланапаш	тау	г.	Меркі ауд.
Шакпақты	Шакпақты	тау	г.	Меркі ауд.
Қаракия	Каракия	тау	г.	Меркі ауд.
Мұзды	Музды	тау	г.	Меркі ауд.
Әулие	Аулие	тау	г.	Меркі ауд.
Есенаман	Есенаман	тау	г.	Меркі ауд.
Өгізасу	Огизасу	асу	пер.	Меркі ауд. (Жамб. обл.) Талас обл. (Қырғ. Респ.).
Ақтас	Актас	асу	пер.	Меркі ауд. (Жамб. обл.), Талас обл. (Қырғ. Респ.).
Сарытөр	Сарытор	асу	пер.	Меркі ауд. (Жамб. обл.), Талас обл. (Қырғ. Респ.).
Қасқасу	Каскасу	асу	пер.	Меркі ауд.
Құмбел	Кумбель	асу	пер.	Меркі ауд. (Жамб. обл.) Талас обл. (Қырғ. Респ.).
Тұйықтөр	Туйыктор	асу	пер.	Меркі ауд.
Күнгейсандық	Кунгейсандык	асу	пер.	Меркі ауд.
Қызылауыз	Кызылауыз	асу	пер.	Меркі ауд.
1- Ақтас	Актас 1-й	асу	пер.	Меркі ауд.



Үшемшек	Ушемшек	асу	пер.	Меркі ауд.
1- Қызылқия	Кызылқия 1-й	асу	пер.	Меркі ауд.
Қызылқия	Кызылқия	асу	пер.	Меркі ауд.
Көтенүзбе	Котенузбе	асу	пер.	Меркі ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулақ	асу	пер.	Меркі ауд.
Шырғанақ	Шырғанақ	асу		Меркі ауд. (Жамб. обл.) и Талас обл. (Қырғ. Респ.).
Қалмақия	Калмаккия	асу	пер.	Меркі ауд.
Өтеміс	Отемис	төбешік	буг.	Меркі ауд.
Қарасу	Карасу	төбешік	буг.	Меркі ауд.
Құмжота	Кумжота	төбешік		Меркі ауд.
Асылбек	Асылбек	төбешік		Меркі ауд.
Балта	Балта	төбешік		Меркі ауд.
Сынтаскемер	Сынтаскемер	төбешік	буг.	Меркі ауд.
Жетітөбе	Жетытобе	төбешік		Меркі ауд.

МЕРКІ АУДАНЫ

(Мерки) – Меркі ауданының орталығы, ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы, темір жол стансасы. Облыс орталығы Тараз қаласынан шығысқа қарай 163 км, Қырғыз Алатауының етегінде, Меркі өзенінің жағалауындағы селеу, сұлыбас, бетеге, т.б. астық тұқымдасты шөптесін басым өскен тау алдының қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты қоңыржай, ылғалды агроклиматтық белдемінде орналасқан. Іргесі орта ғасырларда қаланды. VI-VIII ғ-да керуен жолындағы ірі сауда орталығы болды. XII ғасырда ол белгілі Меркі қамалына айналды. Ауыл орталығында көне қамалдың жұрнағы осы күнге дейін сақталған. 1905 ж. Меркіде тұңғыш мектеп ашылып, бұл мектепте еліміздің ардагер азаматтары – Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сармолдаев, т.б. оқыған. Меркі ауданындағы бұрынғы шаруашылық субъектілері 1996 жылдан бастап өндірістік кооперативтер мен шаруа қожалықтарына өзгертілді. Ауылда 2 орта мектеп, кәсіптік мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, мұражай, стадион, «Меркі» шипажайы, орталық аудандық аурухана, санэпидстанса, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Ауыл арқылы Тараз-Алматы, Тараз-Бішкек автомобиль жолдары және Тараз-Бішкек темір жолы өтеді.

Меркі – көне қала орны. Орны Меркі ауылының батыс шетінде. 1893-1894 ж. В.В. Бартольд жетекшілік еткен экспедиция зерттеген. 1936 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекші А.Н. Бернштам), 1964-1980 ж. осы экспедицияның Луговой отряды (жетекшісі К.М. Байпақов), 1986-1987 ж. Қазақстан ҒА-ның Археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М. Байпақов) зерттеу жүргізген. Меркі Жетісудағы көне атауын сақтап қалған ескерткіштердің бірі. Меркі VIII ғ-дан бастап белгілі болған. Құдама, Ибн Хордатбек, әл-Мақдиси сынды орта ғасырлық зерттеушілердің еңбектерінде Меркі жайлы айтылған. Әл-Мақдиси еңбегінде «Меркі орта дәрежелі, бекінісі мен цитаделі бар қала» ретінде көрсетілген. Меркінің орны үлкен төбе тәрізді. Бір шеті жар қабақты. Солтүстік жағы 380 м, шығыс жағы 275 м, батыс жағы 250 м. Оңтүстік-батыс шетінде қамалдың қираған орны сақталған. Қамалдың бұрыштары күзет мұнараларымен күшейтілген. Қамалдың ішкі жағында төрт бұрышты алаң бар. Ол алаңда ескі құрылыс орындары сақталып қалған. Қамалдың батыс қабырғасы жағында биіктігі 4, 5 м болатын төбешік кезінде үлкен ғимараттың болғанын айғақтайды. Қаланың шахристаны төртбұрышты. Қазір ол биіктігі 3 м болатын төбешік. Шахристанның шет-шетінде мұнаралар болған. Мұнаралардың орны биіктігі 2 м болатын төбешік. Шахристан қамалының ұз. 500 м-ге жуық. Қазба жұмыстары барысында қаланың жоғарғы мәдени қабаты XI-XII ғ-ларға сәйкес келетіндігі айқындалды. Бұл кезеңдегі ғимараттар шикі кірпіштен салынған. 3, 5 м тереңдіктен кейін IX-X ғ-лар кезіндегі мәдени қабат басталады. Сол кезеңдегі мәдени қабатта құрылыс материалдары ретінде алебастр, тастар кеңінен қолданылған. Ең төменгі мәдени қабат – VIII ғ-лар кезеңіне сәйкес келеді. Төменгі мәдени қабаттан керамикалық ыдыстар, ою-өрнектермен



безендірілген плиталар табылды. Табылған заттар Меркінің кезінде гүлденген қалашық болғанын айғақтай түседі.

Меркі ауданы 26. 10. 1928 ж. құрылған. Ауданның аумағы 7, 1 мың км². Тұрғыны 74, 3 мың адам. Аудан аумағындағы 43 елді мекен, 1 кенттік және 12 ауылдық округтерге біріктірілген. Аудан орталығы Меркі ауылы. Ауданның оңтүстігі таулы келеді. Онда Қырғыз Алатауының Мүйіздіқара, Қараауыз, Құмбел, Қасқасу, Үңгірлі, Сандық, Шайсандық, Молалы таулары орналасқан. Ауданның орталық және солүстік бөліктері жазық. Солтүстігінде Мойынкүм құмына ұласып кетеді. Жер қойнауынан құрылыс материалдары, жер асты шипалы сулары (Меркі бұлақтары) барланған. Негізгі өзендері: Қайнар, Меркі, Ойтал, Аспара және олардың тармақтары Мөңке, Қызтоғансай, Тоғайтал, Қарақау, т.б. Өзендердің барлығы Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен бастау алып ауданның орталық бөлігін кесіп ағатын Қорағаты өзеніне құяды. Тау бөктерінде қара, қызғылт қоңыр, жазықта сұр, бозғылт сұр, шалғынды сұр және құмды топырақ таралған. Кейбір жерлерінде сор, сортаң топырақ кездеседі. Өсімдіктерден арша, жабайы жеміс ағаштары, жазық өңірлерде бұта, бетеге, жусан, жыңғыл, сексеуіл, қылша өседі. Жабайы жануарлардан тауда арқар, елік, суыр, қасқыр, түлкі, жазық жерлерде және қопалы-қорысты өзен-көл маңында қоян, саршұнақ, ақбөкен, т.б. кездеседі. Құстардан қырғауыл, кекілік, ұлар, бүркіт, сұңқар, қаршыға, т.б. мекендейді.

Ірі елді мекендері: Меркі (12, 9 мың адам), Меркі темір жол стансасы (4, 9), Жамбыл (6, 5), Сарымолдаев (8, 2), Нововоскресеновка (4, 7), Ойтал кенті (3, 8), Ақтоған, т.б.

Аудан жерінен Түркістан-Сібір, Луговой-Бішкек темір жолы, Алматы-Тараз респ. автомагистралі өтеді. Меркі ауданы аумағында көне Меркі қалашығының орны, Қара кемпір, Шаңырақ, Қаратөбе, Ұлысай, Атабайсай, Көржайлау, Жетітөбе, Ақтоған, Қарасай, Жамбыл, Мақанды, Майтөбе, т.б. ежелгі тарихи және мәдени қорғандар, бекіністер мен қалашықтардың орны көптеп кездеседі.

Жігімбай

(Жигимбай) – көне бекініс орны. Меркі ауданының Мөңке стансасынан 2 км жерде. Сыртқы көрінісі төртбұрышты, ауданы 24х24 м. Жігімбай топырақтан тұрғызылған дуалмен қоршалған. Дуалдың сақталған қалдығы 1 м-ден асады. Жігімбайды 1936 ж. археолог А.Н. Бернштам зерттеген. Археологиялық барлау кезінде құмыралар, қос құлақты қазандар және астық салатын күбі сынықтары табылған. Алынған материалдарға қарағанда б. з. VIII-X ғасырларда өмір сүрген тайпалардың тұрағы болған. Олар егіншілікпен, мал шаруашылығымен шұғылданған.

Кенес

(Кенес) – Меркі ауданындағы ауыл өзімен аттас ауылдық әкімшілік округтің орталығы. Аудан орталығы – Меркіден солтүстік-шығысқа қарай 33 км жерде, Аспара өзенінің жағалауындағы бидайық, нарғия, сұлыбас, т.б. шөптесін өскен қоңыр бозғылтым қоңыр топырақты тау алдының құрғақ жазығында орналасқан. Тұрғыны 2, 3 мың адам. Іргесі 1929 жылы қызылша өсіретін «Қазақстан» атты

ұжымшардың орталығы ретінде қаланды. Оның негізінде 1997 жылдан Кеңесте және округке қарайтын Жауғаш, Қояндысай, Кентай ауылдарында «Племзавод» акционерлік қоғамы құрылған. Ауылда орта мектеп, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді.

Қостоған

(Костоған) – Меркі ауданындағы ауыл, Жанатоған ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Меркі ауылынан шығысқа қарай 16 км жерде, сұлыбас, бетеге, т.б. астық тұқымдас шөптесіндер өскен, таудың қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты жонды-қырқалы келген таулық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1, 9 мың адам. Ауыл 22-партсъезд атындағы қызылша өсіретін ұжымшардың орталығы болып келген. Оның негізінде Қостоғанда өндірістік кооператив және ЖШС құрылған. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Ойтал

(Ойтал) – Меркі ауданындағы кент, өзімен аттас кенттік округтің орталығы. Аудан орталығы – Меркі ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде, Ойтал өзені аңғарындағы бұта аралас сұлыбас, бетеге, қылқан боз, т.б. астық тұқымды шөптесін өскен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты тауаралық қоңыржай ылғалды агроклиматтық белдемінде орналасқан. Тұрғыны 3, 8 мың адам. Іргесі осы өңірден кен орындарының табылуына байланысты қаланды. 1932 жылдан қызылша өсіретін «Меркі» кеңшарының орталығы болып келді. Кентте орта, бастауыш мектептер, клуб, «Райхан» ЖШС-і, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелері бар.

Пионер-1

(Пионер-1) – орта ғасырлық қалашық орны. Мерке ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 7-8 км жерде. 1988 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов) ашып, зерттеген. Қазіргі орны көлемі 60х60 м, бұрыштары әлемнің төрт бағытына қарай бағытталған төбешік. Оны биіктігі – 1, 5 жал үйіндісі қоршап тұр. Жалда жеті мұнара орны анықталған. Олардың төртеуі дуалдың бұрыштарына, қалғандары ортасына орналасқан. Қалаға оңтүстік-шығыс қақпадан кірген. Үйінді жалдың сыртқы жағында ені 15-20 м, тереңдігі 1, 5 м ор орны бар. Табылған заттар мен қыш ыдыстар (құмыра, тостаған, көзе, т.б.) сынықтары қалашықты адамдар X-XII ғасырларда мекендегенін айғақтайды. Олар егін, мал шаруашылығымен айналысқан.

Плодовоягодное

(Плодовоягодное) – Меркі ауданындағы ауыл, Жамбыл ауылдық әкімшілік округі құрамында. Аудан орталығында – Меркі ауылынан оңтүстікке қарай 15 км жерде сұлыбас, нарғия, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты тау алдының қоңыржай ылғалды белдемінде орналасқан. Тұрғыны 1, 9 мың адам. Ауыл 1959-1997 ж. жеміс-жидек өсіретін «Меркі» кеңшарының бөлімшесі



болып келді. Оның негізінде Плодовоягодноеде 1997 жылдан «Меркі» өндірістік кооперативі және шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Сарымолдаев ауылы

(Сарымолдаев) – Меркі ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Меркі ауылынан шығысқа қарай 5 км жерде, сұлыбас, бетеге, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен тауалдының қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты қоңыржай ылғалды агроклиматтық белдемінде орналасқан. Тұрғыны 8, 2 мың адам. Ауыл 1991 ж. дейін Кузьминка деп аталып келген. Іргесі 30-жылдары қаланды. 1936-1997 жылдары қызылша өсіретін «Красный восток» ұжымшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Сарымолдаев ауылында және округке қарасты Әкпенді, Ақарал, Ойтал ауылдарында «Жылыбұлақ» АҚ, «Ақарал», «Талдыбұлақ» ӨК-тері ұйымдастырылған. 5 орта, 1 орталау, 1 бастауыш мектеп, 2 мәдениет үйі, кітапханалар, 3 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Сұрат

(Сұрат) – Меркі ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Меркі ауылынан шығысқа қарай 18 км жерде, бұта аралас қылқанбоз, сұлыбас, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен қызғылт қоңыр, қара топырақты төбелі-жонды келген қоңыржай ылғалды тауаралық аңғарда орналасқан. Тұрғыны 1, 5 мың адамнан аса. Іргесі 1950 ж. қызылша өсіретін Киров атындағы ұжымшардың орталығы болып қаланған. Оның негізінде Сұратта 1997 жылдан «Сұрат» өндірістік кооперативі және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Сұрат арқылы халықаралық маңызы бар Тараз-Меркі-Бішкек автомагистралі өтеді.

Сыпатай

(Сыпатай) – орта ғасырлық қалашық. Меркі ауданы Сарымолдаев ауылының оңтүстік жақ шетінде. Алғаш рет 1940 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекші А.Н. Бернштам) тауып, зерттеген. 1977 ж. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (жетекшісі Қ. Байбосынов) зерттеу жүргізді. 1986 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов) жоспарын түсіріп, материалдар жинастырған. Сыпатай қалашығы төрткүл түріндегі ескерткіш. Оның бұрыштары әлемнің төрт тарапынан қараған. Көлемі 50х50 м. Қалашықты ені 8-10 м, биіктігі 1 – 1, 5 м үйінді жал, яғни бұрынғы бекініс қабырғалары қоршап жатыр. Зерттеу барысында құмырасы, көзе, саптаяқ, тостаған секілді сырсыз ыдыс сынықтары жинастырылды. Оларға қарағанда Сыпатайды тұрғындары Х-ХІІ ғасырларда мекендеп, егін егумен және мал өсірумен айналысқан деп пайымдауға болады.

Сыпатай батыр ауылы

(Сыпатай батыр) – Меркі ауданындағы ауыл, Ақарал ауылдық әкімшілік округтің құрамында. Аудан орталығы Меркі ауылынан шығысқа қарай 15 км

жерде, Меркі өзенінің жағалауындағы бұта аралас бетеге, сұлыбас, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен қоңыр, қызғылт қоңыр жапырақты тауалдының қоңыржай ылғалды агроклиматтық белдемінде орналасқан. Тұрғыны 1 мың адам. 1968-1997 ж. жеміс-жүзім өсіретін «Красно-Октябрь» кеңшарының бөлімшесі болып келеді. Оның негізінде, Сыпатай батыр ауылында 1997 жылдан «Сыпатай» ЖШС-і және бірнеше шаруа қожалығы құрылды. Ауылда орталау мектеп, т.б. мекемелер бар.

Тәтті

(Тәтті) – Меркі ауданындағы ауыл, темір жол стансасы, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Меркі ауылынан солтүстікке қарай 45 км жерде, Қызтоғансай өзенінің Қорағатыға құйылар сағасында, боз жусан, эфемерлі сұр жусан аралас баялыш, күйреуік, ажырық, ши т.б. шөптесін өскен шалғынды, сұр топырақты аллювийлі-пролювийлі қуаң далада орналасқан. Тұрғыны 1, 3 мың адам. Ауыл 1962-1997 жылдары өзімен аттас қой өсіретін кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде Тәттіде 1997 жылдан өндірістік кооператив ұйымдастырылды. Ауылда орта, бастауыш мектептер, клуб, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар. Тәтті арқылы Түрксіб темір жолы және Тараз – Алматы автомагистралі өтеді.

Тұрар Рысқұлов ауылы

(Тұрар Рысқұлов) – Меркі ауданындағы ауыл, Меркі ауылдық әкімшілік округтің құрамында. Меркі ауданының шығысында, бетеге, сұлыбас, көде, т.б. астық тұқымды шөптесін өскен құрғақ тауалды жазығында орналасқан. Тұрғыны 1, 0 мың адам. 1959-1997 ж. жеміс-жидек өсіретін «Меркі» кеңшарының бөлімшесі болып келді. Оның негізінде Тұрар Рысқұлов ауылында шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орталау мектеп, клуб, фельдшерлік пункт бар.

Жанатұрмыс ауылы

(Жанатұрмыс). Бұл елді мекен Қазақстанның оңтүстік жағында таулы аймақта орналасқан. Ауылдың аумағына Мойынқұмның біраз жерлері мен Тянь-Шань тауларының, оның ішінде Қырғыз Алатауының біраз сілемдері кіреді. Бұл жерден ежелгі Жібек жолындағы әйгілі қалалардың бірі – Құлан қаласына дейін 23-24 км болса, шығысындағы Меркі қаласының орнынан бой көтерген Меркі ауылына дейін 7-18 км жер. Сондықтан Құлан, Меркі қалаларына байланысты барлық тарихи мәселелер осы елді мекенді де шарпыған. Бұл жерде де моңғол шапқыншылығын басынан кешіріп, қазіргі кездегі жер атауларында олардың ізі қалған. Бұл атауларға төменде толығырақ тоқталамыз.

Жанатұрмыс ауылы Кеңес өкіметінің кезінде құрылған. Ол Ботбайдың Қожай аталығынан тараған Әлібек және Айбас руларына жататын екі ауылды біріктіреді. Ауылдың бұрынғы атауы осы екі рудың атына байланысты «Әлібек», «Айбас» деп аталған. Сондай-ақ Әлібек ауылын Сазқұдық деп те атайды. Өйткені ауылдың мекендеген жері сазды жер болып, одан құдық тез қазылып, тереңдемей – ақ су шығатын болған екен. Ол 1933-1934 жылдары колхоздастыру кезінде екі ауылдың біріктірілуінен жаңа ауыл жасалынып, аты «Жанатұрмыс» болып өзгерген.



Бұл жердің алғашында Сазқұдық аталуына байланысты елде мынадай аңыз әңгіме сақталған.

Қазіргі кезде ауылда 15-20 метрден су шығарылса, ол кезде қайнар бұлақ секілді 2-3 метрден-ақ су шыға берген екен. Шөбі майса келіп, ал жердің өзі былқылдақ болған. Сол жердегі тұрғындар құдықты да көп қазған екен. Содан барып алғаш «Сазды», кейін «Құдықты» дей жүріп, «Сазқұдық» аталған деседі.

Ал бұл жердің, сондай-ақ Әлібек ауылы, оған көрші Айбас ауылы деп аталынуы ағалы – інілі кісілердің есіміне байланысты дейді. Олар Бәйдібектің баласы Жарықшақтан тараған Дулаттың Ботбайының ішіндегі Қожайдың балалары. Қазір бұл жерде Қожай аталығынан тараған ұрпақтар тұрады.

Бұл жердің қазіргі атауы Кеңес өкіметі кезіндегі қаулы-қарармен қойылған, орысша «Жить по новому» делініп, Біраз жылдар осылай аталынып келіп, кейін қазақшалап «Жанатұрмыс» аталды.

Бұл мандағы таулардың, шоқылардың, сай, үңгір, асу, қыстаулардың аттары көп кездеседі. Оларға «Мөңке», «Жетітөбе», «Ойранды», «Қалмақия», «Қалмақ қашқан», «Көтен үзбе» т.б. жатады. Бұл жерлердің тарихы Ақтабан шұбырынды жылдарындағы қырғынмен байланысты. Сол кезде қазіргі «Жанатұрмыс» ауылының төмен жағын қыстау еткен қалмақ шонжарларының үйлерінің орны сақталған. Кейін қазақтар қалмақтарды қуғанда сол үйлерді қиратқан олар келе-келе үлкен-үлкен төбелерге айналған. Сол жер «Жетітөбе» делінеді. Сол жерге жақын жазықты Мөңке деп атайды. Ол – қалмаққа қарсы соғыста Меркі қаласына жақын осы аталып отырған жерлерді азат етуге қатысқан батыр. Бұдан кейін өрге қарай, яғни Жанатұрмыс ауылының таулы аймағы жағында «Ойранды» деп аталатын жер бар. Ол өзінің аты айтып тұрғандай қалмақтардың қазақтардан жеңіліп, ойраны шыққан жер. Ал «Қалмақия» – асу, оны салған қалмақтар. Қазақтардан қашқан қалмақтар, таудан асуы керек болған. Ал ондай асу болмағандықтан, олар сатылап жол жасаған. Бұл жолдың екі жағы терең де тік құз. Ол асу әлі де сақталған.

Бұдан басқа тау-тастардың Үштік, Сандықтас, Шыңырау, Көкқошқар деген атаулары бар.

Осының ішіндегі «Көк қошқар» атауына байланысты аңыз. Бір әйелдің ұлы болмаған екен. Ол құдайдан күні-түні ұл сұрайды. Аян келіп, құрбан шалып, Құдайдан ұл сұра дейді. Әйелдің тіпті союға тышқақ лағы жоқ екен. Өз ауылының байнан қошқар сұрап барады. Ол бермейді. Осыған мазаланған ерлі-айыптылар тау аралап кезіп кетеді. Сөйтіп қазіргі қошқар мүсінге келіп, назын айтып, ұйықтап кеткен екен. Бір уақыттан соң оянғанда, Құдайдың өзі көкпен түсірген қошқарды көреді. Кейіннен ол тас «Көкқошқар» делініп кетеді.

Қостоған

(Костоган) – Жамбыл облысының Меркі ауданындағы елді мекен. Аудан орталығы Меркі ауылының шығысында 19 км; Алматы-Ташкент автомоб. жолының бойына орналасқан. Халқы 1, 8 мың. Атау қос (екі деген сөз) + тоған (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы осы манда екі тоған болғанын білдіреді.

Ақермен

(Акермен) – елді мекен. Меркі ауданы. Ақ. (сын есім) + ермен (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Ермен – шөп аты. Сонда атаудың мағынасы – бұл манда ақ ермен шөп өсетіндігін білдіреді.

Алтынарық

(Алтынарық) – е. м., Меркі ауданы. Алтын (сын есім мағынасында қолданылып тұрған зат есім) + арық (зат есім) сөздерінен қойылған атау. Мағынасы: «Суы мол жақсы арық» дегенді білдіреді.

Қарасу

(Қарасу) – е. м., Меркі ауданы. Қара (сын есім) + су (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «бұлақ, қайнар суы» дегенді білдіреді.

Қайындысай

(Қайындысай) – е. м., Меркі ауданы. Қайынды (туынды сын есім) + сай сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «сайдың бойында қайынның көп өсетіндігін» білдіреді.

Аралқыстак

(Аралқыстак) – е. м. Меркі ауданы. Арал (зат есім) +қыстак (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «Қыстактың бұл өңірде аралға ұқсап, бөлектеніп жатқанын» білдіреді.

Беларық

(Беларық) – е. м. Меркі ауданы. Бел (зат есім) + арық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Қазақ тілінде бел «асу, кезең» мағынасынан басқа «орта», «тең құс» мағыналарында да қолданылады. Ендеше атаудың мағынасы «кезеннен, асудан аққан арық» немесе «отар арық» дегенді білдіруі ықтимал.

Ақкөзқайнар

(Аккозқайнар) – а. Меркі ауданы.

Ақ (сын есім) + көз (зат есім) + қайнар (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Мұндағы көз және қайнар сөздері бұлақтың басталатын жерінде жерасты суының бұрқырап шығып жатқанын білдіреді. Бұлақтың көзі деп су шығып жатқан тесікті айтса, қайнар деп судың жер бетіндегі қайнап жатқан су сияқты бүлк-бүлк етіп жатқан көрінісін білдіреді. Сонымен атаудың мағынасы жерасты суы бастау көзінен қатты қайнап шығып, ағарып жататынын білдіреді.

Аққайнар

(Аққайнар) – а. Меркі ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 22.07.1995 ұйғарымы бойынша Киров ауылы өзгертіліп, тарихи аты қалпына келтірілді де, Аққайнар ауылы болып аталды.



Аудан бойынша тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы 1995 – 97 жылдарға қарағанда жақсарды. 2002 ж. аудан аумағында жалпы білім беретін 31 мектеп, кәсіптік мектеп, оқу-өндірістік мектепаралық комбинаты, 3 балабақша, мәдениет үйі, 10 клуб, 16 кітапхана, мұражай, 2 аурухана, 1 емхана, 8 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 18 фельдшер-акушерлік пункт, 23 пошта бөлімшесі, 21 байланыс нүктелері бар. Мойынқұм ауданында 32 мәдени және тарихи ескерткіштер, олардың ішінде екі мәрте Социалистік Еңбек Ері ж. Қуанышбаевқа арналған 2 ескерткіш (Мойынқұм және Бірлік

ауылдарында), Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болған боздақтарға (1974 ж. орнатылған), Сәкен Сейфуллинге арналған бюст (Мойынқұм ауданы, 1979) орнатылған. Елді мекендерден тыс жерлерде 27 көне тарихи ескерткіш орындары табылып зерттелуде. Аудан жерінен елімізге белгілі Еңбек Ерлері Ж. Қуанышбаев, Д. Итбасова, Қ. Біртаев, Ш. Шәріпбаев, көптеген орден, медальдардың иегерлері Ә. Төлепбергенов, С. Әжітүрліев, Б. Оспанов, М. Қойшыбеков, Н. Туғанбаева, Ш. Тайбағаров сияқты адамдар шыққан. Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков Мойынқұм ауданының Бірлік ауылынданда туып-өскен. Аудан жерімен Тараз-Шу-Мойынқұм – Ұланбел автомагистралі және Тараз-Шу Шығанақ-Қашқантеңіз темір жолдары өтеді.

1929 жылы 31 желтоқсанда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қаулысына байланысты, бұрынғы Көктерек ауданының аумағында қазіргі Мойынқұм ауданы құрылды. Орталығы Фурмановка ауылы болды.

Мойынқұм ауданы Оңтүстік Қазақстанның орталығына жуық 40-46 градус солтүстік енділікпен 68-74 градус шығыстық- бойлық аралығына орналасқан. Аудан солтүстік жағынан Қарағанды облысынан 190 шақырым қашықтықты қамтитын аумағымен шектессе, шығыс бөлігінде Балқаш көлінің 115 шақырым жиегін жерлерді басып өтеді. Оңтүстік шекара 180 шақырым Шу, 120 шақырым Т. Рысқұлов аудандарымен шектеседі.

Мойынқұм

(Мойынқұм) – Жамбыл облысының солтүстік-шығыс бөлігіндегі әкімшілік бөлік. Жер аумағы 55, 5 мың км². Батыстан шығысқа қарай 330 км, ал оңтүстіктен солтүстікке қарай 275 км-ге созылып жатыр. 1964 жылы 31-ші желтоқсанда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қаулысына байланысты, бұрынғы Көктерек ауданының аумағында қазіргі Мойынқұм ауданы құрылды. Аудан орталығы бұрынғы Фурмановка ауылы, қазіргі Мойынқұм ауылы болды. 1925-1926 жылдары уақ болыстарды ірілендіру, болыстық советтің атқару комитеттерін ұйымдастыру, әкімшілік басқару орындарының аумақтарын белгілеу істері жүргізілді. Сол жылдары 18 старшин елді (кейін ауыл советі аталды) қамтитын Аққолтық, Ағашақ, Жалайыр болыстары біріктіріліп, Гуляев сельсоветі құрылды. Оның орталығы бұрынғы Гуляевка (одан кейін Фурмановка ауылы) қазіргі Мойынқұм ауылы болды. Сол кезеңде ауыл немесе селолық Совет атқару комитеті деген атқа ие болды. Әкімшілік, басқару орындары, соның ішінде Гуляев подрайоны 18 ауылды қамтыған 6 ауыл Советі біріктірілді. Ірілендірілген бұл селолық Совет атқару комитетіне немесе подрайонына қазіргі Шу ауданының батыс бөлігін, төменгі Шу өзенінің сол жағасындағы елді мекендердің барлығы да кірді. Жаңа құрылған Мойынқұм ауданына Гуляев подрайонына қарасты 6 ауыл Совет 18 елді мекенінен басқа 31 елді мекен қараған 12 ауыл Совет



қарады. Село орталығында В.И. Ленинге және еңбек ардагерлері мен Ұлы отан соғысында қаза болған жауынгер жерлестерге ескерткіш орнатылды. Мойынқұм ауданы облыс территориясының 42 пайызын алып жатыр, яғни жер көлемі бойынша облыста бірінші орында, ал халқының саны жағынан 8-орында. Аудан территориясының көлемі Батыс Европадағы Голландия, Бельгия және Монако сияқты майда мемлекеттердің жерімен тең деуге болады.

Мойынқұм атауы мойын (зат есім) + құм (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мойынқұм аумағы солтүстік Бетпақдалада, Сексеуілдала сияқты құмдармен, ал оңтүстіктегі толып жатқан өзендермен өрнектелген жазира дала, одан әрі Алатаудың арасында мойынға ұқсап, созылып жатыр. Сөйтіп атау объектінің көрінісін дәл көрсетеді.

Ақсүйек

(Ақсүйек) – к. о. Мойынқұм ауданы,

(Ақсүйек) – кент. Мойынқұм ауданы.

Ақ (сын есім) + сүйек (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Атаудың мағынасы «бұл маңда жұттан немесе жаппай аурудан қырылып қалған малдардың сүйектері жатқанын» білдіреді. Бұл сүйек қазір мүлде жоқ болуы да мүмкін, бірақ атау сақталып қалған.

Ақбақай

(Ақбақай) – кент Мойынқұм ауданы Ақ (сын есім) + бақай (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы осы жерде ақ бақай атқа байланысты бір нәрсе болғанын білдіреді.

Жамбыл

(Жамбыл) – облыс аты,

(Жамбыл) – аудан аты,

(Жамбыл) – а. о. Жамбыл ауданы,

(Жамбыл) – а. Жамбыл ауданы,

(Жамбыл) – а. о. Қордай ауданы,

(Жамбыл) – а. Қордай ауданы,

(Жамбыл) – а. о. Меркі ауданы,

(Жамбыл) – а. Меркі ауданы,

(Жамбыл) – а. о. Мойынқұм ауданы,

(Жамбыл) – а. Мойынқұм ауданы.

Атақты халық ақыны, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың (1846-1945) есімін мәңгі есте қалдыру үшін қойылған ауыл аттары. Жамбыл Жабайұлы 1846 жылы, Жамбыл облысы, Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген.

Ол қазақ батырларының ерлігін жырлайтын дастандарды көп білетін. Сонымен бірге өзі жиі барып, сыйлы қонағы болатын қырғыз ақындарымен де айтысып, олардың құрметіне бөленіп жүрді. Қырғыздың ыршылары мен манасшылары Таныбек, Қалығұл, Найманбай, Қотаған, Арсланбек, Сағынбек шығармаларын да жақсы білген. Жамбыл – бір отырғанда домбырамен «Көрұғлы» дастанын бірнеше күн қатарынан, сол сияқты «Шахнаме», «Мың бір түннің» үзінділерін бірнеше сағат бойы жырлаған жыршы.

Сұлу сазды жырларымен Жамбылға тартқан сыйындай Сүйінбай ақын пірі болса, ұстазым деп аса құрметтеген ақындары Майлықожа, Майкөт, Құлыншақ, Қылышбай сынды сөз зергерлері еді. Дарынды дала ақындарынан алғыс бата алып, үлгі берген өлеңдерінен үйренеді.

Жыр тасқынын селдеткен Жамбылдың ақындық рухына бас иген француз халқының ұлы перзентті жазушы Ромен Роллан: «Жамбыл жаңа адамзаттың жыршысы» деп бүкіл әлемге паш етті.

1941 ж. шыққан «Ленинградтық өренім» атты өлеңі сұрапыл соғысты аштық пен ауру сынды ажал аузында қалған қаншама адамға күш-қуат беріп, жігерлендірді, Жеңіс күнін жақындатты.

Әлем халықтарының жүрегіне нұр болып құйылған Жамбыл жырларын орыс ақындары П. Кузнецов, К. Алтайский, П. Тарновский, М. Исаковский, беларус М. Божан және көптеген ұлтты талантты тәржімашылар өз тілдеріне аударды.

Жамбыл – өзгеге ұқсамайтын дара, зор құбылыс. Ол халықтың сенім күшін нығайтатын ұрнына айналған рухани атасы, ар-намысы бола білді.

Жамбыл – облыс, аудан аты. Жамбылдың атынан қойылған. Енді біз осы, Жамбыл сөзіне этимологиялық тұрғыдан талдау жасайық: Т. Жанұзақовтың зерттеулеріне қарағанда совет ұйғырлары мен Шыңжаң ұйғырлары Ямул немесе Ямбул деп «қорған», бекіністерді айтатын көрінеді. Шығыс Қазақстанның Үржар, Мақаншы аудандарының қазақтары, Жамбыл облысының тұрғындары бекіністі «Жамбыл» деп атайды дейді автор (Т. Джанұзақов. Лично – собственные имена в казахском языке. Автореферат канд. диссертации. 1960, 14-б.).

Екінші зерттеуші Б. Бафин Жамбыл сөзі қытайдың Ямэнь «қамал, бекініс» деген сөзінен алынған, өйткені XVIII ғасырда «маньжур әкімдері кез келген жерде жолыққан қазақты, тағы басқа жергілікті халықтарды ұстап алып, ақысыз-пұлсыз қамал (Жамбыл) жұмысына пайдаланған. Сондай-ақ қазақтардың қалаға сатуға, айырбастауға алып келген малдарын қамалға (Жамбылға) қамап алып, төлеуін бермей жәбірлеп (қайтарып) отырған» дейді (Б. Бафин. Қазақ пен қытай тілдеріне ортақ кейбір сөздер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 4-шығыуы, 1962, 230-231-беттер). Біздің ойымызша, дүние жүзіне мағлұм болған Жамбыл



ақынның және облыс аты қытайдың йамұн\йамұл сөздеріне қатысы жоқ секілді. Мұндай қытай қамалдары сол қытай жерінде, Шыңжаңда салынғаны белгілі. Ендеше ол сөздің Жамбыл ақынның атына қатысы жоқ.

Ономаст ғалым ф. ғ. д. Ә. Әбдірахманов өзінің «Топонимика және этимология» атты еңбегінде: «Жамбыл» атауын өзбек тілдеріндегі жамбыл деген өсімдік атына байланыстырады. Бұл – бір жылдық және хош иісті гүл аты. Орысша аты – «габор, гербей» (Узбекско-русский словарь. М., 1959, 151-б.). Көбіне бұл өсімдіктің атын Алматы облысының қарттарының аузынан естігенбіз. Сондықтан, Жамбыл ақынның аты және одан алынған жер аттары да осы «Жамбыл» өсімдігіне байланысты», – деп қараймыз дейді.

Жамбыл

(Жамбыл) – Мойынқұм ауданындағы ауыл, Мойынқұм әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы – Мойынқұм ауылынан шығысқа қарай 10 км жерде өзеннің оң жағалауында, сексеуіл, жүзгін аралас бұйырғын, күйреуік т.б. шөлдің сораң шөптері өскен сұр, сортаңды және құм топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 2 мың адам. Іргесі 1957 ж. қаракөл қой өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы ретінде қаланды. Оның негізінде Жамбылда шаруа қожалықтары ұйымдастырылды орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, мекемелер бар.

Кенес

(Кенес) – а. Мойынқұм ауданындағы ауыл, Бірлік ауылдық әкімшілігі округі құрамында. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 77 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауында, қамыс, құрақ аралас, сирек тоғай өскен шалғынды сұр, сортаңды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 0 мың адам. Іргесі 1961 ж. Айдарлы қаракөл қойын өсіретін кеңшар ретінде қаланды. Оның негізінде Кеңесте «Айдарлы» өндірістік кооперативі және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт бар.

Қызылту

(Қызылту) – а. Мойынқұм ауданындағы ауыл, Қызылтал ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Мойынқұм ауылынан шығысқа қарай 22 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауында қара сексеуіл аралас еркекшөп, боз жусан, теріскен басым өскен шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 1 мың адам. 1957-97 ж. Амангелді атындағы қаракөл қойын өсіретін кеңшардың орталығы болып келді. 1996 ж. дейін ауыл Амангелді деп аталып келген. Кеңшар негізінде Қызылтуда 1997 жылдан шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт бар.

Қылышбай

(Қылышбай) – Мойынқұм ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы – Мойынқұм ауылынан батысқа қарай 19 км жерде. Шу өзенінің төменгі тарамдарының жағалауында, қара сексеуіл, қамыс, құрақ, күйреуік, еркекшөп, теріскен, ши өскен құмайтты сұр, сортаңды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. 1997 ж. дейін К. Маркс ауылы деп аталып келді. Тұрғыны 1, 1 мың адам. 1969–97 жылдар аралығында қаракөл қойын өсіретін «Талдыөзек» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Қылышбайда 1997 жылдан 30-дан астам шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, кітапхана, клуб, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар. Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай елімізге танымал шешен және ақын Қылышбай Ержанұлының есімі берілді (1997).

Ынталы

(Ынталы) – Мойынқұм ауданындағы ауыл. Ынта (зат есім) сөзіне зат есімге қосылып сын есім жасайтын -лы жұрнағы қосылу арқылы жасалған. Мағынасы: «еңбекке, білімге ынталы ел» дегенді білдіреді.

Мыңарал

(Мыңарал) – Мойынқұм ауданындағы ауыл, кенттік әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан солүстік-батысқа қарай 245 км жерде, Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауындағы ақ жусан, баялыш, күйреуік, т.б. шөлді өсімдіктер өскен қиыршықты-құмдақты сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 0, 7 мың адам. Кентте балық аулаумен айналысатын кәсіпорын бар. Кенттен 10 км батыста Мыңарал темір жол стансасы орналасқан. Орта мектеп, кітапхана, фельдшерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Мыңарал мың (сан есім) + арал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Атау сол төңіректе, маңда аралдар көп болғандықтан мың сан есімін қолдану арқылы қойылған.

Ұланбел

(Ұланбел) – Мойынқұм ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан батысқа қарай 175 км жерде, Шу өзенінің төменгі сол жағалаулық аңғарындағы жусан, бұйырғын, қамыс, құрақ өскен сортаңды сұр топырақты шөлді белдемнің аллювийлі жазығында орналасқан. Тұрғыны 1, 4 мың адам. 1950-97 жылдары асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Шу» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар. Қазақ тілінде ұлан сөзі көп, аса мол деген ұғымдарды



бейнелейді. Кең жазира, ұлан-байтақ ұғымдарының бастауына бел сөзі қосылу арқылы жасалған.

Мойынқұм ауданындағы Ұланбел ауылының іргесі 1951 жылы қаланған.

Хантау

(Хантау) – Мойынқұм ауданындағы кент, темір жол стансасы, кенттік әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан шығысқа қарай 90 км жерде, Хантау тауының оңтүстік-шығысында жусан аралас эфемерлі өсімдіктер өскен құм топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 0, 9 мың адам. Іргесі 1951 ж. қаланды. Хантау кентінде мемлекеттік маңызы бар кен басқармасы орналасқан. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Хантау атауы хан (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «бізге белгісіз қазақ хандарының бірі бұл тауда не бір жиын өткізуіне немесе осы маңда қоныстануына» байланысты қойылса керек.

Шығанақ

(Шығанақ) – Мойынқұм ауданындағы кент, көл аймағы, кенттік округінің орталығы. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 195 км жерде, Балқаш көлінің оңт.-батыс жағалауында, боз жусан, баялыш, күйреуік, т.б. шөптесін өскен, сұр, сортанды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 3 мың адам. Іргесі 1954 ж. қаланып, қала типтес поселке статусына ие болды. Кентте балық аулаумен айналысатын бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Орта мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Кенес

(Кенес) – Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы ауылдық округ. Аудан орталығы Мойынқұм ауылының оңтүстік-шығысында 68 км. Бірлік ауылдық округінің құрамынан бөлініп шыққан.

Қызылотау

(Қызылотау) – Мойынқұм ауданындағы ауыл.

Бұрынғы Амангелді ауылы тұрғындарының ұсынысына орай Қызылотау ауылы болып өзгертілген.

Бурылбайтал

(Бурылбайтал) – Мойынқұм ауданындағы темір жол стансасы, Шығанақ кенттік округі құрамында. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан солт.-шығысқа қарай 112 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік, т.б. шөлдің сораң шөптері өскен сортаң, сортаңдау сұр, топырақ қалыптасқан шөлді белдемде орналасқан. Іргесі 1950 ж. Мойынты – Шу темір жолын салу кезінде қаланған. Бурылбайтал стансасында орталау мектеп, клуб, фельдшерлік

пункт бар. Бурылбайтал – бурыл (сын есім) + байтал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «бұл жерде бурыл байталға байланысты оқиға болғанын» білдіреді.

Байтал

(Байтал) – Мойынқұм ауданындағы ауыл.

Бай (сын есім) + тал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау болуы керек. Мағынасы «қалың өсіп тұрған тал» дегенді білдіруі ықтимал. Екінші бір жорамал: бұл маңда жылқы малы байталға байланысты бір оқиға болып, содан қойылуы мүмкін.

Жасұлан

(Жасулан) – е. м., Мойынқұм ауданы. Жас (зат есім) + ұлан (зат есім) сөздерінен бірігуінен жасалған атау. Атау ерінбей еңбек етіп, жаңа қоғам құрып жатқан жастарға (жас ұландарға, Кеңес дәуіріндегі комсомолдарға, т.б.) арналған.

Қарақамыс

(Қарақамыс) – е. м., Мойынқұм ауданы. Қара (сын есім) + қамыс (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қалың, ну қамыс».

Сарыөзек

(Сарыөзек) – е. м., Мойынқұм ауданы. Сары (сын есім) + өзек (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «өзектің топырағы немесе құмы сары болып жататынын, яғни объектінің түсін» білдіреді. Кейбір зерттеушілер «кең, үлкен өзен» дегенді білдіруі мүмкін дегенді айтады.

Талдыөзек

(Талдыөзек) – ақ, жер, Мойынқұм ауданы. Талды (туынды сын есім) + өзек (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «тал өскен өзек» дегенді білдіреді.

Қүмөзек

(Қүмөзек) – а. Мойынқұм ауданы.

(Қүмөзек) – а. Шу ауданы;

Бұл атаудың мағынасы: «Жағалауы не болмаса табаны майда құм, қайраң болып келгендіктен аталса керек».

Биназар

(Биназар) – а. о. Мойынқұм ауданы.

Биназар баба әруағын есте қалдыру мақсатында бұрынғы ауылдың аты өзгертіліп қойылған.



Биназар батыр шамамен 1802-1860 ж. өмір сүрген Ұлы жүздің дулат тайпасының шымыр руынан. Ол Қоқан хандығына қарсы күресте Сыпатай батырдың сенімді серігінің бірі болған. Жасы ұлғайған шағында Шу өзеніне тоған салып, ауылын егіншілікпен айналысуға баулыған. Биназар батырдың бейіті Хантау қыратының Сұңқар деген шоқтығында орналасқан.

Бурылбайтал

(Бурылбайтал) – кент. Мойынқұм ауданы.

Бурыл (сын есім) + байтал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. «Бұл жерде бурыл байталға байланысты оқиға болғанын» білдірумен байланысты аталғаны байқалады.

Жиделі

(Жидели) – Мойынқұм ауданының ауыл.

Жиделі (зат есім) сөзіне –лі сын есім тудыратын жұрнақ қосылуы арқылы жасалған атау. Атау осы елді мекен мен оның төңірегінде жиде ағаштың көп екенін білдіреді.

Кіші Қамқалы

(Киши Қамқалы) – Мойынқұм ауданының ауыл.

Қамқа сөзі түркі тіліне парсы тілінен ауысқан. Мағынасы – құндыз. Мойынқұм ауданындағы Кіші Қамқалы көлінің айналасындағы шағын ауыл осы атауға орай Кіші Қамқалы деп аталған.

Қияқты

(Қиякты) – Мойынқұм ауданының ауыл, темір жол стансасы.

Қияқ (зат есім) сөзіне сын есім тудыратын –ты жұрнағы қосылу арқылы жасалған атау. Мағынасы: «сабағы үш қырлы, жапырағы таспа пішінді көп жылдық шөптесін өсімдіктің» бұл маңда көп өсетінін білдіреді.

Назарбеков Айтбай

(Айтбай Назарбеков) – Мойынқұм ауданының ауыл.

Бұрынғы Жасұлан ауылының аты өзгертіліп, ауыл тұрғындарының ұсынысына орай А. Назарбековты есте қалдыру мақсатында қойылған.

Назарбеков Айтбай (5. 6. 1922, Сарысу ауд. Байқадам с. – 29.03.1993, Алматы қ.) – қоғам қайраткері. Қапланбек а.ш. техникумын (1941), Алматы Жоғары партия мектебін (1956) бітірген. 1941-45 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1946-56 ж. Сарысу ауданы атқару комитетінің хатшысы, 1956-61 ж. Жамбыл ауд. атқару комитетінің төрағасы, 1961-63 ж. Көктерек ауд. партия комитетінің бірінші хатшысы, 1963-65 ж. Шу аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1965-83 ж. Мойынқұм ауданы партия комитетінің

бірінші хатшысы. Назарбеков Айтбай Мойынқұм ауданын басқарған жылдары қаракөл қойының саны мейлінше көбейіп, жүгеріден, бау-бақша мен көкөніс түрлерінен аса жоғары өнімдер алуға қол жеткізді. Ол 8-9-шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Ту орденімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Аманкелді

(Амангельды) – а. Мойынқұм ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 1997 жылы 6-ақпандағы ұйғарымымен Қызылотау ауылы болып өзгертілген.

Бірлік

(Бирлик) – Мойынқұм ауданының ауыл, ауылдық округ. «Бірлікте, ынтымақтастықта болайық» және халықтың «Бірлік бар жерде, тірлік бар» деген мәтеліне сай мағынаны білдіреді.

Күлтабан

(Култабан) – орта ғасырлардағы шағын қаланың орны. Мойынқұм ауданы, «Бірлік» ауылының батыс жағында 5 км жерде. Бұл төңіректе «Төрткүл», «Күлтабан» деп аталатын шағын қалалардың орындары өте көп. Шу өзенінің бойын қуалай бір-бірінен 10 – 15 км қашықтықта орналасқан. Күлтабанды 1948 ж. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекші Ә. Х. Марғұлан) зерттеді. Күлтабаннан алынған көзелерге қарағанда, оның тұрғындары б. з. X-XIV ғасырларда өмір сүрген. Олар суармалы жер шаруашылығымен айналысқан.

Орта Ақтөбе

(Орта Ақтөбе) – Қазақстандағы орта ғасырлардан сақталған ежелгі қала орны. Мойынқұм ауданының орталығы Мойынқұм ауылының солтүстік-шығысына қарай 65 км жерде, Шу өзенінің ескі арнасының оң жағалауында орналасқан. 1948 ж. Қазақстан ҒА-ның Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ә. Марғұлан) зерттеген. Қала орны төртбұрышты төбе. Биіктігі 5-10 м. Төбе үстінде ауданы 140x90 м² жазық алаң бар. Алаң айнала бекініспен қоршалған. Бекініс қалдығының биіктігі 1 м. шамасында. Оның ұзына бойында және бұрыштарында биік мұнаралар болғандығы байқалады. Мұнаралар қалдықтарының биіктігі 1 – 1,5 м. Археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған заттар (негізінен, қыштан жасалған ыдыстар), қаланың б. з. XII ғасырларына жататындығын көрсетеді.



Тыңқудық

(Тыңқудық) – көне қала орны. Мойынқұм ауданы Қызылотау ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5 км қашықтықта орналасқан. 1982 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов) рthnntuty. Қазіргі орны екі бөліктен немесе екі қабаттан тұратын төбе. 1986 ж. қазба жұмыстары жүргізілген. Оңтүстікке қарай 70 м, батыстан шығысқа қарай 50 м, биіктігі 1, 5 м. Ал, жоғарғы жағының көлемі 40x50 м, биіктігі 1 м. Үстіне бүгінгі уақытта қажетті триангуляциялық белгі орнатылған. Зерттеу жұмысы негізінде қаланың Х-ХІІ ғасырларда өмір сүргендігі анықталды. Қала орнынан құмыралар, тостағандар және т.б. керамикалық ыдыстар табылды.

Үлкен Ақтөбе

(Үлкен Ақтөбе) – көне қала орны. Мойынқұм ауданы, Қызыл ту ауылынан солтүстікке қарай 6 км қашықтықта орналасқан. Алғаш 1948 ж. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетек. Ә. Х. Марғұлан) ашқан. 1982, 1984, 1986 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық экспедициясы жоспарын түсіріп, қазба жұмыстарын жүргізді. 2000 ж. ҚР ҒА Археология институты жанындағы Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы (жетекшісі К. Байпақов) қайта зерттеді. Қазіргі орны әлемнің төрт тарапына бұрыштары бағытталған екі қабаттан тұратын төбе. Астыңғы төбешік орнының көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 100 м, батыстан шығысқа қарай 90 м, биіктігі 1 м. Төбешіктің ортасында тік төртбұрышты келген, көлемі 50 м, биіктігі 5 м екінші төбешік бар. Төрт мұнара бұрыштарына орналасқан, тек солтүстік және шығыс бөліктерде екі жерде (ортаңғы тұста) ғана мұнара қалдықтары сақталған. Екінші алаңға кіру есігі шығыс қабырғасы жағында. 1982 және 1986 ж. жүргізілген қазба жұмыстары көп нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ескерткіштің батыс, оңтүстік-шығыс бөліктерінде ұзындығы 16 м, ені 1-1,6 м, тереңдігі 6,5 м жерді алатын қазба жұмысы жүргізіліп, қалашықтың бекініс қабырғалары бес кезенді қамтитындығы мәлім болды. Зерттеу барысында құм (хум), құмыра, т.б. шаруашылық бұйымдары көптеп жинастырылды. Археологиялық ізденістер нәтижесінде Үлкен Ақтөбе қалашығын тұрғындары VII-ХІІ ғасырларда мекендегені айқындалды.

Шары

(Шары) – көне қала орны. Мойынқұм ауданы Қызылту ауылынан солтүстікке қарай 6 км қашықтықта орналасқан. 1989 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов) ашып, онда алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Шары орны екі төбеден тұрады. Бірінші оңтүстік төбе көлемі 320-340x280-320 м, биіктігі 2,5 м. Екінші солтүстік алаң үшбұрыш пішіндес (320x60x

180 м). Қазба жұмыстары барысында керамикалық ыдыстар табылды. Зерттеу жұмыстары Шарыда тұрғындар Х-ХІV ғасырларда өмір сүрген деп болжау жасауға мүмкіндік береді.

Ынталы

(Ынталы) – көне қала орны. Мойынқұм ауданы Ынталы ауылының солтүстік-шығыс шетінде орналасқан. 1986 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов) ашып, алғашқы зерттеу жұмысын жүргізген. Қала орны төбешік пішіндес, биіктігі 2,3 м, солтүстік-шығыстан оңтүстік – батысқа қарай 85 м-ге созылып жатыр. Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш құмыралар оның Х-ХІІ ғ-да өмір сүргенін көрсетеді.

Ыстөбе

(Ыстөбе) – көне қала орны. Мойынқұм ауданы Ынталы ауылынан солтүстікке қарай 12 км қашықтықта орналасқан. 1980 ж. Жамбыл облысы тарихи-өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі К. Байбосынов) тауып, алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ыстөбенің қазіргі орнының биіктігі 3,8 м, солтүстіктен оңт-ке 66 м-ге созылып жатқан төбешік. 1986 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов) қазба жұмыстарын жүргізіп, керамикалық ыдыстарды аршып алды. Зерттеу нәтижелері Ыстөбенің Х-ХІІ ғасырларда өмір сүргенін көрсетеді.

Төрткүл

(Торткул) – ортағасырдағы қаланың орны. Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Бірлік елді мекенінің оңтүстік – батысында 5 км жерде. 1948 ж. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Қаланың орны бұрыштары төрт тағанға қаратылған тік бұрышты алаңнан тұрады, ауданы 200x180м. Негізгі алаңнан солтүстік және шығыс жағында құрылыс орындарының қалдықтары, ал оңүстік-батысы мен оңтүстік-шығыс жағында көне канал орны сақталған. Оңтүстік-батысы басқа үш жағы топырақ үйінділерімен қоршалған, қала VIII-ХІV ғасырларды өмір сүрген.

Шенгелді

(Шенгелди) – көне қала орны. Мойынқұм ауданы, Ынталы ауылынан шығысқа қарай 12 км қашықтықта орналасқан. 1989 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық экспедициясы (жетекшісі М. Елеуов) тауып, алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қала солтүстіктен шығысқа қарай 85 м-ге созылып жатқан, биіктігі 2,3 м болатын төбе болып келеді. Теріліп алынған материалдар: құм (хум),



құмыра, табакша, т.б. сынықтары. Олардың дені сырланбаған ыдыстар. Қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыстар оның Х ғасырларда өмір сүргенін көрсетеді.

Ақсүйек

(Ақсүйек) – өзен.

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы өзен атауы. Ақсүйек, ұзындығы 70 км. су жиналатын алқабы 321 км². Айтау жотасының солтүстік беткейінен басталып, Қошқарбай сорына жетпей жерге сіңіп кететін көрінеді. Наурыз айының екінші жартысында тасиды. Жазда қарасуларға бөлініп қалады. Суы кермек, тек мал суаруға жарайды.

Қарасай

(Қарасай) – Мойынқұм аумағындағы өзен.

Іле алабында. Ұзындығы 80 шақырым, су алабы 1960 км². Майжарылған тауының солтүстік-шығыс беткейінен басталып, Балқаш көліне 7-8 шақырым жетпей тартылып қалады. Арнасы жоғарғы және орта бөлігінде тік (10-50 м), төменде кеңейеді. Жылдық орташа су ағыны 0, 18 м³/с. Мал суарылады.

Балқаш

(Балхаш) – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейін 3-орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш – Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Суының көлемі 100-110 км. куб. Басты айлақтары: Балқаш, Бурылбайтал, Бөрлітөбе.

Қашқантеңіз

(Кашкантиз) – Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы тұйық көл.

Балқаш көлінің батыс жағында Қашқантеңіз шығанағымен ертеде қосылып жатқан. Ауданы 18, 5 км². Ұзындығы 22, 5 м. Ені 4, 3 м. Тереңдігі 1, 4 м. Солтүстік-шығыстан соққан күшті желдің әсерінен толқын айдаған Балқаш суы кейде Қашқантеңіз көліне құяды. Суы тұзды, жағалауы сортаң батпақты.

Сарыбұлақ өзені

(Сарыбулак) – Хантау кенттік аймағында орналасқан. Сұңқар тауының баурайынан бірнеше өзендер (ұзындығы 15-25 шақырым) бастау алады. Олардың ең ірісі Сарыбұлақ өзені.

Хантаудың беткейлері өзен аңғарларымен, сай-жыралармен қатты тілімделген. Ақсүйек, Үлкен жиделі т.б. өзендер бастау алады.

Сарыбұлақ

(Сарыбулак) – Айтау тауындағы өзен.

Мойынқұм ауданы жерінен ағады. Ұзындығы 82 км, су жиналатын алабы 210 км². Бастауын Айтаудың шығыс баурайынан алып әуелде солтүстікке, одан кейін батысқа қарай бұрылып ағады да Сексеуілдала жазығына жетпей тартылып қалады. Арнасында су тек көктем айларында (наурыз – мамыр) болады. Жауын-шашын және жер асты суларымен толығады. Жағалауы мал жайылымы үшін пайдаланылады.

Шу

(Шу) – Қазақстан мен Қырғызстан жерінде, облыстың Қордай, Шу, Мойынқұм, Сарысу аудандары жерімен ағып өтетін өзен. Қазақстан аумағындағы ұзындығы 800 шақырым, су жиналатын алабы 62,5 км². Теріскей Алатауы мен Қырғыз Алатауындағы мұздықтардан басталатын Жуанарық, Қошқар өзендерінің қосылуынан қалыптасады.

Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Ащыкөл-Ақжайқын ойысына құяды. Ірілі-уақты 80 саласы бар. Қорағаты, Меркі, Ақсу т.б. Бетпақдала арқылы ағады. Арнасының ені орта ағысында 50-100 м, төменгі жағында 40-60 м-дей. Орта ағысындағы ең терең жері 2, 8 м, төменгі бөлігінде 4, 5 м. Негізінен, мұздық және қар суымен толығады. Жылдық ағынның 15%-ға жуығы көктемде, 58% жаз-күз айларында, 27% қыста өтеді. Жылдық орташа су өтімі 77 м³/с (Қызылотау (Амангелді) а. тұсында), жылдық ағыны 2426 млн м³, шілде – тамыз айларында суы болады, Желтоқсан – наурыз айларында қатады, мұзының орташа қалыңдығы 64-74 см. Суының орташа лайлылығы 820 г/м, ағып келетін жылдық тасқынның мөлшері 1800 млн м³. Жазда судың орташа температурасы 22-23, ең жоғарғы температурасы 26,7 (шілдеде) жетеді. Сазан, табан, жайын, қаяз, т.б. балықтар бар. Шу бойында Тасөткел бөгені, Тасөткел суару жүйесі салынған. Егіндік пен жайылымды суару және суландыруға Шу өзені суының 55%-ы жұмсалады. Өзен бойындағы ірі елді мекендер: Шу, Бірлік, Төле би және Мойынқұм.

Күмөзек

(Кумозек) – с. с., Мойынқұм ауданы, құм (зат есім) + өзек (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Жағалауы не болмаса табаны майда құм, қайраң болып келген өзен аты.

Қарасай

(Қарасай) – Мойынқұм ауданындағы өзен. Іле алабында. Ұзындығы 80 км, су жиналатын алқабы 1960 км². Қарасай Майжарылған тауының солтүстік-шығыс беткейінен басталып, Балқаш көліне 7-8 км жетпей тартылып қалады. Арнасы жоғарғы және орта бөлігінде тік, төменде кеңейеді; Жылдық орташа су шығыны 0, 18 м/сек. Мал суарылады.



Балқаш

(Балқаш) – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл.

Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі 3-орында. Алматы, Жамбыл (Мойынқұм ауданы), Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш – Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Ауданы құбылмалы: 17-22 мың км², ұзындығы 600 км-ден астам, ені шығыс бөлігінде 9-19 км, батыс бөлігінде 74 км-ге жетеді. Суының көл. шамамен 100-110 км³. Су жиналатын алабы 500 мың км² жуық. Орташа тереңд. 6 м, ең терең жері 26 м. Балқаштың батыс бөлігіне Іле (жер бетімен келетін судың 78, 2%-ін береді), шығыс бөлігіне Қаратал (15, 1%), Лепсі (5, 4 %), Ақсу 0, 43% өзендері құяды. солтүстіктен ағатын Аягөз, Бақанас, Тоқырауын, Жәмші, Мойынты, т.б. өзендер әдетте көлге жетпей сарқылады. Көлдің солтүстік жағалауы Сарыарканың ұсақ шоқылы тау сілемдерімен ұштасып жатқандықтан, биік жарқабақ болып келеді және көптеген жыра-жылғамен тілімделген, ал, оңт. жағалауы – суы біртіндеп тартылған кезде жиналған шөгінділерден пайда болған құмды ойпат. Көлдің көптеген шығанақ, қойнаулары бар, аралдары аз, үлкендері Басарал, Тасарал. Балқаш туралы алғашқы жазба деректер XIII ғасырдан белгілі.

Көлді тиянақты зерттеу XVII ғасырда басталды. Орыс картографы және тарихшысы С. У. Ремезов 1695 ж. «Чертежи всех сибирских городов и земель» атты атласында Балқашты «теңіз» деген атаумен көрсеткен. XVIII ғасырдың басында көлде геодезиялық өлшеу жұмыстары жүргізілді. Балқаш XIX ғасырда Клапроттың (1836) және швед картографы И.Г. Ренаттың (Жоңғарияның картасын жасаған) карталарында бейнеленді. П.В. Рихтгофен (1877) мен В.Ф. Гумбольдтың (1844) еңбектерінде Балқаш туралы деректер бар. Б-ты зерттеуге басқа да Ресей ғалымдар (И.В. Мушкетов, А.М. Никольский, Л.С. Берг, т.б.) атсалысты. Қазақстың ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов та Балқаш алабын зерттеп, сипаттаған. 1920 жылдан бастап Балқаш көлін кешенді зерттеу басталды, көптеген экспедициялар (П.Ф. Домрачев, В. Н. Абросов, Л.И. Лев, Н.М. Страхов, Д.Г. Сапожников, М.Н. Тарасов) ұйымдастырылды. Көлдің экол. жағдайын, суының химиялық құрамын, өсімдік, жануарлар дүниесін, алабының физикалық-географиялық сипатын зерттеумен 1970-90 ж. Қазақстан ҒА-ның институттары, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, бірнеше жобалау институттары т.б. айналысты. Бұл жұмыстардың нәтижесінде көлдің табиғи орнықтылығын сақтап қалуға бағытталған нақты шаралар белгіленді, олардың біразы жүзеге асырылып, көл деңгейінің құлдырауы тоқтатылды. Көл шөл және шөлейт климаттық белдеуде орналасқан. Қаңтардағы орташа температура –15, –17, шілденің орташа температурасы 24. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 120 мм. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55-66%, желдің жылдық орташа жылдамдығы

4,5–4,8 м/с. Жел көлдің батыс бөлігінде, көбінесе солтүстіктен, шығысында солтүстік-шығыстан соғады. Осы себепті көлде үнемі күшті толқын болады. Жаздағы булану ауа райына байланысты 950 мм-ден 1200 мм-ге дейін ауытқиды. Көл беті көбіне қарашаның аяғында қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Мұздың қалыңдығы кей жылдары 150 см-ге жетеді. Таудағы мұздықтар еріген кезде (маусым – шілде) су деңгейі біраз көтеріледі. Көп жылдық су деңгейі тербелісінің мөлшері 3 метрден асады. 20 ғ-да Балқаш көлінің деңгейі 1908 және 1961 ж. көтеріліп, 1946 және 1978 ж. төмендегені байқалды.

1970 жылдан бері Іле өзені бойында Қапшағай бөгенінің салуына байланысты көлдің табиғи гидрол. режимі көп өзгеріске ұшырады. Балқаш – жартылай ащы көл. Суының химиялық құрамы көл алабының гидрогр. ерекшеліктеріне байланысты. Көлге сұғына еніп жатқан Сарыесік түбегі Балқашты екіге бөледі, гидрол. және гидрохим. жағынан бір-бірінен өзгеше батыс және шығыс бөліктері ені 3,5 км Ұзынарал бұғазымен жалғасады. Судың минералдылығы мен тұздылығы бұл екі бөлікте екі түрлі. Көлге ағып келетін судың негізін Іле өзені құрайтындықтан, батыс бөлігінің суы тұщы (0,5 – 1 г/л), түсі көгілдір, ашық көк. Балқаш фаунаға бай. Көл түбінде моллюскілер, судағы ұсақ жәндіктердің дернәсілдері, шаян тәрізділер тіршілік етеді. Батыс бөлігі планктонға бай. Көлде балықтың 20-дан астам түрі бар, мұның 6 түрі ежелден көлдің өзінде өскен балықтар (Іле, Балқаш көкбасы, Балқаш алабұғасы, т.б.), қалғандары басқа жақтан әкелінген (карп, аққайран, шип, көксерке, Арал қаязы). Ауланатын балық (жылына 9 – 10 мың т) – сазан, көксерке, Балқаш алабұғасы, маринка, аққайран. Көл суы жағалауындағы (Балқаш кен-металлургия комб., т.б.) мен елді мекендер қажетіне пайдаланылады. Жылы мезгілде Балқашта су көлігі қатынайды. Басты айлақтары: Балқаш, Бурылбайтал, Бөрлітөбе.

Аксүйек

(Аксүйек) – Мойынқұм ауданындағы өзен.

Ұзындығы 70 км, су жиналатын алабының аумағы 621 км². Шу-Іле суайырығындағы Айтау жотасынан басталып, Қошқарбай сорына жетпей сіңіп кетеді. Ерте көктемде (наурыз айында) тасиды. Жазда қарасуларға бөлініп қалады. Суы кермек татиды, тек мал суаруға жарамды.

Шажағай

(Шажағай) – Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы өзен, құрғақ арна. Шу өзені алабында ұзындығы 129 км, су жиын алқабы 2110 км². Шажағай Желтау етегінен басталып, Елшібай тауынан оңтүстікте 3,8 км тартылып қалады. Қар суымен қоректенеді. Көктемдегі қар ерігенде бир аптадай ғана ағын болып, қалған уақытта құрғақ арнаға айналады. Шаруашылық маңызы шамалы.



Ақбастау

(Ақбастау) – бетпақдаланың оңтүстігіндегі оқшау тау.

Облыстың Мойынқұм ауданы жерінде орналасқан. Абс. биікт. 491 м. Тау солтүстіктен оңтүстікке, оңтүстік – батысқа қарай доғаша созылып жатыр. Ұзындығы 8 км, енді жері 3-3,5 км. Жер қыртысы палеоген жүйесінің әктас, құмтас, саз, малтатастарынан түзілген. Батысы мен оңтүстік беткейлері көлбеу келген, шығысы мен солтүстігі тіктеу. тау етегінде теріскен, еркекшөп, бұйырғын, қаражусан, беткейлерінде сұржусан аралас, астық тұқымдасты шөптесін өскен. Топырағы сұр, сортаңды сұр топырақ қалыптасқан. Ақбастау жыл бойы мал жайылымына пайдаланылады.

Байқара

(Байқара) – Шу-Іле алабындағы қиыр солтүстік-батысындағы тау. Мойынқұм ауданында орналасқан. Абс. биіктігі 665 м. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа 12 км созылып жатыр, ені 6 км. Кембрийге дейінгі және палеозой эрасының эффузиялық шөгінді жыныстарынан түзілген. Көлбеу келген беткейі онша тілімденбеген, етегінде ысырынды малтатастар көп. Тау баурайында шөлді белдемнің қиыршықты тас, сұр, құнарсыз сұрғылт топырағы қалыптасқан. Онда жусан, бұйырғын, күйреуік, баялыш басым өседі.

Бәйбіше тауы

(Байбише) – Арал маңы мен Қарақұм, Мойынқұм аралығында жатқан тау жотасы. Абс. биіктігі 254 м. Бәйбіше тауы солт. – батыстан оңт. – шығысқа қарай 25 км-ге созылып жатыр. Шығыс беткейі еңіс, бат. және оңт. беткейлері сай, жырамен тілімделген. Беткейлеріндегі шөлейт сұр топыраққа шөлдің сораң өсімдігі өседі.

Бектөбе

(Бектөбе) – төбе, е. м. Бек (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бек сөзі «Мықты, берік» және «биік» мағыналарына ие болып, «мықты, берік немесе биік төбе» деген мағынаны білдіреді.

Дегерес

(Дегерес) – тау. Шу – Іле тауларының солтүстік батыс жағында орналасқан.

Ғ. Қоңқашбаевтың пікірі бойынша, бұл моңғолдың дээр горес немесе дээрлиг горес (жабайы ешкі, тау ешкі) деген сөздерінен жасалған (Ғ. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН Каз ССР. Серия филологии и искусство введения. Вып. т. I (II), 1959, 90-б.). Осы пікір дұрыс болуы мүмкін, өйткені, осы таулардағы жартастарда тау ешкінің суреті өте жиі кездеседі. Ал атаудың өзгеріске

түсуі туралы мынаны айтуға болады. Дзергорес тіркесіндегі дз, рг дыбыс тіркестерінің қатар тұруы қазақ тіліне тән болмағандықтан, бұл сөздер Дегерес формасына ауысқан болу керек.

«Моңғолша-қазақша сөздікте» гөрөөс – «бөкен», бор гөрөөс – «таутеке» деп берілген (С. Хабшай, Ә. Мініс Моңғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954, 64-б.).

Дегерес – тау және елді мекен аттары. Көне түр. тілдеріндегі тегер («айналма; айналым») + ес (өлі жұрнақ) формаларының қосындысынан жасалған атау. Көне түрікте -ес жұрнағы көбіне өзен – су аттарына жалғанумен бірге заттың, құбылыстың нендей бір сапасын, кейде санын да меңзейді. Дегер тұлғасы қазіргі қырғыз тілінде тегерениш «айналып өту» деген Е. Қойшыбаевтың да пікірі бар (91-бет).

Жамбыл

(Жамбыл) тауы – Шу-Іле тауларының солтүстік-батыс бөлігінде Мойынқұм ауданының жерінде орналасқан. Абсолюттік биіктігі 972 м. Солтүстік батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 40-45 км-ге созылған, ені 10-15 км. Таудың жоғарғы жартасты бөлігінің түпкі жыныстары ашық жатыр, беткейлерінің барлығы дерлік тік құлама келген. Палеозойдың эффузиялық шөгінді жыныстарынан түзілген. Қиыршық тасты сұр қоңыр топырағында боз жусан, бұйырғын, баялыш, күйреуік басым өскен. Өзен арналары бойында тобылғы шоғырлары кездеседі.

Майжарылған

(Майжарылған) – Шу-Іле тауларының орта тұсында орналасқан тау. Мойынқұм ауданының жерінде орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 40-42 км-ге созылып жатыр. Енді жері 22-25 км. Ең биік жері 540 м. Тау төменгі палеозой мен силурдың метаморфты шөгінді жыныстарынан түзілген. Беткейлері эроз. күштері әрекетінен қатты тілімделген. Беткейлерінен Қарасай өзені бастау алып, Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Алакөл көліне құяды. Өзен арналары көктемде ғана суға толады. Жаз айларында құрғап қалады. Майжарылған тауы шөл және шөлейт белдемде жатқандықтан оның сұр, сортаңды сұр топырағында шөлге төзімді жусан, бетеге, қараған, баялыш, т.б. өсімдіктер өседі.

Сарыой

(Сарыой) – Бетпақдаланың оңтүстік-шығысында, Мойынқұм ауданының орта тұсында орналасқан үстірт. Теңіз деңгейінен 235 – 255 м биіктікте жатыр. Оңтүстігінде Оба тауы (286 м) орналасқан. Үстіртті жазықтың жер бедері тегіс келген. Солтүстік бөлігі сай-жырлармен, құрғақ арналармен сөл тілімденген. Оңтүстік-шығысынан жазда кеуіп қалатын бірнеше шағын бастау алады. Олар Шу өзенінің орта ағысына келіп құяды. Сарыой



үстіртінің батысынан жазда кеуіп қалатын біршама ұзын Қаратал өзені ағып өтеді. Жер бедеріне шөлге тән жусан, сарықау, күйреуік, баялыш, теріскен, ши, т.б. сораң шөптер өседі. Үстірт қысқы мал жайылымы саналады.

Сұңқар

(Сункар) – Хантау тауының ең биік жері.

Мойынқұм ауданының оңтүстік-шығысында орналасқан. Абсолютті биіктігі 1052 м. Су, жел, т.б. табиғат әсерінен мүжілген аласа тау. Тау баурайынан бірнеше өзендер (ұзындығы 15-25 км) бастау алады. Олардың ең ірісі Сарыбұлақ өзені. Құрғақ шөл аймақта орналасуына байланысты тау өңірінде шөлге төзімді жусан, бетеге, қараған, т.б. өсімдіктер өседі.

Хантау

(Хантау) – Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс сілемі. Мойынқұм, Шу аудандары жерінде орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 40 – 45 км-ге созылған, ендік жері 10 км-дей. Салыстырмалы орташа биіктігі 600 – 650 м. Абсолютті биіктігі – 1052м (Сұңқар тауы). Девон және силурдың құмтас және тақтатасынан түзілген, кейде гранит интрузиялары кездеседі. Беткейлері өзен аңғарларымен, сай-жыралармен қатты тілімденген. Ақсүйек, Үлкен Жиделі, т.б. өзендер бастау алады. Хантау өңірінде боз жусан басым өскен сораң өсімдік жамылғысы қалыптасқан.

Суықадыр

(Суықадыр) – Шу-Іле тауларында, Желтау тауының қиыр солтүстік-батысындағы тау. Мойынқұм ауданының шығысында орналасқан. Абс. биіктігі 599 метр. Суықадыр тауы, негізінен, төменгі полезойдың тақтатасы мен магмалық жыныстардан түзілген. Беткейлері сай-жыралармен сәл ғана тілімделген. Одан әрі тау беткейлері жазыққа ұласып кетеді. Суықадыр өңірінің ландшафтысы шөлді. Онда шөлге төзімді сораң шөптер өскен. Баурайы мал жайылымына пайдаланылады.



ТҰРАР РЫСКҰЛОВ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Құлан ауылы

Халық саны – 65 000 адам

Аудан аумағы 10 500 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтар саны: 15

Құрылған жылы: 4 наурыз, 1938 жыл

Ерекшеліктер мен көрнекті орындар

Аудан аумағында көптеген тарихи-мәдени мемлекеттік маңызы бар – Құлан қалашығы бар (VI- XIII ғ. басы)

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – жерлес-сарбаздарға арналған ескерткіштер мен Абсент атына қойылған ескерткіш, белгісіз сарбаз ескерткіші, темір дәуірінің қорымы, VII-XII ғғ. қорғандар, Ақ сарай, Керуен сарайы, Өрнек қалашығы, тасқа қашап салынған суреттер бар.



Т. Рысқұлов ауданы

Т. Рыскуловский район

Орталығы – Құлан ауылы

Центр – аул Кулан

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Абай ауылдық округі	Қарақыстақ а/о құрамынан бөлініп шыққан	Абайский аульный округ – аул Енбекши	Енбекші ауылы
2	Ақыртөбе ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ақыртөбинский аульный округ – аул Ақыртөбе	Ақыртөбе ауылы
3	Ақбұлақ ауылдық округі	Ленин ауылдық округі	Ақбулакский аульный округ – аул Қызылшаруа	Қызылшаруа ауылы
4	Жаңатұрмыс ауылдық округі	Қарақыстақ а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жанатурмысский аульный округ – аул Жаңатурмыс	Жаңатұрмыс ауылы
5	Көкдөнен ауылдық округі	Калинин ауылдық кеңесі	Кокдоненсктй аульный округ – аул Көкдөнен	Көкдөнен ауылы
6	Көгершін ауылдық округі	Көкдөнен а/о құрамынан бөлініп шыққан	Когершинский аульный округ – аул Көгершин	Көгершін ауылы
7	Қайыңды ауылдық округі	Сөгеті ауылдық кеңесі	Кайындинский аульный округ – аул Қайыңды	Қайыңды ауылы
8	Қарақыстақ ауылдық округі	Каменка ауылдық кеңесі	Каракыстакский аульный округ – аул Каменка	Каменка ауылы
9	Қорағаты ауылдық округі	Ленин ауылдық кеңесі	Корагатинский аульный округ – аул Қорағаты	Қорағаты ауылы
10	Құлан ауылдық округі	Луговой ауылдық кеңесі	Куланский аульный округ – аул Кулан	Құлан ауылы



11	Құмарық ауылдық округі	Подгорный ауылдық кеңесі	Кумарыкский аульный округ – аул Кумарық	Құмарық ауылы
12	Луговой ауылдық округі	Луговой кенті	Луговской аульный округ – аул Луговой	Луговой ауылы
13	Новосел ауылдық округі	жаңадан құрылған	Новоаульный аульный округ – аул Юбилейное	Юбилейное ауылы
14	Өрнек ауылдық округі	Ақыртөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Орнекский аульный округ – аул Орнек	Өрнек ауылы
15	Теренөзек ауылдық округі	Ақыртөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Теренозекский аульный округ – аул Теренөзек	Теренөзек ауылы



Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидронимдер түрі (қаз)	Гидронимдер түрі (орысша)	Аудан
Әбілқайыр	Абилькайыр	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Терекөзен	Терекозен	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Тасшалақ	Тасшалақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Жалпақсаз	Жалпақсаз	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Жарөзек	Жарозек	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Сорбұлақ	Сорбулак	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Ащыбұлақ	Ащыбулак	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Қарааршасай	Карааршасай	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Шырғанақ	Шырғанақ	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Теректі	Теректы	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Алуасай	Алуасай	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Қызылқайнар	Кызылкайнар	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Көтенүзбе	Котенузбе	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Тұзасу	Тузасу	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Солтүстік Талдыбұлақ	Солтустик Талдыбулак	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Ақсай	Ақсай	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Үлкен Көкқия	Улькен Коккия	өзен	р	Т. Рысқұлов ауд.
Солтүстік Кіші Көкқия	Солтустик Киши Коккия	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Әбдірасыл	Абдирасиль	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.



Сөгеті	Согеты	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қайыңдысай	Кайыңдысай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қасқарасай	Касқарасай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шымшықсай	Шымшықсай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қотырбұлақсай	Котырбулақ сай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Мамайқайыңды	Мамайқайыңды	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шыбынды	Шыбынды	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Тұйықтөр	Туйықтор	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Маңбел	Манбель	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қарабұлақ	Карабулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Жарлысу	Жарлысу	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Жаманбұлақ	Жаманбулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Көгершін	Когершин	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шолаққайыңды	Шолаққайыңды	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Талдысу	Талдысу	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шалсу	Шалсу	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Ақбұлақ	Ақбулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Терісбұтақ	Терисбутак	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қайыңды	Кайыңды	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Түйеқарын	Туйеқарын	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Кіші Көгершін	Киши Когершин	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Байтұма	Байтума	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қарабастау	Карабастау	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Ақбастау	Ақбастау	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шошқабұлақ	Шошқабулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шұңқыр	Шункыр	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Тастақ	Тастак	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қатужан	Катужан	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.

Қаракатты	Каракатты	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Жалғызтал	Жалғызтал	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Көкдөнен	Кокдонен	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Сасықбұлақ	Сасыкбулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қорғантас	Коргантас	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Жолымбетсай	Жолымбет-сай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Желдісай	Жельдысай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Монтай	Монтай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Жалпаққайнар	Жалпаққайнар	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Ашамайлы	Ашамайлы	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Сұлутөр	Сулутор	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қырғызжылға	Кыргызжылга	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Терісбұтақ	Терисбутак	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қаракыр	Каракыр	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Сейілхансай	Сейильхансай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Шырақатпа	Шырақатпа	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Тымбайсай	Тымбайсай	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Сукөкті	Сукоқты	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулақ	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Сұңқайты	Сунқайты	өзен	р.	Т. Рысқұлов ауд.
Келіншек	Келиншек	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Шибұлақ	Шибулақ	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Молалы	Молалы	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Тұяқшытыр	Туяқшытыр	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Сарысулы	Сарысулы	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Ойтаз	Ойтаз	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Жалақаншытырлы	Жалақаншытырлы	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.
Бактияр	Бактияр	көл	өз.	Т. Рысқұлов ауд.




Үлкеншилі	Улькеншили	көл	оз.	Т. Рысқұлов, Меркі ауд. шекарасында
Астыкөл	Астыколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Кіші Ағаштыкөл	Киши Ағаштыколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Жаманкөл	Жаманколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Көкшұрат	Кокшурат	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
1-Көлдібай	Кольдыбай 1-е	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Көлдібай	Кольдыбай	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Баскөл	Басколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қоржынкөл	Коржынкколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Тақыркөл	Такырколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Сандыбай	Сандыбай	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Шұқыркөл	Шуқырколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қарғалы	Каргалы	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қаракөл	Караколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қосқұдық	Коскудык	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қаратал	Каратал	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Тоғызкөл	Тогызколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Майқұдық	Майкудык	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Сасықкөл	Сасыкколь	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қараөлеңді	Караоленды	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Тандырлы	Тандырлы	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Көк	Кок	көл	оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Бозтікен	Бозтикен	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Сарықұдық	Сарыкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Шеңгелді	Шенгельды	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Нияз	Нияз	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Шортанқұдық	Шортанкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Қызылкемер	Кызылкемер	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.

Шөптіқора	Шоптықора	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Қызылқұдық	Кызылкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Шалқұдық	Шалкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Қосқұлаққұдық	Косулақкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Мырзаахметқұдық	Мырзаахметкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Бескатынқұдық	Бескатынкудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Сасыққұдық	Сасыккудык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Суық	Суык	құдық	к.	Т. Рысқұлов ауд.
Тұзқайнар	Тузқайнар	бұлақ	род.	Т. Рысқұлов ауд.
Көшкінсаз	Кошкинсаз	бұлақ	род.	Т. Рысқұлов ауд.
Тандыр	Тандыр	тұзды көл	сол. оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Әбілқайыр	Абильқайыр	күрғақ арна	сух. р.	Т. Рысқұлов ауд.
Қатынаш	Катынаш	ащы – тұзды көл	г. -сол. оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Құмқұдық	Кумкудык	ащы – тұзды көл	г. -сол. оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Қалғанкөл	Калганколь	ащы – тұзды көл	г. -сол. оз.	Т. Рысқұлов ауд.
Құрағаты	Курагаты	тұзды өзен	сол. р.	Т. Рысқұлов, Меркі, Шу ауд. -ы.
Көкарық	Кокарык	арық	ар.	Т. Рысқұлов ауд.
Мөңке	Монке	арық	ар.	Т. Рысқұлов ауд.
Шілік	Шилик	бөген	вдхр.	Т. Рысқұлов ауд.
Көкөзек	Кокдонен	жылға	руч.	Т. Рысқұлов ауд.



Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қаз)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Қарауылшоқы	Қарауылшоқы	тау	г.	Т. Рысқұлов ауд.
Молалы-Айранды	Молалы-Айранды	тау	г.	Т. Рысқұлов ауд.
Шал	Шал	тау	г.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Манас	Манас	тау	г.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Маңбел	Манбель	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Кіші Көкдөнен	Киши Кокдонен	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Көкдөнен	Кокдонен	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Шұңқыр	Шункыр	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Түйеқарын	Туйеқарын	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында
Бозбұлақ	Бозбулак	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) шекарасында

Шоң Көкқия	Шон Коккия	асу	пер.	Рысқұлов ауд. (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.).
Қазақсай	Казахсай	жырасай	лог	Т. Рысқұлов ауд.



ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ

(Тұрар Рыскулов) – облыстың оңтүстігінде орналасқан әкімшілік бөлік. Орталығы – Құлан ауылы. 1929 жылы ауданда колхоздастыру басталып 27 колхоз құрылған және Ленин атындағы асыл тұқымды қой совхозы мен Луговой жылқы зауыты, 1952 жылы колхоздар біріктіріліп ауданда 14 үлкен колхоз, совхоздар болған.

1931 жылы ауданда Луговой, Ақыртөбе ауылдарында екі МТС ашылған. Рысқұлов ауданы Жамбыл облысының оңтүстігінде орналасқан. 1938 жылы 4 наурызда Меркі ауданынан бөлініп, Луговой ауданы болып құрылған. 1999 ж. наурыз айынан белгілі қоғам қайраткері Т. Рысқұлов атымен аталады.

Шекаралары оңтүстігінде Қырғыз Алатауымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен, шығысында Меркі аудандарымен шектеседі. Жерінің басым көпшілігі жазықты дала, таулы, құмды келеді.

Аудан аумағынан халықаралық Алматы-Ташкент автожолы және Қазақстан темір жолы өтеді.

Аудан көлеміне 1880 жылдан бастап Ресейден, Украинадан патша жарлығымен шаруалар көшіп келе бастаған. Орыс пен украин шаруалары қоныстанған жерлерде Каменка, Луговой селолары пайда болған. Алғашқы 2 жылдық мектеп Луговой ауылында 1892 жылы ашылған.

Аудан аумағының басым көпшілігі жазық келген. Тек оңтүстігі ғана таулы. Мұнда Қырғыз Алатауының Ашамайлы, Қорғантас, Қарақыр, Көккия, Көгершін, Шөңгір, Құттыжан, Ойранды, Шал тауы, Қайыңды, Сөгеті, Мамай, Қарауылшоқы және Көкдөнен таулары орналасқан. Ауданның солтүстігі Мойынқұм шөліне ұласып кетеді. Жер қойнауынан құрылыс материалдары барланған. Климаты континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық, солтүстігі қуаң. Ауаның қаңтар айындағы орташа температурасы – 6- 8°С, шілдеде 22-26°С. Жауын- шашынның жылдық орташа мөлшері 250 – 350 мм, таулы бөлігінде 500 мм-ге дейін жетеді.

Аудан жерінен Қорағаты, Қарасу, Шалсу, Жарлысу, Талды, Қарақыстақ, Әулиебұлақ, Қорғантас, Қарақат, Шөңгір, Көкдөнен, Қайыңды және Сарыбұлақ өзендері ағып өтеді. Олардың барлығы бастауын Қырғыз Алатауынан алады. Өзендердің көбі өзімен аттас тау аттарымен аталады. Ауданда аумағы шағын келген (5км²-ден аспайтын) Белогорка, Байтелі, Шілік, Ақкүшік, Мақбел, Әбілхайыр, Қосапан, Сұңқайты, Сандықкөл, Мөңке, Кармақау, Көккөл және Қалғанкөл көлдері бар. Тау бөктері қара, қызғылт қоңыр, қоңыр топырақты (тәлімі жердің 80%-ы осында), орталығында сұр, бозғылт сұр, сортаңды сұр, солтүстігінде құмды, құмайтты топырақ қалыптасқан. Өсімдіктерінен тау шатқалдарында бұта аралас қайың, терек, жеміс ағаштары, тау бөктерінде, сұлыбас, қалақай

бөз, бетеге, Қорағаты өзенінің солтүстік жағалауынан бастап жусан түрлері басым. Онда күйреуік, баялыш, жыңғыл, сексеуіл, ши, т.б. шөлге төзімді өсімдіктер өседі. Аңдардан қасқыр, түлкі, қоян, таутеке, арқар, ақбөкен мекендейді.

Тұрар Рысқұлов ауданының басым көпшілігі қазақтар (87,6%), одан басқа орыстар (7,8%), татарлар (1,1%), т.б. ұлт өкілдері тұрады.

Ірі елді мекендері: Құлан (12, 3 мың адам), Луговой кенті (9,9), Көгершін (3,1), Ақыртөбе (2,6), Каменка (2, 5), Құмарық (2,5), Жаңатұрмыс (2,3) және Тереңөзек (2,0) ауылдары.

Аудан ежелгі (I-XVI ғғ.) тарихи-мәдени ескерткіштерге бай. Тарихи-археолог. ескерткіштерге Көкдөнен, Қызылшаруа елді мекендері аумағында орналасқан I-IV ғасырлардың қорғандары, Көгершін және Құлан ауылдарының (Шөңгір шатқалы) тұсында «Қорғандар даласы» деп аталатын 20-ға жуық үйсіндердің ежелгі тұрақты мекендері, Қызылшаруа ауылы маңында сақ-үйсіндер дәуірінің қорғандар тобы (12), Қарақат ауылынан 1 км жерде VII-IX ғғ. Төрткөл бекінісі, Ақбұлақ шатқалынан (бұрынғы Луговой жылқы зауыты) 400 м жерде петроглифтер, Қаракемер ауылы жанында ежелгі (VII-XIII ғ-лардағы Байтымбет елді мекенінің орны бар. Ауданның басқа да елді мекендерде (Абай, Алғабас, Құрамыс, Ақыртөбе, Жаңатұрмыс, Каменка, Қарақыстақ шатқалы және Мөңке сайы, т.б.) ежелгі қалалар, қорғандар мен бекіністер көптеп кездеседі. Тарихи орындардан басқа, біздің заманымызда құрбан болған жерлестерге ескерткіштер орнатылған. Ақыртөбе ауданында Екінші дүниежүзілік соғыста құрбан болған жерлестерге монумент тұрғызылған. Көкдөнен, Жаңатұрмыс, Құлан, Көгершін, Абай, т.б. елді мекендерде де құрбан болған жерлестерге ескерткіштер тұрғызылған. Аудандағы архитектуралық ескерткіштерге Луговой кентінде 1928 салынған темір жол стансасы ғимараты, тұрғын үй (1914), милиция үйі (1924), бұрынғы шіркеу мектебінің ғимараты (1886), Көгершін ауылында Абсент жылқысына тұрғызылған мүсіндік ескерткіш (1976), т.б. бар. Тұрар Рысқұлов ауданында 68 ескерткіш, оның 3-тарихи, 7 монументалды, 4 архитектуралық және 54 археологиялық ескерткіштер тіркелген. Аудан жерінен Түркісіб, Луговой – Бішкек темір жолдары өтеді.

Құлан

(Кулан) – Тұрар Рысқұлов ауданының (1938 жылдан) және Құлан ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Облыс орталығы – Тараз қаласынан шығысқа қарай 115 км жерде, Қырғыз Алатауының солтүстік бөктерінде, Қорағаты өзінің жағалауында, сұлыбас, бетеге, т.б. шөптесін өскен қоңыр, қара қоңыр топырақты тау етегі жазығында орналасқан. Тұрғыны 12,3 мың адамнан аса. Іргесі орта ғасырларда (VI ғ.) қаланды. 1992 ж. дейін Луговое ауылы аталып келді. 1930-97 ж. аралығында қой өсірумен шұғылданатын «Восток»



ұжымшарының және тұқым өсірумен айналысатын Жамбыл (қазіргі Тараз) зооветеринар техникумының оқу-тәжірибе шаруашылығының орталығы болған. Оның негізінде 1997 жылдан Құланда 12 өндірістік кооператив, 25 ЖШС және 200-ге жуық шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда 2 орта, 1 орталау мектеп, спорт мектебі, стадион, мәдениет үйі, мұражай, кәсіби мектеп, ауыл шаруашылығы колледжі, кітапхана, музыкалық мектеп, аудандық орталық аурухана, емхана, тубдиспансер, 2 тіс емханасы және отбасылық-дәрігерлік амбулатория бар. Құлан ауылы маңында VI-XII ғасырлардан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер көптеп кездеседі. Елді мекен арқылы Алматы – Шымкент автомобиль жолы өтеді.

Алғабас

(Алғабас) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Бұл жаңа атау Кеңес дәуірінде қойылған алға – «ілгері» + бас «жүр» сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, «ілгері ұмтыл, алға қарай жүр, талаптанып еңбек ет» мәніндегі атау.

Әбілхайыр

(Абульхаир) – а. Т. Рысқұлов ауданы. Қазақтың Кіші жүзінің ханы Әбілхайыр Әскен (Әжі) ұлының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен қойылған ауыл аты. Қазақ халқының Жоңғарлармен күресі күшейген кезде. Ордабасыда болған халық жиынында Әбілхайыр қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланған. Әбілхайыр хан (1693-1748) – қазақтың Кіші жүзінің ханы, Анырақай шайқасындағы қазақ қолының бас сардары, қазақ сұлтандарының кіші буыны – Үсектің ұрпағы. Болат хан өлгеннен кейінгі тақ таласында Сәмекенің (Шахмұхаммедтің) «Әбілқайырдың атасына хандық әуелден бұйырмаған. Жеті атасынан хан болып келе жатқан менің тұқымым, хан тағының заңды иесі менмін» деуі де оның осы кіші буыннан екенін меңзейді. Ол – кейін өзінің күшімен, айласымен шабуылды ұйымдастыра білушілігімен даңқы шығып, хандыққа қол жеткізген, батырлығы мен өркөкіректігі, ақылдылығы мен билікқұмарлығы, саясатшылығы мен бірбеткейлігі астасқан қайшылығы мол тарихи. күрделі тұлға.

Ол 1723 жылға дейін Түркістан қаласында тұрып, одан жоңғар басқыншылары қуып шыққан соң, Бұқар мен Хиуа хандықтарының шекарасындағы өзіне қарайтын тайпалардың арасына кетеді.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі күшейген кезде Ордабасында болған халық жиналысында Әбілқайыр қазақ жасақтарының бас қолбасшысы болып сайланып, Ақырақай шайқасында үлкен жеңіске жетеді. (Елтұтқа. М. Серғ. Қ. Салғ. А. Сейд. Астана, 2001, 138-б.).

Әбжаппар Жылқышиев

(Абжаппар Жылқышиев) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, Жамбыл облысының әкімі мен

облыстық мәслихаттың 22. 02. 1997 ж. бірлескен шешімімен (XIII сессия). Қызылту ауылының аты өзгертіліп, белгілі қоғам қайраткері, жазушы Әбжаппар Жылқышиев атындағы ауыл болып аталды.

Алғашқы 1928 жылы колхоз құрылысы болып біріккен кезінде «Сұлутөр колхозы» болып біріккен. Кейін Шымкенттен Қызыл ту жеңіп алып, содан бастап «Қызыл ту» колхозы болып құрылды. 1963 жылға дейін колхоз болып тұрады. 1963 жылдан бастап «Алғабас» қой совхозы болды. 1997 жылы қайтадан ұжым болып құрылып, бұрынғы Қызыл – ту бөлімшесі Әбдіжапар Жылқышиев атындағы ауыл атанды.

Байтелі

(Байтели) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 19. 03. 1992 ж. №1265-ХІІ Қаулысы бойынша Жеңістің 40 жылдығы атындағы ауыл аты өзгертіліп, Байтелі ауылы болып аталды.

Кісі есіміне байланысты қойылған.

Жанатұрмыс

(Жанатурмыс) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Қарақыстақ ауылдық әкімшілік округіне қарайды. Аудан орталығы Құлан ауылынан шығысқа қарай 26 км жерде, нарғия, жусан, т.б. шөптер өскен бозғылт қоңыр топырақты далалық белдемде орналасқан. Жанатұрмыс ауылы Қарақыстақ ауылдық округы құрамынан Жамбыл облыстық мәслихаты мен Жамбыл облысы Әкімінің 22.06.01 ж. №9-6 қаулысы бойынша бөлініп шықты. Тұрғыны 2,3 мың адам. Іргесі 1930 ж. «Жанатұрмыс» қой өсіретін ұжымшар ретінде қаланған. Оның негізінде Жанатұрмыста 1997 жылдан өндірістік кооператив, шаруашылық серіктестігі мен шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Орта және бастауыш мектеп, кітапхана, клуб, фельдшер-акушерлік пункт бар.

Каменка

(Каменка) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Қарақыстақ ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Құлан ауылынан шығысқа қарай 15 км жерде, Қарақыстақ өзенінің жағалауында, бетеге, селеу, т.б. астық тұқымдасты шөптесін өскен тау алдының қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты қоңыржай агроклиматтық белдемінде орналасқан. Тұрғыны 2, 5 мың адам. 1957-97 ж. аралығында қой өсіретін «Коммунизм жолы» ұжымшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Каменкада және округке қарасты Жанатұрмыс, Еңбекші ауылдарында 2 ӨК, 122 шаруа



кожалығы және 3 серіктестік құрылды. Ауылдарда 4 орта, 2 бастауыш мектеп, 3 кітапхана, 2 клуб, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 фельдш.-акушерлік пункт бар. Елді мекен Алматы – Жамбыл автомагистралі бойында орналасқан. Жақын темір жол стансасы – Луговой (18 км).

Көгершін

(Когершин) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Құмарық ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Құлан ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 14 км жерде, жусан, баялыш, т.б. шөптесін өскен тау алдының қоңыр, ақшыл қоңыр топырақты шөлейтті белдемде орналасқан. Тұрғыны 3,0 мың адам. Іргесі 1935 ж. Луговой асыл тұқымды жылқы зауыты ретінде қаланған. Оның негізінде Көгершінде округке қарасты Көкдөнен және Құмарық аудандарында 1997 жылдан 2 өндірістік кооператив, 96 шаруа қожалығы, 2 жауапкершілігі шектелген серіктестік жұмыс істейді. Ауылдарда 4 орта, 1 орталау, 3 бастауыш мектеп, 3 кітапхана, 1 клуб, отбасылық дәрігерлік амбулатория мен 2 фельдшерлік пункт бар.

Көкдөнен

(Кокдонен) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Құмарық ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Құлан ауылынан батысқа қарай 10 км жерде, бұта аралас бидайық, қияқ, т.б. шөптесін өскен тау алдының қызыл қоңыр, қоңыр топырақты құрғақ дала белдемінде орналасқан. ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04.05.1993 ж. №2189-ХІІ Қаулысымен бұрынғы Калинин атауы Көкдөнен болып өзгертілді. Тұрғыны 1,5 мың адам. Іргесі 1958 ж. Ленин атындағы қой ұжымшары ретінде қаланған. Оның негізінде Көкдөненде және округке қарасты Құмарық, Көгершін, Алғабас, Жақсылық, Қосапан, Қаракемер, т.б. ауылдарда 2 өндірістік кооператив, 96 шаруа қожалығы, серіктестіктер жұмыс істейді. 4 орта мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 фельдш. пункт, т.б. мекемелер бар.

Қайыңды

(Кайыңды) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Теренөзек ауылдық әкімшілік округі құрамында. Аудан орталығы Құлан ауылынан батысқа қарай 67 км жерде, боз, жусан, баялыш, күйреуік, т.б. шөптесін өскен сұр, шалғынды сұр топырақты шөлейт белдеуде орналасқан. Тұрғыны 1, 2 мың адам. 1977-97жылдары қой өсіретін «Мақпал» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Қайыңдыда «Мақпал» ӨК және бірнеше ЖШС ұйымдастырылды. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Қорағаты

(Қорағаты) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, ауылдық әкімш. округ орталығы. Аудан орталығы Құлан ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 35 км жерде, Қорағаты өзінің жағалауындағы ши, бұта шоғырлары аралас астық тұқымдас шөптесіндер өскен сұр, бозғылт сұр топырақты қуаң жазықта орналасқан. Тұрғыны 1,1 мың адам. Іргесі 1954 ж. асыл тұқымды қой өсіретін Ленин атынд. кеңшардың орталығы болған. Оның негізінде Қорағатында бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, кітапхана, клуб, фельдш.-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Құмарық

(Қумарык) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Құмарық әкімшілік округі құрамында. Аудан орталығы Құлан ауылынан батысқа қарай 27 км жерде, жусан аралас бетеге, бөз, күйреуік өскен қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты тау алдының қуаң жазығында орналасқан. Тұрғыны 2, 5 мың адам. 1955-97 ж. ауыл К. Маркс атындағы қой ұжымшарының орталығы болып келді. Ауыл 1992 ж. дейін Подгорное деп аталып келді. Жамбыл облысы әкімінің 06. 07. 92 ж. №60 қаулысы бойынша бұрынғы Подгорное атауы Құмарық болып өзгертілді. Оның негізінде Құмарық ауылында 1997 жылдан өндірістік кооператив және 30-ға жуық шаруа қожалығы құрылды. Ауылда орта, бастауыш мектептер, кітапхана, клуб, фельдшер-акушерлік пункт бар.

Қызылшаруа

(Қызылшаруа) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Ленин ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Құлан ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде, темір жол бойында орналасқан. Тұрғыны 1, 8 мың адам. Іргесі 1932 ж. алғашында Қызылшаруа, кейіннен қой өсіретін Қазақстан ұжымшарының орталығы ретінде қаланды. Оның негізінде Қызылшаруада 1997 жылдан шаруа қожалықтары құрылды. Орта мектеп, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Жақсылық

(Жаксылык) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, Құмарық ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Құлан ауданынан солтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде, Қорағаты өзенінің жағалауында, жусан аралас әр түрлі астық тұқымдасты шөптесін өскен тау алды жазығында орналасқан. ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 1993 ж. №2189-ХІІ Қаулысымен бұрынғы Тельман атауы Жақсылық болып өзгертілді. Тұрғыны 1, 7 мың адам. 1958 – 97 жылдар аралығында Ленин атындағы қой өсіретін ұжымшардың бөлімшесі болып келді. Оның негізінде ЖШС-тер мен шаруа



қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Өрнек

(Өрнек) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық әкімшілік округтің орталығы. Аудан орталығы Құлан ауылынан батысқа қарай 47 км жерде, бұта шоғыры аралас нарғия, сұлыбас, т.б. астық тұқымдасты шөптесін өскен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты тау алдының қуаң шөлейтті белдемінде орналасқан. Тұрғыны 1, 5 мың адам. Ауыл 1962–1997 жылдары қой өсіретін «Алғабас» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Өрнекте 1997 жылдан «Өрнек» өндірістік кооперативі ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Өрнек

(Өрнек) – көне қала орны. Тұрар Рысқұлов ауданы Өрнек ауылынан оңтүстікке қарай 6 км қашықтықта, Алтынсу мен Шұбырынды өзендерінің жағасында орналасқан. 1985-86 ж. К. Байпақов жетекшілік еткен экспедиция зерттеу жұмыстарын жүргізген. Өрнек қаласының орталық бөлігі аумағы 155x160 м болатын төрт бұрыш пішінді, жанжағы дуалдармен қоршалған. Қоршаудың қазіргі қиранды үйіндісінің биіктігі 5 м-ге, ені 11 – 15 м-ге жетеді. Қоршаудың бойында 31 күзет мұнараларының орындары сақталып қалған. Қазба жұмыстары Өрнектің 8-12 ғасырларда гүлденген қала болғанын көрсетеді. Қазба жұмыстары барысында тастан безендіріліп жасалған 4 колонна табылды. Мықты бекіністің, мешіттің, әсем сарайдың орындарының табылуы Өрнектің кезінде жоғары дамыған қалалар қатарына жататындығын айғақтайды. Орта ғасырлық географтар – Ибн Хордатбек пен Құдама Тараз бен Құлан қаласы арасында Касриабас, Құлшұб, Жұлшұб деген қалалардың болғанын жазып қалдырған. Осындағы Құлшұб қаласы Өрнек болса керек.

Сұңқайтты

(Сұңқайтты) – тарихи орын. Тұрар Рысқұлов ауданы Сұңқайтты ауылының маңында. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі кезінде бұл орында ірі шайқас болған. Әбілхайыр хан басшылық еткен қазақ жасақтары осы жерде жаудың бетін алғаш қайтарған. Сондықтан шайқас болған орын «Сұңқайтты» атанған. Ол кейін бұрмаланып Сұңқайтты аталып кеткен.

Сұңғайты

(Сұңғайты) – Т. Рысқұлов ауданындағы ауыл.

Бұл көне атаудың бастапқы мағынасы замандар өте мүлдем ұмыт болған. Оны анықтап, деп басу тым қиын. Алайда бұл атаудың бастапқы тұлғасын талдап, басқа тілдермен, салыстыра қарау барысында ғана кейбір жайттардың анықталуы мүмкін. Түркі тілдерінің ішінде Таулы Алтайда Сан-Кайа атты тау, ауыл бар екен. Зерттеуші О.Т. Молчанованың пікірінше: «Сан-Кайа – букв. скала, утес с треножкой или скала, утес как треножка» (О. Молчанова 1979, 283). Бұған қарағанда, Сұңғайты атауының сұң тұлғасы тәжік тіліндегі санг «тас», ал ғай сөзі көне түркі тіліндегі Кайа – «құз», «жартас», -ты қосымша деуге болатындай. Демек атаудың бастапқы тұлғасы Санкай (а) ты содан айтыла келе тілімізде Сұңғайты болып өзгертіске түскен сияқты.

Тереңөзек

(Тереңөзек) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Құлан ауылынан батысқа қарай 54 км жерде, боз жусан, баялыш, күйреуік басым өскен сұр, шалғынды, сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 0 мың адам. Ауыл 1950-97 ж. қой өсіретін Жамбыл атындағы ұжымшардың орталығы болды. Оның негізінде 1997 жылдан Тереңөзекте өндірістік кооперативі, ЖШС және шаруа қожалықтары құрылды. Орта, бастауыш мектептер, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Тереңөзек арқылы Түркістан темір жолы және Тараз-Алматы автомагистральді жол өтеді.

Тереңөзек терең (сын есім) + өзек (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: бұл жердегі өзектің жайдан емес, терең екендігін білдіреді.

Аққайнар

(Аққайнар) – Т. Рысқұлов ауданындағы Қорағаты округінің әкімшілік аумағына бірлігіне қарасты ауыл. Ақ (сын есім) + қайнар (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Қайнар деп жер асты суының бұрқырап шығып жатқан бастауын айтады. «Таза мөлдір, тұнық бастау» мәніндегі атау. Атаудың мағынасы туралы екі түрлі жорамал айтуға болады: біріншіден, бұлақ басы ақ топырақты жерден басталуы мүмкін, яғни бұлақ басының топырағы ақ болғандықтан осылай аталуы мүмкін, екіншіден, бұлақ көзі-қайнар сулы жерден бұрқырап, ағарып шығып жатуына да байланысты болуы ықтимал.

Ақшолақ

(Ақшолақ) – е. м., Т. Рысқұлов ауданы. Ақ (сын есім) + шолақ (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған.



Ақыртөбе

(Ақыртөбе) – е. м., Т. Рысқұлов ауданы. Ақыр (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы «ақырғы, шеткі төбе» дегенді білдіруі мүмкін.

Жарлысу

(Жарлысу) – е. м., Т. Рысқұлов ауданы. Жарлы (туынды сын есім) + су (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мұндағы су сөзі бұлақ, кішігірім өзен деген мағынада. Атаудың мағынасы сол бұлақ, өзеннің жары бар екендігін, яғни су астынан жер жырылып, жар пайда болғанын (яғни бұл бұлақтың немесе өзеннің жары бар екенін) білдіреді. Елді мекен атауы осы бұлақ немесе өзен атынан алынған.

Шолаққайыңды

(Шолаққайыңды) – е. м. Т. Рысқұлов ауданы. Шолақ (сын есім) + қайың (зат есім) + ды (зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ) жолымен жасалған атау. Мағынасы: «шағын да тапал қайың өскен жер» дегенді білдіреді.

Көкарық

(Көкарық) – ауыл.

Көк (сын есім) + арық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: арық маңының көгеріп, көк майса болып жатуына байланысты қойылған.

Құмарық

(Құмарық) – Т. Рысқұлов ауданындағы ауыл, ауылдық округ атауы.

Құм (зат есім) + арық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл маңдағы құмды жерде арық барын» білдіреді.

Мамыртөбе

(Мамыртөбе) – е. м., Т. Рысқұлов ауданы. Мамыр деген кісінің атынан қойылған атау болса керек.

Қосапан

(Қосапан) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Қос (екі деген сан есімнің орнына жүретін сөз) + апан (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «осы маңда екі апан» болғанын білдіреді.

Жанатұрмыс

(Жанатұрмыс) – а. о. е. м., Қордай, Байзақ, Т. Рысқұлов аудандары. Мағынасы: «революциядан кейін жаңа қоғам, жаңа тұрмыс құруға тілек білдіруге байланысты» қойылған атау.

Жылыбұлақ

(Жылыбұлақ) – е. м., Т. Рысқұлов Жылы (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «жер астынан шығып жатқан бұлақ суының жылы екенін» білдіреді.

Еңбекші

(Еңбекші) – а. Т. Рысқұлов ауданы,

Еңбекшіл, еңбек сүйгіш қалың бұқараның құрметіне қойылған атау.

Жалпақсаз

(Жалпақсаз) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Жалпақ (сын есім) + саз (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «үсті жайпақ, түйетайлы болып біткен төбе». Былайша айтқанда, Жалпақсаз деп аталу себебі, жер теңіз деңгейінен төмен жатқан сазды жер. 1929 жылы ауыл шаруашылық ұжымдары болып ұйымдасқанда осы атау қойылған. Осы күнге дейін аты өзгертілмей Жалпақ-саз күйінде аталған.

Қазақ

(Қазақ) – Т. Рысқұлов ауданындағы ауыл.

Қазақ халқының, этносының құрметіне қойылған атау.

Қаракат

(Қаракат) – Тұрар Рысқұлов ауданындағы ауыл.

Тұрар Рысқұлов ауданы жеміске бай өңір, сондықтан бұрынғы Октябрь-Чарво атауы ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 93 ж. №2189-ХІІ Қаулысымен Қаракат ауылы болып өзгертілді. Қаракат – жеміс-жидек аты.

Малдыбай

(Малдыбай) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Кісі есімінен қойылған атау.

Мамай қайыңды

(Мамай қайыңды) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Мамай (кісі, не ру аты) + қайыңды (зат есімнен –ды жұрнағы арқылы жасалған сын есім) сөздерінің тіркесуінен жасалған күрделі атау. Мағынасы: «қайыңды көп бұл жерде Мамай деген кісінің немесе рудың мекендегенін» білдіреді.



Мамыртөбе

(Мамыртөбе) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Мамыр деген кісінің атынан қойылған атау болса керек.

Сәлімбай Парманов

(Салимбай Парманов) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, облыс әкімі мен облыстық мәслихаттық 04. 07. 1997 ж. №436А бірлескен шешімі бойынша (XV сессия) Бірле ауылы өзгертіліп, Сәлімбай Пірманов атындағы ауыл болып аталды.

Сәлімбай Октябрь революциясына (1917) дейін Бірлес ауылында болыс болған, белгілі қоғам қайраткері. Ұлы жүз Дулат тайпасының бестерек руынан шыққан.

Сөгеті

(Согеты) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 1993 ж. №2189-ХІІ қаулысы бойынша Алғабас ауылы өзгертіліп, тарихи аты қалпына келтіріліп, Сөгеті ауылы болып аталды. Бұл аттас Сөгеті тауы Алматы облысының Райымбек ауданында да бар. Қазақ, қырғыз, ұйғыр тілдерінде сөгеті «талдың, теректің бір түрі».

Тасшолақ

(Тасшолақ) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Тас (зат есім) + шолақ (субстантивтенген сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл атаудан кейін тау, бұлақ, төбе сияқты сөздер қоса айтылып отырған. Жергілікті халық Тасшолақ дегенде бізге белгісіз объектінің түріне қарай Тас шолақ тау (тасы көп қысқа тау), немесе «Тас шолақ бұлақ» (маңында тас көп бұлақ) дегенді түсінеді. Сөйтіп бұл атаудың құрамындағы географиялық термин «тілдік үнем» заңы бойынша айтылмай қолданылып кеткен. Сонда атаудың мағынасы белгілі бір географиялық объектінің тасы көп, өзі қысқа екенін білдіреді.

Тойқұдық

(Тойқудық) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Бұл атау Құдық суының тоя ішетін молдығына немесе осы құдық басында болған тоймен байланысты қойылса керек.

Шөңгер

(Шонгер) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Бұл атаудағы шөңге сөзі тілімізде «шөптің, қурайдың шөгірі» ретінде белгілі болғанмен атау мағынасын аша алмайды. Таулы Алтайлықтар тілінде Чанкыр-Кобы – сай, ауыл аты. «Көк өзек, сай» мәнінде келсе, Чанкыр-Таш – тау, ауыл аты ретінде айтылып, «ашық көк, көгілдір көкшіл түсті тас» мағынасын білдіреді екен (О.Т. Молчанова. 1979, 335). Соған қарағанда Шөңгер атауы осы Чанкыр атауының дыбыстық тұрғыдан өзгеріске түскен түрі болуы мүмкін деген ой келеді.

Қаракемер

(Қаракемер) – а. Т. Рысқұлов ауданы.

Бұл сияқты ауыл аттары Қордай ауданында сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе облыстарында да бар. Атаудың бірінші құрамындағы қара сөзі бұл арада «үлкен», «зор» мәнінде қолданылып тұрса, екінші сындағы кемер «бір жақ қабағы су ораған биік арна», «қарайып жатқан тік қабақ» дегенді білдіреді.

Жоғарыдағы таумен мағынасы бір.

Қорағаты, Құрағаты

(Қорағаты) – Тұрар Рысқұлов, Меркі, Шу аудандарының жерімен ағатын өзен.

Ұзындығы 172 км, су жиналатын алабы 5840 км². Қорағаты өзені Қырғыз Алатауының солт. беткейінен бастау алып, Кеңес а. тұсында Шу өз-не құяды. Аңғары жоғарғы ағысында тар, шатқалды-жарлы келеді, төменгі жағында кең. Жауын-шашын, мұздық суымен толығады. Жылдық орташа су ағыны құяр сағасы 3, 63 м³/с. Суымен егін суарылады.

Қарақат

(Қарақат) – Қорағаты алабындағы өзен.

Тұрар Рысқұлов ауданының жерімен ағады. Ұз. 33 км. Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен басталып (3678 биіктіктен) Қорағаты өзеніне оң жағынан құяды. Оң қанатынан ұз. 17 км сала таудан жазыққа шыға беретін жерде құяды. Өзеннің басым көпшілік аңғары тік жарлы келген. Қар, жаңбыр, жерасты суымен толығады. Көктем айларында тасиды. Өзен аңғары жайылым және шабындық.

Қарақыстақ

(Қарақыстақ) – Шу өзені алқабында, Тұрар Рысқұлов ауданындағы өзен.

Ұзындығы 61 км, су жиналатын алабы 738 км². Қарақыстақ Қырғыз



Алатауының солт-нен басталып, Луговой кенті тұсында Қорағаты өзеніне құяды. Тау ішіндегі аңғары тар шатқалды, жазыққа шыққанда үш тармаққа бөлініп, аңғары кеңейеді, қар суымен толығады. Жайылмасы шабындық. Егін, бау-бақша суаруға пайдаланылады. Қарақыстақ өзені бойында 1984 ж. су сыйымдылығы 6, 8 млн. м³ болатын өзімен аттас бөген салынған.

Қарақыстақ бөгені

(Қарақыстақ) – Қарақыстақ өзені алабында, Тұрар Рысқұлов ауданы жерінде орналасқан.

Бөген 1984 ж. салынған. Суының жалпы сыйымдығы 6, 8 млн. м³. Қарақыстақ бөгені Т. Рысқұлов ауданы шаруашылықтарының егістігін суарады және шабындықтарды суландырады.

Мөңке

(Монке) – өзен. Қорағаты өзені алабында, Тұрар Рысқұлов ауданы аумағымен ағып өтеді. Ұз. 82 км. Бастауын Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен алып, солтүстікке қарай ағады да, Қорағаты өзенінің оң жағынан құяды. Жоғарғы жағында Қарақыстақ өзені деп аталады. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Мөңке суы аудан шаруашылықтарының егісін суаруға пайдаланылады.

Шұңқыр

(Шункыр) – Қорағаты алабындағы өзен.

Тұрар Рысқұлов ауданы жерімен ағады. Бастауын Қырғыз Алатауындағы Шұңқыр асуынан алып, Қорағаты өзеніне жетпей Құлан ауылы тұсында тартылып қалады. Ұз. 32 км. Жоғары және орта ағысында арнасы тік жарлы келген. Төмендегі жағалауы жайпақ. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Суын ауданның шаруашылықтары егіске пайдаланады.

Шалсу

(Шалсу) – Қорағаты алабындағы өзен.

Тұрар Рысқұлов ауданы жерімен ағып өтеді. Ұзындығы 57 км, су жиналатын алабы 208 км². Шал тауының солтүстік бөктерінен басталып, Құрмарық ауылынан төменде 15 км жерде тартылып қалады. Жоғары және орта ағысындағы арнасы тік, жарқабақты, төменгі аңғары кең, жазық келген. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Шалсудың солтүстік бөліктерінде суармалы егіншілік дамыған.

Майдамтал

(Майдамтал) – Талас Алатауының батыс сілеміндегі асу.

Абс. биіктігі 3524 м. Піскем және Күркіреусу өзендерінің суайрығы. Жотаның солтүстік беткейіндегі Күркіреусудың саласы Майдамтал бойымен жүретін соқпақ жол Майдамтал арқылы оңтүстік беткейдегі Піскемнің бастауына асады.

Шұңқыр

(Шункыр) – Қырғыз Алатауының батыс бөлігіндегі асу.

Тұрар Рысқұлов ауданы (Қазақстан) және Қырғызстан шекарасында орналасқан. Абсолютті биіктігі 3085 м. Құлан ауылынан шыққан жол Шұңқыр өзенінің бастауы арқылы таудың оңтүстік беткейінен асып, Талас өзені бойындағы Өзгеріс, Шатбазар елді мекендеріне тіреледі.

Қарақат суы, Қарасу

(Қаракат, Карасу) – ауылдық аймақтың маңынан ағып өтетін өзен.

Қарақат суы, Қарасу ауылдың ақ егісін, тұрғындардың бау-бақшаларын суару үшін пайдаланылады.

Көкдөнен каналы

(Кокдонен) – Көкдөнен су көзінің ұзындығы 17, 1 шақырым.

Шөңгір

(Шонгир) – Құлан ауылдық округінде қар мен мұздың еруінен және майда бұлақтардан бастау алып, ұзындығы 8, 1 шақырым болатын темір құбырлы канал арқылы 644 гектар егістікті суғаруға пайдаланылатын Шөңгір су қоймасы орналасқан.

Биғаш,

Ащыөзек

Сарыбұлақ – тау су көздері де тау басындағы мұздардың еруінен, сондай-ақ жаңбыр мен қар суынан бастау алып, тау бөктеріндегі майда бұлақтармен толығып отырады.

Қайыңды сай,

Қызыл сай,

Мейірхан сайлары,



Қайыңды және Мамай қайыңды

Жаман бұлақ – гидронимдері Қайыңды ауылдық округі аймағында орналасқан. Бұл кішігірім өзендер де тау басындағы қар мен мұздың еруінен бастау алады. Ұзындығы 11, 2 шақырым, 151 гектар жерді суландырады.

Қорағаты

Көксарай – өзендері Қорағаты ауылдық округі бар.

Шілік

(Шилик) – Т. Рысқұлов ауданындағы ең ірі су қоймасы (бөген) болып табылады. Оның сыйымдылығы 5000 млн текше м. Ол 1966 жылы пайдалануға берілген. Су қоймаларын негізінен шағын Қорағаты өзенінің суы толықтырып отырады.

Қызылшаруа

(Кызылшаруа) – бөген. Қорағаты ауылдық округі аймағындағы Қызылшаруа су қоймасының сыйымдылығы 750 текше метр. Негізінен бұл бөген Қорағаты өзенінің суы толықтырып отырады.

Ауданның Өрнек ауылдық округінде бастауын биік таулардан алатын шағын-шағын Талды су, Жарлы су, Сұлутөр және Алтын бұлақ, Төрт көл тау су көздері, бұлақтар орналасқан.

Тереңөзек ауылдық округінің аймағында Мақпал сай, Талды бұлақ, Тоғызшоқы, Шымырбай, Сұңқайты, Мақпалсу деген су, бұлақ көздері және тау сілемдері жатады. Мақпал су көзіне тартылған каналдың ұзындығы 27, 2 шақырым болады. Оның суы 314 га алқапты суландыруға пайдаланылады.



САРЫСУ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Жаңатас қаласы

Халық саны – 42 900 адам

Аудан аумағы 31 300 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтер саны: 9

Құрылған жылы: 3 қыркүйек, 1928 жыл

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – жерлес-сарбаздарға арналған ескерткіштер, Б. Қашқынбаевтың мүсіні, халық композиторы Ықылас Дүкенұлының моласы, Шоқай Датқа Қарабекұлының ескерткіші, темір дәуірінің қорымы, Ақтөбе, Кентарал, Сауда-кент қалашықтары мен Ынталы үңгірі бар.



Сарысу ауданы
Орталығы – Жаңатас қаласы

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

Сарыуский район
Центр – город Жаңатас

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Жаңатас қаласы		город Жаңатас	Жаңатас қаласы
2	Байқадам ауылдық округы	жаңадан құрылған	Байқадамский аульный округ – аул Саудакеңт	Саудакеңт ауылы
3	Досбол ауылдық округы	Жаңаарық, Жайылма, Тоғызкент, Түркістан, а/о құрамынан бөлініп шыққан	Досболский аульный округ – аул Досбол	Досбол ауылы
4	Жайылма ауылдық округы	Тоғызкент және Жаңаарық а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жайылминский аульный округ – аул Жайылма	Жайылма ауылы
5	Жаңарық ауылдық округы	Тоғызкент а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жанарыкский аульный округ – аул Узакбай Сыздықбайулы	Ұзақбай Сыздықбайулы ауылы
6	Жаңаталап ауылдық округы	Байқадам а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жанаталапский аульный округ – аул Жанаталап	Жаңаталап ауылы
7	Игілік ауылдық округы	Байқадам, Түркістан а/о құрамынан бөлініп шыққан	Игиликский аульный округ – аул Ондирис	Өндіріс ауылы
8	Қамқалы ауылдық округы	жаңадан құрылған	Камкалинский аульный округ – аул Камқалы	Қамқалы ауылы
9	Тоғызкент ауылдық округы	Комсомол ауылдық кеңесі	Тогызкентский аульный округ – аул Тогызкент	Тоғызкент ауылы
10	Түркістан ауылдық округы	жаңадан құрылған	Туркистанский аульный округ – аул Ашир Буркитбаев	Әшір Бүркітбаев ауылы



Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидронимдер түрі (қазақ)	Гидронимдер түрі (орысша)	Аудан
Аяктоғыз	Аяктоғыз	өзен	р.	Сарысу ауд.
Бүркітті	Буркитты	өзен	р.	Сарысу ауд.
Құрттыбұлақ	Курттыбулак	өзен	р.	Сарысу ауд.
Шабакты	Шабакты	өзен	р.	Сарысу ауд.
Кіші Арна	Киши Арна	өзен	р.	Сарысу ауд.
Тоғанөзек	Тоганозек	өзен	р.	Сарысу, Талас ауд.
Аса	Аса	өзен	р.	Сарысу, Жуалы, Жамбыл, Талас (Жамб. обл.) Талас обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Төлегенсай	Толегенсай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Аңғарсай	Ангарсай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Үшбас	Ушбас	өзен	р.	Сарысу (Жамб. обл.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.)
Ақбастау	Акбастау	өзен	р.	Сарысу ауд.
Бүгіл	Бугиль	өзен	р.	Сарысу, Жуалы ауд.
Төртсары	Тортсары	өзен	р.	Сарысу ауд.
Аткімсай	Аткимсай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Талдыбұлақ	Талдыбулак	өзен	р.	Сарысу ауд.
Сапар	Сапар	өзен	р.	Сарысу ауд.
Байжиен	Байжиен	өзен	р.	Сарысу ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Бекмұрат	Бекмурат	өзен	р.	Сарысу ауд.
Қаратас	Каратас	өзен	р.	Сарысу ауд.
Майбұлақ	Майбулак	өзен	р.	Сарысу ауд.
Батпақсу	Батпақсу	өзен	р.	Сарысу ауд.
Игілік	Игилик	өзен	р.	Сарысу ауд.
Бұзаушоқы	Бузаушоқы	өзен	р.	Сарысу ауд.
Қарашат	Карашат	өзен	р.	Сарысу ауд.

Ақтоғай	Актогай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Білтебайсай	Бильтебайсай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Қаратасай	Каратасай	өзен	р.	Сарысу ауд.
Шошқабулақ	Шошкабулак	өзен	р.	Сарысу ауд.
Қыршабақты	Кыршабакты	өзен	р.	Сарысу ауд.
Ащыөзек	Ащюзек	өзен	р.	Сарысу, Талас ауд.
Сорөзек	Сорозек	өзен	р.	Сарысу, Талас ауд.
Кіші Шаян	Киши Шаян	өзен	р.	Сарысу (Жамб. обл.) Бәйдібек (Оңт. Қаз. обл.) ауд.
Талас	Талас	өзен	р.	Сарысу, Жамбыл, Тараз қ. террит., Байзақ, Талас (Жамб. обл.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.) Талас обл. (Қырғ. Респ.) ауд-ы.
Шу	Шу	өзен	р.	Сарысу, Қордай, Шу, Мойынқұм (Жамб. обл.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.), Нарын, Ыстық көл Чу облысы (Қырғ. Респ.) ауд.
Бүйреkkөл	Буйреkkол	өзен	р.	Сарысу ауд.
Ақсуат	Аксуат	көл	оз.	Сарысу ауд.
Ақкөл	Акколь	көл	оз.	Сарысу ауд.
Сарышығанақ	Сарышыга-нак	көл	оз.	Сарысу, Мойынқұм ауд. шекарасында
Бәсенбай	Басенбай	көл	оз.	Сарысу, Мойынқұм ауд. шекарасында
Жылқыбай	Жылкыбай	көл	оз.	Сарысу, Мойынқұм ауд. шекарасында
Кіші Қамқалы	Киши Камкалы	көл	оз.	Сарысу ауд.
Үлкен Қамқалы	Улькен Камкалы	көл	оз.	Сарысу ауд.
Үйеңкікөл	Уйенкиколь	көл	оз.	Сарысу ауд.
Сасықкөл	Сасыкколь	көл	оз.	Сарысу ауд.
Жылқыбай	Жылкыбай	көл	оз.	Сарысу ауд.
Жұмалақкөл	Жумалакколь	көл	оз.	Сарысу ауд.



Айдын	Айдын	көл	оз.	Сарысу ауд.
Жәңгір	Жангир	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Көлтұма	Кольтума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Тоғызтұма	Тогызтума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Шеңгелді	Шенгельды	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Желбұлақ	Жельбулак	бұлақ	род.	Сарысу, Мойынқұм ауд. шекарасында
Сопак	Сопак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Шегентұма	Шегентума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Күнгейтұма	Кунгейтума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қызылтұма	Кызылтума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Ақшолақтұма	Акшолактума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Орыстұма	Орыстума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Шеңгелтұма	Шенгельтума	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қызылтүз	Кызылтүз	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Табакбұлақ	Табакбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Терісаққан	Терисаккан	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қосбұлақ	Косбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Үсенбет	Усенбет	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Үшбұлақ	Ушбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Табакбұлақ	Табакбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Бала Дегерес	Бала Дегерес	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Жақып	Жақып	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Тойнебек	Тойнебек	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қарағашәулие	Карагашаулие	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Құмқұз	Кумкуз	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Тасқұз	Таскуз	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Үкбет	Укбет	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Құрттыбұлақ	Курттыбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Шошқабұлақ	Шошкабулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Батырбайбұлақ	Батырбайбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Демеубай	Демеубай	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Ақтасты	Ақтасты	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Жалдықарабастау	Жалдықарабастау	бұлақ	род.	Сарысу ауд.

Жалғызағаш	Жалгызагаш	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Сарымсақты	Сарымсақты	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қараша	Караша	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Әбілқайырбұлақ	Абильқайырбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Ошақ	Ошак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Жәдігербастау	Жадигербастау	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Саурықбастау	Саурықбастау	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Еспенбет	Еспенбет	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Далабайбұлақ	Далабайбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Ыбырайбастау	Ыбырайбастау	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Майбұлақ	Майбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Білтебай	Бильтебай	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Сорбұлақ	Сорбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қамыстыбұлақ	Камыстыбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Тамшы	Тамшы	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Қанайбұлақ	Канайбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Тасбұлақ	Тасбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Ақмәметбұлақ	Акмаметбулак	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Абдулла	Абдулла	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Жәңгір	Жангир	бұлақ	род.	Сарысу ауд.
Нұрпейіс	Нурпейис	құдық	к.	Сарысу ауд.
Тасқұдық	Таскудық	құдық	к.	Сарысу ауд.
Бүргенді	Бургенды	құдық	к.	Сарысу ауд.
Баймұрын	Баймурын	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қарлықай	Карлықай	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қосқұдық	Коскудық	құдық	к.	Сарысу ауд.
Шолаққазған	Шолакказган	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қылышқыр	Кылышқыр	құдық	к.	Сарысу ауд.
Түңлікті	Тунликты	құдық	к.	Сарысу ауд.
Үлкен Сарықамыс	Улькен Сарықамыс	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қосаманқұдық	Косаманкудық	құдық	к.	Сарысу ауд.
Итеке	Итеке	құдық	к.	Сарысу ауд.
Биомар	Биомар	құдық	к.	Сарысу ауд.



Қоңырбай	Конырбай	құдық	к.	Сарысу ауд.
Сатыбалды	Сатыбалды	құдық	к.	Сарысу ауд.
Шағыртай	Шагыртай	құдық	к.	Сарысу ауд.
Шұнабай	Шурнабай	құдық	к.	Сарысу ауд.
Жарқұдық	Жаркудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Көлқұдық	Колькудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қосқызыл	Коскызыл	құдық	к.	Сарысу ауд.
Шабданқұдық	Шабданкудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Төртқұдық	Торткудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Ащықұдық	Ащыкудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қарағайқұдық	Карагайкудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Тасқұдық	Таскудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Тамшықұдық	Тамшыкудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Белжақсышен	Бельжаксышен	құдық	к.	Сарысу ауд.
Төбекұдық	Тобекудык	құдық	к.	Сарысу ауд.
Балақандым	Балакандым	құдық	к.	Сарысу ауд.
Торыатсойған	Торыатсойган	құдық	к.	Сарысу ауд.
Шірік	Ширик	құдық	к.	Сарысу ауд.
Көкиірім	Кокиирим	құдық	к.	Сарысу ауд.
№2 Жыңғылды	Жынғылды №2	құдық	к.	Сарысу ауд.
Қылышқыр	Клычкыр	құдық	к.	Сарысу ауд.
Түнлікті	Тунликти	құдық	к.	Сарысу ауд.
Бозарық	Бозарык	арық	ар.	Сарысу ауд.
Шоқап	Шокап	арық	ар.	Сарысу ауд.
Сарыкемпір	Сарыкемпир	арық	ар.	Сарысу ауд.
Тасарық	Тасарык	арық	ар.	Сарысу ауд.
Арысбек	Арысбек	арық	ар.	Сарысу ауд.
Қандымсай	Кандымсай	өзек	лощ.	Сарысу ауд.
Кірпишешенсай	Кирпишешенсай	өзек	лощ.	Сарысу ауд.
Ақшешексай	Акшешексай	өзек	лощ.	Сарысу ауд.
Бозайғырсай	Бозайгырсай	өзек	лощ.	Сарысу ауд.
Ынталы	Ынталы	бөген	вдхр.	Сарысу ауд.
Бүркітті	Буркитти	бөген	вдхр.	Сарысу ауд.
Сор	Сор	тұзды көл	сол. оз.	Сарысу ауд.

Шортанкөл	Шортанколь	тұзды көл	сол. оз.	Сарысу ауд.
Ащыкөл	Ащыколь	тұзды көл	сол. оз.	Сарысу ауд.
Сорбұлақ	Сорбулак	тұзды бұлақ	сол. род.	Сарысу ауд.
Соркөл	Сорколь	ащы – тұзды көл	г. -сол. оз.	Сарысу ауд.
Қарағанды	Караганды	ащы-тұзды құдық	г. -сол. к.	Сарысу ауд.
Қызылқұдық	Кызылкудык	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Көкшетау	Кокшетау	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Ұялы	Уялы	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Төртқұдық	Торткудык	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Шенгелдікұдық	Шенгельдыкудык	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Сарықамыс	Сарыкамыс	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Белқұдық	Белькудык	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Бұлдырық	Булдырык	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Ортатоғыз	Ортатоғыз	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Үшқұдық	Ушкудык	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Тоқымтыққан	Тоқымтыккан	тұзды құдық	сол. к.	Сарысу ауд.
Шеткі Шу	Шетки Шу	тармақ	прот.	Сарысу (Жамб. обл.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.) ауд.
Орта	Орта	тармақ	прот.	Сарысу ауд.
Мұсабайқұдық	Мусабайкудык	кұрғақ құдық	сух. к.	Сарысу ауд.
Кішіқыр	Кишикыр	кұрғақ құдық	сух. к.	Сарысу ауд.
Қалмақан	Калмакан	кұрғақ құдық	сух. к.	Сарысу ауд.



Иргежал	Иргежал	кұрғақ құдық	сух. к.	Сарысу ауд.
Бөрітүскен	Боритускен	кұрғақ құдық	сух. к.	Сарысу ауд.
Бірконақ	Бирконак	кұрғақ құдық	сух. к.	Сарысу ауд.
Шұбырған	Шубырган	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Терісаққан	Терисаккан	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Шұрнабай	Шурнабай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Құмөзек	Кумозек	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Кішкентайөзек	Кишкентайозек	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу, Талас ауд.
Жаманжарма	Жаманжарма	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу, Талас ауд.
Ызалысай	Ызалысай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Төлегенсай	Толенгенсай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Аңғар	Ангар	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Айнасай	Айнасай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Қызылсары	Кызылсары	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Бүртібай	Буртыбай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Шөлсай	Шольсай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Ортабұлақ	Ортабулак	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу (Жамб. обл.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.) ауд.
Батырбайсай	Батырбайсай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Үкілісай	Укилисай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу ауд.
Шопансай	Шопансай	кұрғақ арна	сух. р.	Сарысу (Жамб. обл.) Бәйдібек(Оңт. Қаз. обл.) ауд.-ы.

Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қазақ)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Ұзынтау	Узынтау	тау	г.	Сарысу ауд.
Үшбас	Ушбас	тау	г.	Сарысу ауд.
Байбасы	Байбасы	тау	г.	Сарысу ауд.
Аралтөбе	Аралтобе	тау	г.	Сарысу ауд.
Дегерес	Дегерес	тау	г.	Сарысу ауд.
Бала Дегерес	Бала Дегерес	тау	г.	Сарысу ауд.
Тасоба	Тасоба	тау	г.	Сарысу ауд.
Айуантөбе	Айуантобе	тау	г.	Сарысу ауд.
Көкшетау	Кокшетау	тау	г.	Сарысу ауд. (Жамб. обл.), Созақ ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шекарасында
Үшқат	Ушкат	төбе	буг.	Сарысу ауд. (Жамб. обл.), Созақ ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шекарасында
Қарақия	Каракия	төбешіктер	бугры	Сарысу ауд.
Тантай	Тантай	төбешіктер	бугры	Сарысу ауд.
Ысмағұл Сортаңы	Ысмагул Сортаны	төбешік	буг.	Сарысу ауд. (Жамб. обл.) Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шек.
Қазмолсай	Казмолсай	сай	бал.	Сарысу, Талас ауд. шекарасында
Жетіқара	Жетикара	жога	хребет	Сарысу, Талас ауд. шекарасында
Тұз	Туз	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кілем	Килем	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Боз	Боз	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Бел	Бель	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шолаққазған	Шолакказган	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Итмұрын	Итмурын	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Соқыртөбе	Соқыртобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Сарытөбе	Сарытобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қызылтұма	Кызылтума	төбешік	буг.	Сарысу ауд.



Суықтөбе	Суыктобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Құмдытөбе	Кумдытобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қостөбе	Костобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қазанғап	Казангап	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Терісбұтақ	Терисбутак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Дала	Дала	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тас	Тас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Үлкенсортаң	Улькенсортан	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кетпенқазған	Кетпенказган	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Түндікті	Тундикты	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кіші	Киши	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Төбе	Тобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Табак	Табак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қаракия	Каракия	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Мұрын	Мурын	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Көр	Кор	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Құз	Куз	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Арыс	Арыс	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Үңгір	Унгир	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Өгізтау	Огизтау	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Бас	Бас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кендірлік	Кендирлик	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Асу	Асу	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шеткі	Шетки	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ащыбұлақ	Ащыбулак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тәненқазған	Таненказган	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Мәңгі	Манги	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жалпақ	Жалпак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Бөтеке	Ботеке	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ескі	Ески	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шұбар	Шубар	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ұялы	Уялы	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жаманжол	Жаманжол	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Сортаң	Сортан	төбешік	буг.	Сарысу ауд.

Екітау	Екитау	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Иса	Иса	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Құрғақ	Кургак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Көк	Кок	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жаңа	Жана	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Домбыралытау	Домбыралытау	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тұмсық	Тумсык	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кентөбе	Кентобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кебір	Кебир	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ағаш	Агаш	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тастау	Тастау	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қараоба	Караоба	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қойтас	Койтас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шоқы	Шоқы	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ала	Ала	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тік	Тик	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Андагүл	Андагул	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ұшаяқты	Ушаякты	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шеткітас	Шеткитас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шошақ	Шошак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Бірмола	Бирмола	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Төртқұдық	Торткудык	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жаланаш	Жаланаш	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Мойын	Мойын	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жыңғылдыөзек	Жынғылдыозек	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Артқы	Артқы	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ақтөбе	Актобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қасқарау	Касқарау	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қаратөбе	Каратобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Үйік	Уйик	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Бүркітті-Дегерес	Буркитты-Дегерес	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қоянбай	Коянбай	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Сазтөбе	Сазтобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Күмістөбе	Кумистобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.



Құрсаулы	Курсаулы	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Балтабайбасы	Балтабайбасы	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Әйпенбет	Айпенбет	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Байкыпшақ	Байкыпшақ	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Әділбекбасы	Адилбекбасы	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Мейрамтөбе	Мейрамтөбе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жұрынтаев	Журынтаев	ескерткіш	пам.	Сарысу ауд.
Жаман Дегерес	Жаман Дегерес	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қаратас	Каратас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Көктөбе	Коктобе	төбешік	буг.	Сарысу ауд. (Жамб. обл.), Созақ ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шекарасында
Қаратөбе	Каратөбе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қырат	Кырат	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Белтөбе	Бельтөбе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Жайылым	Жайылым	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Биік	Биик	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қаратас	Каратас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Ұзынтөбе	Узынтөбе	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Шұңқыр	Шункыр	сор	сол.	Сарысу ауд.
Қызылтұз	Кызылтуз	сор	сол.	Сарысу ауд.
Орқазған	Орказған	сор	сол.	Сарысу ауд.
Шоқатқұм	Шокатқум	құм	пески	Сарысу ауд. (Жамб. обл.) Созақ ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шекарасында
Тұзкөл	Тузколь	сор	сол.	Сарысу ауд.
Сорми	Сорми	сор	сол.	Сарысу ауд.
Бас	Бас	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Сораша	Сораша	сор	сол.	Сарысу ауд.
Долина	Долина	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қара	Кара	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Сойған	Сойған	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тоғай	Тоғай	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Көкашық	Кокашық	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қызылқақ	Кызылқак	тақыр	тақыр	Сарысу ауд.

Жалғыз	Жалғыз	тақыр	тақыр	Сарысу ауд.
Күншығыс	Куншыгыс	тақыр	тақыр	Сарысу ауд.
Түндік	Тундик	тақыр	тақыр	Сарысу ауд.
Дорожный	Дорожный	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қызылмола	Кызылмола	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қоңыр	Коныр	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Қарақараған	Каракараған	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Сарыаңғар	Сарыанғар	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тесікбұлақ	Тесикбулак	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Мұнартау	Мунартау	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Тоқымтыққан	Токымтыкқан	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Гүл	Гуль	төбешік	буг.	Сарысу ауд.
Кіші Ақтау	Киши Ақтау	тау		Сарысу ауд.
Шошқабулақтау	Шошкабулақтау	тау	горы	Сарысу ауд.
Дөңгелектау	Донгелектау	тау	горы	Сарысу ауд.
Жырықауыз	Жырықауыз	таулар	горы	Сарысу ауд.
Қантарбай	Кантарбай	сай	бал.	Сарысу ауд.
Шабакты	Шабакты	тау	горы	Сарысу ауд.
Шыбықты	Шыбықты	тау	горы	Сарысу, Талас ауд. шекарасында
Тайғактас	Тайгактас	тау	горы	Сарысу ауд. (Жамб. обл.), Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шек.
Мойынқұм	Мойынқум	құм	пески	Сарысу, Мойынқұм, Талас, Жуалы, Жамбыл, Байзақ, Рысқұлов, Меркі, Шу (Жамб. обл.) ауд. Созақ ауд. (ОҚ. обл.) шеек.
Қаратау	Каратау	жота	хр.	Сарысу, Талас, Жуалы (Жамб. обл.); Шиелі, Жаңақорған (Қызылорд. обл.) Созақ, Бәйд. ауд. Кентау қ. (Оңт. Қаз. обл.)
Үлкен Ақтау	Улькен Ақтау	тау	горы	Сарысу ауд. (Жамб. обл.), Созақ ауд. (Оңт. Қаз. обл.) шек.
Ақтау	Ақтау	тау	горы	Сарысу, Талас ауд. шекарасында
Итауыз	Итауыз	шатқал	уш.	Сарысу ауд.



САРЫСУ АУДАНЫ

(Сарысу) – облыстың батысында орналасқан әкімшілік бөлік. 1928 ж. құрылған. Аудан орталығы – Жаңатас қаласы.

Аудан жері, негізінен, жазық, тек оңтүстік бөлігі ғана таулы. Мұнда Қаратау жотасының орталық бөлігіндегі Үлкен Ақтау тауы орналасқан. Ауданның ең биік жері де осы тұста (Айуантөбе тауы, 1024 м). Солтүстігін Мойынқұм және Бетпақ-даланың оңтүстік бөлігі қамтыған. Бетпақдала өңіріне аласа таулы құрғақ ландшафт тән. Мұнда аласа келген Қазанғап (298 м), Андағұл (330 м), Көкшетау (325 м), Сарытөбе (290 м) таулары және Ескібұтақ, Сортаң, Соркілем, Қаттытақыр, т.б. қоныстар кездеседі. Жер қойнауынан фосфорит, химиялық шикізаттар, ас тұзы, т.б. кен орындары барланған. Оның кейбіреулері өндіріледі.

Ауданның климаты континенттік, қысы солтүстігінде суық, аязды, оңтүстігі жұмсақ, жазы барлық бөлігінде ыстық, қуаң, аңызқты. Ауданның орташа температурасы қаңтар айында 6 –12°С, шілдеде 22 –21°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150 – 250 мм.

Аудан жерінен Шу, Талас, Бүркітті, Шабакты, Көктал өзендері ағып өтеді. Ақжар, Түзкөл, Үлкен Қамқалы, Соркөл көлдері бар. Шабакты, Бүркітті өзендеріне Ынталы, Бүркітті бөгендері салынған. Жері бозғылт қоңыр (оңтүстігінде), сұр, сортаңды сұр (солтүстігінде) және Шу, Талас өзендері аңғарында, Мойынқұмда шалғынды-сұр, құмайты топырақ қалыптасқан. Жусан, бетеге, бұйырғын, баялыш, көкпек, итсигек, адыраспан, сарсазан, күйреуік, т.б. шөлдін 5 сораң шөптері, Шу аңғарында камыс, ши, Мойынқұмда сексеуіл, жыңғыл өседі. Аңдардан: қасқыр, түлкі, қоян, акбөкен, арқар, таутеке, жабайы шошқа, құстардан үйрек, қаз, дала бүркіті, т.б. құстар кездеседі.

Аудан халқының басым көпшілігі қазақтар (86, 8%). Одан басқа орыс, белорус, украин, курд, татар, т.б. ұлт өкілдері тұрады.

Ірі елді мекендері: Жаңатас қаласы (25, 9 мың адам), Саудақент (5, 9) Жайылма (2, 8), Өндіріс (1, 4), Игілік (1, 2), Түркістан (1, 1), Ұйым (1, 1), Жаңаарық (1, 0) және Тоғызкент (1, 0) ауылдары. Аудан бұрын, негізінен, қаракөл қойы, оған қосымша етті-сүтті мал, жылқы, түйе өсіруге, астық, көкөніс өндіруге маманданған 10 кеңшардан тұратын. Қазір олар әртүрлі шаруашылық субъектілерін құрайды.

Аудандағы жол желісінің ұзындығы 472 км, оның 322 км жері қатты төсенішпен (асфальтпен) жабылған. Байланыс саласында 5 АТС (3690 нөмірлі) және 18 байланыс бөлімшесі бар.

Ауданда жалпы білім беретін 28 мектеп, 1 мұражай, 2 мәдениет үйі, 9 кітапхана, 1 спорт мектебі, 11 клуб, 2 кәсіптік мектеп бар. Денсаулық сақтау мекемелерінен 2 аурухана, 1 аудандық санэпидемстанса, 5 отбасылық – дәрігерлік амбулатория, 6 фельдшер-акушерлік пункт, 7 фельдшерлік пункт тіркелген.

Ауданда ежелгі тарихи-архитектуралық ескерткіштер көптеп кездеседі. Шабакты өзенінің оң жағалауындағы Саудақент ауылында ортағасырлық (XI-XV ғ.) Саудақент қаласының орны сақталған. Осы ауылда Шоқай датқа мазары (XIX ғ.) мен оған 2001 ж. тұрғызылған ескерткіш бар. Үшбас, Ақтобе, Арыстанды, Досбол елді мекендерінде бекіністік қамал, Ақтоғай, Түркістан, Қызылдиқан ауылдары маңында тас келіншек тастағы жазулар сақталған. Саудақент ауылында 1993 ж. Ықылас Дүкенұлына монумент тұрғызылған. Аудан жерімен ортағасырда Тараз – Қаратау – Жаңатас Саудақент елді мекендері арқылы Ұлы Жібек жолы жүрген.

3 қыркүйекте енді Сарысу ауданының тарихына тоқталсақ, Сарысу ауданы 1928 жылы Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» қаулысына сәйкес құрылған. Осы қаулыға сәйкес Сарысу ауданы Қызылқұм, Созақ, Шу аударымен бірге Сырдария округіне қаратылған.

«1928 жылы Қазақстанда өткізілген байларды тәркілеу науқанының көшпелі халыққа тигізген зардабы шексіз ауыр болды. 1932-1933 жылдардағы ғасырлар бойы көшпелі тірлікпен күн кешіп, еркін шарушылықпен, мал өсірумен айналысқан халықты әсіресе Сарысу халқын аяусыз қырғынға ұшыратты. Осы күнгі Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында 130 жылдан астам құтты қоныс еткен, сонау 1797 жылы осы күнгі Атырау, Орал облыстарының бойынан қоныс аударған Кіші жүздің Он екі ата Байұлысының Шеркеш, Жетірудың Жағалбайлы, Табын, Тама секілді ірі тайпаларының ұрпақтарының басым көпшілігі бауыр басқан құт қонысын тастап, Сарысу өзенінің бойынан 6000-дай шаңырақ үдере көшіп, Қаратау бойына шұбырды. Солақай, ұзынсойыл ұрдажық Голощекиннің өзінбілермендік саясаты салдарынан бір ғана Сарысу ауданында сол 6 мың шаңырақтан 2-ақ мыңдайы арып-ашып Қаратау алабына тұяқ іліктірді.

1926 жылғы санақ бойынша Арқа төсін мекен еткен Сарысу ауданының халқында 1 млн-дай қой-ешкі, 10 мыңдай жылқы мен түйе бар болса, 1932жылдың аяғына қарай зорлық саясат-ұжымдастыру салдарынан тігерге тұяқ қалмады десе де болғандай. Елдің алды, аз-кем қоңы барлары, күш-көліктері барлары Түркістан, Әулиеата, Шымкент, т.б. жақтарға қашып жансауға қылды (Үркердей болып көшкен жұрт... П. Дүйсенбин. Алм., 2007).

1933 жылы сонау Сарысу өзені бойынан қоныс аударып келген жұртшылықтың өтініші бойынша аудан аты Сарысу болып сақталып қалды. Көрнекті қоғам қайраткерлері Ораз Жандосов пен Жанайдар Садуақасовтарды белсенді қолдауы Жаңаарқа жеріндегі аудан атын сақтап қалуға зор ықпал етті.

Жаңатас

(Жанатас) – қала. Сарысу ауданының орталығы. Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 км жерде орналасқан. Іргесі ірі фосфорит кенін



игеруге байланысты 1964 ж. қаланып, жұмысшы кенті болған. 1969 жылы 25 маусымда аудандық бағыныстағы қалаға, 1971 ж. облыстық бағыныстағы қалаға айналды.

Атау жаңа (сын есім) + тас (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Болашақ қаланың атын қоюға көрнекті геолог ғалымдар Д. Безруков пен Б. Гиммельфарбтар үлес қосқан. Алғаш «Новый камень» деген ұсыныспен картаға түсірмек болғанда, Б. Гиммельфарб қазақшаға аударып, кен орнын белгілейді. Кейін осы атау Жаңатас қаласының атына негіз болды. Мағынасы: «жаңарған тасты жер, ел» дегенді білдіреді. Бұл жерде фосфор кені табылған соң кен өңдейтін фосфор шикізатын дайындайтын кешенді құрылыстар салынды. Қашанда кен таулы-тасты жерден шығатыны белгілі. Олай болса, тас сөзін кен сөзімен алмастырып айтумен орай «жаңа кен шыққан жер», «жаңа кен орны» деген ұғыммен байланысты Жаңатас атауы дүниеге келді.

Байқадам

(Байқадам) – Жамбыл облысындағы Сарысу ауданының ауылдық округі. Жамбыл қаласының солтүстік-батысында 165 км. Қаратаудың солтүстігіндегі жазықта, Шабакты өзенінің бойында орналасқан. Ең жақын темір жол сатансасы Жаңатас солтүстік-шығысында (27 км). Әуелде Саудакент аталған, ал 1931 жылдан Байқадам Қашқынбаевтың (тап жауларының қолынан қаза тапқан коммунист) есімімен аталды. 1993 жылы тарихи Саудакент аты қайтарылды. Халқы 7, 6 мың (1970). Байқадам – «Байқадам», «Коммунар» совхоздарының және ауылдық кеңестің орталығы болған. 1990 жылдары Байқадамда тұрмыс қажетін өңдейтін комбинат, лимонад цехы, наубайхана, баспахана, бастауыш, 2 орта мектеп, халық театры, 4 клуб, 7 кітапхана, 2 аурухана, 2 балалар бақшасы жұмыс істеді. 1933-1997 жылдары Сарысу ауданының орталығы болды. Байқадам стансасы төңірегінің табиғаты сұлу: 8 км жерде «Ынталы» бөгені, Қосемшек тауы, Қаратаудың биік шатқалдары, т.б. бар. Тараздан Байқадамға тас жол келеді.

Жайылма

(Жайылма) – Сарысу аудандағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Жаңатас қаласынан солтүстікке қарай 32 км жерде, Бүркітті өзінің жағалауында, боз жусан аралас баялыш, күйреуік өскен шөлдiң сұр топырақты даласында орналасқан. Тұрғыны 2, 7 мың адамнан аса. Іргесі 1957 ж. қаланған. Қаракөл қойын өсіретін «Жайылма» кеңшарының орталығы болып келді. 1997 ж. дейін Ленин ауылы аталып келген. Кеңшар негізінде Жайылмада 3 өндірістік кооператив, 35 шаруа қожалығы және 15 ЖШС құрылған. Ауылда және осы округке қарасты Көлдала ауылында 2 орта, 1 орталау мектеп, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшер-акушерлік пункт жұмыс істейді.

Игілік

(Игилик) – Сарысу аудандағы ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Жаңатас қаласынан солтүстікке қарай 33 км жерде, Шабакты өзені тармақтарының жағалауында, боз жусан, баялыш басым өскен сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 2 мың адамнан аса. 1957 ж. қаракөл қойын өсіретін Коммунар кеңшарының бөлімшесі болды. Оның негізінде 1997 жылдан «Игілік» өндірістік кооперативі және шаруа қожалықтары құрылды. 1993 ж. дейін Коммунар деп аталып келді. Игілікте орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер пункт, т.б. мекемелер бар.

Саудакент

(Саудакент) – Сарысу ауданындағы ауыл, Байқадам ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Жаңатас қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде, Шабакты өзенінің жағалауындағы сұр жусан, баялыш, көкпек басым өскен сұр, сортаңды сұр және шалғынды сұр топырақты қуаң шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 5, 9 мың адам. Ауыл 1993 жылға дейін Байқадам ауылы және 1997 жылға дейін Сарысу ауданының орталығы болып келді. 1957-1997 ж. аралығында көкөніс-сүт бағытындағы «Байқадам» кеңшарының орталығы болған. Оның негізінде Саудакентте 1997 жылдан «Байқадам» ӨК, «Саудакент» АҚ және оннан астам ЖШС-тер мен 50-ге жуық шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Ауылда тұрмыс қажетін өтеу комбинаты, кондитер, макарон цехтары, наубайхана, т.б. жұмыс істейді. 2 орта мектеп, кәсіптік-техникалық мектеп, 2 кітапхана, мұражай, мәдениет үйі, мешіт, ауылдық аурухана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар. Саудакентте ортағасырлық тарихи-сәулеткерлік ескерткіштердің орны сақталған.

Саудакент

(Саудакент) – ортағасырлық қала орны. Сарысу ауданы, Саудакент ауылында орналасқан. 1901 ж. В.А. Колосов зерттеген. 1946 ж. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ә. Марғұлан) ішкі қамалдың солтүстік-шығыс бұрышына тікқазба (шурф) түсірген. Оның барысында құлаған бөлме орны аршылып, сырланбаған қыш ыдыстар, мал сүйектері шыққан. 1947 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам) қала үстінен материалдар жиыстырған. 1980 ж. Жамбыл облысы тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (жетекшісі Қ. Байбосынов) зерттеу жұмыстарын жүргізді. Саудакенттің орны тікбұрышты келген. көлемі 230 және 160 м, биіктігі 6 м. төбе. 11 мұнараның орындары сақталып қалған. Ішкі қамал қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде. Бұл биіктігі 2 м, көлемі 40 м² болатын төбе. Қала орнынан сырлы және сырланбаған қыш ыдыс қалдықтары көптеп кездеседі. Бұлар Талас өңіріндегі қалалардан табылған материалдарға ұқсас. Алынған



заттарға қарағанда Саудақентті халық ІХ-ХV ғасырларда мекен еткен. Олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Саудақент арқылы Жібек жолы өткен.

Тоғызкент

(Тоғызкент) – Сарысу ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Жаңатас қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 70 км жерде, Таластың тармағы, Аса өзенінің ең төменгі ағысындағы боз жусан, баялыш, күйреуік, т.б. сораң шөптер өскен белдемде орналасқан. Тұрғыны 1,0 мың адамнан аса. Ауыл 1997 ж. дейін Түгіскен деп аталып келді. Іргесі 1950 ж. асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Тоғызкент» кеңшарының орталығы ретінде қаланды. Оның негізінде 1997 жылдан Тоғызкентте «Тоғызкент» АҚ және 20-дан астам шаруа қожалықтары құрылды.

Түркістан

(Туркистан) – Сарысу ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Жаңатас қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 15 км жерде, Үлкен Ақтау тауының солтүстік-батыс баурайында, Үшбас өзенінің сол жағалаулық аңғарындағы бұта аралас қылқан, боз, сұлыбас, бетеге басым өскен қызғылт қоңыр, қара топырақты жонды-қырқалы келген тауаралық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1, 1 мың адамнан аса. Ауыл 1995 ж. дейін Андреевка деп аталған. 1954-97 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Түркістан» кеңшарының орталығы болып келді. 1954 жылы тың игеруге байланысты құрылған астық совхозы болды. Оның Түркістан аталу себебі ең алғашқы 12 үйді Түркістан әскери округінің жауынгерлері салған. Ұлы жазушы М. Әуезов «Түркістан солай туған» деген очеркін сол жылдары дүниеге келтірген.

Қазір ауылда «Түркістан» ЖШС-і және 30-дан астам шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Орта мектеп, клуб, кітапхана, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Ақтоғай

(Актоғай) – ауыл. Жаңатас қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 15 км жерде, Тараз-Жаңатас автожолының бойында, Сарысу ауданында. Жаңаарық ауылдық округіне қарайды. Ақ (сын есім) + тоғай (зат есім) деген екі сөзден бірігіп жасалған. Табиғаты сұлу, үлкен Ақтау тауының қос шатқалынан ағып шығатын Ақтоғай мен Талдыбұлақ өзендерінің арасында орналасқан, жасыл желекті ну ноғайға бөленген ауыл. Орта мектеп, кітапхана, фельдшерлік пункт бар.

Жайлаукөл

(Жайлаукол) – е. м., Сарысу ауданы. Жайлау (зат есім) + көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Елдімекен аты көл атынан алынған. Мағынасы: «жайлаудағы көл».

Жарқұдық

(Жарқудык) – е. м., Сарысу ауданы. Жар (зат есім) + құдық (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: белгілі бір объектінің жарының жанынан қазылған құдық екенін білдіреді. Елді мекен аты осы құдық атынан қойылған.

Майлыкөл

(Майлыкол) – е. м., Сарысу ауданы. Майлы (туынды сын есім) + көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «суы малға жұғымды, жағасы шалғынды көл» дегенді білдіреді.

Арыстанды

(Арыстанды) – а. Сарысу ауданы.

Бұл жерде «арыстан бар, арыстан көп, айбатты, қайратты» мәнінде қойылған сияқты.

Жаңаталап

(Жанаталап) – а. о. Сарысу ауданы,

(Жанаталап) – а. Сарысу ауданы.

Жаңа (сан есім) + талап (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «революциядан кейінгі бұқараға арналған жаңа тілек жаңа міндетке байланысты» қойылған атау.

Ақасорты

(Ақасорты) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Балақандым

(Балақандым) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. «Қандым өскен жердегі кіші қоныс, құдық» мағынасындағы атау.

Қамқалы

(Қамқалы) – а. о. Сарысу ауданы,

(Қамқалы) – а. Сарысу ауданы.



Бұл ауданда Үлкен Қамқалы, Кіші Қамқалы деген көлдер бар. Ауыл аты сол көл атынан қойылса керек. Атаудың мағынасы: «қамқасы көп, қамқаға бай», қамқа, қама – «терісі қымбат аң, құндыз; қама.» Қамқа сөзі түркілерге иран тілінен ауысқан. Қамқалы атауы «құндызды» сөзіне пара-пар.

Қызылдиқан

(Қызылдиқан) – а. Сарысу ауданы, Жайылма ауылдық округіне қарасты ауыл.

Аудан орталығы Жаңатас қаласынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Ауыл жанынан Құрттыбұлақ өзені ағып жатыр. 1957 жылдан «Жайылма» кеңшарының бөлімшесі болды. Оған дейін Жданов атындағы ұжымшар болған. Ауылда орта мектеп, кітапхана, фельдшерлік пункті бар.

Қызыл (сын есім) + диқан (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қызыл шаруа». Қызылдиқан атты ауыл Жамбыл, Жуалы аудандарында да бар.

Маятас

(Маятас) – а. Сарысу ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 05.08.1997 ж. ұйғарымы бойынша К. Маркс селосы бұрынғы тарихи аты бойынша Маятас ауылы болып аталды. Атаудың мағынасы: «Үйілген, биік тас».

Ұйым

(Уйым) – а. Сарысу ауданы.

Сөз түбірі ұйы етістігі. Ауыспалы мағынасы «бірік, бірлес» дегенді білдіреді. Осыған етістіктен зат есім тудыратын -м жұрнағы қосылу арқылы жасалған атау. Мағынасы: «бірлесе, біріккен, басы қосылған ұжым (коллектив)» дегенді білдіреді.

Ұ. Сыздықбайұлы

(У. Сыздықбайұлы) – а. Сарысу ауданы.

ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 24.12.1999 ж. ұйғарымы бойынша Жаңаарық ауылы өзгертіліп, Ұ. Сыздықбайұлы ауылы болып аталды.

Сыздықбаев Ұзақбай Сыздықбайұлы (22.09.1925, Сарысу ауданы – 1997, Байзақ ауд.) – соғыс және еңбек ардагері, қоғам қайраткері болған. 1961-1963 жылдары Қордай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған. 1963-1967 жылдары ҚКП Сарысу және Свердлов (Байзақ) аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып істеген.

Үшбас

(Ушбас) – а. Сарысу ауданы.

Үш (сан есім) + бас (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «үш биік, үш төбе» дегенді білдірсе керек.

Шағалалы

(Шағалалы) – а. Сарысу ауданы.

Шағала сөзіне сын есім жасайтын -лы жұрнағы қосылуы арқылы жасалған. Мағынасы: «бұл маңдағы көлде шағала көп» екенін білдіреді.

Шығанақ

(Шығанақ) – а. Сарысу ауданы.

Географиялық терминнен жасалған атау. Мағынасы: «Бұл жердің басқа жерден бөлектеніп, оқшауланып жатқанын» білдіреді. Мойынқұм ауданында Шығанақ кенті бар.

Қазанқап

(Қазанқап) – төменгі палеолит қонысының орны. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Шу өзенінің биік жағалауында, Тантай және Қазанқап тауларының аралығында. Қазанқапты 1961 ж. ҚазССР ҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археологиялық экспедициясы зерттеді. (Қазақ Совет Энциклопедиясы Алматы, 1975. 6 том, 391-бет).

Бұралқы

(Буралқы) – қоныс. Бетпақдала жазығының оңтүстігінде, Бұралқы қонысында, Сарысу ауданында орналасқан.

Бүркітті

(Буркитти) – соңғы палеолит дәуірінің кейінгі кезеңіне жататын көне қоныс орны. Сарысу ауданындағы бұрынғы Бүркітті, кейінгі Көксу аталған ауылдан 2 км қашықтықта орналасқан.

Досбол

(Досбол) – ауыл. Талас өзенінің аңғарында, Саудакент ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 49 км жерде, Сарысу ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.



Егізкөл

(Егизкол) – қоныс. Талас өзенінің аңғарында, Сарысу ауданында. Суы ащы.

Ескибұтақ

(Ескибутақ) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Жайлаукөл

(Жайлаукол) – ауыл. Шу өзенінің сол жағасында, Сарысу ауданында.

Жайылма

(Жайылма) – ауыл. Сарысу ауданында, Жаңатас қаласынан солтүстікке қарай 32 км жерде, Бүркітті өзенінің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2, 7 мың адам. Іргесі 1957 ж. қаланып, 1997 жылға дейін Ленин ауылы аталып келген. Жайыл (ырықсыз етіс) + ма (зат есім афф.) тұлғаларының бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «көктемде қар суы жайылатын өзен жағасындағы шабындықты ойпаң, жазық алқап». Сонау 40-жылдары Бүркітті, Шабакты, Аса сулары Қарақоға, Қазоты, Сарыкөл аймағында бір-бірімен көктемде тоғысып, айнала дүниені су басып кетеді екен. Кейін тартылған су орны адам аяқ алып жүре алмас шалғынға айналған. «Жайылма» атауының астары сол ұлы құбылыспен байланысты.

Жалқұм

(Жалқум) – қоныс. Талас өзенінің аңғарында, Сарысу ауданында. Жал-жал болып ұзыннан-ұзақ созылып жатқандықтан Жалқұм аталса керек.

Жаңаарық

(Жанаарық) – қоныс. Бүркітті өзенінің аңғарында, Сарысу ауданындағы ауыл. Жаңаарық ауылдық округінің орталығы. Жаңатас қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 6 км жерде, жаңа (сын есім) және арық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «жаңа қазылған канал» болса керек.

Жаңаталап

(Жанаталап) – қыстау. Саудақент ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 7 км жерде, Сарысу ауданында. Жаңа және талап сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, «жаңа өмірге ұмтылыс, зор мақсат» мәніндегі кеңестік дәуірде қойылған атау.

Жиделі

(Жидели) – қоныс. Шу өзенінің аңғарында, Сарысу ауданында.

Игілік

(Игилик) – ауыл. Сарысу ауданында, Жаңатас қаласынан солтүстікке қарай 28 км жерде, Шабакты өзен тармақтарының жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1, 2 мың адам. Іргесі 1957 ж. қаракөл қойын өсіретін «Калинин» ұжымшары, кейіннен кеңшардың негізінде қаланды. Ауыл 1993 жылға дейін Коммунар деп аталған. Ру атынан не кісі есімінен қойылған атау болуы мүмкін.

Кеттітақыр

(Кеттитақыр) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Көкдала

(Кокдала) – ауыл. Талас өзенінің аңғарында, Саудақент ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 73 км жерде, Сарысу ауданында. Атау көк және дала сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «Көкорай шалғынды кең жер, үлкен жон, байтақ жер».

Қуарал

(Куарал) – қоныс. Бетпақдала жазығының оңтүстігінде, Сарысу ауданында. «Шөл арал (жазық)» мәніндегі атау. Қазақтың ұлы сазгер қобызшысы Ықыластың (1843) жерленген жері. Шығанақ ауылынан солтүстікке қарай 18 шақырым жерде, Шу өзенінің арғы бетінде.

Қаратұз

(Каратуз) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Қиынтас

(Киынтас) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында орналасқан.

Қаратоған

(Каратоған) – қоныс. Талас өзенінің аңғарында, Сарысу ауданында. Қара (сын есім) + тоған (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «тоғаны көп жер».

Қожамбақ

(Кожамбақ) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында орналасқан.



Қызылой

(Қызылой) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Қызыл (сын есім) + ой (зат есім) тұлғалы атау. Мағынасы: «топырағы қызыл түсті, ойпаң жер».

Қызылтөбе

(Қызылтөбе) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Қызылтүз

(Қызылтүз) – қоныс. Бетпақдала жазығының оңтүстігінде, Сарысу ауданында.

Қыршабақты

(Қыршабақты) – ежелгі қорым. Жамбыл облысының Сарысу ауданында, Қыршабақты өзенінің Шабақты өзеніне құяр сағасынан 3 км қашықтықта орналасқан.

Қырыққұдық

(Қырыққұдық) – қоныс. Саудақент ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 22 км жерде, Сарысу ауданында. Топырағы сортаң, мал жайылымы. «Көп құдығы бар жер» мағынасындағы атау.

Мойынкүм

(Мойынкүм) – құмды алқап. Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстары жерінде орналасқан. Солтүстігінде және шығысында Шу өзені аңғарымен, оңтүстігінде Қаратау, Қырғыз Алатауы жоталары бөктерімен шектеледі. Алқап оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа 500 км-ге созылған, ені 50-150 км, ауданы 37, 5 мың шаршы км. «Ұзаққа созылған жіңішке құм» мағынасындағы атау.

Мойынкүм

(Мойынкүм) – ауыл. Талас өзенінің аңғарында, Саудақент ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде, Сарысу ауданында орналасқан.

Өндіріс

(Ондирис) – ауыл. Сарысу ауданында, Жаңатас қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде, Шабақты өзенінің аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1.3 мың адам (1999). Ауыл 1957-97 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Коммунар» кеңшарының орталығы болып келді. Кеңестік

дәуірде қойылған атау. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, балабақша, фельдшерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Сордала

(Сордала) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Соркөл

(Соркол) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Соркілем

(Соркилем) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Сортаң

(Сортаң) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Тасбұтақ

(Тасбұтақ) – қоныс. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.

Тұздыарал

(Тұздыарал) – қоныс. Шу алабында, Шығанақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 12 км жерде, Сарысу ауданында. «Топырағы тұзды, соры шығып жатқан арал» мәніндегі атау.

Ұйым

(Ұйым) – ауыл. Сарысу ауданында, Жаңатас қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 21 км жерде, Шабақты өзендерінің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1, 1 мың адам. Ауыл 1957-1997 жж. көкөніс-сүтті «Байқам» кеңшарының бөлімшесі болып келді.

Үшбас

(Үшбас) – ауыл. Жаңатас қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 17 км жерде, Сарысу ауданында. Түркістан ауылының шығысында 4 км жер. Орталау мектеп, фельдшерлік пункт бар.

Үшкөл

(Үшкөл) – қыстау. Шу өзенінің аңғарында, Жайлаукөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 19 км жерде, Сарысу ауданында. Үш (сан есім) + көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған, «үш көлі бар өңір» мәніндегі атау.



Үштөбе

(Үштөбе) – қоныс. Мойынқұм алқабында, Сарысу ауданында. Қатарласа, тізбектеле орналасқан үш үлкенді-кішілі таулар мен төбелер болғандықтан осылай аталған.

Шабакты

(Шабакты) – т. ж. бекеті. Жаңатас қаласынан шығысқа қарай 20 км жерде, Сарысу ауданында.

Ынталы

(Ынталы) – қыстау. Сарысу ауданында, Шабакты өзенінің бойында орналасқан. Саудақент ауылынан оңтүстікке қарай 10 км жерде, теңіз деңгейінен 350 м биіктікте жатыр. Бөген 1976 ж. іске қосылған. Суының толық сыйымдылығы 30 млн. м, ұзындығы 3 км, енді жері 2 км-ге жуық. Суымен аудан шаруашылығының 3, 2 мың га жері суарылады және шабындық суландырылады. Ынта (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) тұлғаларынан жасалған, «еңбекке ынталы, еңбекшіл бол!» деген тілекке байланысты қойылған атау.

Батырбай бұлағы

(Батырбай) – Саудақент ауылынан оңтүстікке қарай 20 шақырым қашықтықта. Ертеректе елдің жаз жайлауы болған жер.

Білтебай бұлағы

(Билтебай) – Батырбай бұлағы екеуі Жаңатас қаласының солтүстігіндегі Дегерес тауының оңтүстік шығысындағы алапта орналасқан. Халық аңызында Білтебай деген батырды осы бұлақ маңында елге, малға тыныштық бермеген айдаһарды шауып өлтірген батыр есебінде сипаттайды.

Қатынжарма

(Қатынжарма) – Саудақенттің солтүстік батысына қарай 20 шақырымдай қашықтықта орналасқан жарма құдық. Ертеректе қазақтар көп малды бір сәтте суару мақсатында тік құдықтан мүлдем өзгеше жарма құдықтар қазған. Мұндай құдықтар қазылып, су деңгейіне жеткізіледі. Ол біршама мал су ішетіндей ұзын астау секілді болады. Содан соң су ішіп болған мал шығар жолда көлбей қазылған жолмен сыртқа шығады. Жармалардың ұзындығы 25-30 м, ені 5-6 м тереңдігі су деңгейіне жеткізілген астау секілді. Жарма суаттың ұзындығы 8-10 м болады. Халқымыздың осы күрделі құрылымды,

аса үлкен күш-қуатты қажет ететін жарма құдықтарды қазуы жері құнарлы, сусыз аймақта мал шаруашылығын дамыту жолындағы қажеттіліктен туған. Ал жасанды суаттың Қатынжарма деп аталуының этимологиялық астарында әйел тәнінің сыртқы сипатымен ұқсастығы негізге алынған.

Айнакөл

(Айнакөл) – Досбол ауылының солтүстік батысында 12 шақырым қашықтықта орналасқан көл.

Астаукөл

(Астаукөл) – Досбол ауылының солтүстік батысында 4 шақырымдай жерде. Кейде халық оны Иреккөл деп те атайды.

Буынбай құдығы

(Буынбай) – ауылдың солтүстік шығысында 38 шақырымдай жерден қазылған, дүзгенмен шегенделген терең құдық. Ошақтының Қоңыр Аталығынан шыққан кісі.

Егізкөл

(Егизкөл) – ауылдың батысында 20 шақырымдай жерде бірімен іргелес, арасы қосылып жатқан, сыртқы пішім өзара ұқсас көл.

Қалмақан құдығы

(Қалмақан) – ауылдың солтүстік шығысында 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Қалмақан Ошақтының Байлы аталығынан шыққан.

Қаратоған бөгені

(Қаратоған) – ауылдың батысында 15 шақырымдай жерде.

Қойлыбай құдығы

(Қойлыбай) – ауылдың солтүстігінде 40 шақырым жерде. Қойлыбай – Ошақтының Аталық тарауынан шыққан.

Ошағандыкөл

(Ошағандыкөл) – ауылдың батысында 4 шақырым қашықтықта орналасқан көл.



Сатыбалды құдығы

(Сатыбалды) – ауылдың солтүстігінде 40 шақырымдай қашықтықта орналасқан құдық.

Сүйірбай көлі

(Суйрбай) – Ошақтының Тасжүрек Аталығынан шыққан кісінің атымен айтылған. Солтүстік-батысында 2 шақырым қашықтықта орналасқан көлемді көл.

Томаршалыкөл

(Томаршалыкол) – ауылға жақын, солтүстікке қарай 3 шақырым қашықтықта орналасқан көл. Айдын бетінің аумағы 2 шаршы шақырымға жетеді. Айналасы жыңғылды, қопалы болып келеді.

Айдын

(Айдын) – Жайылма ауылының солтүстігінде, Қазоты аймағында орналасқан үлкен көл. Шабакты және Аса өзендерінің суларымен толығады. Айдын бетінің көлемі 10-12 шаршы шақырымды құрайды.

Балақандым тоғаны

(Балақандым) – Бетпақта қазылған құдық. Оның іші Қандымның сүйекті бұталарымен шегенделген.

Батпақкөл

(Батпақкол) – көлемі шағын көл. Аты айтып тұрғандай, маңы қорыс батпақ болып келеді.

Бесшеген құдығы

(Бесшеген) – сексеуілмен шегенделген ескі құдық. Іргежал мен Шу аралығында.

Бүйреккөл

(Буйреккол) – Жайылма ауылынан солтүстікке қарай 30 шақырымдай қашықтықта орналасқан көл. Сыртқы пішіні бүйрекке ұқсас көлдің айналасында жыңғылдар, сексеуілдер өскен.

Досанкөл

(Досанкол) – Тереңкөлден солтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан көл.

Егізкөл

(Егизкол) – Талас арнасы бойындағы көл. Өзен арнасының екі жағында орналасқан.

Жылыбұлақ

(Жылыбулак) – Қызылдықан ауылынан 10 шақырымдай жоғары орналасқан. Ақшидың оңтүстік бетіндегі Сарықобы мен Таутарының аралығындағы беткейден шығып жатқан қалың бұлақ. Бұл бұлақтар қосылып, Құрттыбұлақ өзеніне айналады.

Исабай көлі

(Исабай) – Айдын, Бәсеңбай, Жылқыбай, Түкібай көлдері желісінде жатқан көлдердің бірі. Жайылма ауылынан 32 шақырым жерде. Негізінен Аса, Шабакты суларымен толығады.

Қарқабат көлі

(Карқабат) – Көккөлден кейінгі үлкен көл, 2 бөлікке бөлінген. Қысы жазы тартылмайды. Ауылдан 37-38 шақырым жерде.

Қыздаркүл көлі

(Кыздаркул) – Досан көлінен кейінгі көл. Айдыны шағын болғанымен терең көл.

Сапақтұма

(Сапақтума) – Орта Шудың ортасындағы аралдағы тұма.

Сорбұлақ

(Сорбулак) – Бетпақ жеріндегі үлкен тақыр маңындағы бұлақ.

Суықбұлақ

(Суықбулак) – Таутары жотасының солтүстік беткейіндегі суы тұщы бұлақ.



Тоғандыкөл

(Тоғандыкол) – Бүйреkkөлдің ар жағында жеті шақырым жерде.

Төлтай көлі

(Толтай) – Шешенбай алабындағы көл. Соғыстан кейінгі жылдары соғыстан ауыр жарақат алып қайтқан шеркеш руының белгілі азаматы Төлтай ферма бастығы болып істеп жүргенде, сол көл маңында қайтыс болған. Содан бері Төлтай көлі атанып кеткен.

Үшбұлақ

(Ушбулак) – Жамандегерестің шығыс бетіндегі сайдан шығып жатқан бұлақ суы.

Шилибұлақ

(Шилибулак) – Түркістан ауылының бастысындағы, жалпы Жон алабындағы ірі бұлақ. Басында жеке шаруашылық егелер қоныстанып, үйлер салған.

Шошқабұлақ

(Шошкабулак) – Жон алабындағы бұлақ. Бұрынғы Калинин атындағы кеңшардың жайлауы. Қаратау кенішінің игеруіне байланысты өзінің алғашқы келбетін жоғалтып қалған.

Ақбұлақ

(Акбулак) – Жаңатастың оңтүстік-шығыс бетінде жатаған жартастың қуыстарынан, екі жерден бұрқырай ағып жатқан ірі бұлақ. Халық Ақбұлақты қасиетті санап, оның басына түнеп, суына түсіп, түрлі жоралғылар жасап отырған. Бүгінгі таңда Ақбұлақ суы қаланың Бүркітті бөлігінің бау-бақша жайын сумен қамтамасыз етіп отыр.

Табакбұлақ

(Табакбулак) – бұлақ, Маятас ауылының шығысында. Қызылқырқа жотасының баурайында. 4 км жерде, Сарысу ауданында. Табақ (зат есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Топоним объектінің сырт көрініс, сипатына қарай қойылған «табақ сияқты дөңгелек бұлақ» деген мағынаны білдіреді.

Бүркітті

(Буркитти) – Жаңатас қаласының Бүркітті, Дегерес, Саяжай бөлімдерін қақ жарып ағатын өзен. Ұзындығы 58 км, су жиналатын алқабы 248 км. Аяғы Жайылма ауылы жанындағы Домалақ көлге құяды, одан асып Құрсай арқылы Ақжар көліне құяды. Өзеннің арнасы тар, жағасы тік жар. Жауын-шашын, жер асты суымен толығып отырады. Орыс ғалымы Н.А. Северцев Қаратау алабында ерте кезде тау бүркіттері көп болғандығын жазады. Байырғы тұрғындар, бүркіт ұстап, түлкі, қарсақ, қоян, т.б. аңдарға салған. Шаттарды жарып ағатын Бүркітті атауының астарында осындай мағыналық сипат бар. Желтоқсан айында аяғында мұзы қатады. Бүркіттінің суын егін суаруға пайдаланылады.

Байшақан оманы

(Байшакан) – қазіргі Саудакент пен Игілік ауылы аралығындағы көне, терең арық. Кейін цементтен жасалған арық салынды. Ыстының тілік руының Байшақан ұрпақтары негізін салған.

Итаяқ

(Итаяк) – Өндіріс ауылынан 40 шақырым қашықтықта, солтүстік бағытта орналасқан көне құдық.

Қамыстыбұлақ

(Камыстыбулак) – ауыл орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 24 шақырым қашықтықта орналасқан бұлақ. Айналасы қопалы қамыс болып келген.

Қаракөл

(Каракол) – солтүстікке қарай 50 шақырым қашықтықта. Айдын көлемі 3, 5 шаршы шақырымдай.

Ащыкөл

(Ащыкол) – Шығанақ ауылының шығысында ауылға жақын орналасқан көл. Өте тұзды. Емдік қасиеті бар.

Ащыкөл

(Ащыкол) – Сарысу ауданындағы тоған. Аса өз. алабында орналасқан және осы өзеннің суымен толығады. Тоғанның су сыйымд. 4, 7 млн. м³.



Онымен аудан аумағындағы егістікті, шабындығы және жайылымы суландырылады.

Акқудық

(Акқудық) – Шығанақ ауылының солтүстігінде 65 шақырымдай жерге орналасқан.

Байдың көлі

(Байдың) – көлдің бұлай аталуын тама руының Молдас әулетінен шыққан Жидебай байдың атымен байланыстырады.

Жайлаукөл

(Жайлаукол) – көл Жайлаукөл ауылының солтүстік бетінде. Ені жарты шақырымдай, ұзындығы шақырымнан асады. Көлге су Шу өзенінен құйылады.

Қаракұдық

(Қаракұдық) – Шығанақ ауылының солтүстігіндегі 5 шақырым жердегі құдық.

Саржантұма

(Саржантума) – халық бұл тұманың тарихын белгілі Саржан төренің атымен байланыстырады. Жергілікті қазақтармен болған бір қақтығыста қыспақта қалған Саржан: «Өлтірсендер, осы тұманың басында өлтіріндер. Ең болмағанда, атым қалады ғой», – деген екен.

Арыстанды

(Арыстанды) – Арыстанды ауылының жанындағы терең жырамен ағатын тау өзені. Қар, жауын мол жылдары арқырап, қатты тасиды. Солтүстік жағасындағы ауыл аты осы өзенге байланысты қойылған.

Қаратас өзені

(Қаратас) – шағын ғана Қаратас қыстағымен ағып өтетін тау өзені. Төменірек шатқа құларда Арыстанды өзенімен қосылады.

Үшбас өзені

(Үшбас) – Қаратаудың оңтүстік сілемдерінен бастау алады. Үшбас ауылы жанындағы үшбасты жатаған төбе атымен аталған.

Жылқыбай

(Жылқыбай) – Сарысу ауданындағы көл. Суы мол жылдары Шабакты, Аса өзендерінің суымен мольғады. Ауданның оңтүстігінде Игілік ауылынан солтүстікке қарай 21 км жерде, теңіз деңгейінен 305 м биіктікте орналасқан. Көлдің ауд. 14 км², енді жері 3 км-ге жуық. Ирелең келген жағалауының ұз. 33, 5 км. Ең терең жері 1, 5 м, суының көл. 8, 2 млн. м³. Жауын-шашын және жерасты суымен толығыады. Жағалауы жайпақ, қамысты-құрақты келген. Суы кермек татиды, жаз айларында шалшыққа айналады, кей жылдары құрғап қалады. Жағалауы мал жайылымына пайдаланылады.

Кіші Қаратау жерасты су алабы

(Киши Каратау жер асты су алабы) – Жамбыл облысының Сарысу және Талас аудандарының аумағында орналасқан. Жерасты суын алғашқы зерттеулер 1946-1947 ж. басталған. 1947-1992 ж. Оңт. Қазақстан геология басқармасы Кіші Қаратауда фосфор кен орындарының ашылуына байланысты шахталар жүйесіне құйылатын жерасты суының көлемін анықтау және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін кең көлемді гидрогеологиялық жұмыстар жүргізді (Т. Айтуаров, М. Жұмағұлов, Р. Ахметов, Р. Айымбетов, т.б.). Жерасты суы кембрий-ордовик кезеңдерінің карстік-жарықшақты әктастарында таралған. Сулы қабаттың қалыңдығы 40-300 м. Осы тереңдікке бұрғыланған гидрогеологиялық ұңғымалардан тәулігіне 2, 2-86, 4 мың м³ су шығады. Жерасты суының мол көзі тектоникалық жарылымдарда қалыптасқан. Өзен аңғарларында және тектоникалық жарылымдарда көптеген қайнар бұлақтар (Жылыбұлақ. т.б.) бар. Олардан тәулігіне 4, 3-34 мың м³ су шығады. Жерасты суы тұщы, минералдануы 1, 0 г/л-ден аспайды, химиялық құрамы гидрокарбонатты-кальцийлік түрге жатады. Алапта 10 кен орны жете зерттелген. Оның ішінде Бүркітті, Көктал, Майтөбе, Тамды су кен көздері Қаратау, Жаңатас қалаларын, т.б. елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге пайдаланылуда. Жерасты суының пайдалануға болатын тәуліктік жалпы қоры 216 мың м³ көлемдей деп болжанған.

Шабакты

(Шабакты) – Талас алабында, Сарысу ауданындағы өзен. Ұз. 64 км, су жиналатын алабы 1290 км². Қаратаудың солтүстік беткейіндегі бұлақтардан басталып, Ақжар көліне 15 км жетпей тартылып қалады. Аңғары Саудакент ауылына дейін таулық сипатта, төменде жазықпен ағады. Арнасы тік жарлы. Кішігірім 17 саласы бар. Қар, жерасты суымен толығыады. Көп жылдық орташа су алымы таулы өңірден шыға берісте 2, 48 м³/с. Шабакты бойында Саудакент (бұрынғы Байқадам), ұйым ауылдары орналасқан.



Тұзкөл

(Тузкол) – Жамбыл облысының Талас, Сарысу ауд. ағынды көл. Талас алабында Қарашеңгел елді мекенінен солт. батыс 2, 5 км, ауданы 11, 8 км², су жиналатын алқабы 1056 км². Жағалауы жазық, солт. батыс жағалауында жалпы биіктігі 1, 6-2, 5 м. Көктал өзені көлді жарып ағып, Ащыкөлге жалғасады, су мол жылдары Аса өзенінің суы кемерінен асып, Ащыкөлге және Тұзкөлге құяды. Суы мол жылдары балық ауланады.

Соркөл

(Соркол) – Сарысу ауданында, Саудақент ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 23 км жерде жатқан көл. Теңіз деңгейінен 329, 4 м жоғарыда орналасқан. Аумағы 7, 4 км², ұз. 6, 2 км, енді жері 1, 9 км, жағалауының ұз. 12, 5 км. Көл саяз, орташа тереңдігі 0, 3 м. Суының көлемі 0, 3 млн м³. Су жиналатын алабының аумағы 9 км². Соркөл – батыс және шығыс бөліктерден тұрады. Көктемде суы молайғанда көлдер бірігіп кетеді. Жаз айларында құрғап екіге бөлінеді. Суы тұзды, кермек татиды. Солтүстік жағалауы тіктеу жарқабақты келген. Қалған бөлігі жайпақ. Онда шағын қамыс-құрақ өскен. Көл жағалауы шабындыққа және мал жайылымына пайдаланылады. Суы мал ішуге жарамды. Оңтүстік бетінен бірнеше жерден артезиан құдықтар қазылған.

Айуантөбе

(Айуантөбе) – Қаратау жотасының орталық бөлігінде, Сарысу ауд. жерінде орналасқан тау. Абс. биікт. 1024 м. Жер қыртысы, негізінен, протерезойдың тақтатап пен құмтастарынан түзілген. Тау үсті тегістеу келген. Оңт., оңт. -батысы көлбеуленіп жазыққа ұласып кетеді. Солт. беткейлері шамалы тілімделген жартасты келеді. Айуантөбенің етегінде шөлді ландшафт түзілген. Онда селеу, боз, кейбір жерлерінде ши, жусан өскен. Етегі жыл бойы мал жайылымына пайдаланылады.

Андағұл

(Андагул) – Бетпақдаланың оңтүстігіндегі тау. Сарысу ауданының жерінде орналасқан. Абс. биікт. 330 м. Тау батыстан шығысқа қарай 20-22 км-ге созылып жатыр, енді жері – 4 км. Жер қыртысы жоғ. ордовик қыртыстарынан түзілген. Беткейлері жайдақ келген. Онда боз жусан, ақселеу, теріскен, т.б. шөлдің сораң шөптесіндері өскен. Етегі жыл бойғы мал жайылымы саналады. Ру атынан қойылған атау.

Айгене

(Айгене) – Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы шұратты құм. Мойынқұмның оңтүстік-батысында, Талас өзенінің төменгі шенін екі жақтан бойлай, 70-80 км-ге созылып жатыр. Ені 30-40 км, ауданы 3000 км² шамасында. Айгене – өсімдігі көп, ұсақ төбелі, жалды құм. Оңтүстігінде оқшауланған жеке төбелер, өзен арнасына жақын жерде сор кездеседі. Жер астының суы жақын. Құм төбелерде жүзген, қоянсүйек, теріскен, жусан, селеу, солтүстігінде сексеуіл аралас бұта мен шөптесін өседі. Төбе – төбенің аралығында жусан, еркек шөп, бидайық, селеу, сор шөбі, өзен бойында шеңгел, жыңғыл көп. Айгене жыл бойы мал жайылымы ретінде пайдаланылады. (ҚСЭ, I том, 162б.).

Үлкен Ақтау

(Үлкен Ақтау) – жота, тау. Қаратау жотасының оңтүстік шығыс сілемінде, Сарысу ауданы жерінде орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 70-80 км-ге созылған, ені 15-20 км шамасында. Абс. биіктігі 992 м (Көктал кентінің батысында). Беткейлерін сай-жыра тілімдеген. Үшбас, Бүркітті, Шабакты өзендері бастау алады. Жусан, бетеге, көде өседі. Атырабы мал жайылымына пайдаланылады. Аса ірі Түйесай, Жаңатас фосфорит кен орындары бар. «Көлемі мен аумағы көп жерді алып жатқан Ақтау» мәніндегі атау.

Бетпақдала

(Бетпақдала) – шөлді алқап. Қазақстанның орталық бөлігіндегі кең байтақ аймақты алып жатыр. Бетпақдала Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенінің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзенінің аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі. Ол батыстан шығысқа қарай 500 км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 км аумаққа созылған, ауданы 150 мың км² шамасында.

Бетпақдала үстіртті шөлінің орташа абс. биіктігі 300-350 м, биік жері – Жамбыл тауы (974 м). Сай-жыралармен тілімденген Бетпақдала жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Қарқаралы, Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өзендер бар. Тұрақты су көздері болмағанымен, жер асты (артезин) суының қоры мол. Жайылымдар тереңдігі 10-30 м артезин құдықтарымен суландырылады. Бетпақ (зат есім) + дала (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Проф. Қ. Жұбанов: «Бетпақ жалқы есім емес, сын есім тұлғалы жалпы есім мағынасы: «Бақытсыз» (иранның бад, бах сөздері)» десе (Жұбанов, 1966), А. Әбдірахманов: «иран тілдеріндегі «бәдбахт» сөзінің екі мағынасының бірі – «бақытсыз» Бетпақдала атауын



жасаған да, екіншісі – «оңбаған, бетсіз, арсыз» деген мағынада және ұрысу ретінде «бетпақ» түрінде әдеби тілге енген» – дейді. Сонымен сөздің этимологиясы мынадай: бад бахт (иранша – «бақытсыз») + дана (түрікше «жазық жер»). Атаудың мағынасы: «аса ыстық, жаман шөл дала, жапан дүз». Э.М. Мурзаевтің пікірі бойынша «батпақ дала» дегеннен шығуы мүмкін. Өйткені Бетпақдаланың батыс жағының топырағы сұр-кұба. Көктемгі қар суынан және күзгі жаңбыр суынан топырақ ылғи батпақтанып жатады да жазда кеуіп, тақырға айналады. Көшпелі заманда Сырдария, Шу өңірлерінің халқы көктемде еріген қардың соңын ала Сарыарқаға көшіп, жазды соның жайлауларында өткізіп отырған. Күзгі жаңбырдан кейін, алғашқы қармен бірге кері көшіп отырған. Осы кездерде Бетпақдаланың батпақтанып жататыны түсінікті. Мал қар мен жаңбыр суын, ал ел сирек құдық суын пайдаланып отырған. Сонымен Бетпақдала көшпелі заманда қойылған атау болса керек.

Домбыралытау

(Домбыралытау) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 380 м. Атау домбыра (зат есім) + лы (зат есімнен сын е. ту. жұрнақ) + тау (зат есім) сөздерінен жасалған. Бұл жерде «домбыра қалған, домбыралы (төбе)» дегенді білдіреді.

Итмурын

(Итмурын) – төбе. Шу өзенінің аңғарында, Талас ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.

Келін

(Келин) – қыстау. Шу өзенінің аңғарында, Жайлаукөл ауылынан солтүстік – батысқа қарай 18 км жерде, Сарысу ауданында.

Көкшетау

(Кокшетау) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 325 м. Төбенің көгеріп жатуына немесе алыстан көгеріп көрінуіне байланысты қойылған атау.

Қазанғап

(Казангап) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 296 м. Кісі есімінен қойылған атау болуы мүмкін.

Қаракия

(Каракия) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 316 м. Қара (сын есім) + кия (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «үлкен, биік қия».

Қарақоға

(Карақоға) – қоныс. Шабакты өзенінің төменгі атырабында, Сарысу ауданында. Жері сортаң, қарақоға өседі. Мағынасы: «қалың, ну қоға».

Қараоба

(Караоба) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 285 м. Атаудың топонимдік мағынасы: «үйінді тастың көп жері, шошақ тау, төбе».

Қаратас

(Каратас) – ауыл. Қаратау жотасының солтүстік етегінде, Сарысу ауданында. Шағын Қаратас өзенінің солтүстік-батыс қанатына қоныстанған.

Қаратау

(Каратау) – жота. Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысында, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары аумағында орналасқан. Жота солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 420 км-ге созылған, енді жері 60-80 км, ең биік жері Бессаз тауы (2175 м). Жота қатарласа созылған. Кіші Қаратау және Үлкен Қаратау жоталарынан тұрады. Ең биік жері – Шығыс Қаратау жотасында орналасқан Бесшоқы тауы (552 м). Е. Қойшыбаев келтірген (1985) Э. Мурзаев пікірі бойынша «бұл атаудағы қара сөзі түспен байланысты, өйткені Қаратауларда өзге таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды» – дейді.

Қызылтұма

(Кызылтума) – төбе. Мойынқұм алқабының солтүстігінде, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 317 м.

Сарытөбе

(Сарытөбе) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 290 м. Объектінің геофизикалық сипатына қарай қойылған атау. Таудың, төбенің тас жыныстарының топырағының түсіне байланысты аталған болуы керек.



Қаратөбе

(Қаратөбе) – төбе. Мойынқұм алқабында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 375 м.

Қойтас

(Қойтас) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 267 м. Қой және тас (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Кеспелтек үлкен келген жұмыр тастары көп тау, төбе» мәніндегі атау.

Соқыртөбе

(Соқыртөбе) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 281 м. «Соқыр руының төбесі» деген мағынадағы атау.

Майдегенкөл

(Майдегенкөл) – сор. Шу өзенінің аңғарында, Сарысу ауданында.

Суықтөбе

(Суықтөбе) – төбе. Мойынқұм алқабының солтүстігінде, Сарысу ауданында. Абс биіктігі 340 м. Атау екі сөзден бірігіп жасалған: суық (сын есім) + төбе (зат есім). «Қоңырсалқын, самал соғып тұратын төбе» деген мағынадағы атау.

Тасоба

(Тасоба) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 246 м. Тас (сын есім) +оба (зат есім) сөздерінен жасалған атау.

Тантай

(Тантай) – төбе. Бетпақдала жазығының оңтүстігінде, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 295 м. Кісі есімінен қойылған атау.

Ұзынтау

(Ұзынтау) – төбе. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында. Абс. биіктігі 438 м. Ұзын (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінен біріккен атау. Мағынасы: «көлбей жатқан қырат-жалды биік тау».

Шірік

(Ширик) – құдық. Бетпақдала жазығында, Сарысу ауданында.



ТАЛАС АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Қаратау қаласы

Халық саны – 52 100 адам

Аудан аумағы – 15 200 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы ауылдық округтер саны – 14

Құрылған жылы – 3 қыркүйек, 1928 жыл.

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Аудан аумағында көптеген тарихи-мәдени мемлекеттік маңызы бар – ежелгі Ақкөл, Бөріқазған, Тәңірқазған мекені орналасқан. Сондай-ақ Қарақожа мешіті (1907 ж.), Әбдолла Ишан мешіті (1900 ж.) Қарақожа мешіті (Қара Ходжа) – Қазақстанның XX ғасыр сәулет ескерткіші болып саналады. Соғушылар белгісіз. Олар 1982 жылы Қазақстан ССР тарихи-мәдени ескерткіштер санатына енгізіліп, мемлекеттік қорғауға алынды.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – жеңіс сарбаздарына арналған ескерткіштер, Ноғай Ишан мазары, Ілебай датқа мазары, VI-VIII ғғ. оба қорғандары, Көктөбе, Адасқантөбе, Ақтөбе, Күлтөбе қалашығы бар.



Талас ауданы

Орталығы – Қаратау қаласы

Әкімшілік-аумақтық бірліктер

Административно-территориальные единицы

Таласский район

Центр – город Каратау

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1	Қаратау қаласы	Шолақтау	город Каратау	Қаратау қаласы
2	Ақкөл ауылдық округі	жаңадан құрылған	Аккольский аульный округ – аул Акколь	Ақкөл ауылы
3	Аққұм ауылдық округі	Бостандық а/о құрамынан бөлініп шыққан	Аккумский аульный округ – аул Аккум	Аққұм ауылы
4	Берікқара ауылдық округі	жаңадан құрылған	Бериккаринский аульный округ – аул Майтөбе	Майтөбе ауылы
5	Бостандық ауылдық округі	жаңадан құрылған	Бостандықский аульный округ – аул Бостандық	Бостандық ауылы
6	Кеңес ауылдық округі	жаңадан құрылған	Кенесский аульный округ – аул Больтирик Шешен	Бөлітірік шешен ауылы
7	Көктал ауылдық округі	Көктал кенті	Кокталский аульный округ – аул Коктал	Көктал ауылы
8	Қаратау ауылдық округі	жаңадан құрылған	Каратауский аульный округ – аул Есейхан	Есейхан ауылы
9	Қасқабұлақ ауылдық округі	Қаратау а/о құрамынан бөлініп шыққан	Каскабулакский аульный округ – аул Каскабулак	Қасқабұлақ ауылы



10	Қызыләуіт ауылдық округі	жаңадан құрылған	Кызылауитский аульный округ – аул Кызылауит	Қызыләуіт ауылы
11	Ойық ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ойыкский аульный округ – аул Ойык	Ойық ауылы
12	Тамды ауылдық округі	жаңадан құрылған	Тамдинский аульный округ – аул Тамды	Тамды ауылы
13	Сәду Шәкіров ауылдық округі	Жданов ауылдық кеңесі	Саду Шакировский аульный округ – аул Саду Шакиров	Сәду Шәкіров ауылы
14	Үшарал ауылдық округі	жаңадан құрылған	Учаралский аульный округ – аул Ушарал	Үшарал ауылы



Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидронимдер түрі (каз)	Гидронимдер түрі (орысша)	Аудан
Аса	Аса	өзен	р.	Талас, Жуалы, Жамбыл, Сарысу, (Жамб. обл.) және Талас обл. (Қырғ. Респ.) ауд -ы.
Тоғанөзек	Тоганозек	өзен	р.	Талас, Сарысу ауд. .
Көктал	Коктал	өзен	р.	Талас ауд.
Өзек	Озек	өзен	р.	Талас ауд.
Қараөзек	Караозек	өзен	р.	Талас ауд.
Желуан	Желуан	өзен	р.	Талас ауд.
Қандым	Кандым	өзен	р.	Талас ауд.
Жолбарысқамал	Жолбарысқамал	өзен	р.	Талас ауд.
Қарашат	Карашат	өзен	р.	Талас ауд.
Ақжарсай	Акжарсай	өзен	р.	Талас ауд.
Жіңішке Тамды	Жинишке Тамды	өзен	р.	Талас ауд.
Тамды	Тамды	өзен	р.	Талас ауд.
Үлкенсай	Улькенсай	өзен	р.	Талас ауд.
Құрсай	Курсай	өзен	р.	Талас ауд.
Сұлысай	Сулысай	өзен	р.	Талас ауд.
Қарашасай	Карашасай	өзен	р.	Талас ауд. (Жамб. обл.) Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.)
Үлкен Тамды	Улькен Тамды	өзен	р.	Талас ауд.
Жарқора	Жаркора	өзен	р.	Талас ауд.
Қасқабұлақ	Каскабулак	өзен	р.	Талас ауд.
Дарбаза	Дарбаза	өзен	р.	Талас ауд.
Үлкен Арбатас	Улькен Арбатас	өзен	р.	Талас ауд.



Бейсебайтал	Бейсебайтал	өзен	р.	Талас ауд.
Сатыбулак	Сатыбулак	өзен	р.	Талас ауд.
Жалпақсазсай	Жалпақсазсай	өзен	р.	Талас ауд.
Ақжар	Ақжар	өзен	р.	Талас ауд.
Кіші Арбатас	Киши Арбатас	өзен	р.	Талас ауд.
1-Арбатас	Арбатас 1-й	өзен	р.	Талас ауд.
Ақбастау	Ақбастау	өзен	р.	Талас ауд.
Итемген	Итемген	өзен	р.	Талас ауд. (Жамб. обл.) Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.).
Ортасүңгі	Ортасунги	өзен	р.	Талас, Жуалы ауд.
Сүлімбайсай	Сулимбайсай	өзен	р.	Талас ауд.
Таңбалысай	Танбалысай	өзен	р.	Талас ауд.
Байыссай	Байыссай	өзен	р.	Талас ауд.
Омарсейітсай	Омарсейитсай	өзен	р.	Талас, Жуалы ауд.
Болатбексай	Болатбексай	өзен	р.	Талас, Жуалы ауд.
Кіші Ащы	Киши Ащы	өзен	р.	Талас, Жуалы ауд. шекарасында
Үлкен Ащы	Улькен Ащы	өзен	р.	Талас ауд.
Ақкөл	Акколь	көл	оз.	Талас ауд.
Бассүңгі	Бас-Сунгу	өзен	р.	Талас, Жуалы ауд.
Жіңішкесай	Жинишкесай	өзен	р.	Талас ауд.
Амансай	Амансай	өзен	р.	Талас ауд. (Жамб. обл.) Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.).
Кедейқұмсай	Кедейқумсай	өзен	р.	Талас ауд. (Жамб. обл.) Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.).
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Талас ауд. (Жамб. обл.) Бәйдібек ауд. (Оңт. Қаз. обл.).
Талас	Талас	өзен	р.	Жамбыл, Тараз қ. терр., Байзақ, Талас, Сарысу (Жамб. обл.) Талас обл. (Қырғ. Респ.) Созақ (Оңт. Қаз. обл.) ауд.

Қалмаөзек	Калмаозек	өзен	р.	Талас ауд.
Бесағаш	Бесағаш	өзен	р.	Талас ауд.
Жаман Үшащы	Жаман Ушащы	көл	оз.	Талас ауд.
Қызылқақ	Кызылкак	көл	оз.	Талас ауд.
Шолаккүңгей	Шолаккунгей	көл	оз.	Талас ауд.
Маятал	Маятал	көл	оз.	Талас ауд.
Жаланащкөл	Жаланащколь	көл	оз.	Талас ауд.
Қарашат	Карашат	көл	оз.	Талас ауд.
Көкбастау	Кокбастау	бұлақ	род.	Талас ауд.
Сатыбулак	Сатыбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Оймауытбұлақ	Оймауытбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Табақбұлақ	Табакбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Ащыбұлақ	Ащыбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Токалыбұлақ	Токалыбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Сүліктібұлақ	Суликтыбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Дәрімбек	Даримбек	бұлақ	род.	Талас ауд.
Жартыбастау	Жартыбастау	бұлақ	род.	Талас ауд.
Асанбайбұлақ	Асанбайбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Шоқайдар	Шоқайдар	бұлақ	род.	Талас ауд.
Тасбастау	Тасбастау	бұлақ	род.	Талас ауд.
Үңгірбастау	Унгирбастау	бұлақ	род.	Талас ауд.
Бүйрекбастау	Буйрекбастау	бұлақ	род.	Талас ауд.
Ақбастау	Акбастау	бұлақ	род.	Талас ауд.
Тұма	Тума	бұлақ	род.	Талас ауд.
Қызылбұлақ	Кызылбулак	бұлақ	род.	Талас ауд.
Айтәтгі	Айтатгы	құдық	к.	Талас ауд.
Қызылбөрік	Кызылборик	құдық	к.	Талас ауд.
Құлбай	Кулбай	құдық	к.	Талас ауд.
Бестас	Бестас	құдық	к.	Талас ауд.
Шұқыр	Шуқыр	құдық	к.	Талас ауд.
Тектұрмас	Тектурмас	құдық	к.	Талас ауд.
Көлтөбе	Кольтобе	құдық	к.	Талас ауд.
Қосқызыл	Коскызыл	құдық	к.	Талас ауд.
Жыңғылдыой	Жынғылдыой	құдық	к.	Талас ауд.



Тоқымбай	Тоқымбай	құдық	к.	Талас ауд.
Байынбай	Байынбай	құдық	к.	Талас ауд.
Қамыстықұдық	Камыстықудык	құдық	к.	Талас ауд.
Қостәтті	Костатты	құдық	к.	Талас ауд.
Дәуренбек	Дауренбек	құдық	к.	Талас ауд.
Сайлаубай	Сайлаубай	құдық	к.	Талас ауд.
Терісбай	Терисбай	құдық	к.	Талас ауд.
Қисық	Кисык	құдық	к.	Талас ауд.
Жалғызтәтті	Жалғызтатты	құдық	к.	Талас ауд.
Аралтөбе	Аралтөбе	құдық	к.	Талас ауд.
Малтабас	Малтабас	құдық	к.	Талас ауд.
Шұрық	Шурык	құдық	к.	Талас ауд.
Қауынды	Кауынды	құдық	к.	Талас ауд.
Ақбұлақ	Ақбулак	құдық	к.	Талас ауд.
Тақыртәтті	Такыртатты	құдық	к.	Талас ауд.
Ызалысай	Ызалысай	құдық	к.	Талас ауд.
Қабық	Кабык	құдық	к.	Талас ауд.
Шоқатсай	Шокатсай	құдық	к.	Талас ауд.
Жүзгенді	Жузгенды	құдық	к.	Талас ауд.
Тоғанқұдық	Токанқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Шабанай қыр	Шабанай қыр	құдық	к.	Талас ауд.
Жалғыздатты	Жалғыздатты	құдық	к.	Талас ауд.
Дүйсебай	Дуйсебай	құдық	к.	Талас ауд.
Мәнекеқұдық	Манекеқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Балтақалған	Балтақалған	құдық	к.	Талас ауд.
Жиленқұдық	Жиренқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Бұлдырық	Булдырык	құдық	к.	Талас ауд.
Үкібай	Укибай	құдық	к.	Талас ауд.
Жаманбай	Жаманбай	құдық	к.	Талас ауд.
Қысық	Кысык	құдық	к.	Талас ауд.
Аңшабай	Аншабай	құдық	к.	Талас ауд.
Басоймақ	Басоймак	құдық	к.	Талас ауд.
Базарбай	Базарбай	құдық	к.	Талас ауд.
Бау	Бау	құдық	к.	Талас ауд.

Желқазған	Жельказған	құдық	к.	Талас ауд.
Көкмұрын	Кокмурын	құдық	к.	Талас ауд.
Балқұдық	Балқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Жаманқұдық	Жаманқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Ақмалай	Ақмалай	құдық	к.	Талас ауд.
Басайдарлы	Басайдарлы	құдық	к.	Талас ауд.
Ақшыңырау	Ақшыңырау	құдық	к.	Талас ауд.
Аққойлы	Аққойлы	құдық	к.	Талас ауд.
Көкөгіз	Кокогиз	құдық	к.	Талас ауд.
Төбекұдық	Тобеқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Ащы	Ащы	құдық	к.	Талас ауд.
Ишанқұдық	Ишанқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Бурашақар	Бурашақар	құдық	к.	Талас ауд.
Адыраспан	Адыраспан	құдық	к.	Талас ауд.
1- Қоржынды	Коржынды 1-й	құдық	к.	Талас ауд.
Тасқұдық	Тасқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Жалғызқұдық	Жалғызқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Жерікқұдық	Жерикқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Көлқұдық	Кольқудык	құдық	к.	Талас ауд.
Кәукеөлген	Каукеольген	құдық	к.	Талас ауд.
Балтақалған	Балтақалқан	құдық	к.	Талас ауд.
Әбітай	Абитай	құдық	к.	Талас ауд.
Шұқырәуіт	Шуқырауит	арық	ар.	Талас ауд.
Майтас	Майтас	арық	ар.	Талас ауд.
Жиенбет	Жиенбет	арық	ар.	Талас ауд.
Үзім	Узим	арық	ар.	Талас ауд.
Қызылтаң	Кызылтан	арық	ар.	Талас ауд.
Жамбыл	Жамбыл	арық	ар.	Талас ауд.
Жарқора	Жарқора	арық	ар.	Талас ауд.
Жұмабек	Жумабек	арық	ар.	Талас ауд.
Қызыл	Кызыл	арық	ар.	Талас ауд.
Қасымбек	Касымбек	канал	кан.	Талас ауд.
Жанаарық	Жанаарык	канал	кан.	Талас ауд.
Боранбай	Боранбай	канал	кан.	Талас ауд.



Актөбөауит	Актобеауит	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Қызыләуит	Қызылауит	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Шүкірәуит	Шукирауит	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Әуит	Ауит	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Пионерское	Пионерское	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Жартас	Жартас	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Жәдіккөл	Жадикколь	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Ойықкөл	Ойыкколь	бөген	вдхр.	Талас ауд.
Насанкөл	Насанколь	тұзды көл	сол. оз.	Талас ауд.
Жалған	Жалган	тұзды көл	сол. оз.	Талас ауд.
Бадам	Бадам	тұзды көл	сол. оз.	Талас ауд.
Құйғанкөл	Куйганколь	ащы – тұзды көл	г. -сол. оз.	Талас ауд.
Жанақұдық	Жанакудық	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Қоңыр	Қоңыр	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Қосқұдық	Коскудық	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Жаңақоңыр	Жанаконыр	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Қаратиын	Каратиын	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Тойқұдық	Тойкудық	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Нұрбай	Нурбай	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Қожаберген	Кожаберген	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Құмырлы	Кумырлы	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Мырзабекбас	Мырзабекбас	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.
Балта	Балта	тұзды құдық	сол. к.	Талас ауд.

Қарабай	Карабай	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Бекмұрат	Бекмурат	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Биөскенбай	Биоскенбай	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Алтықұдық	Алтыкудық	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Аткелтір	Аткельтир	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Сары	Сары	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Малалып	Малалып	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Ақкесене	Аккесене	кұрғақ құдық	сух. к.	Талас ауд.
Үлкен Қақпа	Улькен Какпа	кұрғақ арық	сух. ар.	Талас ауд.
Жанатоған	Жанатоган	кұрғақ арық	сух. ар.	Талас ауд.
Кішкентайөзек	Кишкентайозек	кұрғақ арна	сух. р.	Талас, Сарысу ауд.
Жаманжарма	Жаманжарма	кұрғақ арна	сух. р.	Талас, Сарысу ауд.
Ескі Талас	Ески Талас	кұрғақ арна	сух. р.	Талас ауд.
Жалғансай	Жалгансай	кұрғақ арна	сух. р.	Талас ауд.
Қызылсай	Кызылсай	кұрғақ арна	сух. р.	Талас ауд.
Қадыр	Кадыр	кұрғақ арна	сух. р.	Талас ауд.



ТАЛАС АУДАНЫ

(Талас) – облыстың оңтүстік-батысында орналасқан әкімшілік бөлік. 1928 ж. құрылған. Жерінің аумағы 12, 2 мың км². Халқы 53, 3 мың адамнан аса. Аудан аумағындағы 25 елді мекен, 1 қалалық, 1 кенттік және 14 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Аудан орталығы – Қаратау қаласы Тараздан солтүстік-батысқа қарай 105 км жерде орналасқан. Аудан жері, негізінен, жазық, тек оның қиыр оңтүстік-батысы ғана таулы. Мұнда Қаратау жотасының оңтүстік-шығыс бөлігі орналасқан. Ауданның ең биік жері де осы тұста (1109 м). Солтүстігі Мойынкүмға ұласады. Мұндағы тау-төбелердің ішіндегі ең биік жері Кемпіртөбе тауы (409 м). Жер қойнауында ірі кен орындары барланған. Онда әктас, доломит, мәрмәр және гранит, уран, табиғи газ, алтын, гипс, барит, хальцедон, минералды бұлақтар, т.б. кен орындары бар. Климаты тым континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық, аңызқты. Ауаның қаңтар айындағы орташа температурасы – 6-10⁰С, шілдеде 24-27⁰С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150-250 мм, Қаратауда 400 мм-ге жетеді. Аудан жерімен Талас, Аса, Көктал, Тамды өзендері ағып өтеді. Билікөл, Ақкөл, Ақжар, Ащыкөл, Тұздықөл көлдері бар. Жері сұр, шалғынды сұр, бозғылт қоңыр топырақты, солтүстігінде құмды, құмайты топырақ қалыптасқан. Өсімдіктерден жусан, баялыш, шеңгел, жыңғыл, жүзгін, изен, теріскен, күйреуік, сексеуіл өседі. Қасқыр, түлкі, қоян, ақбөкен, саршұнақ, аламан, тасбақа, кесіртке, жыланның бірнеше түрі кездеседі.

Ауданда, негізінен, қазақтар тұрады (81, 4%). Одан басқа орыстар (10, 2%), украиндар, курдтар, немістер, т.б. ұлт өкілдері бар.

Талас өңірі ерте заманнан-ақ адамдардың құт мекені болып келгені тарихтан белгілі. Археологиялық қазбалар арқылы табылған мұралар мен жәдігерлер, жартастардағы суреттер, жазулар мәдениетіміз бен тарихымыздың тым әріден басталатындығын көрсетеді.

Қазан төңкерісі қарсаңында бүгінгі Талас ауданы аумағында Ойық болысынан 10 ауыл, Ошақты болысынан 11 ауыл, Ағашақ болысынан 4 ауыл болған. Олар кейін біріктіріліп, Төменгі Талас ауданы болып құрылған. Ауданның алғашқы орталық әкімшілік мекені Ошақты болысының 3, 4 – ауылдарының қонысында болды. 1929 жылы аудан орталығы Ойық ауылына көшірілді. 1934 жылы аудан орталығы Ақкөл ауылына көшірілген, 1960-1963 жж. аудан орталығы Шолақтау тау-кен жұмысшыларының кентіне көшірілді, одан 1963-1997 жж. аралығында Ақкөлге қоныс тепті. 1997 жылдан күні бүгінге дейін аудан орталығы Қаратау қаласы болып келе жатыр.

Аудан аумағында ежелгі тарихи-архитектуралық ескерткіштер көптеп кездеседі. Ауданнан 62 Социалистік Еңбек Ері, Кеңес Одағының Батырлары шыққан.

Қаратау

(Қаратау) – қала (1963 жылдан), Жамбыл облысы Талас ауданының орталығы, ауылдық әкімшілік округі орталығы. т. ж. ст. облыстың оңт. бөлігінде, Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 82 км жерде, Қаратау тауының солтүстік-батыс сілемі – Шолақтау баурайында, Жетімшоқы және Ақтау тауаралық аңғарында, бұта аралас боз жусан, сұлыбас, баялыш, бетеге, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Ірпесі 1946 ж. Шолақтау кенті болып қаланған. Қаланың орталық алаңының өзіндік архитектуралық ансамблі қалыптасқан. Қаратау қаласының іргесінде ежелгі Тамды елді мекенінің орны (Тамдыкент немесе Пергант) сақталған.

Ақкөл

(Акколь) – а. о. Талас ауданы,

(Акколь) – а. аудан орталығы болған Талас ауданы.

Ақ (сын есім) + көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атаудың мағынасы: «қамысты, ақ айдын көл». Ауылдың аты осы көлдің атына қойылған.

Бұл атаудың шығуында мынадай аңыз-әңгіме бар:

Бұрынырақта бұл көлге көп аққу қонады екен, көп болғаны сонша, тіпті көлдің беті көрінбей, аппақ болып қалады екен. Ол аққулар көлге жылда қонатын көрінеді. Содан кейін оның аты «Ақ көл» деп аталып кетсе керек. (ҚСЭ. I-том, 208 бет.)

Ақкөл атауы «ағымды көл» мәніндегі ұғымды да білдіруі мүмкін. Бұл Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігінде» осы мағынада берілген.

Аққұм

(Аккум) – а. о. Талас ауданы,

(Аккум) – а. Талас ауданы.

Ақ (сын есім) + құм (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атаудың мағынасы бұл маңның жері құмды болып келіп, тұзы шығып, ағарып жататынын білдіреді.

1) Ежелгі мекен, қазір төбе; биіктігі 5 м, диаметрі 50 м. Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы «Билікөл» елді мекенінен 0, 5 км. жерде Аса өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан.

2) Орта ғасырдағы қала (Оққұм). Жамбыл облысындағы Қарабақыр, Талас өзендерінің сағасынан 1, 5 км. қашықтықта. Қала тік бұрыштала салынған, ортасы ашық алаң. Оның оңтүстік-шығысында биік қамал бар, ішіндегі Рабад (сыртпен сыбайлас қала) он бұрышты болып саналып, дуалмен қоршалған. Екі жағасында шоғырлана орналасқан дуалдар мен мұнаралардың қалдықтары бар. ҚСЭ., I-том, 210-б., 1973.



3) Жезказған облысындағы ортағасырлық елді мекен. Салыстырыңыз: сол туыстас атау (Ағчайғв) Түрікменстанда да бар делінген Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары» сөздігінде 33-бет, 1983 ж. Сондай-ақ Акқұм – құм аттары. Балқаш көліндегі түбектің, елді мекендер аты. «Ақ» сөзі құмның түсін көрсетпейді, сипатын көрсетеді. Этим.: «сусымалы, ақпа құм» мағынасын береді.

Ақтөбе

(Ақтөбе) – а. Талас ауданы,

(Ақтөбе) – а. Байзақ ауданы,

(Ақтөбе) – а. о. Жуалы ауданы,

(Ақтөбе) – а. Жуалы ауданы,

(Ақтөбе) – а. о. Шу ауданы,

(Ақтөбе) – а. Шу ауданы.

Ақ (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «төбе тасының немесе топырағының ағарып жататын көрінісін» білдіреді.

Жамбыл облысының Шу ауданындағы поселке, «Ақтөбе» колхозының орталығы. Аудан орталығы Новотроицкое а-сының солтүстігіне 25км. жақын т. ж. ст-сы – Шу (45км). Шаруашылығының басты салалары қой өсіру, қант қызылшасын егу. Халқы 2, 5 мыңдай (1970). Ақтөбеде орта мектеп, клуб, кітапхана, дәрігерлік пункт бар.

Бостандық

(Бостандық) – а. о., ауыл Талас ауданы.

Зат есімнен қойылған атау. «Еркіндік, азаттық» мәнінде қойылған атау.

Бөлтірік шешен

(Болтирик шешен) – а. Талас ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 24.12.1999 ж. ұйғарымы бойынша Кеңес ауылы өзгертіліп, атақты шешен, ақын Бөлтірік шешен ауылы аталды.

Әлменұлы Бөлтірік (1771-1854) – қазақтың көрнекті шешені, биі, батыры. Туып-өскен жері Жамбыл облысы, Шу ауданы. Жастайынан ақындық, батырлық жолын қуып, есейген шағында ел арасындағы жер, су, еңбек, құн және жесір дауларына талай рет әділ төрелік айтқан. Бай-манаптар, барымташы, жалақор, алаяқтар Бөлтіріктің тапқыр да әділ сөздерінен жеңіліс тапқан. Ел арасында «Бөлтірік айтыпты» деген шешендік сөздер қырғыз, өзбек халықтары арасында да кездеседі. Халық ақындары К. Әзірбаевтың «Аңыздар сыры» (1969), Б. Бигелдиевтің «Балқаш» (1970) атты

жинақтарында Бөлтіріктің батырлығын бейнелеген аңыз, дастандар баршылық. ҚСЭ А., 1973., т 2., 443-б.

Көшек батыр

(Кошек батыр) – а. Талас ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 24.12.1999 ж. ұйғарымымен Қызылжар ауылы өзгертіліп, Көшек батыр ауылы аталды.

Қайыр

(Қайыр) – а. Талас ауданы.

Зат есімнен жасалған атау. Кісі атынан қойылған ауыл аты. «Шапағат, мейір» мәнін білдіреді.

Қараой

(Қараой) – а. Талас ауданында және (Қараой) – а. о. Жамбыл ауданында кездеседі.

Қара (сын есім) + ой (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «маңайындағы жерлерден төмен жатқан, алыстан қарайып көрінетін ойпаң жер».

Қожағаппар

(Қожағаппар) – а. Талас ауданы.

Белгілі халық емшісі, тәуіп кісінің есімінен қойылған ауыл аты.

С. Шәкіров

(С. Шакиров) – а. о. Талас ауданы

(С. Шакиров) – а. Талас ауданы

Бұрынғы Жданов атындағы совхоз Жамбыл облысы әкімінің және облыстық мәслихаттың 22. 06. 2011 ж. №9-6 шешімімен Сәду Шәкіров атына өзгертілді. Сәду Шәкіров – Кеңес Одағының Батыры.

Сейілбек

(Сейілбек) – а. Талас ауданы.

Кісі есімінен қойылған атау.

Талапты

(Талапты) – а. Талас ауд. Талап (зат есім) сөзіне туынды сын есім жасайтын -ты жұрнағы қосылу арқылы жасалған атау. Мағынасы: сол жердің халқының ынтасына, талаптылығына сай қойылған.



Қызыләуіт

(Кызылауит) – Талас ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы – Қаратау қаласынан солтүстікке қарай 75 км жерде, бөз және қара жусан, баялыш, көкпек өскен сұр, бозғылт сұр топырақты қуаң шөлейтті далада орналасқан. 1994 ж. дейін Комсомол ауылы болып келген. Іргесі 1962 ж. қаракөл қойын өсіретін «Ильич» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Қызыләуітте акционерлік қоғам және 20-ға жуық шаруа қожалықтары құрылды. ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 07. 10. 1993 ж. №2410 қаулысымен бұрынғы Ильич атауы Қызыләуіт болып өзгерді. Ауылда орта мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Майтөбе

(Майтөбе) – Талас ауданындағы ауыл. Аудан орталығы – Ақкөл ауылының оңтүстігінде 55 км, Қаратау етегінде, Тараз бен Қаратау қалаларының аралығындағы автомобиль жолының бойына орналасқан. Ауыл бұрынғы 6-ауылдың орнында 1929 ж. «Майтөбе» кеңшарының ұйымдасуына байланысты пайда болды. Мұнда ауыл шаруашылығы машиналарын жөндейтін, тұрмыс қажетін өтейтін шеберханалар, орталау, орта мектептер, балалар бақшасы, дәрігерлік пункт орналасқан. Майтөбеден 8 км жерде Билікөл көлі мен тау бұлақтары бар. Атау май (зат есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «үстінде малға жұғымды, малды семіртетін шөп өсетін жайылымды төбе» дегенді білдіреді.

Ойық

(Ойық) – Талас ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Қаратау қаласынан солтүстікке қарай 92 км жерде, Талас өзені аңғарындағы сарсазан, сорқаңбақ, қарабарқын басым өскен шалғынды шөлдік белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 8 мың адамнан аса. 1957-1997 жылдар аралығында қаракөл қойын өсіретін «Ойық» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 ж. ауылда «Ойық» ЖШС-І, «Қойшыбай Ата», т.б. шаруа қожалықтары құрылған. Орта мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. мекемелер бар.

Тамабек

(Тамабек) – Талас ауданындағы ауыл.

Аудан орталығы Қаратау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 75 км жерде, Талас өзенінің шығыс жағындағы жусан мен шалғын шөп өскен қоңыр топырақты далада орналасқан. Іргесі «Елтай» (Чкалов) ұжымшары негізінде қалыптасты (1929). Ол кейіннен асыл тұқымды қой өсіретін «Амангелді» кеңшары болып құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыс

жылдарында бұл ауылдан майданға жүздеген арғымақтар бапталып жөнелтілді. 60-жылдардан бастап қаракөл қой шаруашылығымен шұғылданды. Бір ғана осы ауылдан 11 Социалистік Еңбек Ері шыққан. Кейінгі жылдары жоғары сортты егін өсірумен айналысатын шаруа қожалықтары құрылды, 1997 жылдан облысқа белгілі ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы Тамабек Қартабаевтың құрметіне осылай аталады. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, т.б. мекемелер бар.

Тамды

(Тамды) – Талас ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округінің орталығы.

Аудан орталығы Қаратау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде, Қаратау жотасының солтүстік баурайындағы бетеге, сұлыбас басым өскен сортаңды қызғылт қоңыр топырақты құрғақ шөлейтті далада орналасқан. Тұрғыны 1, 7 мың адам. Ауыл 1936-1997 ж. қой өсіретін «Майтөбе» кеңшарының бөлімшесі болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Тамдыда өндірістік кооператив және 50-ден астам шаруа қожалығы ұйымдастырылды. Ауылда орта, орталау мектеп, кітапхана, фельдшерлік пункт бар.

Үшарал

(Ушарал) – Жамбыл облысы, Талас ауданындағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Аудан орталығы Қаратау қаласынан солтүстікке қарай 102 км жерде орналасқан. Тұрғыны 4, 6 мың адамнан асады. Іргесі 1930 ж. асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Талас» кеңшарының орталығы ретінде қаланған. Тұрмыстық комбинат бөлімшесі, жоғарғы вольтті электр желісінің қосалқы станциясы, наубайхана, орта мектеп, клуб, кітапхана, кино қондырғы, қонақ үй, учаскелік аурухана бар.

Көктал

(Коктал) – ауыл. Жамбыл облысы әкімдігінің 01. 02. 2008 ж. №17 қаулысы, обл. мәслихаттың №4-19 08.02.2008 ж. шешімімен Көктал кенті Көктал ауылы болып өзгерді. Көк (сын есім) + тал (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: бұл жерде бір кезде жас та жасыл тал көп өскенін білдіреді.

Берікқара

(Берикқара) – ауыл. Талас ауданы. Берік (сын есім) + (сын есімнен субстантивтенген зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Қара жергілікті жерде тау» мағынасында қолданылады. Мағынасы – «бекем, мықты, зор тау».



Қасқабұлақ

(Каскабулак) – е. м., Талас ауданы. Қасқа (сын есім) + бұлақ (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жалтырап, жайылып жататын бұлақ» дегенді білдіреді. Елді мекен аты осы бұлақ атынан қойылған.

Жамукат

(Жамукат) – Талас алабындағы ортағасырлық қала. Орны – Тараз қаласынан оңтүстікке қарай 15 км жердегі Қостөбе қорғаны (Талас өзенінің оң жағалауы). Ортағасырлық араб тарихшысы әл-Мақдисидің еңбегінде Жамукат аталған. X ғ. тарихшысы Наршаһи қаланың іргесін VI ғасырда соғдылықтар қалаған дейді. Кейін Жамукат түркі билеушілерінің орталығының біріне айналған. Қаланың орта бөлігі төртбұрыш пішіндес, аумағы 420x450 м төбе түрінде сақталған. Мұны 4 қақпалы мұнаралармен күшейтілген екі қатар қабырға қоршап жатыр. Цитаделінің аумағы 70x80 м, шахристанының аумағы 150x150 м. Қала іргесінде үлкен зираттар бар. Айнала радиусы 5 км жерде түрлі кішігірім бекіністер көптеп орналасқан. Қала орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде VIII-IX ғ. кезіндегі отқа табынушылар ғибадханасының орны табылды. Гимараттардың көпшілігі безендірілген панельдермен көмкерілген. Олардың ою-өрнектері Варахша, Афрасиаб қалаларындағы қабырғаларға ұқсас болып келеді. Мұның өзі Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Талас өңірінің қалалары Орта Азиямен тығыз мәдени байланыста болғанын айғақтай түседі.

Жікіл, Чигил

(Жикил) – Қазақстанның Талас алқабындағы ортағасырлық қала. Орны Тараз қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жердегі Жалпақтөбе ауылында бірқатар ортағасырлық авторлар (Мақдиси, Махмұт Қашқари, ас-Самани, Әбу-л-Фида, Вассаф, Шихаб әд-Дин) I–XI ғасырлар кезеңінен мәлімет беретін еңбектерінде Жікіл Тараздан, дауыс жетер жерде орналасқан шағын кент деп жазады. Онда қорған-қоршау, камал, күмбезді мешіт болған. Махмұт Қашқари Жікілді сипаттай келіп, оның заманында бұл кент Жікіл тайпасының орталығы болғанын айтады. Оның жазуынша, Жікіл ірге көтергеннен кейін, оған келіп қоныстанған түркі тайпалары өздерін «жікілміз» деп атай бастаған. Жікілде Т.И. Сенигова, К.М. Байпақов археологиялық зерттеулер жүргізді. Қаланың орталық бөлігінің аумағы 90x95 м, төбе биіктігі 4 м. Деректердің көрсетуіне қарағанда Жікіл XII ғасырға дейін өмір сүрген.

Кенжек

(Кенжек) – Қазақстанның Жетісу аймағында орта ғасырларда болған қала. Махмұт Қашқари оны Кеншек-Кеңгір деп атап, ол қала Тараздың түбінде, қыпшақтармен шекарада болған деп мәлімдейді. Кенжек туралы дерек араб жазушысы әл-Омаридің еңбегінде ұшырасады. Ол XIII ғасырда Талас алқабында бір-бірінен ара қашықтығы бір фарсах (4 км-ге жуық) Яныбалық, Кенжек және Талас қалалары болды деп жазады. Талас маңындағы Кинчат (Кенжек) қаласынана XIII ғ-да Моңғолияға сапар шеккен Еуропа саяхатшысы Плано Карпини де соққан. Қала түріктің Кенжек деген тайпасының атымен аталған. Махмұт Қашқаридың деректемелеріне қарағанда, кенжектер соғдылар мен аргулар сияқты екі тілде сөйлеген.

Қызылқорған I

(Қызылқорған) – көне қала орны. Талас ауданы, Ойық ауылынан солтүстікке қарай 12 км қашықтықта орналасқан. 1980 ж. Жамбыл обл. тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (жетекшісі Қ. Байбосынов), 1983 ж. ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Е. Елеуов), 2000 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М. Байпақов) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қызылқорған орнының аумағы 40x30 м, биіктігі 1 м, жан-жағы топырақ үйінділерімен қоршалған. Қоршаудың 8 жерінде күзет мұнараларының орны сақталып қалған. Қазба жұмыстары жүргізілгенде керамикалық ыдыстардың қалдықтары табылды. Қызылқорған VIII-XII ғ-да гүлденіп, сауда орталығы қызметін атқарған.

Қызыл мақташы

(Қызыл мақташы) – көне қала орны. Талас ауданы Бостандық ауылының оңтүстік шетінде орналасқан. 1980 ж. К. Байбосынов жетекшілік еткен экспедиция тауып, алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қызыл мақташы X-XIII ғ-да өмір сүрген. Көне қала орны биіктігі 3 м болатын төбешік пішіндес, аумағы 270x200 м. Топырақ үйінділерінен жасалған қоршау камал рөлін атқарған. Қамалдың бұрыштарында күзет мұнаралары болған. Қызыл мақташы орнының оңтүстік-шығыс жағындағы цитадельдің аумағы 40x25 м. Цитадель қазір 5 м болатын төбешік болып дараланып тұрады.

Тектұрмас

(Тектурмас) – ерте орта ғасырдағы қаланың орны. Жамбыл облысының Талас ауданы «Қызыларық» қ-ң маңындағы, Талас өзенінің төменгі жағында орналасқан. Алғаш 1898 жылы В.А. Каллаур ашқан. 1949 жылы Жамбыл облысы тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы (жетекшісі



Л.И. Ремпель) зерттеген. Жобасы тікбұрышты келген қала жұртының ауданы 300Х200. Қалашықтың солтүстік шетінде орналасқан цитадельдің ауданы 70Х70, биіктігі 11 м. Айнала қорғаныс дуалмен қоршалып, сыртынан ор қазылған. Қаланың іші мен сыртында құрылыс қалдықтары байқалады. Қазба барысында табылған қыш ыдыстардың сынықтары мен қалашықтың жобасының сипаты оның VII–XIII ғасырлар аралығында өмір сүргенін білдіреді.

Төрткөл

(Торткол) – көне қала орны. Талас ауданы Бостандық ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 6 км қашықтықта, Тараз-Бостандық автомобиль жолының сол жағында орналасқан. 1980 ж. Жамбыл облысы тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (жетекшісі Қ. Байбосынов) тауып, алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қаланың қазіргі орны биікт. 2,5 м болатын төртбұрышты төбе. Әрбір сыртқы қабырғасының ұзындығы 80 м. Қаланың орталық бөлігінде күзет мұнараларының орындары сақталып қалған. Мұнаралардың диаметрі 5 м. Қала іш жағынан терең ормен қоршалған. Ордың ені 8 м., қазіргі тереңдігі 1,5 м. Қала орнынан керамикалық ыдыстардың, әйнектердің сынығы, қоладан жасалған бұйымдар табылды. Қала VIII-XII ғасырларда ірі сауда орталығы болған.

Ұзынбұлақ

(Узынбулак) – мустье мәдениетінің жоғарғы кезеңіне жататын қоныс. Талас ауданы, Қаратау қаласынан солтүстікке қарай 35 км жерде. Зерттеу жұмыстарын 1958 ж. Қазақ КСР ҒА-ның Уәлиханов атындағы Тарих, археол. және этнография институтының Қаратау экспедициясы (жетекшісі Х.А. Алпысбаев) жүргізген. Қазбадан әртүрлі үлкен қырғыштар, тескіш-қырғыштар, өзек тастар, өңделген тас құралдар табылған.

Шаруашылық

(Шаруашылық) – көне қала орны. Талас ауданы, Ойық ауылынан солтүстік шығысқа қарай 8 км қашықтықта орналасқан. 1949 ж. Л.И. Ремпель жетекшілік еткен экспедиция ашып, алғаш зерттеу жұмысын жүргізген. Қаланың орны солтүстіктен оңтүстікке 400 м-ге, батыстан шығысқа 300 м-ге созылып жатқан, биіктігі 3 м төбешік тәрізді. 2000 ж. К. Байпақов жетекшілік еткен экспедиция қазба жұмыстарын жүргізгенде керамикалық ыдыстар қалдықтары көптеп табылды. Зерттеу барысында қала VII–XIII ғ-да сауда орталығы болғаны анықталды.

Ынтымақ

(Ынтымақ) – көне қала орны. Талас ауданы Ойық ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 км қашықтықта орналасқан. 1949 ж. Л.И. Ремпель

жетекшілік еткен экспедиция тауып, алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қаланың орнының аумағы 120х90 м, биіктігі 2 м болатын төбешік тәрізді. Қазба жұмыстары барысында керамикалық ыдыстардың қалдықтары көптеп табылды.

Шолақтау

(Шолақтау) – төменгі палеолит дәуірінің Шель-ашель кезеңіне жататын қоныс. Жамбыл облысының Қаратау қаласының оңтүстігінде 5 км жерде. Шолақтауды 1958 ж. Қазақ ССРҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының палеолит энциклопедиясы (Қ. Алпысбаев) зерттеген. Шолақтаудан қара шаппақ тастан жасалған пышақ, т.б. тас құралдары табылған. Шолақтау Жамбыл облысындағы Қаратау қаласының негізі болған, кеншілерге арнап соғылған кенттік қыстақ болған.

Ынтымақ

(Ынтымақ) – ортағасырдағы қаланың орны, Жамбыл облысының Талас ауданындағы бұрынғы «Ынтымақ» қаласының жанында. Дуалмен қоршалған тік бұрышты алаң.

Аса

(Аса) – Жуалы, Талас және Жамбыл аудандары арқылы ағып өтетін өзен.

Талас өзенінің сол жақ саласы. Ұзындығы 253 км., су жиналатын алабының ауд. 8756 км². Жалпы ұз. 104 км болатын кішігірім 30-дай саласы бар. Басы Теріс және Күркіреу өзендері қосылған тұстан басталады. Ол жол бойы Билікөл мен Ақкөл көлдерін суландыра отырып, Қаракөлге құяды. Асаның жоғарғы жағы таулы аңғармен өтеді, төменгі ағысы жазық болып келеді. Көктемгі еріген қар, жаңбыр және жерасты суларымен толығады. Жылдық орташа су ағынының мөлш. Ақкөл ауылының тұсында 4, 45 м/с. Өзен суы толығымен пайдаланылады. Суының табиғи қалпы Терісашыбұлақ бөгенімен реттеледі.

Талас

(Талас) – Қырғыстан мен Қазақстан жеріндегі өзен.

Ұзындығы 661 км, су жиналатын алабы 52700 км². Қазақстандағы бөлігі 453 км. Негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады да, Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданы жерінде су аяғы құрдымға сіңіп бітеді. Аңғары жоғарғы бөлігінде тар шатқалды, ені 1-2 км, жазыққа



шыққан төменгі бөлігінде кең, 25-30 км. Көп жылдық мұз, жауын-шашын суынан толысады. Маусым-тамыз айларында тасиды. Тараз қ-нан төменгі ағысында Т-тан бірнеше тармақ (Шалқы, Көделі, Тасарық, т.б.) таралады. Суы көктемде, күзде тұщы, сәл кермек, ауыз суға жарамды. Жылдық орташа су ағымы Тараз қ. тұсында секундына 27, 4 м. Өзен бойында, Тараз қаласынан 10 км жерде Киров бөгені, сағасынан 197 км жерде Юбилейный, 275 км-де Жінәлі, 280 км-де Қазақбай бөгендері және Талас-Аса каналы салынған. Егін суаруға пайдаланылады.

Қызыл бөген

(Кызыл бөген) – Көктал өзені алабындағы бөген.

Талас ауданында орналасқан. 1940 ж. салынды. Бөген суының жалпы сыйымдылығы 7, 0 млн м³. Талас ауданы шаруашылықтарының 0, 44 мың га жерін суарады және шабындықтарды суландырады.

Ащыкөл

(Ащыкол) – Талас, Сарысу ауданының аумағында, Ақкөл ауылының солтүстік-батысында 12 км жерде орналасқан көл. Ұз. 10 км, ені 8 км, ауданы жылдық жауын-шашын мөлшеріне байланысты көл аумағы 31-67 км² аралығында өзгереді. Тереңдігі 5 метрге жуық. Көлдің солтүстік жағалауы тік жарқабақты (биіктігі 6-8 метр), шығысы жазық, құмдауытты, оңт. сазды, жағалауында қамыс, қоға өседі. Көлге оңтүстік-батыстан Көктал, шығысынан Аса өзенінің бір тармағы құяды. Желтоқсанның аяғында мұз қатып, наурыздың аяғында ериді. Көлде қаз, үйрек, т.б. су құстары мекендейді.

Ақкөл

(Аккол) – Жамбыл облысының Талас ауданындағы су қоймасы, Аса өзені ағып өтетін Ақкөл су қоймасы 1932 ж. салынды. Ұзындығы 10 шақырым, ені 5 шақырым, тереңдігі 5 метрге дейін жетеді.

Билікөл

(Биликол) – Шу-Талас алабындағы, Талас аудандарының аумағындағы көл. Тараз қаласының солтүстік-батысында 60 км жерде. Қаратау жотасының Қырғыз Алатауымен түйіскен тұсына жақын шығыс беткейінің етегінде, Майтөбе ауылына 6 шақырым жерде орналасқан. Талас, Жамбыл аудандарының шекарасындағы тұщы көл. Көлге Аса өзені Тоғызтарау деген жерге құйылып, көлдің терістік тұсынан қайта бастау алып өзен ағып өтеді. Теңіз деңгейінен биікт. 438 м, аум. 88 км², ұз. 18 км, ені 7, 5 км-ге дейін, орташа тереңд. 3, 5 м, ең терең жері 8 м. Жауын-шашын мол жылдары су көл. 309 млн. м³-ге жетеді. Суы тұщы. Билікөлге Аса өзенінің шығыс жағынан

құйып, солтүстігінен ағып шығады. Жайпақ құм жағалауында қоға аралас қамыс өседі. Көлде сазан, шабақ, табан балық, ақ амур, майшабақ, т.б. бар. Көл суын төңіректегі егіс суаруға және демалыс орнына пайдаланады.

Жәдік көлі

(Жадик) – су көзі, тоған. Көл Ойық ауылдық округі аумағындағы Сейілбек ауылының оңтүстігінде 2 шақырым жерде орналасқан.

Тоған 1980 жылдардың тұсында байырғы Жәдік көлі аталатын жер бедеріне қарай қара сулы өзектерде жиналатын табиғи көлшіктердің бас жағын арнайы бөліп, көтерме бөген тұрғызылған Талас өзенінің оң жағасынан алынған су жинайтын табиғи орын.

Тасарық

(Тасарық) – өзен, Талас алабында, Талас, Жамбыл аудандары жерімен ағады. Ұз. 63 км, су жиналатын алабы 285 км². Бастауын Ақкөл қазаншұңқырынан алып, оңтүстікке қарай ағып, Көделі өзеніне оң жағынан құяды. Жағалауы жайпақ, аңғары 30-45 м. Қар және жерасты суымен толығады. Жаз айларында кеуіп, жыра суларға бөлініп қалады. Жағалауы шабындық және жайылым.

Қотырбұлақ

(Котырбулак) – жанындағы тастары қарақошқыл, қотырға ұқсас болғандықтан аталған, Тамды ауылдық округі аумағында, Тамды ауылынан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде орналасқан бастау – бұлақ суы тұщы.

Жергілікті халық Қотырбұлақ суының шипалық қасиеті бар деп санайды. Сондықтан онда келіп суынан ішіп, жуынып, шипалық дәру табады.

Қызылауіт

(Кызылауит) – жасанды су қоймасы – Көктал өзенінің алдын бөгеп жасаған жасанды су қоймасы.

Сіргелі арық

(Сиргели) – Үшарал ауылдық округі аумағындағы Үшаралдан Түгіскенге қарай қазылған оман-арық, жер атауы. Арықтың ұзындығы 14 шақырымдай, ені 3 метр, тереңдігі 3 метрден асатын болған.

Төңірқазған

(Танирқазған) – жерасты су көзі. 1970 жылдан Ақкөл ауылын таза ауыз суымен қамтамасыз ететін жер атауы. Жердің терең қабатынан насос



арқылы жер бетіне шығарылған тұщы су шақырым қашықтықтан құбырмен Ақкөл ауылына жеткізіледі.

Көктал

(Коктал) – Жамбыл облысының Талас ауданындағы өзен. Талас алабында. Ұзындығы 61 км, су жиналатын алқабы 482 км². Қаратаудың солтүстік беткейінен басталып, Қарашеңгел ауылы тұсында Ащыкөлге, Қаратау ауыл округі жерімен, Көктал кентінің оңтүстік-шығыс шетімен өтіп, оң тармағы Қызыләуіт, Шұқырәуіт жасанды көлдері арқылы Ақкөл көліне құяды. Аңғары тар, жағасы тік жарлы. Жазда иірім қарасуларға айналады. Жылдық орташа су ағыны 1, 20 м/сек.

Тамды өзені

(Тамды) – Қаратау тауының солтүстік беткейінен басталып, Тамды ауылдық округінің жері арқылы жолында Қаратау қаласын, Тамды ауылын басып өтіп, Аса өзеніне барып құяды. Өзеннің ұзындығы 42 шақырым, су жиналатын алабы 365 м³. Аңғары жер бедеріне қарай кейде тар, енді бір жерде жайқуат. Өзен суы егістік, жайылымдық жерлерді суландыруға пайдаланылады.

Кенүңгіртас

(Кенунгиртас) – Қаратаудағы қарасты жер қозғалу құбылысынан пайда болған үңгір. Жамбыл және Шымкент облыстарының шекарасымен ағатын Сүйіндік өзенінің сол жағасында. Ұз. 30 м, ені 4-5, 5 м, биіктігі 14 м. Үңгір ішінде үлкендігі әр түрлі бірнеше бүйірлік камералар және жолдар бар. Бұлар жерасты жарықтарынан шыққан күкірт қышқылды ерітінді сулардың шаюынан пайда болған. Қабырғалары үнемі ылғалданып тұрады. Қазақ Совет Энциклопедиясы Алматы, 1974. 5-том, 381-бет.

Киров бөгені

(Киров) – Жамбыл облысындағы бөген. Жамбыл қаласының шығысында 10 км. Талас өзені бойында 1940-1944 ж. салынды. Ұз. 13 км, ең терең жері 32 м. көл. ені 3800 млн. м³. Плотинасының ұз. 2-км-дей. Бөген облыстың Жамбыл, Свердлов аудандарының шаруашылықтарына орта есеппен жылына 1364 млн.м. су береді. Жалпы ұз. 450 км, каналдар арқылы 93 мың га егіс суарылады.

Үшбас

(Ушбас) – Түйемойнақ-Талас алабындағы өзен. Жамбыл облысының Сарысу және Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ аудандары жерімен

ағып өтеді. Ұзын 71 км, су жиналатын алабы 571 км². Қаратаудың солтүстік беткейіндегі бұлақтардан басталып, Қызылкөлге құяды. Аңғары таулық сипатта, арнасы тік жарлы. Жерасты жауын-шашын суымен толығады. Жылдық орташа су ағымы Жыланды өзеннің құяр сағасынан төменде 0, 25 м³/с.

Тұзкөл

(Тузкол) – Талас өзені алабында, Талас, Сарысу аудандары жеріндегі ағынды көл. Қарашеңгел ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2, 5 км жерде орналасқан. Аумағы 11, 8 км², су жиналатын алабы 1056 км². Жағалауы жазық, солтүстік-батыс жағалауы жарлы, биіктігі 1, 6-2, 5 м. Көктал өзені көлді жарып ағып, Ащыкөлге жалғасады. Суы мол жылдары Аса өзенінің суы кемерінен асып Ащыкөлге және Тұзкөлге құяды. Суы мол жылдары балық ауланады. Алабының 70%-ы жыртылған, жағалауы – шабындық.

Көлге жауын-шашыннан және Көктал өзеннің сол тармағынан су жиналады. Көл жаз айларында құрғап қалады. Көлде өндіруге жарамды тұз қабаттары бар.

Қайып

(Қайып), Қаратал – Шу-Талас алабындағы өзен. Байзақ, Талас аудандары жерімен ағады. Ұз. 105 км, су жиналатын алқабы 2620 км².

Шұқырәуіт

(Шуқырауит) – Ақкөл көліне құятын жасанды су қоймасы, Көктал өзенінің алдын қолдан бөгеп жасаған.

Мақпал

(Мақпал) – Талас Алатауының орталық бөлігінде, Тұрар Рысқұлов ауданы жерінен ағып өтетін өзен. Ұзындығы 28 км. Бастауын Мақбал асуының солтүстік беткейінен алып, Мақбал разъезі жанында тарамданып құмға сіңіп кетеді. Жоғарғы аңғары тік жарлы, төменде кеңейеді. Өзен көктем айларында тасиды. Жоғарғы және орта ағысында суы мол. Мақпал суымен аудан шаруашылығы дақылдарының егістігі суарылады.

Кіші Қаратау жер асты су алабы

(Киши Каратау) – Жамбыл обл. Сарысу және Талас аудандарының аумағында орналасқан. Жер асты суын алғашқы зерттеулер 1946-1947 ж. басталған. 1947-1992 ж. Оңт. Қазақстан геология басқармасы Кіші Каратауда фосфор кен орындарының ашылуына байланысты шахталар жүйесіне құйылатын жерасты суының көлемін анықтау және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін



кең көлемді гидрогеологиялық жұмыстар жүргізді (Т. Айтуаров, М. Жұмағұлов, Р. Ахметов, Р. Айымбетов, т.б.). Жер асты суы кембрий-ордовик кезеңдерінің карстік-жарықшақты әктастарында таралған. Сулы қабаттың қалыңдығы 40-300 м. Осы тереңдікке бұрғыланған гидрогеологиялық ұңғымалардан тәулігіне 2, 2-86, 4 мың м³ су шығады. Жер асты суының мол көзі тектоникалық жарылымдарда қалыптасқан. Өзен аңғарларында және тектоникалық жарылымдарда көптеген қайнар бұлақтар (Жылыбұлақ, т.б.) бар. Олардан тәулігіне 4, 3-34 мың м³ су шығады. Жерасты суы тұщы, минералдануы 1, 0 г/л-ден аспайды, химиялық құрамы гидрокарбонатты-кальцийлік түрге жатады. Алапта 10 кен орны жете зерттелген. Оның ішінде Бүркітті, Көктал, Майтөбе, Тамды су кен көздері Қаратау, Жаңатас қалаларын, т.б. елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге пайдаланылуда. Жерасты суының пайдалануға болатын тәуліктік жалпы қоры 216 мың м³ көлемдей деп болжанған.

Қаратау

(Қаратау) – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысында орналасқан тау жотасы. Қаратау негізінен, Жамбыл облысының аумағында орналасқан. Тек солтүстік-батыс бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 420 км-ге созылып жатыр, енді жері 60-80 км (оңтүстік-шығысындағы Боралдай жотасы). Ең биік жері Бессаз тауы (2175 м). Жота қатарласа жатқан Кіші Қаратау және оңтүстік-батыс Қаратау жоталарынан тұрады. Бұларды бір-бірінен тауаралық ойыстар бөліп жатыр. Қаратаудың шығысы және Кіші Қаратау протерозойлық тақтатаас және құмтастарынан оңтүстік-батыс Қаратау карбонның әктас, құмтас, конгломераттар және девонның жанартау текті жыныстарынан түзілген. Жоталардың тау бастары тегістеу келген жазық, беткейлері шатқалды, тік жартасты болып келген. Қаратаудың оңтүстік-батысын Сырдария, солтүстік-шығысын Талас өзендері алаптары алып жатыр. Қаратау төңірегіндегі өңірге климат тұрғысынан өз әсерін тигізеді. Сондықтан жотаның оңтүстік-батысы мен солтүстік-шығысының ауа райында біраз айырмашылықтар бар. Қаңтар айындағы орташа температура жотаның солтүстік беткейі мен баурайында -10°С, оңтүстік-батысында -6°С. Жазы ыстық және құрғақ, шілденің орташа температурасы 22-26°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшер бөктерінде 200-400 мм, тауда 400 – 600 мм. Беткейлерінің топырағы қоңыр, қызғылт қоңыр. Тау аралық аңғарлар мен шатқалдарында бетеге, боз, көде, өзен аңғарларында тал өседі. Қазақстанның басқа жерінде жоқ, (35-40%) каучук ретінде қолдануға болатын тау сағызы осы Қаратау қойнауында мол кездеседі. Таутеке, борсық, түлкі, қасқыр, түрлі тышқан, сарышұнақ, т.б. мекендейді. Қаратау өңірінде жерасты суларының мол қоры бар.

Қаратау қойнауында еліміздегі ірі полиметалл (Ащысай, Мырғалым-сай, Байжансай, т.б.), фосфорит (Ақсай, Жаңатас) кендері шоғырланған.



ШУ АУДАНЫ



ОЙКОНИМДЕР, ГИДРОНИМДЕР, ОРОНИМДЕР

Әкімшілік орталығы – Төле би ауылы

Халық саны – 96 700 адам

Аудан аумағы 12 000 шаршы шақырымды құрайды

Аудандағы қалалық, кенттік, ауылдық округтер саны – 19

Құрылған жылы 1931жыл

Ерекшеліктері мен көрнекті орындары

Аудан аумағында көптеген тарихи-мәдени мемлекеттік маңызы бар – Ақтөбе (VI-XIII ғғ) қалашығы.

Қалалар, жергілікті маңызы бар сәулет өнерінің ескерткіштері мен археологиялық нысандар – жеңіс сарбаздарына арналған ескерткіштер, Төле би ескерткіші мен Совет Одағы Батыры С. Естемесовке, «Варяг» крейсерінің теңізшісі Е.Е. Юрченконың зираты, темір дәуірінің қорымы, қола дәуіріндегі тасқа қашап салынған суреттер, «Жайсаң» діни-мемориалдық кешені, Қорғаншы және Ақсутөбе қалашықтары бар.



Шу ауданы

Шуский район

Орталығы – Төле би ауылы

Центр – аул Төле би

Әкімшілік-аумақтық бірліктер

Административно-территориальные единицы

р/с	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы Наименования аульных округов (аулов (аул), кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы Прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы Наименования округов (центров) на русском языке	Округ орталығының атауы Наименование центра округа
1	2	3	4	5
1.	Шу қаласы	Чу қаласы	город Шу	Шу қаласы
2	Ақсу ауылдық округі	Көкқайнар а/о құрамынан бөлініп шыққан	Аксуский аульный округ – аул Ақсу	Ақсу ауылы
3	Ақтөбе ауылдық округі	Қорағаты а/о құрамынан бөлініп шыққан	Актобинский аульный округ – аул Ақтөбе	Ақтөбе ауылы
4	Алға ауылдық округі	жаңадан құрылған	Алгинский аульный округ – аул Алға	Алға ауылы
5	Бірлік ауылдық округі	Бірлік кенттік округі	Бирликский аульный округ – аул Бирлик	Бірлік ауылы
6	Бірлікүстем ауылдық округі	Ескішу а/о құрамынан бөлініп шыққан	Бирлиустемский аульный округ – аул Бирликустем	Бірлікүстем ауылы
7	Далақайнар ауылы	жаңадан құрылған	Далақайнар аульный округ – аул Далақайнар	Далақайнар ауылы



8	Дулат ауылдық округі	Кенесский сельсовет	Дулатский аульный округ – аул Байдибек	Бәйдібек ауылы
9	Ескішу ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ескишуский аульный округ – аул Ескишу	Ескішу ауылы
10	Жаңажол ауылдық округі	Ескішу а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жанажолский аульный округ – аул Жана жол	Жаңажол ауылы
11	Жаңақоғам ауылдық округі	жаңадан құрылған	Жанакогамский аульный округ – аул Коктобе	Көктөбе ауылы
12	Көкқайнар ауылдық округі	жаңадан құрылған	Коккайнарский аульный округ – аул Коккайнар	Көкқайнар ауылы
13	Дінмұхамед Қонаев ауылы	Ленин ауылдық кеңесі	Конаевский аульный округ – аул Динмухамед Конаев	Дінмұхамед Қонаев ауылы
14	Қорағаты ауылдық округі	жаңадан құрылған	Корагатинский аульный округ – аул Мойынқум	Мойынқум ауылы
15	Өндіріс ауылдық округі	Төле би а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ондрисский аульный округ – аул Абай	Абай ауылы
16	Тасөткел ауылдық округі	жаңадан құрылған	Тасоткельский аульный округ – аул Тасөткел	Тасөткел ауылы
17	Төле би ауылдық округі	Новотроицкий сельсовет	Толембийский аульный округ – аул Төле би	Төле би ауылы
18	Шоқпар ауылдық округі	Киров ауылдық кеңесі	Шокпарский аульный округ – аул Шоқпар	Шоқпар ауылы
19	Балуан Шолақ ауылдық округі	Дулат а/о құрамынан бөлініп шыққан	Балуан Шолакский аульный округ – аул Балуан Шолак	Балуан Шолақ ауылы

Гидронимдердің қазақша атауы	Гидронимдердің орысша атауы	Гидроним түрі (қаз.)	Гидроним түрі (орысша)	Аудан
Ащылы	Ащылы	өзен	р.	Шу ауд.
Тұрлы	Турлы	өзен	р.	Шу, Мойынқұм ауд.
Қарауылқашқан	Карауылқашқан	өзен	р.	Шу, Мойынқұм ауд.
Туғанбай	Туганбай	өзен	р.	Шу ауд.
Ақтасты	Актасты	өзен	р.	Шу ауд.
Құрғақшолақ	Кургакшолак	өзен	р.	Шу ауд.
Қойшыбай	Койшыбай	өзен	р.	Шу ауд.
Құязбай	Куязбай	өзен	р.	Шу ауд.
Ақсай	Ақсай	өзен	р.	Шу ауд.
Шөладыр	Шольадыр	өзен	р.	Шу ауд.
Жамансай	Жамансай	өзен	р.	Шу ауд.
Былқылдақ	Былкылдак	өзен	р.	Шу ауд.
Шүмекбайсай	Шумекбайсай	өзен	р.	Шу ауд.
Әмірбай	Амирбай	өзен	р.	Шу ауд.
Құлаатсай	Кулаатсай	өзен	р.	Шу ауд.
Өзенесенбай	Озенесенбай	өзен	р.	Шу ауд.
Екі Ботабұрым	Еки Ботабурым	өзен	р.	Шу ауд.
Үш Ботабұрым	Уш Ботабурым	өзен	р.	Шу ауд.
Тасқұдық	Таскудык	өзен	р.	Шу ауд.
Үлкен Жиделі	Улькен Жидели	өзен	р.	Шу, Мойынқұм ауд.
Қостөбетеріс	Костобетерис	өзен	р.	Шу ауд.
Тана	Тана	өзен	р.	Шу ауд.
Бомбай	Бомбай	өзен	р.	Шу ауд.
Пахмет	Пахмет	өзен	р.	Шу ауд.
Желши	Жельши	өзен	р.	Шу ауд.
Қарасай	Карасай	өзен	р.	Шу ауд.



Әденсай	Аденсай	өзен	р.	Шу ауд.
Ақатсай	Акатсай	өзен	р.	Шу ауд.
Оразбай	Оразбай	өзен	р.	Шу ауд.
Бұланбай	Буланбай	өзен	р.	Шу ауд.
Сәтпан	Сатпан	өзен	р.	Шу ауд.
Жалқамыссай	Жалқамыссай	өзен	р.	Шу ауд.
Қарауылтөбе	Қарауылтөбе	өзен	р.	Шу ауд.
Байқұтты	Байқутты	өзен	р.	Шу ауд.
Сүлікті	Сулықты	өзен	р.	Шу ауд.
Шоқпар	Шоқпар	өзен	р.	Шу ауд.
Құлақшынсай	Кулақшынсай	өзен	р.	Шу ауд.
Әулиеқора	Аулиеқора	өзен	р.	Шу ауд.
Теректі	Теректы	өзен	р.	Шу ауд.
Кербұлақ	Кербулақ	өзен	р.	Шу ауд.
Ақтасты	Актасты	өзен	р.	Шу ауд.
Қостерек	Костерек	өзен	р.	Шу ауд.
Дөңгелексаз	Донгелексаз	өзен	р.	Шу ауд.
Далақайнар	Далақайнар	өзен	р.	Шу ауд.
Еспе	Еспе	өзен	р.	Шу ауд.
Бабасай	Бабасай	өзен	р.	Шу ауд.
Аңқалды	Анқалды	өзен	р.	Шу, Қордай ауд. шекарасында
Жарық	Жарық	өзен	р.	Шу ауд.
Итқора	Итқора	өзен	р.	Шу ауд.
Майжакен	Майжакен	өзен	р.	Шу ауд.
Қосбастау	Косбастау	өзен	р.	Шу ауд.
Құдабай	Кудабай	өзен	р.	Шу ауд.
Шәбек	Шабек	өзен	р.	Шу ауд.
Қотыр	Котыр	өзен	р.	Шу, Қордай ауд.
Быркылдақ	Быркылдақ	өзен	р.	Шу ауд.
Ортажайлау	Ортажайлау	өзен	р.	Шу ауд.
Аққайнар	Аққайнар	өзен	р.	Шу ауд.
Ақжар	Ақжар	өзен	р.	Шу ауд.
Сұлусай	Сулусай	өзен	р.	Шу ауд.

Қашқынбайсай	Кашқынбайсай	өзен	р.	Шу ауд.
Ақкөл	Акколь	өзен	р.	Шу, Қордай ауд.
Тереңсай	Теренсай	өзен	р.	Шу ауд.
Отызүй	Отызуй	өзен	р.	Шу ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулақ	өзен	р.	Шу ауд.
Аққайнар	Аққайнар	өзен	р.	Шу ауд.
Қаратаспа	Каратаспа	өзен	р.	Шу ауд.
Қызылқора	Кызылқора	өзен	р.	Шу ауд.
Бұқпан	Букпан	өзен	р.	Шу ауд.
Қарақушық	Карақушық	өзен	р.	Шу ауд.
Жаманты	Жаманты	өзен	р.	Шу ауд.
Молалы	Молалы	өзен	р.	Шу ауд.
Үшқызыл	Ушқызыл	өзен	р.	Шу ауд.
Ащыбұлақ	Ащыбулақ	өзен	р.	Шу ауд.
Қарабек	Карабек	өзен	р.	Шу ауд.
Қойбас	Койбас	өзен	р.	Шу ауд.
Дерменесай	Дерменесай	өзен	р.	Шу ауд.
Ащылысай	Ащылысай	өзен	р.	Шу ауд.
Қанжығасай	Канжығасай	өзен	р.	Шу ауд.
Құлдықсай	Кулдықсай	өзен	р.	Шу ауд.
Ақтасты	Актасты	өзен	р.	Шу ауд.
Төленді	Толенды	өзен	р.	Шу ауд.
Ақтөбе	Актобе	өзен	р.	Шу ауд.
Қарашоқы	Карашоқы	өзен	р.	Шу ауд.
Құмшық	Кумшық	өзен	р.	Шу ауд.
Көлденеңсай	Кольдененсай	өзен	р.	Шу ауд.
Қопалысай	Копалысай	өзен	р.	Шу, Қордай ауд.
Үңгірлі	Унгирли	өзен	р.	Шу ауд.
Қаратаспа	Каратаспа	өзен	р.	Шу ауд.
Қызылсай	Кызылсай	өзен	р.	Шу ауд.
Жадыра	Жадыра	өзен	р.	Шу ауд.
Шатыркөл	Шатырколь	өзен	р.	Шу ауд.
Сарықау	Сарықау	өзен	р.	Шу ауд. (Жамб. обл.); Чу обл. (Қырғ. Респ.)



Байымбеттің сайы	Байымбеттин сайы	өзен	р.	Шу ауд.
Майтас	Майтас	өзен	р.	Шу ауд.
Малбике	Малбике	өзен	р.	Шу ауд.
Жоғарғы Теректі	Жоғарғы Теректы	өзен	р.	Шу ауд.
Жайсаң	Жайсан	өзен	р.	Шу ауд.
Көктөбесай	Коктобесай	өзен	р.	Шу ауд.
Бекбай	Бекбай	өзен	р.	Шу ауд.
Ережеп	Ережеп	өзен	р.	Шу ауд.
Бұқасай	Буқасай	өзен	р.	Шу ауд.
Ысқақсай	Ыскаксай	өзен	р.	Шу ауд.
Жылысай	Жылысай	өзен	р.	Шу ауд.
Еспе	Еспе	өзен	р.	Шу, Қордай ауд.
Бұлақайрық	Булақайрық	өзен	р.	Шу ауд.
Қарабалта	Карабалта	өзен	р.	Шу ауд. (Жамб. обл.); Чу обл. (Қырғ. Респ.)
Ақсу	Ақсу	өзен	р.	Шу ауд. (Жамб. обл.); Чу обл. (Қырғ. Респ.)
Шор-Коо	Шор-Коо	өзен	р.	Шу ауд. (Жамб. обл.); Чу обл. (Қырғ. Респ.)
Жыңғылды	Жынғылды	өзен	р.	Шу, Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд-ы.
Шолак	Шолак	өзен	р.	Шу, Қордай (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд-ы.
Тесік	Тесик	өзен	р.	Шу (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд-ы.
Жалпақши	Жалпақши	өзен	р.	Шу (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд-ы.
Қартабай	Картабай	өзен	р.	Шу (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд-ы.

Ботабұрым	Ботабурым	өзен	р.	Шу, Мойынкүм (Жамб. обл.) Жамбыл (Алм. обл.) ауд-ы.
Тайманкөл	Тайманколь	өзен	р.	Шу ауд.
Шу	Шу	өзен	р.	Шу, Мойынкүм, Қордай, Сарысу (Жамб. обл.); Нарын, Ыстық көл Чу облысы (Қырғ. Респ.); Созақ (Оңт. Қаз. обл.) ауд-ы.
Бөрібай	Борибай	өзен	р.	Шу ауд.
Апаной	Апаной	көл	оз.	Шу ауд.
Сасық	Сасық	көл	оз.	Шу ауд.
Саңғылбай	Санғылбай	көл	оз.	Шу ауд.
Бескатын	Бескатын	көл	оз.	Шу ауд.
Жалғыз	Жалғыз	көл	оз.	Шу ауд.
Көлқұдық	Колькудык	көл	оз.	Шу ауд.
Қарақұдық	Каракудык	көл	оз.	Шу ауд.
Көкөзек	Кокозек	көл	оз.	Шу ауд.
Телеужанкөл	Телеужанколь	құдық	оз.	Шу ауд.
Шенгелді	Шенгельды	құдық	к.	Шу ауд.
Қосқұдық	Коскудык	құдық	к.	Шу ауд.
Жайдақ	Жайдақ	құдық	к.	Шу ауд.
Ақмерген	Акмерген	құдық	к.	Шу ауд.
Майқұдық	Майкудык	құдық	к.	Шу ауд.
Жауырболған	Жауырболған	құдық	к.	Шу ауд.
Төбеқазған	Тобеказған	құдық	к.	Шу ауд.
Молдақазған	Молдаказған	құдық	к.	Шу ауд.
Аққан	Акқан	құдық	к.	Шу ауд.
Тұрлымбет	Турлымбет	құдық	к.	Шу ауд.
Қамысты	Камысты	құдық	к.	Шу ауд.
Өрікті	Ориқты	құдық	к.	Шу ауд.
Қожабай	Кожабай	құдық	к.	Шу ауд.
Жантақты	Жантақты	құдық	к.	Шу ауд.
Бетқарақұм	Беткаракум	құдық	к.	Шу ауд.
Аққайнар	Акқайнар	құдық	к.	Шу ауд.



Алтын	Алтын	бұлақ	род.	Шу ауд.
Жылқықұдық	Жылқықудык	бұлақ	род.	Шу ауд.
Түлебайтоспа	Тулбайтоспа	бұлақ	род.	Шу ауд.
Тесік	Тесик	бұлақ	род.	Шу ауд.
Ақтасты	Актасты	бұлақ	род.	Шу ауд.
Кемпір	Кемпир	бұлақ	род.	Шу ауд.
Мұнайтпас	Мунайтпас	бұлақ	род.	Шу ауд.
Апанқұдық	Апанкудык	бұлақ	род.	Шу ауд.
Тіләш	Тилеш	бұлақ	род.	Шу ауд.
Тана	Тана	бұлақ	род.	Шу ауд.
Ақтөбеқайнар	Актобеқайнар	бұлақ	род.	Шу ауд.
Көпқұдық	Копкудык	құрғақ құдық	сух. к.	Шу ауд.
Жыңғылқұдық	Жынғылкудык	құрғақ құдық	сух. к.	Шу ауд.
Жуантөбе	Жуантобе	құрғақ құдық	сух. к.	Шу ауд.
Құмөзексай	Кумозексай	құрғақ құдық	сух. р.	Шу ауд.
Құмөзек	Кумозек	құрғақ құдық	сух. р.	Шу ауд.
Көкпекті	Кокпекты	тұзды құдық	сол. к.	Шу ауд.
Тұрғын	Тургын	тұзды құдық	сол. к.	Шу ауд.
Үшата	Ушата	арық	ар.	Шу ауд.
Масақ	Масак	арық	ар.	Шу ауд.
Майлы	Майлы	арық	ар.	Шу ауд.
Жаңа Қарабас	Жана Карабас	арық	ар.	Шу ауд.
Ақарық	Акарык	арық	ар.	Шу ауд.
Көкөзек	Кокозек	арық	ар.	Шу ауд.
Ақтөбе	Актобе	канал	кан.	Шу ауд.
Левобережный	Левобережный	канал	кан.	Шу ауд.
Бимәмбет	Бимамбет	канал	кан.	Шу ауд.
Далақайнар	Далақайнар	канал	кан.	Шу ауд.
Тайлақ	Тайлак	канал	кан.	Шу ауд.
Андреева	Андреева	канал	кан.	Шу ауд.

Қарауылтөбе	Карауылтобе	канал	кан.	Шу ауд.
Ақтоған	Актоган	канал	кан.	Шу ауд.
Бетонный	Бетонный	канал	кан.	Шу ауд.
Ақшатоған	Акшатоган	канал	кан.	Шу ауд.
Новотроицкий	Новотроицкий	канал	кан.	Шу ауд.
Красная Весна	Красная Весна	канал	кан.	Шу ауд.
Георгиевский	Георгиевский	канал	кан.	Шу ауд.
Сіргебай	Сиргебай	өзек	лощ.	Шу ауд.
Қарғалы	Каргалы	өзек	лощ.	Шу ауд.
Тасөткел	Тасоткель	бөген	вдхр.	Шу ауд.
Ақсу	Аксу	бөген	вдхр.	Шу ауд.
Көкөзек	Кокозек	тармақ	прот.	Шу ауд.
Қаракыршын	Каракыршын	тармақ	прот.	Шу ауд.



Оронимдердің қазақша атауы	Оронимдердің орысша атауы	Ороним түрлері (қазақ)	Ороним түрлері (орысша)	Аудан
Досысмайыл	Досысмайыл	тау	г.	Шу ауд.
Дегерес	Дегерес	тау	г.	Шу ауд.
Боздонғал	Боздонгал	тау	г.	Шу ауд.
Еспе	Еспе	тау	г.	Шу ауд.
Қызылсай	Кызылсай	тау	г.	Шу ауд.
Әденсу	Аденсу	тау	г.	Шу ауд.
Ақшоқы	Акшоқы	тау	г.	Шу ауд.
Көкшоқы	Кокшоқы	тау	г.	Шу ауд.
Нарқызыл	Наркызыл	тау	г.	Шу ауд.
Ақбастау	Акбастау	тау	г.	Шу ауд.
Белгібай	Бельгибай	тау	г.	Шу ауд.
Үштаспа	Уштаспа	тау	г.	Шу ауд.
Қызылшоқы	Кызылшоқы	тау	г.	Шу ауд.
Бозоба	Бозоба	тау	г.	Шу ауд.
Қаратаспа	Каратаспа	тау	г.	Шу ауд.
Ысқақсай	Ыскаксай	тау	г.	Шу ауд.
Шатыртөбе	Шатыртөбе	тау	г.	Шу ауд.
Қызылбастау	Кызылбастау	тау	г.	Шу ауд.
Қостөбе	Костөбе	тау	г.	Шу, Қордай ауд.
Қаратау	Каратау	тау	г.	Шу ауд.
Сынтас	Сынтас	төбешік	буг.	Шу ауд.
Киелі Қаратау	Киели Каратау	таулар	горы	Шу ауд.
Сұнқар	Сункар	таулар	горы	Шу ауд.
Жыңғылды	Жынгылды	таулар	горы	Шу ауд.
Тесік	Тесик	таулар	горы	Шу ауд.
Дермене	Дермене	таулар	горы	Шу ауд.
Шоқпар	Шокпар	таулар	горы	Шу ауд.

Көкбастау	Кокбастау	таулар	горы	Шу ауд.
Бекбау	Бекбау	таулар	горы	Шу ауд.
Аламан	Аламан	таулар	горы	Шу ауд.
Әулиеқора	Аулиеқора	таулар	горы	Шу ауд.
Қыстау Тауыпалды	Кыстау Тауыпалды	жырасай	лог	Шу ауд.
Әшімбай	Ашимбай	жырасай	лог	Шу ауд.
Үштөбе	Уштобе	жырасай	лог	Шу ауд.
Шөлқора	Шольқора	жырасай	лог	Шу ауд.
Құршансай	Куршансай	жырасай	лог	Шу ауд.
Сарыбұлақ	Сарыбулак	таулар	горы	Шу ауд.
Шұбыр	Шубыр	таулар	горы	Шу ауд.



ШУ АУДАНЫ

(Шу) – Жамбыл облысының оңтүстік-шығысында орналасқан әкімшілік бөлік. 1931 жылы құрылған. Мойынқұм, Қордай, Меркі, Рысқұлов аудандарымен және Қырғызстан Республикасымен шекаралас жатыр. Жер аумағы 12, 0 мың км². Халқы 95 093 адам. Аудан аумағындағы 35 елді мекен 1 қалалық әкімдікке, 1 кенттік және 17 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орталығы – Төле би ауылы.

Тарихсыз ел болмайды. Ал, Шу жерінің тарихына зер салсақ ол ертеден басталатынын тарихшы ғалымдарымыз айтуда. Алайда осы өңірдің тарихы толық зерттеліп біткен жоқ. Шу өңірінің тарихы толық зерттеліп біткен жоқ. Шу өңірінің тарихы 4-5 мың жылдан асатынын көрсетеді. Шұрайлы Шу жері туралы Шу өзенінің жиегіне табан тірегенде Асан Қайғы баба:

Мына шіркіннің екі жағы борбас екен, баланың іші қуырылмайтұғын, пышағы қыннан суырылмайтын, еркегі ат болатұғын, ұрғашысы хат болатұғын жер екен, – депті.

Аудан аумағындағы Түрік қағанатының өркениеті мен мәдениетінің орталығы болған – Баласағұн қаласында жүз мыңдаған халық тұрған деген дерек бар. Осы қалада өмір сүрген ғұлама ғалым Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн әлемге әйгілі «Құтты білік» шығармасын жазған.

Баласағұн ғана емес, мәдениеті, өркениеті гүлденіп дамыған Отырар, Тараз, Баб Ата, Иассы, Сауран, Құлан, Меркі, т.б. қалалардың да қасіретті де қатыгез бүлікшілікке ұшырағаны тарихи ащы шындық.

Тарих доңғалағы бір орында тұрып қалмайды. Әрдайым алға жылжып отырады. Осындай аумалы-төкпелі, аласапыран кезеңдердің бірінде Керей мен Жәнібек сұлтандар тоз-тозы шыққан халықты ұйымдастырып, 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келіп, Қазақ хандығының іргетасын қалап, көп ұзамай Хантауының Сұңқар шыңына ту тігіліп, 1458 жылы көктемде Керейді ақ киізбен көтеріп, хан етіп сайлады.

XVII ғасырдың 20-жылдарына дейін Шу елі – өзенінің сол жағындағы қазіргі Жидебай, Төле би, Еңбек, Мойынқұм ауылдары негізіндегі байырғы тұрғындары Аша болысы билік етіп, Сырдария губерниясының Әулие-Ата уезіне бағынды.

Шу

(Шу) – қала, темір жол стансасы, Шу қаласы, аудан орталығы – Төле би ауылынан оңтүстікке қарай 8 км, облыс орталығы – Тараз қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 225 км жерде, Шу өзенінің сол жағын ала орналасқан. Іргесі 1928 ж. Түркістан-Сібір темір жол салуға байланысты қаланды. 1937 ж. дейін ауыл, 1937 жылдан кент болды. Шу қаласы Мойынты-Шу темір жолы қосылғаннан кейін шұғыл дами бастады. 1960

жылдан аудандық, 1965 жылдан облыстық бағыныстағы қала. Қалада 1997 ж. дейін жөндеу-механика, темір-бетон, қант, сүт зауыттары, автокөлік және құрылыс орындары, баспахана, ауыл шаруашылығы техникасының бірлестіктері болды. Қазір олардың басым көпшілігінің атауы мен құзырлары өзгеріп, экономиканың әр түрлі бағытындағы кәсіпорындар мен мекемелерге айналды. Ірілері: Шу тепловоз жөндеу зауыты, Шу механикалық жөндеу зауыты, «Шу астық тарату базасы» АҚ, «Шатыркөл» мыс кен орны АҚ, «Қызыл бидай» АҚ, «Шу астық қабылдау қоймасы» АҚ, «Шу авто-көлік кәсіпорны» АҚ, «Шу жолаушы автокөлік кәсіпорны» АҚ, «Қазақ зағиптар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС, т.б. кәсіпорындар мен мекемелер жұмыс істейді. Мәдени-ағарту орындарынан 10 жалпы білім беретін, 1 кәсіптік мектеп, 2 колледж, 6 кітапхана, 1 мәдениет үйі, 2 стадион, мешіттер, т.б. мекемелер бар. Денсаулық сақтау орындарынан 1 орталық қалалық аурухана, аумақтық емхана, тубдиспансер, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, фельдшер-акушерлік пункт және тіс емханасы ел денсаулығына қызмет етеді.

Шу өңірі тарихи-археологиялық мұралар мен ескерткіштерге бай. Біздің заманымыздың басындағы қорғандар мен зираттар тобы, ортағасырлық Қорғаншы, Ақсутөбе, Қосқұдық, Сарғау, Тастұмсық сияқты ежелгі қалалар орны, Шатыркөл және Үңгірлі мыс кен орындары, төменгі Теректі жартастарындағы бейнелер, Тастұмсық, Қарауыл төбесі, Қасымбек, Қырықкүй, т.б. археологиялық және мәдени кешендер мен ескерткіштер көптеп кездеседі. Батысын Мойынқұм алқабының құмды-қырқалы төбелері, шығысын Кіндіктас сілемінің батыс бөлігі, орталық және солтүстік бөлігін Шу-Іле тауларының Айтау, Хантау, Аңырақай таулары, қиыр солтүстігін Жусандала үстірті даласы алып жатыр. Жер қойнауынан мыс рудалары (Шатыркөл кен орны) мен құрылыс материалдары барланған.

Ақсу

(Ақсу) – а. о. Шу ауданы.

(Ақсу) – а. Шу ауданы.

Бұл тектес атаулар республикамыздың бірнеше облыстарында кездеседі. Атаудың бірінші сыңарындағы *ақ* сөзі ағу етістігінің *ақ* деген бұйрық рай түрі. Ақсу «ағынды су» деген мағынаға ие болумен қатар судың тау басынан төмен қарай ағумен орай судың ақ боз ала боп аққан түсіне де байланысты екені байқалады. Қ. С. Э., 1-том, 217-бет, 1973.

Ақтасты

(Ақтасты) – а. Шу ауданы,

(Ақтасты) – а. Жуалы ауданы.

Ақ (сын есім) + тасты (туынды сын есім) сөздерінен бірігуінен жасалған атау. Мағынасы «бұл маңда ақ тастың көп екенін» білдіреді.



Ақтөбе

(Ақтөбе) – а. Шу ауданы,
 (Ақтөбе) – а. Байзақ ауданы,
 (Ақтөбе) – а. о. Жуалы ауданы,
 (Ақтөбе) – а. Жуалы ауданы,
 (Ақтөбе) – а. Талас ауданы,
 (Ақтөбе) – а. о. Шу ауданы,

Ақ (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «төбе тасының немесе топырағының ағарып жататын көрінісін» білдіреді.

Жамбыл облысының Шу ауданындағы поселке, «Ақтөбе» колхозының орталығы. Аудан орталығы Төле би а-сының солтүстігіне 25 км. жақын т. ж. ст-сы – Шу (45 км). Шаруашылығының басты салалары қой өсіру, қант қызылшасын егу. Халқы 2, 5 мыңдай (1970). Ақтөбеде орта мектеп, клуб, кітапхана, дәрігерлік пункт бар.

Алға

(Алға) – а. о. Шу ауданы,
 (Алға) – а. Шу ауданы.

Алға (үстеу) сөзінен жасалған атау. Мағынасы: «ілгері бас, жігерлене еңбек ет» дегенді білдіреді.

(Алға) – а. о. Қордай ауданы.

Алға ауылдық округы ауыл тұрғындарының ұсынысына орай 1993 жылы 1 қазанда №111 облыс әкімінің шешімімен *Ногайбай* ауылдық округы болып өзгерген. Мағынасы жоғарыдай айтылғандай.

Балуан Шолақ

(Балуан Шолақ) – а. о. Шу ауданы,
 (Балуан Шолақ) – а. Шу ауданы.

Қазақтың атақты балуаны, композиторы, ақыны Балуан Шолақтың құрметіне қойылған.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы – (1864-1916) қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпазы, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны. Оның есімін де халық балуандық өнеріне сүйсінген халық еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған. Әйтпесе оның азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет. Шыққан тегі – Ұлы жүздің Дулат тайпасының сәмбет руынан. Бірақ аталары ерте кезде Сарыарқаға қоныс аударғандықтан, оның бар өмірі Көкшетау өңірінде, атығай, қарауыл руларының арасында өткен.

Балуанның әкесі Баймырза танымал ағаш шебері, ал шешесі Қалампыр қарулы кісі болған. «Алып анадан» деген ғой. Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күштің иесі болған. Ол шығарған «Көкшетау», «Желдірме», «Декілдек», «Қос перне», «Құлан кісінес», «Ғалия» әндері Арқа өңіріне кеңінен тарап, көпшіліктің сүйіп тындар әніне айналады.

Сан өнерімен халқын риза етіп, Сарыарқасын сазды әуенімен тербеткен, заманының айтушы сал-серісінің бірі болған Балуан Шолақ Баймырзаұлы 1916 жылы өзі туып өскен Өзектісайда қайтыс болады.

Бәйдібек

(Байдибек) – а. Шу ауданы.

Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Үкіметінің Мемлекеттік ономастика комиссиясының 05.09.1997 ж. ұйғарымымен *Киров ауылының* аты өзгертіліп, атақты би, батыр Қарашаұлы Бәйдібектің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында *Бәйдібек ауылы* болып аталды.

Қарашаұлы Бәйдібек (VI ғ.) – Жетісу алабындағы көшпелі тайпалар көсемі. Ақыл-парасатымен, ерлік істерімен елге ұйытқы болған тарихи тұлға, Ұлы жүздің үйсін бірлестігінің құрамындағы Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты тайпалары Бәйдібекті өздерінің түп атасы деп біледі.

Бәйдібек үш некелі болыпты. Бірінші әйелі – сары бәйбішеден Байтоқты есімді бала туып, одан Түргеш (сарыүйсін) өрбіген. Екінші әйелі Зеріптен Жалмамбет туады. Одан – Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбіген. Үшінші әйелі – ісі қазаққа мәшһүр болған әулие Домалақ ана. Бұл кісінің нағыз есімі Нұрила. Домалақ анадан Тілеуберді туады. Тілеуберді ел аузында Жарықшақ (Жарықбас) атанып кеткен. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат өрбиді.

Бұл аталардың бәрі де іргелі ру-тайпаларға ұласып, қазақ халқының ел болып ұйысуына тікелей араласқан.

Бәйдібектің сары бәйбішеден туған Байтоқтыдан басқа алты бірдей ұлы соғыста қаза тауып, Қаратаудың шығысындағы Қошқарата өзенінің бойына жерленген. Күні бүгінге дейін бұл жер «Алты сары бас» деп аталады.

Бәйдібектің өзінің сүйегі Балабөген өзенінің жағасына жерленген. Басына көрнекті кесене тұрғызылған. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысындағы бір аудан Бәйдібек есімімен аталады.

Бірлік

(Бирлик) – кент әкімі. Шу ауданы,
 (Бирлик) – а. о. Мойынқұм ауданы,
 (Бирлик) – а. Мойынқұм ауданы.

«Бірлікте, ынтымақтастықта болайық» және халықтың «Бірлік бар жерде, тірлік бар» деген мәтеліне сай мағынаны білдіреді.

Бірлікүстем

(Бирликустем) – а. о. Шу ауданы,
 (Бирликустем) – а. Шу ауданы.

Бірлік (зат есім) + үстем (мағынасына қарай контексте бірде сын есім, бірде үстеуге жататын сөз) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «біздің ұжымда бірлік үстемдік етсін» дегенді білдіреді.



Далақайнар

(Далақайнар) – а. о. Шу ауданы,

(Далақайнар) – а. Шу ауданы.

Қайнар бастаулар, тегінде, тау етектерінде, тау қойнауларында болады. Бұл атаудың далада да жер қойнауынан қайнап шығып жатқан қайнардың болуымен байланысты аталғаны байқалады.

Еңбекші

(Еңбекші) – а. Т. Рысқұлов ауданы,

(Еңбекші) – а. Шу ауданы.

Еңбекшіл, еңбек сүйгіш қалың бұқараның құрметіне қойылған атау.

Еспе

(Еспе) – а. Шу ауданы.

Республикада көптеген елді мекен аттары ретінде кездеседі. Еспе сөзі «ақпа, сусымалы, борпылдақ құм». Ақтөбе обл. Ойыл ауданда еспе деп «Майық құтықты» айтса, Орталық Қазақстанда еспе деп «Көктемде тасығанда арнасын қатты орып, жайылып кететін дала өзенін» айтады. Сондай-ақ «Еспе құм» деген атау да кездеседі.

Еспе – көптеген елді мекен аттары. *Еспе* көбіне құмдауыт немесе сор топырақты аудандарға тән атаулар. Жалпы еспе сөзі (сын) «ақпа, сусымалы, борпылдақ мәндеріндегі құмның, қардың (кейде құбылмалы желдің) сипатын көрсетеді. Еспе атауы қаз. *есту* етістігінен – «ес» етістігінің қимыл тұлғасы. «Еспе құмның суы жарқын». Түркі халықтары тілдерінде бұл термин ертеден бар сияқты. (Қойшыбаев. 1983., 99-бет).

Жайсан

(Жайсан) – а. Шу ауданы.

Сын есімнен жасалған атау. Мағынасы: «жақсы, құтты (жер)» дегенді білдіреді.

Жиенбет

(Жиенбет) – а. Шу ауданы.

Халық ақыны Жиенбеттің құрметіне қойылған ауыл аты.

Көктөбе

(Көктөбе) – а. Қордай ауданы,

(Көктөбе) – а. Шу ауданы.

Көк (сын есім) + төбе (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: төбенің тасы, өсімдік көк немесе «биік төбе» екенін білдіреді.

Қонаев ауылы

(Қонаев ауылы акими) – а. о. Шу ауданы.

(Қонаев) – а. Шу ауданы.

ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 14. 07. 2000 ж. Ұйғарымен Ленин ауылының аты өзгертіліп, ірі мемлекет қайраткері, үш мәртебе Социалистік Еңбек Ері, қазақ халқының даңқты перзенті Д.А. Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Д.А. Қонаев ауылы болып аталды.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912-1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО, шет ел ордендері мен медальдарының иегері. Верный (Қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Қазақстан өлкелік комсомол комитеті оны Москваның Түсті металлургия институтына оқуға жібереді. Институтын бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Д. Қонаев Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болып істейді. 1942-1952 ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етті. 1955-1960 және 1962-1964 ж. Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы, 1960-1962 және 1964-1984 ж. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. 1956 ж. бастап СОКП Орталық комитетінің мүшесі. Партияның XXIII съезінде ол СОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшесіне кандидат, ал XXIV съезінде мүше болып сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президумының мүшесі болды. 1993 ж. тамыздың 22-сінде 8-жасқа қараған шағында дүние салды.

Құлақшын

(Құлақшын) – а. Шу ауданы.

Қысты күні киетін жылы бас киім құлақшынға байланысты қойылса керек.

Құмөзек

(Қумөзек) – а. Мойынқұм ауданы.

(Қумөзек) – а. Шу ауданы.

Бұл атаудың мағынасы: «Жағалауы не болмаса табаны майда құм, қайраң болып келгендіктен аталса керек».

Сауытбек

(Сауытбек) – а. Шу ауданы.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 19.03.1992 ж. №1265-ХІІ қаулысы бойынша Жаңа тұрмыс ауылының аты өзгертіліп, белгілі ақын Сауытбек есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Сауытбек ауылы болып аталды.



Жаңажол

(Жаңажол) – Шу ауданындағы ауыл.

Ескішу ауылдық әкімшілік округіне қарайды. Аудан орталығы – Төле би ауылынан оңтүстікке қарай 25 км жерде, Шу өз. аңғарының бетеге, жусан, селеу, сексеуіл шоқтары өскен сұр топырақты қуаң агро-климатты белдемінде орналасқан. Іргесі 1974 ж. «Жаңа жол» қызылша өсіретін кеншарының орталығы ретінде қаланған. Оның негізінде 1997 жылдан бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді. Орта мектеп, дәрігерлік амбулатория бар.

Көкқайнар

(Кокқайнар) – Шу ауданындағы ауыл.

Көкқайнар ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Төле би кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 47 км жерде, Шу өзенінің Тасөткел бөгеніне құяр тұсында, бұта аралас әр түрлі шөптесін өскен шөлді белдемінде орналасқан. Тұрғыны 4, 3 мың адам. Іргесі 1950 ж. Жданов атындағы қой шаруашылығымен айналысатын ұжымшардың негізінде қаланған. Көкқайнарда екі орта мектеп, клуб, кітапхана, музей, дүкен, фельдшер-акушерлік пункт, дүкен және т.б. мекемелер бар.

Көктөбе

(Коктобе) – Шу ауданындағы ауыл, Жаңақоға ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Төле би ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауында, бетеге, боз, жусан, бұта аралас шалғынды сұр, сортаңды сұр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Іргесі 1970 ж. Жамбыл атындағы қызыл мия өсіру кеңшары ретінде қаланған. Оның негізінде 1997 жылдан Көктөбеде 123 шаруа қожалығы, 1 өндірістік кооператив ұйымдасты. Ауылда 2 орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Мойынкүм

(Мойынкүм) – Шу ауданындағы ауыл.

Қорағаты ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Төле би ауылынан солтүстік-батысқа қарай 15 км жерде, Шу өзенінің сол аңғарында, бұта аралас сирек тоғай өскен шалғынды, сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2, 0 мың адам. 1965-1997 жылдары қызылша өсіретін «Дружба» кеңшарының орталығы болып келді. Оның негізінде Мойынкүмда 1997 жылдан шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Оразалы батыр ауылы

(Оразалы батыр) – Шу ауданындағы ауыл, Ақсу ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы Төле би ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 63 км жерде, Шу өзенінің сол аңғарындағы бұта аралас сирек тоғай

өскен шалғынды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 1 мың адам. Ауыл 1950-1997 ж. Жданов атындағы қой өсіретін ұжымшардың бөлімшесі болып келді. Оның негізінде Оразалы батыр ауылында шаруа қожалықтары құрылды. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар.

Шокпар

(Шокпар) – Шу ауданындағы ауыл, темір жол стансасы, ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы Төле би ауылынан шығысқа қарай 63 км жерде, Қона өзенінің жағалауында, сұр жусан, баялыш, күйреуік, т.б. эфемерлі өсімдіктер өскен сұр, шалғынды сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1, 3 мың адамнан аса. Ауыл 1954-1997 ж. қой өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылдан Шокпарда ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана бар.

Ескішу

(Ескишу) – а. о. Шу ауданы. Ескі (сын есім) + шу (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Атаудың бірінші сыңары ескі – «көне», «бұрынғы», екінші сыңары Шу (өзен аты) көне түркі тілдерінде «су, өзен» деген мағынаны білдірген. Сонымен елді мекен аты Шу өзенінің атынан қойылған.

Зверохозяйство

(Зверохозяйство) – е. м., Шу ауданы. Орысша зверь (аң) – хозяйство (шаруашылық) деген сөздердің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «аң шаруашылығымен шұғылданатын бірлестік» дегенді білдіреді.

Белбасар

(Белбасар) – е. м. Шу ауданы. Бел (зат есім) + басар (етістіктің есімше тұлғасы). Бұның топонимдік мәні «белді, кезенді өтер жерде. Осы жерде ауыл қоныстанған» дегенді білдіруі мүмкін.

Алаайғыр

(Алаайғыр) – е. м., Шу ауданы. Бұл атаудың мағынасын «ұлы айрық» деп түсіндіру бар (Қойшыбаев, 1985, 40). Бірақ республиканың басқа облыстарында Торыайғыр, Құлаайғыр деген жер, тау аттары бар. Соған қарағанда бұл атаулар осы түстес жылқыларға байланысты бір оқиғаға қойылуы мүмкін.

Жиделі стансасы

(Жидели) – Шу ауданындағы Жалғызжиде деген жерге жақын Жиделі стансасы бар. Бұл өткен ғасырдың 50-жылдары Мойынты-Шу темір жол құрылысы кезінде пайда болған станса, Шудан 35 шақырым жерде



орналасқан. Жиделіден оңтүстік-батыста Қарабарақ деген ойпатты жерге орналасқан. Қарабарақтың сабағы сексеуілге ұқсас. Кей кездері белуарға дейіп өседі. Қарабарақ кетпенмен шауып, көлікпен жеткізсең, өте қызуы мол отын. Ата-бабамыз жаққан отынды қазіргі ұрпақтың ішінде аға буын өкілдері пайдаланған екен. Шу ауданының аумағында қарабарақ көп өсетін жер болғандықтан Жамбыл облысының картасында да Қарабарақ деп көрсетілген.

Қорғаншы

(Қорғаншы) – көне қала орны. «Шу ауданында Төле би ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км қашықтықта орналасқан. Алғаш 1941 жылы Жамбыл археологиялық пунктінің экспедициясы (жетекші Г.И. Пацевич) зерттеу жұмысын жүргізген. Қорғаншының орнының аумағы төртбұрышты (80x130 м) болып келген, топырақ үйінділерімен айналдырыла қоршалған. Қоршаудың биіктігі 3-4 м, ені 12-15 м. Оның бойында 5 мұнараның орны сақталып қалған. Мұнараның диаметрі 20 м болған. Қорғаншының территориясында 3 су қоймасы болған. Бірінші және екінші су қоймасының тереңдігі 3 м, үшінші су қоймасының тереңдігі 20 м. Қорғаншы 10-12 ғасырларда гүлденіп, ірі сауда орталығы қызметін атқарған.

Навакет

(Навакет) – Шу өңіріндегі ерте ортағасырлық қала. Навакет туралы алғашқы мәлімет VII-VIII ғасырлардағы қытай және соғды жазбаларында кездеседі. Ол жазбаларда Навакетте батыс түрік қағанаты билеушісінің ордасы болғандығы жайлы айтылады. Парсы географтарының шығармаларында Навакетті түрік қағанының Ялан-шаһ лауазымын иемденген ағасы басқарғаны жөнінде және қаланың 20 мыңға жуық әскер шығара алатыны жайлы мәліметтер келтіреді. X ғасырларда жазылған «Худуд әл-Әламә» атты географиялық шығармаларда Навакет Урун-Арадж деген таудың маңында орналасқаны, бірақ оның қирап, қарақшылар тұрағына айналғаны туралы айтылады. Навакет қаласының орналасқан орны жайлы әлі күнге ғалымдар арасында нақтылы пікір жоқ. Дегенмен кейбір зерттеушілер Бішкек қаласынан шығысқа қарай 40 км қашықтықтағы Красноречка деп аталатын көне қала орнында Навакет болған деген пікір білдіреді.

Сарғау

(Сарғау) – көне қала орны. Шу ауданының Оразалы батыр ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км қашықтықта орналасқан. 1986 жылы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық отряды (жетекшісі М. Елеуов) ашып, алғаш зерттеу жұмысын жүргізген. Қазіргі орны төрткүл түріндегі бұрыштары әлемнің төрт бұрышына қараған, көлемі 35x45 м тікбұрышты келген төбешік. Оның айналасында ені 6-7 м, биіктігі 1 м шамасында мұнара қалдықтары бар үйінді жал

орналасқан. Жинастырылған материалдар: сырланбаған құм, құмыра, көзе, тостаған, т.б. Зерттеу жұмыстары кезінде табылған заттар қалашық X-XII ғасырларда көркейгендігін айғақтайды. Оны мекендеген халық егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан.

Тастұмсық

(Тастұмсық) – көне қала орны. Шу ауданы Бәйдібек ауылынан оңтүстікке қарай 11 км қашықтықта, Тастұмсық қаласының орны.

Тасөткел су қоймасының оң жағалауында орналасқан. X - XII ғасырларда гүлденген қала ретінде танылған Тастұмсықтың қазіргі көрінісі биіктігі 1, 7-2 м болатын төбе тәріздес. 1980 ж. ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі М. Елеуов) зерттеу барысында қамал қабырғасына, бірнеше ғимарат орнына қазба жұмыстарын жасады. Қазба барысында керамикалық ыдыстар табылды.

Шолтөбе

(Шолтөбе) – ерте ортағасырлық қоныс орны. Байзақ ауданы Ақшолок стансасының солтүстік-шығыс жағынан 12 км жерде, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. 1963-1967 ж. Жетісу археологиялық экспедициясының отряды (жетек. М.С. Мерциев) тауып, қазба жұмыстарын жүргізген. Қоныстың аум. 80x100 м., биікт. 3 м. Қазба жұмыстары кезінде керамикадан жасалған бұйымдар көптеп табылған. Бұл жерден табылған дән үккіштер, тарының қалдықтары, шикі кірпіштер құрамындағы сабандар қонысты мекендегендердің шаруашылығында жер өңдеудің маңызды рөл атқарғандығын куәландырса, ал тастан және қыштан жасалған ұршық бастары тоқымашылық кәсібінің, қолдан жапсырылып жасалған қыш ыдыстарының көптігі қыш-құмыра өндірісінің дамығанын көрсетеді. Олардың жасалған мерзімі V-VIII ғасырларға сәйкес келеді.

Тарылған

(Тарылған) – өзен.

Шу алабында, Меркі, Шу аудандары жерімен ағады. Ұз. 42 км, су жиналатын алабы 185 км². Кіндіктас тауының оңтүстік-батыс беткейінен бастау алып, Шу өзеніне 10 км жетпей тартылып қалады. Жағасының бойы жарлы келген. Қар, жерасты суымен толығады. Көктемде деңгейі көтеріліп тасиды. Жаз айларында қарасуларға бөлініп қалады. Жағалауы шабындық, суаруға пайдаланылады.

Тасөткел бөгені

(Тасөткел) – Шу ауданының жерінде, Ақсу өзенінің Шуға құйылатын тұсында орналасқан. 1963 ж. іске қосылған. 1974 ж. қайта жөнделді. Ауданы 78 км², ұз. 18 км, енді жері 8,5 км, орташа тереңдігі 8,0 м, ең терең жері 31, 0 м. Шарасы толған кездегі мөлшері 620 млн м³. Су жиналатын



алабы 27 мың км². Бөген арқылы аудан шаруашылықтарының 42,1 мың га жері суарылады. Тасөткел бөгені Қазақстанның маңызды мелиорациялық құрылыстарының бірі.

Қопалысай

(Копалысай) – Шу ауданындағы құрғақ арна. Ұзындығы 90 км, су жиналатын алабы 1020 км². Қопалысай Шу-Іле жотасындағы Хантау тауының бұлақтарынан бастау алып, Аққолтық құдығының солтүстік-батысындағы (2 км жерде) құмға сіңіп тартылады. Арнада су көктемде 5 күндей ғана ағады. Өзен жағалауы жайылым.

Теректісай, Теректі

(Теректісай, Теректі) – Шу алабындағы өзен.

Шу ауданы аумағымен ағып өтеді. Ұз. 56 км. Су жиналатын алабының аумағы 651 км². Кіндіктас тауының батыс беткейінен басталып, Далақайнар ауылының солтүстік-шығысында 2,8 км жерде тартылып қалады. Аңғарының ені 500-800 м. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Наурыз-сәуірде су деңгейі көтеріліп, кейде тасиды. Орташа жылдық су ағымы 0,17 м³/сек. Шаруашылыққа пайдалы.

Ойранды

(Ойранды) – Қорағаты алабындағы өзен. Қырғыз Алатауының солтүстік сілемдерінен бастау алып, Меркі, Шу аудандары аумағымен ағып, Қорағаты өзеніне оң жағынан құяды. Ұз. 100 км, су жиналатын алабы 640 км². Қар, мұздық, жаңбыр суымен толығады. Көктем айларында тасиды.

Үңгірлі

(Унгирли) – Шу алабындағы өзен.

Шу ауданы жерімен ағады. Ұз. 71 км, су жиналатын алабы 278 км². Кіндіктас жотасының батыс беткейіндегі бұлақтан басталып, Қонақбай ауылы тұсында тартылып қалады. Аңғары астау тәрізді, беткейі тік, арнасы тік жарлы, жайылмасы оң жаңалауында 50-100 м. Жауын-шашын суымен толығады. Орташа жылдық су өтімі 0,2 м³/с. Суы шаруашылық қажетіне пайдаланылады.

Шатыркөл

(Шатыркөл) – Шу алабындағы өзен. Шу ауданы жерімен ағады. Ұз. 57 км, су жиналатын алабы 233 км². Кіндіктас тауының батыс беткейіндегі бұлақтан басталып, Бірлік кентіне жетпей тартылып қалады. Аңғары астау тәрізді, беткейлері тік, арнасы бұралаң. Қар суымен, аздап жерасты суымен толығады. Наурыз-сәуір айларында суы мол, жазда иірімдерге бөлініп қалады. Сағасында жылдық орташа су ағымы 0,05 м³/с.

Ырғайты

(Ырғайты) – Шу алабындағы өзен. Қордай ауданы жерімен ағып өтеді. Ұз. 58 км, әрқайсысының ұзындығы 10-20 км болатын 41 жылға келіп құяды. Олардың жалпы ұзындығы 60 км-ге жуық. Ырғайты өзені Жетіжал жотасынан басталады. Қар, жауын-шашын, жерасты суымен толығады. Жоғарғы ағысындағы аңғары тар, жартасты. Ақтерек ауылы тұсында өзен суын шаруашылықтар егін суаруға бөліп әкетеді.

Тесік

(Тесік) – Жамбыл облысының Шу ауданындағы өзен. Іле алабында ұзындығы 83 км, су жиналатын алқабы 533 км². Айтау жотасындағы бұлақтан басталады, Қорғанқұмға жетпей тартылып қалады. Аңғары таулы, шоқылы өңірмен өтеді. Ені 150-200 м. Қар суымен қоректенеді. Жылдық орташа су шығыны 0,03 м³/сек.

Шу

(Шу) – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км (Қазақстан аумағында 800 км), су жиналатын алабы 148000 км² (Қазақстан аумағында 62500 км²). Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері (Қазақстанда): Қорағаты, Меркі, Қарабалта, Ақсу, т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Шу Жоғары Ортотоқой және төменгі Ортотоқой шатқалдарын қалыптастырған. Соңғысының тұсында Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады. Шу мен Ыстықкөлдің суайрығы айқын емес. XX ғасырдың 50-жылдарында Шу суының бір бөлігі су тасу кезінде Көтемалды тармағы арқылы Ыстықкөлге құйылған. Қазіргі кезде көлмен байланысы жоқ. Қазаншұңқырдан шыға бере тағы да бірнеше тар шатқалдар арқылы өтетін аңғары Боом шатқалынан кейін біртіндеп кеңейеді, сағалық аңғары айқын байқалмайды. Қорағаты өзенінен кейінгі саласыз аумағында Шу Мойынқұм құмды алқабына шығады. Одан әрі бірнеше тармақтарға бөлініп, тартыла бастайды. Суы мол кезеңдерде Қаратаудың солтүстік сілемдері етегі мен Бетпақдаланың аралығындағы Ащысу ойысының көлдеріне жетеді. Арнасының ені орта ағысында 50–100 м, төменгі ағысында 40–60 м. Ертеде суы Сырдарияға құйған. Қар, жаңбыр, жерасты суларымен толығады. Қазақстан жерінде Тасөткел бөгені бар. Бойында егін суару мақсатында Шығыс және Батыс Үлкен Шу, Шу каналы, Сортөбе, Георгиевка, Атбашы, т.б. каналдар, шағын СЭС салынған. Жылдық ағынының 14,8%-ы көктемде, 58,3%-ы жаз-күз айларында, 26,9%-ы қыста байқалады. Шілде-тамыз айларында тасып, желтоқсан-наурызда қатады. Ағыны реттелетіндіктен су режимі табиғи қалпынан өзгеріп кеткен. Көпжылдық орташа су ағымы Амангелді ауылы тұсында 77 м³/с. Алабындағы 60 мың га-дан астам егістікті суаруға Шу өзен суының 55%-ы пайдаланылады.



Шу аңғары

(Шу) – Шу өзені бойындағы аңғар Боам шатқалының оңт. шығ. Мойынқұмға дейін созылып жатыр. Шу аңғары Қырғызстанның солтүстігінде орналасқан. Бұл аймақтың құрамына аңғардың оңтүстігін көмкеріп жатқан Сусамыр аңғары келіп тірелетін Қырғыз қыраты, сондай-ақ Шу өзенінің оң саласы Шоңкемін өзенінің аңғары кіреді. Шу өзені Шу аңғары аймағының солтүстіктегі табиғи шекарасын құрайды. Сонымен бірге бұл Қырғызстан мен Қазақстанның арасындағы шекара болып есептеледі. Шу аңғарының ландшафтылары бай әрі сан алуан. Аймақ кен байлықтарына бай емес. Полиметалл кендері, құрылыс материалдарының кен орындарымен ерекшеленеді. Негізінде, Шолпан ата шипажайы пайдаланатын ыстық қайнарлар және минералды бұлақтар бар. Шу аңғары республикадағы неғұрлым қолайлы көліктік-географиялық орынға ие, оның аумағы арқылы маңызды көліктік магистральдар Құланның (Қазақстан) Бішкекке одан әрі Балықшыға дейін темір жол және Тянь-Шань мен оңтүстік-батыс Қырғызстанның ішкі аудандарына дейін тармақталатын Ташкент-Бішкек-Алматы автожолының телімі өтеді.

Шу каналы

(Шу) – Жамбыл облысындағы шаруашылық жайылымдарды суландыруға және егін суаруға арналған канал. Шу өзені бойындағы Қазықты бөгенінен басталады, Мойынқұм, Бетпақдала өңіріне тартылған. Жалпы ұзындығы 82 км, канал ені 5-15 км, тереңдігі 36 м, орташа су шығыны 8 м³/сек, ең көбі 14 м³/сек, 4140 га жерді суарады, 200 мың га жерді суландырады.

Құрғақшолақ

(Құрғақшолақ) – Майжеген, Ақтасты – Шу (Жамбыл облысы) және Балқаш (Алматы) аудандары жерімен ағатын өзен. Ұзындығы 83 км, су жиналатын алабы 457 км². Құрғақшолақ Шу-Іле жотасындағы Алатау бұлақтарынан басталып, Серәлі бейітінің солтүстігінде 7 км жерде тартылып қалады. Өзен, қар, жаңбыр, жерасты суымен толығады. Арнасында көктемде ғана ағын болады. Алабы жайылым ретінде пайдаланылады.

Қайып-Қаратал

(Қайып-Қаратал) – Жамбыл облысындағы Шу-Талас алабындағы өзен. Ұзындығы 105 км, су жиналатын алқабы 2620 км². Өзеннің гидрологиялық элементтері зерттелмеген.

Қорағаты

(Қорағаты) – Жамбыл облысының Луговой, Меркі, Шу аудандарының жері арқылы ағатын өзен. Ұзындығы 172 км, су жиналатын алқабы 5840 км². Қорағаты Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен басталып, Кеңес ауылының тұсында Шу өзеніне құяды. Аңғары жоғарғы ағысында тар, шатқалды, жарлы келеді, төменгі жағында кең. Жауын-шашын,

мұздық суымен қоректенеді. Жылдық орташа су шығыны құяр сағасында 3,63 м/сек. Суын егін шаруашылығында пайдаланылады.

Шу-Іле таулары

(Шу-Іле) – Шу өзені мен Тауқұм аралығында қалыптасқан құрылым.

Іле Алатауы жотасының солтүстік-батыс сілемі, Шу және Күрті өзендері (аралығындағы тау бөктеріндегі өңірде, оңтүстік-і Қона жазығына (ойысына) тіреледі. Ұз. солтүстік-батыс бағытта 180 км, ені 60 км-дей, ең биік жері Айтау жүйесіндегі Аңырақай тауы (1183 м). Ш. -і. т. ертедегі тау жүйесінің, су, жел, т.б. табиғат әсерінен бұзылуынан, мүжілуінен, аласа тау, жеке шоқыларға айналған қыратты өңір. Аласа таулар көбіне бір-біріне жақын бір өңірді алып жатады, не таулы қырқаға айналады. Түленқара, Құлжабасы, Аңырақай, Алайғыр, Сұңқар таулары осындай таулы қырқалар. Аласа таулар мен таулы қырқалардан басқа төбесі күмбезделіп келген, биіктігі біркелкі шоқылар өте көп кездеседі. Бұл таулар мен шоқылар аралығын жазық, кең дала алып жатыр. Ш-і. т. өңірінің қысы суық, жазы ыстық, жылдық жауын-шашын мөлш. 200-400 мм. Қырат беткейлерінен басталатын Ащысу, Қоналысай, Тесік, Қақпақтас, т.б. кішкене өзендерде су көктемде қысқа мерзімде ғана болады да, кейін тартылып, арнасы құрғақ сай, тасты шатқалға айналады. Бұл құрғақ шөл аймақта шалғын шөп, көктемде сай-сала, жыра, ойпат жерлерде, тау бөктерінде шөлге төзімді жусан, бетеге, қараған, т.б. өсімдіктер өседі. Шөл, шөлейт жануарлары мекендейді.

Қырғыз Алатауы, Қырғыз жотасы

(Қырғыз Алатауы) – Қырғызстандағы таулы жота. Батыс бөлігі (Қазақстан жерінде). Ұзындығы 375 км. Батысында Жамбыл қаласы атырабынан басталып, шығысында Шу өзенінің аңғарындағы Боам шатқалына тіреледі. Жотаның биік жері шығысындағы Батыс Аламедин шыңы (4875 м). Қырғыз Алатауы метаморфты жыныстардан, шөгінділерден түзілген. Солтүстік беткейі оңтүстігіне қарағанда жатық, оңтүстігі Шу аңғарына ұласады. Беткейлерінде 2500 м биіктікке дейін дала өсімдігі, шырша, арша, одан жоғары жағында субальпі, альпі шалғындығы өседі. 3700 м биіктіктен әрі көпжылдық қар және мұздықтар жатады. Мұздықтарының ауданы 223 км². Жамбыл облысының кейбір өзендері басын осы жотадан алады. Қырғыз Алатауының беткейлері көршілес Қазақстан мен Қырғызстан шаруашылықтарының мал жайылымы.

Жайсаң каналы

(Жайсаң) – ауыл шаруашылық жерлерін суландыру мақсатында қазылған. Алға ауылдық округінің территориясында.

Күйген каналы

(Күйген) – Жасан, Алға ауылдарының үстімен өтеді. Ұзындығы 18 шақырым. 1930-1935 жылдары ауылшаруашылық жерлерін суландыру мақсатында қолмен қазылған. Алға ауылдық округінің аумағында жатыр.



Луговой каналы

(Луговой) – ұзындығы 10 шақырым. Ауыл шаруашылық жерлерін суландыру мақсатында 1964-1965 жылдары қазылған.

Масақ-Ақтөбе каналы

(Масақ-Ақтөбе) – Қорағаты өзенінен бастау алады. Ақтөбе ауылдық округіне қарасты нысан. Ауылдағы жерлерді суландыру мақсатында қазылған. Масақ-Күнту руының бір тармағы осылай аталады. Ақтөбе – жердің аты. Жер аппақ болып ағарып жатады. Осы екеуінің қосындысынан канал аты пайда болған.

Ақсу өзені

(Ақсу) – өзеннің ұзындығы 155 шақырым. Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен бастау алып, Тасөткел су қоймасына құяды.

Бесторсық тоғаны

(Бесторсық) – Сарғау өзенінен бөлініп шығады. Бесторсық атаның балаларының жасаған тоғаны болғандықтан сол атаның атымен аталады.

Қарабалты өзені

(Қарабалты) – Қырғыз Алатауынан бастау алады. Ауылдың оңтүстік батысынан өтіп, Жетіжар деген жерде қосылады. Ақсу өзеніне құятын сала қырғыз халқының батыры Қарабалты атын иеленген.

Оразалы тоғаны

(Оразалы) – тоған Ақсу өзенінен бөлініп шыққан, ауылдың шығыс бөлігінде орналасқан. Оразалы батыр ертеректе елді ұйымдастырып, егіндік жерлерді суғару мақсатында осы тоғанды қаздырған.

Көкөзек өзені

(Кокозек) – Балуан Шолақ және Жаңа қоғам ауылдық округтерінің түйіскен жеріндегі өзекті бойлай ағып жатқан кішігірім өзен. Түбінің көк батпақ болуынан Көкөзек аталып кеткен.

Тоғызқайнар өзені

(Тоғызқайнар) – Балуан Шолақ ауылдық округінің Далақайнар бөлімшесінің аймағында. Бастауын осы жердегі Тоғызқайнардан алады. Өзен аты осыдан шыққан.

Тасөткел күре каналы

(Тасөткел күре) – Тасөткел су қоймасынан басталады. Мойынқұм, Шу аудандарының ауыл шаруашылық жерлерін суландыру мақсатында қазылған.

Алтай өзені

(Алтай) – Шоқпар ауылының маңайында. Өзен аты сиқым руының Ақылбек атасынан шыққан Алтай атты байдың атымен аталған.

Алпысбай өзені

(Алпысбай) – Үш Кербұлақ тауынан бастау алады. Сиқымның Барлыбай әулетінен шыққан Алпысбай атты кісінің есімімен аталады.

Отыз үй өзені

(Отыз үй) – Үш Кербұлақ тауының біреуінен бастау алады. Өзен бойында 30 үйден тұратын сиқым руының Бөкей атасынан тарайтын ауыл отырған. Осыдан өзен аты шыққан.

Теріскей өзені

(Теріскей) – таудың солтүстік бетінен, яғни теріскей бетімен ағып жатыр. Осыған байланысты теріс ағып жатыр деп Теріскей атаған.

Тасөткел су бөгеті

(Тасөткел) – Шу-Қордай тас жолының қиылысқан жерінде. Алғашқы құрылыс жұмыстары 1941 жылы басталып, 1942 жылы пайдалануға берілген. Плотинаның сол және оң жағалауынан магистральды каналдар салынды. Плотина 1970 жылы автоматтандырылған. Су өткізу қуаты 350 куб м/сек.

Аспара өзені

(Аспара) – Қорағаты өзенінің оң жақ саласы Қырғыз Алатауынан бастау алады. Ауыл шаруашылық жерлерін суаруға пайдаланады.

Аспара бөгені

(Аспара) – ауыл шаруашылық жерлерін суландыру мақсатында Қорағаты өзенінің бойына осы бөгенді тұрғызған.

Тәтті бөгені

(Татти) – Қорағаты өзенінің бойында, Тәтті ауылының маңындағы бөген.

Аша каналы

(Аша) – Новое бөгенінен басталады. Аша – жер аты. Екі өзеннің ортасында орналасқандықтан осылай аталады.

Кербұлақ

(Кербулак) – Шу алабындағы өзен. Шу ауданы жерімен ағады. Ұзындығы 65 км, су жиналатын алабы 780 км². Өзен Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс сілемі – Кіндіктас тауындағы



бұлақтардан бастау алып, 80-разъездің солтүстік-батысында 6, 5 км жерде сіңіп, тартылып қалады. Жоғарғы ағысындағы арнасы тар, жағасы тік. Өзен, жерасты, жауын-шашын суымен толығады. Алабы жайылымға пайдаланылады.

Тесік

(Тесик) – Іле алабындағы өзен. Шу ауданы жерімен ағып өтеді. Ұз. 83 км, су жиналатын алабының аумағы 533 км². Айтау жотасындағы бұлақтардан басталып, Қорғанқұмға (Алматы обл.) Жамбыл ауд. жерінде жетпей тартылып қалады. Аңғары таулы, шоқылы өңірмен өтеді. Ені 150-200 м. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Жылдық орташа су ағымы 0, 03 м³/с. Жазда құрғап қалады.

Ақсу

(Ақсу) – Шу өзенінің сол саласы, Қырғыз Алатауының солтүстік беткейлерінен бастау алып Тасөткел бөгеніне құяды. Ұз. 155 км, су жиналатын алабы 483 км. Алабында жалпы ұз. 70 км болатын кішігірім 5 саласы және жалпы ауданы 4, 2 км-ден астам бірнеше ұсақ көлдер бар. Мұздықтар және қар суымен толығады. Жылдық ағынның 70%-ы мамыр-шілде айларына келеді. Көп жылдық орташа су ағыны 4, 47 м/с. Суы тұщы, орташа минералдылығы 130-140 мг/л. Ақсу өзенінің суы, негізінен, егін суаруға пайдаланылады.

Тоғайтал

(Тоғайтал) – Шу өзені алабындағы өзен. Меркі ауданы жерімен ағып өтеді. Ұз. 62 км, су жиналатын алабы 302 км. Қырғыз Алатауының солтүстік беткейінен басталып, Тасөткел ауылы тұсында Қорағаты өзеніне құяды. Аңғары тар, ені 1, 5 км. Арнасы шоңғалды. Қар, жаңбыр суымен толығады. Орташа жылдық су ағымы Ойтал а. тұсында 0, 52 м/с. Ауданның шаруашылықтары егін суаруға пайдаланады.

Токтас, Токташ

(Токтас) – Шу алабындағы өзен. Меркі, Шу аудандары жерімен ағады. Өзеннің жалпы ұз. 115 км, Қазақстан аумағындағы ұз. 32 км, су жиналатын алабының аумағы 600 км². Токтас Қырғыз Алатауының мұздықтарынан бастау алады. Қырғызстанда Шоққайыңды, Қарабалта деп аталады. Төменде Тасөткел бөгеніне құяды. Жоғарғы және орта арнасы тік жарқабақты, терең шатқалдардан тұрады. Тауалды жазығына (Шу аңғарына) шыққаннан кейін аңғары кеңейеді. Қар, мұздық, жерасты суларымен толығады. Желтоқсан-ақпан айларында суы қатады. Өзен жағалауы шабындық. Суы аудан шаруашылықтарының егістігіне пайдаланылады.

Ботабөрім, Ботабұрым

(Ботаборим) – Іле алабындағы өзен. Алматы облысының Балқаш ауданы, Жамбыл облысының Шу ауданы жерлерімен ағады. Ұз. 85 км, су жиналатын

алабы 858 км². Шу-Іле тауларының Айтау сілемінің солтүстік беткейінен басталып, Іле өзені алабындағы Жалпақшидің құрғақ арнасына 10 км жетпей тартылып қалады. Өзен суы ақпан-маусым айлары аралығында молаяды. Жылдық орташа су ағыны 1 км-ге 0, 2 л/с. Өзен суы мал жайылымдарын суландыруға пайдаланылады.

Шу аңғары

(Шу) – Шу өзенінің бойында. Аңғардың қазақстандық бөлігі солтүстікке Бетпақдала, шығысында және солтүстік-шығысында Шу-Іле таулары, оңтүстігінде Мойынқұм құмды массивінің аралығын алып жатыр. Ұзындығы 200 км, ені оңтүстігінде 15 км-ге жетеді. Биіктігі 500-1200 м. Жылдық жауын-шашынның мөлшері 250-400 мм. Аңғардың жері жазық жерде жалпақ және таяз, таулы жерде жіңішке, терең болады. Шу аңғарының Қырғыз Алатауы жотасының етегінен бастап 400 км-дей жері мал қыстауға өте қолайлы және суармалы егіншілік пен мал шаруашылығын дамытуда болашағы зор. Шу аңғарының басым көпшілік жерінде қарасора өседі.

Кіндіктас

(Киндиктас) – Іле Алатауының солтүстік-батыс сілеміндегі тау.

Қопа аңғары мен Шу өзені аралығындағы суайырық. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 80 км шамасында созылып жатыр, ені 15-20 км. Абс. биіктігі 1506 м. Таудың оңтүстік-шығыс бөлігі палеозой гранитімен, солтүстік-батысы карбон және кембрий шөгінділерінен түзілген. Жусан, боз, бұта және эфемер өсімдіктерге бай. Жайылымға пайдаланылады.

Алтыайғыр

(Алтыайғыр) – Қордай ауданындағы тоған.

Алтыайғыр өзені бойында және осы өзен суымен толығады. Сыйымдылығы 1, 7 млн. м². Алтыайғыр тоғанының суымен аудан аумағындағы шаруашылықтардың егістігі мен шабындығы суарылады.

Айтау

(Айтау) – Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс сілемі. Облыстың Шу ауданы жерінде орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 150 км-ге созылған. Ендірек жері 60 км-ге жетеді. Ең биік жері – Сұңқар тауы (1052 м). Каледонгерциндік тау түзілу процесінде қалыптасқан. Негізінен, палеозойдың гнейстерінен, кристалды тақтатастан, каледондық граниттен түзілген. Солтүстік беткейі көлбеу, оңтүстігі қырқалы төбе болып келеді. Таудың саздақты бозғылт топырағында жусан бітік өседі. Кейбір тұстарында ши шоғырлары кездеседі.

Аңырақай

(Аңырақай) – Шу ауданы жеріндегі тау сілемі. Шу-Іле тауларының оңт.-шығыс бөлігіндегі тарихи жер аты. Абс. биікт. 1295 м. ұз. 75 км, ені 5 км.



Архей гнейстері мен кристалдық тақтастардан түзілген. Беткейлерінің оңт.-батысы жазық, солт. -шығысы құлама жар, қорым тасты, шыңды келеді. Қиыршық тас араласқан қоңыр топырағында жусан, бетеге, селеу, қараған, тобылғы, ал тау аңғарларында бұта аралас қау өседі. Аңырақайдағы Итішпес көлінің маңында 1729 ж. (кейбір деректерде 1730 ж.) қазақ жасақтары жоңғар басқыншыларын ойсырата жеңген.

Хантау

(Хантау) – Шу ауданында кейбір халықтық этимология негізінде айтылатын осы өңірде өсетін өсімдіктердің атымен аталатын жер атаулары мен елді мекендер бар. Хантауының сілемдерінің бірінде жалғыз жиде өсіп тұр. Ол ағашты көпшілік «Әулие ағаш» деп есептеп табынады. Ары өткен, бері өткендер тоқтап, жидеге тәу етіп, ақ шүберек байлайды.

Ел арасында бұл әулие ағаш туралы әртүрлі аңыздар сақталған. Сол ауылдың бір тракторшы азаматы айтылған аңыздарға сенбей, жидені трактормен сүйретіп құлатпақ болады. Бірақ оның бұл әрекетінен түк шықпайды. Халықтың айтуына қарағанда, ол көп ұзамай жұмбақ өліммен қайтыс болған көрінеді. Жігіттің өліміне себеп болған ағаштың «киелі» екендігі және оның бойына ұялаған белгісіз бір құпия сыр барлығы болса керек. Қазақта «жеке-дара тұрған жалғыз ағашты кеспе» деген тыйым сөз бар.

Борана

(Борана) – орта ғасырларда салынған мұнара.

Шу өңірінің оңтүстік-шығысында, Қырғыз Алатауының беткейінде Х-ХІІ ғасырларда азан шақыру үшін (кейбір деректерде керуен жолының бойындағы белгі ретінде) салынған. Бастапқы биіктігі 40-50 м. Б. туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-и Рашиди» атты еңбегінде айтылған. Шығыстанушылар Н. Ф. Петровский, В.В. Бартольд өз еңбектерінде мұнара сол жердегі ортағасырлық Борана қаласымен байланысты екендігін жазған. Ол Жетісу аймағындағы түркілердің ислам дініне өткен кезеңінде салынып, жақсы сақталған. 1970 ж. қайта қалпына келтірілген. Мұнара күйдірілген кірпіштен қаланып, бірнеше бөліктерге бөлінген, өн бойы өрнектермен безендірілген. Іргесінен бастап жоғары қарай тарылта әрі шырша тәрізді етіп өрілген. Бұл тәсіл – архитектуралық шеберліктің айғағы. Орта ғасырдан бастап жанына мешіт, медресе салынып, Жамал әл-Қарши (ХІІІ ғ.) жазғандай, олар бірыңғай архитектуралық жарасымдылық тапқан.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БІРЛІКТЕРІ



ЖА М Б Ы Л ОБЛЫСЫНДАҒЫ
аудандар мен аудан орталықтары, аудандық бағыныстағы қалалар, кенттер
районы и районные центры, города районного подчинения, кент

Р/с №	Ауданның (қаланың) қазіргі атауы нынешнее наименование района (города)	Ауданның (қаланың) бұрынғы атауы прежнее наименование района (города)	Аудан орталығының (қаланың, кенттің) қазіргі атауы нынешнее наименование районного центра (города, кент)	Аудан орталығының атауының орыс тіліндегі атауы (транскрипциясы) наименование районного центра (города, поселка) на русском языке	Атаулардың өзгертілгені туралы (шешім №, мерзімі) мәлімет сведения об изменении наименования (решение документа)
1	2	3	4	5	6
АУДАНДАР					
1	Байзақ ауданы Байзаковский район	Свердлов ауданы	Сарыкемер ауылы	аул Сарыкемер	ҚР Президентінің Жарлығы 20.12.1995 ж. № 2696
2	Жамбыл ауданы Жамбылский район		Аса ауылы	аул Аса	
3	Жуалы ауданы Жуалынский район		Бауыржан Момышұлы ауылы	аул Бауыржан Момышұлы	
4	Қордай ауданы Кордайский район		Қордай ауылы	аул Қордай	
5	Меркі ауданы Меркенский район		Меркі ауылы	аул Мерке	
6	Мойынқұм ауданы Мойынқумский район		Мойынқұм ауылы	аул Мойынқұм	

7	Тұрар Рысқұлов ауданы Турар Рыскуловский район	Луговой ауданы	Құлдан ауылы	аул Құлдан	ҚР Президентінің Жарлығы 11.03.1999 ж. № 82
8	Сарысу ауданы Сарысуский район		Жанатас қаласы	город Жанатас	
9	Талас ауданы Таласский район		Қаратау қаласы	город Каратау	
10	Шу ауданы Шууский район		Төле би ауылы	аул Төле би	
ҚАЛАЛАР					
11	Тараз қаласы город Тараз	Жамбыл қаласы	Тараз қаласы облыстық маңызы бар қала	город Тараз	ҚР Президентінің Жарлығы 08.01.1997 ж. № 3315а
12	Жанатас қаласы город Жанатас	облыстық бағыныстан ауданға ауысты	Жанатас қаласы аудан бағынысындағы қала	город Жанатас	ҚР Президентінің Жарлығы 13.05.1997 ж. (қаланың категориясы өзгерді)
13	Қаратау қаласы город Каратау	облыстық бағыныстан ауданға ауысты	Қаратау қаласы аудан бағынысындағы қала	город Каратау	ҚР Президентінің Жарлығы 13.05.1997 ж. (қаланың категориясы өзгерді)
14	Шу қаласы город Шу	Чу қаласы облыстық бағыныстан ауданға ауысты	Шу қаласы аудан бағынысындағы қала	город Шу	ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының шешімі 04.05.1993 ж. №2189 (транскрипциясы өзгертілі) ҚР Президентінің Жарлығы 13.05.1997 ж. (қаланың категориясы өзгерді)



Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с №	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы наименования аульных округов (аулов, кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы (транскрипциясы) наименования округов (центров) (транскрипция) на русском языке	Округ орталығының атауы наименование центра округа	Атаулардың өзгертілгені туралы (шешім №, мерзімі) мәлімет сведения об изменении наименования (решение документа)
1	2	3	4	5	6
1.	Ботамойнак ауылдық округі	Кенес ауылдық кеңесі	Ботамойнакский аульный округ – аул Байзақ	Байзақ ауылы	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонком ұйғарымы, 6.02.1997 ж.
2	Бұрыл ауылдық округі	Ровный ауылдық кеңесі	Бұрылский аульный округ – аул Бұрыл	Бұрыл ауылы	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонком ұйғарымы, 6.02.1997 ж.
3	Дикан ауылдық округі	Ленин ауылдық кеңесі	Диканский аульный округ – аул Дикан	Дикан ауылы	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонком ұйғарымы, 6.02.1997 ж.
4	Жалғызтөбе ауылдық округі	жанадан құрылған	Жалғызтобинский аульный округ – аул Жетібай	Жетібай ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
5	Жанатұрмыс ауылдық округі	жанадан құрылған	Жанатурмысский аульный округ – аул Тегістик	Тегістік ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
6	Көптерек ауылдық округі	жанадан құрылған	Көптерекский аульный округ – аул Кенес	Кенес ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
7	Көктал ауылдық округі	Бұрыл а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кокталский аульный округ – аул Коктал	Көктал ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 25.05.2002 ж. №13-10

8	Қостөбе ауылдық округі	жанадан құрылған	Костобинский аульный округ – аул Талас	Талас ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
9	Қызыл жұлдыз ауылдық округі	Қостөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Кызылжұлдызский аульный округ – аул Кызыл жұлдыз	Қызыл жұлдыз ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
10	Мырзағай ауылдық округі	Жалғызтөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Мырзагайский аульный округ – аул Мырзағай	Мырзағай ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
11	Сазтерек ауылдық округі	Мырзағай а/о құрамынан бөлініп шыққан	Сазтерекский аульный округ – аул Абай	Абай ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 25.05.2002 ж. №13-10
12	Сарыкемер ауылдық округі	Михайлов ауылдық кеңесі	Сарыкемерский аульный округ – аул Сарыкемер	Сарыкемер ауылы	ҚР Үкіметі жанындағы Мемонком ұйғарымы, 6.02.1997 ж.
13	Ақәділ Сухамбаев ауылдық округі	Түймекент а/о құрамынан бөлініп шыққан	Акадиль Сухамбаевский аульный округ – аул Жакаш	Жакаш ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
14	Темирбек ауылдық округі	Комсомол ауылдық кеңесі	Темирбекский аульный округ – аул Тегістик	Тегістік ауылы	Облыс әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
15	Түймекент ауылдық округі	Буденов ауылдық кеңесі	Туймекентский аульный округ – аул Туймекент	Түймекент ауылы	Облыс әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
16	Үлгілі ауылдық округі	Киров ауылдық кеңесі	Ульгилинский аульный округ – аул Ульгили	Үлгілі ауылы	Облыс әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
17	Ынтымак ауылдық округі	Жалғызтөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ынтымакский аульный округ – аул Мадимар	Мәдімар ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
	Бәйтерек	жанадан құрылған			



Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с №	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы наименования ауылных округов (аулов, кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы (транскрипциясы) наименования округов (центров) (транскрипция) на русском языке	Округ орталығының атауы наименование центра округа	Атаулардың өзгертілгені туралы (шешім №, мерзімі) мәлімет сведения об изменении наименования (решение документа)
1	2	3	4	5	6
1.	Айша биби ауылдық округі	Головочевка ауылдық кеңесі	Айшабинский ауылный округ – аул Айша биби	Айша биби ауылы	ҚР Жоғарғы Кеңесі төралқасының қаулысы, 5.07.1991 ж. №751
2	Ақбастау ауылдық округі	Аса а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ақбастауский ауылный округ – аул Бирлесу-Еңбек	Білесу-Еңбек ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 30.11.2004 ж. №6-5
3	Ақбұлым ауылы	Ильич ауылдық кеңесі	Ақбұлымский ауылный округ – аул Ақбұлым	Ақбұлым ауылы	Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 1. 10. 1993 ж. №111 ҚР Үкіметі жанындағы Мемонкомком ұйғарымы, 6.02.1997 ж.
4	Аса ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ассинский ауылный округ – аул Аса	Аса ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
5	Бесағаш ауылдық округі	жаңадан құрылған	Бесағашский ауылный округ – аул Бесағаш	Бесағаш ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
6	Гродеково ауылдық округі	жаңадан құрылған	Гродековский ауылный округ – аул Гродеково	Гродеково ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8

7	Ерназар ауылдық округі	Өрнек а/о құрамынан бөлініп шыққан	Ерназарский ауылный округ – аул Ерназар	Ерназар ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 25.05.2002 ж. №13-10
8	Жамбыл ауылдық округі	жаңадан құрылған	Жамбылский ауылный округ – аул Шайқорық	Шайқорық ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
9	Көлқайнар ауылдық округі		Колькайнарский ауылный округ – аул Тастөбе	Тастөбе ауылы	
10	Қаракемер ауылдық округі	Аса а/о құрамынан бөлініп шыққан	Қаракемерский ауылный округ – аул Қаракемер	Қаракемер ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22. 06. 2001 ж. №9-6
11	Қаратөбе ауылдық округі	Айша биби а/о құрамынан бөлініп шыққан	Қаратобинский ауылный округ – аул Қызылшарық	Қызылшарық ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
12	Қарой ауылдық округі		Қаройский ауылный округ – аул Пригородное	Пригородное ауылы	
13	Қызылқайнар ауылдық округі	Гродеково а/о құрамынан бөлініп шыққан	Қызылқайнарский ауылный округ – аул Қызылқайнар	Қызылқайнар ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
14	Өрнек ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Орнекский ауылный округ – аул Орнек	Өрнек ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
15	Пионер ауылдық округі	Көлқайнар а/о құрамынан бөлініп шыққан	Пионерский ауылный округ – аул Пионер	Пионер ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 25.05.2002 ж. №13-10
16	Полатқосшы ауылдық округі	Жаңадан құрылған	Полатқосшынский ауылный округ – аул Жалпақтөбе	Жалпақтөбе ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
17	Тоғызтарау ауылдық округі	Жуалы ауданының құрамынан бөлініп шыққан	Тоғызтарауский ауылный округ – аул Тоғызтарау	Тоғызтарау ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихатының шешімі мен облыс әкімінің қаулысы, 15. 05. 2013 ж. №13-3, 29. 04. 2013 ж. №96



Орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылы

Центр – аул Бауыржан Момышұлы

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с №	Ауылдық (ауыл, кент) округтердің атауы наименования аульных округов (аулов, кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы прежнее наименование округа	Округ атауларының (орталығының) орыс тіліндегі атауы (транскрипциясы) наименования округов (центров) (транскрипция) на русском языке	Округ орталығының атауы наименование центра округа	Атаулардың өзгертілгені туралы (шешім №, мерзімі) мәлімет сведения об изменении наименования (решение документа)
1	2	3	4	5	6
1.	Ақтөбе ауылдық округі	жанадан құрылған	Актобинский аульный округ – аул Байтерек	Бәйтерек ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
2	Ақсай ауылдық округі	Евгеньевка ауылдық кенесі	Ақсайский аульный округ – аул Қайрағ	Қайрағ ауылы	Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 16.03.1993 ж. №91
3	Билікөл ауылдық округі	жанадан құрылған	Биликольский аульный округ – аул Қарабастау	Қарабастау ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
4	Боралдай ауылдық округі	жанадан құрылған	Бораолдайский аульный округ – аул Кольтоған	Көлтоған ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
5	Жетітөбе ауылдық округі	Казанск ауылдық кенесі	Жетитобинский аульный округ – аул Қарикорған	Кәрікорған ауылы	Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 16.03.1993 ж. №91
6	Көкбастау ауылдық округі	Большевик ауылдық кенесі	Кокбастауский аульный округ – аул Теріс	Теріс ауылы	Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 16.03.1993 ж. №91
7	Күренбел ауылдық округі	жанадан құрылған	Куренбельский аульный округ – аул Күренбель	Күренбел ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8

8	Қарасаз ауылдық округі	Петровск ауылдық кенесі	Қарасазский аульный округ – аул Қарасаз	Қарасаз ауылы	Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 16.03.1993 ж. №91
9	Қошқарата ауылдық округі	Боралдай а/о құрамынан бөлініп	Қошқаратинский аульный округ – аул Қошқарата	Қошқарата ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
10	Қызылжарық ауылдық округі	Бурнооктябрь және Ақтөбе а/о құрамынан бөлініп шыққан	Қызылжарықский аульный округ – аул Қызылжарық	Қызылжарық ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 25.05.2002 ж. №13-10
11	Бауыржан Момышұлы ауылдық округі	Бурный ауылдық округі	Бауыржан Момышұлының аульный округ – аул Бауыржан Момышұлы	Бауыржан Момышұлы ауылы	ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысы, 19.03.1992 ж. №1265-ХП
12	Мыңбұлақ ауылдық округі	Ақсай а/о құрамынан бөлініп шыққан	Мыңбулакский аульный округ – аул Қолбастау	Қолбастау ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 30.11.2004 ж. №6-5
13	Нұрлықент ауылдық округі	Бурнооктябрь ауылдық округі	Нурлықентский аульный округ – аул Нурлықент	Нұрлықент ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихатының шешімі мен облыс әкімдігінің қаулысы, 08.02.2008 ж. №4-20, 28.12.2007 ж. №323
14	Шақпақ ауылдық округі	жанадан құрылған	Шақпақатинский аульный округ – аул Шақпақата	Шақпақата ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8

Әкімшілік-аумақтық бірліктер
Административно-территориальные единицы

р/с №	Ауылдық округтердің атауы наименования ауылных округов (аулов, кент)	Ауылдық округтің бұрынғы атауы прежнее наименование округа	Округ атауларының орталығының орыс тіліндегі атауы (транскрипциясы) наименования округов (центров) (транскрипция) на русском языке	Округ орталығының атауы наименование центра округа	Атаулардың өзгертілгені туралы (шешім №, мерзімі) мәлімет (решение документа)
1	2	3	4	5	6
1.	Алға ауылдық округі	Ноғайбай, Бетқайнар, Кенен а/о құрамынан бөлініп шыққан	Алгинский ауылный округ – аул Алға	Алға ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
2	Ауқатты ауылдық округі	жаңадан құрылған	Ауқаттинский ауылный округ – аул Ауқатты	Ауқатты ауылы	Жамбыл облысы әкімінің қаулысы, 18.01.1994 ж. №8
3	Бетқайнар ауылдық округі	Успеновка ауылдық кеңесі	ауылный округ – аул Бетқайнар	Бетқайнар ауылы	Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 1.10.1993 ж. №11, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемонкомқом ұйғарымы, 24.06.1998 ж.
4	Жамбыл ауылдық округі	Степной, Қасық а/о құрамынан бөлініп шыққан	Жамбылский ауылный округ – аул Жамбыл	Жамбыл ауылы	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001 ж. №9-6
Дегенмен ежелгі авторлардың қайсысы болсын Талас (Тараз) шаһарының ескі орнын дәл көрсетуге қиналған. Археологтар бұл қаланы ұзақ уақыт таба алмай бірталай болжамдар айтқан-ды. Өйткені оны баз біреулер Талас өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан Түймекент қаласының орны десе, басқалары Қарабура өзеніндегі Талас мекені, ал үшіншілері оны атақты ортағасырлық Садырқорған қаласы деп түсіндіреді. Академик В. Бартольд Тараз Әулие-Ата шаһарының орнында болған деп түйіндейді. Бұл пікірді ұстануда Мұхаммед Ибн-Ахмед Макдиси (Макдиси – Иерусалимде туған араб географы атақты архитектор болған. Макдиси «бұрын-соңды өмір сүрген ең білімді географ» деп танылған. Оның 985 жылы жазылған «Өлкелерді танудағы ең жақсы бөлімдер» деп аталатын еңбегі бар. Бұл туынды – Шығыс, сонымен қатар Орта Азия және Қазақстан елдері қалаларының сипаттамаларын егжей-тегжейлі, жүйелі түрде (келтірген еңбек) сілтеме жасайды.



Макдисидің пайымдауынша, қаланы жарып өтетін үлкен өзен бар екені туралы айтылады. Мұндай өзен тек арнасы толып ағатын Талас болуы мүмкін деп болжамдалады.

Б.д.д. 36 жылдан бастап ауызға іліне бастаған Талас (Тараз) шаһары Ұлы Жібек жолының бойындағы экономикасы мен мәдениеті дамыған, ірі сауда орталығы болған, қаңлылардың, түркі қағандарының, қараханидтердің, соғдылардың, т.б. саяси орталығына айналғаны белгілі. Қала, былайша айтқанда, сан рет қирағылып, сан рет қалпына келтірілген. Қытай тарихшыларының жазбаларында қаланы Долос деп те атаған.

Талас-Тараздан шыққан саудагерлер мен саяхатшылар дүниенің төрт бұрышына жол тартқан. Сонымен бірге Араб, Византия, Үндістан, Қытай, Иран тағы басқа елдерден Таразға келіп жатқандарда есеп болмаған. Оған қазба кезінде табылған рим ақшалары және басқа экспонаттар дәлел болды. VIII ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстан аумағында феодалдану процесі күшейді, қоғамда елеулі өзгерістер орын алады. Жаңа әуелгі ортағасырлық феодалдық мемлекеттік бірлестіктер пайда болады. Атап айтқанда, қарлұқтар өздерінің мемлекеттілігін негіздеді. Жергілікті түркі тілдес тайпалар одақтары солтүстік шығыста Қырғыз қағанатымен, Ұйғыр мемлекетімен және батыстағы Хазар қағанатымен экономикалық-саяси байланыс жасап, барған сайын күшейе түседі. Мұның өзі Ұлы Жібек жолы бойында жаңа қалаларды, сауда, қолөнер орталықтарының пайда болуына ықпал жасады. Бұл жерде Шу, Талас өзендеріндегі Суяб, Тараз қалаларының дамуы тарихи маңызды роль атқарды. Шу аңғарының бойында соғдылар, түркілер, сириялықтар, парсылар мекен-жайлар салып, солар тұрған кем дегенде 18 ірі қала мен көптеген ұсақ елді мекендер болған. Олар: Құлан, Ақтөбе (Ақыр-төбе), Мирке (Меркі), Жуантөбе т.б. Қала маңындағы тұрғындардың егістігі дуалмен қоршалған. Бұл қалалар Алатаудың жотасынан аққан өзендер бойына салынып, өркендеді. Олардың барлығы да стратегиялық мәнге ие болды. VII ғ. бастап Тараздың атағы әлемге жайыла бастайды. Ол VIII ғ. арабтарға, IX ғ. саманидтерге бағындырылады, X ғ. Қараханидтер династиясының орталығына айналып, XIII-XIV ғғ. Тараз Моңғол империясының құрамына кіреді.

Сондықтан да Тараз сан ғасырларға созылған тарихымыздың темірқазығы екенінде дау жоқ. Оның қоғамдық санамызға, салтымызға белгілі бір дәрежеде әсер еткені анық. Тараздың сол өңірге жасаған ықпалы зор екенін оның айналасындағы шоғырланған, Таразбен бірге дамыған қалалардан-ақ байқауға болады. Ежелгі Тараз шаһарының айналасындағы бой көтерген қалалар туралы қысқаша мағлұматтар берілген. Оңтүстіктен келе жатқан керуен Таразға жақындағанда Мыңбұлақ, Жуалы жерінде тыныстап, осы өңірдегі Баркубе, Шараб, Будухкет, Тамтадж, Абартадж қалаларын аралайтын болған. Бұл қалаларды В. Бартольд, Г. Пацевич сияқты ғалымдар зерттеген. Дегенмен де бұл өңірдегі қалаларды терең зерттеп білу, талдау болашақтағы маңызды (актуальды) мәселеге айналып отыр.

Орта ғасырдың сәулет өнерінің інжу-маржаны Айша бибі мавзолейінің маңындағы Жувиқат қаласы да ғалымдардың назарын аударған. Талас қаласының аңғарында орын тепкен қаланың орны төрт бұрышты, оның шығыс жағында биік қорған жасалынған. Тараздың батыс жағында екі фарсах (1ф. – 15 км)

қашықтықтағы қаланы соғдылар салған болу мүмкін деген жорамал бар. Қала орнын 1939 ж. А. Бернштам зерттеген.

Тараздың терістік батыс жағында Қаракемер ауылының маңында Адахмет және Дех Нуджикост қалаларының орны бар. Бұл қалалар туралы белгілі ғалым К. Байпақов өз жорамалын айтқан.

Солтүстікке жол тартқан керуен Тамды, Саудакент қалаларына келеді. Тамдыны Г. Пацевич зерттесе, Саудакентті 1901 ж. В. Колосовский көріп, 1946 ж. Ә. Марғұлан жан-жақты зерттеген.

Тараздың теріскей жағында оннан астам қаланың немесе қорғанның орны бар. Таластың бойындағы Хамуқат, Түймекент қалаларын айтпағанда Оххум (мүмкін Аққұм) қаласына археологтар ерекше назар аударған. Бұл қаланы алғаш А. Бартольд, одан кейін А. Бернштам зерттейді.

Ертеде Оххум туралы В. Бартольд былай жазады: «1894 ж. Әулиеатадан солтүстікке қарай орналасқан қираған құрылыстарды көруге бекіндім. Қырғыздар (қазақтар) бізге Талас өзенінің солтүстік жағалауында Әулиеатадан төмен 80 км қашықтықта орналасқан Окум (жергілікті адамдар Оқын дейді) бекінісі туралы көп әңгіме айтты. Олардың сөзін негізге алған, біз, Садыр қорған тәрізді үлкен қаланың қалдығын кездестіруді күткен едік. Бірақ іс жүзінде бекіністің көлемі үлкен емес екен. Ол басқа да көлемі шағын көптеген бекіністер тәрізді бір шаршы км. аймақты алып жатыр».

Ортағасырларда ішкі қамалдың оңтүстік шығыс бұрышындағы қала басқарушысының биік сарайы (цитадель) алыстан көзге шалынған. Қаланың орнынан табылған түрлі заттардың сынығы кезінде Оххумның гүлденген қала болғандығын дәлелдейді. Мұнда табылған әр түрлі тұрмыстық заттар қалдықтары К. Байпақов зерттеген VII-VIII ғғ. Құланның (Луговая) керамикасына ұқсайтындығы байқалады.

Оххумға жақын жердегі қорғанды К. Байпақов Кинчат қаласы деп жорамалдайды [3]. Мұнда қаланың орталық алаңы, мұнара орны сақталған, көптеген керамикалық ыдыстардың сынықтары табылған.

Тектұрмас қаласы көне шаһарлардың бірі болып есептеледі. Ғалымдардың археологиялық зерттеулері бойынша, қорғанның орны төрт бұрышты, аумағы 70x70 метр, биіктігі 110 метр, сондай-ақ төменгі бөлігінде қорғаныс қабырғаларының орны анық білінетіндігі дәлелденген. Бұл қаланы тұңғыш рет орыс ғалымы А. Ремпель зерттеген [19].

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі шаһарлардың біразы Талас өзенінің аңғарларында орналасқан. Зерттеулердің нәтижесінде жаңа ескерткіштер ашылып, Талас өзенінің аңғарларының тегістік ұзына бойына бір топ шаһар қалдықтарының жұрнақтарының жатқаны анықталған: Чельтөбе, Қаратөрткөл, Қоңыртөбе, Жантөбе, Бектөбе және т.б.

Тараз қаласынан 15 км оңтүстік батыста орналасқан Қостөбе атты көне қала қалдықтары бар. Ол Тараздан шығып, өзен бойымен төмен солтүстікке қарай Орталық және Шығыс Қазақстанға жүрген Жібек жолының кесіндісінде орналасқан. Бұл көне қалаға қазба жұмыстарының жүргізілуі кездейсоқ емес. Ол аңғардағы ең ірі қала қалдығы, сонымен қатар, оны топ белгілері бойынша Талас аңғарының ежелгі қаласы Жамұқатпен тепе-теңестіруге болады. X ғ. тарихшы-



сы Нершахидың айтуы бойынша, бұл қаланың негізін VI ғ. Бұхардан шыққан келімсектер қалаған және атауына бұхаралықтардың басшысы Жамұхтың аты берілген. Макдиси еңбектерінде Жамұкат «Үлкен қала, айналасында қабырға, алқалы мешіті бар, рабадында базарлары бар», – деп сипатталады. А. Бернштамның ұйғаруы бойынша Жамұкат Тараз қаласынан оңтүстіктеу жерде орналасқан не Майтөбе, не Бесағаш қала қалдықтары сәйкес келуі керек [6. 118 б.].

630 ж. осы өңірде болған будда ғұламасы саяхатшы Шуан Заң (Сюань Цзян) кейін өзінің естелігінде: «Суябтың батысында бір-біріне тәуелсіз, бірақ бәрі түріктерге бағынысты бастықтарға қарайтын оншақты қала бар. Ал қалаларда халықтың бір бөлігі жер өңдейді, ал екінші бір бөлігі саудамен айналысады», – деп жазады.

Құлан – VI-XIII ғғ. ерте ортағасырлық қала. Кеңес өкіметінің кезінде көне шаһар Құланның орнында Луговой ауылы (Т. Рысқұлов ауданы) болды. В. Бартольд [5. 260б.] пен Ә. Марғұлан [16] еңбектерінде Құлан Тарты деп те аталады.

Құлан қаласының аты Ибн Әл Асирдің (араб зерттеушісі) де еңбегінде аталып, араб басқыншылары табан тіреген батыстағы ең соңғы нүкте ретінде көрсетіледі. Қазір бұл аудан Тұрар Рысқұловтың аты-жөнін иемденіп, ал орталығы ежелгі аты – Құланмен қайта аталды. Қытай діндары Сюань Цзянның тарихи жазбасында Құланның аты Цзюйлань деп көрсетеді. Құлан туралы араб географтарының да деректері бар. Соның бірі Әл-Макдиси (X ғ.): «Құлан – бекітілген қала, онда алқалы мешіт (Мәдине) бар. Ол бос қалған, үлкен Тараз жолында», – деп жазылған. Ал географиялық сөздіктің иесі Яқұт: «Құлани – түрік елінің Мауреннахр жағындағы шекарасында орналасқан сүйкімді қала», – дейді.

Араб авторлары Ибн Хордатбек (IX ғ.) пен Худама ибн Жафардың (X ғ.) жазбасында Шу-Талас алабында Тараз, Төменгі Нушаджан (Төменгі Барысхан), Қасра-Бас, Көлшөп, Жолшөп, Құлан, Мерке, Асбара (Ашбара), Нұзкет (X ғ. Мухаддаси бойынша – Нушкет), Харанжуан, Жол, Сарығ (түрік ханның астанасы), Кимирав, Навакет, Суяб және Пенджикет қалалары болған [5. 280-282с.].

Ал-Мухаддидің айтуынша, Меркі және Құлан қалаларында берік қорған, бекіністер мен мешіттер тұрған. Ибн-ал-Асирдің көрсетуінше (XII ғ.) арабтар 810 ж. Құланға шабуыл жасаған. Ашпара (Аспара) Ақсақ Темірдің әмірімен XIV ғ. салынған [5. 287с.].

Талас жазығында бірнеше қаланың болғанын тарихшы ғалымдар еңбегінен анық көреміз. Ал-Мухаддаси Бехлу, Хамукент (немесе Жамукет), Сус (Сос) және көл атаса (Шамсад-дин Абу Абдаллах бин Ахмед ал-Мухаддиси. Китаб-ахсан аштакасимфи марифат ал-акалим. Лейден, 1877. с. 275), сол автор мен Махмуд Қашқари (XI ғ.) Жикл (Чигил, Шығыл) және Атлах қалаларын атайды [12. 1т. 124б; 3т. 275б].

Сонымен бірге бұл аталған еңбекте Шу алабында Орда қаласы да көрсетілген [1т. 94б.].

В.В. Бартольд пікірінше, Талас алқабындағы бұл қалалардың барлығы да XVI ғ. бірінші жартысында қирап біткен.

Махмуд Қашқари Таразға жақын жерде Қарғалық қорғанын, Таластың Тироз аталып, Улуг Талас, және Куми Талас деп екіге бөлінетінін айтып кеткені мәлім [12. 1т. 347б.].

Құланның қатпар-қатпар тарихында қанды оқиғалар да аз болмаған. 740 ж. түркеш бегі Құрсұл Батыс Түрік қағанының соңғы тұяғы Ашин Сыньды өлтірген. Ал 840 ж. Құланға араб әскерлерінің де аяғы жеткен. Археолог К. Байпақов пен А. Нұржанов Құланның батыс жағында 14 фарсах (1 ф – 15 км) жерде, Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласының орталығындағы ескі қала қалдықтарының орнында Тараз орналасқан, шығыста 4 фарсах қашықтықта қазірге дейін атауын сақтап қалған Меркі қаласы жатқан дейді [4].

Меркі – VIII ғ. бастап белгілі болған көне қала. Ырыс хан (Әмір Темір заманы – XIV ғ.) ал алаш мыңы Ақорданың сол қанаты болса, Қаңлы оң қанаты болды. Осы сол мыңдықтың ұлығы – тарақ таңбалы Жалайыр болған. Меркі Жалайырдың шын аты деседі.

Ибн-Хордатбек Жафар, Әл Макдиси сынды ортағасырлық зерттеушілердің еңбектерінде Меркі жайлы айтылған. Әл Макдиси еңбегінде Меркі орта дәрежелі бекінісі мен цитаделі бар қала ретінде көрсетілген.

Қазба жұмыстардың барысында қаланың жоғарғы мәдени қабаты XI-XII ғғ. сәйкес келетіндігі айқындалған.

Б.д.д. және ерте ортағасырларға (VIII ғ.) тән Шу, Талас, Жетісу, Сырдарияның шығыс өңірлерінде 129 қала бекіністері мен қалашық орындары, тұрақтар табылған. Олардың кейбіреулері қазіргі кезге дейін сақталып, өмір сүруде.

Талас өңірінде олар 15-20 км арақашықтықты бір-бірінің аралығында ұстанды. Шу өзендерінің аңғарларындағы қалалар орналасуы өте анық бекітілген. 13 қалашық өзен аңғарларында 15-35 км бір-бірінен алшақтықта орналасқан, қалғандары солтүстік сыртқы тізбекті Қырғызстан ойпатындағы және Шу аңғарларына баратын жолды жасайды.

Қалашықтардың алып жатқан жерлерін олардың ең маңызды белгісінің мәні деп түсініп, олардың типологиясын ұсынуға және оларды жазба деректердегі қалалармен салыстыруға болады. Бірінші типке орталық аймақты қамтыған оншақты қалашықтар 30га саналған. Өте үлкен территорияларды ала отырып, дуалдармен қоршалған, жазба деректер, мағлұматтар бойынша, бұл қалашықтар қазіргі қалалар территориясын толық қамтыған. Мысалға, Тараз қаласының қалдығы қазіргі Тараз қаласының көлемін толық алған. Тараз – Қазақстанның ерте ортағасырлар қалаларының ішіндегі анағұрлым белгілісі.

Екінші типтегі қалашықтар, мысалға, Қызыл өзен Навакетпен бірге 10-нан 30 гектарға дейінгі аймақты қамтыған. Олардың жартысы Таластың Ақтөбесі – Текабкетпен, Чалдовар – Суспен, Меркі – Миркимен, Аспара – Аспарамен, Қысымчы – Бунджикетпен сәйкестірілген. Бұл қалаларды ортаңғы категорияға жатқызған.

Үшінші типтегі қалашықтар аймағы 10 га-дан аз бөлігін (территорияны) қамтиды. Олардың жартысының жазбаларда көрсетілген қала аттары мен ұқсастығы табылған: Жуантөбе – Атлахпен, Төрткөлтөбе – Төменгі Барсханмен, Тоймакент – Адахкетпен, Оххум – Дех-Нуджикеспен, Луговое – Құланмен идентификацияланған. Бұлар шағын қалалар болып табылады.



Аталмыш өңірлерінде басқа да ондаған қоныстар орналасқан. Олар ірі қалаларға баратын жолдар, шағын өзендер бойында орналасқан. Олар құрылым бойынша цитательдер мен шахристандарға бөлінеді. Тараз (Жамбыл) және Құлан (Луговое) қалаларының ескі жұртындағы қазба жұмыстары нәтижесінде VI-VIII ғғ. қамал тәрізді құрылыс қалдықтарын тапқан.

Талас өңіріндегі Қостөбе цитаделі Жамукалпен сәйкестендірілген. Бұл қаланың ішкі бекіністің алғашқы құрылысы VI-VIII ғғ. жатады және олар қамал тәрізді құрылыс кешенін құрады дейді археологтар.

Ерте ортағасырдағы Жетісу өңіріндегі қалалардың бекініс дуалдарынан Орта Азиядағы және Оңтүстік Қазақстандағы қалалармен ұқсастық пен біртектестікті байқауға болады.

Сонымен, Жамбыл облысы өңірінің ерте замандардан ежелгі қала мәдениетінің, жоғары дамыған өркениеттің ошағы болғандығын көптеген тарихи деректер, оның ішінде көне ойконимдердің көптеп шоғырлануы бірден-бір дәлел. Яғни зерттеліп отырған аймақтың көне ойконимдері, ономастикалық терминмен айтқанда, археологикалық сандық жағынан едәуір субстраттық қабат, күрделі онимдік жүйе құрайды. Әрі қарай облыс жеріндегі археологикалық деректер орналасуын, бұрынғы атау мен қазіргі атаулардың идентификациялау, сәйкестігін толығырақ қарастырамыз.

Сонымен қорыта айтсақ, аймақ ойконимдерінің пайда болу, даму, қалыптасу тарихы сонау б.д. б. ежелгі замандардан басталғанын тарих беттерін зерделей отыра көз жеткіздік. Жамбыл аймағындағы ежелгі заман және ерте ортағасырлық ойконимдер туралы қатарына мына төмендегі атауларды жатқызамыз: Қанды мемлекеті, Үйсін мемлекеті, оның астанасы – Шығу (Чечук, Чичучень – «қызыл алқап»), Талас, Тараз, Суяб, Долос, Құлан, Меркі, Аққұм, Ақтөбе, Жуантөбе т.б.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ОЙКОНИМДЕР

(VIII-XVI ғғ.)

Жамбыл облысының ортағасырлық ойконимдері туралы сөз еткенімізде, міндетті түрде ғылыми экспедициялар есептерін, жасаған археологиялық қазба жұмыстарын, тарихи өлкетану мұрағаттарын жинау бойынша жазған еңбектерін басшылыққа аламыз.

«Жамбыл облысында 2000 ж. мемлекеттік есепте 1072 ескерткіш, олардың ішінде 849 – археология, 111 – тарихи, 107 – сәулет және қала құрылыстары, 5 – монументальді өнер ескерткіштері бар. Ескерткіштердің жалпы санынан Жиынтыққа 849 тарих пен мәдениет ескерткіштері» енгізілген, олардың көпшілігі археология ескерткіштері болып табылады» [32. 52 б.].

Ерекше ескеретін жайт – дереккөздерде тіркелген археологикалық деректердің ежелгі көне жазба деректердегі көне атаулары берілсе, кейбіреулері археологтар тарапынан кейінгі Кеңес дәуірінде қойылған қазақша, орысша шартты атаулар.

Осы археологиялық ескерткіштер облыс бойынша әрбір аудандарда меңгерілді. Нақтылай айтсақ, Байзақ ауданында ортағасыр дәуірінің белгілі ірі қалашықтары – Оххум, Түймекент, Қаратөрткөлтөбе, Қоңырбайтөбе, Шөлтөбе бекінісі, Құрманбайтөбе елді мекені, Төрткөлдер.

Жамбыл ауданында археология ескерткіштері негізінен ежелгі керуен жолдарының бойындағы: Әулиебастау, Бектөбе сияқты ірі қалашықтар, ерте темір ғасыры мен орта ғасырдағы Ақтөбе, Күзембайтөбе, Кішімүрде мекендері, бекіністер, ғаламат Ақыртас кешеніндегі тарихи ескерткіш – ортағасырлық діни сәулеттің бірегей ескерткіштері, Тараз қаласы маңындағы жерлерге орналасқан Айша Бибі мен Бабаджа Хатун мазарлары.

Жуалы ауданында археология ескерткіштерінің көпшілігі Қаратау жоталарының бойы мен Билікөл көлінің аумағында шоғырланған. Ортағасыр кезеңіне жататын қалашықтар, мекендердің ішіндегі ірілері – Безымянное, Бурнооктябрьское, Кременевское, Мүрделітөбе. Қорымдар мен қорғандар: Берікқара, Жасалы, Жетітөбе, Саясу және Б.д.д. II ғ. орта ғасырға дейінгі жартастағы кескіндер.

Қордай ауданында археологиялық ескерткіштер негізінен Шу өзені бассейні мен Кіндіктас тауының террасасы және су айрықтарындағы қыраттарда шоғырланған. Олардың көпшілігі қола дәуірі мен ерте темір ғасырдағы қорғанды қорымдар, VII-XIV ғғ. әртүрлі типтегі 7 қалашық бар. Олардың ішіндегі ірілері: Қысмышы, Георгиевское, Қақпақтас, Майбұлақ, Ыстөбе, Шортөбе. Жартастағы суреттер қола дәуірі мен ерте тас ғасыры, тас мүсіндер (VI-VIII ғғ.).

Сарысу ауданы археология ескерткіштері Қаратау жоталарының солтүстік баурайлары мен Шу алқабына шоғырланған (VII-XII ғғ.) 3 қалашық бар. Олардың ішіндегі ең ірісі – Саудакент, VI-VII ғғ. Ақтөбе мекені, XI-XIV ғғ. Көк-Кесене, Төрткөл бекіністері.

Талас ауданында археология ескерткіштері Қаратау жотасының солтүстік етегіндегі ескі жолдардың маңында, Талас алқабы мен Билікөл көлінің жанында орналасқан.

Ортағасырлық қалашықтардың, мекендердің, бекіністердің көпшілігі Шу алқабында орналасқан. Атбайлар, Тамды, Тектұрмас, Биназартөбе, сондай-ақ Талас өзенінің жайылмасы мен Ақкөліне жақын жердегі қола дәуірі мен ерте темір ғасырындағы палеолиттік тұрақтары, қорғандары.

Т. Рысқұлов ауданы археология ескерткіштері көбінесе Қырғыз жоталарының солтүстік баурайларының маңы мен Жібек жолы ескі керуен жолдарының бойларына орналасқан. Ол Б.д.д. 1 мың жылдықты кейінгі ортағасырдағы кезенді қамтиды. Бұлар қола дәуіріне жататын жартастағы кескіндерден; ерте темір ғасыры ортағасырға дейінгі 36 қорғанды қорымдар мен қорғандарды, VI-XII ғғ. Құлан, Бектөбе, Еңбекші, Өрнек, Қорағаты сияқты 6 қалашықты, 5 елді мекенді, 3 бекіністі; Төрткөлді және т. б қамтиды; Шу ауданы археология ескерткіштерінің ішінде 3 ескерткіш мыс өндірумен байланысты қола дәуіріне жатса, 5 ескерткіш қола дәуіріндегі жартастардағы кескіндердің жиынтығының, көпшілік бөлігі – 23-і Кіндіктас пен Айтау тау баурайларында шоғырланған ерте темір ғасыры қорғандары мен қорымдары құрайды. Ортағасырлық кезеңге жататын 11 қалашық,



Шу алқабының бойына орналасқан, олардың ішіндегі ірілері Ақтөбе, Степнинское, Ақсутөбе, Октябрь, Тастұмсық және басқа да ескерткіштер [32. 54б.].

Атап айтсақ, X-XII ғасырлардағы Адаққан төбе қалашығы Талас ауданы, Бөлтірік шешен ауылынан солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым (бұрынғы Кенес) жерде қоныс тепкен.

Адахкес қаласы – VII-XII ғғ. ортағасырлық қала. Жамбыл ауданы, Қаракемер ауылының оңтүстік – батыс жағында 2 км жерде. Қала орнында 1938 ж. А.Н. Бернштам қазба жұмысын жүргізген. Араб тарихшысы Ибн Хордатбек деректері бойынша, Тараз қаласының батыс жағында Дех-Нуджикес пен Адахкес қалалары болғандығы айтылады. А.Н. Бернштам мен К.М. Байпақов Дех-Нуджикес пен Адахкес қалалары қазіргі Қаракемер ауылының маңындағы екі ортағасырлық қаланың орны деп есептейді. Бұл Қаратау өңіріне баратын керуен жолының бойына орналасқан ірі ортағасырлық қалалардың бірі болған көрінеді [12; 7. 76 б.].

Адыраспантөбе – ортағасырлық қаланың орны. Жуалы ауданындағы Дихан ауылының жерінде. 1940 ж. Жамбыл облыстық археология бөлімшесінің экспедициясы (жетекшісі Г.И. Пацевич) зерттеген. Адыраспантөбені зерттеу нәтижесінде табылған бұйымдарға қарағанда қаланың тұрғындары VIII-X ғғ. мекен еткен. Олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан [45. 76 б.].

Ақкесене – ертедегі қамал-қаланың орны. Талас ауданы, Үшарал мекенінде орналасқан. Алғаш 1896 ж. археолог В.А. Каллаур зерттеген. Қазба жұмысы кезінде табылған зағтай деректер мен қалану әдісіне қарағанда XII-XIII ғғ. тұрғызылған көрінеді [45. 86 б.].

Аққамыс қонысы – (VII ғ.) Жамбыл ауданы Пионер ауылының территориясында, Шайдана ауылынан солтүстігіне қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Қонысты 1978 ж. Жамбыл облысының тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы ашып, зерттеген.

Аққұм – ежелгі қала орны (VII-XI ғғ.). Билікөл көлінің маңында, Аса өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан. Қала жұртын 1941 ж. Жамбыл облыстық археологиялық пунктіннің экспедициясы (жетекші В.И. Пацевич) зерттеген. Археологтардың айтуынша, қыштан жасалған құмыралардың сынықшаларына қарағанда, қала жер өңдеумен және мал өсірумен айналысқан тұрғындардың қонысы болып табылады [45. 89 б.].

Ақсутөбе қалашығы – X-XII ғғ. Шу ауданы, Ақсу ауылынан батысқа 0, 5 км, Ақсу өңірінің оңтүстік жағалауында орналасқан.

Ақтөбе – Қазақстандағы ежелгі қала орны. Шу ауданы Баласағұн атындағы ұжымшар жерінде, Ақсу, Қарабалта өзенінің Шуға құяр сағасында орналасқан. Ақтөбе VI-XIII ғғ. болған [32. 318 б.].

Ақтөбе қалашығы – VIII-X ғасырларда Сарысу ауданы, Жайылма ауылынан шығысқа қарай 3 шақырым жерде, Шабакты өзенінің сол жағалауында орналасқан [2. №386.].

Ақтөбе қалашығы – IX-XIII ғғ. Жамбыл ауданынан оңтүстік-батысқа қарай 0, 5 шақырым жерде орналасқан [2. №617.].

Ақтөбе мекені – VIII-XII ғғ. Талас ауданы, Ақтөбе ауылынан солтүстік шығысқа қарай 0, 3 км. жерде орналасқан [2. №499.]. Батыс жағында осы заманғы бейіттер орналасқан.

Ақыртас сарай кешені – VIII-XII ғғ. Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Ақшолақ темір жол стансасынан 6 км оңтүстіктегі Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан.

Ақыртасты жазба деректерде, соның ішінде Ибн Хордатбек жазбаларында ескерілетін нақты елді мекенмен сәйкестендіру мәселесі алға қойылады. Өйткені олар өздерінің жол бағдарламаларында Тараздан Құлтанға дейінгі сауда жолының бөлігіндегі қалалардың нақты тізімін келтіреді. Олар Тараздан 3 фарсах жердегі Төменгі Барсхан, одан 3 фарсах жердегі Касра-Бас (Касри-бас), ары қарай 2 фарсахтағы Құлшуб, одан ары қарай 4 фарсахтағы Жұлшуб және Құлтан. Жұлшубтен оған дейін 4 фарсах. В.В. Бартольд Касрибасты «Шахнаме» дастанында екі рет кездесетін түрік қамалы Качар-башимен тепе-теңестіріп, Әулиеатаның орнына қояды. Ескерткішті 1936-1938 жж. Талас аңғарында зерттеулер жүргізген Жамбыл археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам) тексерді.

К.М. Байпақов Ақыртасты IX-X ғғ. Жетісуда иелік еткен қарлұқтардың салынып бітпеген ордасы деп санайды. Ақыртастың не екендігі, оның салыну уақыты мен оған қатысты саяси оқиғалар жөніндегі келесі бір түсіндіру әрекеті неміс зерттеушісі Б. Бенртъеске тиесілі. Оның пікірінше, Ақыртас араб қолбасшысы Кутейбаның (VIII ғ.) бұйрығымен салынған. Ақыртас оның солтүстік резиденциясы ретінде салынған. Сондай-ақ бұл қамал қаланың орны туралы Ж. Дәдебаевтың «Талас аңыздары» [14. 5-8б.] атты еңбегінде айтылған.

Ақыртасты 2004 ж. бастап қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды [10; 7.].

Атлах – орта ғасырларда жазба деректерінде кездеседі. Тараз маңындағы қала атауы. 751 ж. шілде айында Талас өзенінің жағасындағы Атлах қаласы мекені маңында қытай және араб әскерлері арасында шайқас болады. Әл-Мақдиси мен ибн Хаукал жазбаларында (X ғ.) Атлахты Испиджаб қаласының маңындағы қала деп атайды. Әл-Мақдиси 985 ж. Атлах қаласы туралы «Көлемі жағынан орталық қалаға жақын, айналасы биік дуалмен қоршалған, бау-бақшасы көп, жүзім мол өседі. Мешіті орталығында, базары рабадта», – деп жазады. Археолог ғалымдардың пікірінше, қазіргі Тараз қаласының солтүстігі Талас өзенінің бойында жергілікті халық Жуантөбе деп атап кеткен көне қала орны жазба деректерде Атлах қаласының жұрты болуы мүмкін деген жорамал бар [2].

Ортағасырлық түркі ғұламасы М. Қашқаридың «Түркі сөздері жинағында» [30] «Атлах» деген сөз ат бағылатын жер, аймақ, ауыл, мекен, қазіргі тілмен айтқанда «жылқылы» деген мағынаны білдіретіндігі жазылған. Тарихы 2000 жылдан асқан Тараз қаласына серіктес елді мекен ретінде салынған Атлахтың үйіндісі бұл күндері жоқ.

Әулиебастау – ортағасырлық қалашық орны. Жамбыл ауданы, Айша бибі аулынан батысқа қарай 3 км жерде. Археологтардың пікірінше, Әулиебастауды адамдар IX-XIII ғғ. мекен еткен. Мұнда олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан көрінеді.



Байтымбет қонысы – VII-XIII ғғ. Байтымбет ауылы, Т. Рысқұлов ауданының шетінде орналасқан. Қоныс қалдығының үстіне қазіргі уақытта ауыл орналасқан [2. №235].

Бала-Ақтөбе қалашығы – X-XII ғғ. Мойынқұм ауданы, ауылдан солтүстік-батысқа қарай 7 км, Аяқ-Ақтөбе қалашығынан оңтүстік-батысқа қарай 0, 7 км жерде арнасы қаңсыған өзеннің солтүстік жағалауында орналасқан.

Баласағұн – Қарахан мемлекеті астаналарының бірі болған ортағасырлық қала атауы. Жазба деректерде оныншы ғасырдан бастап белгілі. Әл-Макдисидің мәлімдеуінше, «игілікке бай, үлкен қала» болған. Ал М. Қашқари Баласағұнның Күз-Ұлыс немесе Күз-Орд деген басқа аттары болғанын хабарлайды. Зерттеушілердің пікірінше, 1) Баласағұн алғашқыда (VIII ғ.) Түрікше Беклік (Бекелік-бекініс), соғдыша Семекне деп аталған. Баласағұн тұрғындары түрік және соғды тілінде сөйлеген. Қала 1210 ж. Мұхаммед Хорезм шахты жеңген қарақытайлықтардың қол астына қарайды. 1218 ж. Шыңғыс ханға қарсылықсыз беріліп, Ғабалық – «Жақсы қала» деп аталады. Соңғы кездері Баласағұн орны туралы ғылымда бірнеше пікір қалыптасқан. 2) М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» (XVI ғ.) [15] атты кітабында Баласағұнды Афрасиабтың салған қалаларының бірі деп атап, оны өте жоғары бағалаған. Баласағұн қарақытай заманына дейін Афрасиабтың ұрпақтарының билігінде болған. Қарақытай Гурхан Баласағұнды Илен ханнан (ол Афрасиабтың нәсілінен) тартып алып, өзінің астанасы етті. 95 жыл бойы Баласағұн қара қытайдың астанасы болды. Моғолдар Баласағұнды «Қаралық» деп атаған. Таразды да моғолдар «Ианги» деп атаған [15. 236 б.]. Аталмыш кітапта Мыңлақ (Мыңбұлақ) – осындай жер аты қазіргі Мерке, Жуалы т.б. аудандарында Моғолстанның басқа да аймақтарында болған [15. 540б.].

Бектөбе – ортағасырлық қаланың орны. Тараз қаласынан батысқа қарай 16 км жерде Аса өзенінің жағалауында 1938 ж. А.Н. Бернштам басқарған Жамбыл археологиялық экспедициясы зерттеген. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, Бектөбе – ортағасырлық Жувиқат қаласының орны, Әбу-л-Арадж ибн Жафардың жазбаларында Жувиқат Шавғар мен Тараздың аралығында орналасқан делінген.

Археологиялық барлау нәтижесі төбенің жоғарғы қабатынан жиналған заттар мен деректер оның VII-XII ғғ. аралығында болғанын атап көрсетеді.

Биназартөбе мекені – Талас ауданы, Бостандық ауылының оңтүстігіне қарай 10 шақырым [2.].

Гүлшара – ортағасырлық қалашық орны. Мойынқұм ауданы, Ынталы ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 14 км жерде, Шу өзенінің ескі арнасының оң жағасында [17. 2-36.].

Дех Нади – Шу мен Талас өңіріндегі ортағасырлық қала. Ортағасырлық араб тарихшысы Әл-Макдисидің жасаған тізбегінде XII ғ. мекендеген, олар егін егумен және мал шаруашылығымен айналысқан Дех Нади Құлан, Табақет, Сус, Челже қалалармен қатар көрсетілген. Зерттеушілер Дех Нади қаласының орны Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Қасқантөбе болса керек деген.

Дөкей қалашығы – X-XII ғғ. 4 км Меркі ауданынан оңтүстікке Түзу Сұрат шатқалының бастауынан 0, 5 км бері, Сұрат өңірінің сол жағында [17. 14-15 б.].

Жайлаутөбе – көне қала (I-V ғғ.) орны. Байзақ ауданы, Ақжар ауылы маңында орналасқан [45. 234 б.].

Жайтөбе қаласы – ерте ортағасырлық қала орны. Байзақ ауданы Төрткөл ауылының шетінен табылған. Қарасу өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан [7].

Жалпақтөбе қаласы – VI-XII ғғ. Жамбыл ауданы, Жалпақтөбе ауылының аймағында орналасқан. Әл-Макдисидің қаланы Тараздан адам дауысы естілетін жерде орналасқан «кішкентай қалашық» деп сипаттаған. Жалпақтөбе мен Жикилдің тепе-тең теңестірілуін Т. Н. Сенигова мен К.М. Байпақов та құптады [42; 21].

Төрткүл қалашығы – VIII-XVI ғғ. Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылының оңтүстік-батысында 5 км жерде, Шу өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Түймекент қалашығы – VI-XII ғғ. тән. Байзақ ауданы, Түймекент ауылының оңтүстік-шығыс шетінде, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Түймекент VII-XII ғғ. тұрғызылған қала болғанға ұқсайды [11; 6].

Тыңқұдық қалашығы – Мойынқұм ауданы, Қызылотау ауылынан (Амангелді кеңшары) солтүстікке қарай 8 км, Орта-Ақтөбе қалашығынан солтүстікке қарай 5 км жерде орналасқан [16. 32-34 б.].

Шақпақ ата қаласы – X-XIII ғғ. Жуалы ауданы, Шақпақ ата (б. Кременевка) ауылынан батысқа қарай 7 шақырым жердегі Құлансай шатқалының шыға берісіне таяу орналасқан [2. №105].

Шар қалашығы – X-XIV ғғ. Мойынқұм ауданынан солтүстікке қарай 6 км, Қойшыман қалашығынан шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан [17. 6-12б.].

Шаруашылық қалашығы – VII-XIII ғғ. Сәду Шәкіров елді мекенінен солтүстік-шығысқа қарай 8 км жерде орналасқан. 1949 ж. Л. И. Ремпель, 1980 жылы Қ. Байбосыновтың жетекшілігімен зерттелді [40; 8].

Шеңгелді қалашығы – X-XII ғғ. Мойынқұм ауданынан шығысқа қарай 12 км, Шу өзенінің ескі арнасының сол жағалауында орналасқан [45. 549б.].

Шекетөбе қалашығы – IX-XII ғғ. Байзақ ауданы, Дикан (б. Киров) ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4-5 км жерде орналасқан [2. №446].

Ынталы қалашығы – X-XII ғғ. Мойынқұм ауданынан солтүстік-шығысқа қарай 6, 5 км, Жүндітөбе қалашығынан батысқа қарай 0, 4 км жерде орналасқан [16. 43 б.].

Ыстөбе қалашығы – X-XII ғғ. Мойынқұм ауданынан солтүстікке қарай 6 км жерде орналасқан [2. 43б.].

Жуантөбе – ортағасырлық қалашық. Жамбыл ауданы, Шөлтөбенің солтүстік батысында, Аса өзенінің оң жағында орналасқан. Онда 1983-1984 жж. археологиялық экспедицияның зерттеу жұмыстарынан табылған материалдарға қарағанда, Жуантөбе қалашығын халық VII-XII ғғ. мекендеген. Олар егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Қазір қаланың орталық бөлігінде осы заманғы зират орналасқан [45. 275 б.].

Бұл сияқты археологикалық деректер қатарына мына төмендегі атаулар да тән.

Олар: Атбайлар қалашығы (X-XII ғғ.), Жетітөбе қалашығы (X-XII ғғ.), Жүндітөбе, Зәуірбектөбе (VII-IX ғғ.), Кентарал қалашығы (VII-XII ғғ.), Көктөбе қалашығы (X-XII ғғ.), Күделі I, II қалашығы (X-XII ғғ.), Көктөбе қалашығы (X-XII ғғ.), Күлтабан (X-XIV ғғ.), Қақпатас қалашығы (X-XII ғғ.) Қамысшы қалашығы



(VII-XIV ғғ.), Қаратөбе қалашығы (X-XII ғғ.), Қаракөмер қалашығы (VII-XII ғғ.), Қойшыман қалашығы (X-XIV ғғ.), Қорағаты (X-XII ғғ.), Қорғаншы қалашығы (X-XII ғғ.), Қызылқорған (X-XII ғғ.), Қырықкүмбез (Төрткөл) қалашығы (IX-XII ғғ.), Майбұлақ қалашығы (X-XII ғғ.) Мүрделітөбе қаласы (VIII-XII ғғ.), Орта-Ақтөбе қалашығы (VIII-XII ғғ.), Ортағасырлық Бектөбе қалашығы (VII-XII ғғ.), Өрнек қаласы (VIII-XII ғғ.), Саудакент (IX-XV ғғ.) Сыпатай қалашығы (X-XII ғғ.), Тастөбе қалашығы (X-XII ғғ.), Төрткөлтөбе қалашығы (VII-XIII ғғ.), Төрткөлтөбе қалашығы (VII-XIII ғғ.) т.б.

Сонымен жоғарыдағы облыс жерінде орналасу ерекшелігіне қарай талдау жасалған ортағасырлық қала, қалашық, бекініс атауларының көне түркі және байырғы қазақ тілдерінен жасалғанын аңғардық. Бірақ кейбір атаулардың мағынасы күңгірт. Дегенмен де бұл көрсетілген ойконимдер көне қазақ тілдерінен, сол кезеңдердегі қазақтың көрнекті ірі тайпаларының тілінен жасалғанын, олардың осы қалалар мен шекараларда тіршілік еткенін байқадық. Бұл – біздің қазақ халқының арғы аталары отырықшылық тұрмыста өмір сүргенін айқындайтын нақты дәлел. Бұл ойконимдер тілдік негізі жағынан да, жасалу нұсқасы бойынша да қазіргі қазақ тіліне жақын. Ортағасырлық ойконимдер қатарына жататын атаулардың кейбіреулері қазіргі кезде мүлдем жойылып, аталмай кеткен.

Қорыта айтқанда, қалалардың сауда жолының бойында орналасуы, оның аймағындағы қалалардың да дамуына үлкен әсерін тигізген. X-XII ғғ. қалада болған саяхатшылардың деректеріне қарағанда, 200-ден астам қыстақ-кенттер мен қалашықтар Тараздың төңірегінде қайнаған өмірдің орталығына айналған. Мұнан көрінетін жағдай, өндіргіш күштің дамуы тек орталық Таразда ғана өсіп қоймай, оған серіктес – Атлах, Барсхан, Төменгі Барсхан, Ақтөбе, Түймекент, Төрткөл, Жувикат, Жикил және т.б. аттары белгісіз төбе болып жатқан қалаларда да әлеуметтік-экономикалық даму қарқынды жүріп жатқан.

ЖАҢА ДӘУІР ОЙКОНИМДЕРІ

(XVI-XIX ғғ.)

XIV-XV ғғ. Моғолстан мемлекетінің тұсында қазақ этносы қалыптасты. Қазақстан территориясында өткен экономикалық және этносаяси процестердің заңды нәтижесі Қазақ хандығының құрылуы болды. Бұл кезеңнің оқиғаларын сипаттайтын жазбаша деректерді талдау негізінде тарихшылар қазақ хандығы құрылған кезді 1456-1460 жж. жатқызды [9. 110б.]. Оның орталығы Шу алқабында, Қозыбасы деген жерде болған.

Қазақ хандары биліктерінің Сырдария өңірінің оңтүстік бөлігіне тарауы олардың Моғолстан әміршілерімен, содан кейін Мауреннахр мен Түркістандағы саяси билеп-төстеушілік үшін болған ұзаққа созылған қиян-кескі ұрыстардың нәтижесі болды.

1512 ж. қазақтардың жоғарғы басшысы Қасым хан (1511-1521 жылдары) Сырдария бойындағы қалаларды алып, Орта Азиялық шейбанит- әміршілеріне

қарсы бірнеше сәтті әскери жорықтар жасап, Шу мен Талас өзендерінің алқаптарындағы қалаларды өз қол астына қаратады.

Талас алқабына Қазақ хандығының жоғарғы басшыларының юрисдикцияларының қарауындағы жаңа кезең Тәуекел ханның билікке келіп, Сырдария бойындағы қалалардың барлығы оның қол астына өткендігі туралы өзара келісімге қол қойылады.

XVII ғ. басында Шу-Талас өзендерінің аралықтарындағы қалалар қазақ хандығының бір айырылмас бөлігіне айналды және жүз жылдай уақыт бойы оның әлеуметтік – экономикалық және саяси өмірінде ерекше маңызға ие болды.

XVII ғ. екінші он жылдығында Қазақ хандығының шекара маңындағы аудандарына көрші Жоңғар хандығы (1635-1756 жж.) билеушілерінің қызығушылығын тудырды.

1723-1725 жж. жоңғар шапқыншылығы қазақ жерін ауыр қайғыға ұшыратты. Бұл қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталынды. Шу, Талас өзен аралығының территориясын Оңтүстік Қазақстанның басқа да аудандары сияқты жоңғар әскерлерімен басып алынды. Ондағы көшпенді қазақ рулары өзінің құнарлы қоныстарын, тастап, Орта Азияға: Ташкенттен асып Ходжентке, Қаратөгі мен Ферғана аудандарына, Самарқандқа көшуге мәжбүр болды. Бұл амалсыз қашу, үдере қоныс аудару, қайғылы сергелден тарихы сол заманда туған белгілі «Елім-ай» әнімен мәңгілік есте қалды.

Шу, Талас өзен аралықтарының аймақтарында жоңғарларға қарсы ұрыстарды қазақ жасақтары Кіші жүз ханы Әбілхайырдың (1710-1748 жж.) басшылығымен 1728-1730 жж. жүргізді. Сөйтіп, 1731 ж. оның отрядтары жоңғарларды осы аймақтан күшпенен ығыстырды. Шу, Талас өзені аралықтарындағы қазақ хандарының орнығып, билік құруы Қытайдың Жоңғарияны жаулап алуынан кейін ғана мүмкін болды.

Ұзаққа созылған Жоңғар шапқыншылығының зардаптары ғасырлар бойы қалыптасқан жергілікті топонимикалық атауларға кері әсерін тигізбей қоймады. Басымен қайғы болып кеткен халықтың елді мекен, жер, су, тау т.б. аттарының көбісі күшпенен өзгертіліп, қазақтардың территориясын болашақ билеп-төстеуге перспективалық дайындық жасалады.

Жоқшылыққа ұшыратқан жоңғар шапқыншылығынан, феодалдық бытыраңқылықтардан кейін, өзара қырқысулардан кейін Тараздың қираған орындарында XVII-XVIII ғғ. өте мардымсыз аймақ орныққанға ұқсайды. Не де болса, осы кездің деректері сақталған шағын жер Шахристанның [16. 12т. 201б.] оңтүстік батыс бұрышында болған.

1815-1858 жж. Талас алқабының біраз бөлігі жаулап алудың нәтижесінде Қоқан хандығының құрамына кірді. Өз иеліктерін көшпенді-қазақтар мен қырғыздардан қорғау үшін және жаулап алынған жерлердегі елді мекендер мен сауда жолдардарына бақылау қою үшін, Қоқан әміршілері Мерке, Тараз, Саудакент және басқа ежелгі қалалардың қираған орындарында қамалдар мен шағын бекіністер тұрғызған.

Тараздың қираған орнына бекініс пен кейінірек «Әулиеата» деген мазардың орны болған Наманған-Көше елді мекені құрылған.

Сібірден Батыс Қытай мен Орта Азияға баратын керуен жолдарының қиылысында тұрған Әулиеата қаласы Оңтүстік Қазақстан тұрғындары үшін аса



маңызды сауда – экономикалық мәнге ие болды. Ол Ресейлік және шығыстық көпестерге транзиттік сауда бекеті болған.

XIX ғ. 40-50 ж. Шу – Талас өзен аралығын қоныстанған қазақтар бірнеше рет қолдарына қару алып, Қоқан хандығына қарсы көтеріліске шықты. Кенесары Қасымовтың қазақ жерлерінің Солтүстік және Орталық бөліктеріндегі ресейлік отаршылдыққа, қоқан экспансиясына қарсы (1846-1847) күреске Ұлы жүздің батырлары Байсейіт Тойшыбекұлы, Байзақ-датқа Мәмбетұлы (1789-1864), Жәуке, Сұраншы, Сыпатай Әлібекұлы (1781-1868) және тағы басқалары қосылды [18. 347б.].

XIX ғ. 60-жылдары – Ресейдің қазақ жерлерінің оңтүстігіндегі ықпалын жүргізіп отырған Қоқан хандығына қарсы пәрменді күресінің кезеңі. 1863 ж. қарсылықсыз Қоқан бекінісін иеленді. Ал 1864 ж. шабуылмен Әулиеата қаласы қоршауға алынады. Бұл әскери соғыстың нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік жерлері Шу – Талас өзендерінің аралығын қоса есептегенде, Ресей империясының ықпалына көшеді.

Қоқан кезеңі бұрыннан көптеп салынған бекініс құрылыстарымен байланысты. Бекіністер ескі, жартылай қираған қалалар мен Қоқан иеліктерінің солтүстік-батыс шекараларындағы керуен және мал айдайтын жолдардағы төмен түскен қамалдардың орындарында тұрғызылады, ал бекіністердің жанына отырықшы диқаншылар қоныстанады.

Бекіністердің ішіндегі ең ірісі Әулиеата бекінісі болды. Қаланың қазіргі заманғы үлгісіне орта ғасырдағыға сәйкес келетін Қоқан бекінісі кескіндерінің іздерін байқауға болады. Бізге дейін жеткендері – Мирки (Меркі ауд.), Көккесене (Сарысу ауд.), Жаңақорған, Қызылқорған (Талас ауд.), Төле би ауылына жақын маңдағы Үшқорған бекіністерінің іздері.

Қоқандықтар сауда жолдарына бақылау жасап, ірі ауылдық жерлерде базарлар (Меркі, Наманган-Көше) салды. Қарахан мазарының (XII ғ.) қираған орнында сол бойы сақталмаған екі мұнаралы, күмбезді, жаңа ғимарттарын салады. 1856 ж. бастап Әулиеата қала болып есептеледі. Тараз қаласын суландырудағы кейбір канал аттары әлі күнге дейін сақталған. Мысалы: Қанғалы, Аққойлы, Түйте т.б. атаулары сақталған.

Жетісудың XIX ғ. 60-жылдары Ресейге бірігуінен Қоқан бекіністері қираған жоқ, «форштадт» түріндегі әскерилер қоныстанған шекаралық бекіністерге айналды. Бекініс қабырғаларының жанында «орыстық» деп аталған слободкалар (әскерилердің уақытша мекені) пайда бола бастады. Орыстардың келуіне орай, 1864 ж. Әулиеата қаласында 2, 5 мыңға жуық тұрғындар мен қоқан гарнизонының 1 мыңнан астам әскери қызметкерлері тұрады.

1865 ж. Әулиеата қатар тұрған елді мекенімен Орынбор генерал-губернаторлығы Түркістан облысының, содан кейін 1867 ж. Түркістан генерал-губернаторлығымен әкімшілік орталығы Ташкент қаласы болып бекітілген Сырдария облысының құрамына кірді. Облыс өзіне Әмудария бөлімшесін, төрт уезд, сондай-ақ орталығы Әулиеата қаласы болған Әулиеата уезін қосып алады.

XIX ғ. 70-90-жылдары Ресейдің еуропалық бөлігінен алғашқы келімсектер келе бастайды. 1881 ж. патша үкіметі мен шаруаларды империяның ішкі аймақтарынан

қоныс аудару туралы Уақытша Ереже, ал 1889 жылы ауылдық жерлердегі жергілікті адамдардың өз еркімен қоныс аударуы туралы Заң қабылданады.

1887 ж. Сырдария облысындағы келімсек – шаруалардың саны 12 мың адамға жетті, олардың 8 мыңы Әулиеата уезінде болды [19. 45б.].

XIX ғ. 80-жылының соңына қарай Әулиеата уезінде қоныс аударғандардың 25 елді мекені пайда болады. Олардың санатында: Қарабалта, Дмитриевка, Шалдовар, Андреевка, Сарыкемер, Кешірек – Михайловское (Сарыкемер), Меркенское, Головачевка (Айшабибі), Кузьминка (Сарымолдаев), Бурное, Гродеково, Георгиевка (Қордай), Ровное (Бурыл), Луговое (Құлтан), Подгорное (Құмарык), Каменка (Қарақыстақ) және т.б. болды.

Жаңадан қоныстанған елді мекендер, пошта жолдарына айналған ескі керуен жолдарының өн бойына, бос жерлерге немесе жергілікті отырықшы тұрғындардың қоныстарының қастарына орналастырылады.

Өндірістің, ауыл шаруашылығы өнімдері мен сауданың өсуіне байланысты Әулие-Ата қаласы көлемді-кеңістіктік және сәулеттік-жоспарлау құрылымдары жағынан өзгере бастайды. Қаланың 1878 ж. дейін жоспары болмаған. XIX ғ. соңы XX ғ. басына қарай бекіністің солтүстік-батыс бағытындағы бос жерлерде бір қалыпты жоспарлаудың кварталдары пайда бола бастайды. Қаланың жаңа бөлігі Ресейдің шет қалаларының түріне сәйкестендірілді соған байланысты уезд мескемелері, сауда дүкендері, шенеуніктер мен көпестердің тұрғын үйлері бар бір қабақты еуропалық үлгіде салынып, жасыл желекке көмкерілген жаңа көшелер пайда бола бастаған.

Жамбыл облысының Сарыкемер ойконимі туралы айтсақ, ол XVII ғ. бас кезінде сонау жоңғар шапқыншылығы дәуірінде-ақ жұртшылыққа белгілі болған. Өйткені, сол кезеңнің ел өміріндегі оқиғаларын баяндайтын мұрағат (архив) құжаттары да осы болжамнан алыс кетпейді.

Ташкенттегі Орта Азия университетінің кітапханасында Ресейдің археологиялық-этнографиялық экспедициясын басқарған ротмистр Н.А. Петровтың 1791 ж. жазған зерттеулеріне арналған папканың сыртқы бетінде «№117-61220 Материалы Таласской долины и устные сказания очевидцев» деген зерттеу тақырыбының аты жазылған. Онда Байзақ датқаның әкесі Мәмбет датқаның батыр тұлғасы туралы жан-жақты баяндалған және оның өсіп-өнген әулетінде қалыптасқан қазқтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайында да аса құнды деректер жинақталған. Әсіресе, Мәмбет датқаның жаз жайлауы Талас өзенінің жағасындағы Сарыкемер елді мекенін айнала қоршап жатқан малға жайлы, шөбі шүйгін, суы мол, кең жайылымдар болғаны ерекше айтылған.

Күнбасұлы Мәмбет батыр (1710 ж. – өлген жылы белгісіз) Байзақ датқаның (1789-1864 жж.) әкесі, Абылай ханның үзеңгілес жолдасы, құрдасы, жаугершіліктердегі ақылшысы. Абылай сұлтанды жоңғар қонтайшысы Галдан Цереннің жиен інісі Шырышты жекпе-жекте өлтіргені үшін тұтқындап, жылдан аса зынданға отырғызғанда, Төле бидің ұйғаруымен оны босатуға жіберілген елшілердің ішінде Мәмбет батыр да болды. Оның сүйегі Талас өзенінің бойындағы Тектұрмаста жатыр [2. 151 б.].



Ол жоңғарлар қиратқан Тараз қаласының тып-типтыл орнына Қарахан мазарының жанынан алғаш рет төрт там (үй) салып, Әулиеата атанған қаланың негізін баласы Байзақпен бірге қалаған.

Егер орыс этнографы Н.А. Петровтың зерттеулерін негізге алсақ, Сарыкемер елді мекені XVII ғ. басында, яғни Мәмбет датқа өмір сүрген дәуірде қалыптасып, іргесі бекінгені ешқандай дау тудырмаса керек.

Ойконимнің «Сарыкемер» аталу тарихына тоқталайық. Ертеректе Талас өңірінде қазіргідей егіншілік кәсібі кеңінен дами қоймағандықтан суға деген сұраныс аз болғандықтан, өзен табиғи арнасынан асып, кез-келген жерде кемерлеп, жеміріп жатқан. Әсіресе, «қызғалдақ тасу», «қара құйрық тасу» дейтін Таластың тасулары малға да, жанға да өте қауіпті болған. Сондай шақта су деңгейі күрт көтеріліп, секунднына мөлшері 100-150 текше метрге дейін жеткен. Мұнша көп тасқын судың дүлей күші өзен жағасын опыра кеміріп, биік-биік жарқабақты эп-сәтте «жайпай» салатын. Сол жарқабақтар сонау бір замандардан бері тасқын судың күшімен біріне-бірі ұласып, Сарыкемердің шығыс жағын тұтас бір кемерге айналдырып алған. Ендеше «Сарыкемер» деген атау сол сары топырақты кемерге байланысты аталуы шындыққа жанасады. Өйткені, қазақта елді мекендерді жер, судың, сай-саланың атымен атайтын ежелден қалыптасқан дәстүр бар. Сондай-ақ бұған дәлел ретінде «Қазақ Совет энциклопедиясында» Михайловка (Сарыкемер) туралы мынадай дерек бар: «Михайловка – Свердлов (қазіргі Байзақ ауданы) ауданының орталығы, ауыл. Жамбыл (Тараз) қаласының солтүстік-шығысында (16 км) Талас өзенінің жағасына орналасқан. Селоның алғашқы аты – «Сарыкемер». Кейіннен «Шардара», 1880 жылдан «Михайловка» болды», – делінген [16. 8т. 70 б.].

«Михайловка» атауы патша үкіметінің жарлығы бойынша орталық Ресейден көшіріп әкелген «переселендердің» бірінің фамилиясы болған. Бұл атау жүз алтты жылдай өмір сүрген. Ал «Сарыкемер» атауы болса, ол «Михайловкадан» кемінде 100-150 жыл бұрын тарихи қалыптасқан, бәлкім одан да ертеректен келе жатқан жергілікті халықтың елді мекені болғандығы даусыз шындық. Бүгінде тарихи шындық қайтадан қалпына келтірілді. Әрине, бұл ең алдымен, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болуы мұрындық болды.

Талас өзенінің бойына адамдар ертеден орын тепкен. Талас өзені Қырғызстан Республикасындағы Қаракөл мен Үшқанай өзендерінен бастау алады. Талас өзенінің суы алқап, егіндерге жайылып, ақыры Мойынқұм шөліне сіңіп жоқ болады. Бұл өңірге адамдардың ертеден қоныс тепкенінің дәлелі ретінде қазірге дейін сақталған елді мекендер: Жайлаутөбе, Қостөбе, Құрманбай төбе және т.б. дәлел бола алады.

1872 ж. Кочериндер, Ивановтар, Гончаровтар, Лукашовтар т.б. Сарыкемер ауылына алғаш келіп қоныстанып, өз аттарын жергілікті мекен жайларға бергендер.

Алғашқы мекен, тұрақтар қазірге дейін сақталмаған. Тұрғын үйлердің жартысын өзен суы шайып кеткен. Сол кезде Талас өзенінің суы кемерінен асып жатағын еді. Талас өзені тұрғындарға қауіп-қатер төндіргеннен кейін, олар өзен жағасынан алшақ қоныстануға мәжбүр болған және қайтадан тұрғын үйлер салуды жүзеге асырған. Осы екінші рет қоныстанғанның нәтижесінде тұрғызылған кейбір үйлер күні бүгінге дейін сақталған.

Осы орайда орыс тіліндегі атаулардың қазақ жерінде пайда бола бастауы XVIII ғ. I жартысынан басталып, XIX ғ. II жартысының аяғына дейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударып, тұрақтауымен тікелей байланысты болды. Бұл кезеңдерде қазақ жерін тұтастай отарлаған патшалық Ресей тарапынан мыңдаған елді мекен аттары орыс сөздерінен не орыс есімдерінен қойылып отырды. Бұл Кеңес дәуірінде кеңірек етек алып, үдей түсті. Қазақ жеріне орыс келімсектерінің ағыла келуі салдарынан жүздеген, мыңдаған тарихи ұлттық атаулар жойылып, олар жаңа атауларды иеленді. Әсіресе, 1954 ж. тың және тыңайған жерлерді игеру саясатына байланысты Ресей, Украин, Белорусия жерлерінен көшіп келген миллиондаған славян тектес ұлттар өздері қоныстанып, мекендеген жерлеріне өз аттарына қойып отырды. Дәл осы кезеңде қызыл империяның орыстандыру саясаты аса аярлықпен жүзеге асырылып, өз жерінде титулды қазақ ұлтының ара салмағы 29%-ға дейін төмендеген-ді. Осындай халге жеткен халықтың патриоттық сезімге күш беретін топонимикасында шаруасы да болмады. Халықтардың сіңісіп, үлкен ұлттың кіші этностарды жұтып қою қаупі төнді. Жоғарыда айтып өткендей қазақ ойконимдері құрамында басқа тілден енген ойконимдер ішіндегі ең көлемдісі орыс ойконимдері болып табылады. Бұл тілден енген елді мекен атаулары XVII ғ. басынан бастап, қазақ халқымен қарым-қатынас жасау нәтижесінде ене бастады. Бұл жайлы М. Мырзахметұлының «Түркістанда туған ойлар» [20] кітабынан біраз мәліметтер алуға болады. Онда М. Мырзахметұлы орыс тілінен енген ойконимдерді тарих үрдісіне сәйкестендіріп, жіктейді.

XIX ғ. Ресейден орыстар келіп, қазақ жерін қоныстануына байланысты елді мекендер бой көтеріп, жаңа атаулар пайда бола бастағаны туралы жоғарыда айтылды. Бұл мәселенің өзіндік астарлы, саяси сыры да жоқ емес еді.

Ерте орта ғасыр, орта ғасырдан бері келе жатқан атау – Меркі ойконимі. Меркі ойконимі туралы біз жұмысымыздың әрбір бөлімінде өзінің дәуір сүрген жылдарына сай сипаттама беріп отырғандықтан, бұл бөлімде Меркі ойконимінің жаңа дәуірлік тарихи кезеңдері туралы айтамыз.

XIX ғ. 50-жылдардың аяғынан Оңтүстік Қазақстанның жер аумағы Ресей империясының геосаяси шеңберіне қарқынды түрде тартыла бастайды. 1864 ж. көктемде орыс әскері Меркі бекінісін ұрыссыз басып алды. Ресейдің бүкіл Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуына байланысты өлкедегі өзге де елді мекендер сияқты Меркі де Ресей империясының әкімшілік-жер жүйесіне кіргізілген. Меркі жаңадан құрылған Сырдария облысы Әулиеата уезінің құрамында осы аттас болыстың орталығы болды. Бұл XIX ғ. 80-жылдардың ортасына дейін жергілікті отырықшы тұрғындар – дихандар мен колөнершілер өмір сүрген, 170 үйден тұратын шағын елді мекен болған.

Аграрлық қоныс аудару қозғалысының күшеюі нәтижесінде Оңтүстік Қазақстандағы дихандар елді мекенімен жапсарлас 1885 ж. Ресейдің еуропалық бөлігінен келген орыс қоныс аударушыларының Меркі ауылы негіз тепкен.

Қазіргі Меркі аумағы сақтар мен үйсіндердің көне қонысы ретінде қалыптасып, өз тіршілігін XIII ғ. аяқтаған. Онда VII-XIII ғғ. ортағасырлық қалашықтың іздері де сақталған. XIX ғ. соңынан бастап қалашықта археологиялық зерттеулер жүргізіле



бастады. Оларды 1893-94 жж. – В.В. Бартольд, 1930 ж. А.Н. Бернштам, 1964-1980 жж. Қ. М. Байпақов жүргізген [7. 8. 6].

Сайып келгенде, қазақ даласы алапат иірімдерді басынан кешірді. Біріншісі, жоңғар қалмақтарының ғасырға жуық көрсеткен азапты соғысы халықты жадынан адастыру үшін біраз атауларды өзгертуге тырысты. Екіншісі, Ресей империясының отарлау саясаты аярлықпен жүргізіліп, қазақ даласын өз меншігіне түбегейлі айналдыруды ойлап, тарихи қалыптасқан ойконимикалық атауларды барынша ауыстырды. Ал жаңа елді мекендердің аттарын Орталық Ресейден келген келімсектердің атынан қойып, қазақтарды этнос ретінде тарих сахнасынан біржола ығыстыруды түпкі мақсат ретінде қарастырды. Ол тарихи сынақтардан өткен орыстандыру саясаты еді. Осы мақсатты империя өзінің құйтұртқы саясатын күшпенен көбінесе адамдар байқай бермейтін нәзік саяси іс-әрекеттермен іс жүзіне асырып отырды. Бұл мәселелердің оң шешілуі еліміздің егемендігін алғаннан кейін ғана қайта қалпына келтірілуі қолға алына бастады.

XX Ғ. ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОЙКОНИМДЕР (1900 жылдан)

Қазан төңкерісінен кейін Әулиеата уезінде де Түркістан өлкесіндегідей 1917 ж. Кеңестік өкімет орнап, жаңа Кеңестік мемлекеттік үкімет органдары құрыла бастайды.

1924 ж. Орта Азияның ұлттық межеленіп бөлінуінің нәтижесінде Сырдария облысы Әулиеата уезімен бірге Қазақ Автономиялы республикасының құрамына енеді. Облыс губерния болып, 1928 ж. уезд орталығы Әулиеата болып, ол өндірістік және мәдени орталыққа айнала бастайды. 1926 ж. қала болған Әулиеата ауданы болып қайта құрылды.

1936 ж. Әулие-Ата қаласы Мирзоян қаласы болып, Әулиеата ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысының Мирзоян ауданы болып өзгертілді. 1938 ж. бастап қала халық ақыны – Жамбылдың есімімен аталды. 1939 ж. Жамбыл облысы құрылды [11. 125 б.].

1939 ж. бастап осы кезеңге дейінгі мерзімде Жамбыл облысы болып қала берді. Бүкіл Қазақстан Республикасының басынан сан қилы ономастикалық өзгерістер өтті. Бұл ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ойконимдер (жер, су, елді мекен) және тарихи, мәдени ескерткіштер «саясиланған» идеологиялық ойконимдермен ауыстырылады.

Ғалым М. Мырзахметұлы осы мәселеленің астарын жіті байқап, «Қазақ қалай орыстандырылды?» кітабында қазақ топонимдерін үш түрге: халықтық, отаршылдық, тоталитарлық деп бөледі. «Халықтық топонимика деп, негізінен, қай жер, қай халықты алып қарасақ та, онда қолданылатын жер атауларын сол жерді мәңгілікке жайлап келген автохтонды халықтың авторлығымен қойылып қалыптасқан елді мекен, жер атауларын ұғынамыз. Бұлар ғасырлар өткен сайын мүлде тұрақтанып, халықтың тарихи есін қорландырап елеулі рухани

байлығына айналып отырады. Отаршылдық топонимдер – халықтық елді мекен, жер атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық-зомбылық ықпалымен қалыптасқан түрлі қабаттарына (қытай, парсы, грек, араб, монғол, қалмақ, орыс) назар аударсақ немесе ол парактардың сырына қансақ, әрқилы басқыншылық, жаулап алушылықтан келіп туындаған отаршылдықтың қанды іздерін, зорлық-зомбылықтың таңбаларын байқаймыз», – деп атап көрсетеді.

Сондай-ақ бұл жөнінде басқа да көптеген ғалымдарымыз Ә. Қайдаров, Т. Жанұзақ, Е.А. Керімбаев, Қ. Рысбергенова және т.б. өз пікірлерін білдіреді. Жамбыл облысындағы Ленин (Меркі ауд.), Ильич (Жамбыл ауд.), Калинин (Т. Рысқұлов /б. Луговой/ ауд.), Политотдел (Байзақ /б. Свердлов/ ауд.), Совтрактор (Жамбыл ауд.), Большевик (Меркі ауд.), Коммунар (Сарысу ауд.), Красная звезда (Жамбыл ауд.), Нововоскресеновка (Меркі ауд.), Краснооктябрьский (Меркі ауд.) және т.б. ойконимдер нақты сол кездегі саяси болмыстың іс-әрекетінен туған нәтижелер. Біз білетін дәуірдің идеологиялық мақсаты – сол кездегі ойконимдерге өз салқынын тигізбей қоймады.

Байқап отырғанымыздай, Қазан төңкерісінен кейін ойконимдерді империялық дәстүрде одан ары қарай өзгерту жалғастырылып, тереңдей түсті. Былайша айтқанда, большевизм идеясын насихаттайтын жаңа идеологиялық ойконимдер қаптап қолданысқа ене бастады, оның ішінде Орталық большевиктік (коммунистік) партия қайраткерлерінің құрметіне қойылған ойконимдер кеңінен етек алды. Бұл процесс 1954 ж. кейін (тың игеру барысында) бірыңғай бұрмаланған жаңа ойконимдер тіпті көбейді. (Мұны Қ. Рысбергенова өз еңбектерінде [13] толығынан сараптайды).

Зерттеп отырған тақырыбымызға байланысты бұл процесс Жамбыл облысында да өз жалғасын тапқан. Облыстық архив материалдарына [9; 14.] жүгінсек, 1920–1936 жж. дейін Қазақстанның әкімшілік-территориялық бөліну көрінісі төмендегідей:

Сыр-Дария облысы 1921 ж. Түркістан республикасының құрамына кіріп, 7 уезден тұрды. Әулие-Ата (27 болыс), Қазалы (22 болыс), Перовский (Ақ мешіт – 23 болыс), Ташкент (29 болыс), Түркістан (17 болыс), Чимкент (Черняевский – 21 болыс), Мырзашөл (9 болыс). Сыр-Дария облысының орталығы – Ташкент қаласы болды.

1924 ж. ЦК РКП(б) қаулысымен ұлттық межелеудің нәтижесінде Орта Азияда Совет республикалары құрылды. (1922 ж. ЦИК-тің 2 сессиясында бекітілді).

Қазақстан территориясындағы Сырдария облысының құрамына: Әулие-Ата (25 болыс), Ақ мешіт, Казалинск, Түркістан, Чимкент уездері кірді. Сонымен қатар оған Ташкент уезінен 10 болыс, Мырзашөл уезінен 2 болыс, Самарқан облысынан 6 болыс кірді.

1924 ж. Сырдария облысы губерния болып өзгертілді. Орта Азия республикаларын ұлттық межелеудің нәтижесінде Сырдария облысы ҚазАССР-дің құрамына енді. 1924 ж. Сырдария губерниясының орталығы – Чимкент (Шымкент) қаласы болып бекітілді.



1924 ж. ҚазАССР құрамына Ташкент, Мырзашөл уездері және Самарқанд облысының бірнеше болыстарының кіруіне байланысты 17 болысы бар Таш Казакский уезі құрылды.

1928 ж. Сырдария губерниясы жойылып, оның орнына Сырдария мен Қызыл-Орда округтері құрылды. (1928 ж. ВЦИК бекітті).

Сырдария округінің құрамына Әулие-Ата уезі (орталығы – Әулие-Ата қаласы) кіріп, оның құрамына Аққолтық ауылын – № 3 ауыл деп, Аспара ауылын – с. Кузьминка деп, Баутерек ауылын – № 2 ауыл деп, Аса ауылын – №9 ауыл деп, Жуалы ауылын – с. Бурное деп және т.б. ұзын саны елуге (50) жуық ойконимдер жаңа саясаттың талабына сай өзгертілген.

Әрі қарай Әулие-Ата уезіне қарайтын елді мекен атаулары келтірілген. (Толық мәліметті дереккөзден қараңыз. Гос. архив Жамбылской области, город Жамбыл (Тараз). Справочник по истории административно-территориального деления Жамбылской области (1939-1994 гг.) /Жамбыл. 1995 жыл. 55 б. /)

Архив материалдарынан көріп отырғанымыздай, сол кезеңдегі ойконимдердің өзгеруі мен Жамбыл облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің бірнеше сапырылыстарды басынан өткізгендігін аңғарамыз. Сонымен бірге зерттеу барысында іздестірген материалдарымыздың барлығын тек ғана орыс тілінде кездестірдік.

Ал кейбір ойконимдеріміз халық жадынан жойылмай, қолданыста болып сақталып қалған. Мәселен, Аса, Әулие Ата, Қарабастау, Аспара, Алмалы, Жайылған, Жетіген, Меркі т.б.

Сол ежелгі заманнан бері сақталып келе жатқан ойконимдердің бірі – Меркі 1933 ж. бері ауданның әкімшілік орталығы. Тараз қаласының шығысында 163 км жерде, Қырғыз Алатауының баурайында, Алматы–Бішкек–Ташкент автомагистраль жолының бойында орналасқан.

Тәуелсіз тарихымызды кескіндесек, 1990 ж. 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы Декларацияның жариялағандығы белгілі. Шын мәніндегі тәуелсіздікті жариялау үшін әлі бір жылдан астам уақыт қажет болды. 25 қазанды Республика күні деп айтатын себебіміз, Орталыққа бағынышты Қазақстандағы өнімнің 90 пайызын беретін ірі өндіріс орындары мен жер астындағы байлықтар халқымыздың игілігіне қайтарылды. Алайда, Орталық басқа республикалар сияқты Қазақстанды өздерінің тегеурінді уысынан босата қоймаған еді. Сол кезеңде империялық психология аясындағы Ресейдің отарларынан айырылып қалуына жол бергісі келмеген шовинист саясаткерлері ішкі саясатымызға қол сұғып, Қазақстанды бөлшектеуге, тіпті, азамат соғысын тұндырып жіберуге күш салғандығы белгілі. Бұл «Бөлшектеп ал да, билей бер» деген құйтұртқы империялық саясатының сілемдері еді.

Бұл кезеңде болашақ тәуелсіздігіміздің тағдырының қыл үстінде тұрған шақтары аз болмады десек шындықтан алшақтамаймыз. Н. Назарбаев 1991 жылғы августта Мәскеудегі ГКЧП-шілдер бастаған мемлекеттік төңкерістің біздің тәу-

елсіздігіміз үшін аса қауіпті болғанын былай деп еске алады: «ГКЧП-истер сол кездегі Одақтың Президенті М. Горбачевті тағынан тайдырып, тарап бара жатқан Қызыл империяны қалпына келтіру мақсатымен, егемендігін жариялаған одақтас республикаларға мықты шенгелінен ажыратпау үшін қаулыларды бірінен соң бірін пәрменділікпен таратып жатты.

Қазақстан тәуелсіздігінің 1991 ж. 16 желтоқсанда жариялануы шын мәнінде ұлттың басты мерекесі болғанын ол кезде біраз жұрт жете түсіне де алмай қалды. Баз біреулер үшін тәуелсіздік өзінен-өзі оңай келе салған оқиға сияқты көрінді.

1991 ж. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасы үшін Тәуелсіздік күні болып есептелінеді. Бұл халқымыздың үш мың жылдық бостандықты көксеген күресінің жемісі іспеттес еді. Осыдан бастап, бұрынғы ата-бабаларымыздың, яғни халықтық ойконимдердің қайта жаңғыру (ренессанстық) кезеңі басталды деп айтсақ болады. Өз ұлтымыздың материалдық және рухани байлығының қайта оралуы, тарихи, ұлттық және мәдени санамыздың өзгере бастауы ұлттық ономастикаға қозғау салды. Біз бұл мәселе бойынша қазақ зиялы қауымының бастамалары мен тәуелсіздік саяси идеологияның бағыттары тарихи ойконимдерімізді қайта қалпына келтіруге даңғыл жол ашты. Бұл мәселе біздің облысымызда өз жалғасын тапты. Соның бірі ежелгі қаламыз – Тараз. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 8 қаңтардағы Жарлығымен облыс орталығына қаланың тарихи аты – Тараз қайтарылды. Жекелеген елді мекендер мен аудан орталықтары қайта аталды. Жамбыл облысы бойынша бұрынғы тарихи, халықтық ойконимдердің қайта қалпына келтірілгені, жалпы саны он аудан бойынша – 481 ресми атаудың 60-тан астамы, қалғандарының қалпына келтірілуі әлі жалғасуда. Бұл жөніндегі толықтай мәліметті 2005 ж. жарық көрген «Жамбыл облысының елді мекен атаулары» [11.] атты қолданбалы оқу құралынан оқи аласыздар. Осы қайта жаңғырған ойконимдеріміздің этномәдени сипаты мен кумулятивтік қызметінің мәні өте зор. Мұнда халқымыздың тарихы, сана-сезімі, материалдық, рухани мәдениеті, салт-дәстүрі, өзін қоршаған табиғат бейнесі, сұлулығы, халық тілі т.б. толық ашылмай жатқан қадір-қасиеттері мен құпия сырлары жатыр.

Сонымен, қорыта айтсақ, ХХ ғ. басынан бастап, осы Тәуелсіз, Егемен ел болған дәуірге дейінгі тарихи оқиғаларды, Кеңес өкіметінің ұстанған орталықтандырылған астыртын саясатының мәнін толық аңғармадық. Біз, бұл мәселені өз тәуелсіздігімізге қол жеткізген соң ғана түсініп білдік те, жадымыздан өшіп бара жатқан атауларымызды қайта қалпына келтіруді қолға алдық. Жамбыл облысының осы кезеңге дейінгі басынан кешкен тарихи оқиғалары ойконимиядағы лингвистикадан тыс экстралингвистикалық факторлар, яғни қоршаған ортаның көрінісі арқылы ғана емес, сонымен қатар халықтық сана, оның түсініктері, рухани байлығы арқылы іске асып отырады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, әрбір ойконимиялық жүйе әлемдік дамудың тілдік фрагменті түріндегі ойконимиялық әлем бейнесі ретінде сол жердің, халықтың болмысын көрсетеді.



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ОЙКОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮСІНГІ

Біздің жыл санауымыздан бүгінге дейін Жамбыл өңіріндегі елді мекен атауларының астарында тарих көшінің ізі сайрап жатқандығын көруге болады.

Осындай өзекті мәселені ескере отырып, бұл бөлімде Жамбыл облысы ойконимдерінің тілдік сипаттарына тоқталамыз. Негізгі қойған мақсат-міндеттеріміз – Жамбыл облысы ойконимдерінің лексикалық қабаттарына (көне түркі, араб, парсы, орыс тілдік қабат), ойконимдердің жасалу заңдылықтары, фоно-морфологиялық құрылымына, ойконимдердің семантикалық классификациясына, ойконимдердің шығу тегіне тарихи-лингвистикалық түсініктеме беріп, талдау жасау.

Ойконимдерді тілдік тұрғыдан зерттеулер сол атаулардың қойылуында, мағынасында және грамматикалық амалдары жағынан қандай заңдылықтары бар екенін жете түсінуге жол ашады.

Бұл еңбекте сөз етіп отырған мәселемізге сәйкес, Жамбыл облысы ойконимдерінің лексикалық қабаттарын, оны құратын сөздердің лексикалық жүйеде алатын орнын, шығу төркінін, қолданылу ерекшелігін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, сан қилы мәні мен мағынасын зерттеу лексикологиялық бағытта айқындалмақ.

Қазақ тілінің сөздік құрамы – халқымыздың басынан кешірген бүкіл өмірінің, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы, замандар бойы біртіндеп қалыптасқан ұзақ дамуының жемісі. Сондықтан лексиканы зерттеу сөздік құрамды тұтас бір бүтін жүйе деп қарауды міндеттейді. Яғни, лексикология жекелеген сөздердің тобын емес, тілдің қалыптасқан лексикалық жүйесін қарастырады.

Лексикология мәселелерін жан-жақты түсіну үшін тіл білімінің оған шектес басқа салаларымен қандай байланысы бар екенін ашып қарастырудың зор мәні бар.

Лексикология тілдегі жалқы есімдерді зерттейтін ономастика ғылымымен де өте тығыз байланысты болып келеді. Жалқы есімдер – басқа жалпы есімдерден ажырату үшін қолданылатын арнаулы атаулар. Осы жалқы есімдер байырғы төл сөздер мен кірме сөздерден тұрады.

Белгілі аймақтағы ойконимдер белгілі бір тұрғын халықтың немесе бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалады. Ойконимдердің шығу тарихын зерттеудің жалпы есімдермен ортақ жақтары да және өзіндік сипаттары да болады.

Осы ретте, біз, Жамбыл облысы ойконимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдауды негізге алдық. Әлбетте, бұл міндетті орындау барысында, олардың шығу төркіні, тегі – этимологиясына назар аудару басты мәселе болып саналады.

Өйткені, облыс ойконимдері құрамы мен құрылысы және шығу тегі жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте, ортағасырларға тәндері бар. Ежелгі заманға тән ойконимдердің мән-мағынасы, шығу төркіні бүгінде жалпыға белгісіз, көбіне түсініксіз.

Сондықтан олардың мән-мағынасын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерделей зерттеудің, мүмкіндігінше, этимологиялық тұрғыдан зерттеудің маңызы аса зор.

Ойконимдердің мағынасын, құрылымын, шығу төркінін және қалыптасуын зерттеу үшін тілдік бағытта зерттеумен қатар география, тарих, археология, этнография, кей реттерде биология, геология ғылымдарының да деректеріне сүйенудің орны бар. Егерде география және тарих мамандары топонимика мәселелерімен шұғылданса, онда олар ойконимдердің жасалуындағы және екінші бір тілде өзгеріске түсуіндегі фонетикалық, грамматикалық заңдылықтарды білуі шарт, өйткені онсыз ойконимдердің көне формасы мен шығу тегі және өзге тілдерден қалған, болмаса енген ойконимдердің адаптацияланған немесе бұрмаланған тұлғаларын ашу мүмкін емес. Егер бұл айтылғандар еске алынбаса, ойконимдерді шығу тегі жағынан зерттеу не «лингвистикалық», немесе тек «географиялық», немесе «тарихтық» қана болып қалуы мүмкін.

Ғалымдар тіл ғылымы тұрғысынан ойконимдердің төркінін зерттеу үшін алдымен белгілі аймақтағы ойконимдерді синхрондық бағытта лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу қажет деген пікірлер айтады. Мұндай зерттеулер жер аттарының қойылуында, мағынасында және грамматикалық амалдары жағынан қандай заңдылықтары бар екенін жете түсінуге және этимологиялық зерттеулерге жол ашады.

Ойконимдердің шығу төркінін анықтау барысында кейбір ғалымдар халық этимологиясына да назар аудармай тұрмайды. Оны көбінесе халық шығармашылығы негізінде жорамалдап қиыстыру бар. Кейбір болжам жасағандар ғылыми этимологияға терең бой ұрмай, ауыз әдебиеті нұсқасына жақын халық аңыздарына сүйенеді.

Этимология түйсік пен қиялдан шыққан әңгіме бойынша ашылмайды. Себебі, ойконимдердің шыққан тегін ажыратпас бұрын ең әуелгі қабаттар дәуірін, формал – жұрнақтарын терең зерттеп барып, этимология жайында түбегейлі пікір айтуға болады.

Тіл-тілдегі мағынасы құпия, сырға толып, күнгірттеніп, көмескіленген, бүгінгі тілдер тұрғысынан шешімдерін таппаған сөздердің түбірлері мен мән-мағыналарын анықтау жайлы этимологиялық еңбектер жазған шетел ғалымдары: В. Пизани, Х. Шустер, М. Фасмер, А.А. Белецкий; орыс ғалымдары: Н.М. Шанский, В.А. Топоров, Л.А. Булаховский болса, түркітанушы ғалымдар: В.Г. Егоров, Н. Вамбери, Э.В. Севортян, Г. Клоусон, С.Е. Малов, ал Қазақстанда А. Ысқақов, Ә. Қайдар, Ғ. Мұсабаев, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Н. Қарашева, Ә. Нұрмағамбетов, К. Хұсайын, Ә. Құрышжанов, Ж. Манкеева, Ғ. Әнесов сынды ғалымдар қалам тартты.

Ономастикалық этимология туралы жазба зерттеулер В.В. Радлов, А. Самойлович, А.Н. Кононов, В. Абаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақ, Қ. Рысберген еңбектерінде де көрініс тапты.

Этимология тарихы тіл білімі саласымен тығыз байланысты. Салыстырмалы – тарихи әдістің пайда болуы және үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасының жасалуы да этимологиялық зерттеулерге негізделген.



Этимологиялық зерттеулердегі салыстырмалы әдісті жүзеге асыратын объект – кең мағынадағы алтай тілдері, бұдан асса ностратикалық тілдер болып табылады.

Міне, осы себептердің негізінде біз этимология саласында салыстырма әдісі көптеген түркі тілдері үшін бірінші орында болуға тиіс деп есептейміз.

Қазақ тіл білімінде этимологиялық зерттеудің әдістері, белгілері (критерий) мен зерттеу принциптері туралы Ә.Т. Қайдар пікірлері мен ұстанымдары: «этимологиялық зерттеулер қай тілде болмасын, негізінен үш принципке: фонетикалық, морфологиялық және семантикалық» принциптерге сүйенеді. Осымен қатар, салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы (типологиялық) әдістер де басшылыққа алынуы керек [29. 255б.].

А. Әбдірахмановтың ойынша: «Тарихи топонимдердің этимологиясын қазіргі тіл дәрежесінде ашу мүмкін емес, сол топоним жасалған дәуірдің тілдік материалдарынан іздеу керек» [6. 51б.] десе, Т. Жанұзақ: «Этимология тарихпен тығыз байланысты, диахронологиялық құбылыс. Сондықтан тарихи фонетикасыз және алуан атаулардың түбір тұлғасын анықтап алмайынша нақты нәтижеге ие болу мүмкін емес. Топоним, антропоним, этнонимдердің этимологиясын айқындауда дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қоса кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық құрылымдық морфологиялық, семантикалық, компоненттік талдау және де басқа амалдарды қолдану нақты нәтижеге жеткізеді» [18] деп топшылайды.

Белгілі аймақтағы ойконимдер белгілі тұрғын халықтың немесе бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалады. Ендеше сөз этимологиясын зерттеу жөніндегі теориялық пікірлер мен ұсынымдардың ойконимдердің этимологиясын зерттеуге де қатысы бар. Алайда, ойконимдердің этимологиясын зерттеудің жалпы есімдермен ортақ жақтары да, өзіндік ерекшеліктері де бар. Міне, осы мәселелер жайындағы пікірлерге қысқаша шолу жасап, өз тұжырымымызды ұсынуды жөн көрдік.

Біз жоғарыда айтылған ғалымдардың этимология теориясы туралы ой-пікірлерін басшылыққа аламыз.

Алайда, облыс ойконимдерінің материалдарының басым көпшілігі орта және кейінгі ғасырларда, тайпалық кезеңдерде, одан соң халық болып қалыптасу дәуірінде пайда болып, ана тіліміздің байырғы төл сөздерінен жасалғандықтан, тарихи-лингвистикалық түсінік беріп, мән-мағыналарын толық аштық. Ежелгі дәуірге, яғни біздің жыл санауымыздан бұрын пайда болып, күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан Тараз, Талас, Аса, Арыс, Аспара, Танга, Шу, Тарты және т.б. сияқты ойконимдерді талдау барысында, этимологиялық зерттеулер теориясы мен ұстанымдардың негізін салған ғалымдар еңбегіне сүйендік. Солай бола тұрса да, бұл талдауларымызды жеріне жете, нанымды да сенімді этимологиялық шешім деп айтудан аулақпыз. Сондықтан облысы ойконимдеріне тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау жасап, түсінігін беріп отырмыз.

АЙМАҚ ОЙКОНИМДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТТАРЫ

Қандай атау болмасын оның лексикалық (сөздік) мағынасы мен сол мекеннің тарихына мән бермей болмайтындығы анық. Мұның негізгі себебі, ойконимдердің немесе кез келген ономастикалық атаулардың мағынасында, семантикасында сол кезеңдегі қоғамға байланысты болған тарихи оқиғалар, өзгерістер т.б. мәселелерге қатысты әрбір ойконимдердің лексикалық қабаттары пайда болады.

Ономастика қазақ тіл білімінің ажырамас бөлігі болғандықтан оны ерекше лексикалық жүйе ретінде қарап, жалпы тіл біліміне тән методология мен әдістермені дерлік қолданамыз», – дейді Т. Жанұзақ, Қ. Рысбергенова сынды ғалымдар [9. 33 б.].

Жалқы есімдерді, соның ішінде ойконимдерді, лексикалық қабаттарға бөлу, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру біршама топонимдік еңбектерде сөз болғанымен олардың лексикалық қабаттарға бөлу мәселесі әр алуан. Оны А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақ, Е. Қойшыбаев, Е. Керімбаев, Қ. Рысберген, Ұ. Ержанова және т.б. ғалымдар еңбектерінен анық көреміз.

Атамекен, жер-су атауларының санамызда бекіп қалыптасу жолы тым әріден басталады. Сондай-ақ ол атаулардың сан алуан тарихи сапырылыстардың, ала бөтен саяси-әлеуметтік ірі оқиғалардың, жаңаша дүние танымның әсерімен алмасып, өзгерістерге түсіп жатуы да заңды құбылыс болып табылады. Бірақ осылардың арасынан жер, елді мекен атауларының жиі өзгеріске түсуіне әкеліп соқтыратын елеулі себептер, көбінесе ел тарихындағы жаугершілік, отаршылдық, жаулап алушылық әрекеттерімен тікелей байланысты. Оның себебін осы Жамбыл облысындағы ойконимдердің сан алуан өзгерістерінен байқаймыз. Нақтылай айтсақ, Б.д.д. I ғ. бастап-ақ халқымыздың басынан кешкен тарихи оқиғаларымыз, қазіргі кезде жүргізіліп жатқан археологиялық қазбалар және ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерінен білеміз. Бұған Жамбыл облысы аймағындағы ойконимдер материалы толық дәлел.

Елді мекен атауларының өзгеріске ұшырап, ауысып отыру құбылысы тарихи жағдайларға тікелей байланысты болып келеді. Өйткені ол атаулардың мағынасы мен мәні сол кездегі оқиғалардың, әртүрлі жағдайлардың ішкі және сыртқы сырларын нақтырақ бейнелесе керек. Ол туралы орыс ғалымы Н.И. Надеждин: «Топонимдер арқылы халықтың миграциясын, жаңа жерге қоныстануын анықтауға болады», – дейді. Ал қазақ халқы өз басынан, талай тарих дүрбелендерін өткізгендіктен, жер-су аттарына өзінің рухани, мәдени ізін қалдырып отырған. Ел басындағы болған әртүрлі тарихи оқиғаларға орай, атаулар өзге тілдің ықпалынан сол тілге бейімделіп, жаңғырып, қайта түлеп отырған.

Зерттеу объектіміздің материалдарына талдау жасай отыра, ойконимдердің тілдік (лексикалық, фонетикалық, грамматикалық) табиғаты жағынан біркелкі болмайтындығын аңғардық. Сондықтан да олардың құрамында жоғарыда атап өткеніміздей, таза қазақ (жалпы түркілік) сөздерінен бөлек, шет тілдерінен ен-



ген (араб, парсы, монғол, орыс т.б.) қабаттар кездесіп отырады. Ғалым, проф. Т. Жанұзақтың: «Әсіресе түсінігі қиын саналатын лексикалық қабат өз алдына бір топ. Бұлар, негізінен, тым көне дәуірлерге (орал-алтай тіл бірлестігі кезеңіне) тән болулары да ықтимал» деген пікіріне және «жер-су аттарын таптастыру барысында: 1. Тарихи-хронологиялық тұрғыдан таптастыру; 2. Тілдік табиғаты жағынан лексикалық қабаттарға бөліп таптастыру орынды сияқты» [10. 15б.] десе, Қ. Рысбергенова қазақ топонимдерін тілдік табиғатына қарай үш қабатқа: «1) субстратты (ежелгі) қабат; 2) кірме қабат және 3) түркі тілдік қабат» барын ерекше атайды [19. 24б.]. Осы пікірге сүйене отырып, Жамбыл облысы ойконимдері де үш лексикалық қабаттан тұратынын нақты материалдарға негіздей отырып анықтап:

- 1) субстратты (ежелгі) қабат;
- 2) түркі (қазақ) тілдік қабат:
 - а) көне түркілік қабат;
 - ә) қазақ тілдік қабат;
- 3) кірме қабат бұл ішінара:
 - а) араб, парсы лексикалық қабат;
 - ә) орыс тілдік қабатқа бөлінеді деп қараймыз.

Қандай да бір халық, ел болмасын, оның сөздік қоры көптеген ғасырдың аккумуляцияланған тарихи жемісі болып саналады. Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйытқысы, қайнар бұлағы шығу арналарының ең маңызды бөлігі болып табылады. Олардың құрамында төл сөздер және олармен қатар екінші бір тілдерден енген кірме, бөгде сөздер болады. Басқа тілдерден сөз қабылдау – қазақ тіліне де тән құбылыс. Қазақ халқының пайда болу және қалыптасу тарихы – өте ұзақ та күрделі құбылыс, оның нәтижесінде белгілі бір аймақта тілі ортақ, этникалық өзіндік түсінігі мен өзіндік атауы, ортақ материалдық және рухани мәдениеті бар тайпалардың берік қауымдастығы қалыптасты.

Енді еңбегіміздің негізгі мақсатына сай, мүмкіндігімізше, жиналған материалдарымызды сұрыптай келе, субстрат, түркі тілдік және кірме лексикалық қабаттағы ойконимдерге тоқталып, талдау жасаймыз.

Ойконимдер белгілі бір халықтың немесе бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалып, ұзақ тарихи-лингвистикалық өзгерістерге ұшырап отырады.

Ономастика ғылымының зерттелу барысында дәлелденгендей, Жамбыл облысы ойконимдерін диахрондық тұрғыдан талдап, тілдік стратиграфиясын дұрыс көрсету үшін, алдымен тарихқа, содан сол атаудың этимологиясын (шығу төркінін) басшылыққа алу тиімді болмақ.

КӨНЕ СУБСТРАТТЫҚ ОЙКОНИМДЕР

Компоненттері алғашқы топонимдердің (ойконимдердің) негізі болған, фоносемантикалық және басқа да параметрлері жағынан туыстас және туыстас емес тілдерге қатысы бар топонимдерді немесе ойконимдерді субстраттық деп атайды. Мысалы, Баласағұн – қазіргі Тараз қаласы мен Ыстық көлдің арасындағы тарихи қала. XI ғ. ғалымы М. Қашқари сөздігінде бірнеше рет кездеседі [18].

Атаудың бірінші сыңарындағы бала сөзі географиялық атауларда келгенде «кіші», «кішкене» мағынасында қолданылады. Ғ. Мұсабаев, А. Махмұтов сағұн сөзі «аймақ» деген мағынаны білдіреді дейді. А. Әбдірахманов [5. 74б.] Барсыған атауындағы сыған сөзімен ұқсас, мәндес, яғни сыған «қорғаныс», «бекініс» дейді. Демек, Баласағұн «кіші қорған, бекініс» деп қарайды.

Барсыған – Жамбыл облысы мен Қырғыз Республикасы шекарасындағы бастапқы орны белгісіз, ерте ортағасырдағы тарихи қаланың аты. XI ғ. ғалымы М. Қашқаридің еңбегінде «Барсыған – Афрасияб ұлының аты. Барсыған шахарын салған сол еді» деген мәліметтер берілген [18. 424 б.]. Афрасиябтың түркіше өз аты – Мадай, лақап аты Алып Ер Тоңа.

Атаудың бірінші құрамындағы бар сөзін көне түркі тіліндегі «үлкен» сөзі деп қарасақ, екінші құрамдағы сыған – «қала, бекініс, қорған» мағынасын білдіреді. Сонда Барсыған атауы «үлкен қала, үлкен бекініс, қорған» деген мағыналы атау деп жорамалдауға болатындай.

Тартұқ – Жамбыл облысындағы көне тарихи қаланың аты. Қала туралы дерек XI ғ. ғалымы М. Қашқари еңбегінде бар. Онда: «Тартұқ – яғмалардың бір қаласының аты» деп көрсетілген [18. 1т. 434б.]. Тарихи деректерге, Х ғ. Қараханид мемлекеті құрылғанға дейін Жетісу өлкесінде қарлық, шығыл, арғу, яғма тайпалары болған. С. Аманжолов пікірі бойынша, дулат тайпа одағына кіретін жайма руы [2. 89б.] тайпалары үстемдік еткен. Тартұқ қаласының аты осы яғма тілінде жасалған деген пікір бар. Сөз түбірі тар<тары оған сын есім тудыратын -лы (варианттарымен) жұрнағының көне варианты – тұқ қосылуы арқылы жасалған, яғни Тары+тұқ, Тартұқ. Атаудың мағынасы қазіргі тіліміздегі «тары-лы, яғни тары, тарысы көп» (жер) дегенге сәйкес келеді.

Шу – Жамбыл облысындағы қала, темір жол торабы. Облыс орталығы Тараз қаласының солтүстік-шығысында 225 км, Шу өзенінің сол жағасында орналасқан. Іргесі «Түркісіб» темір жол құрлысына байланысты қала. 1937 ж. қала типтес поселкіге айналды. Шу әсіресе жаңа Мойынты – Шу темір жолы іске қосылғаннан кейін шұғыл дами бастады. 1960 ж. аудандық, 1965 ж. облыстық қала болды.

Қаланың және аттас ауданның, өзеннің тарихи атауы Шу болғанымен орысша «Чу» деп бұзып «Чуйский» деп атап айту, жазу кезінде орын алғанын білеміз. Ал қазір Шу деп дұрыс айтылып та, жазылып та жүр.

«Біздің өзеніміз бен елді мекеніміз неліктен Шу аталады?» – деп, ауыл тұрғындарынан сұрадық. Оған алынған жауап әр түрлі болды. Біреулер: «Өзен кезінде мол сулы болған. Суы сарқырап, шулап аққандықтан Шу деп атаған болар», – десе, енді біреулері «Шудың аңғары мыңғырған малға толып, шуы құлақ тұндырған, бұл содан қалған атау», – дейді халық этимологиясы.

Шу – басы Қырғызстаннан басталып, Жамбыл облысын басып өтетін өзен аты. Х ғ. араб ғалымы Макдиси Шу аңғарындағы қалалардың атын айтады, соның ішінде Шу өзені бойында Шу қаласы да бар. Акад. В.В. Бартольд түркі тілінде ч мен с дыбыстары алмасатынын айта келіп, Суй /Чуй, Саганиан / Чаганиан атауларын мысалға келтірген болатын [8. 30 б.].

Шу – сөзінің этимологиясы туралы белгілі зерттеуші Э.М. Мурзаев былай дейді: «Чу – видимо, связана с китайско – тибетской формой «шу», «чу» что оз-



начает «вода, речка, река». В древние времена страна по нижнему течению р. Чу носила название Шу, а древний город на р. Чу еще в до мусульманское время назывался Суяб или Чуяб. В Тибете многие названия небольших и средних рек включает этот термин [22. 257 б.].

Жазушы І. Есенберлин «Көшпенділер» романында Шу өзені туралы және Шу қаласы жайында былай сипаттама береді: «Түркістан мен Дешті Қыпшақ даласының түйіскен алқабын бауырлай, Мойынқұмның күншығыс жағын орап, басын Тянь-Шань тауының құшағындағы Ыстықкөл мен Соң көлден алған, мың шақырымдай құмайт шөлді, тақырлы, биік жартасты сайларды көктей өтіп, қазақтың атакты арналарының бірі – Шу өзені ағады. Оңтүстіктен келетін ең алғашқы Теріскей Алатау жақтағы мұзды қойнауынан шығатын Қарақожыр мен Түлін деген ағысы қатты тау өзендерін, солтүстік-шығысқа қарай беттеген Қошқар деген өзенді қосып, Шу Ыстықкөл мен Күметалды өзені арқылы ұлғайып, етегін жая Күнгей Алатаудың қойнауынан бұрқырай өтіп, солтүстік-күнбатысқа бұрылады. Бұдан кейін Шу Алатауды бөктерлей отырып, қырғыз жерін баса жолай Үлкен Кебін, Кіші Кебін секілді бірнеше өзендерді өзіне қоса, ақырында Мойынқұмның күншығыс жағынан барып шығады» [11].

Шу атауы туралы бір кездегі жерұйық іздеген Асан Қайғы былай деген екен: «Мына шіркіннің екі жағы борбас екен; баланың іші қуырылмай тұғын, пышағы қыннан суырылмайтын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын жер екен [3].

Бұл атаудың этимологиясы жайлы пікірлер әр алуан. А. Әбдірахманов «бұл көне түркі тілінің сөзі, – дейді, – біріншіден, осы өзен бойындағы қаланың аты Суяб, Шуяб болып аталуындағы «су» сөзі тегін тұрған жоқ. Мұның өзі өзеннің түркі диалектілерінде бірде Су, бірде Шу аталғандығын дәлелдейді. Екіншіден, с/ш дыбыстарының түркі тілдерінде ауысатыны кеңінен танылған құбылыс» [5. 195б.].

Бұл атау туралы Мары республикалық ғалымдардың арасында да біраз пікірлер болған. Мәселен, Т. Керт пен Н. Мамонтова карель тілінде suo «болото» сөзі дейді. Бірақ бұған «Вопросы Мариинской ономастики» деген еңбекте қарсы пікір айтылған: «Вероятнее всего, Шу – не из Карельского «болота», он докарельский: финно-кормский, восходящий к уральскому со /су/ или сов /суб/; с которым карельское слова suo «болото», очевидно, генетически связано» [10. 18б.].

Қорыта айтқанда, атау көне түркі дәуірінде жасалған. Берер мағынасы – «су» деген ұғым.

Сонымен Шу сөзі «өзен» мағынасындағы көне түркі диалектілерінің бірінде жасалған гидроним деп ойлаймыз.

ТҮРКІ (ҚАЗАҚ) ТІЛДІК ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТ

Тіліміздегі сөздердің лексикалық қабаттары міндетті түрде ел тарихы, сондай-ақ тіл тарихымен өте тығыз байланыста болады. Ал ойконимдердің қалыптасып, олардың өзіндік аталуының көптеген себептері мен уәждері бар. Көне лексикалық

қабаттардағы ойконимдердің аталуы, әсіресе физикалық-географиялық атаулар ана тіліміздің төл, байырғы сөздерінен қойылып отырған. Олардың көнелері көне түркі, ескі ру, тайпа тілдеріне тән болып келеді.

V-X ғғ. көне түркі тілдері жайындағы мәліметтер Орхон, Енесей, Селенге, Іле, Талас өзендері бойларынан табылған V-VIII ғғ. жазба ескерткіштерінде, V-IX ғғ. көне ұйғыр жазбаларында сақталған. Бұл ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің көбіне ортақ болуымен бірге қазақ тайпаларының көне замандағы тілі құрылымынан да мағлұмат беретіні мәлім» [2110б.].

Сондай-ақ «Түркі тілдері дамуының жаңа дәуірінде (XV-XIX ғғ.) қазақтың тайпалық одақтары қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығып, өз алдына халық болып қалыптасу кезеңінде және қыпшақ қауымының ыдырап, монғол үстемдігінен қалған ордалар (Ақ Орда, Көк Орда) мен хандықтардың бірде бірігіп, бірде бөлініп отыруы, қалмақ хандықтарының жаугершілік саясатының бас көтеруі тәрізді деген жағдайда қазақ тілі қыпшақ тілдеріне, оның ішінде қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерге тән белгілерді сақтай отырып, өзінің ішкі даму заңымен жетіліп отырды» [211б.].

Міне, осы орайда ойконимдердің әр түрлі вариантта кездесуі, біріншіден, олардың әр жерде әр түрлі аталуымен байланысты болса, екіншіден, сол рудың немесе тайпаның даму сатысына да қатысты сол жерді мекен еткен халықтардың ру, тайпа, ел атымен байланысты аталған. Мәселен, сонау көне заманнан бері белгілі, әлі осы күнге дейін сақталып келген атаулар бар. Олар: Меркі, Дулат, Ойық, Ақтөбе, Аққұм, Аса, Құлан, Шу, Тұран, Құлақшын, Ақыртас т.б.

Зерттеп отырған ойконимдік материалдардың түркі қабаты мынандай шағын қабаттарға бөлінетіндігін: 1. Көне түркі (оғуз) тілдік қабат. Бұлайша шартты түрде жіктеуде М. Қашқаридың «Түркі тілі сөздігі» атты еңбегіне сүйендік. Ондағы ойконимдер «Оғыз қаласы – елді қоныс» деп белгіленген. Шын мәніндегі көне түркі тілдік қабат болып саналатын, біз зерттеген Жамбыл облысы аймағында (этноойконимдер) оғыздардың табан тіреуі кезіндегі ойконимдерді де аталмыш шағын қабатқа жатқызамыз. 2. Нақты қазақ тілдік қабат; а) архаистік формадағы қазақ ойконимдері; б) қазіргі заман қазақ ойконимдері.

а) көне түркі тілдік қабат

Мысалы: Дулат – этноойконимі ауылдық округ аты, Шу ауданы. Шежіре бойынша, Дулат Ұлы жүз құрамына жататын ірі тайпалардың бірі. Үйсін Бәйдібек атаның үшінші әйелі – Домалақ анандан (Нұрилла) Жарықшақ туады. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат болып тарайды. Дулаттан – Сикым, Жаныс. Ботбай, Шымыр. Дулаттар қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының жерлерін мекендеген. Сондықтан сол жерде Дулат руы мекендеген болу керек.

Меркі – ауылдық округі, Меркі ауданы. Мағынасы: ортағасырларда меркіттер түркі тайпалары ретінде айтылады. Меркіт – меркіт этнонимі әсіресе Рашид-аддин еңбегінде жиі кездеседі. Олар «далалық» және «ормандық» меркітттер деп екіге бөлінеді. «Ормандық меркітттер» – аңшылықпен күн көретін тайпалар деп баяндайды. Біздіңше, осы аңшы руларды мерке, мерген деп атап, оған -т көптік жалғауы қосылғанда, көне түркі монғол тілдерінде жұрнақ қосылғанда сөз



аяғындағы -н дыбысы түсіп қалатын заңдылыққа сай «меркіт» аталса керек. Сонда атаудың мағынасы «мергендер» («меркендер») дегенді білдіріп, бұл рулардың аңшылық кәсібімен шұғылданатынын дәл білдіретін болған. Міне, осы тайпа атынан «Меркі» деген атау келіп шыққан деуге әбден болады.

Сөгеті – ауыл, Т. Рысқұлов ауданы. ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04. 05. 1993 ж. №2189-ХІІ Қаулысы бойынша Алғабас ауылы өзгертіліп, тарихи аты қалпына келтіріліп, Сөгеті ауылы болып аталды. Бұл аттас Сөгеті тауы Алматы облысының Райымбек ауданында да бар. Бұл туралы проф. Т. Жанұзақтың [11. 26.] еңбегінде төмендегіше талдау жасайды: «Ғ. Қоңқашбаев: «Атау ұйғыр мен қырғыз тіліндегі сөгет (тал) деген ағаш атынан алынуы мүмкін. Қырғызстан мен Қазақстанның Сөгеті деп аталатын жерлерінде шынында да ағаштың осы түрі өседі. Бұған екінші бір жорамал айтуға болады. Бұл монғолдың соготы (маралды) деген сөзінен де болуы ықтимал. Бірақ соңғысы дұдамалды» десе [15], А. Әбдірахманов бұл екі пікірдің соңғысына қосылып, «атау түркі-монғол тіл ортақтығы заманында жасалған, монғолша согоо «марал, бұғының ұрғашысы». Сөгеті, Бұғыты тауларының қатар келуі кездейсоқ емес. Ол екеуінің мағынасы бір, қазақ тілінде «бұғылы» деген сөз», – деп топшылайды [3. 156 б.]. Е. Қойшыбаев пайымдауынша: «сөгет (талдың бір түрі) + ту – «сөгет тау» мәніндегі атау» [23. 208б.] деген.

Түркі тілдерінде сөгет сөзінің берер мағынасы бірдей, қырғыз, хақас тілінде сугут сөгет «тал» деген сууттіг «талды» [33. 292б.], көне түркі тілінде «тал» [22].

Демек, біз де Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданындағы Сөгеті ойконимі қазақ, қырғыз, ұйғыр тілдерінде ортақ сөгеті «талдың, теректің бір түрі» немесе «тал, талды» деген пікірге қосыламыз.

Жамбыл – облыс, аудан аты. Жамбылдың атынан қойылған. Енді біз осы, Жамбыл сөзінің шығу тегіне талдау жасайық: Т. Жанұзақтың зерттеулеріне қарағанда совет ұйғырлары мен Шыңжаң ұйғырлары ямул немесе ямбул деп «қорған», бекіністерді айтатын көрінеді. Шығыс Қазақстанның Үржар, Мақаншы аудандарының қазақтары, Жамбыл облысының тұрғындары бекіністі «жамбыл» деп атайды дейді автор [13. 14б.]. Екінші зерттеуші Б. Бафин жамбыл сөзі қытайдың Ямэнь «қамал, бекініс» деген сөзінен алынған, өйткені ХVІІІ ғ. «маньжур әкімдері кез келген жерде жолыққан қазақты, тағы басқа жергілікті халықтарды ұстап алып, ақысыз-пұлсыз қамал (жамбыл) жұмысына пайдаланған. Сондай-ақ қазақтардың қалаға сатуға, айырбастауға алып келген малдарын қамалға (Жамбылға) қамап алып, төлеуін бермей, жәбірлеп (қайтарып) отырған», – дейді [17. 230-231 б.].

Ономаст ғалым Ә. Әбдірахманов өзінің «Топонимика және этимология» [3.] атты еңбегінде: «Жамбыл» атауын өзбек тілдеріндегі жамбыл деген өсімдік атымен байланыстырады. Бұл – бір жылдық және хош иісті гүл аты. Орысша аты – «габор, гербей». Көбіне бұл өсімдіктің атын Алматы облысының қарттарының аузынан естігенбіз. Сондықтан, Жамбыл ақынның аты және одан алынған жер аттары да осы жамбыл өсімдігіне байланысты», – деп қараймыз дейді.

Қарақат – елді мекен, Байзақ ауданы. Қарақат жеміс атына қойылған атау.

ә) қазақ тілдік қабат.

Мысалы: Құлақшын – ауыл, Шу ауданы. Жамбыл облысы, Шу ауданы Шоқпар шоқтығындағы тау беткейінің аты Бозқұлақшын деп аталады. Е. Қойшыбаев «Қазақстанның жер-су аттары» [23. 77б.] еңбегінде: көне түр. боз («от») + құлақ – «құлама шың, тік табан», яғни «боз отты тік құлама» мағынасындағы таулы мекен аты деп келтіреді. Осы атауға сәйкес Шу ауданындағы ауыл «Құлақшын» деп аталған.

Ойық – ауылдық округі, Талас ауданы. Ұлы жүздің Ысты тайпасына тән ру атынан қойылған ауыл аты. Бұл жердің «Ойық» деп аталуының себебі, Ұлы жүздің Ыстыдан тараған екі ұлы болыпты. Ысты екі ұлына ер жеткен соң еншісін бөліп беріпті. Үлкен ұлының малының құлағына ойық белгісін, кіші ұлыныкіне тілік белгісін салып беріпті. Содан ойық енді малын алған ұлы «Ойық» деп аталынып, кісі атына айналып кетіпті.

Сағанды – ауыл, Қордай ауданы. Бұл атау ортағасырға тән сияқты. Өйткені оғуз тілдерінде чаган – «шұңқыр», «ойпат», «ойпаң» мағынасында жұмсалған. Тілімізге айтыла келе ч дыбысы ш дыбысына, одан с дыбысына ч/ш/с ауысқан болу керек. Демек, атаудың мағынасы: «шұңқырлы, ойпатты, ойпанды (жер)» дегенге жуық.

Төрткүл – ауыл, Байзақ ауданы. Ауыл тұрғындардың ұсынысы бойынша, ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 06.02.1997 ж. ұйғарымымен Бағара атауы өзгертіліп, оның орнына бұрынғы «Төрткүл» деген тарихи аты қалпына келтірілді.

Төрткүл атауы туралы Н.А. Бернштам еңбектерінде былай делінген: «Төрткүл – елді мекен аттары, топырақ үйінділерінен тұрғызылған көне және ерте ортағасырлардағы (VІІ – XІV ғғ.) бекініс орындары, төбесі тегіс, беткейлері тік келген төрткүлді дөңестер. Төрткүлдердің көбі бір жүйеде салынған: солтүстік және шығыс жағы құрылыс орындарының қалдықтары, ал оңтүстік-батыс және шығыс канал немесе өзенмен қорғанған. «Жетісу қалалары керуен жолдарының бойына салынған. Төрткүл қалдықтарын сол жолдардың сүрлеуі деп ұғыну керек».

Ұйық – ауылдық округ, Талас ауданы. Көне түркі тіліндегі географиялық терминнен жасалған атау. Көне түркі тіліндегі оты, суы мол көкорай шалғынды, толықсыған тоғайлы жерді «ұйық» деп атаған. Түбірі ұю болса керек. Осы түбір сөзге етістіктен зат есім жасайтынық жұрнағы қосылып жасалған тарихи атау. Міне, осындай жерді, яғни жерұйықты халқы үшін Асан Қайғының іздеп өткені мәлім.

Шөңгер – ауыл, Т. Рысқұлов ауданы. Бұл атаудағы шөңге сөзі тілімізде «шөптің, қурайдың шөгірі» ретінде белгілі болғанмен атау мағынасын аша алмайды. Таулы алтайлықтар тілінде Чанкыр-Кобы – сай, ауыл аты. «Көк өзек, сай» мәнінде келсе, Чанкыр-Таш – тау, ауыл аты ретінде айтылып, «ашық көк, көгілдір көкшіл түсті тас» мағынасын білдіреді екен [26. 335 б.]. Соған қарағанда Шөңгер атауы осы Чанкыр атауының дыбыстық тұрғыдан өзгеріске түскен түрі болуы мүмкін деген ой келеді.



Егеменді ел болғаннан кейінгі кездегі Жамбыл облысы ойконимдеріндегі қазақ тіліндегі, яғни көне түркі тілінің негізіндегілеріне мысал келтіреміз.

Абай – Т. Рысқұлов, Шу, Байзақ ауданы. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев есімімен мәңгі есте қалдыру мақсатында қойылған елді мекен аттары. Қазақтың ұлы ақыны Абай есімі туралы бұл жерде түсіндіріп, айтып жату артық болар деп ойлаймыз.

Бұл көрсеткіштерден басқа да көптеген ойконимдер белгілі. Мысалы: Алға, Еңбек, Қайрат, Қазақ, Шоқпар, Жайсаң, Ұйым, Ынтымақ, Тәтті, Қайыңды, Шығанақ, Сарқырама, Ерназар, Бүргенді, Жақсылық, Тегістік, Жиделі, Талапты, Үлгілі, Екпінді, Жастар т.б.

Сонымен көне лексикалық қабаттардағы ойконимдердің аталуы, әсіресе физикалық-географиялық атаулар ана тіліміздің төл, байырғы сөздерінен қойылып отырған. Олардың көнелері көне түркі, ескі ру, тайпа тілдеріне тән болып келетіндігін жұмысты зерттеу барысында анықтап, дәлелдеуге тырыстық.

Біз бірнеше рет түркі ойконимдік қабатты көрсеткендей, негізгі ойконимдік материалдардың өзін мынандай шағын қабаттарға бөлуге болады. 1. Көне түркі (оғуз) тілдік қабат. 2. Нақты қазақ тілдік қабат; а) архаистік формадағы қазақ ойконимдері; б) қазіргі заман қазақ ойконимдері.

БАСҚА ТІЛДЕН ЕНГЕН КІРМЕ ҚАБАТТАР

а) араб, парсы лексикалық қабат

Зерттеушілердің пікірінше, «Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: 1. араб тілі. 2. парсы тілі. 3. монғол тілі. 4. орыс тілі» [20. 88б.].

Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халық тілі қалыптасуынан көп бұрын, ортағасырлардың алғашқы кезінен басталады. Әрине, бұл жерде сөз ауысу процесі заңдылықтарының тарихи астарына мән беріледі. «VII-VIII ғғ. Түркістан өлкесіндегі қалыптасқан топонимикалық атаулар қабатының аса бір күрделісі де, әрі тарихи астарының сыры молы да исламиятты еріксіз зорлықпен ендірген Араб халифатының алысты көздеген басқыншылық саясатында жатыр» [29. 199б.].

«Түркі халықтарын ислам дініне табындыру жолында Қутайба ибн-Муслим (660-715 жж.) олардың ата-бабадан қалған тарихын, жазуын, салт-сана, әдет-ғұрпын, тіпті елді мекен атауларына дейін арабшамен алмастырып өзгертуді – жергілікті халықты рухын сындырып өткенін ізсіз жоғалтудың бірден – бір тәсілі ретінде қараған» [29. 99б.] Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да қазақ тілінде игерілуі жағынан да әр түрлі дәрежеде.

Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздік қорына енгенімен, оның ішінде сөздік қордағы қазақтың тума сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болған жасамыс байырғы сөздер көптеп табылады. Бұл сөздер кірмелігіне қарамастан, ұзақ өмір сүріп, сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер

атқаратын қызметі жағынан өзара бірдей деуге болмайды. Оларды негізінен 4 топқа бөліп қарауға болады:

1. Тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей жымдасып кеткен актив сөздер. Бұлар қазақ тілінің сөздік қорына басы бүтін еніп, әбден тұрақтанған. Бұндай сөздер қатарына жалқы есімдер (антропонимдер, ойконимдер, оронимдер, гидронимдер) және ас, бакыт, ар, дүние, кітап, қалам, рахат, т.б. сөздер жатады.

2. Жалпы халыққа таныс әрі түсінікті бола отырып, әлеуметтік өмірдің, шаруашылық пен өндірістің, түрлі мамандықтың белгілі бір саласында жұмсалатын терминдік сипаты бар арнаулы сөздер: нарық, базар, емтихан, ғалым т.б.

3. Әр түрлі экспрессивті-эмоциялық мәні бар, ерекше стильдік реңк тудыратын сөздер. Мысалы: махаббат, нұр, сапар, сахара, шапақ т.б.

4. Әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер. Мысалы: уалаят, ғазал, шайыр, жарапазан т.б.

Араб-парсы сөздері тілімізге негізінен 3 сала бойынша енген: 1. Ғылым мен мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты; 2. Үй тұрмысы мен шаруашылыққа, саудаға байланысты; 3. Дінге байланысты [20. 137б.]. Сондай-ақ адам аттарына байланысты сөздер де көптеп енген.

Қазақ тіліне бұл сияқты кейбір сөздер тікелей келіп енген, тәжік, өзбек, татар тілдері арқылы және тарихи оқиғаларға, кезеңдерге байланысты келіп сіңіскен.

Сондай-ақ араб, парсы тілінің сөз байлығы негізінде тікелей жасалған немесе ол тілдерден тілімізге енген ономастикалық лексикалар бары аян.

Араб, парсы тілдерінен енген ойконимдер тіліміздің заңына бағынып, алуан түрлі фоно-морфологиялық өзгерістерге ұшырап отырды. Олардың аббревиатура, ассимиляция, аккомодация, апокопа, гаплоглогия жолдарымен субституцияға түсетінін байқау қиын емес.

Алайда, араб, парсы тілдерінен енген сөздермен кісі аттарының, этнонимдердің, ойконимдердің фонетикалық сәйкестігін өз алдына зерттеуді қажет ететін сияқты.

Дыбыстық өзгерістер, алмасу заңдылықтары кісі есімдерінде басым болса, ойконимдерде әлдеқайда сирек кездеседі. Өйткені араб, парсы тілдерінен қойылған жер аттары өте аз кездеседі.

Осымен қатар, ондай фонетикалық өзгерістерінің бірі көне этнонимдік материалдарға яки, тілдік құбылыстарға байланысты болса, екінші бір ұшы араб, парсы тілдерінен басқа да тілдерден жасалған ойконимдерге, олардың дыбысталуына сөйлеу тілдегі қолдану ерекшелігіне де сәйкес болып отырады.

Ономастикалық лексиканың фонетикалық өзгерістері болсын немесе басқаша тұлғада айтылуымен байланысты жағдаят болсын, ерекше назар аударатын мәселенің бірі – олардың морфологиялық құрылымы болып саналады.

Араб, парсы тілдерінен енген ойконимдер құрамы жағынан әртүрлі ұғымды, алуан түрлі мағынаны білдіреді. Араб, парсы тілдерінен тікелей енген немесе қойылған тілдік негізде жаңаша жасалған Жамбыл облысы ойконимдерінен бірнеше мысалдар келтіріп, талдау жасаймыз.



Айдарлы – Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Шу өзені мен Құрағаты өзенінің қосылатын сағасындағы жер аты. Бұл атау А. Әбдірахмановтың еңбегінде [3] төмендегіше талданған. Сырттай қарағанда «айдар» (төбедегі бір тұлым шаш) сөзінен қойылған сияқты болып көрінгенімен, бұл атаудың оған қатысы жоқ сияқты. Шынында, бұл Иранда жиі кездесетін Абдарлы атауымен байланысты. Парсы тіліндегі «абдар» сөзінің түбірі аб – «су» деген сөз, осыған «дар» жұрнағы қосылып, «сулы» деген мағынаны білдіреді. Иран семьясына жататын парсы тіліндегі де «аб – дар» сөзі «водянистый, сочный» деген мағынаны білдіреді.

Сонда топонимнің этимологиясы былай: Аб (парсыша – су) + дар (парсыша «лы») қосымшасы сияқты жұрнақ) + лы (түрікшеде туынды сын есім жасайтын жұрнақ): Абдарлы > Айдарлы.

Дарбаза – елді мекен, Жуалы ауданы. Парсы тіліндегі дарбаза (қақпа) деген сөзден қойылған атау. Дәлірек айтқанда, бұл иран тобына жататын тәжік тілінен енген. Мағынасы: «қақпалы мекен» дегенді білдіреді. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында «Дарбаза» елді мекені және темір жол стансасы бар.

Жуантөбе – орта ғасырлық қалашық. Жамбыл ауд., Шөлтөбе ауылының солтүстік батысында Аса өзенінің оңтүстік батысында орналасқан. Төбе, елді мекен аттары. Оғұз, йұван және төпе сөздерінен қалыптасқан атау. Оғұз топонимдерінің осы йұвмақ (жуу, «шаю») етістіктерімен келетін) топонимдерімен салыстырыңыз: йұванқала (су әкеткен қала), йұвандере (су орған сай). Келтірілген салыстырулар Жуантөбе атауының шыққан төркіні «жұылған» (су орған, су қаптаған) етістігіне «төбе» (зат) атау тұлғасын қосу негізінде қалыптасқан ойконим екенін көреміз.

Шалдуар – елді мекен, әуелде ескі қорған аты (Жамбыл облысы). А. Бернштам бұл атаудың аяққы (әуелгі) – вар форманты ескі иран – авест тілдерінен кезігетін тау шатқалдарына тән элемент [9. 34б.] дейді. М. А. Мамедов сир. – иран тілдеріне тән бар//вар//пар элементтері Орта Азия, Арғы Кавказ топонимдерінен Гадживар, Махмудвар, Мұсавар түрлерінде көрініс беретінін және олардың «мекен, орын – жай, киіз үй, тіпті семья, тайпа» мәндеріне де қатысты кең мағыналы форманттар екенін ескертіпті. Бұл деректерден біз, сөз боп отырған атаудың бірінші компонентінің де иран тілдес этникалық мәні болуы талассыз деп айта аламыз. Сондай-ақ бұл атау сөздің мағынасы өзбек және қырғыз тілдерінде сақталған. Өзбекше «чалдивар» – разг. «заброшенный», «запущенный двор», «развалины». Қырғызша «чалдыбар» – зат. «қандай да бір бүтін нәрсенің қирап, бүлінгендігі», «қирап бүлінген қалдығы». Чалдыбары чығуу – «бұзылу, тамтығы шығу», «керектен шығу». Бұл үй чалдыбары шыққан ескі үй екен. /Бөкенбаев. / [Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігі, Фрунзе, 1969, 678б.]

Академик К.К. Юдахин бұл сөзді былай түсіндіреді: «Чалдыбар» ир. 1. «старые развалины», «руины» (остатки древних поселений), «қаланың чалдыбары» – «развалины города»; «үйдүн чалдыбары» – «развалины строения» [42. 839б.]. Атау орысша «Чалдовар» деп бұрмаланып айтылып жүр.

Жұма – елді мекен, Жамбыл ауданы. Кісі есімімен қойылған. Көбінесе мұсылман дініндегі адамдар жұма күнді «жақсы күн» деп санайтын ғұрып, ұғым бар. Сондықтан жұма күні дүниеге келген нәрестенің есімін -Жұма деп қояды.

Адахмет – Ад [at] – түркі тілінде есім мағынасын, ахмет – парсы тіліндегі «мадақталған» [31] деген ұғымды білдіреді, яғни Ахметтің атымен аталған қала.

Артқы қаси, Алдыңғы қаси ортағасырлық қалалар құрамындағы қаси сөзінің парсы тіліндегі мағынасы [31. 182б.]: «шөпшек, шырпы»; «арам», «оңбаған». Біздің ойымызша, бұл парсы тіліндегі қаси сөзі артқы, алдыңғы деген сөздермен тіркесіп, сол жердің табиғаты мен қоршаған ортаның географиялық орналасуына байланысты «артқы» шөпшек, шырпы), «алдыңғы шөпшек, шырпы» мағынасын білдірген деп ойлаймыз.

Дех-Нуджикост – парсы тілінде дех екі түрлі мағынаны білдіреді. 1. ауыл; 2. ол. [31. 207б.]. Бұл ойконимнің бірінші сыңарындағы дех сөзі «ауыл» мағынасына ие болса, Дех Нуджикост атауы «Нуджикост ауылы» деген мағынаны білдіреді. Осымен қатар Дех-нади деген қала атауы да кездеседі.

Кірме қабаттардағы араб-парсы тілінен енген ойконимдерді анықтау барысында Наршахидің «Тарихи Бұқара» (Тегран, 1984) атты еңбегін пайдаландық. Наршахидің айтуынша, Жамуқат қаласының атауы ертедегі Жүсіп ибн Мұса ибн Абдулла ибн Хамид ибн Жамуқ Абу Иакуб Мәрвру деген ғалымның есімімен аталған [30. 156 б.].

Жувикат ойкониміндегі жу сөзінің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: 1. жу – «арық»; 2. жу-» арна»; 3. жу- «кеңістік», «жер аумағы» деген мағынаны білдіреді [31-157б.]. Бұл ойконим сан ғасырларды басынан кешіп бізге жеткендіктен, оның орфографиясының дұрыстығына шек келтіреміз, себебі парсы тіліндегі сөз деп талдап отырған атауымыз тура осы Жувикат емес, Жу+кент = Жуикент болуы мүмкін. Парсы тілінің «уау» дыбысы дауысты дыбыспен қатар тұрса, біздің тіліміздегі орфоэпиясы «в» болып айтылады. Тіпті бұл «в» дауыссыз дыбысының өзі қазақ тіліне тән дыбыстар қатарына жатпайтыны белгілі. Кент – «қала, қалашық» ұғымындағы көне термин.

Байқап отырсақ, көптеген атаулардың түп мағынасы «су», «өзен» деген ұғымға саяды. Сондықтан біз бұл атаулардың бірінші сыңарындағы жу парсының «арық» ұғымындағы сөзі деп алып, сулы жер болғандықтан сол елді мекен «суы мол қала» деп аталуы мүмкін деп қараймыз. Тағы бір айта кететін жайт, сулы жерде, кеңістікте мекен ететін халық күнкөріс мақсатында арпа егіп, шаруашылықпен айналысатындығын білдіреді деп болжаймыз.

Кушан – ойконимі туралы ғалымдардың (Фрай) пікірінше, кушк – «сарай»; кушан – «сарайда тұратын тұрғындар» деген мағынаны білдіреді. «Шаршфел» кітабында кушан – «үлкен ғимарат» деген мағынаны білдіреді. [30. 220-221 б.].

Науакент – парсы тілінің сөздігінде нау – «құбыр, суағар» [104. 408б.], кент – «қала» деген мағынаны білдіреді. Біздің ойымызша, бұл мекенде құбыр шығаратын орын болып, соған байланысты аталса керек. Бұл пікіріміз дәлелді болу үшін, Жамбыл облысындағы 130 жылдан бері зерттеліп келе жатқан Ақыртас құбырларының табылуы ерте дәуірде құбырлардың жасалғандығын айғақтайды. Сондай-ақ тілімізде науа сөзі – «су құйып қоятын ыдыс» түрі ретінде қолданылады.

Шар – парсы тілінде «төрт» деген сандық ұғымды білдіреді. Бұл атаудың семантикасы «төрт қалашық» дегенге саяды. Себебі бұрынғы кезде қаланың



ішкі құрылысында өзіндік өмір салтына, қауымдастықтың қауіпсіздігін сақтауға, тұрмыс-тіршілігіне және т.б. ерекшеліктеріне байланысты орналасатын болған. Мәселен, билік басындағы адамдар сарайы; олардың уәзірлерінің тұрағы; сардарларының тұрағы және хатшылар тұрағы болып, қала төрт бөлікке бөлінгендіктен Шар деп аталған болу мүмкін.

Шараб – парсының шар – «төрт», аб – «су» деген сөзінен жасалған. Бұл атаудың мәні «төрт тарабы су, суы мол мекен» деген ұғымды береді.

Сиямақа – парсының сиям – «қамал» деген сөзі. [31. 279б.]. Бұл ойконим «қамалды қала» мағынасындағы атау деп ойлаймыз.

Сус – араб сөзі. Беретін ұғымы «бізтұмсық» деген құс атауы [104. 255б.]. Біздің ойымызша, сол жерді мекендейтін құстардың ішінде бізтұмсықтың көп болуымен байланысты аталса керек.

Аспара – ауылдық округ аты Меркі ауданы.

Зерттеу жұмысымыздың барысында, Аспара туралы тарихи дерек Ә. Байбатшаның «Қазақстанның антропогендік тарихы» атты еңбегінен кездестірдік. Ол былайша баяндалады: «Естемес ханнан кейін біртұтас Батыс Түрік хандығы бөлшектеніп, жеке мемлекеттерге айнала бастады. Еділ өзенінің атырабына келіп қоныстанды.

Елін басқарып келіп, жаңа жерге қоныс тепкен Бұлғар ханы Аспарух (Исперих, Испор) еді. Аспарух хан билеген 681-701 жж. Бұлғар хандығы мемлекеттігін нығайтып, көршілес елдермен қарым-қатынас орнатты. Қазақ халқының тарихын зертеуші, белгілі жазушы Қ. Салғараұлы (1992) Аспарух ханды Дулат тайпасының Ботбай руынан дейді. Атына қарасақ, Аспарух деген ханның лақап атына, яғни аспаралық дегенге келеді.

Меркі ауданындағы Аспара таулы – өзен алқабы. Бұл хандық та тұтастығын ұстап, өмірде ұзақ тұра алмады. Араб әскерлерінің тықсыруымен Батысқа қарай қоныс аударып, Алтайды басып алған Тұрманнан келген, Ботбай ру тайпасының мекені. Аспарадан соғыс жортуылымен кеткен ботбайлар Бұлғар хандығының билеуші тобына кірген. Хан болған тұлға лақап аты шыққан жеріне байланыста Аспараларын немес тарихи деректерге сәйкес Аспарух хан аталғанын көреміз» [5. 157 б.].

Аспара – бұл да кірме қабаттар қатарына жататын атау. Аспара, Айпара деген атаулардың пара сыңарының қосымша емес пе екен деген оймен іздендік. Парсы тілінің сөздігінде пара – (парс. «баре») сөзіннің басқа сөзбен тіркесіп келгенде, «қадірлеуші, жақтаушы» мағынасында қолданылып отырған [31. 77б.]. Сонымен «асп» (парс. эсб) жылқы, пара – (парс. баре) деген сөздердің қосылуы арқылы жасалып, «жылқы малын ұнатушы» яғни «шабандоз» мағынасын білдіреді деп ойлаймыз.

Ойконимдер құрамындағы араб, парсы тілдерінен енген кент (варианты: кат) қала, шаһар, қышлақ, рабат терминдері ортағасырлық заманнан бері бар екендігі белгілі. Құрамындағы бір сыңары басқа тілден, ал екінші сыңары көне түркі тілінен жасалған: Саудакент, Құмкент, Түймекент және т.б. ойконимдер де кездеседі.

ә) орыс тілдік қабат

Патшалық империя әкімшілігі қазақ ойконимдерін өзгерту мәселесін жоспарлы түрде жүргізді. Белгілі ғалым М. Мырзахметұлы төңкеріске дейінгі Қазақстанда жүргізілген осы процестің үш кезеңін бөліп зерттеген:

а) 1731-1822 ж. аралығында патша үкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған кезінде жер атауларын өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қас-қабағына қарай жүргізді;

ә) 1822-1867 ж. аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін бөлшектеп, отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіліктенді. Бұл тұста да ру басшыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілеп толыға түсті;

б) үшінші кезеңдегі отаршылдық күшейген тұста, яғни 1868 ж. Жаңа Низам ережесі мен 1917 ж. аралығында отарланған Қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде күшейіп, барынша қаулай дамыды. Қазақтардың ұлан-асар өлкесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларын отаршыл өкімет саналы түрде өзгертуді шындап қолға алды» [29].

Орыс тіліндегі географиялық атаулардың қазақ жерінде пайда бола бастауы XVIII ғ. I жартысынан басталып, XIX ғ. аяғына дейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударып, тұрақтануымен тікелей байланысты болып, XX ғ. аяғына дейін жалғасты. Бұл кезеңдерде қазақ жерін тұтастай отарлаған патшалық Ресей тарапынан мындаған елді мекен аттары орыс сөздерінен, не орыс есімдерінен қойылып отырды. Бұл әсіресе, Кеңестік дәуірде кеңінен етек алып, үдей түсті. Қазақ жеріне орыс келімсектерінің ағыла келуі салдарынан жүздеген, мындаған тарихи ұлттық атаулар жойылып, олардың орындарын орысша атаулар басып алды. Әсіресе, 1954 ж. тың және тыңайған жерді игеру саясатына байланысты Ресей, Украина, Белоруссия жерінен көшіп келген, түрмеден арнайы амнистиямен босатылған әртүрлі ұлттардың өкілдері қоныстанып, мекендеген жерлерге жаңадан жаппай ат қою дәстүрі кеңінен етек алды.

Басқа ел мәдениетінің екінші бір халықтың мәдениетінің дамуына кері әсер етіп, жағымсыз ықпал жасауына ойконимдік материалдар да толық айғақ бола алады. Бұған тілімізге енген орыс тілі грамматикалық терминдері мен кейбір ойконимдік атаулар толық дәлел. Әсіресе, арнайы Орталық жүргізген орыс тілінің негізінде қойылған Жамбыл облысы ойконимдері Қазақстан топонимдерінің ажырамас бөлігі болып саналды. Жалпы Қазақстан топонимдері республикада қазақ-орыс, орыс-қазақ тілдерінде қолданумен қатар тұрақты қоғамдық қызмет атқарды. Ономастикалық лексика құрамындағы осындай лексикалық қат-қабаттар мен сырға толы қалың қатпарларды ғылыми жүйеде жіктеп, толық та жан-жақты талдау барысында ғана олардың құпия жайын аша аламыз.

«Республикамыздағы 83 қаланың – 28-і, 222 ауданның – 107-і, 35 қала, ауданның – 31-і, 222 аудан орталығының – 126-сы, 204 жұмысшы поселкесінің – 72-сі, 2418 селолық советтің – 1197-сі, 8369 елді мекеннің – 3567-сі жаңадан қойылып, тек ғана орыс тілінде аталады екен» деген М. Мырзахметұлының деректері бар [29. 209б.].



Жамбыл облысы бойынша 1992 жылға дейінгі мәлімет бойынша 131 ойконим ресми түрде орыс тілінде аталған болса, ал қазіргі кезде 31 ойконим орыс тілінде аталады.

Кісі фамилиясынан қойылған ойконимдер: Юсуповка, Зыковка, Самсоновка, Петровка, Кременовка, Алексеевка, Гродиково (Жуалы ауд.); Головачевка (Жамбыл ауд.); Каменка (Т. Рысқұлов ауд.); Буденовка, Ново-Ивановка, Михайловка (Байзақ ауд.), Кузьминка (Меркі ауд.) және т.б.

Жұмысымызға облыстық архивтен материалдар жинау барысында тек ғана Жуалы ауданы бойынша (1911жыл 03. XII) төмендегі №2 кестеде (қосымшаны қараңыз) көрсетілгендей мәліметтің куәсі болдық. Сонда келтірілген бір мәліметтің өзінен-ақ ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі ойконимдердің қандай көріністе болғандығын аңғарамыз. Сонымен бірге ойконимдерді яғни елді мекен атауларын номірлеп атаған. Біз ойконимдердің бұрынғы атауына, сонымен қоса тарихына, ұлттық санамызды жадымыздан шығару саясатының астарына кезінде мән бермегенбіз.

Осы орайда ақын Ж. Нәжімеденовтың мына өлең жолдары еріксіз есіңе оралады: «Мән бермеппін жер атына бұрын мен, жерлерім көп мән бермеуден сүрінген».

Бұрмаланған атауларға мысал келтірсек:

Юбилейное – елді мекен, Т. Рысқұлов ауданы. Белгілі бір мерейтойды атап өту, датаны мерекелеу кезінде соның құрметіне қойылған атау.

Победа – елді мекен, Байзақ ауданы. Орыс тіліндегі победа – жеңіс деген сөзден алынған. 1941-1945 жылдарда Ұлы Отан соғысында неміс фашистерін жеңу құрметіне қойылған атау.

Пригородное – елді мекен, Жамбыл ауданы. Пригородное «қала маңындағы село» деген мағынаны білдіреді.

Славное – ауыл, Қордай ауданы. Орысша слава – «даңқ» деген сөзден алынып, «даңқты» деген мағынаны білдіретін атау.

Коммунар – елді мекен, Сарысу ауданы. Революциядан кейін алғашқы құрылған серіктестіктер коммуна деп аталып, оған мүше болғандар «коммунар» деп аталған. Атау солардың құрметіне қойылған.

Каменка – елді мекен, Т. Рысқұлов ауданы. Орыс тіліндегі камень – «тас» деген сөзден қойылған атау. Жері тасты болған соң осылай аталған болу керек.

Маяк – елді мекені, Жуалы ауданы. Өзенде, теңізде жөн сілтеп, хабар беріп тұратын мұнараға орнатылған жарықты орысша маяк дейді. Сонда атаудың мағынасы «басқаларға үлгі болатындай елді мекен болсын» деген тілекпен қойылған атау. Красная звезда (Жамбыл ауд.), Политотдел және т.б.

Ойконимдерге (елді мекендерге) кісі аттарын қоюдың төркіні қайда жатыр? Ғылыми тілмен айтсақ, антропонимдердің принципі неге өзгерді? Өркениетті елдердегі топонимиканы ескерсек, Лондонда Шекспир, Нью-Йоркте Э. Хемингуэйдің аттарына қойылған көшелер жоқ. Олай болса, империяның орыстандыру саясатының астарында, сол елдің көрнекті адамдарының аттарын жиі еске салу арқылы, төл тарихымызды халық жадынан шығарып, үлкен халықтың құрамына сіңіріп жіберу мақсаты жатқан-ды. Антропонимдер туралы, оның ішінде, әсіресе, макротопонимдер туралы ғалымдарымыздың арасын-

да да әртүрлі пікірлер бар. Мысалы, ғалымдар: Ә. Қайдаров, Т. Жанұзақ, [18] М. Мырзахметұлы [29] «макротопонимдерді кісі аттарынан, яғни антропонимдерден қоюға болмайды», – дейді.

Нақтыласақ, Ә. Қайдаров пен Т. Жанұзақ: «Орыс тілінің сөз құрамы арқылы немесе өз қалпында қабылданған есімдер Кеңес дәуірінде ерекше етек алды» [18].

Мұндай қайшылықтармен күресу Кеңес дәуірінде мүлдем мүмкін емес еді. Өйткені сыңаржақты интернационализм (бұл ұлтшылдықты мүлдем қолданыстан шығарып тастаған кез) қағидасы негізіндегі идеология орыстандыру саясатын алға қойған-ды. Тек 1990 ж. тәуелсіздіктің алдында Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құру барысында күшпенен енгізілген атауларды қайта реттеу, өзгерту, тарихи қалпына келтірудің мүмкіндігі туа бастады.

Отаршылдық топонимиканың бір көрінісі жайында проф.М. Мырзахметұлы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде (1983 ж. , 11 январь) жарияланған «Ванновка атауының сыры неде?» деген мақаласында арнайы сөз етеді. Ванновка ауылы (Түлкібас ауданының орталығы) 1881-1897 жж. аралығында Россия империясының соғыс министрі болған П. С. Ванновский (1822-1907) атымен аталған. Ванновскийді Николай патша 1902 ж. Халық Ағарту министрі етіп тағайындайды. Осы қызметте реакцияшыл П. С. Ванновский оқу орындарында кертартпа реформаны ендіреді. В.И. Ленин «Банкроттық белгілері» деген мақаласында Халық Ағарту министрінің кертартпа әрекетін аяусыз әшкерелегені.

М. Мырзахметұлы өзінің «Түркістанда туған ойлар» [29] атты еңбегінде: «Патшалар, князьдар, қандыбалақ генерал-губернаторлар, священниктер мен поптардың атына қойылған кейбір елді мекен атаулары бүгінгі жаңа дүние танымадағы қазақ халқының рухани ар-ожданына мүлде сәйкес келмейді. Бұл елді мекендерге байырғы тарихи түрде қалыптасқан халықтық ұғымдағы атаулары қайтарылып, одан да дұрыс совет өкіметін орнату жолында қан төгіп, алысқан халықтың ұл-қыздарының, бесжылдықтар озаттарының, айтулы мәдениет, өнер қайраткерлерінің аты мәңгілік ескерткіш ретінде қойылса, тарихи әрі таптық мүлде тұрғысынан қарағанда дұрыс шешім болар еді», – деп түйіндейді.

Мұндай жағдай бүкіл қазақ жерінде жаппай орын алған. Жамбыл облысындағы ойконимдердің көбі кілең Ресейден XIX-XX ғғ. келген орыс кулактары мен мұжықтарының атымен аталғанын жергілікті халық әлі ұмытпа қойған жоқ.

Ретіне қарай айта кетсек, тек ғана Жамбыл облысындағы елді мекендер, яғни макро және микроойконимдерден нақтылы мысалдар келтіруге болады. Олар: Гродиков, Головановка, Михайловка, Белашов, Евгеньевка, Гагарино, Самсоновка, Казанка, Благовещенка және т.б. осылай жалғаса береді.

Бұлар бүгінде құлағымызға әбден сіңісті болып кеткен атаулар. Бір қарағанда, мұның ешқандай сөкеттігі жоқ болып көрінгенімен, осы есімдердің иелері кімдер, олар халық алдында еңбегі сіңген адамдар ма? Сараптасақ, әңгіменің мәні бұдан тереңірек жатқан сияқты. Мұндай атаулардың қалыптасуы, біздіңше, өткен ғасырлардағы патшалы Ресейдің көршілес жатқан бұратана халықтарды күшпен отарлау саясатын жүргізу арқылы қазақ халқын өзінің тарихи жадынан адастыру саясатымен астарлап жатыр. Бұған



келтірер дәлеліміз де баршылық. Айталық, патша армиясының генералы М. Г. Черняевтің Оңтүстік Қазақстан аймағын Ресейге қосуда жүгенсіздікке жол бергені құпия емес. Орыс генералының опасыздығынан көшпелі халықтың қаны жөнсіз төгілді, жазғы жайлауынан, қысқы қыстауынан айрылды. Осы әділетсіздікті көзімен көріп, жүрегі сыздаған Шоқан Уәлиханов онымен тіл табыса алмай қайтып кетпейтін бе еді?! Әлбетте, патша армиясының баскесер генералының отаршылдық саясатты жүзеге асыру мақсатында жасаған қантөгісі царизм үшін ілгері қадам болғаны анық, ал адамгершілік пен иман тұрғысынан қарасақ, ол қаскүнемдік пен қаскөйліктен басқа ештеңе де емес еді.

Оның оңтүстік өңірді жаулап алуы патша үкіметінің топонимикалық саясатына жол ашты. Былайша айтқанда, орыстандырудың ең басты құралы – тіл, ойконим екенін империя жақсы түсінді.

«Отаршылдық топонимикасындағы бір ұрымтал тәсіл – жергілікті халық тіліндегі географиялық жер атауларын өз тілдеріне аударып беру арқылы да түпнұсқа сөздің халық санасынан шайылып өшіп кетуіне күш салуында жатыр» [29. 63б.]. Мұны ғылым тілінде калька (көшірме) деп атайды. Жамбыл облысында осы айтылған калька әдісімен қойылған ойконимдер саны көптеп кездеседі.

1758 ж. Цин империясы Шығыс Түркістанды жаулап алып, отарланған елдің ежелгі атын халық санасынан өшіру мақсатымен, оны қытай тілінде Синьцзян (Жаңа шекара) атандырып жіберді, ол осы күнге дейін өзгермей келеді. Қазақстан жеріндегі «Шүршіт қырылған» деп аталатын елді мекен – Олжабай батыр бастаған қазақ қолы мен Цин әскері арасында болған қанды қақтығыстан белгі болып қалған микропонимдердің бірі. Бұл атау да халық санасында ұмыт қалмай сақталып, ұрпақтан ұрпаққа өтсе де, сол тарихи оқиғаның ізін сақтап отыр [29. 64 б.].

Қазақстан жеріндегі орыс топонимдері «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы» деген лақапты ойлар кейінгі кезеңдерде пайда болды. Орыс атаулары көбіне ойконимдерге (елді мекен) қойылып отырған. Сол көптеген «Алексеевка», «Петровка» бұрын қазақша аттары болған. Байырғы атаулар халық жадында әлі де сақталуда.

Белгілі совет топонимісі Э.М. Мурзаевтың байқауынша, Орта Азия және Қазақстан жер-су атауларының құрамына орыс, украин атаулары үш жолмен енген көрінеді:

1. Отаршылдық саясатының ықпалымен әкімшілік тарапынан қойылған атаулар. Ондай атаулар темір жол стансаларына, қалаларға берілген;
2. Ресей және Украина жерлерінен шаруалардың көшіп келуіне байланысты қойылған атаулар;
3. Табиғаты мен географиялық зерттеу жүргізу кезінде қойылған жаңа атаулар.

Ресей империясы заманында Романовтар династиясына және дінге, діни мейрамдарға байланысты орыс атаулары Қазақстанның топонимиясында күні бүгінге дейін сақталған: Нововокресеновка, Покровка, Вознесенка, Бла-

говещенка, Успенровка т.б. Яғни бұлар екінші кезектегі номинациялық акт нәтижесінде пайда болған ойконимдер.

Қазақстан жеріне орыс, украин халықтарының қоныстануына (миграциясына) байланысты ғылыми әдебиеттерде «перенесенные топонимы» деп аталатын атаулары пайда болды. Көшіп келушілер өзінің бұрын тұрған село, деревня, қала аттарын «өзімен ала келіп» жаңа қонысқа қойып отырған. Мысалы, Киевка, Ярославка, Самарка, Полтавка атты елді мекендер Қазақстанның түрлі аймақтарында кездеседі. Жамбыл облысының кейбір ойконимдері «ново» (жаңа) қосымшасы арқылы жасалған. Мәселен, Нововокресеновка, Новосел, Новоалексеевка және т.б.

Кейбір елді мекендер алғаш қоныстанған адамның немесе помещик, кулактардың есімдерімен аталған: Антоновка, Акимовка, Сергеевка, Савельевка, Николаевка, Зыковка, Георгиевка, Гродиков, Алексеевка, Петровка және т.б.

Империяның топонимикалық саясаты Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де өзінің пәрменді жалғасын тауып жатты. Қазан төңкерісінен кейін республикамызда жаппай жаңа совхоздар, колхоздар, елді мекендер ұйымдастырылды. Оларға Орталықта белгілі адамдардың, революционерлердің, әскери қолбасшылардың, мәдениет пен әдебиет қайраткерлерінің есімі берілуімен көптеген жаңа атаулар пайда болды. Бұл құбылыс Жамбыл облысында да өз көрінісін тапты.

Кеңес дәуіріндегі облыс ойконимдерін хронологиялық және тақырыптық белгілерімен бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

Хронологиялық принципі жағынан:

1. Кеңес дәуірінің алғашқы онжылдықтарында (20-30-40 ж.) пайда болған топонимдер – Большевик, Қызылшаруа, Қызыларық, им. Кагановича, Қызылдихан және т.б.

2. Ұсақ колхоздар мен артельдерді ірілендіріп, совхоздарға айналдырғандағы (50-60 жж.) ойконимдер:

а) Кеңестік дәуірдегі орыс тіліндегі ойконимдер: Ленинизм, Коммунар, Красная заря, Ильич, Новотройцкий, Новопутский, Комсомол және т.б.

б) ойконимдердің қазақша моделі: Жаңақоғам, Жаңатұрмыс, Ленин жолы, Ленин туы, Сталин жолы, Бостандық, Октябрдің – 30, 40 жылдығы атындағы және т.б.

Кеңес өкіметі кезінде Қазақстан картасында жергілікті халыққа бейтаныс мыңдаған жаңа географиялық атаулар пайда болды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы сан ғасырлық тарихы бар Құмарық атты көне мекенге 1888 ж. патшалық Ресейден Воронеж губерниясынан орыстар келіп жайғасқан. Олар өздері орналасқан ауылды Подгорное деп атады. «Подгорный» деп атаған себебі – орыс тілінен енген екі сөздің бірігуінен пайда болған атау. «Под + горный» (яғни қазақша – под – «етегінде», горный – «таулы», «таудың») «таудың етегінде орналасқан ауыл» болғандықтан да солай атаған.

Сол жердің жергілікті халқы кейіннен оны «Зерносовхоз» деп те атап кеткен. Бұл орыс тілінің үш түбірінен біріккен атау. Өзінің аты аталып тұрғандай, «зерно» – бидай + сов/хоз – «советское хозяйство» деген сөздерінің бірігуінен



жасалғаны белгілі, сонда бұл ауылда бидай өсірілгендіктен «зерносовхоз» деп атап кеткен. Бұл атауларды сол жердегі жергілікті халықтар өздері қойып, өздері солай атаған.

Юбилейный ауылында ең алғаш рет 1955 ж. 9тамызында «Киевская» көшесі ашылды. Оның Киевская деп аталуының себебі, сол көшеде тұрған адамдардың барлығы Украинадан көшіп келгендер болған. Кейіннен ауылда бірнеше көшелер пайда болады. Олар мыналар: Киевская, Алма-Атинская, Комсомольская, Абай, Октябрьская, Юбилейное, соңғы ашылған көше Шевченко мен Молодежная көшелері.

1993 ж. ауылдық кеңестің шешімімен Подгорное ауылы қайтадан байырғы атымен – Құмарық болып аталды. Жері құмдақ, су ұзаққа ақпайды, құмға сіңіп кете береді. Бұл жердің құмды болуына байланысты Құмарық аталған. Құмарық ауылы шығысында Көгершін ауылымен, батысында Жарлысу ауылымен шектеседі.

Кеңес дәуірі кездегі ойконимиканың бір ерекшелігі шетелдік революционерлердің, ғалымдардың және т.б. есімдерін қою болды: им. К. Маркса, Р. Люксембург, Пастера және т.б.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін күшпенен тарих шаңының астында қалған, ұмыт болып кете жаздаған ойконимикалық атауларды қалпына келтіру үрдісі басталды. Дегенмен, біраз атаулардың әлі сол күйінде қалуы империялық психологияның, оның өкілдерінің санасында (диаспорада) әлі де болса ескі сарынның қалғанын көрсетеді. Мысалы, Гродиково, Бурнооктябрьская, Юбилейное, Пригородное, Политотдел, Гранитогорск, Гвардейский және т.б.

Титулды ұлттың тарихы, оның мақтанышы, рухы, қуанышы, олардың өзегі – жері мен суына, тауына, өзен-көліне т.б. қойылған аттар. Олар қазақ халқының тарихи жады, ал ол оны отансүйгіштікке баулиды.

Кузьменко – Меркі ауданы, бірақ бертегі елге еліміздің «егеменді ел» атағын алғаннан кейін, бұл атаулар халықтың елеулі ұлдарының есімімен және көне, тарихи ұмытыла бастаған есімдерімен қойыла алмастырылды. Ендігі жерде қартамыздан өз тілімізге жатық атауларды оқуға толық мүмкіндігіміз туды деген сөз. Сондай-ақ жоғарыда аталған Кузьменко ауылдық кеңестің атауы Қабылбек Сарымолдаев есімімен алмастырылды (Меркі ауд.). Сонымен қатар, Жамбыл облысының Байзақ ауданының орталығы бұрын Михайловка деп аталса, бұл күнде Сарыкемер деген атпен танылды. Ал бұрынғы Луговой – Т. Рысқұлов ауданының орталығы, бұл күнде көне атауымен Құлан деп аталады.

Сонымен орыс тілінен енген ойконимдердің басқа араб, парсы тілдерінен енген ойконимдерден айырмашылықтары бар екендігі байқалады. Жұмысымыздың орыс тілді лексикалық қабатында Кеңес дәуіріне дейінгі және кейінгі ойконимдерді тұтас қарастырдық.

Қорыта айтсақ, Жамбыл облысының ойконимиясы өзіне ғана тән стратиграфиялық ерекшеліктерге ие. Әрбір лексикалық қабаттар бірден қалыптаспай, осы аймақтың саяси-әлеуметтік қарым-қатынасы, тарихи кезеңдері мен иірімдерін басынан кешкендігінің дәлелі болып табылады.

р/с	Бұрынғы атауы	03. XII. 1911 ж. атауы	Болыстардан құрылған
1	1 ауыл	Федоровский	Биликол волост.
2	4, 9 ауыл	Евгеньевский	Куюк, Чокпак
3	4, 1 ауыл	Стольпинский	Чокпак, Карабастау
4	4 ауыл	Яснополянская	Чокпак
5	4, 9 ауыл	Кастальевского	Чокпак
6	3 ауыл	Филипповского	Чокпак
7	1, 4 ауыл	Любимого	Биликол, Карабастау
8	4, 1 ауыл	Людмиловского	Чокпак, Биликол
9	9; 1, 4 ауыл	Терса (Теріс)	Чокпак, Карабастау
10	3, бывшей станций Куюк	Неполивного	Чокпак, и бывшей почтовой станций Куюк
11	7 ауыл	Бокатея	Ассинской волости
12	1 ауыл	Кос-Мурати	Карабастау

АЙМАҚ ОЙКОНИМДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Қандай да бір ел яки аймақ болсын, ондағы жер-су аттарының өзіне тән сыр-сипаты оның пайда болу, жасалу заңдылықтарында аз да болса өзіндік ерекшеліктер байқалып отырады.

Облысымыздағы ойконимдердің лексика-семантикалық құрамы да әр алуан. Жер аттары қоғамдық дамудың сипатына қарай өзгеріп отырған. Жергілікті халық өздері мекендеген, көшіп-қонып жүрген жердің бет-бедеріне, судың ащы-тұщылығына, көлемі мен ағысына, табиғатына, жалпы олардың алуан түрлі қасиеттері мен белгілеріне орай ат (оним) қойып отырған. Сондықтан да ондай атаулар белгілі бір мән-мағынаға ие. Олай болса, ойконимдерді семантикалық тұрғыдан зерттеудің мәні де айрықша.

Ойконимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект жайында тиісті дәрежеде мағлұмат беріп қана қоймай, сол жерге адамның қатыстығын да көрсетіп, білдіріп отырады. Сондықтан ойконимдер семантикасының қыры мен сырының егжей-тегжейін жан-жақты, терең де мазмұнды етіп айқындап, анықтай түсуде кеңінен қолданылатын аталмыш әдістің ең басты жолы – лексика-семантикалық классификация болып табылады. Ол арқылы ойконимдерді алуан түрлі семантикалық топқа бөліп саралауға болады.

Соңғы жылдар ішінде топонимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан талдау жөнінде біраз еңбектер жарық көрді. Ол еңбектерді толықтырған, жаңадан ой-пікір айтқан тың зерттеулер саны да көбейіп отыр.



Ойконимдердің зерттеу жұмыстарында географиялық атауларды топқа бөлу олардың аталу тұрғысынан қаралады. Бұл жөнінде В.А. Никонов еңбегінде [30. 37б.] топонимдерді зерттеуде үш түрлі семантикалық типке:

- а) географиялық объектілердің белгісіне;
- б) объектінің қай аймаққа тәндігіне;
- в) арнайы қойылған атауларға қарай деп бөліп қарастырған.

Көрнекті топонимист А. В. Суперанскаяның пікірі бойынша, топонимдер классификациясы есімдердің лингвистикалық және экстралингвистикалық сипатына қарай ғана жасалу керек.

Орыс топонимистері Э.Г. Беккер, А.И. Яценко өздерінің еңбектеріндегі классификацияны В.В. Топоров, О. Н. Трубочев классификациясы [36. 214б.] негізіне сүйене жасаған. Алайда А.И. Рудных өзінің «Гидронимикадағы семантикалық модельдер» (1972) атты мақаласында В.А. Никоновтың семантикалық классификациясына сын көзбен қарай отырып, қосылмайтын жақтарын да ашық айтады. Оның пікірінше, «Топонимдерді семантикалық белгілеріне қарай топтау – қандай да бір атаудың қашан пайда болғанын, белгілі бір тарихын анықтауға жәрдем етеді», – дейді.

Түркі топонимиясын семантикалық жағынан топтастыру А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақ, Қ. Қоңқабаев, О.А. Сұлтаньяев, Е. Керімбаев, Қ. Рысберген, А.А. Камалов, О.Т. Молчанова, Б. Бияров, Б. Тлеубердиев, Ұ. Ержанова т.б. ғалымдар еңбектерінде орын алады. Мәселен, А. Әбдірахманов қазақ тілді топонимдерді лексикалық тұрғыдан классификациялап (жіктемелеп), оларды 14 түрге топтап, лингвистикалық талдау жасады. Бүгінгі ономастика ғылымында кездесетін топтастырулар ғалымның аталмыш классификациясынан көп алшақтап кете алмайды. Ғалымдар топонимдерді классификациялауында түрлі принциптерді басшылыққа алады. Дегенмен ойконимдердің лингвистикалық және экстралингвистикалық сипатын ескерген жөн. Ономастикалық топтастыру Қазақстанның көптеген аймақтарының топонимикалық жүйесін зерттеуге негіз болады. Т. Жанұзақ: «Қазақ топонимикасындағы лексика-семантикалық классификацияларға назар аударуының ең басты мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән – мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірмен байланысын анықтап білу болып табылады», – [31] деп қазақ ономастикасы алдындағы міндетін түйіндеп кетеді.

Сондықтан да біз, жоғарыда аттары аталған еліміздегі көрнекті ғалымдардың теориялық еңбектерін зерделей отырып, ойконимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру жасаудың қажеттігін байқадық. Алдымен қоршаған ортаның физикалық-географиялық қасиетін көрсететін ойконимдерге байланысты атаулардың мән-мағынасына мүмкіндігімізше толығырақ тоқталамыз.

Әрбір халықтың, ұлттың өзге де ерекшеліктері, мәдениеті, дәстүрі саяси санасына байланысты ойконимдерді семантикалық топқа бөлуге болады. Сондай-ақ топтауға келмесе де, кейбір атаулардың бірен-саран болса да, оның өзіндік этномәдени және кумулятивтік қызметінің маңызы баршылық.

Жамбыл облысы ойконимдері де басқа облыстар ойконимдері сияқты қоғамдық дамудың сипатына қарай өзгеріп, жаңарып отырған. Жергілікті халық

өздері мекендеген жердің, қоршаған ортаның бет-бедеріне, түрлі қасиеттеріне, белгілеріне, болған тарихи оқиғалар мен жаңалықтарға, іс-әрекеттерге сай атаған. Қазақ тіліндегі ойконимдер мағынасы жағынан сан алуан болып келеді.

О.Т. Молчанованың зерттеулерінде жалқы есімдердің қалыптасуына негіз болатын бірнеше (тілдік, тәжірибе, жеке және жалпы психология, қоғамның маңызы, сыртқы жағдай) факторларды [85. 73-79б.] көрсетеді. Кез келген атаудың пайда болуы стихиялы түрде қалыптасып, қоғамдық құбылыстар арқылы жүзеге асады. Сонымен Жамбыл облысы ойконимдерін алдымен үлкен екі топқа бөліп қарастырамыз:

1. Қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін ойконимдер;
2. Адамдардың іс-әрекет, тұрмысы, этномәдениетін, қоғамдық өмірін көрсететін ойконимдер.

Жұмысымызды зерттеу барысында ойконимдердің тірегі – тіл, философия, этнография, тарих, географияны бір-біріне орайлас зерттеу қажеттілігі байқалады. Кез келген атауды тереңірек зерттеп, оның қандай мағына беретіндігі, нені аңғартатындығы және не себепті осылай атағандығы, қай тілден енгендігі т.б. сол сияқты мәселелерді анықтауда міндетті түрде осы бағыттарда зерттейміз.

Ойконимдер құрамындағы сан жағынан молы да, лексикалық құрамы жағынан алуан салалысы да қоршаған ортаның физикалық-географиялық қасиетін көрсететін географиялық атаулар болып саналады. Ойконимдерді ішінара жіктегенімізде: табиғат көрінісі мен ауа райының құбылысына, жер бетінің бет-бедеріне, өсімдіктер, жан-жануарлар атауларына, сонымен қатар этнонимдерге, антропонимдерге байланысты және түр-түс пен сан есім сөздерімен байланыстырыла қойылған ойконимдер деп бөлеміз.

Географиялық ортаның ономастиконға деген әсері – үздіксіз әсер етуші фактор, сондай-ақ әр халықтың атауларында оның мәдениетінің қалыптасуына қоршаған ортаның жанама әсері болады. Жамбыл облысы ойконимдерінің семантикалық классификациясының, ономастика ғылымының дамуына орай, әрбір ойконимнің нақтылы, дәл, сол мерзімде антропонимнің, этнонимнің, гидронимнің, оронимнің, фитонимнің, зоонимнің т.б. онимдік топтардың қатысуымен пайда болатыны белгілі. Сондықтан да жұмысымызда ойконимдердің осы классификациялануын (жіктелуін) және өзімізді қоршаған ортаның табиғи, әлеуметтік ерекшеліктерін басшылыққа аламыз.

Ойконимдерді семантикалық жақтан классификациялағанымызда олардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай, елді мекен болып, тұрақ болып есептелетіндіктен, мұндағы ең шешуші фактор – адам. Сондықтан кез келген оним адам факторына қатысты қойылып отырған.

1. Антропонимдерге қатысты қойылған Жамбыл облысы антропоойконимдерін төмендегіше топтауға тура келеді. Өйткені, жинақталған елді мекен атаулары облыс тарихындағы болған, әр түрлі кезеңдерге жататын батыр, қолбасшы, әскери қызметкер, би, болыс, орыс мұжықтары, революционер, Ұлы Отан соғысы батыры, ақын, қоғам қайраткері және т.б. тұлғалар есімдерімен аталады. Мұны біз төмендегіше топтап көрсетуге тырыстық.



а) Біздің дәуіріміздің VI-VII ғғ. дулат тайпасының атасы – Бәйдібек, X ғ. өмір сүрген Айша-Бибі т.б. есімдеріне қойылған антропоойконимдер. Бұл есімдер өте ерте көне дәуірге жататындықтан археоантропоойконимдер немесе палеоантропоойконимдер деп аталады.

ә) Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін басқарған тұлғалар: Амангелді, Ақкөз батыр, Жиёмбет ақын есімдеріне қойылған антропоойконимдер.

б) Қоқан хандығына қарсы көтеріліске шыққан тұлғалар есімдері: Байзақ датқа, Сыпатай, Бөлтірік шешен, Есей би, Көшек батыр, Оразалы батыр, Рысбек батыр, Шоқай датқа есімдеріне қойылған антропоойконимдер.

в) Қазақ – жоңғар соғысына қатысқан батырлар мен XIX ғ. ортасында өмір сүрген тұлғалар: Өтеген батыр, Бұлар батыр, Жауғаш батыр, Сеңкібай батыр, Төле би, Әбілхайыр, Мәдімар, Биназар есімдеріне қойылған антропоойконимдер.

г) Коммунистік идеологияның негізін қалаған қайраткерлер: К. Маркс, Энгельс, Ленин, Тельман т.б. есімдеріне қойылған антропоойконимдер.

ғ) Қызыл империя, партия, өкімет, кеңес қайраткерлері: Сталин, Фрунзе, Фурмановка, Буденов, Чапаев, Ворошилов, Свердлов, Куйбышев, Калинин, Киров, Вознесенский, Мирзоян, Т. Рысқұлов, Байқадам Қашқынбаев, Масанчи т.б. есімдерге байланысты қойылған антропоойконимдер.

д) Қазақ халқының ақын, жазушы, журналист, совет-партия қайраткерлері: Абай, Жамбыл, Қонаев, Қылышбай, Балуан Шолақ, Кенен, Ә. Жылқышиев, А. Назарбеков, Сарымолдаев, Ерназар (1930 ж. Қазақстан Жоғарғы Советінің председателі), Ұ. Сыздықбаев, С. Пәрманов, Т. Дүйсебайұлы т.б. есімдеріне қойылған антропоойконимдер.

ж) Кеңес дәуіріндегі Ұлы Отан соғысының батырлары: Б. Момышұлы, С. Шәкіров, А. Суханбаев есімдеріне қойылған антропоойконимдер.

з) Халық емшісі Қожағаппар есімімен қойылған антропоойконим.

Ойконимдерді семантикалық тұрғыдан классификациялау барысында облысымызда болып жатқан тарихи-географиялық атауларды стандарттау, жүйелеу, дұрыс қолдану мәселелерінің халық арасында қызығушылық туғызып, қолдау тауып отырғандығын байқадық. Бұл мәселеге орай халық тарапынан кейбір елді мекен атауларын, мекемелер, ұйымдар атауларын өзгерту, транскрипциясын дұрыстау мәселелері бойынша батыл пікірлер айтылуда. Оның себебі, нақтылап айтсақ, макроойконим және микроойконимдердің ретсіз, жүйесіз кісі есімдерімен аталуы және ол адамның тек қана тұрғылықты жерге ғана танымал кісі есімдерімен қойылып, «көкемнің аты – көшеге, әкемнің аты – ауылға» принципін ұстанғандай. Зерттеу барысында сол елді мекен атауымен аты аталған кісінің кім екенін, тіпті ауыл тұрғындарының өздері білмейтіндігі өкінішті жайт.

Сонымен Жамбыл облысы ойконимдерінің семантикалық классификациясында әр кезеңдердегі антропонимдерден қойылған антропоойконимдер молынан кездеседі.

2. Халық, ру, тайпалық атауларға байланысты қойылған этноойконимдер: Дулат (Шу ауд.), Танта (Жамбыл ауд.), Кусақ (Байзақ ауд.), Қапал (Жамбыл ауд.), Ойық (Талас ауд.), Қалмақ /станса/ (Мойынқұм ауд.) т.б. сондай-ақ Т. Рысқұлов ауданында Қазақ атты комоним /ауыл атауы/ бар.

3. Гидронимдерге қатысты трансонимдену нәтижесінде қойылған елді мекен атауларын гидроойконимдер деп атаймыз. Жамбыл облысында Ақсу (Шу ауд.), Ақкөл (Талас ауд.), Аспара (Меркі ауд.), Талас (ауд.), Теріс (Жуалы ауд.), Билікөл (Жуалы ауд.), Сарысу (Сарысу ауд.), Мыңарал (Мойынқұм ауд.), Терісашыбұлақ (Жуалы ауд.), Көлқайнар (Жамбыл ауд.), Күркіреусу (Жамбыл ауд.), Көкқайнар (Шу ауд.), Көлбастау (Жуалы ауд.), Қашқантеңіз (Мойынқұм ауд.), Қасқабұлақ (Талас ауд.), Қарасу (Байзақ, Меркі, Қордай ауд.), Камқалы (Мойынқұм ауд.), Шу (Шу ауд.), Жайлаукөл (Сарысу ауд.) т.б. гидроойконимдер кездеседі.

4. Өсімдік дүниесіне /фитонимдер/ байланысты ойконимдер.

Бұл ойконимдер семантикасы және өсімдіктер әлемі туралы Б. Қалиевтың «Қазақстанның өсімдік атаулары» [75] еңбегінде толық талданып, айтылған. Ал Жамбыл облысында қоға, терек, тал, қайың, ермен (шөп), жуа, жиде, шеңгел, ағаш, қарақат, сөгеті, көк, қияқ, байтерек, мақпал сөздерінің қатысуымен жасалған фитоойконимдер көптеп кездеседі. Өсімдік атаулары ойконимдер құрамында қолданылып, сол жердің, елді мекеннің флорасын сипаттайды.

Мысалы: Бүргенді (Жуалы ауд.), Қарақат (Т. Рысқұлов ауд.), Ақермен (Меркі ауд.), Жиделі (Мойынқұм, Жамбыл ауд.), Сөгеті (Қордай ауд.), Қайыңды (Т. Рысқұлов ауд.), Қияқты (Мойынқұм ауд.) Қызылтал (Мойынқұм ауд.), Көктерек (Мойынқұм ауд.), Мақпал (Т. Рысқұлов ауд.), Шеңгел (Сарысу ауд.), Талдыөзек (Мойынқұм ауд.), Талдыбұлақ (Жуалы ауд.), т.б. Сонымен бірге орыс тілінен тікелей еніп, Плодоягодное (Меркі ауд.), Луговая (Т. Рысқұлов ауд.) деп аталатын фитоойконимдер бар.

Кейбір зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес, фитоойконимдер құрамындағы ағаш және су есімдері сөз тіркестерінде бірегей агрибутты сөз ретінде қатысады. «Ағаш» лексемасының су сөзіне семантикалық жағынан эквивалент болуын Е. Жанпейісов көптеген зерттеулерді талдау негізінде былай түсіндіреді: «судың қозғалысын белгілеуде ағ – ақ қолданылады. Бұл «ағаш» сөзінің негізін құрайды. Сондықтан тарихи тұрғыдан алсақ, бұл сөз «су» дегенді білдіреді» [12. 111б.]. Осы көзқарастың негізінде «өсімдік» мағынасындағы «ағаш» термині «сулы», «су» дегенді білдіретін терминнен кейінірек пайда болған деген түсінік бар. Шындығында да, қазақтар мекендейтін шөлейт далаларда ағаштар, негізінен, су көздерінің маңында ғана шоғырланған. Славян халықтарында да «гора-лес» семантикалық эквиваленті бар екендігі белгілі. Мұның мәнісін зерттеушілер Еуропадағы дала белдеуінде орманның тек тауда өсетіндігімен түсіндіреді. Бұл деректерді терминдерді зерттеу барысында ескерудің маңызы зор.

Бұл сөз қазақтарда «орман» мағынасында да қолданылатыны белгілі. Айта кететін жайт, «ағаш» деген терминмен негізінен «жапырақты ағаштар өскен орман алқаптары» аталған. Кейбір зерттеушілер құрамында ағаш термині бар ойконимдерді көне ойконимдердің қатарына қосқан [12]. Дегенмен, бұл географиялық терминнің қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарағанда айқын мағына бергендігін айта кету керек. Басқа түркі тілдес халықтарда бұл термин ағаш, ағас, ағыч, йағач түрінде сақталған. «Ағаш» терминін анықтаушы есім сөздер ойконим құрамында орманның түрлік құрамын (Қызылағаш, Сарыағаш), сыртқы көрінісін



(Ұзынағаш, Сұлуағаш), сандық көрсеткіштерін (Қосағаш, Бесағаш, Жұзағаш) сипаттайды. Аталған деректер негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

Қазіргі мағынасында термин ағаш (жекелікті білдіретін лексема) → ағаштар (көптікті білдіретін лексема) → ағаш (термин) түрінде эволюциядан өткен;

Географиялық атаулар құрамында ағаш сөзі терминдік мағынасында көбірек қолданылады;

Ойконимдер орманның ежелгі ареалдары мен олардың шекаралық тарау өзгерістерін, түрлік құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Жамбыл облысында орманды алқаптар көп болмағанымен «жасыл қалалар» қатарына жатады.

Қалған өсімдік атауларына қатысты, олардың семантикасы, мысалы, Ақермен (Меркі ауд.) фитоойконимінің екінші сыңарындағы «ермен» сөзінің мән-мағынасы – «дәмі ащы, жусан тұқымдас, бойшаң, құнарлы, жемшөптік өсімдік». Бұл елді мекенде осы шөптің көп болып өсуіне байланысты Ақермен деп қойылған.

Ақермен жерін мекендейтін адамдардың мал шаруашылығымен шұғылданып, малдарын осы жайылымға бағатындығын, бұл фитоойконимнің этномәдени сипаты мен кумулятивтік қызметінен аңғарамыз.

Қарақат (Т. Рысқұлов ауд.). Қарақат – жапырағы жалпақ, бұтағы тікенекті бұта және оның қара түсті жемісі бар. Бұл елді мекен қарақат жемісінің көп өсетіндігіне байланысты «Қарақат» деп аталған. Сонымен осындай өсімдік атауларының қатысымен қалыптасқан фитоойконимдер облыс ойконимиясының дамуына игілікті әсерін тигізіп, географиялық объектілердің флоралық сипатын айқындап отырады. Мұны біз зерттеу жұмысымыздың барысында байқадық.

5. Жан-жануарларға байланысты зоофлорлық атаулар

Қазақстан топонимиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – географиялық атауларда ландшафтың, өсімдік және жануарлар, аңдардың көрінісі сипаттама алатындығы. Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары Қазақстанда аңдардың кейбір түрлері кең тарағандығын және солардың аңшылық маңызы болғандығын аңғартады. Белгілі кеңес зоологы А.Н. Формозов Қазақстан картасында аңдарға байланысты атаулар бар екенін айта отырып, аңдардың және аңшылықтың халық өмірінде атқарған үлкен мән – мағынасын атап етеді.

Ғ. Қонқашпаевтың пікірінше, көшпелілердің күн көрінісіне жер бедері (рельеф), ауа-райы (климат), су (гидрография), өсімдіктер және аңдар үлкен септігін тигізген [21].

Қазақстандық ғалым Р. С. Сәтімбеков топонимикалық әдістермен кейбір жануарлардың (құлан, бұлан, марал, құндыз т.б.). Қазақстан жерінде кезінде таралғандығын анықтап отыр.

Біз сөз етіп отырған объектінің құрамында төмендегідей аң, құс, жан-жануарлар аттарының қатысуымен жасалған ойконимдер кездеседі. Мысалы: Арыстанды (Сарысу ауд.), Бақалы (Жуалы ауд.), Бақатөбе төрткөлі (VII-X ғ.), Бөріқазған тұрағы (палеолит д.), Құлан (Т. Рысқұлов ауд.), Аң шаруашылығы ауылы (Талас ауд.), Түйемойнақ (Мойынкүм ауд.), Ботамойнақ (Байзақ ауд.), Ботамойнақ қалашығы (ерте темір ғасыры), Атбайлар қалашығы (X-XII ғғ.) Конезавод-97 (Байзақ, Т. Рысқұлов ауд.), Көкдөнен (Т. Рысқұлов ауд.), Бурыйбайтал (Мойынкүм ауд.), Алаайғыр (Талас ауд.) т.б.

Арыстан, жылан, құлан, бақа сөздерінің қатысуымен қойылған ойконимдерді зооойконим деп атаймыз. Сондай-ақ сол мекенде аң шаруашылығының болуына байланысты қойылған ойконим бар. Бұл «Аң шаруашылығы ауылы» ойконимі жалпы есімнен жалқы есімге айналып отыр.

Ертеде құландар Қазақстанның көптеген аймақтарына таралған. Құланмен байланысты атаулар Маңғыстау Талас Алатауында, Бетпақдала, Ұлытау, Балқаш маңында, Іле, Жоңғар Алатауында, Тарбағатайда, Оңтүстік Алтайда, Зайсан ойпатында кездеседі.

Құландар, әдетте суы мен суаты, кешулері бар өзендерді, құдықтарды тағы басқа аласа тау, шоқылардың маңын немесе далаңқай жерлерді мекендейтінін білеміз.

Жамбыл облысындағы Құлан – Ұлы Жібек жолы бойында сонау VII-VIII ғғ. салынған қала. Бізге әдеби кітаптардан және энциклопедиялық әдебиеттен таныс жануар – «Құлан» бір кездері осыдан сан мыңдаған жылдар бұрын ен далада еркін жайылып, әсем де шұрайлы Әулиеата жерін мекендегенге ұқсайды. Сондықтан да жеріміз «Құлан» аталған.

«Жылан» сөзі – көбінесе тау аттарында (оронимдерде) кездеседі. «Жылан» компонентті атаулар елді мекен, жер, өзен, төбе, шоқы, сай, бұлақ, көл аттарына да тән. Мысалы, Қарағанды облысында Жыланды (Ұлытау ауд.) – өзен, Жыланды шоқы (Ақадыр ауд.), Жыланды (Ақтоғай ауд.) – өзен, Жыланды (Ақадыр ауд.) – тау биіктігі 869 м. тағы басқа. Қостанай облысында: Жыланды (Қима ауд.) – сай, Жыландыадыр (Жақсы ауд.), Жыланды (Есіл ауд.) – көл, Жыланды (Жангелдин ауд.) – тау т.б. тізбелей берсек көптеп кездеседі. Ал, Жамбыл облысында Жыланды (Т. Рысқұлов ауд.) атты қыстау бар. Бұл бір жылдары сол жерде жыланның көп болуына байланысты аталып кеткен.

Кейбір көркем әдебиет туындылары болсын, немесе естеліктер болсын жыланға байланысты кездесетін әртүрлі оқиғалар мен қызық жәйттерді байқаймыз. Жазушы Ақселеу Сейдімбеков «Күңгір-күңгір күмбездер» атты кітабында Жыланды атты объектілер жөнінде төмендегідей деректер келтірген. Жезқазған шахталарында мыс рудасының ішінде ордалы жыланды автор өз көзімен көріпті. Сөйтсе, жылындар, көбінесе түсті металл рудасы бар жерлерде шоғырланып, сол жерлерді сағалайды екен.

Бұл жылан сөзінің қатысу арқылы жасалған ойконимдер – аталған географиялық объектілерде жыланның барлығын аңғартады.

6. Географиялық апелляцияларға қатысты ойконимдер: Қазақтың географиялық терминдерінің ғылыми әдебиеттер бетінде жарық көруіне Орыс Географиялық Қоғамы ұйымдастырған ғылыми экспедициялардың есептері мен жол-жазбалары белгілі дәрежеде ықпал еткен. Қазақ жеріндегі географиялық атаулар 1863-1885 жылдары жарық көрген П.П. Семеновтың «Россия империясының географиялық – статистикалық сөздігінде» де жинақталған.

Қазақ терминдерін қарастыруда XVII-XX ғғ. жарық көрген ғылыми әдебиеттер кеңінен пайдаланылды. Қазақ терминдері басқа түркі халықтарының географиялық терминологиясының құрамында Э.М. Мурзаевтың еңбектерінде талданды. Халқымыздың географиялық терминологиясын ғылыми көпшілікке насихаттап түсіндіруде Э.М. Мурзаевтың 1984 ж. жарық көрген «Халықтық



географиялық терминдер сөздігінің» [28] маңызы зор. География ғылымдары тұрғысынан қазақ географиялық терминдерін алғаш топтастырып, мағынасына анықтама берген Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор.

Жер бетінің бедер сипатына орай қойылған ойконимдер саны да олардың көпшілігі мына сөздердің (апеллятив, детерминатив, топоформанттар, халықтық географиялық терминдер) қосылуы арқылы жасалады. Олар – құм, қайрақ, қайнар, бел, арал, тас, ақыр, сор, саз, мойнақ, жар, шығанақ, бастау, тоған, апан, құдық, қия, сай, тау, шоқы, төбе, арық, жол, еспе, жал, өткел, арал, кемер, өзек, шағал, жота, су, батыс, адыр, бөгет, ой, әуіт, тегістік, қайыр, бұлақ, суат, төбе, көл т.б. Бұл сөздердің қатысуы арқылы көптеген ойконимдер пайда болған. Осы ойконимдер құрамындағы детерминативтер туралы жұмысымыздың келесі тармағында арнайы сөз етеміз.

7. Жамбыл облысындағы оронимдерге қатысты қойылған ойконимдерді оро-ойконимдер деп атаймыз. Мысалы: Қаратау (Талас ауд.), Алатау (Жуалы ауд.), Хантау (Мойынқұм ауд.), Шолақтау (Талас ауд.) т.б.

Ал Қаратау қаласының аты Жамбыл облысындағы Қаратау орониміне қатысты қойылғаны белгілі. Ономастикада бұл құбылысты трансонимизация, яғни екінші кезектегі номинация нәтижесінде пайда болған атаулар дейді.

8. «Алтын» сөзінің қатысуымен жасалған Жамбыл облысы ойконимдері бірен-саран ғана кездеседі. Мысалы: Алтынарық (Меркі ауд.).

9. Түске байланысты атаулар

Жамбыл ойконимиясында түске байланысты ойконимиясы өте көп. Мәселен, Ақтөбе (Байзақ ауд.), Сарыкемер (Байзақ ауд.), Қаратау (Талас ауд.), Қызыләуіт (Талас ауд.), Көктал (Байзақ ауд.), Бұрыл (Байзақ ауд.), Күреңбел (Жуалы ауд.), Қоңыртөбе (Жуалы, ауд.), Ақжар (Байзақ ауд.), Ақкөл (Талас ауд.), Көкдала (Сарысу ауд.), Қарасу (Байзақ, Меркі, Қордай ауд.), Қызылсай (Меркі, Қордай ауд.), Қызылжұлдыз (Байзақ ауд.), Қызылжар, Шұбарағаш (Жуалы ауд.) т.б.

Бұлардың құрамына ақ, қара, қызыл, көк, сары, ала, шұбар, қоңыр, көк, ала сөздері көбіне бірінші, яғни препозицияда келеді. Сонымен бірге орыс тіліндегі белый, черный, красный тағы басқа түске байланысты сөздер кездеседі.

Ақ сөзі түркі тілдерінде төмендегідей мағыналарда белгілі:

1. ақ (ақ/түс); 2. ақ (таза, кіршіксіз, пәк); 3. ақ (ақбоз/түс); 4. ақ (ақтық, ақ нәрсе, зат); 5. ақ (көзге түсетін ақ); 6. ақ (сүт, айран т.б.) [31. 126 б.].

Е. Қойшыбаевтың пікірінше, Ақтөбе, Ақшөң сияқты топонимдердегі ақ – «шөп», «шөпті» мағыналарын білдіреді. Ал геологтардың зерттеулеріне қарасақ, Ақтас сияқты тау атындағы ақ сол объектілерде «гипс», «мәрмәр», «ақтас», «құмтас» бар екендігін көрсетеді.

А.Н. Кононовтың байқауынша, ақ ұйғыр тілінде «сұйық», қара кейбір түркі тілдерінде «жер», «құрлық», «топырақ» деген мағыналарды береді. Құрамындағы қара сын есімі анықтауыш қызметін атқарады және зат есімнің алдында тұрады. Бірақ та қара түрлі ойконимдерде (зат есім байланысты) әртүрлі мағынаға ие бола алады.

Араб тілінде «ғара» сөзімен «қатты жыныстардан тұратын, тегіс төбелі оқшау төбелерді» атайды. Қазақ топонимдерінің құрамында жиі кездесетін «қара» да осы мағынада көптеген ойконимдерді (Қаратау, Берікқара) құрайды.

Ал енді дербес қолданылатын қара мен екінші позицияда (постпозицияда) кездесетін қара сөзінің мағынасын, көзқарасын білдіретін: жоғарыда көрсетілген сын есімдер түс мағынасында қолданыла ма, әлде сөздің басқа да мағыналары бар ма?

Бұл сұраққа әр ғалым әрқалай жауап береді. Ғалым Ғ. Қоңқашпаев: «түске байланысты атаулардағы сын есім сөздер тек қана түске байланысты қолданылады», – дейді. Ал академик А.Н. Кононов, белгілі топонимист Е. Қойшыбаев, қырғыз топонимисті Д. Исаев [16] «түске байланысты айтылатын сөздер көп мағынаға ие» дей келіп, сол түске байланысты мағыналарды ашып көрсетеді. Мәселен, жоғарыда тоқталған қара түске байланысты атауларды алайық. Қаратау, Қаракемер – бұл атаулар екі компоненттен тұрады. Ал егер Аманқара, Қылышқара десек, бұл атауда да екі компонент бар. Бірақ, бастапқы берілген мысалдарда қара сөзі алдында тұрғандықтан, сынды білдіреді де, ал Аманқара, Қылышқара дегендегі «қара» компоненті сын есім болмай, түс мағынасынан басқа да мағынаны беріп тұр. Академик А.Н. Кононовтың пікірі бойынша, көне түркі тіліндегі қара сөзі – «жер», «топырақ» мағыналарында қолданылған. Ғ. Қоңқашбаевтың байқауынша ойконимдердің екінші компонентінде кездесетін қара сөзі – «үлкен төбе» деген мағынаға ие. Сонда жоғарыда аталған Берікқара және Қылышқара атауы, қазіргі тілімізде Берікшоқы немесе Беріктөбе, Қызылшоқы немесе Қызылтөбе болып шығады.

Қоңыр лексемасының жайылымдық жерлердің сипатын («өсімдік пен бекіген құмдар») анықтаушы ролі бар. Ландшафтық термин ретінде жер аттарының құрамында жергілікті жердің табиғат ерекшеліктерінен хабар береді. Осы ретте белгілі топонимикалық сөздіктерден мысалдар келтірейік. Е. Қойшыбаевтың [25] сөздігінде Жиделіқоңыр, Талдықоңыр, Үшқоңыр атауларындағы «қоңыр» этноним ретінде түсіндіріледі. Ғ. Қоңқашбаевтың [21] сөздігінде Үлкенқоңыр, Ұлықоңыр, Үшқоңыр, Күйікқоңыр оронимдерінде нақты түсінік берілмей, түсті білдіретін «темное» деген мағынасы ғана жазылған. Сонымен, осы деректердің негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

Қоңыр лексемасы ретінде «өсімдікпен бекіген құмдар» дегенді білдіретіндіктен, массивтердің аттарында қолайлы жайылымдық жерлер туралы мәлімет береді.

Ойконимдер құрамындағы «қоңыр» ежелгі түркі-моңғолдық «қара» (төбе, тау) дегеннің синонимі болып табылады, бұл мағынасында ойконимдерге постпозицияда, яғни соңғы лекте тұрады. Мысалы: Үшқоңыр және т.б. Ал түсті білдіретін анықтауыш ретінде онимдердің құрамында препозицияда, яғни алдыңғы лекте кездеседі. Мысалы, Қоңыртөбе, т.б.

10. Санға байланысты атаулар.

Жамбыл облысында бұл ойконимдер жалғыз, қос, бір, екі, үш, төрт, бес, жеті, тоғыз, қырық, мың, бірінші, екінші, тоқсан жеті сөздерінің тіркесуімен қалыптасқан. Мысалы: Жалғызтөбе (Байзақ ауд.), Қостөбе (Байзақ ауд.), Күнбатыс – 1, Күнбатыс – 2 (Қордай ауд.), Үшарал (Сарысу, Талас ауд.), Төрткүл (Байзақ ауд.), Бесағаш (Жамбыл ауд.), Жетітөбе (Жуалы ауд.), Тоғызтарау (Жуалы ауд.), Тоғызкент (Сарысу ауд.), Конезавод – 97 (Т. Рысқұлов ауд.), Женістің 40



жылдығы (Байзақ ауд.), II бөлімше ауылы (Меркі ауд.), Мыңқазан (Меркі ауд.), I- ауыл (Жуалы ауд.) т.б.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер, жалқы есімдер құрамындағы сан есімдер семантикалық тұрғыдан біршама зерттелген. Қазақ тіліндегі сан есімдер жөнінде Н.И. Ильминский, П. М. Мелиоранский жазған. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» санымен байланысты ұғымдар жөнінде академик І. Кеңесбаевтың еңбегі белгілі [18].

Ономаст-ғалымдар Т. Жанұзақтың, Е. Қойшыбаевтың зерттеулеріне зер салсақ, жалқы есімдердің /топоним, этноним, антропоним т.б. / және идиомалық тіркестердің құрамында кейбір сан есімдер өзінің бастапқы мағынасынан ауытқып басқа мағынаға ие болатындығын да көреміз [14. 226 б.; 19].

Ойконимдердегі «екі», «үш», кейде «бес» сөздері өзінің негізгі мағынасында қолданылатынын көреміз. «Бір» мағынасын білдіретін синонимдес жалғыз сөзі қолданылады. Мысалы: Жалғызтөбе (Байзақ ауд.). Сондай-ақ Бірлік (Шу, Мойынқұм ауд.), Бірлікүстем (Шу ауд.), Бірлесу еңбек (Жамбыл ауд.), I бөлімше ауылы (Меркі ауд.), Бірлік кенттік әкімі (Талас ауд.). Бірлік, Бірлесу еңбек атауының семантикасы бұл жерде сөздің түбірі бір сан есімінен жасалып, оған –лік, -лес, (-у) қосымшасы жалғану арқылы ынтымақ, бірлік, достық дегенді аңғартады.

Жаңа дәуірлік ойконимдер қабатында атап өткеніміздей, сол дәуірдегі елді мекен атауларын халық жадынан шығару мақсатында «№1 ауыл», «№2 ауыл», «№3 ауыл»... деп нөмірлеп атаған. Сол себепті де бұл атаулардың ешқандай семантикалық мағынасы, мәні болмайды.

Қатар орналасқан географиялық объектілерді атау үшін қос сөзі қолданылады да «екі» деген сандық мағынаны білдіреді. Мысалы: Қосапан (Т. Рысқұлов ауд.), Қостоған (Меркі ауд.), Қостөбе (Байзақ ауд.), т.б.

«Екі» сөзіне /сандық мағына/ байланысты қойылған ойконимдер Жамбыл облысында мына түрде де кездеседі: II бөлімше ауылы (Меркі ауд.), т.б.

«Үш» деген сан есімге келетін болсақ, ойконимдердегі бұл сөз, Т. Жанұзақтың пікірі бойынша, өзінің сандық мағынасында қолданылады [13. 38б.]. Ал Е. Қойшыбаевтың пікірі бойынша, кейбір ойконимдердегі үш сөзі оғуз /су/ формасына өрбіген туынды форма. Оғуздың «үш» формасына айналуын Е. Қойшыбаев былай түсіндіреді: -оғуз = уұс=үс=уш=үч [19. 255б.].

Біздің байқауымызша, Қазақстанда үш сөзі көбінесе тау аттарында /оронимдерде/ кездеседі, сол себептен ол ойконимдердегі үш сөзі угуз «су» сөзіне қатысты емес деп қарауға болады. Жамбыл облысында үш сөзімен байланысты қойылған ойконимдер кездеседі: Үшарал (Сарысу ауд.), Үшбас (Сарысу ауд.), Үшарал (Талас ауд.), Үшбұлақ станса (Байзақ ауд.) т.б.

«Төрт» сан есіміне байланысты ойконимдер сирек ұшырасады. Мәселен, төрт сөзімен байланысты мынадай ойконимдер кездеседі: Төрткүл (Байзақ ауд.), Төрткөлтөбе I қалашығы (VII-XIII ғғ.), Төрткөл бекінісі (IX-XIII ғғ.) т.б.

Ойконимдерде кездесетін «бес» өзіндік сан мағынасында да және көне түркі тіліндегі «көп» мағынасында да қолданады.

Жамбыл облысында кездесетін «бес» сан есіміне қатысты ойконимдерді атап өтейік: Бесағаш (Жамбыл ауд.), Бесжылдық (Жамбыл ауд.), Көптерек (Байзақ ауд.) т.б.

Қ. Қонқабаевтың байқауынша, қырғыз топонимиясында беш екі мағынада қолданылады: 1. сан есім /бес / мағынасында; 2. «көп» мағынасында [20].

Ойконимдердің құрамында «алты» сөзі сирек кездеседі.

«Жеті» сан есіміне байланысты ойконимдер де Жамбыл облысында баршылық. Мысалы: Жетібай (Байзақ ауд.), Жетітөбе қалашығы (X-XII ғғ.) т.б.

Жеті сөзінің «матастырғыш, киелілік» функциялары жөнінде және сол санның қазақ халқының этнографиясындағы маңызы жөнінде І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [54] еңбегінде және Н. Уәлиевтің еңбегінде де айтылған [37].

«Тоғыз» сөзімен байланысты ойконимдер де келеді: Тоғызкент (Сарысу ауд.), Тоғызтарау (Жуалы ауд.) т.б.

Сан есімнен жасалған ойконимдердің құрамында «қырық» және «мың» сандармен байланысты географиялық атаулар да кездеседі: Мыңбұлақ (Жуалы ауд.), Мыңжылқы (Жуалы ауд.), Мыңқазан (Мойынқұм ауд.) т.б.

«Қырық» және «мың» сөздерінен құралған ойконимдер географиялық объектілердің саны көп екенін аңғартады.

11. Табиғат құбылысына байланысты қойылған ойконимдер.

Ауа райының құбылысына, жайлы, жайсыздығына байланысты ойконимдер тобы мал баққан көшпелі елдің тұрмысымен тығыз байланысты жайттарды анық көрсетіп отырған. Әсіресе, ауа райының ыстық-суықтығын немесе мал жайылатын жердің жайлы-жайсыз, қолайлы-қолайсыздығын да жер-су атаулары арқылы білдіріп отырған. Ауа райының суықтығын, боранды я желді немесе қары қалың жер туралы мынадай ойконимдер толық мағлұмат бере алады. Мысалы: «Боранды» (Жуалы ауд.), Қордай (Қордай ауд.), Мұзбел (Қордай ауд.), т.б.

«Жылы» «суық» бинарлық позициядағы сөздердің қатысуымен Жамбыл облысында тек қана бірен-саран ойконимдер кездеседі. Мағынасы географиялық объектінің климат жағдайларын сипаттайды. Бұл сөздер, біздің байқауымызша, гидронимдер мен оронимдерде жиі кездеседі, сонымен қатар олар гидронимдер мен оронимдердің қатысуымен пайда болған ойконимдер. Мысалы: Жылыбұлақ (Жуалы ауд.), Суықтөбе т.б.

Осы объектілер шаруашылық қажеттілігімен тығыз байланысты. Гидронимдердегі «жылы» анықтаушы салыстырмалы түрде суының температурасы жоғары өзен, бұлақтарға қатысты пайдаланылса, «суық» сөзі таудан басталғандықтан, жаздың өзінде суы суық болатын су объектілерінің атауларында кездеседі. Біздің топшылауымызша, «жылы» сөзімен анықталатын бұлақтар атында шындығында да жер астының жылы суларына қатысты мәліметтер болуы мүмкін.

Сонымен судың, ауаның температуралық жағдайын сипаттайтын «жылы» және «суық» анықтауыштары жер-су аттарында объектілердің маусымдық пайдалану мүмкіншіліктерін сипаттап, нақты географиялық мәліметтер береді.



Географиялық жағдайлар, табиғи орта, шаруашылықтың мамандану тәрізді факторлары географиялық терминологияның жіктелуі мен өзіндік ерекшеліктерін тудырады.

12. Сырт пішініне және көлеміне байланысты қойылған атаулар көбіне бала, үлкен, кіші, кең, жіңішке, шолақ сияқты анықтауыштармен тіркесе айтылады. Мысалы: Үлкенсұлутөр (Қордай ауд.), Кіші қамқалы (Мойынқұм ауд.), Шолақтау (Талас ауд.), Шолақ қайыңды (Т. Рысқұлов ауд.) т.б. Бұл атаулар географиялық объектінің түр-тұлғасына, көлеміне қарай лайықтап қойылған.

13. Елдің қоғамдық өмірі мен тұрмысы жайында мағлұмат беретін атаулар.

Қазақ төңкерісінен кейін Жамбыл облысы ойконимиясында жаңа идеологиялық ойконимдер қалыптаса бастады. Бұл процесс әсіресе колхоз бен совхоздардың пайда болуымен тығыз байланыста болған еді. Ұжымдарға біріктіру кезінде көптеген совхоз бен колхоздар пайда болып, олар 1950-1960 жж. бірігіп, ұлғая бастады.

Осы тұста Кеңес өкіметі билігінде көптеген ойконимдердің социализм мен коммунизм идеяларын жергілікті халыққа насихаттап, нығайту үшін, жаңа өмір социализм жөніндегі мынадай ойконимдер пайда болды. Мысалы: Жаңатұрмыс (Т. Рысқұлов, Байзақ, Қордай, Талас ауд.), Жаңақоғам (Шу ауд.), Жаңажол (Шу ауд.), Жаңақоныс (Талас ауд.), Жаңаарық (Сарысу ауд.), Жаңасаз (Байзақ ауд.), Жаңаталап (Сарысу ауд.), Жаңатас (Сарысу ауд.), Жаңатоған (Меркі ауд.), Бостандық (Талас ауд.), Қайрат (Меркі ауд.), Кеңес (Байзақ, Меркі, Мойынқұм, Талас ауд.), Төңкеріс (Тараз қаласы), Алғабас (Т. Рысқұлов ауд.), Алға (Шу ауд.), т.б. Бұл ойконимдерде «жаңа» сөзі препозицияда келіп, қоғамдағы қандай да бір жанару, өзгеру мағынасында қызмет атқарып тұр.

Қазақ тіліндегі «жаңа» сөзі орыс тіліндегі «ново» сөзімен ауыстырылып, көптеген атаулар пайда болды. Мысалы: Новосел (Т. Рысқұлов ауд.), Новоивановка (Байзақ ауд.), Нововоскресеновка (Меркі ауд.), Новоалександровка (Қордай ауд.), Новопокровка (Жуалы ауд.), Нововознесенка (Жуалы ауд.), т.б.

Пролетариаттық, революциялық құндылықтарға орай аталған елді мекендер. Мысалы: Қызыл жұлдыз (Байзақ ауд.), Маяк (Мойынқұм ауд.), Красная заря (Байзақ ауд.) т.б. елді мекендерді білеміз.

Саяси ұйымдар мен институттарға қатысты атаулар. Мысалы: Ұйым (Сарысу ауд.), Үлгілі (Байзақ ауд.), Ынтымақ (Байзақ ауд.), Большевик (Меркі ауд.), Комсомол (Байзақ ауд.), Пионер (Байзақ ауд.), Коминтерн (Мойынқұм ауд.), Интернациональный (Меркі ауд.), т.б.

Төңкерістік, жеңіс мейрамдары мен партиялық съездерге қатысты атаулар: Мысалы: Октябрь (Жамбыл ауд.), Октябрдің 40-жылдығы (Байзақ ауд.), Октябрь чарво (Т. Рысқұлов ауд.), Бурнооктябрь (Жуалы ауд.), Жеңіс (Байзақ ауд.), Жеңістің 40-жылдығы (Т. Рысқұлов ауд.), Қызылту (Т. Рысқұлов ауд.), Политотдел (Байзақ ауд.), т.б.

14. Кәсіпке байланысты қойылған атаулар: Дихан (Сарысу, Байзақ ауд.), Еңбек (Байзақ ауд.), Еңбекші (Жамбыл ауд.), Қызыл дихан (Жамбыл ауд.), Рисороб (Қордай ауд.), Лесопитомник (Байзақ ауд.) т.б.

15. Мигроойконимдер. Кейбір атаулар басқа облыс, аудан немесе ауылдарда қайталанып отырады. Бұндай ойконимдер түрін мигроойконимдер деп атаймыз. Мысалы: Түркістан (Сарысу ауд.), Жамбыл (Жамбыл, Меркі, Мойынқұм, Қордай ауд.), Кемер (Жамбыл облысы және Алматы облысы) т.б.

Сонымен қандай да бір ел яки аймақ болсын, ондағы жер-су аттарының өзіне тән сыр-сипаты, оның пайда болу, жасалу заңдылықтарында аз да болса өзіндік ерекшеліктер байқалып отырады.

Бұл күнде ойконимдерді семантикалық тұрғыдан талдап, зерттейтін әдіс әртүрлі қолданыс тауып жүр. Ойконимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект жайында тиісті мағлұмат беріп қана қоймай, сол жер-суға адамның қатыстығын да көрсетіп, білдіріп отырады. Сондықтан ойконимдер семантикасының қыры мен сырының егжей-тегжейін жан-жақты, терең де мазмұнды етіп айқындап, анықтай түсуде кеңінен қолданылатын аталмыш әдістің ең басты жолы – семантикалық классификация болып табылады. Ол арқылы ойконимдерді алуан түрлі семантикалық топқа бөліп саралауға болады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ОЙКОНИМДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Тіл өмірі мен сол тілде сөйлеуші қауымның әлеуметтік өмірінде өзара астарлас, бір-бірінен өз функцияларын атқара алмайтын өзара байланысты құбылыс деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, бірге қайнаскандығы белгілі. Тарихи деректерден гөрі тіл байлығынан оның ішкі дүниесінен көбірек көреміз. Өйткені, тарихи деректер түрлі объективті себептермен сақталмауы, сақталса да бүгінгі күнге жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, ол қаншама дәуірді басынан кешірсе де халық жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отырса да, өткен өмірдің куәгері болуы сөзсіз тіл ғұмырының ұзақ болуы оның консервативтік табиғатына байланысты. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын тереңірек зерттесек, олардың өткеніміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек. Осы орайда, біз, жұмысымызда тарих, география, лингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін ойконимдерді (елді мекен атаулары) грамматикалық құрылымы жағынан талдаймыз.

Ономастикалық материалдарды лингвистиканың салаларына сәйкес зерттеу негізінде фонетика, лексика, грамматиканың заңдылықтары мен жаңалықтарын тереңірек байқаймыз.

Ономастиканың топонимика, антропонимика, гидроним, этноним, зооним, ойконим т.б. бөлімдері толық зерттеліп болған жоқ. Сондықтан да біз, жұмысымызда Жамбыл облысы ойконимдерін тілдік құрылымдары мен заңдылықтарын қазіргі сөзжасамдық, фоно-морфологиялық негізде талдап, зерттеуді жөн көрдік. Бұл – бүгінгі күн талаптарына сай тақырыптың маңыздылығын арттырса керек.



Жамбыл облысының ойконимдік құрылысы, оның лексикалық қоры, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы алуан түрлі болып келеді.

Жамбыл облысы ойконимиясындағы қазақтың төл атауларына грамматикалық талдау жасау барысында олардың басым көпшілігінің қазақ тіліне тән лексика-грамматикалық тәсілдері арқылы жасалғандығын анық байқадық. Жамбыл облысы ойконимдерінің сөзжасамдық, морфологиялық құрамы, (жалаң ойконимдер, туынды ойконимдер, біріккен тұлғалы ойконимдер, күрделі ойконимдер) жасау тәсілдері, олардың қалыптасу жолдары детерминативтер, ойконимдер жасауға қатысатын форманттар туралы сөз етеміз.

Жалпы тіліміздегі кездесетін топонимдерді (ойконимдер), негізінен, өз ішінен екі топқа бөліп қарастырамыз:

1. Ірі географиялық объектілердің атаулары;
2. Кішігірім объектілердің атаулары.

Бұлар ғылыми ономастикалық терминмен макротопонимдер және микротопонимдер деп аталады. (Біздің бұл жұмысымыздың тақырыбы тек қана ойконимдерге қатысты болғандықтан, бұдан әрі макроойконимдер және микроойконимдер деп атаймыз. – Қ. З.)

«Макротопонимдер – (гр. макро – «үлкен», «ірі») халыққа кеңінен танылып, ресми тұрғыдан белгілі болған ірі физика-географиялық объектілердің аттары» [26. 82с.] Мысалы, Шу, Талас, Тұран, Битянь, Тараз, Әулиеата, Сырдария, Түркістан, Жаңатас, Жамбыл т.б.

«Микротопонимия – (грек. микро – «кіші») белгілі кіші территорияға тән ұсақ физика-географиялық объектілердің, яғни өзендер мен көлдер, көлшіктер, бұлақтар мен бастаулар, құдықтар мен жылғалар, жыра мен сай-салалар, жоталар мен төбелер, қыр-қыраттар, шабындықтар мен қыстаулар және жайлаулардың аттары» [26. 84с.]. Мысалы: Ақыртас, Мыңбұлақ, Жуалы, Күреңбел, Ақкөл, Шайқорық, Мойынқұм, Мақпал, Аса, Түймекент, Сарысу, Қостөбе, Сұлтоғар, Қасық, Қордай, Бұратышқан, Қызылсай, Шакпақата, Көлқайнар, Ақтоған, Майтөбе, Ескішу, Құмарық, Ұйым, Ұланбел, Өрнек, Тектұрмас, Берікқара, Аспара, Ақсу, Ақтөбе, Байтал, Бостандық, Бидалы, Діқан, Дарбаза, Домалақкөл, Жұма, Жиделі, Көктал, Еспе, Қазақ, Қарақат, Қақпата, Қайнар, Бел, Маяк, Ойық, Алмалы, Құлақшын, Отар, Мыңқазан, Теріс, Рахат, Тегістік, Тәтті т.б.

Жиналған ойконимдердің сан жағынан молы – микроойконимдер, өйткені қазақтың кең өлкесінде көшіп-қонып жүрген қарапайым халық кездескен сай, жыра, қырат, дөң, жазыққа өздерінше ат қойған. Ал кейін отырықшы өмірге бейімделген тұста жер-су аттары ресмилендіріліп, қағаз жүзінде көрініс табады. Микроойконимдердің бір ерекшелігі табиғатынан өзгермелі болып келеді. Олар дәл сол уақытта, болмаса, белгілі бір уақыт кеңістігінде түрлі тарихи оқиғаларға байланысты өзгеріске түседі.

Сөзжасамның өнімді қызметі тіл білімінің лексика тарауында, оның ішінде ономастика саласында да анық байқалады. Сондықтан жер-су аттарын зерттеушілер өз ғылыми еңбектерінде сөзжасам бойынша топтастыру тәсілін қолданып отырады.

Ономазиологиялық талдау мағынадан оны білдіретін амал-тәсілге, тұлғаға қарай бағытталады. Яғни тілдік нұсқалардың тілден тыс затқа қатысын зерттеуге бағытталады. Ал тілдегі қандай атау болмасын сөзжасам арқылы жасалып, ол өмірде пайда болған түрлі ұғымды белгілейді. Осыдан бұл екі саланың байланысы шығады. Ономазиология да, сөзжасам да өмірде пайда болған заттар мен жаңа ұғымдарға атау беру қызметін атқарады.

Жалқы есімдер (атаулар) немесе ойконимдер қай сөз табынан немесе қай сөзжасамдық тәсілмен жасалмасын, түптеп келгенде, зат есімге жатады. Себебі, кез келген елді мекен, жер, су, кісі есімдері, тау, ру, аспан әлемі, өсімдік т.б. атаулары бір ғана нәрсенің атын білдіріп, жалқы есім болады [16. 443 б.].

Ойконимдердің дені жиі қайталанып келетін белгілі бір көлемдегі жалпы атаулардың (географиялық номендер, географиялық терминдер, географиялық апеллативтер делініп жүр) қатысуымен жасалатыны белгілі. Расында да апеллативтер ойконимдегі сөзжасамның негізгі құраушы күші болып табылады. Кез келген тілдің жалқы есімі апеллативті лексиканың сөзжасамдық формалары арқылы жасалатыны айқындалған болатын.

Жамбыл облысы ойконимдерінің материалдары мен олардың құрылымдары аймақтық сипаты жағынан әр алуан. Кейбір аудандарда қазақтың төл атауларына грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық) талдау барысында олардың басым көпшілігінің қазақ тілінің лексика-грамматикалық тәсілдер арқылы жасалғандығы анық байқалады. Біздің зерттеп отырған ойконимдерге өзіндік грамматикалық жүйе мен ерекшеліктер тән болып келеді. Біз жұмысымызда ойконимдерді жалаң (түбір) тұлғалы ойконимдер, туынды (жұрнақ арқылы) тұлғалы ойконимдер, біріккен тұлғалы ойконимдер және күрделі (үш түбірлі) ойконимдер деп бөлеміз. Жалпы атаулар, негізінен, түбір тұлғада келуге тиіс болғанымен, уақыт өту барысында апеллативке арналған туынды атаулар (сөздер) кездеседі. Олар жалқы есім жасауда сол қалпында қолданылады: жай (лау), қыс (тау), су (ат), қайна (р) т.б.

Жалаң тұлғалы ойконимдер және туынды тұлғалы ойконимдер

Күрделі атауларға қарағанда жалаң (таза түбір) тұлғалы атаулар (сөз) түркі тілінде аз кездесетіні белгілі. Атауларды таза түбірден және туынды түбірден жасалған деп екіге бөледі. Бұлардың түбір тұлғада келетіндері тым сирек кездеседі. Мәселен, О.Т. Молчанова олардың екі түрлі жасалу жолы бар деп қарайды: бұрыннан түбір тұлғада кездесетіндер (көпшілігі географиялық номендер) және көп негізді атаулардан эллипсиске ұшырағандары [23].

Елді мекен атауларының мағынасына, нені аңғартатындығына, аталу себептеріне деген қызығушылық өте ерте заманнан-ақ бастау алған. Көне дәуірде адам өзінің сөздік қорының аздығына байланысты географиялық объектілерді ерекшелігіне қарай ұйқастыра атап қоя алмаған. Белгілі ғалымдар В. Гумбольдт пен Э.М. Мурзаев көне дәуірде сөз қорының аздығынан географиялық атауларға соның ішінде ойконимдерге (жер-су) толық сипаттама бере алмаған адамдар тек жалпы есімдерді (тау, су) қолданған деген пікір айтады.

Бұған сүйенсек, апеллативтен пайда болған атаулар ең көне атаулар болуға тиісті. Алайда жер-су аттарының жас мөлшерін дәл анықтау, тіліміздегі тұрақты



тіркестердің пайда болу мерзімін анықтау сияқты үмітсіз нәрсе. Сондықтан жалпы есімдердің жеке объектіге берілуі олардың (объектінің) орналасуына тікелей байланысты. Мәселен, жазықтағы жалғыз төбені Төбе деп атай беруге болады.

Екінші жағынан алғанда, таулы жердің өзінде Төбе, Ауыл, Бел, Арал сияқты жалпыдан жекеге өтіп, топонимизацияға ұшыраған атаулардың кездесуі эллипсистің әсері болуы мүмкін. Елді мекенге жақын орналасқан микроойконимдер жиі қолданылатындықтан тілдік жағынан ықшамдалып, белгісін білдіретін сынары түсіп қалады.

Ономастика ғылымында жалпы есімдердің жалқы есімдерге, жалқылардың жалпы есімдерге ауысу заңдылықтары ғылыми негізде дәлелденген. Тілімізде ойконимдер болсын, антропонимдер болсын, немесе кез келген атаулардың жалпы есім сөздерден жасалатыны белгілі.

Жалқы есімдердің жалпы есімдерден өзгешелігі – табиғаты жағынан жалпы есімнен жасалғандықтан екінші орында болуында. Өйткені жалқы есімдердің қай-қайсысы болмасын шығу, қойылу, тегі жағынан тілдегі жалпы есім сөздерден жасалған. Бұл жөнінде проф. Т. Жанұзақ: «Жалқы және жалпы есім арасында болатын ауысу заңдылығы – тілге тән құбылыс. Бұл құбылыс лингвистикада онимизация, деонимизация деп аталады», – деп анықтама берген [13. 36 б.].

Жалқы есімдердің жалпы есімге ауысуына сай өз мағынасының түрлену мәселелері де көңіл аударарлық жайт. Сондықтан да жалқы есімнің ауысу барысында сөз өмірінде елеулі сапалық өзгеріс болады.

Жалқы есімдер жалпы есімге ауысқан соң лексикалық мағынаға ие болып, грамматикалық қатынасқа түседі. Оған көптік жалғау тікелей жалғанып, бірыңғай сөйлем мүшелері құрамында келгенде басқа жалпы есімдер тәрізді қызмет атқарады.

Онимизация, деонимизация құбылыстары тіліміздің сөздік қорын байытудағы көптеген тәсілдердің бірі болып саналады. Ол – тіліміздегі сөз жасаудың алуан түрлі амалдарының бірі ретінде қалыптасып келе жатқан құбылыс.

Жалқы есімдерден жасалған жалпы есім сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі жаңа жасалған, жаңадан пайда болған заттардың атауын танып білуде маңызы зор. Мәселен, кен орындары мен геологиялық жаңалықтар, дақылдардың түрлері, зат, бұйым аттарының белгілі бір ғалым есімімен немесе қала атымен байланысты аталатыны белгілі. Осындай ауысып қойылған есімдердің семантикалық құрылымы мен ұғымы әр уақыт заттық мағынаға ие болып отырады.

Жамбыл облысында топонимизация тәсілі арқылы ешбір өзгеріссіз ойконимге айналған апеллативтер кездеседі. Ауыл (Қордай ауд.), Еспе (Шу ауд.), Қайнар (Қордай ауд.), Бел (Қордай ауд.), Арал (Талас ауд.), Қайыр (Талас ауд.) және т.б.

Мұндай микроойконимдер Жамбыл облысында көп кездеседі. Тіліміздегі апеллативтердің (жергілікті географиялық терминдер) заттануы негізінде олар ономастикалық атауларға айналған. Бұл ойконимдердің лексика – семантикалық жолмен жасалуынан пайда болды. Дегенмен көптеген жалаң тұлғалы атауларды шығу тегі тұрғысынан тереңірек зерттегенде, олардың да одан әрі түбірі бар екендігі байқалады. Ол туралы ғалым Қ. Рысбергенова «Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана» [30] деген еңбегінде айтып

өткен. Мысалы: Арыс ойкониміндегі Ар «су», «ағу»- «бөліп алу» + ыс талданып отырған «су», «өзен» және көптік мағынаны білдіретін көне аффикс.

Арыс гидрониміндегі – ыс элементі бойынша, Ә. Әбдірахманов [3] Талас, Текес, Келес және тағы басқа гидронимдер этимологиясын талдау барысында, Т. И. Рамстедт еңбегіне негізделі «Это древний аффикс тюрко-монгольского происхождения и обозначает форму множественного числа», – дейді [29. 106б].

Сондай-ақ Т. Жанұзақ «Очерк казахский ономастики» (1982) еңбегінде былай дейді: «Сонымен Арыс гидронимі екі компоненттен: ар «су», «өзен», «ағу» + көне түркілік -ыс/-ыш бірігіп жасалған. Қорыта айтсақ, «су→өзен→ұлкен, толған өзен» деген ұғымға ие».

Арық ирригациялық термині қолданыста кең тараған. Бұл жөнінде ғалымдар В. Бартольд және Э. Мурзаев Орта Азияда парсы тілінің джуй сөзі (термин) баламасы деп есептейді. Ал В. Радлов «арық» сөзі «айрық» сөзінен келіп шыққан дейді. Орхон – Енисей жазба ескерткіштерінде арық – «өзенше», «канал», «өзен жағасы» ұғымын аңғартады.

Ал қазақ ономаст ғалымдарының айтқан пікірлеріне келсек, академик Ә. Қайдар қазақ тіліндегі ар түбір (негіз) көп мағыналы екендігін, ар+ н, ар + ық сөздерінің «су», «ағу» мағынасымен қатар ю және ар – «ар жағында», «арғы бетінде» және ар – «бөлу», «аршу» мағынасын білдіретінін айтты [17. 187-188 б.].

Ономастика ғылымындағы топонимизация тәсілі – жалпы географиялық терминдердің (детерминативтердің) ешбір қосымшасыз ойконимдерге айналуы болып табылады. Жамбыл облысында бұл тәсіл арқылы жасалған ойконимдерге мысал келтіргенбіз. Сол мысалдардың ішінде Талас ауданыныңдағы Қайыр ойконимінің шығу тегі мен мағынасын түсіндірсек, М. Қашқари сөздігінің [19] 1998 ж. 3-томында: «Қайыр – майда топырақты жер, оғыздар құмды «қайыр» дейді», – деп көрсеткен. Шынында да Талас ауданындағы Қайыр ауылының жері құмдақ келеді.

Туынды тұлғалы ойконимдер

Туынды тұлғалы ойконимдер қазақ тілінде ежелден қалыптасқан сөзге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын дәстүрлі синтетикалық тәсілдермен, сондай ақ туынды ойконимдердің жасалуына тілдің басқа салаларында көп кездесе бермейтін – топонимизация, трансонимизация және транстопонимизация тәсілдері арқылы да жасалады.

Мысалы: 1. Айдар+лы, Ауқат+ты, Арыстан+ды, Жиде+лі, Қияқ+ты, Қайың+ды, Қамқа+лы, Мыхан+ды, Үлгі+лі, Жуа+лы, Там+ды, Талап+ты, Бақа+лы, Жылан+ды, Шабак+ты, Екпін+ді т.б. 2. Ой+ық, Қас+ық т. б; 3. Жайыл+ма т. б; 4. Бір+лік, Бостан+дық, Тегіс+тік, Игі+лік, Жақсы+лық т. б; 5. Еңбек+ші; 6. Мырза+тай, Борал+дай; 7. От+ар т. б; 8. Қос+ақ т. б; 9. Ұй+ым т.б.

Э.В. Севортянның айтуынша «сөз тудырушы формалар өздерінің жалпылық сипатына қарамастан, түркі тілдерінде шектеулі қолданыста болады»[32]. Келтірілген мысалдардан синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды ойконимдерінің құрамы бір лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақтан тұрады. Мұнда біз, сөзжасамдық жұрнақтардың әр түрлі тәсілдері



мен олардың бірнеше түрлері болатынына көзіміз жетті. Солай бола тұрса да кейбір сөзжасамдық жұрнақтар ойконимдер жасауда тек бірен-саран ғана болды. Бұл жұрнақ түрлері мен олардың сөзжасамдық тәсілдері арқылы туынды жалаң тұлғалы ойконимдердің жасалғанын байқадық.

Отар ойконимі сырт көзге қарағанда жалаң тұлғалы болып көрінеді де, топонимизация тәсілі арқылы ешбір өзгеріссіз ойконимге айналған апеллятив деп қаласыз. Дегенмен бұл сөздің шығу тегіне көз жіберсек, бұл сөздің этимологиясына А. Әбдірахманов еңбегінде [3. 143б.] төмендегіше талдау жасаған: «В.В. Радлов от + ар деп көрсетіп, қазақ ноғай, қырым татарларының тілінде кездесетінін айтқан: қырым татарларының тілінде бұл сөз «жайылым», қазақ тілінде «ауылдан алыс жердегі жайылым», ноғай тілінде «әр түрлі жайылымға айдайтын қой табыны». Қырым татарлары мен ноғай тілінде бұл сөздің «орыстың кіші деревнясы» деген мағынаны да білдіреді. Осымен қатар В.В. Радлов көптеген түркі тілдерінде от сөзінің бір мағынасы «шөп, өсімдік» екенін көрсеткен [28]. «Шөп», «өсімдік» мағынасындағы бұл сөз қазақ, қырғыз түрік, азербайжан, алтай, ұйғыр тілдерінде «от» түрінде, өзбек тілінде «ут» формасында кездеседі. Отар атауының түбірі от екендігін азербайжан тіліндегі отлаг – «пастбище», «выгон», түрік тілінде отлак – «пастбище», «выгон», сөздері дәлелдейді. Өйткені, бұл сөздер түбірге -лаг / -лак аффикстерін қосу арқылы жасалған.

Ал, сөздің этимологиясына келсек, бұл В.В. Радлов айтқандай от+ар жолымен емес, біздіңше, от + а + р жолымен жасалған тәрізді. Өйткені, от деген зат есімнен кейін етістікті есімге айналдыратын -ар жұрнағы жалғанбайды. Мәселен, осы жұрнақ арқылы жасалған Қазақстандағы басқа топонимдерді салыстырыңыз: Қайнар / қайнар+р /, Атшабар / ат+ша+бар+р/ және т.б.

Сол себептен от сөзіне өте ертедегі а/о жұрнағы қосылып, оны етістікке айналдырған. Қазақ тіліндегі ота /шөбін жұл/, қырғыз тілінде ото /шөбін жұл/ өзбекше утамақ /арам шөбін жұлу/, алтай тілінде ото /жайылымда бағу/ от сөзінің етістікке айналған түрлері. Міне, осы етістікке айналған ота сөзіне етістікті зат есімге айналдыратын -р жұрнағы қосылып «отар» сөзі жасалған. Белгілі совет түркологы Э.В. Севортян түркі тілдеріндегі есімшенің -р. -ар, -ер, -ыр, -ир, -ур, -үр жұрнағы тарихи жағынан есім жасайтын осы формалас жұрнақпен тығыз байланысты екенін, есімше жұрнақтары есім жасайтын жұрнақтан дамып шыққандығын айтады. Түркі тілдерінде бұл жұрнақ арқылы көптеген сөздер жасалған [32. 360 б.]. Бұл арада бір ескерте кететін нәрсе, отар сөзі жоғарыдай жолмен қалыптасқаннан кейін барып, дайын күйінде сол жерге атау болып қойылған. Енді бір-екі сөз қалыпты отар сөзінің қолданылу, таралу аясы жайында. Бұл сөз біздіңше, түркі тілдерінен моңғол, бурят-моңғол және орыс тілдеріне ауысқан. Моңғол тілінде отор – отар деп берілгенімен, қай мағынада екені айтылмаған [36. 182 б.]. Ал бурят-моңғол тілінде атар сөзіне: «пустошь, целина, непаханная земля; пастбище с хорошей травой» деп түсінік берілген. Моңғол, бурят-моңғол тілдерінде от /шөп/ сөзі жоқ. Соңғы сөздікте атар лаха сөзіне «пастись на хорошем пастбище» деген түсінік берілген /сонда/. Мұнда түркі тілдеріндегі -ла жұрнағына сай келетін моңғолдың -лах жұрнағы отар сөзінің жоқ екендігін дәлелдейді.

Мұнда, біз көріп отырғанымыздай, кейбір «жалаң тұлғалы» деп жүрген ойконимдеріміздің түп – төркінін зерттей, талдай түссек, олардың тарихи туынды екені анықталады.

Жамбыл облысының көптеген ойконимдері – Жамбыл, Абай, Байзақ, Т.Рысқұлов, Ұ. Сыздықбаев, Биназар, Әбжапар Жылқышиев, Түктібай, Тұрымқұл, Тәттібай Дүйсебайұлы, Жауғаш батыр, Жетібай, Сәмбет, Төркекелді, Шахан, Мәдімар, Сенкібай, Жақаш, Маркс, Ленин, Гродиков, Калинин, Тельман, Киров, Байтелі, Ильич т.б. сияқты атаулар кісі аттарына байланысты қойылған.

Ал ономастикада трансонимизация тәсілі кең көрініс табады. «Трансонимизация дегеніміз барлық разрядтағы жаңа жалқы есімдердің ең кең тараған жасалу жолдарының бірі, сол арқылы белгілі атаудың өзге ономастикалық топқа өтуі, ауысуы» [34. 46с.].

Трансонимизация үздіксіз процесс, оның барысында кейбір атаулардың өзге объект атауы болып ауысуы табиғи жолмен де, жасанды жолмен де бола береді. Мысалы, Шу – өзен аты және елді мекен аты. Бұл табиғи онимдену нәтижесі болса, Жамбыл – ұлы қазақ ақынының есімі және қала аты – жасанды номинация нәтижесі, өйткені ол билік үкімімен қойылып отыр. Сөйтіп, бір атау екінші бір ономастикалық кеңістікке көшіп, өзге топтағы объект атауы қызметін атқарады. Мұндай мысалдарды зерттеп отырған аймақтың ономастикалық кеңістігінен көптеп кездестіруге болады.

Антропонимдердің (кісі аттарының) ешбір қосымшасыз топонимдерге айналуын трансонимизация деп айтады. Бұл тәсіл арқылы қалыптасқан ойконимдер облыс территориясында көптеп кездеседі. Трансонимизация тәсілі арқылы жасалған ойконимдерді ономастика (топонимика) ғылымында антропонимдер деп атайды. Бұл тәсіл арқылы қазақ тілінде, көбінесе микротопонимдер пайда болады. Сондай-ақ антропонимдер күрделі топонимдердің сыңары ретінде де келе беретінін ескере беретін болсақ, трансонимизация тәсілін қазақ топонимиясындағы өнімді тәсіл деп айтуымызға болады. Кісі аттарының ойконимдерге, ойконимдердің кісі аттарына ауысу процесі – ертеден келе жатқан лингвистикалық және тарихи-этнографиялық құбылыс болып табылады.

Ал практикалық ономастикада макроойконимдерді кісі аттарымен атау құпталмайды. Ол жайлы ең алғаш пікір айтқан ғалымдар – Ә. Қайдар мен Т. Жанұзақ былай деген: «Әсіресе, бұл кісі есімдеріне байланысты қатал сақталуы керек. Өйткені, біздің елдегі соншама етек жайған кісі есімдері есебінен географиялық атау жасау, мемориал-жәдігер қалдыру дәстүрі басқа бірде-бір мәдениетті елде кездеспейді екен» [18].

Осындай ойды ары қарай сабақтаған ғалым М. Мырзахметұлы былай дейді: «Біздің ата-баба дәстүрі бойынша ешуақытта макротопонимдер адам атына қойылған емес, бірақ микротопонимдерде кісі аттарының қойылатыны болатын» [25. 108 б.]. Әйтседе тілімізде ойконимдерді қазіргі кезде жаппай кісі аттарына қою дәстүрге айналған. Бұл туралы баспасөз беттерінде жазылып та жүр.

Ойконимдердің бір кластан екінші бір топонимдік класқа ауысып, жаңа объектінің атауы ретінде жұмсалуды трансонимизация тәсілі деп аталады. Бұл тәсіл арқылы жасалған ойконимдер басқа облыстардағыдай Жамбыл облы-



сында да кездесіп отырады. Мысалы: Талас – 1) өзен атауы, гидроним; 2) аудан атауы, ойконим; Сарысу – 1) өзен атауы, гидроним; 2) аудан орталығы, ойконим; Билікөл – 1) көл атауы, гидроним; 2) ауыл атауы, ойконим; Ақкөл – 1) көл атауы, гидроним; 2) ауылдық округ, ауыл (Талас ауд.), ойконим; Қаракемер – 1) өзен атауы, гидроним; 2) ауылдық округ, ауыл, аудан атауы, ойконим; Хантау – 1) тау атауы, ороним; 2) кенттік округ, ойконим; Дулат – 1) ру атауы, этноним; 2) ауылдық округ, ойконим; Танта – 1) ру атауы, этноним; 2) ауылдық округ, ойконим; Мұндай мысалдарды көптеп тізбелей беруге болады.

Аймақтағы біріккен тұлғалы ойконимдер

Сөзжасамның аналитикалық тәсілінде екі (я онан да көп) сөз бір-бірімен тіркесіп жаңа лексикалық мағыналы сөз ойконимдер жасайды. Тіл білімі құрылымында аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз – күрделі сөз деп аталады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын өнімді тәсіл, ойконимдердің ішінде сөзқосым және тіркестіру тәсілдері арқылы жасалған ойконимдерді Жамбыл облысында өте көп кездестіреміз. Жалпы ономастикалық атаулардың көбі осы тәсілдер арқылы жасалған. Сондай-ақ жалпы түркі топонимдерінің дені екі құрамды болып келетіні анықталған нәрсе.

Сөзқосым тәсілінде сөз бен сөзді байланыстыратын ешқандай морфема жоқ, яғни сөзқосым тәсілі арқылы жасалған ойконимдердің құрамындағы сыңарлар бір-бірімен еш дәнекерсіз мағына, дыбыстық құрам жағынан жымдасып келеді.

Сонымен екі толық мағыналы сөздің бірігуі арқылы біріккен тұлғалы ойконимдер жасалады.

Олар жалаң тұлғалы ойконимдерден құрамының күрделілігі, беретін мағынасының жан-жақтылығы сыңарларының семантикалық сипаты арқылы ерекшеленеді. О баста жеке-жеке сөздерден қалыптасса да біріккен жалаң тұлғалы ойконимдер ғасырлар бойы бөлінбейтін, біртұтас лексикалық мағынасы бар сөздерге айналған. Мысалы, Жамбыл облысында кездесетін: Аққұм, Маятас, Мамай қайыңды, Ақыртөбе, Алатау, Айша бибі, Түймекент, Түркістан, Үлкен Сұлутөр, Шайқорық, Ұланбел, Аймантөбе, Ботамойнақ, Далақайнар, Ақтөбе, Тастөбе, Жүндітөбе, Аққайнар, Кәріқорған т.б. Байқап отырсақ, Жамбыл облысы ойконимдерінің көпшілігі бір сыңары халықтық географиялық апеллативтерден жасалған. Оларды сөз тудыратын жұрнаққа жақындатып, соларға ұқсатып (ойконимикалық) топонимикалық форманттар деп атауы да осы актив қызметіне байланысты болса керек. Сондай-ақ оларды халықтық географиялық терминдер немесе детерминативтер деп те атайды. Жамбыл облысы ойконимдерінде детерминативтердің қатысуымен жасалған төмендегі ойконимдердің сөзжасамдық үлгісін келтіреміз.

Жалқы есім+детерминатив Айман+төбе, Жанат+көл т.б.

Зат есім+детерминатив Мойын+құм, Бек +төбе, Сауда+кент т.б.

Сын есім+детерминатив Қәрі+қорған, Ақ+көл, Қара+кемер т.б.

Сан есім+детерминатив Үш+арал, Мың+бұлақ, т.б.

Етістік+детерминатив Тескен+тоған т.б.

Детерминатив+детерминатив Сор+төбе, Құм+арық Құм+шағал т.б. құрылымдар кездеседі. Біріккен тұлғалы ойконимдер құрамында кездесетін детерминативтер көбінесе постпозицияда келеді. Детерминатив сөздер тек біріккен

тұлғалы ойконимдер құрамында ғана кездеспейді, сондай-ақ күрделі тіркесті ойконимдерде де қолданылады. Мысалы, I бөлімше ауылы (Меркі ауд.), Аң шаруашылығы ауылы (Шу ауд.) т.б.

Енді Жамбыл облысындағы біріккен тұлғалы ойконимдердің компоненттерінің морфологиялық үрдісте жасалу заңдылықтарына келсек, оларды бірнеше түрге топтауға болады.

1. Зат есім+зат есім
2. Күрделі зат есім+сан есім
3. Зат есім+етістік
4. Сан есім+зат есім
5. Сандық ұғым сан есім+зат есім
6. Сын есім+зат есім
7. Туынды сын есім+ зат есім
8. Жалқы есім+жалпы есім
9. Етістік +зат есім

1. Зат есім+зат есім тұлғасынан жасалған ойконимдер моделі:

Қазақдқан (Меркі ауд.) – қазақ (зат есім) + дқан (зат есім), Арал+қышлақ (Меркі ауд.) – арал (зат есім) + қышлақ (зат есім), Құмөзек (Мойынқұм ауд.) – құм (зат есім) + өзек (зат есім), Тасөткел (Шу ауд.) – тас (зат есім) + өткел (зат есім), Қақпатас (Қордай ауд.) – қақпа (зат есім) + тас (зат есім), Қызтоған (Жуалы ауданы) – қыз (зат есім) + тоған (зат есім) т.б.

2. Зат есім /күрделі/ + сан есім. Күнбатыс-1 (Қордай ауд.) – күн + батыс (зат есім) + 1 (сын есім), Күнбатыс-2;

3. Зат есім + етістік

Кейбір Жамбыл облысы ойконимдері зат есім мен етістіктің бірігуі моделі арқылы да жасалады. Бірақ етістік құрамында қосымша морфема болады. Себебі сол атауға қатысты болған әрекетті, оқиғаны білдіре отыра қандай да бір оним, көбінесе ойконим жасалды. Мысалы: Сұмқайтты (Т. Рысқұлов ауд.) – сұм (зат есім) + қайт (етістік) + ты (жедел өткен шақ жұрнағы), Қалмаққырылған (Т. Рысқұлов ауд.) – қалмақ (зат есім) + қыр + ыл + ған (түбір морфема + етіс жұрнағы + есімше), Буратышқан (Қордай ауд.) – бура (зат есім) + тыш + қан (түбір морфема /ет. / + есімше) т.б.

4. Сан есім + зат есім.

Тоғызтарау (Жуалы ауданы) – тоғыз (сан есім) + тарау (зат есім), Жетітөбе (Жуалы ауд.) – жеті (сан есім) + төбе (зат есім), Үшарал (Талас, Сарысу ауд.) – үш (сан есім) + арал (зат есім), Бесағаш (Жамбыл ауд.) – бес (сын есім) + ағаш (зат есім), Мыңқазан (Меркі ауд.) – мың (сан есім) + қазан (зат есім) т.б.

5. Сандық мағыналы сөз + зат есім.

Ономаст ғалымдар Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаевтың зерттеулеріне зер салсақ, жалпы есімдердің және идиомалық тіркестердің құрамында кейбір сан есімдер өзінің бастапқы мағынасынан ауытқып, басқа мағынаға ие болатынын көреміз. Ал кейбір елді мекендерді атау барысында сол жерде қатар тұрған географиялық объектілердің ерекше белгілеріне, нақтылып айтсақ, санына қарай «қос» сөзі қолданылып, «екі» деген сандық мағынаны білдіреді. Жамбыл облысы



ойконимдерінің ішінде «қос» сөзінің қатысуымен жасалған ойконимдер бар. Мысалы:

Қосапан (Т. Рысқұлов ауд.) – қос (сан есім) + апан (зат есім)

Қостөбе (Байзақ ауд.) – қос (сан есім) + төбе (зат есім)

Қостоған (Меркі ауд.) – қос (сан есім) + тоған (зат есім)

Қосбөлтек (Жуалы ауд.) – қос (сан есім) + бөлтек (зат есім), ал Қосақ (Байзақ ауд.) тіліміздегі қос «екі», «екеу», «қосы зат» мәнінде қойылғандай. Сондай-ақ көп, жалғыз мәніндегі сан есім сөздер арқылы да жасалатын ойконимдер бар.

Көптерек (Байзақ ауд.) – көп (сан есім) + терек (зат есім)

Жалғызтөбе (Байзақ ауд.) – жалғыз (сан есім) + төбе (зат есім).

6. Сын есім + зат есім.

Ойконимдердің сын есімнен жасалуында өзіндік бір сыр-сипат бар. Өйткені, жердің ой-шұңқырын, бет-бедерін, түр-түсін т.б. алуан түрлі қасиетін білдіретін сөздер негізінен сын есімдер. Сондықтан да елді-мекендерді сын есім категориясындағы сөздердің қатысуынсыз атау мүмкін болмаған. Ал біріккен тұлғалы ойконимдердің анықтауыш компоненттері ұдайы сын есімдерден жасалып отырған.

Қаракемер (Жамбыл, Қордай, Т. Рысқұлов ауд.) – қара (сын есім) + кемер (зат есім),

Қарасу (Меркі ауд.) – қара (сын есім) + су (зат есім)

Қарай (Жуалы ауд.) – қара (сын есім) + ой (зат есім)

Қарасаз (Жуалы ауд.) – қара (сын есім) + саз (зат есім)

Қаратас (Жуалы ауд.) – қара (сын есім) + тас (зат есім)

Қаратөбе (Жамбыл ауд.) – қара (сын есім) + төбе (зат есім)

Жоғарыда көрсетілгендей кейбір сын есімдер түр-түс мағынасында қолданыла ма, әлде сөздің басқа да мағыналары бар ма, ол туралы жұмысымыздың ойконимдердің семантикалық классификациясы тармағында айтқанбыз.

Сондай-ақ Жамбыл облысы ойконимдері құрамында ақ, сары, қызыл, көк, қоңыр, ала сияқты түр-түсті білдіретін және жылы, ескі, жалпақ т.б. сын есімдер мен зат есім сөздер біріккен тұлғалы ойконимдер кездеседі:

Ақбұлым (Жамбыл ауд.) – ақ (сын есім) + бұлым (зат есім)

Ақжар (Меркі ауд.) – ақ (сын есім) + жар (зат есім)

Сарыкемер (Байзақ ауд.) – сары (сын есім) + кемер (зат есім)

Сарыөзек (Мойынқұм ауд.) – сары (сын есім) + өзек (зат есім)

Мұнда бір ескере кететін жағдай, Ә. Әбдірахманов, К. Қоңқобаев, Е. Қойшыбаевтың сары сөзі «үлкен», «кең», «көп» деген мағынаны береді деген пікірлері бір жерге саяды.

Жамбыл облысының сын есімдерінің қатысуымен келетін ойконимдер: Қызылжар (Талас ауд.), Қызылсай (Жамбыл ауд.), Қызылабад (Жамбыл ауд.), Қызылту (Т. Рысқұлов ауд.), Көктөбе (Қордай ауд.), Көкдөнен (Т. Рысқұлов ауд.), Көкөзек (Байзақ ауд.), Көкдала (Сарысу ауд.), Көкадыр (Қордай ауд.), Көкарық (Т. Рысқұлов ауд.), Алатау (Жуалы ауд.), Алаайғыр (Шу ауд.), Қоңыртөбе (Жамбыл ауд.), Жылыбұлақ (Жуалы ауд.), Жалпақсаз (Т. Рысқұлов ауд.), Ескішу (Шу ауд.), Беріктас (Қордай ауд.), Қасқабұлақ (Талас ауд.) т.б.

7. Туынды сын есім мен зат есімнен жасалған біріккен тұлғалы ойконимдерге: Жарлысу (Т. Рысқұлов ауд.) – Жарлы (т. С.Е.) + су (з. е.)

Қайыңдысай (Меркі ауд.) – Қайыңды (т. С.Е.) + сай (з. е.)

8. Жалқы есім мен жалпы есімнен жасалған біріккен тұлғалы ойконимдерге:

Аймаңтөбе (Байзақ ауд.) – Аймаң (ж. е.) + төбе (жалп. ес.)

Жанаткөл (Жуалы ауд.) – Жанат (ж. е.) + көл (жалп. ес.)

Күрделі тұлғалы ойконимдер

Біріккен ойконимдердің басым көпшілігі күрделі компонентті болып келсе де, аймақ ойконимдері арасында үш сөздің бірігуінен жасалған күрделі тұлғалылары да кездеседі. Олардың саны аз болып, микроойконимдерге ғана кездесіп отырады. Мысалы, Терісащыбұлақ (Жуалы ауд.), Ақтүйеөлгенсай (Қордай ауд.) т.б. Негізінен түркі тілді ойконимдердің (топоним) үшнегізділері көп кездеспейді.

Біз жұмысымызда Жамбыл облысы ойконимдерін құрамына қарай топтастырғанымызда, тек қана екі түбір морфемадан тұратындарын біріккен тұлғалы ойконимдер, қосымша морфема арқылы жасалғандарын туынды ойконимдер, (бұған: ойконимдердің біріккен тұлғалы түрі де және жалаң тұлғалы түрі де жатады), ал тіркесті және үш түбір морфемадан жасалғандарын күрделі тұлғалы ойконимдер деп атадық.

Ойконимдер құрылысына қарай қос компонентті және көп компонентті түрде кездесіп отырады. Олар Жамбыл облысы ойконимдерінде жасалу заңдылықтарына орай, күрделі тұлғалы ойконимдердің модельдік құрылымдардарын ұсынамыз.

Тіркесті күрделі ойконимдер

Ойконимдер матаса байланысып, изафеттік құрылымдармен келеді де, белгілі бір объектінің кімге немесе неге меншікті екендігін көрсете отырып, номинациялық (атауыштық) қызмет атқарады. Мысалы, Т. Рысқұлов бөлімшесі (Меркі ауд.), Бөген шаруашылығы (Шу ауд.) т.б.

Қос компонентті тіркестер ойконимдермен қабыса байланысып, белгілі бір объектінің қасиетін, сын-сипатын береді. Мысалы, Қашқан теңіз (Мойынқұм ауд.), Шолақ қайыңды (Т. Рысқұлов ауд.), Мамай қайыңды (Т. Рысқұлов ауд.), т.б. Тіркесті ойконимдердің бұл түрі композитті топонимдер деп аталады.

Жамбыл облысы күрделі ойконимдерінің құрамында гибридті күрделі ойконимдер мен калькаланған ойконимдер кездеседі. Гибридті күрделі ойконимдердің бір компонентті төл сөз, ал екінші бір компоненті кірме сөз болып келеді. Мысалы, Жуантөбе (Жамбыл ауд.), «Октябрь Чарво» (Т. Рысқұлов ауд.), «Октябрь-Жеңіс» ауылдары «Жить по новому» – «Жанатұрмыс» (Т. Рысқұлов ауд.) т.б. Ал кейбір атаулар қазақ жерінде бұрыннан бар топонимдерге сәйкес калькаланып жасалған. Олардың ішінде жартылай калькаланғаны да, толық калькаланған мағынасы анық, түсініктілері де бар. Мысалы, «Красная звезда» – «Қызыл жұлдыз» «Каменка», «Пригородное», «Ровное», «Плодоягодное», «Конезавод», «Политотдел», «Красная заря» – «Қызыл таң» т.б.

Жамбыл облысы ойконимдерінің күрделі түрі сөзжасам тәсілдерінің грамматикалық заңдылықтарына сәйкес аналитикалық тәсіл арқылы қалыптасқан грамматикалық бірліктерге жатады. Сонымен, облыс топонимдерінің туынды



түрлері қазақ тілінде қалыптасқан лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәсілдері арқылы қалыптасып, ойконимдердің белгілі бір тобын құрайды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ОЙКОНИМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Қазақ халқының географиялық терминологиясының аса бай болуы – халықтың қалыптасу тарихымен, шаруашылықты ұйымдастыру сипатымен, табиғат жағдайларымен, қазақ тілінің құрылымымен тығыз байланысты.

Географиялық ортадағы табиғат жағдайларын нақты бейнелеуге топонимдер құрамында болатын халықтық және жергілікті географиялық терминдер себепші болады» [31. 125б.]. Топонимика ғылымында индикатор – терминдер деп аталатын мұндай сөздер тобы физикалық географияның объектілерінің типін, ландшафтық – бедерлік ерекшеліктерін, морфологиялық сипатын, шығу тегін (генезис) сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, табиғат жағдайларын сипаттайтын елді мекен, жер атауларында жергілікті жердің ландшафтық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталған.

Халықтық географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулеріндегі маңызын белгілі географ, топонимист Э.М. Мурзаев былайша түйіндейді: «Терминдер – топонимиканың негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет және қазіргі, сол сияқты түбірлі (субстратты) жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет» [26. 98-99 б.].

Жамбыл облысы ойконимиясындағы қазақтың төл атауларына грамматикалық талдау жасау барысында жалаң ойконимдер, жұрнақты ойконимдер, біріккен тұлғалы ойконимдер, күрделі ойконимдердің бірігіп және тіркесіп келетін түрлерінің кездесетіндігі, күрделі ойконимдердің осы екі түрінде де белсенді қолданылатын сөздердің бар екендігі айтылған болатын. Ол сөздер – ұлттық географиялық терминдер. Географиялық терминдер топоним жасауда белсенді қызмет атқарып, түрлі позицияларда келе береді. Ойконим жасаудағы осындай жан-жақты қызметіне орай ол терминдер, жоғарыда атап өткеніміздей, топонимикада әр түрлі атауларға ие болып жүр. Оларды ұлттық географиялық терминдер [15. 3б.], детерминативтер, термин-индикаторлар [28. 17б.; 31. 35б.], тіпті топонимикалық форманттар деп, я болмаса күрделі сөздің компоненттері деп те атау дағдысы қалыптасқан [28. 94 б.]. Бұл терминдердің осындай әр түрлі атауларға ие болуының төмендегідей бірнеше себептері бар:

1) олардың топонимикалық форманттар деп аталуы қызметі жағынан топонимикалық көмекшілерге (форманттарға) ұқсас болып келуінде және өнімді қолданылуында. Бұл терминдер тек қазақ тілінің төл атауларымен ғана емес, басқа тілден енген жер-су атауларымен де бірігуге қабілетті келеді;

2) детерминативтер, бір жағынан, түрлі ойконимдермен жиі-жиі бірігіп немесе тіркесіп келіп топоформанттарға жақындаса, екінші жағынан, топонимдік жүйеде өзінің лексикалық мағынасын, семантикалық еркіндігін де толық сақтап отырады;

3) олардың басым көпшілігі барлық түркі тілдес халықтардың тілдеріне ортақ болып келеді;

4) бұл географиялық терминдер толық мағыналы сөзден аффикске дейінгі жолды түгел өтіп шыққан жоқ. Олар – «орта жолдағы» сөздер;

5) детерминативтер құранды ойконимдерде постпозицияда келеді. Олардың постпозицияда келуі – толық қалыптасқан құбылыс». Мысалы: Жаңақоныс, Көктөбе, Ақкөл, Құмшағал, Қарашығанақ т.б.

6) детерминативтер күрделі ойконимдердің бірінші позициясында келген кезде атаулық мәнге ие болады да детерминативтік мәнінен айрылады. Мысалы: Тасқұдық, Тастөбе, Белбасар, Тасшолақ, т.б.

7) детерминативтер жеке тұрып та жер-су атаулары қызметінде қолданыла алады. Мысалы, Еспе – Мойынкүм ауданындағы елді мекен, Ауыл – Меркі ауданындағы елді мекен, Арал – Меркі ауданындағы елді мекен, Қайнар – Қордай ауданындағы елді мекен, Қайыр – Талас ауданындағы елді мекен. Детерминативтердің бұлай қолданылуы топонимикада арнаулы тәсіл (топонимизация) ретінде қарастырылады. Осы келтірілген мысалдар детерминативтердің ойконим құрамындағы атқаратын қызметінің ауқымды және жан-жақты екендігін көрсетеді.

Жамбыл облысы ойконимдері құрамында көптеген детерминативтер кездеседі. Жер бетінің бедер сипатына орай қойылған ойконимдердің көпшілігі мына детерминативтердің қосылуы арқылы жасалады: құм, қайрақ, қайнар, бел, арал, тас, ақыр, сор, саз, мойнақ, жар, шығанақ, бастау, тоған, апан, құдық, қия, сай, тау, шокы, төбе, арық, жол, еспе, жал, өткел, арал, кемер, өзек, шағал, жота, су, батыс, адыр, бөгет, ой, әуіт, тегістік, қайыр, бұлақ, суат, көл т.б. Бұл сөздердің қатысуы арқылы көптеген ойконимдер пайда болған.

Енді кейбір детерминативтердің ойконим құрамында қалай кездесетініне талдау жасаймыз.

1. Географиялық терминдер қатарына жататын кент, қоныс, қыстақ, абад, стан, жайлау, қорған, балық, қала, бекініс, село – сел, город сөздерінің қатысуымен жасалған елді мекен атаулары, яғни ойконимдер кездеседі. Детерминативтердің номені (атауы) бойынша оның мағынасы аңғарылады. Бұл кент, қоныс, қыстақ, абад, жайлау, қорған, балық, қала, бекініс сөздері мекен, орын, жай деген ұғымды береді. Осы детерминативтердің қатысуымен Жамбыл облысында көптеген ойконимдер кездеседі. Мысалы: Саудақент (Сарысу ауд.), Түймекент (Байзақ ауд.), Тоғызкент (Сарысу ауд.) Жаңақоныс (Талас ауд.), Новосел (Т. Рысқұлов ауд.), Түркістан (Сарысу ауд.), Кәрікөргән (Жуалы ауд.), Аралқыстақ (Меркі ауд.), Қызылқыстақ (Меркі ауд.), Қарақыстақ (Т. Рысқұлов ауд.), Қызылабад (Жамбыл ауд.), Пригородное (Жамбыл ауд.) және ерте ортағасырлық және ортағасырлық ойконимдер қатарына жататын Көлтоған бекінісі, Көктөбе бекінісі, Жетімсай қорғандары, Қосқорған елді мекені (VII-XIII ғғ.) т.б.



2. Жамбыл облысында төбе географиялық термині, детерминативінің қатысуымен жасалған төмендегідей ойконимдер бар. Мысалы: Аймантөбе (Байзақ ауд.), Ақтөбе (Байзақ, Талас, Сарысу ауд.), Ақыртөбе (Т. Рысқұлов ауд.), Бектөбе (Жамбыл ауд.), Жалғызтөбе (Байзақ ауд.), Жетітөбе (Жуалы ауд.), Жуантөбе (Жамбыл ауд.), Жүндітөбе (ортағасырлық қала, Мойынқұм ауд.), Жайтөбе (Байзақ ауд.), Көктөбе (Жуалы, Шу, Қордай ауд.), Қаратөбе (Жамбыл ауд.), Қоңыртөбе (Жамбыл ауд.), Қостөбе (Байзақ, Жамбыл ауд.), Майтөбе (Талас ауд.), Мамыртөбе (Т. Рысқұлов ауд.), Тастөбе (Жамбыл ауд.), Шортөбе (Қордай ауд.) т.б.

3. Тау сөзінің қатысуынан жасалған мынадай ойконимдер бар: Хантау (Мойынқұм ауд.), Қаратау (қала, Талас ауд.), Ақтаутас (Талас ауд.), Алатау (Жуалы ауд.) т.б.

4. Тас. Қазақ тіліндегі негізгі мағынасы басқа түркі тілдеріндегі сияқты, «қатты жыныс» дегенді білдіреді. Жамбыл облысындағы жиі кездесетін кейбір атаулардың түбірі «тас» сөзімен байланысты болып келеді. Бұл жөнінде Ә. Х. Марғұланның зерттеулерінен құнды деректер бар. Зерттеушілер терминдерге қарап, тау жыныстарының құрамын білуге болатынын атап көрсетеді. Пішіні жағынан белгілі бір нәрсеге ұқсастығына қарай, бұл тас детерминативінің ойконимдерге негіз болған. Мысалы: Маятас (Сарысу ауд.), Қақпатас (Қордай ауд.), Беріктас (Қордай ауд.), Тасшолақ (Т. Рысқұлов ауд.) т.б. Негізінен тас географиялық термині гидронимдерде де жиі кездеседі.

5. Қайнар, бастау, тоған, теңіз, су, әуіт, көл, өзек, өткел, арал, бұлақ, арық, құдық сөздерінің қатысуымен аталатын мынадай ойконимдер бар. Мысалы: Қызылқайнар (Жамбыл ауд.), Далақайнар (Шу ауд.), Көкқайнар (Шу ауд.), Көлқайнар (Жамбыл ауд.), Көкбастау (Байзақ ауд.), Көлбастау (Жуалы ауд.), Сарыбастау (Қордай ауд.), Тасбастау (Жуалы ауд.), Тереңөзек (Т. Рысқұлов ауд.), Үшарал (Талас, Сарысу ауд.), Қызылауіт (Талас ауд.), Сазқұдық (Т. Рысқұлов ауд.), Тойқұдық (Т. Рысқұлов ауд.), Көкөзек (Байзақ ауд.), Сарыөзек (Мойынқұм ауд.), Тескентоған (Меркі ауд.), Сарыбұлақ (Қордай ауд.), Қасқабұлақ (Талас ауд.), Шыңбұлақ (Жуалы ауд.), Құмарық (Т. Рысқұлов ауд.), Көкарық (Т. Рысқұлов ауд.), Қарасу (Байзақ, Қордай, Меркі ауд.), Ақсу (Шу ауд.), Көксу, (Сарысу ауд.), Жарлысу (Т. Рысқұлов ауд.), Билікөл (Жуалы ауд.), Жайлаукөл (Сарысу ауд.), Алтынарық (Меркі ауд.), Тасөткел (Шу ауд.), Қашқантеңіз (Мойынқұм ауд.) т.б.

6. Сор. Сорлардың қалыптасуы жөніндегі мәліметтерді саралау барысында олардың түрлерінің аймақтық ерекшеліктері бар екенін байқауға болады. [13. 16-б.] В.И. Масальскийдің мәліметтеріне сәйкес, Қарақұмда сордың төрт типі, Қызылқұмда үш типі тараған. Қарақұмдағы тұзды батпақ түріндегі сулы сорлардың беті құрғақ мерзімде саздың жұқа қабатымен көмкеріліп, адам мен жануарлар үшін тартпа балшық ретінде үлкен қауіп-қатер төндіреді. Сондықтан мұндай сорларды қазақ Жамансор, Тентексор, Қарасор деп атаған. Н.В. Н. Шнитниковтың (1925) мәліметтеріне сәйкес, Жетісу сорлары негізінен көлдер маңында шоғырланады; алғашқыда жалаңаш, тартпа болған сорларға біртіндеп өсімдіктер өсе бастайды. Көбінесе мұндай жерлерді біртекті өсімдіктер, мысалы, көкпек алып жатады. А. Левшин 1825-1826 жж. қазақ даласының батыс бөлігін аралаған Эверсманнның деректерінің негізінде сорларды төмендегіше сипаттайды:

1. Жазда онша кебе қоймайтын, қыста қатпайтын, жүруге қолайсыз батпақтар;
2. Жазда кеуіп, бетін әппақ тұз қабаты көмкеретін, өсімдіксіз құрғақ жерлер;
3. Ащы-тұщы көлдер ретінде сипаттайды.

Сонымен сорлар жергілікті жердегі табиғат ерекшеліктеріне қарай әр түрлі болады; мұны құрамында сор термині кездесетін ойконимдерді талдау барысында ескеру керек. Жамбыл облысында Сортөбе (Қордай ауд.), Сорбұлақ (Сарысу ауд.) атты ойконимдер бар. Бұл ойконимдер жазда кеуіп кететін, өсімдіксіз құрғақ жерлерге қойылған. Бұл Сортөбе ойконимі бұрын 24. 06. 98 жылға дейін фонетикалық өзгеріске түсіп, Шортөбе деп аталып келген.

7. Саз терминінің географиялық атау ретінде 2 мағынасы бар:

а) Ұсақ құрылымды, сарғыш түсті борпылдақ шөгінді тау жынысы; ылғал күйінде тұтқыр қойыртпақ түзеді.

ә) Жер асты сулары шығып жатқан жерлердегі батпақты-шалғынды жерлер, сулы шалғындар [15. 1336.].

Біздер үшін терминнің екінші жағына қатысты мәліметтер маңызды болып табылады. Бұл мағынасында термин көптеген түркі тілдерінде қолданылып, ойконимдерге негіз болған. Жамбыл облысында құрамында «саз» термині бар ойконим кездеседі. Мысалы: Сазтерек (Байзақ ауд.) және Жалпақсаз (Жамбыл, Т. Рысқұлов ауд.), Жаңасаз (Байзақ ауд.) т.б.

XX ғ. басында П.П. Румянцев жинаған жайылымдық қоныстардың Жалпақсаз, Қалсаз, Ойсаз, Талғарсаз және т.б. аттары белгілі. Саздардың шабындықтар ретінде пайдаланылғандығын әртүрлі деректер дәлелдейді.

8. Екі сыңары да детерминатив болып келетін ойконимдер. Мысалы: Көлқайнар (Жамбыл ауд.), Көлтоған (Жамбыл ауд.), Тасөткел (Шу ауд.), Тастөбе (Жамбыл ауд.), Құмөзек (Мойынқұм ауд.), Құмшағал (Жамбыл ауд.), Құмсуат (Жуалы ауд.), Құмжота (Байзақ ауд.), Сортөбе (Қордай ауд.), Жарқұдық (Сарысу ауд.), Жайлаукөл (Сарысу ауд.), Далақайнар (Шу ауд.) т.б.

Облыс топонимдерінде мынадай топоформанттар түрлері кездеседі:

1. -лы, -лі + детерминатив. Мысалы, Майлықөл (Сарысу ауд.), Қандыөзек (Мойынқұм ауд.), Қояндыөзек (Мойынқұм ауд.), Қайыңдысай (Меркі ауд.) т.б.;

2. -қан, -кен + детерминатив. Мысалы, Қашқантеңіз (Мойынқұм ауд.);

3. апеллятив + детерминатив. Мысалы, Қарасу (Қордай ауд.), Бектөбе (Мойынқұм ауд.), Жаңасаз (Байзақ ауд.), Жайлаукөл (Сарысу ауд.), Мойынқұм (аудан) т.б.;

4. детерминатив + апеллятив. Мысалы, Белбасар (Шу ауд.) т.б.;

5. апеллятив + апеллятив. Мысалы, Құмжота (Байзақ ауд.), Тастөбе (Жамбыл ауд.), Беларық (Меркі ауд.) т.б.;

6. апеллятив + апеллятив. Мысалы, Қызылшаруа (Т. Рысқұлов ауд.), Жанақоғам (Шу ауд.), Алаайғыр (Шу ауд.) т.б.;

Сонымен, Жамбыл облысы ойконимиялық жүйесіне тән детерминативтер мен топоформанттардың бар екендігіне көзіміз жетті. Бұл детерминативтердің ойконимдерді қалыптастырудағы қызметі мол. Сондай-ақ ойконимдердің туынды түрлері белгілі бір жүйе бойынша, яғни топоформанттар негізінде қалыптасып жасалады.



Қорыта айтсақ, Жамбыл облысы ойконимиясының өзіне тән құрылымдық ерекшеліктері бар екендігі анықталды. Нақтылап айтсақ, құм, қайрақ, қайнар, бел, арал, тас, ақыр, сор, саз, мойнақ, жар, шығанақ, бастау, тоған, апан, құдық, қия, сай, тау, шоқы, төбе, арық, жол, еспе, жал, өткел, арал, кемер, өзек, шағал, жота, су, батыс, адыр, бөгет, ой, әуіт, тегістік, қайыр, бұлақ, суат, көл, т.б. сөздердің қатысуы арқылы көптеген ойконимдер пайда болған.

Сонымен облыс ойконимдер жүйесінің құрылымдық сипаты – ойконимдерді қалыптастыратын қосымшалар, олардың құрылымдық түрлері, жасалу тәсілдері, детерминативтер мен олардың ойконимиядағы рөлі, топоформанттар мен олардың ойконимді пайда етудегі маңызы сияқты мәселердің басын құрайтындығы дәлелденді.

ОЙКОНИМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ МЕН АТАУЫШТЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Тіл адамдардың қоғамдағы ең басты қатынас құралы, адамдардың дүние туралы жалпы білімін, ойын айтудың құралдарын белгілеулерінің жүйесі. Адамдар тіл арқылы дүниені танып білсе, тілімен тұлға өзін-өзі танып біледі. Тілдің информацияны сақтайтын және беретін өзіндік әлеуметтік құрал іспеттес қасиеті бар. Тіл арқылы адам өз мінез-құлқын қоғамдағы іс-әрекетін реттеп, бағыттап отырады. Әрі бұл этностың өзінің тарихына, өмір салтына, географиялық ортасына байланысты әлеуметтік тіл қалыптасады.

Тіл адамдардың рухани мәдениетінің фактісі ретінде өзінің функциясын атқару мен даму барысында қоғамның рухани және материалдық өндірісінің, адамдардың қоғамдық қатынасының жиынтығы болып есептеледі. Ол адамдардың қарым-қатынас қажеттілігінен пайда болады.

Кез-келген ұлттың күрделі және жай құрылымдарының, мәдениетінің, салт-санасының, дәстүрінің танымының арасындағы айырмашылықтар тіл феноменінде анық байқалады. Ал мәдениет жеке тілдің таңбалық жүйесінің мазмұнын анықтайды. Әрбір мәдениетте интернационалды және ұлттық сипат бар, сонымен қатар әр тіл семантикасында адамзат мәдениетінің жалпы универсалды компоненттері және белгілі бір халықтың өзіндік мәдениеті көрінеді. Мәдениеттің тілге әсерінің сипаты әсіресе әр түрлі мәдениетке негізделген тілдердің әртүрлісін қарастырғанда анық байқалады.

Тіл білімінде тіл мәдениетінің қарым-қатынасы соңғы екі ғасырда өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл проблеманы күн тәртібіне қойып шешкен неміс лингвисті В. Гумбольдт болып саналады. Ол ойын, негізінен, былай тұжырымдайды:

- «1. Материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді;
2. Кез келген мәдениет – ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрініс табады;
3. Ұлттық рухтың көрінісі оның мәдениетінде бейнеленеді;
4. Тіл – адам мен оны қоршаған ортаны жалғастырушы тетік».

В. Гумбольдтың бұл тұжырымдамасы Ш. Балли, И. Бодуэн де Куртэне, А. Потебня, Р. Якобсон және басқа зерттеушілер еңбегінде жалғасын табады. Қазақ тіл білімінде М. Балақаев, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақ, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, М. Копыленко, Ж. Манкеева, Е. Керімбаев, Г. Смағұлова т.б. еңбектерінде көрініс табады.

Құндылық ретінде мәдениетті жалпы сипаттайтын – тіл, ол негізгі информацияны қордаландырады, сақтайды және жеткізеді. Бұл жөнінде Ә. Қайдар былай дейді: «Тіл – мәдениетті танып білудің басты құралы». Осыған сәйкес тіл әрбір этностық қауымдастықта екі функцияны атқарады: бірінші, этностың мәдени ерекшелігінің факторы; екінші, тіл – өз шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып дамуын қамтамасыз етеді.

Ойконимдердің этномәдени сипатын сөз еткенімізде, алдымен оның жалпы мәдениетке қатысы, қоғамдық әлеуметтік мәні, республикалық, облыстық карталарда берілуі, сонымен қатар жергілікті іс-қағаздарда, ауылдық округ, ауыл, облыс, республикалық, халықаралық, әкімшілік, саяси карталарда және жазушылар шығармасында қолданылуы болып табылады. Ең негізгісі яғни ойконимдердің халық өміріндегі қолданысы болып табылады.

Ойконимдердің қоғамдық әлеуметтік мәні. Елді-мекендердің әлеуметтік мәні – жердің ерекшелігін, тарихи орнын ескере отырып қойылуында ойконимдер жансыз заттар мен құбылыстарды даралап, тіл білімінің бір саласын дамытады.

Тарихи әр кезеңдегі жалқы есімдер құрамы қоғамның бет-бейнесін айқындайды. Ұлан-байтақ немесе көлемі кішкене ғана жерді атау, ат беру қоғамның қалыпты дамуына қызмет етеді. Елді мекен, жерге ат қою, адамның атын қойған сияқты қоғамдағы адамдардың қарым-қатынаста болуына, қоғамның прогрестік жолмен дамуына қажетті құралдардың бірі.

Мемлекетаралық қатынаста жерлерді атау арқылы адамдар бағдар жасап, оның оңтайлы немесе оңтайсыз, жайлы жайсыз екендігіне баға бере отырып, анықтайды. Мемлекет пен мемлекеттің, қоғам мен қоғамның арасындағы көптеген саяси, мәдени, рухани, этносаралық мәні бар мәселелер олардың мүдделілігіне, практикалық пайдалылығына, зиянды-зиянсыздығына қарай сипатталып шешіліп отырған.

Елді мекен арқылы адамдар сол жердің қаншалықты қоғамның дамуына, өркендеуіне құндылығы мен қажеттілігінің бар екендігін анықтай отырып болашақта қала тұрғызу, шаруашылығын орнықтыру, қазба жұмыстарын жүргізу, мемлекет ретінде территориясын ұлғайту мақсатымен жаулап алу саясатын жүргізу т.б. сияқты мәселелерді іс жүзіне асырады. Жер бетіндегі мемлекеттердегі, региондардағы, қалалардағы т.б. ойконимдер картаға түсіріліп, олар адамдардың іс-әрекеттерінің арқауы ретінде қызмет атқарады.

Қандай этнос болмасын ол өзіндік мәдениетінің ортақтығымен сипатталады. Оның көптеген функцияларының ішінде біз үшін керегі этникаға қатысты мәселелері. Этникалық қасиеттер мен этникалық мәдениет қабаттары сана, күнделікті тіл және отбасындағы дәстүрлі мәдениет арқылы сабақтасады. Халықтың тілі сандаған ғасырлар бойы қалыптастырған мәдениетінің және ақыл-ойының жинақталған рухани қазынасы. Мәдениет (латын сөзі – өңдеу) [40. 382стр.] –



қоғамдағы адамдардың қоршаған ортаны тіршілікке бейімдеу іс-әрекетінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі. Мәдениет ұғымы алғашқы пайда болған кезде, ол адамның табиғатқа ықпал етіп, өңдеп, өзгертіп, өз тіршілігінің өскелең қажеттігін қанағаттандыру үшін, яғни оның дүлей күштерін бағындырып, көздеген мақсатына жететіндігін білдіру үшін қолданылады. Былайша айтқанда, мәдениет дегеніміз материалдық үрдістер мен рухани дамудың диалектикалық жиынтығы.

Ертеректе көшпелі және жартылай отырықшылық өмір салтын басынан кешірген қазақ халқының мәдениеті мал шаруашылығымен және егіншілікпен тығыз байланысты болды. Яғни тарихи тұрғыдан алғанда, оның материалдық (заттық) және рухани мәдениеті дамыды. Тарихымызды жете білу үшін осы құбылыстарды яғни ойконимдерді этномәдени сипатты тұрғысынан қарастыру біздің зерттеуіміздің міндетіне кіреді.

Тарихы тереңнен басталатын халықтың болмысын, тарихын сергек анықтаудың ең маңызды саласы – ойконимдердің атауыш қызметі.

1998 жылы Елбасы қазақ зиялыларының алдында сөйлеген сөзінде: «Ата-бабаларымыздың жүріп өткен әрбір жолы, әрбір қазған құдығының атауы бар, ол атау – тұнып тұрған тарих, соны зерттейік, зерделейік, жинастырайық..., тарихты қайта қарау керек... тарих пен тіл тамырлас. Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөле айтар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, қанын төгіп, жанын беріп жүріп, қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабалардың арқасында бар бояуымен, сырлы сиясымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі», – деді.

Этностар түрлі тарихи кезеңдерде белгілі бір территорияда уақыт кеңістігінің шеңберінде бірін-бірі алмастырып, динамикалық өзгерісте болады. Бірақ, олар тарих сахнасынан ізсіз біржола жоғалып кетпейді. Олар тілдік белгілердің қызметтері арқылы өздері мекендеген жердегі географиялық атаулар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып жатады.

Атаулардың халық берген мазмұны арқылы сол кезеңдегі уақыт кескінінде мағлұмат боларлық оқиғалардың бұлдыр іздері жатады. Оларды оқып-біліп, мәнін рухани қару ретінде бойға сіңіріп, ұрпақты тәрбиелеп қалыптастырып, мемлекетіміздің нығаюына үлес қосу – басты мақсат-мұраттардың бірі.

Өз еңбегімізде, біз, жоғарыда аталған ойконимдердің этномәдени сипатын анықтауда алдымызға қойған мәселелерді зерттеу нәтижесінде жиналған материалдарға сүйене отырып, мүмкіндігімізше, талдау жасауды жөн көрдік.

Қазақ халқының «Тегінді іздесең, тереңнен ізде» дегендей, Жамбыл облысы ойконимдерінің этноспен рухани және материалдық процестің байланысын анықтаудың ұрпақ үшін маңызының зор екендігі күмән келтірмейді. Солардың бірнешеуіне тоқталайық.

Атлах қаласы туралы зерттеу жұмысымыздың барысында мағлұмат берілген. Ендігі жерде, Атлах ойконимінің этномәдени сипатына тоқталамыз.

Атлах – Талас шайқасы 751жылы Атлах қаласы жанында қытай мен араб әскерлерінің арасында болған, күллі Азия мен қазақ жерінің тағдырына түбегейлі өзгеріс әкелген орасан зор қанды соғыс. Таң империясының әскері де Тибет пен Шығыс Түрік Қағанаты арасындағы қақтығыстардан және ішкі қырқыстан әбден әлсіреген түркештерді иектеп, Жетісуға, Шу, Талас өңіріне, Мауреннахрға сұғына кірген Халифат иелігіне қауіп төндірген болатын. Шешуші айқаста қытайлардан, Таң империясынан теперіш көріп келе жатқан түргештер мен қарлұқтар арабтар жағына шығып, 70 мыңдық қытай әскерін талқандаған. Нәтижесінде Таң патшалығы бұрынғы күдіретінен айырылып құлдырайды.

Біз бұл оқиғадан 1255 жыл бұрын қазақ даласының тағдыры екі алапат күштің ортасында қалғанын жадында ұстаған түркештер мен қарлұқтардың, қиянаты көбірек болған қытай әскерінің жеңіліс табуын қалап, шешуші соғыста арабтар жағына шығуы шайқастың барысын шешкенін білеміз. Бұл жеңістің тарихи маңызының зор болғаны соншалықты, Қытай мемлекеті мұны осы уақытқа дейін жадынан шығармай келген. Қытай жағы қазақ-қытай шекарасына деген көзқарасын, жуырда Елбасы Н. Назарбаевтың бастамашылығымен қол қойылған келісім-шарттан кейін ғана өзгерткен.

Жуалы ауданында Боралдай өзенінің Үшаша атты қосылысының жанында «Садыр сай», «Садыр қамалған» атты жерлер бар. Оны бүгінде Садырқамал деп атайды. Бұл жер туралы тарихшы ғалым М. Тынышбаев мынандай деректер келтіреді: «Боралдайдың Үлкен Тұран мен Кіші Тұранның арасында, Теректі өзенінің қосылысында, ел осы кезге дейін «Садыр қамалған бастау» аталған жер бар. Осы жерде шапқыншылық кезінде Садыр руы қоршауда қалып, түгел мерт болған екен. 1723 ж. осында Жомарт батыр өзінің 9 ұлымен қалмақтардан қашпай, елден қалып қояды. Туыстарының «көш» дегеніне көнбей, табындағы жылқыларының көбі «шибе», жақында тарттырылғандығын сылтауратып: «қалмақ қашқанда қорқақ, ашық айқасқа батпайды», – деп қалып қояды. Содан бір-екі күн өтпей-ақ тұтқиылдан қалмақтар шабуыл жасайды. Мінерге аттары жоқ Жомарт батыр ұлдарымен бастауға қарай шегіне соғысып, Үлкен Тұранның найза тастарына жете бәрі де мерт болады. Осы шапқыншылық кезінде Жомарт батырдың келіні киіз үйдің ішінде, төңкерулі жатқан қазанның астында 25 күндік нәрестесін жасырып, өзі ну қамысты жыныстың ішіне жасырынып аман қалыпты. Баланың атын Тасболат қояды. Осы екеуін туысы Қуат батыр алып кетіп үйлендіреді. Осы Тасболаттың бесінші ұрпағынан мен тараймын деп жазады [46. 187-188б.].

Бұл жердің атауында тарихымызда болған күрделі оқиғалардың түйінінің бар екендігін байқауға болады. Бұдан біз, біріншіден, қазақ халқының жартылай көшіп-қонып, сулы жерде егін және мал шаруашылығымен айналысып, дамып өсуіне, жерден дақыл алу үшін егін егу барысында өздерінің еңбек құралдарын жетілдіріп отыруға, ал қайсы біреулерін жаңадан ойлап табуға машықтанғанын байқаймыз. Еңбек құралдарын жасау үшін отырықшы жерде, төбесі көмкерілген үйде құрал-жабдықтар сақтау керек: олар көрік, оған жағатын қуатты отындар (сексеуіл, тобылғы), кейбір жерлерде көмірдің де болуы ықтимал болған. Өйткені, темір қорыту технологиясы ерте заманнан да белгілі болған. Балға, ауа үрлейтін



теріден жасалған көрік, төс, от алатын түрлі көсеулер және т.б. Еңбектің сипатына, күрделілігіне қарай түрлі құралдар жасау адамдардың білімінің, тәжірибесінің жинақталғанын байқайды.

Екіншіден, қазақтар басқа өркениетті елдер сияқты өмір сүрудің ең қолайлы жері судың жағасын тандаған. Өйткені, сусыз адам да, мал да өмір сүре алмайтындығын, егін өспейтіндігін жақсы білген. Керек болса, қару-жарақ жасағанда ол жасық болмай, құрыштай қатты болу үшін, оларды алау оттан (көріктен) қызып тұрған кезде алып, суға салып суарып алу керек болды. Бұл жөнінде қазақтар темір, болат қорыту мәселесінде басқа елдерде бар тәжірибелерден хабардар болған. Өйткені, Ұлы Жібек жолының бойында сауда қарым-қатынасы дамығандықтан темір қорыту технологиясының үздік технологиясымен қазақтар да таныс болғанын байқаймыз.

Үшіншіден, «отбасы-ошақ қасы» тәрбиенің қайнар ордасы. Осы жерде ұрпақ өсіп, отаншылдық сезімі қалыптасып, адамдарға тілдік қатынас арқылы өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасалынған. Мәдениеті дамып, салт-дәстүрлер арқасында халық өркениеттілігі дамып өріс алып отырған.

Төртіншіден, соғыс феноменінің адамзат баласының болмысына жат құбылыс екендігін, оның адамдарға азап, көз жас, қырғын әкелетіндігін, сонымен қатар әлеуметтік прогреске тосқауыл болатындығын байқау қиын емес. Соғыстың ауыр зардабын басынан көп кешкен халықтардың бірі – қазақтар этносы десек шындықтан ауытқымасақ керек. Қазіргі социологтардың пайымдауынша, кешегі жоңғар шапқыншылығы, патша империясының құйтұрқы саясаты, қызыл империяның кезіндегі күйзеліс, аштық-жалаңаштық, репрессия, соғыстағы қырғыншылық болмағанда халқымыздың саны 50 млн. асып жығылар еді.

Бесіншіден, сырттан келген жаудың әділетсіздік, басқыншылық идеясымен қаруланып, жерімізді басып алып, қанша қырғынға ұшыратқанымен, әділеттілік пен тәуелсіздік үшін күрескен халықты түгелімен жоқ қылып жібере алмайтындығын, халқымыздың өмір сүру идеясының жеңімпаз екендігін және оның біржола үзіліп кетпейтіндігін көруге болады. Оны жаудан қазан астында нәрестесімен тірі қалған келіннің ғұмыры айшықтап тұр. Бұл халқымыздың рухының құдіретті екендігінің символы іспеттес еді. Қазақ дәстүрінде ырым-шылдықтың да үлкен маңызы бар. Мысалы, баланың атының Тасболат қойылуы кездейсоқ емес. Ол тастай мықты, берік, батыр, ер жүрек, жігерлі болып қалыптассын, кешегі қиын-қыстау тарихымыздан қорытынды шығарып, рухы асқақ, пайым-таным биік, патриоттық сезімі жоғары, Абай айтқандай: «әкенің баласы емес, адамның баласы болсын», - деген ғибратты ойды байқатады.

Бәйдібек. Ұлы тұлғаның қара қылды қақ жарып әділ билік жүргізгені, мейірімділігі жайлы аңыз мол. Тараздың 2000 жылдық тойы қарсаңында елдің рухани өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі қаланың орталық алаңында Бәйдібек бабаға ескерткіш ашылуы.

1999 ж. шыққан «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 2-томының 222-бетінде: «Бәйдібек Қарашаұлы (VI-VII ғғ.) қазақ халқын құраған тайпалардың аумақтық және этникалық тұтастығын қалыптастыру жолында көп еңбек сіңірген тарихи тұлға. Шежіре бойынша, Үйсін бірлестігіне кіретін албан, суан, дулат, сарыүйсін, шапырашты, ысты, ошақты тайпаларының – түп атасы. Бәйдібектің

есімі жазба деректерде аз кездескенмен, халық жадында жақсы сақталған. Ол елін парасаттылығымен басқарғаны белгілі. Жетісуды, Арыс өзенінің алабын, Ташкент пен Қаратау өткелдерін жайлаған елді басқарған», – делінсе, бұған дейін жазылған біраз дүниелерде бұл адамның XIII ғасырда ғұмыр кешкені, Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне жәрдемдескені, Өмір Темірмен байланыста екені айтылатын. Біздіңше, кейінгі пікірлер ұшқары нәрсе секілді көрінеді. Олай дейтініміз, филология ғылымының докторы Ә. Нұрмағамбетовтің «Білім және еңбек» (1986 ж. №12) журналына «Дерегі көп, керегі көп» атты мақаласындағы мәлімет. Ғалым 1986 ж. Нәлшік қаласында И. М. Мизиевтің «Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа» сынды тартымды ғылыми-зерттеу еңбегі жарық көргенін айта отырып: «V ғ. тайпа одағы Дуло, сондай-ақ біздегі ұлы жүз құрамындағы дулат тайпасымен бір деп қарайды. Оның бұл болжамын теріске шығаруға мүмкіндік бермейтін осы кітап бетінен тағы бір дерекке тап боламыз. Бұл – дуло немесе дулат бірлестігіне тікелей байланысы бар «Зеленчук жазуы». Жазу таңбаланған тастың ұзыны – 2 аршын, қалыңдығы 2, 5 – вершок, ескерткіштің табылған жері – Зеленчук өзенінің жоғарғы ағысындағы оның салалары Ропчай мен Кизгич (Қызғыш) аралығындағы қарашайлар «эски джурт» (ескі жұрт) деп атайтын мекен. Жазба ескерткіш суреті ең алдымен В.Ф. Миллердің қолына түседі де, ол таңбаларды қосып, өзінше оқиды, қалған тағы біреулер басқаша түсінік береді. Кейбіреулер мұны да «алан-осетин жазуы» деуге тырысқанымен, тарихи деректер және жазудағы таңбалар түркілерге тәндігін анықтайды. Әсіресе, таста қашалған таңбалардың тоғызыншы жолы назарыңызды еріксіз аударады. Діттей келгенде, бұл ру тайпалар таңбасының қосындысы екендігі анықталады. Таңбаға қарап ажырата келгенде, тайпа одағындағылар: дуло, бетбай (ботпай), адван (албан), суан болып шығады. Осы тастағы белгілер Н. Аристов пен С. Аманжолов еңбектеріндегі ұлы жүз ру тайпаларының қазақтардағы аталған ру, тайпаларымен ұқсастығы өз алдына, сөйтіп бұл ескерткіште ертеректе әртүрлі ғұн, скиф, хазар аталған түркі халықтары аталарының Азия мен Еуропа құрлығының көптеген жерін шарлап, із қалдырып отырғандығының тапжылмастай тарихи айғағы, куәсі болғандай», – деп көрсетеді.

Осы табылған тарихи ескерткіштен біздің зерделеп аңғарғанымыз, Бәйдібек бидің, біраз зерттеушілердің айтып жүргеніндей, XIII ғ. емес, тіпті ертеде өмір сүргені байқалады. Шынында жоғарыда айтылған кезеңде жасаған адам болса, соншама мол ұрпақ қалай өсіп-өнбек? Бүгінде Бәйдібектен тараған тұқым сырт жақты сөз қылмағанның өзінде, республикамыздың түкпір-түкпірінің бәрінде бар екені анық. Біз «Түп-түқияннан өзіме шейін» атты Қазыбек бек Тауасарұлының кітабына үңілсек: «Бабамыз Бәйдібек хижыра жыл санауынан он үш жыл бұрын туыпты да, 86 жасында өз ажалынан Қаратаудағы Бөген өзені бойында қайтыпты», – делініпті. Хижыра жыл санауы 622 ж. басталады, сонда ол кісі 609 ж. туып, 695 ж. қайтыс болған», – дейді.

Энциклопедиялық анықтамаларда М.Х. Дулати (1499-1551 жж.) «Тарихи-Рашиди» [11] кітабы арқылы өзінің он екінші атасы Майқы би (XII-XIII ғғ.) екенін жазған. Ал осы елге бірінші болып билік жүргізген бабасы Бәйдібек екен. Бәйдібек бидің әкесі Қараша (530-604 жж.) Қытай жылнамасында жазылып қалған адам. Онда оның елге билік жүргізген жылдары нақты көрсетілген.



Біз енді шежірешілерге тоқталуды жөн көріп отырмыз. 2000 ж. «Өнер» ба-спасынан жарық көрген «Бәйдібек баба – алып бәйтерек» атты еңбекте: «Қазақ – терең тамырлы, сан тармақты ел... Бәйдібек Қарашаұлы өз кезеңінде ірі тайпалық одақ құрып, оны гүлдендіре дамытқан ежелгі түрік даласының аса шырайлы елді мекендері – осы кездегі сыр бойынан бастап, қазіргі Қаратау, Алатау алаптарын, Шу өзендерінің бойын, Балқаш көлі айналасындағы далалы кеңістікті еркін игеріп, мал баққан. Досына мейірбан, ақпейіл, дұшпанына қылыштай қатал болған екен. Өзі тұрғанда елі мен жерін жауға да, дауға да бермепті. Бұған – тарих куә, бабаны, оның балалары тарих етіп жеткізіп, бүгінге дейін өздері де өсіп-өніп жатқан ұрпақтары куә.

Е. Тұрысов өзінің еңбегінде: «Бәйдібек бабаның шаңырағын көтеріп, отау құрған қасиетті аналарымыз – Марау (сары бәйбіше), Зеріп, Нұрила (Домала ана), Сыланды, Тұмар (Қарашаш), Тәуекел бибі, Бибі Фатима аналардың... қасиеті дарып Қазақ елінің келешек ұрпағына қосылған алтын тармағының бірі болар деген ойдамыз» [45. 7-8б.] – деп топшылайды.

Әрине, өткенді білу, оның ішкі-сыртқы сипатына терең бойлау аса қажет зәру дүние. Кешегі ата-бабамыз қалай тірлік етті? Қандай қам-қаракет жасады? Қай жерді мекен-тұрақ етті, қалай өсіп-өніп өркен жайды, артына қандай ғибратты-келелі іс қалдырды? Мұның бәрін талдап, тармақтап, зерлеп-зерттеу – бүгінгі ұрпақтардың төл міндеті. Біз ата-бабаның өткендегі тарихын білу үшін көне қариялардың жазбаларына жүгінеміз. Осы орайда, Қазан қаласында отызға тарта кітап шығарған «Кербаланың шөлінде», «Мұңлық-зарлық», «Жүсіп-Зылиха», «Мұхаммед пайғамбардың дүниеден өтуі» атты бірнеше кітап бастырған Жүсіпбек қожа Шайхысламұлының Қытай Халық Республикасынан жарық көрген «Қазақ шежіресі» (1990 ж.) атты кітабын да атап айтқан жөн.

Бәйдібек баба – күллі еліміздің мақтанышы.

Бәйдібек би – ірі тұлға. Қаншама ғасыр өтсе де, әлі қыстауы мен жайлауы ұмытылмай, зираты сақталып, өз ұрпақтарының алдында елімен бірге жасап келеді. Шежіреге жүгінсек: «Қарашұлы Бәйдібек VI-VII ғғ. Үйсін мемлекетінің жеке тайпаларын қалыптастырып, билеген тарихи тұлға.

Көне дүниеден аңыз болып атадан-балаға жалғасқан бір хикаяда Бәйдібек шапқыншы жауға қарсы елді көтеріп, қол бастаған ел қорғаны ретінде көрінеді.

Бір жаугершілік заманда Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап бейбіт жатқан Бәйдібектің елін шауып, сан мың жылқысын айдап кетіпті. Сонда ел жасақтарын көтеріп, «Аттан!» салып атқа мінген Бәйдібек алты ұлымен және жасақтарымен жауды қуған.

Жасақтар аттанып бара жатқанда, Ақтөбе дейтін Жон жайлауында, бұлақтың жағасында, қараша үйде жалғыз ұлы жас Жарықшақпен тұратын кіші әйелі Нұрила (Домалақ ене) байға тілек айтып:

– Бай-еке, жаудан қайыраң мал болса әуре болма, Құлайғыр қолда қалды. Қалың жылқы алты күн өткенде жауға айдау бермей өзі оралады, – деп отау белдеуінде қара мата белбеумен байлаулы тұрған, жүген-құрық көрмеген ту асау құла айғырды нұсқапты.

– Бұл айғырды қалайша ұстап тұрасың? – депті бай.

– Жау батырлары бұлақ басында ат үстінен сусын сұрады. Сұраған сусынын әпердім. «Не қалайсың, тілегінді айт», – деді жау батыры.

– Қалаған бір жылқыны өзім ұстап алайын.

– Е, е ендеше айтқаның болсын, – депті батыр.

Нұрила белбеуін шешіп, айдаудағы қалың жылқыға барып, «моһ, моһ, жануарым, кел!», дегенде, әлгі құлан асау, қасиетті құла айғыр мекірене оскырып, Нұриланьң алдына келіп, мойын ұсынып тұра қалған екен.

– Жауды қуып әуре болма, бай-еке, айтқан тілді алыңыз, мал да, ел де аман болсын десеңіз осы тілегімді беріңіз, – депті Нұрила.

Сонда көкіректе кек қайнап, қызынып алған Бәйдібек:

– Жолдан қайтар қатын емес, Бәйдібектің жасағы, – деп қолын бастап, тарта жөнеліпті. Бәйдібек жасақтары шапқыншы жауға Күйік асуында жетіпті. Сол маңда қырғын ұрыс болып, Бәйдібектің алты бірдей ұлы қаза тауыпты. Қапалы, қаралы Бәйдібек алты ұлын Қошқарата өзені жағасына, Сарыкемер деген жерге жерлеп, кері қайтыпты. Әйгілі «Алты сары» дейтін обалы биік соның белгісі.

Сонда ел қайғысын Домалақ ененің кереметі жуыпты. Отау іргесінде байлаулы тұрған құла айғыр санына қылбұрау салғанында, ол жер күңіренге кісінеген екен. Шығыс жақтан қаптаған шаң көрініпті. Бұл жаудан қайтқан Бәйдібектің жылқысы екен. Қанды жорықта қайтпаған елдің кегін осылай Домалақ ененің күдіреті қайтарған, – деседі.

Қашан, қай заманда болмасын, халықтан шығып ел ішіне кең тарайтын аңыз хикаяның арғы жағында, сол аңыздың кейіпкері төңірегінде өмірдің бір шындық сыры жататыны да аян. Ал, Бәйдібек пен оның төңірегі, заманы мен замандастары хақында ел сақтаған сыр, көбінше оның есіміне, әйелдеріне, өсіп-өнген ұрпағына деген халықтың шын ілтипат, ыстық-ықыласымен өрнектеледі.

Бұл күнде Бәйдібектен тарайтын ұрпақтың ұзын саны 2 млн. адамнан асады.

Албан, Суан, Дулаттың Жетісу өлкесін мекендеген көшпенді қазақ жұртында алатын үлкен орны жайында өткен ғасырдың екінші жартысында бұл өлкеге саяхат жасаған ғалым, этнограф Н.А. Аристов пен қазақ халқының кемеңгер ұлы Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектері мен қолжазбаларынан кездестіреміз.

Елдің елдігін сақтап, қалың қазақтың қара шаңырағына қайыспас ұстын болған Бәйдібек шоқысында шоқтығы биік тұруына, бір жағынан ежелден жаугершілік жорықтарды көп көрген жұрттың «Бірлік түбі – береке» тағылымын ұстанған ежелгі ата дәстүрінің беріктігі болса, екінші жағы қашанғы өткен дүниеден көшпенді елдің қиналғанда панасы, жаз – жайлауы, қыс – қонысы болған шежірелі Қаратау өлкесінің қастер-қасиеттерінде болса керек.

Әр халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, санасы мен мәдениетіне, материалдық жағдайына байланысты ұлттық дүниетанымы қалыптасады.

Халықтың көшпелі мал шаруашылығымен айналысуы және көшіп-қонуы, үй жануарлары атауы негіз болған қоныс, жайлау, қыстау, жайылым яғни онимдік атаулардың пайда болуына әсерін тигізген.

Осы орайда мал шаруашылығының күнделікті кәсібіне айналдырған қазақ халқының өмірінен ерекше орын алатын жануарларға қатысты тарихи оқиғаға байланысты пайда болған жер атауларының топожүйеден алатын орны ерекше.



Мәселен, Буратышқан – жер атауы. Мұнда қазақ халқының, оның өмір салтына байланысты, жаз жайлауға, қыс қыстауға көшетін мал шаруашылығына жайлы жерге көшкен кезде көлік ретінде пайдаланатын «ойсылқараның» (түйе малы) тоқтап сол жерде болғандығынан, этномәдениетінен хабар беретін атау.

Жан-жануарлар атауының тура мағынасы негізінде метафора тәсілі арқылы ауыспалы мағына жасалады.

Астаукөл жері – Талас ауданында. Бұл атаудағы астау сөзінің ұғымы мал шаруашылығына орай қолданылатын «малға су, жем беретін үлкен ыдыс». Ол көбінесе ағаштан немесе тастан жасалады. Бұған бір дәлел ортағасырлық қалалар қатарына жататын Ақыртас қалашығынан табылған тас астау. Бұл сол дәуірде де қазақ халқының мал ұстап, шаруашылықпен айналысқандығын айғақтайды.

Бұл атаулардан материалдық (заттық) мәдениетке байланысты ойконимдердің этномәдени сипатын аңғарамыз. Осындай мысалдар қатарына жататын ойконимдер Жамбыл облысында көптеп кездеседі. Мысалы: Қошқарата, Көндөнен, Байтал, Мыңжылқы, Бурылбайтал т.б.

Халықтың негізгі кәсібі малдың ыңғайымен көшіп, қонып, жаңа тұрақтанған мекен атауларын көбінесе өздерінің атымен қайталап отырғандығы да кездеседі. Мысалы: Шақпақ (Шақпақата), Мыңбұлақ деген жер-су атаулары үлкен Қаратау жотасының шығыс етегінде де батыс етегінде де бар. Оның себебі, үйсін елінің осыдан екі мың жылдай уақыт бұрын өмір сүрген ұрпағы Шақпақ әулие (жерленген төбесі өзі аттас ауылында жатыр /Жуалы ауд. /) тұрған жері мен жайлаған жерге өз есімін қалдырған. Мұндай мысалдар Қазақстанның көптеген ежелгі елді мекендерінде кездеседі.

Мыңбұлақ – Жуалы ауданының Теріс өзенінің алабы ежелден осылай аталған. Жерлесіміз, жазушы Шерхан Мұртазаның «Жұлдызы биік Жуалы» атты очеркінде: «Бұл өлкенің бір атауы бағзы заманнан «Мыңбұлақ» болатын деп жазған. 630 ж. осы аймақта болған Қытай жиһангезі Сюань-Цзян, 846 ж. болған Араб жиһангезі Убейдаллах ибн Абдуллах ибн Хордатбек, X ғ. басында Қудам ибн Жафар Мыңбұлақ атауы туралы өздерінің сапарнамаларында: «Бұл жерде кәусар сулы сансыз бұлақтар ағып жатады, сол себепті «Мыңбұлақ» аталған. Бұл Абарджадж үлкен төбе, оның айналасынан мыңдаған бұлақтар бастау алады. Олар қосылып бір өзен құрайды», – деп жазады. 651 ж. Батыс Түрік хандығының ханы Ызбарлы халық осы төбеге жақсы бекіністері бар Абарджадж қаласын салады, қаланың әуел бастағы аты Мыңбұлақ болған дейді.

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бұл елді-мекеннің қазақ халқының әлеуметтік болмысына, экономикалық мәдениетіне қосқан үлесі қомақты. Жері мыңдаған бұлақтан тұратын жердің елі де, жері де болғандықтан, ол жерді мекендеген халықтың сана-рухы да жоғары болған-ды. Деректерге қарағанда егін шаруашылығы, мал шаруашылығына қарағанда басымдау болған. Сондықтан да мұнда отырықшылық өмір салты адамдардың ғұмырына, тұтыну деңгейіне, олардың қатынастарына жағымды ықпалын тигізген-ді. Шығыстан, Қытайдан келген жібек мата, металл, металдан, фарфордан жасалған бұйымдар және қару-жарақтар т.б. ал Батыстан, Жерорта теңізінен келген түрлі тағамдар, жүзім суынан жасалған түрлі сусын – шараптар, зергерлік бұйымдар және т.б. жергілікті

халықтардың тұтыну қажеттігінің талғамын жоғарғы деңгейге көтеріп рухани түлеуге жетеледі. Мыңбұлақ жерінің шұрайлылығы егінге де малға да қолайлы болды.

Бертінде XVII-XVIII ғғ. патша үкіметінің, одан кейін қызыл империяның осы жерлерді орыстандыру мақсатымен тарихи қалыптасқан елді мекендердің атын жаппай өзгертіп, ең шұрайлы жерлерді орыс мұжықтарына бөліп беріп, солардың аттарымен атағаны кездейсоқ емес еді. Бұл саясат тұтас қазақ этносының жадынан адастырып, мәңгүрттік күйге түсіру мақсатын көздеді.

Егін шаруашылығымен айналысқанда да еңбек құралдарының жаңа түрлерімен жерді өңдеп, жақсы дақыл алуды тұрақты кәсібіне айналдырған. Кейбір мағлұматтарға қарағанда әртүрлі тілде тілмаштық ететін, тәржімалайтын тіл мамандары да болған деседі. Мүмкін, ғасырлардың генетикалық жалғасуының нәтижесі де болар, осы Мыңбұлақ өңірінде халқымыздың мақтанышына айналған ұл-қыздар көптеп дүниеге келген-ді.

Солардың бірі және бірегейі, халқымыздың мақтанышына айналған Бауыржан Момышұлы болса керек. «Мыңбұлақтың сулары сылдырайды, сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды», – деп әкесі Момыштың айтқанындай, су бар жерде өмірдің өрісті болатынын айғақтайтындай. Бұл жерде су тән сұлулығы мен жан сұлулығының материалдық негізі ретінде сипатталады. Егер кешегі қырғын болған Отан соғысы азаттық сүйгіш халықтардың сыналар шағы болса, сол соғыстың басынан аяғына шейін «қан кешіп», «мұз жастанудың» куәсі болған Б. Момышұлының іс-әрекеттері қазақ халқының тарихта қандай орын алғанын, болашақта қандай орын алатынын айшықтағандай. Отаным, жерім, елім дегенде қиындықтың, азаптың қандай түрі болса да, қасқайып қарсы алатын, мақсатына жету үшін, бар айла-шараны қолданатын және ата-бабалардың соғыс тәжірибесінің ерекшеліктерін сабақтастыра білетін, ел басқаратын көсемдік, сөз бастайтын шешендік қасиеттерін бойына сіңіре білген, халқымыздың қандай қадір-қасиетінің бар екенін бір Баукең дәлелдегендей. Баукеңнің тұлғасынан ешкімге мойынсұна бермейтін дара болмысы мен адами қасиеттерін, кісілік келбетін айқын көреміз. Ол халқымызға тән батырлықты, қаһармандықты, тапқырлықты, білімділікті, отаншылдықты тал бойына ұялатып, өзінің соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын соғыс өнерінің оқу құралына айналдырды, оның тәжірибесін көптеген елдің әскери қауымдастығы жақсы бағалап, оқу құралы етті. Оның аталмыш соғыс өнерінен жинақтаған тәжірибесінде халқымыздың сан ғасырлық рухани күш-қуаты шыңдаған Отан қорғаудың ұлы бастау көзі, отансүйгіштіктің қайнар көзі жатты. Табиғаттың дүлей мінезіне және әділетсіз басқыншылыққа қарсы күресте шыңдалған, шыныққан халқымыздың сестілігін Баукең былай танытады: соғыстан кейін ол Москвадағы әскери академияда офицерлер мен генералдар алдында соғыс тактикасы мен стратегиясы пәні бойынша лекция оқып жатады. Лекция соңында талқылау барысында бір генерал: «Бәрі де жақсы, бірақ тіліңізде ұлттық акцент бар екен», – дейді. Астамшылдық, империялық тұрғыдан айтылған пікірдің астарын байқаған Баукең тұра қалып, бас-көзіне қарамай балағаттайды. Болған соң: «Как, вы думаете акцент есть или нет!» – деп, оқыс пікір айтқан генералға қарайды. Сонда дәрісті басқарып отырған



басқа генерал: «Естеріңізде болсын, әскери жолдастар! Біз үшін лекцияның мәні формасында емес, оның мағынасында», - деп талқылауды тұжырымдайды.

Орда қонған Қазақ даласында кейбір тарихи атаулардың бірнеше рет қайталанып келе беретіндігі белгілі. Мысалы, «Аңырақай», «Қалмақ қырған», «Орда қонған» т. с. с. Осындай тарихи жерлердің бірі Қошқарата және Боралдай өзендерінің үстіртінде Арқалы таудың етегіндегі бір-бірінен 4-5 шақырымдай жердегі «Үлкен Орда Қонған». Мұны жұрт қазір тілдің ыңғайлылығына қарай «Үлкен Ордаған», «Кіші Ордаған» деп атап кеткен.

Бізге тарихтан белгілі Шымкент қаласынан батысқа қарай 35 шақырым жерде Бадам бекетінің маңында кішігірім «Ордабасы» атты төбе бар. Бұл атаудың мағынасы «Бас орда» яғни Әбілхайыр ханның ордасы, қазақ жасақтарының негізгі күші орналасқан жері болған. Екінші орда Жуалыдағы Қошқарата бойында, үшінші орда Ақыртөбе және Подгорное станцияларына қарасты «Сұңқайтты» және «Әбіқайыр» деп аталатын екі сайдың жанында Левшин өзінің «Описания киргиз-казачих орды и степей» деген еңбегінде: «Соединение трех наступающих групп, произошло у горки Орда басы, что значить – глава Орды» или «Главная ставка», «Орда басы расположено так, что командует над всей терассой; стоит только подняться из низин районов Арыстанды и Чаян (90-100 верст) или Боралдайской системы» 50-60 верст как раз бросается в глаза характерная сопка Орда басы, и наоборот, с Орда басы можно дальнеозерского степняка», – деп көрсетеді.

Үш орданың бас ханы болып Тәуке ханның ұлы Болат хан саналған және ханның ордасы тұрған жер «Үлкен Орда қонған» аталған. Барлық қазақ жасақтарының қолбасшысы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр болған және оның ордасы тұрған жер Кіші Орда қонған жер деп аталған (Қазақстанның әскери тарихы, Қ. Аманжолов, А. Тасболатов, Алматы, «Білім» 1999 ж. 134-135б.). Хан ордаларының сол кездегі бір-біріне жақын орналасуы тек қана соғыс жағдайында болғандығын көрсетеді.

Бұл жөнінде М. Тынышбаев өз еңбегінде «... Нельзя допускать, чтобы в мирное время ставки ханов стояли близко, это было не в обычаях ханов, для большой самостоятельности кочевавших вдали друг от друга и по привычке, вообще, богатых скотоводов так тесниться при наличности обширных пастбищ» [46].

Орда қонған туралы бірқатар деректер «Рысбек батыр», «Садыбай байтана» кітапшаларында келтіріледі.

Ордабасының орналасқан жерінде ел басқарған хан, билер соғыс қимылының тактикасын және стратегиялық барысын да ескерген болу керек. Осы жердің төңірегінде жаумен шешуші айкастардың болатындығы болжанған сияқты. Ордабасының тұрған жері Қазақстанның Оңтүстік өңірінің Қазақ мемлекеттілігінің еркіндігінің символы да болған-ды. Батысқа Хиуа, Қоқан хандықтарына сес көрсетудің бір көрінісі де еді. Ордабасының географиялық орны елдің тәуелсіздігін сақтап, бейбіт өмір қалыптастырып қазақ этносының тарихтан алатын орнын заңдастырып, мәдениетінің дамуына даңғыл жол ашудың кепілі іспеттес болды. Ордабасыдағы халықтың болашағы туралы толғаныс армандар араға үш ғасырдай уақыт оздырып барып, Қазақстанның XX ғ. шынайы болашағына ұласқанының куәсі болдык.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасымыз көршілес мемлекеттердің басшыларын Ордабасыда бас қостыруы Қазақстанның мемлекет ретінде біржола қалыптасқандығының айғағы болды.

Ойконимдердің атауыштық функциясын нақты атқаратын құбылыстардың бірі – карта. Карта (нем. Karte; «түп нұсқа»; грек. Chartes – «жазуға пайдаланылатын папирус парағы») – жер бетінің (географиялық карта) жұлдыздың аспанның немесе олардың жеке бөліктерінің кішірейтіліп, арнаулы деректер толық көрсетіліп, жазықтық бетінде кескінделуі [23. 281б.].

Бағзы заманнан бері қарай карта арқылы жер бетінің өрнектерін, мемлекеттердің шекараларын, ойпат-қырларын, тіршілік етуге қажетті өзен-суларын, елді мекен т.б. бірден бағамдап, мағлұмат алуға болады.

Мұны біз, зерттеу жұмыстарының барысында облыстық архивтен табылған Жамбыл облысының әр жылдардағы карта сызбаларынан байқадық (табылған карталар жұмыстың қосымшасында берілді).

Мәселен, Жамбыл облысының физикалық және саяси әкімшілік картасынан оның байтақ жерінің алуан түрлі екендігін байқауға болады. Ол Қазақстанның оңтүстігі әкімшілік-территориялық бөлік – Шу және Талас өзендері алабында, Қырғыз Алатауының солтүстігінде, Қаратау, Жетісу мен Шу, Іле тауларының аралығында орналасқан.

1917 ж. дейін оның батыс бөлігіндегі көп жері бұрынғы Сырдария облысына қарады. Революциядан кейінгі алғашқы жылдарда ол Түркістан Совет Республикасының құрамында болды. 1924 ж. Орта Азияда Ұлт республикаларының құрылуына байланысты әуелі Сырдария, кейінірек Алматы округының құрамына кірді. 1939 ж. қазанында өз алдына облыс болды.

Қорыта айтсақ, Жамбыл облысы ойконимдерінің этномәдени сипатын анықтау мақсатында талданып, түсінік берілген ойконимдердің материалдық және рухани мәдениетіміздің ғасырлар бойы дамып, оның өзгеріп отырғандықтары байқалады. Кез келген ойконимдер (елді мекен атаулары) міндетті түрде сол этностың қоғамдық тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі мен психологиясын өз бойында бейнелейтіндігі анық мәселе.

Ойконимдердің кумулятивтік қызметі

Ойконимдердің кумулятивтік қызметі деп адамзаттың басынан кешірген, жинақтаған тарихи тәжірибесін және қоршаған ортаны вербальдік тұрғыда тіл айналымының шеңберінде көрсету. Себебі ойконим тарих түкпіріндегі құнды мәліметтерді жинақтап, аккумуляциялап, сабақтастырып келешек ұрпаққа аманат ретінде табыстайды. Қоғамның, адамдардың даму деңгейін тілдік кумулятивтің мазмұнымен айқындай беруге болады. Тілдің кумулятивтік қызметіне жете мән берген профессор Қ. Жұбанов былай дейді: «Тілдің қалай өсіп, дамитындығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз» [18. 119 б.].



Тіл қоғамның әр түрлі сатыдағы даму кезеңдерін сөздік құрам арқылы белгілі бір уақыт пен кеңістік арқылы өзінде сақтайды. Ал ғалым Ә. Қайдардың пікірімен айтсақ: «Әрбір дәуірде өмірге қажет болған ұғымдардың аты-жөні, ар-сипаты т.б. тіл фактілері арқылы ғана бізге жетуі мүмкін», – деп қорытындыланды. Болмыстағы құбылыстардың қандайы болмасын тілдік таңбалар арқылы белгілеу номинациялық (атауыштық) акция деп аталынады. Анықтай белгілеудің өзі номинациялық бірліктермен немесе сөздермен байланысады.

Номинациялық акт – болмыстағы нақты заттар мен құбылыстарды сөздік таңбалармен белгілейтін тұрақты, әрі даму үрдісіндегі процесс.

Жалқы географиялық атаулар мен географиялық апеллативтік лексика жиынтығы қазақ ойконимдерінің лексикалық негізін құрайды десек, одан ойконимдердің кумулятивтік қызметі арқылы тарих қатпарларында жатқан мәдени және этноәлеуметтік страттарды бөліп алуға болады, өйткені ойконимияда этностың саяси-әлеуметтік, өркениеттік өмірі кристаллизацияланады. Осы методикамен ойконимиядағы хронологиялық тәртіпті сақтай отырып тарихи-мәдени (мәдени-генетикалық) және этноәлеуметтік қатпарлардың қай өркениеттікке жататындығын айқындауға болады.

Ономастикалық лексика – жалпы лексиканың бір бөлігі. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге апеллативтерге қарағанда өнімдер көбірек реакция береді. Сондықтан атауларды қойған адамдардың санасынан тыс оларда қоғамның мәдениеті мен әлеуметтік өмірі бейнеленеді.

Талданатын ойконимдердің семантикасында орын алған тарихи-мәдени және этноәлеуметтік қағидаларды еске ала отырып, қазақ ойконимдерінің номинативтік қызметін сипаттау үшін, негізінен «адам – тіл – географиялық орта – мәдениет (қоғам)» категорияларының арасындағы байланыстарды зерттеу және зерделеу қажет. Бұл ұлттың тілдік санасының кеңістігінің шеңберінің ұлғаюына даңғыл жол ашпақ.

У. Ержанова ұлттық топонимдердің кумулятивтік қызметі туралы былай дейді: «Ұлттық топонимия қазақ елінің этникалық шекаралары, халықтың ертдегі көші-қон бағыттары, жеріміздің отарлануы сияқты маңызды мәселелерден мәлімет бере алады. Жер-су атауларында кездесетін құнды мәліметтер арқылы ата-бабаларымыздың материалдық және әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің сипатын анықтаймыз. Топонимдердің тіл тарихы, әсіресе сөздік құрам тарихы мен сөз тудыру тарихы үшін үлкен маңызы бар, қолданыстан қалып, ұмытыла бастаған сөздер өз тіршілігін географиялық атаулар құрамында жалғастыра алады. Осының барлығы топонимдердің кумулятивтік қызметінің тіл тарихында ерекше роль атқаратындығын көрсетеді. Олай болса, ұлттық топонимдер жүйесі де халықтың этникалық құрамы, материалдық, рухани мәдениеті, азаматтық тарихы жөнінде аса мол деректер беретіні сөзсіз» [12. 115 б.].

Ойконимияның атауыштық қызметі ментальды ойлап түсіну қызметімен, яғни тілдік сана, тілдік тұлғаның ментальдығымен диалектикалық түрде өзара байланысты. Жалпы когнитивтік лексикалық даму тұрғысынан қарастырғанда, тіл, оның ішінде ойконимия да, түпкі нәтижесінде, қоғам мен этнос көзқарастарының

бірыңғай ұлттық жүйесі, тіл сөйлермендеріне ортақ ұжымдық философия түрінде әлемнің ерекше көрінісін бейнелейді. Ойконимдер осы тіл сөйлермендерінің тілдік және экстралингвистикалық тұжырымдарын қамтып, бір арнаға бағыттайды.

Тарихи-мәдени, этноәлеуметтік мәліметтің қалыптасып, сақталуын ойконимдердің кумулятивтік қызметі арқылы жинақталған ойконимиялық материалдар молынан қамтамасыз етеді. Олай болса ойконимияны информациялық мәні бар күрделі семиотикалық жүйедегі мәдениет ретінде қарастырсақ қателеспейміз.

Ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен ерекшеліктері, этникалық мәдениеттің типі тілде көрініс беруі хақ. Тарихи кескіндегі әрбір мәдениет өзіне лайықты, әрі тән жалқы атаулардың белгілі бір типтерін дүниеге келтіреді.

Былайша айтқанда, белгілі бір тарихи этностық қоғамдарға ұшыраспайтын ерекшеліктерімен сипатталады. Аталмыш ерекшеліктер лексикада өз көріністерін береді және оның аялық мәліметін құрайды. Сайып келгенде, осы мәліметтер рухани, материалдық мәдениет формаларын және түрлерін айқындайды.

Мәдениеттің материалдық түрі туралы сөз етсек, оған қатысты қазақ терминдерін зерттеп жүрген ғалым Ж. Манкеева қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін, шаруашылық іс-әрекеттері мен салт-дәстүрлерін бейнелейтін аталмыш терминдердің кумулятивтік қызметін былай сипаттайды: «Заттың мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшеліктеріне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика – семантикалық категория ретінде, кумулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары» [31].

Ғасырлар қойнауынан орын тепкен этнолексика халық өмірінің этно-мәдени тарихы, тілдік дамуы мен тілдік шығармашылығы болашақ зерттеулерге зор дереккөз болып табылады. Өйткені халық берген атауларда оның ішкі сезімдері, жинақталған тәжірибесі, қарапайым қабылдау түсініктері, тұжырымдары бейнеленеді. Аталмыш процестер әр этностың тарихы, алатын географиялық орыны, қалыптасқан материалдық (өндірістік) қатынасына және рухани дамуының деңгейіне, әлемдік өркениетте алатын орнына байланысты. Дәлірек айтсақ, атаулар шартты түрде дүниеге келсе де, тілдегі жасалынған сөз нұсқалары арқылы заттың уәжді белгісіне ғана негізделмейді, белгілі бір затты тілдік жағынан бейнелеу әр сөйлеуші ортада әртүрлі болуы мүмкін. Олай болса ұлттық материалдық мәдениет-тұрмыстық лексиканың реликті, әрі рухани байлықтың субстанциясы (түп негізі) деп те айтуға болады. Байқағанымыздай, аталмыш жүйедегі сөздер тек атауыштық (кумулятивтік) ғана қызмет атқарып отырған жоқ. Өйткені тілдегі материалдық мәдениетке қатысы бар атаулар немесе тұрмыстық лексика халқымыздың материалдық (өндірістік) қатынасының деңгейін, даму бағытының сипаты мен формаларын және шаруашылық пен тұрмыстық болмыстарын реттеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған заттарды бейнелейді. Сондықтан тіл – материалдық және рухани байлықтарды диалектикалық тұрғыдан байланыстырып халықтың рухани болмысына айналған функцияны атқарып отыр.



Түптеп келгенде, ойконимдердің ментальдық мәні олардың кумулятивтік қызметімен айқындалады. Аталмыш қызметтің басты функциясы – мәліметтерді кристаллизациялау, жинау (аккумуляциялау) және уақыт кеңістігі арқылы басқаларға жеткізу (трансляциялау).

Бздің пайымдауымызша, ойконимдерді құрайтын тарихи-мәдени, этно-әлеуметтік мәліметтерді аккумуляциялау мен басқаларға уақыт кеңістігі арқылы трансляциялау процесін қарастырмай тұрып, жинақтау мен басқаларға жеткізуге арналған мәліметтердің ішкі құрылымына, ұйымдастыру методикасына назар аударуымыз ләзім. Бұл жөніндегі қазақ тілінің ойконимдік жүйесінің бір ерекшелігі, ол өзінің ментальдық болмысында, яғни ойконимияға адамның әлем туралы білімі мен қабылдауының жиынтығы жүйелі түрде берілген. Байқап қарасақ, аталмыш жүйе тілдік сана деңгейінде қалыптасатын когнитивтік стереотиптер жинағына сүйенеді, олар атаулар мен тілдік деңгейлерді кластар бірліктеріне өзара диалектикалық түрде байланыстырып, ойконимикалық жүйенің элементтерін жинақтап қалыптастырады.

Қазақ ойконимдерінің кумулятивтік қызметі тарихи зор мағыналарға толы. Бабалар өсиет еткен ұлан-ғайыр далаға тән жер-су, елді мекенді сырт жаулардан қорғап, келер ұрпаққа аманат ретінде қалдыру – тек қана отаншылдық рухы жоғары халықтың үлесінде болуы хақ.

Тарихи қазақ дала философиясы мен өркениеттілігін арқау еткен өміршен дәстүрлердің, салт-саналардың елді мекендерді атауда негіз болғанын байқаймыз. Бұл далаға кімдер көзін тікпеді, халқымыз талай-талай тағдырлы тарихи иірімдерді басынан кешірді. Соның бірі жүз жылға созылған аса күрделі қазақ-жоңғар қатынасы. XVIII ғ. бас кезіндегі Аңырақай шайқасы екі халықтың тарих сахнасында қалу немесе қалмау ісі безбенге түскен тағдырлы шайқас болды. Бұл жерді Аңырақай деп атаудың халық аузында айтылып жүрген бірнеше варианттары бар. Бізге керегі осы жердің тағдырының шешілуінің кумулятивтік философиялық маңызын қарастыруда болып отыр.

Халық даналығына сүйенсек, «бөлінгенді бөрі жейді» дегендей жоңғарлықтардың қазақ даласын біртіндеп жаулап алуының себептері болды:

1. Әр жүздің өзінше хандық құрып, халықтың басын біріктірмей, бытыраңқылыққа ұшыратуы;
2. Қытай мен Ресей империялары жоңғарлардың қолымен қазақ жерін қазақтардан тазартып, қазақ территориясын бөліске салу дипломатиясын жүргізуі;
3. Екі империя да қарудың соңғы жетістіктерімен жоңғарларды қаруландыруда болды. Сол кездегі қазақ билері Төле (Ұлы жүз), Қазыбек (Орта жүз), Әйтеке (Кіші жүз) бұл шайқастың тарихи тағдырлы, әрі соңғы шайқас екендігіне зор мән беріп, үш жүздің күшінің басын біріктіруді, сөйтіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жауға атой салып, қарсы тұруды басты шешуші міндет деп санады. Бұл тарихтың бұлтартпас философиясы іспеттес еді.

Тарихта параллель бола береді десек, тәуелсіз еліміздің Президенті Н. Назарбаевтың басты ұстанымы да халықты ескі әдетпен бытыраңқылыққа ұшыратпай, жүз-жүзге, ру-руға бөлмей, біртұтастықты сақтай ортырып қана егемендігімізді баянды етуге болатындығын баса айтып, оны негізгі идеяға айнал-

дырып, өзі көшті бастап, бүгінде айтарлықтай табысқа жетіп отырғанымыз сол сындарлы саясаттың салдары десек қателеспейміз.

Аңырақай шайқасының ойконимдік кумулятивтік қызметінің философиясы үш бидің, үш жүздің материалдық және рухани күштерін біріктіріп барып, жауға қарсы шығу еді. Бұл шайқастың маңызы мен мәні сол уақытқа дейін болып келген жеңілістерге душар еткен қатардағы жай ғана шайқас еместігін халық санасына ұялатуда болды. Халықтың тәуелсіздікке, еркіндікке деген арман тілігін бір арнаға бағыттап, оның рухына қуатты нәр берді. Ұзақ жүргізілген соғыстың зардаптарын, жоңғарлардың әділетсіздігін, одан көрген халықтың азаптарын тілге тиек етіп, оның қайрат-жігеріне отансүйгіштік леп беріп, үш би халықтың рухына ең соңғы серпіліс берді. Еркіндік, әділеттілік идеясын бойына сіңіріп қуаттанған халық үлкен-кіші, ата-ана, әйел-еркек демей, буырқанған күйде жауды талқандап, қазақ жерін жаудан азат етуді бастап жіберді.

Нәтижесінде, жоңғарлар этнос ретінде тарих сахнасымен біржола қоштасты. Аталмыш оқиғаның ойконимдік кумулятивтік қызметін зерделесе, мынадай қорытындыларға саяды:

1. Қазақ этносы бейбіт сүйгіш халық екендігін, ешкімге ұлтарактай жерін бермейтіндігін, ешкімнің территориясына ешуақытта көз тікпейтіндігін әлемге жария етті.
2. Аңырақай шайқасы қазақ халқының отансүйгіштік сезім идеясын жоғарғы сатыға көтеріп, халық бірлігі мен біртұтастығының алмайтын қамалының жоқ екендігін асқақ рухтық деңгейге көтерді;
3. Ата-бабалар аруағын сыйлап, олар аманат еткен жерді, суды, тауды, орманды, өзенді көздің қаршығындай сақтап, қасық қаны қалғанша қорғауды басты міндет етіп қоятындығын дәлелдеді;
4. Көшпенді және жартылай отырықшылыққа негізделген өркениеттілік, білімділікке бағытталған еңбек құралдары мен қару жарактың қажет екендігі және соғыс стратегиясы мен тактикасының қалыптасып келе жатқандығын күн тәртібіне қойған-ды және т.б.

Қазақ ойконимдерінің негізінде құралған фольклорлардың кумулятивтік қызметін көрсету үшін Айша бибі аңызын келтіруге болады.

Айша бибі туралы екінші аңыз. Шаш Ташкент түбіндегі әскери әзірліктің бірінде ару Айша Тараздан келген жас батыр Қараханның өнеріне ғашық болған. Жігіт те қызды ұнатқан. Батыр жорыққа аттанар алдында:

– Ажалдан алыс болсам, соғыстан соң мен мұнда соқпаймын, тіке Таласқа тартамын. Сүйгенің рас болса, мені іздеп Таразға кел, асылым деп күтіп аламын, – деген екен. Қыз келісіп, екеуі серт байласқан.

Жыл өткен соң Айша әкесінен бата сұрайды, қызды алысқа қимаған әке: – «Тілімді алмасаң, ажалың тілсізден болсын, көлденең көк дарияның алтауынан өтсең де, соңғысынан өтпе, дегеніңе жетпе», – деп теріс батасын беріпті.

Бірақ Айша дегенін істеп, жанына Баба әжені ертіп, қосағына түйе алып, бейтаныс жерге бет түзепті. Талай қиындықтан өтіп, Тараздың төбесі көрінгенде, екі жолаушы көліктен түсіп, мамық төсін керген аққу-қаздай ару қыз мамырлап барып көз жасындай мөлдір суға аппақ тәнін жуыпты. Өзі кестелеген асыл



киімдерді киініп, шарайнадан өзін-өзі қызықтап ұзақ отырған Айшаны жылан шаққан...

Баба әже атқа қонып, Қараханға хабар салады.

Асығып жеткен сүйіктісіне жанары тайған нәркес көздерін соңғы рет қимастықпен қадап:

– Сертіме жеттім, – депті Айша. Ғашықтықтың азабын әбден тартқан ару қыздың ажары таң қараңғысында жанған шолпандай жарқырап барып біржолата сөніпті.

Тіршілікте тәңірі қоспаған Айшаның суық денесін құшақтап отырып, Қарахан өзі мен қыздың некесін қидырады. Сөйтіп:

– Айша, сен енді Бибі болдың! – деп, арудың құлағына үш рет айқайлапты.

Айша бибіні өлген жеріне арулап қойып, Қарахан бүкіл Дешті қыпшақтан өнері асқан бәдізші-шеберлерді алдырып, Аса өзенінің жағасында топыраққа түйенің жүнін қостырып, оны аруананың сүтіне илетіп, бұрын бұл өңірде болмаған зәулім ескерткіш орнатқан.

Баба әже өле-өлгенше Айшаның басында шырақшы болып өтіпті. Кәрі әже дүние салғанда, Қарахан ол кісінің басына да мавзолей тұрғызған [10. 15б.].

Елді мекенді Айша бибі атынан қоюдың кумулятивтік қызметі:

1. Жігіт пен қыздың арасындағы махаббаттың құдіреттілігі. Махаббат адамның бойын билеген жағдайда дүлей күшке айналып, оның мақсатқа жету жолында аспайтын асуы, алмайтын қамалы болмаса керек;

2. Қарахан батырдың елді, жерді сыртқы жаулардан қорғау мәселесінде, оның қауіпсіздігі қыл үстінде тұрғанда, ең алдымен отансүйгіштік сезімнің алдыңғы шепке шығуы;

3. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей қыз бен жігіттің махаббаты қанша лаулап жанғанмен, өсіріп, баптап, тәрбие берген ата-ананың наразылығынан сақ болуды және аруақты сыйлай білуді қажет етеді;

4. Ару қыздың Қарахан батырдың елі – Таразға жақындағанда өзен жағасында жуынып, шайынып алудағы мақсаты, сүйген жігітіне көріну алдында халқымыздың дәстүріне сай пәктікті, тазалықты сақтау еді;

5. Айша арудың жылан уынан жанталасып жатқанда, Қарахан батырдың: «Айша, сен енді Бибі болдың», – деп оның құлағына үш рет айқайлауы, батыр болсын, жай адам болсын берген сертіне берік болуды уағыздайды;

6. Ол дүниеде аруақтары сырласып тұратындай, Аса өзені жағасындағы Бибісіне Қарахан орнатқан ескерткіш мавзолейдің қала ортасында батырдың өзіне орнатқан үлкен ескерткіштен көрініп тұратындығы, екі жастың махаббаттарының шынайылығының, имандылығының, моральдік адамгершілігінің аңызға тұрарлық деңгейде екендігін айғақтайды.

Бұл ойкөнімдердің тарихта кездейсоқ орын теппейтіндігін, оның лиро-эпостық, батырлық жырларда, аңыздарда халықтық этномәдениетінің кумулятивтік қызметін сипаттайды.

Әулиеата. Сатұқ Бұғра Қарахан (X ғ.) қолбасшы, Қарахан хандығының негізін қалаушы, Қарахан – Айша бибі хикаясының кейіпкері. Қарахан әкесінен ерте жетім қалады. Аңыз бойынша Сатұқ жастайынан ерекше қасиетке ие болады. Ол

өңінде де, түсінде де әулиелермен сөйлесіп, сұхбаттаса берген. Сатұқ Қараханның түсіне көктен түскен, тұлға бойынан нұр шашқан ақ сақалды, ақ шашты кісі еніп, оның мұсылман дінінің туын ұстау үшін туғанын, о баста алла-тағала солай деп ұйғарып қойғанын айтады.

Әулиеата Қарахан өлерінде баласына өсиетін айтады. Қарақасқа тұлпардың құйрығынан бір тал қыл жұлып алып, баласына береді де: «Мен өлсем, елге мына жақтан жау келеді. Қиналасың, сонда мына құйрықтың қылын тұтат. Қарақасқа тұлпардың құйрығының қылы тұтанып, жанғанда, мен де келемін», – деп көз жұмады. Қараханның дүниеден өткеніне едәуір уақыт болады. Оның орнына хан болып қалған баласы қартайды. Келеді деген жау келмейді. Әулие Қараханның баласы ойға түседі де, Қарақасқа тұлпардың құйрығынан қалған бір тал қылды тұтатады. Сонда Әулиеата Қарахан қарақасқа тұлпарын ойқастатып, қару-жарағын асынып, «жау қайдалап» шыға келеді. Сонда баласы: «Әруағыннан айналайын, асыл әкем, кешіре гөр! Еліңді жау шапқан жоқ. Сөзіңнің рас-өтірігін білейін деп тұтатып едім құйрықты», – дейді. Әулиеата баласына қарап тұрып: «Өй, эттеген-ай, тұрғылықты жұртымнан келімсек жұрт озып кететін болды-ау», – деп ғайып болып кетеді.

Әулиеата Қараханның тұлғасына байланысты аңыз-әңгімеден алатын тағылым – халық өзі ерекше деп әспеттеген, сүйген, жақсы көрген батырларын, хандарын, тұлғаларын т.б. айрықша күш-қуаттың иесі етіп, атқарған істеріне, жүрген жолына, халыққа деген ілтипатына еріктен тыс қадір-қасиет беріп табынған, мақтаныш еткен. Оны табиғаттың тылсым күшімен теңестіріп, рухани бір құдіретті күштің иесі еткен. Тағдырлы оқиғалар екі өкпеден қысып, қиналып шығар жол таба алмай тұрғанда, сол бір тұлғаның атын аруақтың туы етіп, оған сиынып, әрекет жасағанда адам бойына ерекше теңдесі жоқ күш-қуат пайда болып, дегеніне жеткен.

Таразда Әулиеата Қарахан бабаға соғылған үлкен мавзолейге жан-жақтан ел ағылып келіп, мінәжат етіп, әулие аруағына сиынып, өздері арман еткен мақсаттарын тілеп жатады. «Таяқпен келсең, тай мінгізем», – деген киелі Тараз жеріне келушілер осындай асқан үмітпен келеді. Ол көбінесе орындалып жатады. Бұл нақты тұлға Қараханның атына айтылған аңыз-әңгімелер халқымыздың рухани мәдениетінің одан әрі қарай дамуына зор үлес қосады.

Қазақ жылқы малының қасиеттілігін ескеріп, олардың атынан Алаайғыр (Шу ауд.), Көкдөнен (Т. Рысқұлов ауд.), Бурылбайтал (Мойынқұм ауд.) және т.б. ауылдар аталған. Енді осылардың этномәдени кумулятивтік қызметіне тоқталсақ, ежелгі заманнан бері қарай көшпенді өмір салтын басынан кешірген қазақ этносы жылқы малын ерекше құрметтеген. Өйткені, бір жерден екінші жерге көшкенде көлік міндетін атқарса, соғыс қимылдарын іс жүзінде асырғанда немесе қуғанда мобильділігімен (қолайлылығымен) ерекшеленетін жылқы малының қызметіне баға жетпейді. Оның бергі жағында ішсең сусын, жесең тамақ ретінде қолданылды. Сондықтан да қазақ халқы ат үстінде көп жүргендіктен күнделікті қажеттіліктен барып үзеңгіні бірінші қолданысқа енгізген деседі.

Жылқы батырдың немесе жігіттің ақылдасы, жансерігі, қиналғандағы құтқарушысы рөлдерін атқарды. Жарамды аттар дүбірлі бәйгелерге қосылып



ауылдың, рудың және жеке тұлғаның мақтанышына айналдырды. Сондықтан да қазақ оны ерекше, жанындай жақсы көрді.

Жаңа заманда жылқы малына табиғаты өте қолайлы Т. Рысқұлов (Луговой), Жамбыл аудандарында жылқы зауыттары құрылды. Бұл 1935 ж. азамат соғысының батыры, маршал С. М. Буденныйдың басшылығымен іс жүзіне асырылып, жылқы коралары, малшылар үшін тұрғын жайлар көптеп салына бастады. Шаруашылықтың атына байланысты ауылдар Конезавод деп аталып кеткен. Жылқы малын сұрыптап өсірудің біздің елдің үлесіне тиюі кездейсоқ оқиға емес еді. Өйткені, екінші дүниежүзілік соғыстың хабары шығып келе жатқан кез еді. Жылқы малын да соғыс қимылдарына қолдану күн тәртібінде тұрды. Сондықтан да бұл істі Кеңес Одағының басшылары қолдаған. Бұл аталмыш ауылдардың даңқы, атақты сәйгүліктерімен, жүйрік тұлпарларымен бүкіл Қазақстанға, бұрынғы Кеңес Одағына, тіпті дүниежүзіне танылды. Нәтижесінде бұл елді мекендерде 50 жылдай уақыт Кеңес Одағында ең іргелі, озат тәжірибелі жылқы өсіруші шаруашылық болған. 1945 ж. Жеңіс күніне арналған әскери парадты маршал К.Г. Жуков Т. Рысқұлов (Луговой) Конезаводынан шыққан ақ боз атқа мініп қабылдаған.

Рим, Токио олимпиадаларына қатысып алтыннан алқа таққан атақты сәйгүлік жылқы – Абсент осы Т. Рысқұлов (бұрынғы Луговой) Конезаводында 1952 ж. дүниеге келіп, осында сүйегі жерленген. Отанында оған арналған үлкен ескерткіш бар.

Халық елді мекендерге ат бергенде оның эстетикалық, сұлулық, әдемілік жағына да үлкен мән берген. Өйткені шындық дүниені эстетикалық жағынан бейнелеу халықты табиғаттың, қоғамның сырын біліп тануды және оны өзінің керегіне жаратуды басты мақсат деп есептеді. Кез келген елді мекен аты сол жердің ерекшелігін айқын бейнелеп ұрпақ болмысына қызмет ету үшін ұзағынан ойланып қойылды. Керек болса, ол мекеннің аты мен затына сай болатындай ұрпақ мақтанышына айналып, сол атқа сай іс-әрекет жасауды, сол жерді көздің қарашығындай қорғауды, рухани өзек ететін отансүйгіштік асқақ сезімге тәрбиелейді. Мысалы, Сұлутөр, Аққия, Далақайнар, Ботамойнақ, Кәріқорған, Береке, Тасбастау, Мамыртөбе, Мыңбұлақ, Ұланбел, Қызылсай, Жайлаукөл, Белбасар, Көктөбе, Берікқара, Ақермен, Ақсүйек, Мыңарал, Қараой, Тойқұдық, Майтөбе, Тәтті, Көгершін, Өрнек және т.б.

Қордай ауданына қарасты Сұлутөр елді мекені төр лексемасымен кездейсоқ аталмаса керек. Халық дәстүрінде төрді «ең сыйлы орын» деп өзінің құрметті қонағын жайғастырған. Төртегі қабырғаға қол өнерінің озық үлгілерімен жасалған бұйымдар, атадан балаға мұрагерлікпен қалып отырған қару-жарақ, жағалы өрнектелген киімдер ілініп қойылған.

Дастарқан мәзірі де төрге арналып жасалынып қойылған. Тағамның таңдаулылары да төрге қарай жылжытылады. Мұның да кумулятивтік функциясын атқаратынын аңғару қиын емес.

Адамдардың Абай айтқандай: «Атаның баласы болмай, адамның ел сыйлаған, құрметтеген тұлғасы болуды» бойына сіңіруге, соған талпынуға тәрбиелейді. Абай идеясын жаңа заманның талабына сай трансформацияласақ, оның «Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің одан өзге бәрі жалған» деген философиялық тұжырымы білім мен ғылымның құдіретімен ұштасып жатқан тәрізді.

Екінші жағынан төр әсем, әрі эстетикалық жағынан адамның талғамын тәрбиелейтін жай ретінде санаға сіңген.

Аталмыш елді мекеннің орналасқан жері тақтайдай жазық, жері шүйгін, көзге тартымды. Ондағы тұрғындар тұрған жеріне қарап сүйсініп, мақтан етуге тұрарлық жер. Егін егіп, мал өсіруге қолайлы, еңбек етсең, салауатты өмір салтын қалыптастыруға лайықты деген пікірге тіреледі.

Мамыртөбе, Бектөбе, Майтөбе, Ақтөбе, Тастөбе т.б. төбеге қатысты атаулардың кумулятивтік қызметі туралы айтсақ, ұлан ғайыр территорияны қорғап қалу мақсатында, жартылай көшіп-қону салтында бар халқымыздың болмысында төбе сөзінің айрықша маңызы болған. Егер отырықшы елдерде жиналып шешім қабылдайтын, ойын-сауықтар құратын жылжымайтын ғимараттар басым болса, халқымыздың тарихында осы функцияларды төбе мен төмпешіктер, таудың баурайлары атқаратын болған.

«Күлтөбенің басында күнде жиын», - деп халық бекер айтпаған. Біріншіден, төбе басында дайыны жоқ, салмағы айтарлықтай емес, мәселені түбегейлі шешпейтін, жиналуды мақсат ететін, әйтеуір, бір жиын деген аты бар адамдардың тобырын айтса, екіншіден, халық тағдырына тікелей қатысы бар, мемлекеттік мәселелерді шешеуге бағытталған саяси-шаруашылық мәні бар түйінді проблемалардың басын ашу үшін хан, би, болыс, шешен, бектердің, батырлардың т.б. халық алдында немесе халықсыз жиналатынын байқауға болады.

Төбе басында адамдардың еңсесі тіктеліп, тереңнен сыр тартып, жан-жағына қарағанда, ата-бабадан мұра болып қалған алып даланы сақтап қалу үшін, «не істеу керек» екендігін шешетін жердің символикасы сияқты болып көрінсе керек. Төбе – көтерілген адамдардың асқан жауапкершілік пен патриоттық сезімі ұшталып, алдағы болар оқиғаларды болжау және оларды әділетті шешу жауапкершігі жүктелетін орын екендігін пайымдау қиын емес.

Ел мен елдің, ру мен рудың, болыстық пен болыстықтың және т.б. араларындағы жер, жесір, қыз, мал, кек, т.б. дауларды жақсылардың жиналып, керек болса апталап қона жатып шешетін орындары осы төбе болған.

Жаудың ел шегіне кенеттен жақындап келмеуін сақшы арқылы қамтамасыз ететін де биік төбенің үсті болған. Ел басқарған хандар мен батырлар жауының бетін қайтарып, жеңісті қуанышты хабарлау үшін де елді жинап, төбе басына көтерілген.

Бұл дәстүр бүгінгі таңда да өз жалғасын тауып, тәуелсіз халқымыздың патриоттық сезімін асқақтатуда. Тәуелсіздігімізді әлемге паш ету үшін де Ел-



басы Н. Назарбаев көрші Өзбекстан мен Қырғызистанның игі жақсылары – президенттері: Акаев пен Каримовты тарихи мәні бар Шымкенттегі Ордабасына шақырып, үш елдің достығының мәңгі екенін жария етті. Бұл Кіндік Азиядағы саяси тұрақтылыққа өз оң ықпалын тигізді деп айтуға болады.

Бұдан былай да төбе рухы халық рухындай көтеріліп шыңдала бермек.

Ортағасырлық қалалар қатарына жататын Наурызбас қалашығы туралы айтсақ, наурыз парсының «жаңа» деген ұғымды беретін сөзі екені мәлім... Ал ұлы ақын Абайдың араб басқыншыларының жергілікті тілде қалыптасқан ата-мекен топонимдерін жаппай өзгерту саясатын, тіпті «Ұлыстың ұлы күні» атанған Наурыз мерекесін Наршаһидің «Бұқара тарихы» атты еңбегі арқылы танысқанын баян еткен.

Жергілікті түркі халықтарын ислам дініне күшпен біржола табындыру жолында олардың ата-бабадан қалған тарихын, жазуын, салт-сана, әдет-ғұрпын, тіпті, елді мекен атауларын арабшамен өзгертуді, жергілікті халықтың рухын сындырып, өткенін ізсіз жоғалтудың бірден-бір тәсілі ретінде қараған. Өйткені, бұл жергілікті халықты ислам дініне сіндіріп, жұтып жіберудің пәрменді жолы болатын-ды.

Араб халифатының біржола үстемдігін қалтқысыз жүргізу үшін Түркістан өлкесін жаулап алып елді мекен, жер-су, көше, төбе т.б. халық атауларының бәрін өзгертуге кірісуі исламизмнің құдіретін жергілікті халыққа мойындату болды. «Жергілікті халықты неғұрлым тарихи жадынан, ата-салты, әдет-ғұрпынан, көз жаздырсақ, соғұрлым тарихи есін сөндіріп, рухани құлдыққа әкелеміз» деп есептеген.

Аталмыш әрекет сан ғасырлар бойы қорланып қалыптасқан, сол арқылы халықтың тарихи көне шежіресінен белгі беріп отыратын ата-мекен, жер атаулары мәңгілік тұрғанда, халықтың тарихы, жады бұлжымай сақталу қалпынан сескенген басқыншылардың қай-қайсысы да, ең алдымен қанды шеңгелін жер атауларына салды. Басқыншылар мұнымен тынбай халық тарихының ғасырларға созылған рухани өзегінің құралы болып есептелетін, яғни өткен ұрпақ пен жаңа жас буын ұрпақты рухани қазына көзімен ұштастырып, сабақтастық дәстүрін бекітіп, өміршендігін арттыратын басты құралы – жазуды істен шығару мақсатын алға қойды. Жергілікті этнос тіліндегі кітаптарды өртке беріп, мәдени мұраларды қиратып, сауаты барларды түгел қырып, араб жазуы мен ислам идеологиясын күшпен орнықтырды. Бұл түркі тектес халықтардың тарихына, өміріне, болмысына жасалған ең зор қиянаттың бірегейі еді.

Сонымен Жамбыл облысы ойконимдерінің кумулятивтік қызметі қазақ этносының әлеуметтік – тарихи өмір сүру жағдайы, рухани өмірі, географиялық орта мен шаруашылығына, салт-дәстүріне байланысты ерекшеліктері мен басты қасиеттерін атауда нақты және соған қатысты болуымен сипатталатынын аңғардық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, ойконимдер адамдардың және қоғамның тарихы іспеттес, олар түрлі себептермен дүниеге келіп, өмірде кеңінен қолданыс табатынын, былайша айтқанда, өзіне тән тарихы болатынын пайымдадық. Кейбір атаулар мындаған жылдар, кейбіреулері тек жүздеген, баз біреулері санаулы жылдарға ғана тән келеді. Олардың бұлай ғұмыр кешуі тарихи-қоғамдық, саяси-экономикалық факторларға байланысты болатындығын аңғардық.

Сонымен тұжырымдай айтсақ, әрбір ойконим өз дәуірінің жемісі, тарихи жағдайларға байланысты дүниеге келген. Кейбір жағдайларда ойконимнің пайда болуының уақыты дәл көрсетілмегенмен, сол кезеңнің нышандары байқалып тұрады. Оны атаудың мазмұны мен құрылымынан байқау қиын емес екендігіне көз жеткіздік.

Еңбегіміздің нәтижелеріне зер салсақ, облыс тарихында, бұл жерде, ескі замандарда сақтар мен сарматтардың, одан соң Б.д.д. III-II ғғ. қаңлылардың б.д. II ғ. бастап үйсіндердің, VI-VIII ғғ. Батыс Түркі Қағанатының болғаны, Шу өзені сағасында оның Суяб деген астанасының тұрғаны, одан кейін X-XII ғғ. Қарлұқ, Оғыз, Қараханид хандықтарының билігі, XIII ғ. Монғол үстемдігі, ал XVII ғ. жоңғар қалмақтарының үздіксіз шабуылының нәтижесінде, кейбір жерлерді мекендеуі, XVIII ғ. II жартысынан патшалық Ресейдің отарлауы жер-су аттарының өзгертіліп, жаңаша аталуына сөзсіз ықпал еткендігін байқадық.

Тарихи деректерге сүйене отырып, ойконимдердің пайда болуының тарихи кезеңдерге тікелей байланысты екендігін байқауға болады. Бірақ атаулардың нақты хронологиясы (атаулардың уақыт кезіне байланыстылығы) көбіне жазба деректердің қолда барлығына, нақтылығына да байланысты екендігі басты мәселе боп саналды. Алайда, түркі әлемінде ойконимдерді зерттеп білудің ең басты қиындығы жазба ескерткіштердің тапшылығы болса, бұл аз мұралардың өзі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғылыми айналымға еруге мүмкіндік алды.

Жамбыл облысының ортағасырлық ойконимдері туралы сөз еткенімізде, міндетті түрде, ғалымдар экспедицияларының нәтижелері, жасаған археологиялық қазба жұмыстары, тарихи өлкетану мұрағаттарын жинау бойынша жазған ғылыми еңбектерін басшылыққа алып отырдық. Сол зерттеулер негізіндегі атауларды жұмысымыздың нысаны, нысанасы етіп, талдау жасадық.

Сонымен қорыта айтсақ, аймақ ойконимдерінің пайда болу, даму, қалыптасу жайы сонау б.д. б. ежелгі замандардан басталғанын тарих беттерін зерделей отыра көз жеткіздік. Жамбыл аймағындағы ежелгі заман және ерте ортағасырлық ойконимдер қатарына мына төмендегі атауларды жатқызамыз: Қаңлы мемлекеті, Үйсін мемлекеті, оның астанасы – Шығу (Чечук, Чичучень – «қызыл алқа»), Талас, Тараз, Суяб, Долос, Құлан, Меркі, Аққұм, Ақтөбе, Жуантөбе және т.б.

Облысымыздағы ортағасырлық ойконимдерді зерттеу нәтижелеріндегі тұжырымдармызды қорыта айтқанда, қалалардың сауда жолының бойын-



да жатуы, оның аймағындағы қалалардың да дамуына үлкен әсерін тигізген. X-XII ғғ. қалада болған саяхатшылардың деректеріне қарағанда, 200-ден астам қыстақ-кенттер мен қалашықтар Тараздың төңірегінде қоныс теуіп орталығына айналған. Мұнан көрінетін жағдай, өндіргіш күштің дамуы тек орталық Таразда ғана өсіп қоймай оған көрші жатқан серіктес Атлах, Барсхан, Төменгі Барсхан, Ақтөбе, Түймекент, Төрткөл, Жувиқат, Жикил, Төрткүл т.б. аттары белгісіз қала мен қалашықтар да дамығаны анықталды.

Жаңа дәуірлік ойконимдер, сайып келгенде, қазақ даласы алапат иірімдерді басынан кешірді.

Біріншісі, жоңғар қалмақтарының ғасырға жуық көрсеткен азапты соғысы кезінде олардың билеушілері халықтың жадынан адастыру үшін біраз атауларды өзгертуге күш салған.

Екіншісі, Ресей империясының отарлау саясаты аярылықпен жүргізіліп, қазақ даласын өз меншігіне түбегейлі айналдыруды тарихи қалыптасқан ойконимикалық атауларды барынша ауыстырып, ал жаңа елді мекендердің аттарын Орталық Ресейден келген келімсектердің атынан қойып, қазақтарды этнос ретінде тарих сахнасынан біржола ығыстыруды түпкі мақсат ретінде ұстанғанын нақты мысалдармен дәлелдедік.

Жамбыл облысының осы кезеңге дейінгі басынан кешкен тарихи оқиғалары ойконимиядағы лингвистикадан тыс экстралингвистикалық факторлар, яғни қоршаған ортаның көрінісі арқылы ғана емес, сонымен қатар адамның санасы, оның түсініктері, рухани байлығы арқылы іске асып отырылатындығының куәсі екені дәлелденді. Осы тұрғыдан қарастырғанда, әрбір ойконимиялық жүйе әлемдік дамудың тілдік фрагменті түріндегі ойконимиялық әлем бейнесі ретінде сол жердің, халықтың болмысын көрсететіндігін дәлелдеуге тырыстық.

Атамекен, жер, елді мекен атауларының жиі өзгеріске түсуіне әкеліп соқтыратын елеулі себептер, көбінесе ел тарихындағы жаугершілік, отаршылдық, жаулап алушылық әрекеттерімен тікелей байланыстылығы бар екенін, оның себебін осы Жамбыл облысындағы ойконимдердің сан алуан өзгерістерінен байқадық. Нақтылай айтсақ, Б.д.д. I ғ. бастап-ақ халқымыздың басынан кешкен тарихи оқиғаларын, қазіргі кезде жүргізіліп жатқан археологиялық қазбалар және ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерінен білеміз.

Сонымен облыс ойконимдерінің шығу, даму, қалыптасу тарихын төмендегіше бөліп қарастырдық:

1. Ежелгі заман және ерте ортағасырлық ойконимдер (Б.д.д. VIII ғ.);
2. Ортағасырлық ойконимдер (VIII – XVI ғғ.);
3. Жаңадәуірлік ойконимдер (XVI – XIX ғғ.);
4. XX ғ. және Тәуелсіз мемлекет кезеңіндегі ойконимдер (1900 ж. бастап).

Бұған Жамбыл облысы аймағындағы ойконимдер материалдары толық дәлел болады.

Елді мекен атауларының өзгеріске ұшырап, ауысып отыру құбылысы тарихи жағдайларға тікелей байланысты болып келеді. Ойконимдердің тілдік сипаттары жөніндегі тұжырымдарымыз бойынша, Жамбыл облысы ойконимдерінің үш лексикалық қабаттан тұратынын нақты материалдарға негізделіп отырып анықталды:

- 1) субстратты (ежелгі) қабат;
- 2) түркі (қазақ) тілдік қабат: а) көне түркілік қабат; ә) қазақ тілдік қабат;
- 3) кірме қабат. Бұл ішінара: а) араб, иран лексикалық қабат, ә) орыс тілдік қабатқа бөлінеді.

Кірме қабаттар: орыс тілінен енген ойконимдердің басқа араб, парсы тілдерінен енген ойконимдерден айырмашылықтары бар екендігі байқалады. Жұмысымыздың орыс тілді лексикалық қабатында Кеңес дәуіріне дейінгі және кейінгі ойконимдерді тұтас қарастырдық.

Қорыта айтсақ, Жамбыл облысының ойконимиясы өзіне ғана тән стратиграфиялық ерекшеліктерге ие. Әрбір лексикалық қабаттар бірден қалыптаспай, осы аймақтың саяси-әлеуметтік қарым-қатынасы, тарихи кезеңдері мен иірімдерін басынан кешкендігінің дәлелі болып табылады.

Жамбыл облысы ойконимдерінің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект жайында тиісті мағлұмат беретіндігі және сол жер-суға адамның қатыстығын да көрсетіп, білдіріп отыратындығын анықтадық. Сонымен Жамбыл облысы ойконимдерін 15 түрлі семантикалық топқа бөліп сараладық.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Жамбыл облысы ойконимиясының өзіне тән құрылымдық ерекшеліктері бар екендігі анықталды. Облыс ойконимдер жүйесінің құрылымдық сипаты – ойконимдерді қалыптастыратын қосымшалар, олардың құрылымдық түрлері, жасалу (сөзжасамдық) тәсілдері, детерминативтер мен олардың ойконимиядағы рөлі, топоформанттар мен олардың ойконимді пайда етудегі маңызы мәселердің басын құрайтындығын мысалдар арқылы дәлелдеп бердік.

Қорыта айтқанда, ойконимдік материалдарды жинап, оны тарихи-лингвистикалық жақтан талдаудың тіл тарихы мен қоғам тарихы әрі этнография, география ғылымдары үшін мән-маңызы аса зор екендігін, ойконимдік материалдардың халқымыздың мол қазынасы, мәдени байлығы, тілі мен тарихының қайнар бұлағы, ата мұрасы екендігін, шығу тегіне, тарихына қарай лингвистикалық тұрғыдан ғалымдар еңбектеріне, ғылыми сөздіктерге сүйене отырып талдадық.

Қазақ даласын мекен еткен ежелгі ру мен тайпалардың сонау ықылым заманнан басталатын ұзақ тарихы болғанымен, сол халықтар туралы, олар қоныстанған жер, қала туралы жазба деректер тым аз. Сондықтан да біз, мүмкіндігімізше, еңбегіміздің бұл тарауында ойконимдерге халықтық этимология және ғылыми этимология негізіндегі шығу төркініне түсінік беріп, тарихи-лингвистикалық талдау жасалып салыстырыла отырып зерттелді.



Аймақ ойконимдерінің этномәдени сипаты мен кумулятивтік қызметін анықтаудағы түйіндеріміз бен тұжырымдармыз төмендегіше:

– әр кезде де халық өзі туып өскен елді мекен, жер, су, өзен атын қоюдың бірден-бір заңды авторы деген ұғымды білдіретіндігін;

– қандай бір елді мекен, жер атаулары болсын, олардың алдымен халық тарапынан қойылатынын;

– ойконимдер халықтың тарихи жадының көрінісі ретінде өз ішінде әуелі тілді, рухани ұғым-наным мен дүниетанымды, тіпті әдет-ғұрыпты да, яғни этномәдениетін қоса қамти отырып, кешенді түрде ақпарат берудің көзіне айналғандығын талдап, дәлелдедік.

Бұл еңбегімізді жазу барысында пайымдағанымыз, Жамбыл облысы ойконимдерінің тілдік, этномәдени және кумулятивтік қызметінің біртұтас қазақ жеріндегі онимдерге (ойконимдерге) сай екендігі анықталды.

Жамбыл облысы ойконимдерінің ментальдік саласы олардың кумулятивтік қызметімен анықталады. Бұл қызмет түрінің басты ерекшелігі қоғамның және қоғамда өмір сүретін адамдардың өмірлік тәжірибесін, ментальдік ұғымдарын жинау, сақтау және басқаларға (трансляциялау) жеткізіп отыру. Әрбір ойконимнің кумулятивтік қызметі – жас ұрпақ, сондай-ақ қоғам иесі адам бойындағы тәлім-тәрбиелік интелектіні, сананы, білімділікті, мәдениеттілікті, т.б. жетілдіруге септігін тигізеді. Біз оны жоғарыдағы Жамбыл облысында кездесетін кейбір ойконимдер қатарына талдау жасау арқылы дәлелдедік.

Сайып келгенде, Жамбыл облысы ойконимдерінің тілдік, тарихи маңыздылығын зерттеудің – тарихымыздың бұрынғысын талдап, бүгінгісін зерделеп, болашағын болжауға септігін тигізіп жатқандығын байқау қиын емес. Бүгінгі таңдағы ойконимдердің халық тарихы мен оның игілігіне қызмет етіп, өркениеттілікке қол созуға өз үлесін қосып жатқанының қуәсіміз.

МҰРАҒАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
1939 ЖЫЛЫ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕРДЕ
ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТАРҒА БӨЛІНУІ***

Жамбыл ауданы

1928 жылы 17 қаңтарда Аулие-Ата Сырдария округінің құрамына енгізілді.

1932 жылы 20 мамырда Аулие-Ата Оңтүстік Қазақстан құрамына енеді.

1936 жылы 10 қаңтарда Әулие-Ата қаласы Мирзоянға өзгереді.

1938 жылы 1 шілдеде Мирзоян қаласы Джамбул болып өзгертіледі.

1939 жылы 14 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы құрамынан Джамбул облысы бөлініп шықты.

1939 жылы 14 қазанда Джамбул аданы 15 сельсоветке бөлінді: Ақбұлақ, Ақжар, Ақкөл, Ақтөбе, Аса, Берікқара, Бесағаш, Билікөл, Головачевка, Гродиков, Есентөбе, Қаратөбе, Қараөзек, Қостөбе, Полатқосшы.

1939 жылы 28 желтоқсанда Джамбул ауданының колхоз орталығы Куйбышев болды.

1940 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Совет кеңесі шешімімен Көлқайнар селолық советі Свердлов ауданына ауыстырылады.

1954 жылы 12 шілдеде Жоғарғы Совет Президиумының Қаулысы бойынша Ақкөл және Головачевка біріктіріліп, орталығы Головачевка болды. Ақжар және Гродиков сельсоветінің орталығы Гродиков, Ақбұлақ пен Қостөбе бір орталыққа біріктіріліп, орталығы «Красная звезда» селосы болады.

1961 жылы 16 маусымда Берікқара сельсоветі Талас ауданына бағындырылды.

1962 жылы 17 қаңтарда аудан орталығы Асаға ауыстырылады.

1962 жылы 24 желтоқсанда Ақтөбе селсоветі Бесжылдық сельсоветке өзгертіледі.

1963 жылы 2 қаңтарда ҚазССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша біраз аудандар қысқартылады. Аса, Бесжылдық, Билікөл, Головачевка, Ерназар, Есентөбе, Қаратөбе, Көлқайнар сельсоветтері Жуалы ауданына, Бесжылдық, Гродиков, Қостөбе және Полатқосшы сельсоветі Свердлов ауданына қаратылды.

1966 жылы 31 қаңтарда Джамбул ауданының орталығы қайта құрылып, Аса, Головачевка, Ерназар, Қаракемер, Қаратөбе сельсоветтері Жуалы ауданына және Бесағаш, Гродиков, Джамбул, Көлқайнар, Пионер және Полатқосшы сельсоветтері Джамбул ауданына қаратылды.

1973 жылы 17 сәуірде аудан орталығы Джамбул қаласынан өзгеріп, Асаға ауыстырылды.

1975 жылы 5 тамызда Джамбул облисполкомы құрылды.

* Аталмыш жазбалар – зерттеулер нәтижесінде толығынан архивтерден табылған материалдар. Материалдарда берілген топонимикалық атауларға архивтік құжаттағы нұсқасы дәл жазылды. Мысалы, Әулиеата – Аулие-Ата». (З. Қ.).

1975 жылы 30 желтоқсанда Президиумының Жоғарғы Совет Кеңесімен Ильич, Өрнек сельсоветі құрылды.

1976 жылы 1 желтоқсанда 15 аудан мынадай сельсоветтерге бөлінді: Аса, Бесағаш, Головачевка, Джамбул, Ерназар, Ильич, Қаракемер, Қаратөбе, Қарасай, Көлқайнар, Қызылқайнар, Пионер, Полатқосшы, Өрнек.

1981 жылы 22 тамыз – 9 сәуір аралығында Жоғарғы Совет Президиумының Қаулысы, облисполкомның шешімімен Құмшағал, Красная Звезда, Бесжылдық сельсоветтері құрылды.

1991 ж. 5 шілде ҚР Жоғарғы Кеңесі төралқасының №751 қаулысымен Головачев атауы Айша Бибі болып өзгертіліп, орталығы Айша – Бибі болды.

1994 жылы 1 қаңтарда аудан 18 сельсоветке: Аса, Айша Бибі, Ақбұлым, Бесағаш, Гродиков, Жамбыл, Ерназар, Қаракемер, Қаратөбе, Қараой, Көлқайнар, Краснозвезда, Құмшағал, Қызылқайнар, Полатқосшы, Түркісіб, Өрнек болып бөлінді.

Жуалы ауданы

Аудан 1928 жылы қаңтарда құрылған. Әулие-Ата уезінің Бурный – Октябрь, Жуалы, Ванновка, Қошқарата болыстары Шымкенттің құрамында болды. 17 желтоқсан 1930 жылдан бастап аудан орталығы Ванновка селосы болады.

1932 жылы аудан 20 ақпаннан бастап Оңтүстік Қазақстан облысына құрамына енеді. 1951 жылы 15 наурызда Жоғарғы Совет Президиумының Қаулысы бойынша аудан Жамбыл облысының құрамына 20 ауылсовет енді: Алексеев, Ақтөбе, Амансай, Бахатея, Братск, Боралдай, Бурный-Октябрь, Евгеньев, Кантемировка, Қазан, Кременев, Көлбастау, Қоңыртөбе, Күркіреу, Қошқарата, Күреңбел, Некрасов, Петров, Самсонов, Мыңбұлақ.

1954 жылы 12 маусымда Жоғарғы Совет Президиумының Қаулысы бойынша Бахатей сельсовет; Бұралдай Луначар атауын өзгертіп, орталығы Луначарка болады. Кантемировка Некрасовпен бірігеді.

1966 жылы 31 қаңтарда Жоғарғы Кеңес Президиумының бойынша Аса, Головачевка, Ерназар, Қаракемер, Қаратөбе сельсоветтері Жамбыл ауданына қарады.

1967 жылы 2 қаңтарда Берікқара сельсоветі Талас ауданына қарады.

1976 жылы 1 қаңтарда аудан 12 сельсоветтен құралды: Ақтөбе, Билікөл, Большевик, Бурный, Бурно-Октябрь, Евгеньев, Қазан, Кременевка, Луначарка, Петров, Самсонов, Талдыбұлақ.

Көктерек ауданы

1939 жылы қараша айынан бастап Шу ауданынан бөлініп, құрамына Қызылорда, Көктерек, Куйбышев, Сарыкемер және Фурмановка сельсоветтері енді.

1943 жылы 17 қарашада Қызылорда сельсоветі Жамбыл сельсоветіне ауыстырылады. Оның құрамына Көкей, Кантемир сельсоветі енді.



1954 жылы 12 маусымда Көкей сельсоветі Кеңеске ауыстырылады. Көктерек және Коминтерн сельсоветі Кантемирмен біріктіріліп аудан орталығы Бірлік болды.

1959 жылы 27 маусымда Қараөзен мен Фурманов бірігіп, Фурмановка сельсоветі, Кеңес, Коминтерн сельсоветі бірігіп, орталығы Коминтерн сельсоветі болды.

1960 жылы 6 маусымда Куйбышев сельсоветі ретке келтіріледі.

1961 жылы 16 маусымда әкімшілікке бағынған аудан Ұланбел сельсовет Шу ауданына беріледі.

1962 жылы 20 наурызда Құмөзек сельсоветі құрылады.

1963 жылы 2 қаңтарда Шу ауданы құрылып, Джамбул, Көктал, Коминтерн, Құмөзек, Сарыкемер, Ұланбел, Фурманов сельсоветтері беріледі.

Красногор ауданы

1935 жылы 9 қаңтарда Алматы облысының ауданы болды.

1939 жылы 14 қазанда Жоғарғы Кеңес Президиумының Қаулысымен Жамбыл облысына берілді. Оған: Ақтерек, Алға, Беріксай, Ворошилов, Джамантинск, Красногор, Красно-Октябрь, Отар, Ұмтылсай сельсоветтері қарады.

1954 жылы 12 маусымда Джамантин және Ақтерек селолық советі бірігіп Ақтерек сельсоветі болады.

1957 жылы 26 қыркүйекте Красногор мен Қордай ауданы бірігіп, Қордай ауданы болып, орталығы Георгиевка болды.

1973 жылы 24 желтоқсанда Красногор ауданы қайтадан құрылды. Орталығы – Отар. Құрамындағы ауылдық әкімшіліктер: Алға, Красногор, Сарыбұлақ, Жамбыл, поселкілер: Отар, Гвардейский және Қордай.

1975 жылы 30 желтоқсанда Жаңтұрмыс пен Малоархангельск ауыл әкімшілігі құрылды.

1976 жылы 1 қаңтарда Алға, Жаңатұрмыс, Красногорск, Малоархангельск, Ұмтыл ауыл әкімшіліктері құрылды.

1988 жылы 19 шілдеде Красногор ауданының Гвардейский, Қордай, Отар, Алға, Жаңатұрмыс, Кенен, Красногор, Малоархангел, Сарыбұлақ ауылдық әкімшіліктері Қордай ауданына қарасты болып бекітіледі.

Қордай ауданы

Алматы округі 1928 жылы 7 қаңтарда Қастек, Нариманов және Шайтөбе, Шу округтері құрамында құрылды.

1939 жылы 14 қазанда Жамбыл облысы Қордай ауданына мынадай ауыл әкімшіліктері қарады: Ауқатты, Благовещин, Георгиевка, Қарақоңыз, Михайлов, Нововоскресенск, Успенровка, Черная речка, Сортөбе, Еңбек.

1943 жылы 27 қазанда Красногор, Алға ауыл әкімшілігі Қордайға берілді.

1954 жылы 12 шілдеде Новоалександровка мен Қарақоңыз ауылдары бірігіп, Лубзавод ауыл әкімшілігін құрды.

1957 жылы 26 қыркүйекте Қордай Красногорск ауданымен біріктіріліп, Қордай ауданы құрылды. Орталығы – Георгиевка. Ауыл әкімшіліктері: Ақтерек, Бірлік, Ворошилов, Красногор, Красно-Октябрь, Ұмтыл.

1958 жылы 15 қыркүйекте Ворошилов және Красно-Октябрь ауыл әкімшіліктері құрылып, орталығы Красно-Октябрь болды. Георгиевка мен Бірлік бірігіп, Георгиевка ауыл әкімшілігі болады.

1960 жылы 27 мамырда Красногор мен Красно-Октябрь ауыл әкімшілігі бірігіп, Красногор ауыл әкімшілігін құрады.

Лубзавод поселкісі мен Еңбекші ауыл әкімшілігі бірігіп, Лубзавод поселкісін құрады.

1964 жылы 22 маусымда Ақтерек ауыл әкімшілігі Алматы облысына беріледі.

1965 жылы 30 шілдеде Қарақоңыз ауылы Масанчи болып өзгереді.

1967 жылы 1 қазанда Сарыбұлақ ауыл әкімшілігі құрылады. Орталығы Қордай.

1973 жылы 24 желтоқсанда Алға, Красногор, Сарыбұлақ, Ұмтыл ауыл әкімшіліктері Красногор ауданына беріледі.

1975 жылы 10 маусымда Қасық ауыл әкімшілігі құрылады.

1975 жылы 17 қыркүйекте Жамбыл облысы әкімшілігінің шешімімен Завод ауыл әкімшілігі, 1975 жылы 30 желтоқсанда Қаракемер және Рисороб ауыл әкімшілігі құрылды. 1976 жылы 1 қаңтарда Қордай ауданына 7 ауыл әкімшілігі: Ауқатты, Благовещин, Георгиевка, Рисороб, Успенровка, Черная речка, Сортөбе қарасты болады.

1983 жылы 26 мамырда Ұмтыл ауыл әкімшілігі Кенен ауыл әкімшілігі болып өзгеріп, орталығы Кенен ауылы болады.

Мойынқұм ауданы

1964 жылы 31 желтоқсанда құрылған ауданның құрамынан Жамбыл, Қызылтал, Коминтерн, Құмөзек, Сарыкемер, Ұланбел, Фурманов ауылдары Шу ауданына; Жайлауқөл ауылы Талас ауданына кірді.

1967 жылы 2 қаңтарда Жайлауқөл ауылы Сарысу ауданына берілді.

1967 жылы 1 қазанда Қарабөгет ауылы құрылды.

1976 жылы 1 қаңтарда Айдарлы, Жамбыл, Қарабөгет, Коминтерн, Құмөзек, Қызылтал, Сарыкемер, Талдыөзек, Ұланбел, Фурманов Мойынқұм ауданының құрамына кірді.

1986 жылы 27 наурызда Сарыөзек ауылының орталығы Сарыөзек болып белгіленді.

Луговой ауданы

1938 жылы 9 ақпанда ауданынан бөлініп шықты.

1939 жылы 14 қазанда Жамбыл облысына қарасты Луговой ауданында: Ақтоған, Ақыртөбе, Жаңатұрмыс, Калинин, Каменск, Қаракемер, Қорағаты, Қызылшаруа, Луговой, Мойынқұм, Новосел, Сазарық, Сұлутөр, Тельман, Еңбекші ауылдары болды.

1953 жылы 26 қыркүйекте аудан орталығы Луговой ауылы болды.

1954 жылы 12 шілдеде Ақыртөбе ауыл әкімшілігі Терезөзекке бағындырылады. Калинин Тельман ауыл әкімшілігі бірігіп, Калинин ауыл әкімшілігі болды. Мойынқұм Ақыртөбе болып өзгертіледі. Орталығы Ақыртөбе.



1958 жылы 15 қыркүйекте Абай ауыл әкімшілігі құрылды.

1960 жылы 6 маусымда селсовет қаулысы бойынша Ленин поссоветі (поселкелік кеңес) құрылды.

1963 жылы 2 қаңтарда таратылған аудандағы мынадай ауылдар: Абай, Ақтоған, Жаңатұрмыс, Калинин, Каменск, Қызылшар, Құрағаты, Ленин, Луговой және Подгорный Меркі ауданына, Ақыртөбе, Новосель, Сугетин (Сөгеті), Теренөзек ауылдары Свердлов ауданына берілді.

1964 жылы 31 желтоқсанда Луговой ауданы қайта құрылып, орталығы Луговой болды. Оның құрамына Абай, Ақтоған, Жаңатұрмыс, Калинин, Каменск, Қызылшаруа, Құрағаты, Ленин, Луговой, Подгорный ауылдары Меркі ауданынан, Ақыртөбе, Новосел, Сугетин (Сөгеті), Теренөзек ауылдары Свердлов ауданынан кері қайтарылды.

1973 жылы 21 желтоқсанда орталығы Ақтоған ауылына Көгершін аты берілді, Юбилейный ауылының орталығы Новосел ауылы болды.

1975 жылы 25 тамызда Орден ауылы құрылды.

1976 жылы 1 қаңтарда ауданға 11 ауыл қарады. Абай, Ақтоған, Ақыртөбе, Қызылшаруа, Ленин, Луговой, Новосел, Орден, Подгорный, Сөгеті, Теренөзек қарады.

1991 жылы 9 қазанда ауыл ауыл әкімшіліктерінің орталықтары өзгертілді Каменка мен Қарақыстақтың орталығы – Каменка. Сөгеті, мен Қайындының орталығы – Қайынды, Луговой, Құлан ауылдарының орталығы – Құлан болды.

1993 жылы 4 мамырда Калинин ауылы Көкдөнен болып өзгертіліп, орталығы Көкдөнен; Подгорный, Құмарық ауылдарының орталығы – Құмарық болып белгіленді.

1994 жылы 1 қаңтарда ауданда 15 ауылдық әкімшілік болды: Абай, Ақтоған, Ақыртөбе, Жаңатұрмыс, Көкдөнен, Қарақыстақ, Құрағаты, Қызылшаруа, Құлан, Құмарық, Қайынды, Ленин, Новосел, Теренөзек, Өрнек.

Меркі ауданы

1926 жылы 17 қаңтарда Аспара, Меркі, Құмарық болысы Әулие-атаға қарады.

